

## ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА LINGUISTICS

МРНТИ 16.01.07

Б.С. Абдуова<sup>1</sup>, А.Т. Ашенова<sup>1</sup>, Ж.А. Қоқанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

### ТІЛ САУАТТЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЖЕТТІЛІК ПЕН ТАЛҒАМ

*Аңдатпа*

Қазақ тілін оқытып-үйретудегі жаңашыл бастамалар, заманауи әдіс-тәсілдер сан алуан болғанына қарамастан, әлі де тілі шұбар, айтар ойын жүйелі, тартымды, тіл мәдениетіне сай жеткізе алмайтын жастар да, ересектер де бар екені белгілі. Қазақ тілінің бар мүмкіндігін пайдаланбай, жасанды сөз, жаттанды тіркестерді жиі қолданатын білім алушылар азаймай отыр. Осындай тығырықтан шығар жолдарды іздестіру жақсы нәтижелер беріп жатқаны тағы бар.

Қазақ тілін оқытуда көркем мәтіннің алар орны ерекше. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру – қазақ тілін кредиттік технология арқылы оқытудағы ең маңызды мәселелердің бірі. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту тәжірибесінде ұйымдастырылатын студенттердің өздік жұмысы – олардың оқу-танымдық әрекетінің ерекше түрі, мемлекеттік тілді жетік меңгеруге бастар бағыт. Тілді мәдениетті, сауатты меңгеру үшін көркем мәтінмен жұмыс істеудің түрлерін білу қажет. Әдеби тіл нормасы мен грамматикалық заңдылықтарды сақтай отырып, көркем мәтінді оқыту үдерісіне енгізу – студенттердің білікті маман, тілді дұрыс меңгерген сауатты тұлға болуына да ықпал етеді.

**Кілт сөздер:** көркем мәтін, мәтінмен жұмыс түрлері, өздік жұмысты ұйымдастыру, тіл мәдениеттілігі, қатысым, құзыреттілік.

B.S. Abduova<sup>1</sup>, A.T. Achenova<sup>1</sup>, Zh.A. Kokanova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan city, Kazakhstan.

<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty city, Kazakhstan.

### NECESSITY AND MINDFULNESS IN LANGUAGE LITERACY

*Abstract*

Despite the variety of innovative approaches to the teaching of the Kazakh language and modern innovative methods, there are still young people and adults who cannot clearly express their thoughts, speak freely using linguistic turns. The tendency remains that there are still fewer students who use artificial words and phrases without using the full competence of the Kazakh language. However, there is still a good possibility that the search for the right decision will bear fruit and results in the future.

The significance of the role of literary texts in teaching the Kazakh language is enormous. Organization of independent work of students is an integral part of learning the Kazakh language on credit technology. Independent work of students is a special kind of learning activity that is directly aimed at the study of the state language. In order to acquire a language, the culture, a student should be able to deal with literary texts as well. By knowing grammar rules, norms of the literary language, and being able to understand literary texts and deal with them, make students more professional and competent users of Kazakh language.

**Keywords:** literary text, types of work with the text, the organization of self-work, speech act, communication, competence

Б.С. Абдуова<sup>1</sup>, А.Т. Ашенова<sup>2</sup>, Ж.А. Коканова<sup>3</sup>

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан.  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## ПОТРЕБНОСТЬ И ИЗБИРАТЕЛЬНОСТЬ В ЯЗЫКОВОЙ ГРАМОТНОСТИ

### Аннотация

Несмотря на разнообразие инновационных подходов к преподаванию казахского языка и современных методик, все еще есть молодые люди и взрослые, которые не могут четко выразить свои мысли, говорить свободно, используя лингвистические обороты правильным образом. Это ведет к тому, что все еще сохраняется тенденция, когда ученики все чаще прибегают к использованию искусственные слов и фраз, тем самым не используя компетенции казахского языка в полную силу. Есть все еще хорошая возможность того, что поиск верного решения принесет свои плоды и результаты в будущем.

Значима роль художественных текстов в преподавании казахского языка. Организация самостоятельной работы студентов является неотъемлемой частью обучения казахскому языку по кредитной технологии. Самостоятельная работа студента по казахскому языку в высшем учебном заведении является особый вид учебной деятельности, который напрямую направлен на изучение государственного языка. Чтобы овладеть языком и культурой, необходимо научиться искусству работы с текстом. Соблюдая правила грамматики и нормы литературного языка, внедряя в процесс чтение художественной литературы, не трудно будет студентам стать квалифицированными и компетентными пользователями языка.

**Ключевые слова:** художественный текст, виды работы с текстом, организация самостоятельной работы, культура речи, коммуникация, компетенция.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігіне дау жоқ. Дегенмен, тәуелсіздік алғалы ширек ғасырдан артық уақыт өтсе де, көптеген мекеме, ұйымдарда, кеңселер мен кәсіпорындарда әлі де орыс тілі басымдыққа ие боп отыр. Оған түрлі себептер бар. Ең басты себеп – құжат тілі орысша дайындалуында және қызметкерлердің қазақ тілін аударма тіл ретінде қолдануында деуге болады. Құжаттарды, түрлі заңнамалық актілерді, іс қағаздарын алдымен орысша дайындап алу үрдісі басылмай отыр. Бұндай құжаттар кәсіби аудармашыларға берілсе жақсы, ал қазақша біледі деп берген жауапты тұлға бұл салада тәжірибесіз болса, онда мағынасы түсініксіз, тілі орашалақ, стилі ауыр қойырпақ шығатынын күнделікті өмір көрсетіп отыр. Негізінде, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың екі түрі бар: бірі – ауызша тіл, екіншісі – жазбаша тіл. Ауызекі тілде адамдар ойын, пікірін сөйлеу арқылы жеткізеді. Жазбаша тілде ой-пікір белгілі бір жүйеге түсіріліп, тілдің грамматикалық заңдылықтарына қатаң бағындырылады, әдеби тіл нормасына негізделеді. Сондықтан ауызекі тіл мен жазбаша тілдің өздеріне тән ауызша айтылуы немесе жазбаша берілу тәсілі (стилі) болады. Сол сияқты іс-қағаздарының, көркем шығармалардың, мақала, хат, т.б. тәрізді мәтіннің өзіне тән баяндау, сөз қолданыс ерекшеліктері бар. Қазақстанның ел ретіндегі іргесін берік етеміз десек, тіліне де аса мұқияттылықпен қарауды тоқтатпауымыз қажет. Ол үшін мектеп жасындағы балаларды ғана емес, жоғары оқу орындарында оқитын жастарды да дағдыландырамыз жөн. Қазақ мектебін бітірген жастардың көбі ана тілінде сауатты сөйлегенімен, жазба тілде барлығы шеберлік танытады дей алмаймыз. Ал өзге тілді жастар үшін құнарлы қазақ тілінде пайымды, тартымды, сөз мәдениетін игеріп сөйлеу қиынға соғары анық. Әрине, ұлты басқа болса да, қазақ тілін терең меңгерген жастар мен ересектердің саны артып келе жатқандығы қуантай қоймайды. Десе де, бұл тұста мәселе жалпы көпшілік жастар тіліндегі қазақ тілінің сапалы әрі мәдениетті қолданылуы жайында болып отыр.

**Әдістеме.** Жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің сөйлеу тілін мәтін арқылы жаттықтырып, жаттығулар жүйесін дамыту – өзекті мәселе. Балаға тілді үйретіп, дамытуға қатысты ұлы ғалым А.Байтұрсынұлының ұсынатын тиімді әдіс-тәсілдер мен қағидаларының кейбірін мысалға алуды жөн көрдік. «Оқушыға арналған материалдар аса түсінікті болуы шарт. Мәтін көрнекілік жағынан, танымдылық жағынан қазақ баласының ұғымына таныс және жақын болуы керек. Тілді оқытуда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, мысалдар, қызық әңгімелер маңызды орын алуы қажет. Тілді оқытуда тіл ұстартуға, көркемсөзге де ден қойғаны дұрыс» [1, 176]. Қазақ тіл ғылымының негізін салған А.Байтұрсынұлының қағидалары мен тиімді тәсілдерін іске асырып, жас ұрпаққа аса оралымды, бай қазақ тілінің мүмкіндігі мен сөйлеу мәнерін үйрете білсек, олардың ойы озық болады, тілі дамиды, сөздік қоры байи түседі. Қазіргі қазақ тілі сабақтарында өздік жұмыс тапсырмасы болсын, практикалық сабақ болсын, мәтін мәселесіне айрықша көңіл бөлу қажет. Мәтіндер білім алушыларды елжандылыққа тәрбиелейтін, өзіндік парасат-

пайымын қалыптастыратын, алған білімінен қорытынды жасай білетін деңгейде болуы шарт. Мәтіннің құрылымдық, мазмұндық ерекшеліктері назардан тыс қалмау керек. Бүгінгі күннің тілек-талабы тұрғысынан білім мазмұнын жаңарту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына жауап беру оқытушыларға жауапты істер жүктейді. Мәтін – өзіндік белгілері, жүйесі, сипаты, формасы, мазмұны, өлшемдері мен құрылысы бар өте күрделі тілдік категория. Көркем мәтін стильдік жағынан бірнеше жікке бөлінеді. Мәтінді оқып, мазмұндау, одан өзіне тағылым алу, қорытынды жасау, автордың астарлы ойын ұғыну орыс тілді студенттерге оңай алынатын қамал емес. Шындыққа жүгінсек, тәжірибеде көрсеткендей орыс тілді студенттердің көбі орта мектептен ауызша баяндау, яғни сөйлеу тілін меңгермей келеді. Ауызша сөйлесу, әңгімелеу дағдысы жетілмей, мәтінді әңгімелеп, баяндап бере алмайды. Мұның себебі орыс мектебіндегі қазақ тілін оқытуда көбіне грамматикаға баса мән беріп, тілдік құзыреттілікті меңгертпеуде, мәтін бойынша жұмыс жасалмаудың салдарында жатыр деп ойлаймыз. Кей студенттер қазақ тілді мәтінге үрке қарайды, оқығанда айтылу заңы ескерілмейді, оның не оқып отырғанын сіз мәтінге қарамасаңыз, түсінбей де қаласыз. Қазақ тіліне берілетін аз уақытта көп нәрсе тындыру жоғары оқу орындағы оқытушыларға сын болып тұрған уақытта жүрміз. Қазақ тілін оқытатын ұстаздардың ерекше міндеті – студенттердің ауызша сөйлеу тілі мазмұнға бай және мәнерлі, көркем болуы үшін мәтінді дұрыс меңгерту. Бұл орайда көркем мәтін арқылы жаттықтыру – тартымды тәрбие. Ол үшін, студенттерге, біріншіден, мәтіннің негізгі мәнін, мазмұнын түсінуге жетелеу. Екіншіден, мәтінге тақырып беру. Үшіншіден, мәтінді баяндай білу. Төртіншіден, жоспар бойынша мәтін мазмұнын әңгімелеу тәсілдерін меңгерту қажет. Студент көркем мәтін астары бойынша өз пікірін айта ала ма? Пікір айту негізінен үш басқыштан тұрады: нақтылау, дәлелдеу, қорытынды жасау. «Нақтылау – дәлелдеудің алдындағы кіріспесі іспеттес. Сондықтан нақтылау *хабарлау* немесе *сипаттау* түрінде айтылады. Ал дәлелдеу – пікірдің ең негізгі түйіні. Дәлелдеу үшін материал жеткілікті болып, барынша жүйелі, дұрыс баяндалуы тиіс. Қорытынды бөлімде ең негізгі пікірді жинақтап бере білу керек. Кейде дәлелдеу өте анық, түсінікті болатын жағдайда қорытындының қажеті болмауы да мүмкін [2]. Пікірлеу мәтіні – бір нәрсені дәлелдеу, бекіту мақсатында мысалдар, салыстырулар, ойлар келтіру арқылы ғана ой қорытындысын жасауға арналған түрі. Пікір айту мәтіннің қиын формасы, сондықтан пікірді тезис, тезистің дамуы, қорытынды жасау деп шартты түрде жіктеп алу қажет.

Студенттерге қазақ тілін көркем мәтін арқылы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – олардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «баланың түсінбей қалған сөзі – топтастықтың бастамасы» дейді. Сондықтан, білім алушының түсінбеген сөзге қате мағына немесе балама тауып, нәтижесінде сөйлемді қате түсінуі жиі кездеседі. Өз тәжірибемізден айтар болсақ, бір студент мәтіндегі жетім баланың атасының басына баруын түсінбеген. Менен орысшалап, *басына бару дегенді жазушы не ойлап жазған, қалай адам шалдың басына баруға, яғни шығуға болады* деп сұрағаны есімізде. Келесі бір студент орысша мәтіндегі «көктемде ағаштар бүршік жаяды, жапырақ атады» (Весной на деревьях распускаются почки) деп берілген сөйлемді сөздікпен қазақшалап *ағаштар бетімен кетеді* деп аударған. Мұндай мысалдар тәжірибеде көптеп кездеседі. «Егер кітапты оқи қалсаң, оқыған нәрсенің негізгі ойын көңіле тоқи біл» дейді ұлы ойшыл Сенека. «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» дейді хакім Абай. Абаймен үндес пікірді Мұхтар Әуезов те келтіреді: «Әр адамның ең жақын досы – бала күнінен көрге дейін бірге еретін өмір досы – кітап болғанда, сол нәрлі достық ең әуелі әдебиет кітабымен достасудан басталады» [3,284]. Демек, кітап оқу, көркем мәтін сырына үңілу білім алушының өзін өзі дамытуына, адамдық болмысын қалыптастыруға, оралымды, мәдениетті тіл иесі болуға жетелейді.

**Нәтижелер.** Оқыту ісінде сөздік қорды дамытуда қойылатын талаптар мен қажеттіліктерді естен шығармай, дұрыс жүзеге асыру арқылы студенттердің тілін байытып, қазақ тілінде еркін де шебер сөйлеуге машықтандыруға болады. Сөздік жұмысының ең маңызды міндеті олардың ауызекі сөйлеуде қолданатын лексикасын толықтыратын сөздерді белсенді ету. Бұндай кезде сабақ барысындағы түрлі ойындар жақсы әсер етеді, көркем мәтіннің ашылуына жұмыс істейді. Олардың қатарында рөлдер арқылы мәтінге қойылым жасау, сахналанған көріністер жатады. Сондай-ақ «**Шығарманы таны**» ойынын да өткізуге болады. Мұнда оқыған шығармаларының қаншалықты есте қалғанын сынау үшін әр шығарма сюжетінен үзінділер айтылып (мұны не оқытушы, не бір студент келесі студентке қарата айтады), қай шығарма екенін, авторы кім екенін тапқызу. Мысалы, «Жас жігіт ұйықтай алар емес. Таңертең тұрғанда көзімен қыз жатқан отауды іздеді. Мына бір шетте тұрған кішірек отау аға-жеңгесінікі болар. Мүмкін арман болған қыз сол отауда болар. Таңертеңгілік шайға қыз келмеген соң, жігіттер амалсыз қош айтысып, қимай-қимай кете барды» (Бұл «Абай жолындағы» Абайдың *Тогжанды алғаш көруінен кейін бастан*

кейінен сезімі). Жауап берушіге, не бәріне өз жауаптарын жаздырып алу керек. Сонда студенттің білімін, сөз саптауын, ой құрауын бақылап, қате жерлерін түсіндіре отырып, үйретуге болады.

«**Оймақтай ой**» ойыны. Бұл ойында студенттердің оқыған шығармаларын қаншалықты түсінгендерін анықтау мақсатында шығарманың идеясына, мазмұнына, оқиғаға, кейіпкер мінезіне байланысты мақал-мәтелдер немесе сол шығармада кездесетін нақыл сөздерді, негізгі ойды жаздырту.

«Ұлы ақынның бес асыл дегені .....

Бес нәрседен қашық болу керек, олар.....» Осындай тапсырма бергенде, олар жазып қана қоймай, есте сақтау қабілетін де дамытады.

«**Кейіпкерді таны**» атты бақылау жұмысын өткізуге де болады. Онда үш шумақ өлең немесе кейіпкер іс-әрекетінен прозалық шығармалардан үш үзінді беріледі. Оның екеуінде, екі шумағында бір кейіпкердің, ал үшіншісінде өзге бір шығарма кейіпкері туралы айтылады. Осы «артық» нұсқада кім туралы айтылғанын анықтау. Бұл тапсырма білім алушыларды зеректілікке, шығарманы мұқият оқуға тәрбиелейді. Мысалы, «Құм мен тас» әңгімесін алайық:

«Ертеде екі дос шөл далада жолаушылап келе жатады. Бір кезде сөзден сөз шығып, екеуі алдында ұрсысып, артынан тартысып қалады. Сонда біреуі қатты ашуланып, екіншісін ұрып жібереді. Досының ұрғаны жанына қатты батады, бірақ ол ештеңе деместен құмға былай деп жазып қояды: «Бүгін мені жан досым ұрды!»

Көпке дейін сөйлеспей, үнсіз жүріп кешке бір әдемі жасыл шөпті кең далаға жетеді. Бұл жерде таудан басталып ағатын, жазық жерге келгенде кеңейіп, үлкен өзенге айналатын мөлдір су бар еді. Суды көріп екі дос бірден ұмтылады. Бір кезде досынан таяқ жеген екіншісі батпаққа аяғы кіріп шыға алмай қиналады. Тіпті тұншығуға айналып, ауа жетпей, демі тарыла бастағанда, досы құтқарып қалады. Батпақтан құтылып, су ішіп, күш жинап алғаннан кейін, үлкен тастың үстіне ойып тұрып: «Бүгін мені жан досым өлім аузынан құтқарып қалды» деп жазады.

Оның бұл жазуына таңырқаған жолдасы:

– Ұрған кезімде құмға жаздың, ал енді не үшін тасқа жазып жатырсың? - деп сұрайды. Сонда досы:

– Біреу бізге жамандық жасаса, оны құмға жазғанымыз дұрыс, кешірім самалы оны өшіріп кетсін. Ал біреу жақсылық жасаса, оны тасқа ойып жазайық, оны ешқандай жел өшіре алмасын!» (Ғаламтордан алынды)

Осы әңгімеден әрекеттер сипатталатын тұстар кішкентай қағаздарға жазылып таратылады, алайда бұл парақшаларда осы әңгімеде кездеспейтін, басқа бір кейіпкердің де әрекеті жазылады. Мысалы, ұлы педагог Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесіндегі Үсенге қатысты бір эпизодты алуға болады. Сонда әр студент өзіне берілген парақшаға қарап отырып, кейіпкер қай шығармадан алынғанын, неге бір нұсқаны артық деп санайтынын, қалған екеуін не байланыстырып тұрғанын айтып береді. Бұл тәсіл өз кезегінде олардың мәтін оқуда мұқият болуын ғана емес, пікірін дәлелдеуге де үйретеді. Осындай амал, тәсілдерде дедукция қолданылады. Дедукция дегеніміз – жалпыдан жекеге қарай жасалынатын ой қорытындысы [4,45]. Яғни бұл берілген екі нұсқадан шығатын қорытындыны *жақсылық жасау – жаны игі адамдарға тән қасиет* деп түйіндеуге болады. Оқылған, тыңдалған мәтіндерден студенттерге пайымдату, қорытынды жасау - тіл байлығына жетелейтін тәсіл.

**Талқылау.** Қазақ тілін үйретуде жазылымның атқарар қызметі орасан. Оқытушының таңдаған тәсіліне қарай жазылымды меңгерту жолдары әр түрлі болады. Мысалы «**Түркінің қырық жаны**» деген мәтінді оқып беріңіз.

«Ертеде Осман империясында шенеуніктер ана тілінен айнып, іс қағаздарын жүргізуде, ауызша сөйлеуде тек шеттен келген үш тілді (араб, грек, парсы) ғана пайдаланғаны тарихтан белгілі. Ал түрік тілі тек түріктердің ғана отбасынан, ошақ қасынан аса алмай қалған. Бұл тіл Осман империясындағы медреселер мен былайғы оқу орындарына да енгізілмеген өгей тілге айналған.

Осман түркі мемлекеті неше ғасыр өмір сүрсе де, еңсесін көтере алмаған түрік тілінің тазалығы үшін ол елде үздіксіз күресіп келген күштің болғанын да айтумыз керек. Ол – әдибешшілер күші еді. Түркияда XIX ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басы шамасында ұлт тілінің тазалығы және оның елдегі үстемдігі үшін күресуші ұлтжанды азаматтар да шыға бастайды. Олар әуелі өздерін «Жаңа османдықтар», соңынан «Жас османдықтар» деп атады. Бұлардың отаншылдық сезімінің оянуына аталған уақытта ел мәдениеті төрінен орын алған Омар Сейфутдин, Рафиқ Халид, Халид Зия, Махмет Рауеф шығармалары, халыққа аса түсінікті прозашы-романшылар шығармалары да қатты ықпал еткен еді...

Түркиядағы тіл саясаты 1923 жылғы революциядан кейін ғана жолға қойылды. Мұның басы түрік тілін араб, парсы тілдерінен кірген сөздерден тазарту, олардың орнына орхон, ұйғыр жазбаларынан алынған көне түрік сөздерін енгізуден, тіпті кей жағдайларда түбірі қолдан жасалған түрік сөздерімен

алмастырудан басталған. Бұрынғы араб әріптері латын әріптерімен ауыстырылады. Бұл қозғалыстың басында Кемал Ататүріктің өзі тұрып еді.

Ататүріктің тіл жөніндегі реформасы «Жер түрікше сөйлемейінше, ел түрікше сөйлемейді» деп, атауларды да түгел түрікшелендіруге мұрындық болған. Қалалардағы «Армян», «Грек», «Араб» деп аталатын қала бөліктерінің атын жойып, түрікше ататқызған. Басқа халықтар тіліндегі атаулар түрік тілі әуені бойынша аталып, заңдастырылған...

Түрік елінде бүгінде жер де, көк те, аспан да, атырап та, тау да, тас та, қала да, көше де түрік тілінде ғана сөйлейді» [5, 28]

Студенттерге осы мәтін бойынша бірінші тапсырма ретінде жоспар құруды беріңіз. Егер білім алушылардың кейбірі жоспар құруға дайын болмаса, мынадай үлгі ұсыныңыз:

1. Шетке қағылған түрік тілі.
2. Тіл үшін күрестің көшбасшылары.
3. Кемал Ататүріктің реформасы.
4. Түрік елінде тау мен тас та түрікше сөйлейді.

Екінші тапсырмаға мәтін мазмұнын ашатын сұрақтарға сүйене отырып, жазбаша жауап беруін талап етіңіз:

1. Түрік тілі қай кезде құлдырау кезеңін бастан кешірді?
2. Түрік тілін қандай тілдер алмастырды?
3. Сол кездегі әдебиетшілер не үшін күресті?
4. Ұлтжандылық қасиетті оятуға тырысқандар кімдер еді?
5. Кемал Ататүріктің реформасы бойынша баламасы жоқ сөздер қалай алынды?
6. Өзге тілдерден енген атаулардың айтылу мәнері қалай болды?

Оқытушының жазылымға қатысты осылай үлгілерді ала отырып, жан-жақты дайындықпен келуі білім алушылардың тілін дамытып қана қоймай, ойының ұшқыр, санасының зерек болуына да ықпал етері сөзсіз. Бұлардан бөлек, сабақ арасында жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік ойындар өткізу де өз нәтижесін береді. Мысалы, «*Ұсынылған жағдаят негізінде ресми-іскери (іскери хат, өтініш, қызметтік хат, түсініктеме, сенімхат, ұсыныс және т.б.) құжаттарды рәсімдеңіз, жазыңыз.*

14 жастағы ініңіз «Атамекен» кешенінде экскурсия жүргізушілеріне арналған сынақтан сәтті өткенін айтып келді. Алайда ол әлі кәмелеттік жасқа толмағандықтан, оның ақылы негізде жұмыс істеуіне ата-анасының рұхсаты қажет екен. Олар жазатын ресми хатты сіз дайындап бермек болдыңыз. Астана қаласындағы «Атамекен» «Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінің директоры атына қолхат жазыңыз».

Осы жағдаятты оқып, қолхатты жазуға кіріскен студенттерге қажет болса, тиісті қалыптарды (шаблондарды) үйретуден қашпаңыз. Оларға сіздің көмегіңіз аса көп болмасын, сіз тек жетелеуші міндетті ғана алыңыз. Олардың жазған қолхаттарын ерінбей оқып, тиісті түзетулер енгізген соң, мақтап қойыңыз. Сіздің мақтауыңыз оларды шабыттандырып қана қоймай, қазақ тілін сүйеге сеп болатынын естен шығармаңыз. Егер топта қазақ тілін жақсы білетін білім алушылар саны айтарлықтай болса, оларға жағдаятқа қатысты екінші тапсырмаңыз «қалтаңызда» дайын тұрсын. Үлгі ретінде мына әдісті көрсете кетейік: «Сізге сайыста жақсы өнер көрсетіп, жүлделі орын алған досыңызға алғыс хат мәтінін дайындауды тапсырды. Оның табандылық, мақсаткерлік, жеңіске деген құлшыныс қасиеттерін ашатын сипаттағы хат мәтінін дайындаңыз», т.б.

Осындай жағдаяттық тапсырмаларға негізделген іскери қазақ тілін де орайластырып, сабақта қолданудың пайдасы көп болмақ. Әрине, бәріміз білетіндей, кез келген жоғары оқу орындарында бекітілген типтік бағдарлама негізінде курс жұмысы ұйымдастырылады. Дегенмен, оқытушының шеберлігіне байланысты сабақтың құрылымын толықтырып, мазмұнын тартымды етуіне кедергі болмайды. Сабақ барысында эссе жаздырту қажеттілік қана емес, құлшыныс та туғызатындай болуы тиіс. Ол үшін ұстаздың өзі шығармашыл, ізденімпаз, танымы терең болғаны абзал. Эссеге тек тақырып беріп қана қоймай, алдымен жетелеуші сұрақтар беріп алған дұрыс болады. Мысалы, «**Өзіңді тану**» деген тақырып беріп көріңіз. Эссе тақырыбы жан-жақты ашылуы үшін бір біріне сұрақтар қойғызыңыз. Арасында өзіңіздің де қояр сұрағыңыз болсын:

1. Қиындыққа қарсы тұру да бақытқа бастайды дегенмен келісесің бе?
2. Өзіңді өзің тани алдың ба? Сен қандай жан екенсің?

Студенттермен сұрақ-жауап алмасып болған соң, жазылымды бастатыңыз. Қажет болса, эссеге қатысты қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін ұсыныңыз. Өзіңіз де студенттермен қатар жазып отырыңыз. Оларға белгілі бір уақытта жазып болуын ескертіңіз. Жинап алған соң, «Ал енді менің сіздерге өтінішім бар, мына мен жазған пайым сөздерді оқып шығыңыздар. Үйде осы ойларды ары қарай қалай толықтырып айтуға болады, соған дайындалып келіңіздер» деген тапсырма беріңіз.

«Әр нәрсенің байыбына барып, ой толғау – көркемдік таным аясын қалыптастырады. Жаратылыс шындығына үңілу, сұлулық сипатын тану – рухани жан жылуына бөлейді. Ежелгі ұлы ойшылдарды да толғантқан осы таным сұрағын сен өзіңе қойып көрші. Сонда сен ең алдымен өзіңді тану ең басты таным екенін түсінер едің».

Жүйелі, сырлы, ойлы құрастырылған сөйлемдер сіздің студенттеріңіздің де осылай жазуға, сөйлеуге ұмтылатынына себеп болады. Сабақтағы түрлі тәсілдер білім алушылардың қызығушылығын арттыратындай деңгейде болғаны дұрыс. «Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау үшін «Суретті әңгімеле» әдісі ұсынылады. Бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелеу, суреттегі оқиғаның басын және сонын болжату арқылы тапқызу. Оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі, сол жердегі қажетті үзінділерді мәнерлеп оқиды. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі. Оқушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады» [6,159] дегендей, сабақта ойын тәсілдері де маңызды рөл атқарады. «Неотъемлемой частью формирования коммуникативной компетенции в процессе овладения иностранным языком является сценическая интерпретация литературного текста. Данная методика представляет собой один из множества приемов сценической игры. При чтении литературных текстов на иностранном языке обучающиеся воспринимают, понимают и интерпретируют его в инсценировках, ролевых играх. Литературный текст становится художественным материалом для сценической игры в учебной группе или для представления. Эта методика может использоваться на любом этапе обучения иностранному языку и иметь успех, поскольку он позволяет раскрыться, проявить себя, перебороть страх перед ошибками обучающимся с любым уровнем. В сценической игре участвуют все студенты группы» [7,85] деген пікір де ойымызды нақтылай түсері анық.

Мәтіннің хабарлау түрі белгілі бір уақытта болған, себеп-салдарлық байланысқа түскен оқиғалар жөнінде баяндалатыны белгілі. Көркем мәтінмен жұмыс жүргізгенде бірнеше дағды жүзеге асады. А.Байтұрсынов «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас» деп тегін айтпаған [3,66]. Жақсы, пайымды сөйлеу, мәтінді жүйелі мазмұндау – сөз өнерінің айшықты болуына, сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты қалыптасады.

**Қорытынды.** Кредиттік технология талаптарына негізделген оқытудағы қазақ тілі курсы дамып, жетіліп келе жатқан, түрлі тәсілдерге, жаңашыл бастамаларға негізделген пән ретінде ерекшеленеді. Білім алушылардың деңгейіне қарай құрастырылған жаттығулар, тапсырмалар негізінен ақпараттық қырымен сипатталса, екінші жағынан студенттердің өзіндік ізденуі, шығармашылық белсенді әрекеттерін дамытып, жетілуіне ықпал етеді. Оқу үрдісі кезінде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы «субъект-субъектілік» әрекетіне құрылып, көбіне оқытушы студенттерге бағыт-бағдар беруші, кеңесші ретінде қызмет жасайды. Сабақта таңдалған тәсілдердің қайсысы болмасын, білім алушылардың қазақ тіліне деген қажеттілігін толықтай қамтамасыз ететін, мемлекеттік тіл қолданысын арттыратын, сөйлеу мәдениетінде өрескелдікке жол бермейтіндей талаппен дайындалғаны абзал. Жоғарыда айтылғандай әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылау, әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу студенттердің қысылмай, еркін сөйлеуіне жетелесе, шақыру қағазы, хат, ашықхат, электрондық хат, күнделік жаздыру тапсырмалары іскери құжат тіліне дағдыландырады. Жекелей, жұптық, топтық жұмыс түрлерінің бірінен кейін бірін таңдай отырып, сабақтың тұтас құрылымын жоспарлау да жақсы нәтиже береді. Осындай ерен еңбектердің артында тіл сауаттылығындағы қажеттілік пен талғамның биік өресі тұрады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000. – 250.
3. Алаштың тілдік мұрасы (мақалалар жинағы) Құрастырғандар: С.Шүкірұлы, Ж.Тұрлыбекова. Алматы: Палитра Пресс, 2013. – 328.
4. Жолдашқызы Р. Мәтінмен жұмыс істеу // «Бастауыш мектеп», 2001. №3. – 25-29 бб.
5. Қазақ тілі. 8 сыныпқа арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 240 б.
6. Сманов Б.Ө., Жанысбекова Ш.Т. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану жолдары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы №1(63). – Алматы, 2018. – 15-21 бб.
7. Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б. Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. №2 (123). – Астана, 2018. – 65-69 бб.

МРНТИ 14.35.09

*A.M. Abdykhalykova<sup>1</sup>, A.A. Sazanbayeva<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Nur-Sultan city, Kazakhstan*

## THE CREATION OF TERMINOLOGICAL DICTIONARY FOR TECHNICAL SPECIALTIES STUDENTS

### *Abstract*

The article is devoted to the formation of language competence as the main task of learning a language as a foreign one. There have been literally reviewed the concept of language competence as well as the study of a professional foreign language competence. The authors define the creation of electronic terminological dictionary as a substantial way of enhancement the professional knowledge of a foreign language. The article suggests the pattern of electronic terminological dictionary, which has been created online and gives examples of training exercises. This electronic dictionary is designed for students of specialty “Lift maintenance and service” and gives the basic professional terms for this branch. The advantage of the electronic dictionary over traditional textbooks and dictionaries is that students both in class and during homework can use it.

**Keywords:** innovative, terminological dictionary, technical specialties

*A.M. Абдыхалыкова<sup>1</sup>, Ә.А. Сазанбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

## ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК ҚҰРАУ

### *Аңдатпа*

Мақала шетел тілін оқытудың басты міндеті ретінде тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Онда тілдік құзыреттілік ұғымдары, сондай-ақ кәсіби шетелдік құзыреттілік ұғымдарын зерттеу бойынша жүргізілген еңбектер сараланды. Авторлар электрондық терминологиялық сөздік жасауды шетел тілін оқытуда кәсіби білімді арттырудың мазмұнды тәсілі ретінде түсіндіреді. Мақалада онлайн режимінде жасалған электрондық терминологиялық сөздіктің үлгісі ұсынылады және жаттығуларының мысалдары келтіріледі. Бұл электронды сөздікте "лифт саласында қызмет көрсету" мамандығы студенттеріне арналған және осы салаға қатысты негізгі кәсіби терминдердің қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде беріледі. Дәстүрлі оқулықтар мен сөздіктерден айырмашылығы электрондық сөздіктің артықшылығы оқушылар сыныпта да, үй тапсырмаларын орындау кезінде де пайдалана алады.

**Кілт сөздер:** инновациялық, терминологиялық сөздік, техникалық мамандықтар

*A.M. Абдыхалыкова<sup>1</sup>, А.А. Сазанбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
г. Нур-Султан, Казахстан*

## СОЗДАНИЕ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОГО СЛОВАРЯ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

### *Аннотация*

Статья посвящена формированию языковой компетенции в обучении иностранному языку. Были буквально пересмотрены понятия языковой компетенции, а также изучение профессиональной иноязычной компетенции. Авторы определяют создание электронного терминологического словаря как содержательный способ повышения профессионального знания иностранного языка. В статье предлагается шаблон электронного терминологического словаря, который был создан в режиме онлайн и приводятся примеры тренировочных упражнений. Данный электронный словарь предназначен для студентов специальности “Лифтовое обслуживание и сервис” и дает основные профессиональные термины для данной отрасли. Преимущество электронного словаря перед традиционными учебниками и словарями заключается в том, что им могут пользоваться учащиеся, как в аудитории, так и во время выполнения домашних заданий.

**Ключевые слова:** инновационный, терминологический словарь, технические специальности.

**Introduction.** In conditions of changing requirements to foreign language acquisition and the absence of authentic foreign language environment, a problem of shortage of training methods and the need of educational process's enhancement arises. Rapid development of science and technologies in a whole world require from today's specialist a high level of foreign language proficiency. According to the requirements of Higher Education Standards in Kazakhstan a skilled professional is defined as a person who has knowledge in his/her field of profession and knowledge of a foreign language.

Nowadays, a graduate of a higher school must be competitive, according to the demands of the world labor market, which involves a high layer of its general development, possession of information and communication competence, high professionalism, ability to make proper decisions, innovative thinking and productive adaptation to changing circumstances. All this leads to the fact that at the present time, pedagogical activity should be innovative in nature, which is one of the essential factors for successful educational activities of any educational institution. In this regard, in recent years, the use of information technologies in higher education institutions has become more and more broaden, representing not only modern technical means, but also new approaches to the learning process. This is caused by the main purpose of teaching foreign languages: the formation and development of the communicative culture of students, the practical acquisition of a foreign language by them. The objective of the university teacher is to create all conditions for practical mastering the language of each student. This involves the choice of such training methods that would allow him to show his activity and his creativity. This is the goal of modern innovative technologies associated with the use of various information technologies and Internet resources.

**Methodology.** The concept of "language competence" in the method of teaching foreign languages began to spread only in the middle of the twentieth century. Foreign scientists took part in the development of the language competence problem, among them: N.Chomsky, D.Hymes, S.Savignon, A.A. Mirolyubov, R.P. Milrud, E.I. Passov, I.L. Bim, M.N. Vyatyutnev, and others. According to N. Chomsky, linguistic competence is an ideal grammatical science, always associated with knowledge of the language system [1, 65]. The American scientist D.Hymes presents a point of view, somewhat different from the opinion of N.Chomsky. D.Hymes notes: "There are rules of use, without them there is no use for grammatical rules" [2, 278]. Language competence is a complex psychological system; it includes, in addition to information about the language being studied, in the learning process and the speech experience of everyday communication, and based on it - a sense of language.

The study of professional foreign language competence is becoming increasingly important at the present stage of higher and secondary education. It has been widely analyzed and considered both in local and foreign methodical literature by I.A. Zimnyaya, N.N. Sergeeva, S.Kunanbayeva and others. The development of foreign students' communicative competence in the process of their professional training is specified in the paper by A.Avdeeva [3], A.Avlova [3]. They indicate the place of communicative competence in English for Special Purposes (ESP) learning by foreign engineering students based on a linguodidactic concept. A research by G.Goryunova (E.Goryunova, 2004) reveals that a high level of development of a worker's communicative abilities supports real psychological contact with colleagues, both with superiors and subordinates. G.Goryunova suggests a special system of teaching developmental lessons aimed at the intensification of the communicative abilities of non-language students including sociability, empathy, ability to take the initiative, and activity. O.Obraztsov & I.Ivanova [4, 114] make a contribution to the theory of professionally-oriented foreign language teaching by emphasizing that ESP teaching is not an end in itself, but the means with which students' level of erudition may rise. E.Pershina [5, 120] defines communicative language teaching in her study as the process which focuses on the interaction of all participants of the learning process who are aware of the aims they want to achieve and who are able to achieve them despite having limited language and grammar skills.

**Results and Discussion.** Mastering students with professional and communicative skills is impossible without purposeful formation of the conceptual and terminological apparatus of the specialty, expanding the information base on the material of authentic texts, mastering learning strategies, skills to interpret, lead discussions, argue, solve typical standard and professionally oriented tasks. According to the Concept of development of foreign language education, foreign-language education in diversified non-linguistic universities is structurally presented as a formula: B2 + LSP level, which corresponds to the international standard proficiency of the foreign language.

B2 level competencies are: 1) able to understand the main ideas of complex text on both concrete and abstract topics, including technical discussions in their field of specialization; 2) can interact with a degree of fluency and spontaneity that makes regular interaction with native speakers quite possible without strain for either party; 3) can produce clear, detailed text on a wide range of subjects and explain a viewpoint on a topical issue giving the advantages and disadvantages of various options («Konceptiyarazvitiyainoyazychnogoobrazovaniya RK», 2006).



In teaching ESP, the specialty dictionaries containing key terms become particularly important. Commonality of language characteristics of the different sciences and availability within each of these texts of different language organization are relevant to the practice of foreign languages teaching. Professional communication, in turn, implies the existence of a professional vocabulary, in the absence of which communication would not be professional otherwise. In training students of not language specialties, it is clear that, although the spoken language and literature have a place in the program of teaching, the attention here should be paid to a professionally oriented register of speech, which in turn is a set of sub-register, varying in direct thematic characteristics.

Expert teachers develop author's technologies, which combine elements of the approved technologies in different options. As a rule, all of them are focused on implementation of contents and achievement of purpose of different level and diversified training [6, 9]. One way to classify the terminology can become a division into own, for a particular industry, and borrowed. There is a classification of own and borrowed vocabulary corresponding to the real or practical situation in various scientific fields [7, 88]: basic terms for the main concepts; derivatives of terms designating specific or the aspect concepts; complex terms denoting complex concepts, consisting of the sum of basic or derivative concepts; basic terms denoting concepts of basic sciences of terminology system; borrowed terms from adjacent areas of knowledge; general scientific and general technical terms denoting respectively the general scientific and the general technical concepts; terms of general semantics which are used in many terminology systems.

When teaching professional vocabulary in non-philological higher education institution it is especially important to select linguistic material, which should serve the goals of learning and mastering of lexical minimum of terminology in the required volume. Systematic approach is the most preferred one among the generally accepted methods of language selection in the selection of terminology [11, 746]. The above classification of terminology of technical specialties corresponds to this vocabulary selection method. Despite the fact that some university and secondary vocational school teachers have developed computer curricula in English language and successfully use them in their practice, these electronic manuals are not widely used outside the educational institution where they were created. Therefore, the problem of developing e-tutorials that meet the specifics of an educational institution remains relevant. The main component in teaching professionally oriented English is its terminology, which directly determines the subject matter. In connection with wide development and implementation of modern technologies there is necessary to master a range of technical terminology. Creating a learner's terminological dictionary is of the main pragmatic decision.

Considering the modern goals of education, which cover the formation of key competences of future specialists, including language competence, we are working to create electronic means of teaching English, namely the creation of an electronic terminological dictionary. This electronic dictionary is designed for students of specialty "Lift maintenance and service" and gives the basic professional terms for this branch. On the website myefe.ru there has been created a glossary of terms that is actively used in the study of special subjects and which contributes to the improvement of professional competence. The advantage of the electronic dictionary over traditional textbooks and dictionaries is that students both in class and during homework can use it. In addition to the translation of a special term, a brief definition in English is given, for complete understanding.

Figure 1. Main Menu




Figure 1 presents the main menu of the dictionary, which consists of a list of terms in Russian with translation into English. In addition, a brief definition of a term is added. This will allow students to memorize not only the translation of the term but also its definition.

For the training of the learned material of the dictionary, as well as for the control and self-control, job-tests are offered, such as - reverse translation, cards with words, I know - I don't know, set training (Figure 2).


Figure 2 shows the example of "I know-I don't know" exercise for student's checking comprehension. If he presses "I know" button, then the right word is given with two variants of yes or no. If he chooses "I don't know" then the right translation only is presented. This type of exercise trains students on quick memorizing the terms.

Figure 2. Function "I know – I don't know"



Figure 3 presents the reverse translation exercise, when student needs to choose the right translation of a term. If a term is given in English then he is suggested possible answers in Russian and vice-versa.

Figure 3. Function "Reverse translation exercise"



**Conclusion.** The developed theoretical statements and the process of experimental work on creation of an electronic terminological dictionary allow forming the following conclusions:

1. Modern reality imposes ever-higher demands on the level of practical knowledge of a foreign language. In this regard, the use of innovative educational technologies provides tremendous opportunities to improve the effectiveness of the learning process. The creation of electronic terminological dictionaries considered in the article, as practice shows, have advantages over traditional teaching methods, since they not only allow training

certain types of speech activity, combining them in various combinations, but also contribute to the implementation of an individual approach and increase the independence of students.

2. In the context of the bilingual education, creation of the learners' dictionaries to the English-language textbooks facilitates the process of assimilation of specialty terminology in professionally oriented English teaching.

3. In the terminology of each scientific field, there are characteristic features that influenced the process of formation of terminology, and these features must also be taken into account during work on the dictionary. Availability of learners' dictionaries facilitates the training process and helps to increase the number of comprehended and hence acquired specialty vocabulary, which, in turn, promotes growth of professional competence of future specialists.

#### References:

1. Chomsky N., *Language and Mind. The MGU publishing house, 1972.* – P. 122.
2. Hymes Dell H., *On communicative competence. In Pride, J.B., Holmes, J. Sociolinguistics: selected readings. Harmondsworth: Penguin. 2015.* – PP. 269-293.
3. Avdeeva I.B. *Lingvo didakticheskaya kontseptsiya obucheniya professional'noi kommunikatsii inostrannykh uchashchikhsya inzhenerenogo profilya: dis. ... kand. ped. nauk.* – Moskva, 2006.
4. Avlova T.B. *Analiz khudozhestvennogo diskursa kak sredstvo sovershenstvovaniya kommunikativnoi kompetentsii inostrantsevne filologov: dis. ... kand. ped. nauk. St. Petersburg, 2005.*
5. Goryunova E.M. *Razvitie kommunikativnykh sposobnostei studentov tekhnicheskogo vuza pri obuchenii inostrannomu yazyku: Na primere angliiskogo yazyka: avtoreferat dis. ... kand. psikh. Nauk. Tula, 2004.*
6. Obraztsov P.I., Ivanova O.Yu. *Professionalno-orientirovannoe obuchenie inostrannomu yazyku na neyazykovykh fakultetakh vuzov. Orel: OGU, 2005.* – P.114.
7. Pershina E.Yu. *Intensifikatsiya professional'noi kommunikatsii na zanyatiyakh po inostrannomu yazyku v tekhnicheskome vuze. Obshchestvo: sotsiologiya, psikhologiya, pedagogika, 2, 2005.* – pp. 120-123.
8. «Konceptsiya razvitiya inoyazychnogo obrazovaniya RK». – Almaty: Kazahskij universitet mezhdunarodnyh otnosheniji mirovyh yazykov imeni Abylajhana, 2006.
9. Kulmagambetova S. *General pedagogical technologies in education. Қазақстан ПФА Хабаршысы, №3, 2015.* – 9 б.
10. Leichic V. *Terminovedenie: predmet, metody, struktura.* – Moscow: LCG, 2007. – P.88-98.
11. Shchukin A. *Linguo-didactic encyclopedic dictionary.* – Moscow: Astrel, 2007. – P.746.

МРНТИ 16.21.37

Н.С. Әміржанова<sup>1</sup>, Ж.Ш. Саметова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: БӨГДЕ ТІЛДІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ФОНЕМДІК ҚҰРАМЫ

### Аңдатпа

Мақалада латын графикасына негізделген қазақ жазуындағы бөгде тілдік элементтердің фонемдік құрасы мен ғалым профессор Р.Сыздықов қазақ тілінің орфографиясының тұжырымдамалық ойлары талданады. Шеттілдік сөздер интернационалдық қордан келген ғылыми-танымдық терминдердің жазылуы, кириллица жазуындағы емлесінен өзгеше болады, олардың «орысша» орфограммасы мүлтіксіз сақталмайды. Бірақ фонетикалық-графикалық тұлғасын (бітімін) мүлде өзгертіп, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптары болады деп көрсетілді. Ал Р.Сыздық ұлттық жазудың сипатын, жазу мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеп, жазу-сызуға байланысты көкейкесті проблемалардың басын ашып, концептуалды ой-пікір білдіріп жүрген бірегей тұлға. Сондықтан, қазақ жазуының өзекті мәселелері қарастырылып, профессор Р.Сыздық жеке тұлғаның тұжырымдамалық пікірлері зерделенеді.

N.S. Amirzhanova<sup>1</sup>, Zh.Sh. Sametova<sup>2</sup>  
<sup>1</sup>A.Baitursynov Institute of linguistics, Almaty, Kazakhstan  
<sup>2</sup>Abay Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## THE KAZAKH LANGUAGE IS BASED ON LATIN ALPHABET: THE PHONETIC COMPOSITION OF FOREIGN-LANGUAGE ELEMENTS

### Abstract

The article analyzes the phonetic component of foreign-language elements in the Kazakh writing, based on Latin graphics, and the conceptual ideas of the orthography of the Kazakh language by Professor R.Syzdykov. Writing scientific and cognitive terms from the international Fund differs from spelling in Cyrillic, their "Russian" orthogram is not strictly preserved. But it was shown that the phonetic-graphic figure, in the Kazakh language, will also be the article of rules that are not written "in Kazakh". R.A. Syzdyk is a unique personality who studies the nature of national writing, scientific and theoretical foundations of written culture, reveals the beginning of actual problems associated with writing, expresses a conceptual opinion. Therefore, the actual problems of the Kazakh writing are considered, the conceptual opinions of the personality of Professor R.Syzdykov are studied.

Н.С. Амиржанова<sup>1</sup>, Ж.Ш. Саметова<sup>2</sup>  
<sup>1</sup>Института языкознания имени А.Байтұрсынова, г. Алматы, Казахстан  
<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК ОСНОВАННЫЙ НА ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ: ФОНЕМИЧЕСКИЙ СОСТАВ ИНОЯЗЫЧНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ

### Аннотация

В статье анализируются фонемическая составляющая иноязычных элементов в казахской письменности, основанная на латинской графике, и концептуальные мысли орфографии казахского языка профессора Р.Сыздыкова. Иноязычные слова написание научно-познавательных терминов из интернационального фонда отличается от правописания в кириллице, их «русская» орфограмма неукоснительно не сохраняется. Но было показано, что фонетико-графическая фигура, на казахском языке, будет также статьи правил, которые не пишутся «по казахски». Р.Сыздык – уникальная личность, которая изучает характер национальной письменности, научно-теоретические основы письменной культуры, раскрывает начало актуальных проблем, связанных с написанием, выражает концептуальное мнение. Поэтому рассматриваются актуальные проблемы казахской письменности, изучаются концептуальные мнения личности профессора Р.Сыздык.

Қазақтың ғылым тұғырын көтеріп, ұлылықты ұлықтаған ұстаз- ғалымдар біршама. Солардың бірі, әрі бірегейі – А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сыздық.

Профессор Р.Сыздық – қазақ тілінің дұрыс жазу қағидаттарының қыр-сырын, оның қат-қабаттарын саралап, емле заңдылықтарын ғылыми тұрғыда жүйелеуге үлес қосқан ғалым.

Р.Сыздық ұлттық жазудың сипатын, жазу мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеп, жазу-сызуға байланысты көкейкесті проблемалардың басын ашып, концептуалды ой-пікір білдіріп жүрген бірегей тұлға.

Коммунистік империялық саясаттың тегеурінімен Байтұрсынов жазуы, одан кейін латын жазуы аласталып, 1940 жылы кириллица «орыс жазуы» қабылданғаны белгілі. Кирил жазуымен бірге қазақтың тіліне жат дыбыстардың таңбасы қазақ әліпбиіне енгізілгені де баршаға аян. Сондықтан бүгінгі күнге дейін кирил негізді қазіргі әліпби орыс тілінен енген сөздерді сол күйінде, қазақ тіліне икемделмеген қалпын сақтап таңбалануына барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың дамуына байланысты әртүрлі салада жаңа терминдер жазу тәжірибесіне қолданысқа еркін еніп, тілдің дыбыстық жүйесін бұза-жарып жатыр. Соның салдарынан ұлттық тілдің табиғатын кері әсер ететіндей, тілде креолдану құбылысы етек алып келе жатқаны айқын байқалады. Осымен байланысты орыс тілінен енген сөздерді қазақыландырып жазу қолданысқа еніп, әдеби сөздіктер қатарынан орын алғанда, 42 әріптің бірқатары қазақ сөздерін таңбалауға мүлде қатыспайтыны, қазақи ұғымдар мен атаулар үшін жат екені аңғарылады. Мәселен, орыс тілі арқылы енген *роль*, *ноль* сөздерін *рөл*, *нөл* деп жазу тез қалыптанып,

жінішкелік белгісінің (ь таңбасының) артық екені өзінен өзі белгілі болды. Осы мәселеге байланысты Р.Сыздық жазу, әріп алдымен ұлттық тілдің табиғи болмысын дұрыс беруге, тілдің өзіндік дыбыстық жүйесіне сәйкестенуі керек деген тұжырымды ұстана отырып, әліпбиді реформалау жай ғана әріп алмастыру науқаны болмауы тиіс. Ең бастысы орфографияны «қосамжарлық» сипатынан айыру керек деген принципті қатаң ұстанады.

Қазақ әліпбиіндегі басы артық әріптерді сұрыптап, тілдік болмысқа лайықтап, атап айтқанда қазақи дыбысталамға (орфоэпияға), қазақи дыбыс жүйесіне (фонологиялық жүйеге) икемдеп қайта құру және әлемдік лингвистикалық деңгейіне сай етіп, жаңа тұрпаттағы әліпби жүйесін жасау, қазақ жазуының бірегейлендірудің бір жолы. Осы орайда Р.Сыздық латын графикасына негізделген қазақ жазуының орфографиялық тәртібін түзуде ең басты назар аударылуға тиіс мынадай тұстарын (ұсыныстарды) атап көрсетеді. Алдымен ғалым латын графикасына негізделген ереже жүйесінің баптарын тізіп толық кодексін ұсыну қиын, өйткені алдымен графиканың қазақ тіліне сай нақты әліпбиі түзілуі керек дегенді баса айтады. Р.Сыздық қазақ тілінің өзіне тән **ә, ө, і, ұ, ү, қ, ғ, ң** дыбыстардың таңбалары әліпбиде арнайы таңбамен берілу керектігін ескертеді. Ғалым латын және кирил жазуымен бірдей келетін тақырыптарға қатысты емле баптары сақталады, яғни қос сөздердің бөлек жазылатын сөздердің, бірге жазылатын сөздердің, шылау сөздердің, бас әріптің жазылуына қатысты ереже баптары көп өзгермейді. Тек бөгде тілдік сөздерге қосымшалардың жалғану ретіне байланысты және бөгде тілдік сөздерді қазақыландырып жазуға байланысты бірнеше емле баптары енгізілуі керек дегенді ескертеді [1].

Р.Сыздық орфография қосамжар болмауы үшін қазіргі қазақ әліпбиіндегі **щ, ц, ё, я, ю** әріптерінің және **ь, ь** белгілерінің таңбасын әліпби құрамынан мүлде алып тастап, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптарын қарастыру керек дейді [1].

Шындығында, ғалымның арнайы көрсетіп отырған **щ, ц, ё, я, ю** тәрізді әріптері қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейді. Жазуды күрделендіруімен қатар, көптеген шатасушылық туындатып, тілдің өзіндік табиғатына елеулі нұқсан келтіреді. Жалпы жазу теориясында уәжді және уәжсіз принцип бар. Бұл мәселені қазіргі кезде ғалымдар лингвистикалық және психологиялық жағынан қарастырып келеді. Лингвистикалық жағы – бұл әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі, негізгі дыбыстармен тең түсуі т.б. Ал психологиялық жағын алар болсақ, жазу – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының құралы. Сондықтан ұлттық санада немесе тілдік санада белгілі бір дыбыстың суреті жоқ дыбысты тіл арқылы жарыққа шығару немесе оны жазу өте күрделі. «Әліпбидегі әріптердің саны шамадан тыс көп болуы мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызға да оңай тимейді. Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектепке келген балдырғандарымыз дыбысқа (уәжге) сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал **ь, ь, ц, щ, ...** тәрізді таңбаларды дыбыстық уәжі болмағандықтан, жаттап алуына тура келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді жаттап, миға салмақ түсіреді. Бұл – мәселенің лингвистикалық-психологиялық жағы. 42 әріппен байланысты бұл қайшылықты, әсіресе ұстаздар қауымы жақсы біледі. Бұл жайт, жоғарыда айтқанымыздай, кирилше әліпбидің түкке алғысыздығынан емес, я болмаса кирилшені әуелде тіліміздің жүйесіне сай етіп, ұқсата алмаған тіл мамандарының да кемшілігі емес. Қазақ лингвистерінің кәсіби біліктілік деңгейі қай кезде де төмен болған жоқ. Әліпбидегі түйткілдің түп-тамыры тоталитарлық жүйенің Кеңестер одағындағы тілдерді, ұлттарды бірте-бірте ассимиляциялау саясатымен байланысты болды. Кеңестік кеңістікте халықтарды бір тілге көшіріп, Бабыл мұнарасын орнатып, көктегі коммунизмге қол жеткізбек болған идеологиялық қысымның салдарынан кирилше әліпбиіміз бұрмалауға түсті. Қазақ әліпбиіне енгізілген **в, ь, ь, ц, щ ...** тәрізді әріптер алдымен халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Қазақ орфографиясы да сиям егіздері сияқты қосамжар орфография болып шықты. Қазақ мәтіндерінде қазақша жазылатын сөздер мен бөтен тілдің бөркін киген сөздер аралас-құралас жүрді. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін **ч, щ, ю, я, ь, ь, ц ...** тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі» [2, 82]. Сонымен, кириләліпбилі қазақ жазуы ұлттық емес, қосамжар әліпби. Осымен байланысты ғалымдар қазіргі тілдік реформа ең бірінші лингвистикалық түрткі-жайтқа барып тірелетінін дәлелдейді. Екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін, оның өзіндік табиғатын бейнелеп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізетін жазу-сызу жасау керек деген пікірде. Себебі, қазақ тілі өзіндік дыбыстық жүйесі жағынан (әсіресе, дауыстылар тұрғысында) тіпті, жақын туыс түркі тілдерінен едәуір өзгеше болып келеді. Түркі тілдер тобындағы қазақ тіліне тән болып келетін фонетикалық жүйенің өзіндік ерекшелігі типологиялық аспектіде, яғни туыс емес тілдермен салғастыруда анағұрлым айқын

көріне түсетіні сөзсіз. Қазақ және орыс тілдерін алатын болсақ, онда олардың арасындағы бірнеше ондаған елеулі өзгешеліктерді аңғаруға болады. Бұл, ең алдымен дыбыстардың саны мен құрамына қатысты өзгешелік: қазақ тілінде барлығы – 29 фонема, 9 дауысты және 17 дауыссыз; ал орыс тілінде – 43 фонема, 6 дауысты және 37 дауыссыз. Мұндағы елеулі өзгешелік дыбыстардың жалпы санында емес, екі тілдегі дауысты және дауыссыз фонемалар жүйесінің мүлде бөлектігінде болып отыр. Ол нақты айтқанда осы тілдердің фонетикалық жүйесінің өзіндік табиғатымен, дауысты және дауыссыз фонемалардың сандық-сапалық ерекшеліктерімен байланысты.

Фонетикада «дыбыстың сапасы» ұғымы дыбыстың артикуляциялық-акустикалық сипатымен тығыз байланысты. Ол дауысты және дауыссыз фонемалардың айырымдық белгілерімен ерекшеленеді. Дауыстылар тіл қатынасына қарай жуан және жіңішке, жақтың қатысына қарай қысаң, ашық, еріннің қатысына қарай еріндік және езулік, ал дауыссыздар үшін жасалу орны мен тәсілі, үннің, салдырдың қатысуы және т.б. белгілер релевантты болып табылады.

Орыс тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы типологиялық айырымдық белгілерімен қатар (жасалатын жері мен тәсілі, акустикалық сипаты), оған тән және бір қосымша белгі бар – ол палатализацияның болуы немесе болмауы. Басқаша айтқанда, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздар бар және олар фонемалық деңгейде бір-біріне қарама-қарсы қойылған (*дал – дал, мол – мол, сидит – сидет, ходок – ходьба* және т.б.). Ал қазақ тілінде, бұған ұқсас палаталданған дауыссыз дыбыстар жоқ. Қазақ орыс тілінің орфоэпиялық нормаларын меңгерудің қиындығы да осында, яғни *л, ж, ш, д, т* және т.б. палаталды дыбыстарды айтудағы қиындық болып отыр. Бірақ қазақ тілі дауыссыздарындағы «жіңішкелік» пен орыс тілі дауыссыздарындағы жіңішкелік бірдей емес. Орыс тілінде олар әлдеқайда жіңішке болып келеді. Мұндай жағдайларда, әдетте орыс тіліндегі жіңішке дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі біршама «жіңішке» дыбыстармен «айтылады», сол сияқты керісінше де болуы мүмкін. Белгілі бір позицияларда орыс тілінің палаталданған дауыссыздарын қазақ тілінде палаталдану деңгейі жоғары болмайды.

Сонымен қатар типологияда анықталғандай, дауыстыларының мөлшері басым келетін тілдерде, олар, әдетте тілдерде белсенді рөл атқаратын болса, ал дауыссыздар – пассив болып келеді, ал дауыстыларының мөлшері аз кездесетін тілдерде (орыс тіліндегідей) дауыссыздар белсенді рөл атқарады. Бірінші типтегі тілдердің жарқын мысалы қазақ тілі болып табылады. Мұнда, шын мәнінде дауыстылар белсенді болып келеді. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың жуан немесе жіңішке болып айтылуы дауысты дыбыстарға байланысты, жуан және жіңішкелігіне қарай фонологиялық қарама-қарсылық толығымен жоқ: *бар – бәр, мал – мәл, тор – төр, тал – тел* және т.б.

Басқаша айтқанда, қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана емес, сондай-ақ дауыссыздардың да үндестігі (үндестік заңы) бар. Ал бар-жоғы алты дауыстысы бар орыс тілінде дауыссыздар белсенді рөл атқарады. Олар дауысты фонемалардың жуандығын немесе жіңішкелігін айқындайды. Бұл құбылысты төмендегідей мысалдармен көрсетуге болады: *мал – мял (м ал), танк – тянет (т анет), сад – сядь (с ад), воз – вяз (в оз)* және т.с.с.

Сонымен, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздардың фонологиялық қарама-қарсылығы (оппозиция) бар. Орыс тілінің фонетикалық жүйесіндегі түркі тілдерінен, оның ішінде қазақ тілінен ерекшелейтін басты өзгешелік те осы болып табылады. Түркі тілдеріндегі кирил әліпбиінің көп жағдайда сәйкес болмауы орыс фонетикасының дәл осы ерекшелігімен байланысты.

Мәселе мынада, орыс тілінде жіңішке дауыссыздарды таңбалайтын арнайы әріптер жоқ. Жазуда оларды таңбалау үшін мыналар қолданылады:

а) жіңішкелік белгі (*быть, моль, резьба*);

ә) **я, ю, ё** тәрізді арнайы графемалар дауыссыздың жіңішкелігін білдіреді (*тянет, тюк, учет*);

б) дауыссыздардың тілалды дауыстылармен тіркесуі арқылы (*идти, дети, лихо*) және т.с.с.

Бұл қосымша таңбалар мен графемалардың барлығы қазақ жазуындағы кирил әліпбиінде сақталған. Әрине, бұлар қазақ тілінің тек фонемалық құрамына ғана емес, сол сияқты грамматикалық құрылымына да тіптен сәйкес келмейді. Осыған байланысты мына жағдайды ескерте кеткен артық болмас. Түркітанушы-ғалымдар түркі тілдерінде кирил әліпбиі қолданыла бастағаннан бергі уақыттарда бұл әліпбидің түркі тілдері үшін тиімсіз екендігін, оны ең болмағанда өзгерту, жетілдіру қажеттігі жөнінде айтумен келеді. Осы ретте белгілі түркітанушы-ғалым Н.А. Баскаковтың пікірін келтіре кетейік: «Әрбір сөзіндегі морфемалардың, белгілі бір буындарының жекелеген дара мағыналары болатын түркі тілдерінің құрылымдық сипаты әр әліпбидің әдістемелік тұрғыдан осындай морфемалар мен буындардың жік-жікке бөлінуін сақтауға ықпал етуін талап етеді, сондықтан түркі тілдері үшін, мәселен, әліпбилерде дауыстылар мен дауыссыздардың бірігуін білдіретін дыбыстарды сақтап қалу принципі тиімсіз, мысалы, орыс әліпбиіндегі *я, ё, ю* әріптері» [3, 7]. Екінші бір түркітанушы-ғалым И.В. Кормушин де *я, ё, ю, е* графема-

ларының қолданылуын жіңішке дауыссыздары бар тілдердің өзіндік ерекшелігімен байланыстыра отырып, былай деп атап көрсетеді: «... КСРО халықтарының ішінде ненец және кавказ тілдерінің кейбіреуінде ғана жуан және жіңішке дауыссыздар бар... ал қалған тілдерде орыс әліпбиіндегі *я, ю, ё, е* дыбыстарынан бас тартуға болатын тәрізді» [4, 16].

Сонымен, ғалымдар атап көрсеткендей, жазуда қазақ және орыс тілдерінің алуан түрлі ерекшеліктегі дыбыстарын таңбалау, қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларының бұзылуына әкеледі. Сондықтан да әліпбиді жетілдіру мәселесі, ең алдымен тілдің қазіргі кездегі жағдайына қамқорлық таныта отырып, тілді дамыту перспективасын және оны сақтау шараларын қамтиды.

2019 жылдың 19 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған латын графикасы негізіндегі қазақтың жаңа емле ережесінің концепциясы жыл бойы ғылыми ортада, әртүрлі семинарлар мен дөңгелек үстелдер және конференцияда, сондай-ақ оқыту курстарында, әлеуметтік желілерде талқыға салынып, ұсыныстар мен пікірлер жинақталды.

Шеттілдік сөздер интернационалдық қордан келген ғылыми-танымдық терминдердің жазылуы, кириллица жазуындағы емлесінен өзгеше болады, олардың «орысша» орфограммасы мүлтіксіз сақталмайды. Бірақ фонетикалық-графикалық тұлғасын (бітімін) мүлде өзгертіп, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптары болады деп көрсетілді.

Қазіргі кезде емле ережелерін кодификациялау барысында осы проблема ең үлкен әрі айтыс-тартыстарға негіз болып отырған проблема болды. Бір топ ғалымдар шеттілдік сөздер айтылым заңдылықтарына негізделіп жазылу керек десе, екінші бір топ ғалымдар кириллалық жазу бойынша қалуды жөн деп санайды. Шеттілдік сөздер дәстүрлі нормамен жазылу керек дей отырып «сөз басында не соңында келетін екі дауыссыз дыбыстың не алды-артынан *ы, і* әріптері жазылмайды деп шешілді. Сонымен қатар емле ережелерін кодификациялау барысында сөздердің соңғы буынындағы екі дауыссыз дыбыс арасында келген о дыбысының жазылуына байланысты көзқарастар екі түрлі болды. Бірі қазақша айтылым бойынша *директор, профессор, автор* сияқты сөздердегі *о* әрпіне *ы* әрпін алмастыру керек десе, екінші бір тобы бұл пікірге келіспей санамаланған сөздерге қоса *докторантура* сияқты сөздерді мысалға келтіре отырып барлық позицияда бұл ереже сәйкес келмейді, сондықтан бұрынғы жазу дәстүрі бойынша *-тор* формасын сақтау керек деп шешілді. Сонымен қатар қазақ әліпбиінен алынып тасталған әріптерге (*я, ю, ц, щ, ь, ъ...*) арналған жеке баптар емле ережесінде көрсетілуі тиіс, бұл өзге тілдік сөздердің дұрыс жазылуы үшін аса маңызды болмақ деп саналды. Жаңа емле ережелерін әзірлеу барысында әліпбиден алынып тасталынған шеттілдік кірме элементтердің жаңа ережеде арнайы баптар арқылы берілмеу керек деген пікір де болды. Бірақ әзірленіп жатқан Ереже баптары «өтпелі кезеңдегі» ереже болғандықтан *я, ю, щ, ц* сияқты әріптердің жаңаша жазылуы жеке ереже арқылы берілуі тиіс деп шешілді.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Сыздықова Р. «Қазақ жазуының қалыптасу кезеңдері, даму жолдары мен бағыттары» атты 2008 жылғы ғылыми зерттеу жұмысы бойынша жасаған есебінің қолжазбасы.
2. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары. – Алматы, 2007. – 194 бет.
3. Баскаков Н.А. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографий современных тюркских языков. // Опыт совершенствования алфавитов и орфографии языков народов СССР. – М.: «Наука», 1982. – 29 б.
4. Кормушин И.В. Основы графемологического анализа русского алфавита и проблемы расширения его графемного состава. // Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков народов СССР. – М.: Наука, 1982. – 20 б.

МРНТИ 16.01.09

Ж.Т. Беласарова<sup>1</sup>, С.Нұрғали<sup>1</sup>, Н.Шадиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Еуразия гуманитарлық институты  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

## ТҮРКОЛОГ ҒАЛЫМДАРДЫҢ КӨПТІК ЖАЛҒАУДЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада түркі тілдерінің қай-қайсысында да көптік ұғымды білдіретін тұлғалардың сипаты ортақ болып келетіні жайында айтылады. Түрколог ғалымдардың көрсетуінше, көптік жалғаудың мәнмәтіндік мағынасы әртүрлі болған. Ал көптік мағынаның жалғаулықсыз түрі жинақтық мағынаны берген әрі бұл тәсіл өте жиі қолданылған. Түркітанушылардың пікірінше, көптік категориясының жалғау-сыз түрінің мағыналық сипаты бұрын терең болған да, *-лар* тұлғасының мағынасы кейін кең дамыған. Түркітанушы ғалымдар көптік жалғаудың тарихы туралы біраз пікірлер білдірген. Мысалы, *-лар* аффиксінің арғы төркіні бірнеше, көп деген сияқты лексикалық бірлік болуы мүмкін деген ой айтылса, тағы бір түрколог ғалымдар көптік тұлғасының қалыптасуын III жақ жіктеу есімдігі мен *-ар* жұрнағының арасындағы ығысу процесі нәтижесінде болған деп есептеген. Сонымен көне түркі тілінде көптік мағына жалғау-сыз берілген де, жалғаулы түрі коссөздер мен изафеттік ыңғайда қолданыс тапқан. Көбінесе көптік мағына лексикалық тәсілдер арқылы орындалған. Ал аталған мағынаның *-лар* түріндегі формаға алмасуы кейінгі дәуірдің жемісі де, оның мағыналық жағынан жан-жақты дамуы қазіргі тіліміздің жеткен жемісі деп түсінеміз.

**Түйін сөздер:** көптік жалғау, көптік категория сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, функциональды жұрнақтар, морфология, аффикс.

Zh.T. Belasarova<sup>1</sup>, S.Nurgali<sup>1</sup>, N.Shadiyeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

<sup>2</sup>Eurasian Humanities Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan.

## OPINIONS OF SCIENTISTS-TURKOLOGISTS ON THE HISTORY OF THE PLURALENDINGS

### Abstract

This article describes the general characteristics of the plural meaning of a words in the Turkic languages. According to scientists-turkologists, the meaning of the context of the plural endings was different. The kind of plural meaning without ending had a collective meaning, and this method was often used in speech. According to scientists-turkologists, earlier the semantic characteristic of the collective meaning was deeper, and later the meaning of the suffix *-lar* was widely developed. Scientists-turkologists expressed their opinions about the history of the plural ending in different ways. For example, some said the root of the affix *-lar* to occur from lexical units as “a few, many”, while other turkologists argued that the formation of the plural ending was the result of the process of displacing the third - person pronoun and the suffix *-ar*. Thus, in the ancient Turkic language, the plural meanings of words were expressed without suffixes, and the type with the suffix was used as paired words and isaphite constructions. Often, the plural meanings of words are formed by using lexical correlations. Changes in the meaning of *-lar* in the form this is outcome of the modern era, and its multilateral semantic development is the result of our modern language.

**Keywords:** plural endings, categories of the plural: word-forming, inflexive, functional suffixes, morphology, affix.



Ж.Т. Беласарова<sup>1</sup>, С.Нурғали<sup>1</sup>, Н.Шадиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.

<sup>2</sup>Евразийский гуманитарный институт, г. Нур-Султан, Казахстан

## ВЗГЛЯДЫ УЧЕНЫХ-ТЮРКОЛОГОВ НА ИСТОРИЮ ОКОНЧАНИЯ МНОЖЕСТВЕННОГО ЧИСЛА

### Аннотация

В данной статье рассказывается том, что в тюркских языках существуют общие характеристики определяющие множественное значение слово. По мнению ученых-тюркологов, смысл контекста окончания множественного числа были разными. Вид множественного значения без окончания имел собирательный смысл, и данный способ часто использовался в речи. С точки зрения ученых-тюркологов, ранее семантическая характеристика собирательного вида была глубже, а позднее значение суффикса-*лар*получил широкое развитие. Ученые-тюркологи свое мнение об истории окончания множественного числавывсказывали по-разному. Например, некоторыеученые-тюркологи говорили корень аффикса -*лар*происходить от лексических единиц как «несколько, много», а другие ученые-тюркологи утверждали, что формирование окончания множественного числа был результатом процесса смещения третьего лица личного местоимения и суффикса -*ар*. Таким образом, в древнетюркском языке множественные значения слов выражались без суффиксов, а вид с суффиксом использовались как парные слова и изафетные конструкции. Часто множественные значения слов образовались с помощью лексических корреляции. Изменения смысла -*лар* в форму это плоды современнойэпохи, а егомногостороннее семантическое развитие результат нашего современного языка.

**Ключевые слова:** окончание множественного числа, категории множественного числа: словообразующая, словоизменяющая, функциональные суффиксы, морфология, аффикс.

**Кіріспе.** Түркі тіл білімінде қосымшалардың құрылымы туралы әртүрлі ғылыми пікірлер бар. Солардың ішіндегі ең басты әрі беделді пікір профессор Э.В. Севортянның пікірі деп есептеледі. Ғалымның пайымдауынша, қосымшалар негізінен үш түрге жіктеледі:

- сөз тудырушы;
- сөз түрлендіруші;
- функциональды жұрнақтар.

**Әдістеме.** Осы жүйеде зерттеу көптеген түркі тілдерінің грамматикалық еңбектерінде сақталған. Әсіресе, кеңес кезінде жазылған ғылыми еңбектердің зерттеулердің көпшілігінде осы бағыт сақталады.

Ал түрік тілінде екі түрлі жалғау бар деп есептеледі: чеким (аффиксы словоизменения – жалғау) және йапым (аффиксы словообразования). Чекимге (аффикс словоизменения) кіретін жалғаулар: көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың бөлінісі А.Ысқақовтың пікірінше мынадай болған: “мағыналары мен қызметтеріне қарай, сөзден сөз тудыратын қосымшалар (морфемалар) жұрнақтар деп, сөз бен сөзді байланыстыратын категориялар болғандықтан, грамматикалық категорияға жатқызылады” [1, 30]. Бұдан әрі ғалым жұрнақтарды мағынасы мен қызметіне қарай сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар деп екі салаға бөледі де, жалғауларды сөйлемдегі жеке сөздерді өзгертіп, түрлендіру арқылы оларға белгілі грамматикалық мағына үстейтін морфологиялық формалар ретінде танып, оларды дәстүрлі грамматикадағыдай төрт түрге бөледі:

- |                     |                   |
|---------------------|-------------------|
| 1) септік жалғау;   | 3) көптік жалғау; |
| 2) тәуелдік жалғау; | 4) жіктік жалғау. |

Сөздің морфологиялық құрылымына басты назар аударған ғалымның бірі Ә.Ибатов түркітанудағы әртүрлі ғылыми ойларды талдай келе, мынадай ой айтады: “Біздің ойымызша, сөздің морфологиялық структурасы (құрылымы) дегенді негізгі екі жікке бөліп, оның алғашқысын сөздің негізгі, яғни сөздің лексика-семантикалық бөлігі, екіншісін сөздің түрлендіруші (безендіруші) яғни грамматикалық бөлігі деп қараған жөн” [2, 51]. Ғалым қосымша морфемаға жұрнақтар мен жалғауларды жатқызып, жұрнақтарды сөз тудырушы және функциональды жұрнақтар деп бөліп көрсетеді. Сөйтіп, XIV ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі сөздердің құрамын мағыналы және мағынасыздығына қарай бөлшектеп жіктейді де, осы үлгідегі сияқты сөздің лексика-грамматикалық бөлігі және грамматикалық бөлігі деп күрделі екі топқа айырады.

**Нәтижелер.** Тарихи тұрғыданжәне қазіргі тіл тұрғысынан алғанда тілдік бірліктердің мағынасы бар екені белгілі. М.Томанов көптік жалғауы мен көптік категорияны терең зерделей келе, олардың мынадай тәсілдер арқылы берілетінін анықтайды:

- морфологиялық тәсіл арқылы;
- лексикалық тәсіл арқылы;
- синтаксистік тәсіл арқылы.

Түркі тілдерінің қай-қайсысында да көптік ұғымды білдіретін тұлғалардың сипаты ортақ болып келеді. Қазіргі түркі тілдерінде де, көне жазба ескерткіштерінде де жекелікті, бірлікті білдіретін тұлғалар жоқ, тек көптік мағына беретін -лар, -лер, -ләр тұлғалары бар. Көне түркі жазбаларында көптік мән тек осы тұлғалар арқылы ғана емес, лексикалық тәсіл арқылы және синтаксистік тәсіл арқылы да беріліп, әртүрлі семантикалық сипатта жұмсала алған.

Ескерткіштерде көптік мағынаны білдіретін өзге де тұлғалар бар. Олар мыналар: -т, -ан. Мысалы: *таркан-таркат, оғлан- оғул-ан*, т.б.

М.Томанов Орхон-Енисей ескерткіштерінде көптік жалғауының екі түрі -лар, -т кездесетінін жазады” [3, 136]. Ғалымның пікірінше, көне түркі жазбаларындағы көптік жалғауының нолдік тұлғамен немесе -лар тұлғасымен келуінің өзіндік ерекшелігі мен бір-біріне қарама-қарсы қойылатын жағдайлары болған. -Лар тұлғасы негізінен бөлектік көптік мағынаны беруде және жақты білдіретін сөздермен бірге қолданған. Көбінесе –лар тұлғалы көптік мағына белгілі бір сөздермен бірге ғана қосылып жұмсалған. -Лар қосылып жұмсалатын сөздердің өзіндік ерекше семантикасы болған. -Лар тұлғасының белсенді қолданысы әрі оның мағыналық жағынан дамуы кейінгі кезеңнің жемісі болуы да ықтимал.

Ал көптік мағынаның жалғаулықсыз түрі жинақтық мағынаны берген. Әрі бұл өте жиі қолданған. Көптік жалғауының жасырын келген жолы түркітануда әлі де зерттей түсуді қажет етеді. ҚазМУ Хабаршысының 1999 жылғы № 33 санында жарияланған А.Айғабылұлының “Қазақ тіліндегі грамматикалық сан-мөлшер категориясы бар ма?” деген мақаласында осындай ғылыми мәселе көтерілгені белгілі.

Көптік пен бірлікті ажырату көне түркілер заманынан бері бар екені де аян. Көптік жалғауының жалғаулы және жалғаусыз түрінің сипаты мен ерекшелігі бар.

Түркологтардың пікірінше, көптік категориясының жалғаусыз түрінің мағыналық сипаты бұрын терең болған да, -лар тұлғасының мағынасы кейін кең дамыған. С.Исаев көптік мағынаның жалпылық, дерексіздік мағынаға қарай дамуын көрсетеді. Мағыналық дамудың бұлайша дамуының да өзіндік танымдық сипаты бар. Кез-келген жеке-дара нәрсенің қайдан шыққаны, қалай болғаны, кім не екені деректі болады да, зат не құбылыс көбейген сайын ол туралы түсінік те кеңейіп, бірте-бірте дерексіздене береді. Демек, көптік жалғаудың жалпылық, дерексіздік, абстрактылық мағынаға ұласуы оның грамматикалық мағынасының дамуы деп түсіндіріле алады.

Түрколог ғалымдар көптік жалғаудың тарихы туралы біраз пікірлер білдірген. Поляк ғалымы Т.Ковальский -лар көптік жалғауының тарихи қалыптасу жолдары туралы айтылған ғылыми жорамалдарға толық талдау жасай келе, -лар аффиксінің арғы төркіні бірнеше, көп деген сияқты лексикалық бірлік болуы мүмкін деген ой айтады, деп сілтеме жасалады.

**Талқылау.** В.А. Богородицкий көптік тұлғасының қалыптасуын III-жақ жіктеу есімдігі мен –ар жұрнағының арасындағы ығысу процесі нәтижесінде болған деп есептейді [4, 16].

Н.А. Баскаков зерттеулерінде –лар аффиксінің тарихи дамуын талдай келе, оны құранды тұлға ретінде қарастырады. - Лар тұлғасы -ла, -ле дүркіндік, қайталаулық мағына беретін тұлға мен келер шақ есімшенің -р тұлғасының бірігуі арқылы жасалған деп қорытынды жасайды. Яғни бұл тұлғалардың бірігуі арқылы форманың ішкі семантикасы дами келе, көптік мағына қалыптасқан деп шамалайды.

А.М. Щербак X-XII ғасыр жазбаларын талдай келе, -лар жалғаулы сөз көбінесе изафеттік сыңарда келіп, кейін даму барысында ғана жекелей сөзге жалғанып келгенін жазады. Осыған ұқсас пікірді В.Г. Кондратьев те айтқан. Автордың айтуынша көптік жалғаулы сөздер көбінесе қос сөздер жасаған: «Употребление аффикса –лар лишь с существительными, имевшими определенную семантику, и объясняет очень широкое употребление парных сочетаний в языке памятников древнетюркской письменности. В дальнейшем в связи с универсализацией использования –лар необходимость в парных сочетаниях отпала» [5, 39].

Сонымен көне түркі тілінде көптік мағына жалғаусыз берілген де, жалғаулы түрі қос сөздер мен изафеттік ыңғайда қолданыс тапқан. Көбінесе көптік мағына лексикалық тәсілдер арқылы орындалған. Ал аталған мағынаның -лар түріндегі формаға алмасуы кейінгі дәуірдің жемісі де, оның мағыналық жағынан жан-жақты дамуы қазіргі тіліміздің жеткен жемісі деп түсінеміз. А.Бсқаков анықтаған көптік

жалғаудың грамматикалық қызметіне қарай семантикалық мағынасы мен стилистикалық ренінің он екі түрлі [3, 43] болып дамуын тек осылай түсіндірген орынды болар еді.

Көне түркі тіліндегі көптік жалғауының тарихи сипаты қазақ тілінде де сақталған деуге толық негіз бар.

Қазіргі қазақ тілінде оның мынадай сингармониялық варианттары бар екені белгілі: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Сонымен бірге ол тек зат есімге ғана емес, басқа сөз таптарына да жалғана береді: *мына+лар, келген+дер, отырғандар, келгендер, олар, бұлар, сондайлар, қарағандар, жазғандар, сақтанғандар, сүйенгендер, сүйінгендер, осылар т.б.*

Демек, бұдан шығатын қорытынды – тілдегі көптік жалғауының жалпы семантикалық сипаты мен олардың өзіндік мағыналық даму жүйесі бар.

Көптік жалғауының бұл тұлғалардан өзге де тарихи ескерткіштерде кездесетін бірнеше түрлері бар. Олар: *з, қ, л, м, н, р, с, ч* тұлғалары. Аталған формалар тек көне жазба мұрағаттарда ұшырасқанымен, қазіргі түркі тілдерінде жеке грамматикалық тұлға ретінде жолықпайды. Тек кей сөздердің құрамында бөлінбейтін бөлшек ретінде ғана кездеседі. Бұл көптік тұлғалар жөнінде Б.Серебренников пен Н.З. Гаджиева еңбектерінде толық айтылып, нақты деректер негізінде дәлелденген. Көптік формаларының мұндай көне тұлғаларының кейбірі мысалы, *з, қ, т* тұлғаларының мағынасы қазақ тілінің маманы М.Томанов еңбектерінде де аталады. “-т қосымшасы Орхон-Енисей жазбаларында атақ-дәрежені, чинді білдіретін азын-аулақ сөздердің ғана құрамында кездеседі” деп жазған автор оған мынадай мысалдарды келтіреді: *тарқан-тарқат, шад-апыт, тігін-тігіт* т.б.

Ал *-з* тұлғасы туралы М.Томановтың өзіндік көзқарасы бар. С.Е. Маловтың “біз” сөзінің құрамына қарап *-з*-ны көптік тұлғасы ретінде қарауын қарастыра келе, мынадай ой айтады: “...Махмуд Қашқари дәуірінде сіз есіміңіздің сыпайылық мәні мен көптік мәні қатар жүрген. Түркі тілдерін зерттеушілердің кейбірі бұл қосымшаны ескі дәуірдегі екілік категориясының көрінісі деп те қарайды. Айталық, ауыз, көз, егіз сөздері қос-қос немесе екі бөліктен тұратын атаулардың бәрі бірдей *-з*-ға аяқталмайды. Мысалы, *құлақ, аяқ, қол, бет* т.б. *-з*-ға аяқталатын атауыш сөздер санаулы, *көз, егіз* т.б. Екінші жағынан *-з*-ға аяқталатын сөздердің *-р*-ға бітетін етістік варианттары бар. Мысалы, *көз-көр, семіз-семір, атыз-айыр, қарыз -қайыр* т.б.”. Ғалымның терең пайымдауынша, *р-з* дыбыстарының мұндай сәйкестігі *рз* дыбыс тіркесінің жіктелуінің, яғни түркі-монғол бірлестігінің қалдығы болса керек.

Қазіргі қазақ тілінің деректерін барлағанда көптік мағына беретін мұндай тұлғалар сақталмаған. Тек кейбір лексикалық бірліктердің құрамында сақталып қалуы ықтимал. Бірақ оның өзі өзінің әуелгі көптік мағынасынан ажыраған.

**Қорытынды.** Демек, тілдегі көптік жалғауының жалпы семантикалық сипаты мен олардың өзіндік мағыналық даму жүйесі бар және көне түркі тіліндегі көптік жалғауының тарихи сипаты қазақ тілінде сақ-талған деуге толық негіз бар дей келіп, түрколог ғалымдардың көптік жалғауларының тарихы туралы пікірлерінің зерттелу аясы өте кең, қазіргі қоғамда зерттеуді қажет ететін, өзекті мәселелердің бірі деп айта аламыз.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.
2. Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1994.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.
4. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. – Казань, 1953.
5. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Л.: Наука, 1977.

МРНТИ 16.21.37

Ж.Т. Беласарова<sup>1</sup>, С.Нұрғали<sup>1</sup>, Н.Шадиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Еуразия гуманитарлық институты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың қалыптасуы сөз етіледі. Тегі мен түп тамыры бір болғандықтан да, түркі тілдерінің жалпы сипаты, негізгі қалыптасу жолы ортақ. Сондықтан жалпы дыбыстық жүйелердің ерекшелігін зерттегенде, өзге түркі тілдеріндегі деректерді келтірмеу, айқындамау мүмкін де емес. Қазіргі жеке түркілік тілдердегі тілдік ерекшеліктер мол болғанымен, тарихтың терең қойнауына қарай барған сайын, ортақ бірліктер көбейе бастайтынын айтуға болар еді. Мұның өзіндік ішкі заңдылығы да бар. Түркі тілдері дамуының ежелгі сипатында дауыссыз дыбыстардың бір-бірінен жіктелетін бірнеше жаңа нұсқалары қалыптаса бастайды. Осы орайда ерекше М.Томановтың қазақ тіл білімінде алғаш рет тарихи фонетиканы жүйелеп, оның негізгі нысаны мен зерттеу әдістерін анықтағаны, қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктерін ашып көрсеткендегі баяндалады. Мақалада дауыссыз дыбыстар жүйесін саралай келе, олардың даму ерекшеліктерін ғылыми сипатта дәлелдеп көрсетеміз.

**Кілт сөздер:** дауыссыз дыбыстар, фонема, дивергенция процесі, конвергенция процесі, ұяңдау (палатализация) процесі, аффикс.

Zh.T. Belasarova<sup>1</sup>, S.Nurgali<sup>1</sup>, N.Shadiyeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

<sup>2</sup>Eurasian Humanities Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan

## FORMATION OF CONSONANTS IN THE KAZAKH LANGUAGE

*Abstract*

This article is devoted to the formation of consonant sounds in the Kazakh language. The origin of Turkic languages is the same and the basis of the way of forming and describing Turkic languages is also common, therefore, when studying the characteristics of the sound system, it is impossible to ignore data from other Turkic languages. However, in modern individual Turkic languages have numerous features. But the deeper we conduct research into history, the more we find common and unified similarities. This has its own internal pattern. In the development of Turkic languages, new types of consonant sounds were formed, which were classified into separate subtypes. In this regard, this article describes M.Tomanov, who for the first time systematized historical phonetics in the Kazakh linguistics, determined its object and research methods, also revealed the features of the Kazakh language phonetic system.

**Keywords:** consonants, phoneme, process of divergence, process of convergence, process of palatalization, affix.

Ж.Т. Беласарова<sup>1</sup>, С.Нұрғали<sup>1</sup>, Н.Шадиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский гуманитарный институт, г. Нур-Султан, Казахстан

## ФОРМИРОВАНИЕ СОГЛАСНЫХ ЗВУКОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*Аннотация*

Данная статья посвящена формированию согласных звуков в казахском языке. Так, как происхождение тюркских языков одинаковое и основы пути формирования и описания тюркских языков тоже общее, поэтому при исследовании особенностей системы звуков невозможно игнорировать

данные из других тюркских языков. Однако, в современных отдельных тюркские языки имеют многочисленные особенности. Но чем глубже проводим исследование в историю, тем больше находим единые, общие схожести. В этом есть своя внутренняя закономерность. В развитии тюркских языков формировались новые виды согласных звуков, которые классифицировались в отдельные подвиды. В связи с этим, в данной статье рассказывается о М. Томанове, который впервые в казахской лингвистике систематизировал историческую фонетику, определил его объект и методы исследования, также раскрыл особенности фонетической системы казахского языка.

**Ключевые слова:** согласные звуки, фонема, процесс дивергенции, процесс конвергенции, процесс палатализации, аффикс.

**Кіріспе.** Түркітанымдық әдебиеттерде түркі тілдерінің дауыссыз дыбыстарының қалыптасуындағы ортақ заңдылықтары туралы көп айтылады. М.Томанов осы тұрғыда А.М. Щербак еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, өз зерттеулерінде қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарының тарихи сипатын аша көрсетеді [1, 36].

**Әдістеме.** М.Томанов сөз басындағы дауыссыздарды, дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі тарихи өзгерістерді айқындай келе жеке дауыссыздардың қалыптасу жолына үңіледі. Бірақ бұл үнемі А.М. Щербак пікірімен келіседі деген сөз емес. Мәселен, А.М. Щербактың сөз басында 6-8 дауыссыз фонема кездеседі деген пікіріне қарсы дау айтады. Сөз басы *б* кейде *м* дыбыстарынан басталады дегенге М. Томанов мынадай ой қосады: «... түркі негіз тілінде ұяң дыбыстар сөз басында қолданылса да, бірекіден аспаған. Сөз басында айтылуы мүмкін дейтін ұяң дауыссыздар *б*, кейде *м*. А.М. Щербак беретін алғашқы түркілік бір буынды түбірлер құрамында, дегенмен *б*, *м* дыбыстарынан басталатын сөз жоқ» (М.Томанов, 1988:54). Қазіргі қазақ тілінде «*б*»-мен айтылатын сөздер көне түркі тілінде «*п*» фонемасымен берілгенін нақты мысалдар арқылы көрсетеді: *па* (*ба*, *байла*), *пай* (*бай*), *пақ* (*бақ*, *бақыла*), *пар* (*бар*), *паш* (*бас*), *па* (*бей*, *бйе*), *пен* (*мен*), т.б.

**Нәтижелер.** Сонымен, дауыссыз дыбыстарға тән заңдылықтар бойынша сөз басында жеті дауыссыз фонема айтылады. Кейбір ауытқуларды еске алмағанда, оның төртеуі – шұғыл дауыссыздар (*б*, *т*, *қ*, *ч*). Біреуі – мұрын жолды *м* дауыссызы. Екеуі – ызың *с*, *й*. Сөздің ортасы мен соңында он жеті дауыссыз дыбыс келеді. Олардың жетеуі шұғыл – *п*, *б*, *д*, *к*, *қ*, *г*, *ч* дыбыстары. Төртеуі мұрын жолды – *м*, *р*, *ң*, *н* дыбыстары. Төртеуі ызың – *й*, *с*, *з*, *ш* дауыссыздары. Екеуі – діріл дауыссыздары – *л*, *р*. Сөз соңындағы шұғылдар екі нұсқалы *г*, *г* ұяң дауыссыздары сөз ішінде тұрақты болып келеді.

М.Томановтың тіл тарихына арналған зерттеулерінің ішінде шоқтығы биігі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің қалыптасу заңдылықтарын анықтап, оларды қазіргі қазақ тілімен салыстыруы дер едік. Ғалым қазақ тіл білімінде алғаш рет тарихи фонетиканы жүйелеп, оның негізгі нысаны мен зерттеу әдістерін анықтады. Қазақ тілі фонетикалық жүйесінің негізгі ерекшеліктерін ашып көрсетті. Дауысты дыбыстар жүйесі мен дауыссыз дыбыстар жүйесін бөлек саралай келе, олардың даму ерекшеліктерін ғылыми сипатта дәлелдеді.

Профессор М.Томанов қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесін ерекше зерттейді. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін жалпы түркілік консонанттық жүйеден бөлек бола алмайтынын орынды ескерте отырып, оларды мынадай топтарға бөлу дәстүрі бар екенін айтады: «жасалу орнына қарай (еріндік, тіс, тісеріндік, тіл арты, тіл алды, көмей, тіл ортасы), дауыстың қатысына қарай (үнді, ұяң, қатаң), айтылу жолына қарай (шұғыл, ызың)» [2, 52-53].

**Талқылау.** Қазақ тілінің фонетикалық жүйесінің дамуында конвергенция процесінің нәтижесінде дыбыстардың бірыңғайлануының орын алғандығын М.Томанов терең талдап көрсетеді. *Байла*, *киім*, *жай*, *тайа* т.б. сияқты сөздердің пайда болу жолын дыбыстардың өзгерісінің нәтижесі ретінде бағалайды. Ал *жаз* – *жай*, *бақ* – *бау*, *семіз* – *семір*, *тіз* – *тер*, *қыз-қырқын*, т.б. сияқты сөздердің дамуын фонетикалық дивергенция процесі деп бағалайды. «Фонетикалық конвергенция процесі», – деп жазады ғалым, – тілдің сөздік қорын егжей-тегжей түгел қамтымаған. Әр жаңа құбылыстың жаңа екені ескінің ізі қалғанда ғана байқалатыны тәрізді, конвергенция процесінің өтуі де дивергендік құбылыстар арқылы байқалады» [2, 56].

Оғыз тобындағы ұяңдау (палатализация) процесі қыпшақ тобындағы тілдерге тән болмаған деген ғылыми ұстанымды ұсынған ғалым өзге де қыпшақ тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде сөз басында қатаң дыбыстардың ұяң дыбыстармен салыстырғанда мол қолданылатынын атап көрсетеді.

Дауыссыз дыбыстар туралы әңгіме болғанда, мұндағы күрделі теориялық проблеманың бірі ассимиляция мен диссимиляция процесі туралы екені белгілі. Бұл процесс – әсіресе қатаң дыбыстар мен ұяң дыбыстарға қатысты іргелі мәселе. Олай болатын себебі – ассимиляция, яғни дауыссыз дыбыстардың

үндесуі көбінесе қатаң дауыссыздардың ілгері не кейінгі дыбыстарға ықпалы, немесе ұяң дауыссыз дыбыстардың ілгері тұрған, не өзінен кейін тұрған дыбыстарға ететін әсер-ықпалы ретінде бағаланады.

Дауыссыз дыбыстардың үндесуінің дауысты дыбыстар үндесуімен салыстырғанда үлкен айырмашылығы бар. Ол айырмашылық мынада. Егер дауысты дыбыстардың үндесуі бүкіл сөздің өн бойына әсер ететін болса, яғни сөздің басында тұрған жуан не жіңішке дауысты дыбыс өзінен кейінгі буындардың бәрін өзіне икемдесе, дауыссыз дыбыстағы жағдай өзгешерек. Дауыссыз дыбыстың үндесуі бүкіл сөздің құрамын өзгерте алмайды. Тек көрші тұрған дыбысқа ғана әсер етеді, не екеуі де өзгеріп кетеді.

Дауыссыз дыбыстардың үндесуі түркі тілдерінің көпшілігінде қатаң түрде сақталады. Тіпті өзге тілдерден ауызша түрде енген сөздер де сөйлеу барысында енген тілдің ассимиляция заңдылығына бағынып кетеді. Бұл жерде біз ауызша енген дегенді баса айтуға тиіспіз. Өйткені жазба түрде енген сөздер көбінесе өзінің бұрынғы сипатын сақтап қалады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясы туралы әңгіме болғанда, сонар дауыссыздар: *р, л, м, н, й*-ды бөліп қарастырған орынды болады. Оның мәнісі мынада: бұл дауыссыз дыбыстардың қатаң айтылатын нұсқалары болмайды, сондықтан олар сөз ішінде көбінесе өзгеріссіз айтыла береді. Мысалы: *шырқа, тарқа, сырға, қалта, жантақ, қалампыр, қамқа, кемпір, ырсыл, қырсық, қармақ, жармақ, айна, айдар, айқай, айшық* т.б.

Бұл жөнінде А.Н. Кононов былай деп жазады: «Дауыссыз дыбыстардың үндестік заңы бойынша түбірдегі дауыссыз дыбыстар – бір буында немесе буындар шекарасында орналасса да, түбірдің немесе дауыссыз дыбысқа басталатын аффиксті негіздердің жалғасуында, «ұяңдылық» және «қатаңдылық» бойынша қолданылады, яғни сөз түбірінде немесе негізінде қос дауыссыз келетін болса, ұяң дауыссыздан кейін тек ұяң дауыссыз дыбыс келеді, ал қатаң дауыссыздан кейін – қатаң дауыссыз тұрады» [3, 54].

Қазақ тіліндегі «с-ш» дыбыстарының бір-біріне ықпалы негізінен «ш» дыбысының басымдылығында болады: *бас-шы – баишы, қос-шы – қоишы, ас-шы – аишы* т.б. *р-л* дыбыстары бір-бірімен қатар айтыла береді де, дыбыс тіркесімі ретінде түсіндіріледі: *арлан, торлан, барлық, тарлық, торлы, қарлы, жарлы, әрлен*, т.б.

Қазіргі қазақ тілінің оқулықтарында, дауыссыз дыбыстардың саны 25. Бұлар: *б, в, г, з, ж, д, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң*. *У* фонемасы да буын жасай алмағандықтан, дауыссыздар тобында орын алады (І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев, Ж.Аралбаев, Ә.Жүнісбеков, Ж.Әбуов, Ғ.Әбуханов, С.Мырзабеков т.б.). Бірақ осы 25 дауыссыз дыбысқа Ғ.Әбуханов, Ж.Түймебаев 26-ші дыбыс етіп *щ* әрпін де қосқан. Осыған орай «*щ* – дыбыс емес, әріп. Ол созылыңқы *ш* (немесе қос *ш*) дыбысының таңбасы, транскрипцияда оны *ш* түрінде таңбалайтыны айтылады. Қазақ тілінде *щ* әрпі тек *ащы, тұщы, кеңе* сөздерінде жазылатыны белгілі» [4, 53].

Демек, дауыссыз дыбыстар – 25. «Бұл қазіргі әдеби тілдерде қолданылып жүрген дауыссыз әріптер қай тілдің болса да, өзіне тән өзгешелігімен қатар жалпы түркілік тектестігін сақтағандығы байқалады» [5, 37].

**Қорытынды.** Профессор М.Томанов қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі дауыссыз дыбыстарды салыстыра отырып, мынандай нәтижеге келеді: қазақ тілі қыпшақ тобына жатады; дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар арасындағы негізгі фонемалық сипат танытатын дыбыстардың жалпы фонетикалық сапалық желісі ұқсас, бірыңғай [6, 36].

Сонымен, қорыта айтқанда, профессор М.Томанов қазақ тілінде сөз басында, сөз ортасында және сөз аяғында келетін дауыссыз дыбыстардың даму табиғатын анықтап, олардың ғылыми сипаттамасын жасады. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі және қазіргі түркі тілдерінің деректерімен салыстыра отырып, ғалым нақты ғылыми тұжырымдар жасады, бұл жасалған ғылыми тұжырымдардың маңызы бүгінгі күнде де ерекше мәнді деп бағаланады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л.: Наука, 1970. – 415 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
3. Кононов А.Н. Грамматика языка рунических памятников (VII-IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – 256 с.
4. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1997. – 154 б.
5. Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971. – 246 б.
6. Беласарова Ж.Т. (2016). М.Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының теориялық мәселелері және оқыту жолдары. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы: Қазақстан. - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы. – 182 б.

МРНТИ 16.01.45

Г.О. Беркинбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті  
Түркістан қ., Қазақстан

## ДИАЛОГТИК ТІЛДЕСІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны жөнінде сөз етіледі. Тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативтілігін негізге ала отырып, диалогке тән «сөз-белгілерді» әр түрлі қырынан алып қаралады. Диалогтік сөйлесімді ұйымдастыруға негіз болатын бірнеше ұстанымды көрсетеді: коммуникативті ынтымақтастық ұстанымы, өзара әрекеттесу ұстанымы, әсер ету ұстанымы, қатысымдық-прагматикалық басымдылық ұстанымы, коммуникативтік толықтық ұстанымы. Бұл ұстанымдарды диалогтің құрылымдық-мазмұндық аспектісі тұрғысынан және одан жоғары қатысым стратегиясы тұрғысынан қызметтерін анықтауға, бағалауға болады.

**Кілт сөздер:** сөйлеу мәдениеті, диалогтік тілдесім, ұстанымдар, коммуникативті ынтымақтастық, өзара әрекеттесу, қатысымдық интенция.

<sup>1</sup>G.O. Berkinbayeva

<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
Turkestan, Kazakhstan

## BASIC PRINCIPLES OF DIALOGIC COMMUNICATION

*Abstract*

This article deals with the fact that language activity is carried out not in the form of separate units, but in the term of conscious actions. Based on the features of language units of different levels of language, communicative form of speech, communicative conversations and texts are considered from different characteristics of the dialogue. The article demonstrates several positions that serve as the basis for the organization of the dialogue: the principle of telecommunication cooperation, the principle of interaction, the principle of action, the principle of communicative and pragmatic priority, the principle of communicative completeness. These principles can be defined, evaluated in terms of the structural and substantive aspect of the dialogue and above in terms of the presence strategy.

**Key words:** culture of speech, Dialogic dialogue, principles, communicative cooperation, interaction, communicative intention

Г.О. Беркинбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный Казахско-Турецкий Университет им. Х.А. Яссави, г. Туркестан, Казахстан

## ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ОРГАНИЗАЦИИ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБЩЕНИЯ

*Аннотация*

В данной статье речь идет о том, что языковая деятельность осуществляется не в виде отдельных единиц, а в форме осознанного действия, в котором происходит взаимообмен. Основываясь на особенностях языковых единиц разных уровней языка, коммуникативной форме речи, коммуникативности разговоров и текстов, речь рассматривается с разных сторон, характерных для диалога. Демонстрирует несколько позиций, которые служат основой для организации диалогического общения: принцип телекоммуникационного сотрудничества, принцип взаимодействия, принцип действия, принцип коммуникативно-прагматического приоритета, принцип коммуникативной полноты. Эти принципы можно определять, оценивать деятельность с точки зрения структурно-содержательного аспекта диалога.

**Ключевые слова:** культура речи, диалогическая речь, принципы, коммуникативное сотрудничество, взаимодействие, коммуникативная интенция.

**Кіріспе.** Білім берудің мақсатын адам және оның мәніне бағдар ұстану, мазмұнды тұлғаны дамытуға негіздеп құру талаптарымен сәйкестендіру ана тілін оқыту үдерісін саралап, мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететіні сөзсіз. "Ана тіліміздің мәселесі – мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесі" деп ұлы Ғабит Мүсірепов айтқандай, тілді оқыту мәселесі белгілі бір мазмұн көлемін меңгертумен ғана шектелмейді, ұлттың тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз ететін діл, тарих, мәдениет секілді киелі ұғымдарды ұрпақтың санасына сіңіру арқылы шешімін табады. Мемлекеттің тұтастығы мен баяндылығын қамтамасыз ететін ұлттық сананы дамытудың бір тұғырлы тетігі ету үшін қазақ тілін әлеуметтік өмірдің, күнделікті қолданыстың тілі ретінде оқытуға мән берудің қажеттілігі туып отыр. Тілдің жиі қолданылуы адамдардың бір-бірімен сөйлесуі – диалог арқылы көрініс табады. Олай болса, "Қазақ тілі" пәнінің білім мазмұнына диалогтік сөз мәдениетін оқытуды ендіру, біріншіден, білімнің рухани-құндылықтық бағдарын күшейтеді, екіншіден, ұлттық сананың жаңғыруын қамтамасыз етеді, үшіншіден, әр оқушының тұлғалық қасиеттері мен сөз мәдениетін дамытуға жол ашады, төртіншіден, пәннің тәрбиелік-білімділік-дамытушылық әлеуетін көтеруге ықпал етеді. «Диалогтің ықтимал барлық нысандарын көтермелеу, сондай-ақ адамдар арасындағы өзара байланыс қарым-қатынасты күшейту арқылы біз біртіндеп ұлттық ынтымағымызды нығайтып, ұлттық әлеуетімізді ұлғайтамыз». Шын мәнінде, қазіргі кезеңде өзге елдермен теңдей байланыс орнатумен дүние жүзінде тәртіп мәселесін шешу, адамның тұлғааралық, мемлекетаралық, жалпы қоғамдық қарым-қатынастардың барлығы диалог арқылы жүзеге асады. [1, 25]

Бүгінгі таңда диалог коммуникативтік лингвистиканың негізгі зерттеу объектісіне айналып отырғанымен, екінші тілдерді меңгертудің нысанында ғана қарастырылып, ана тілін оқытуда оқушының сөз мәдениетін қалыптастыруда саналы әрекет түрінде ескерілмей келе жатыр.

Тілдерді меңгертуге арналған әдістемелік және психологиялық әдебиеттерде диалогті екі тараптың сөйлеу актісіндегі біріккен әрекет үдерісіндегі ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің негізі ретінде қарастырады. Сөздіктерде диалогке мынадай анықтамалар беріледі: 1. Диалог екі я бірнеше адам арасындағы әңгіме [2, 125]. Диалог (грек. dialogue - сөйлесу, әңгімелесу) - екі адамның тіл қатысуы [3, 15]. "Диалог (грекше – dialogos) – екі немесе бірнеше адамдардың өзара сөйлесуі; драмалық шығарманы сөйлесімдік тұрғыдан ұйымдастырудың негізгі формасы; сөйлеу түрінде жазылған әдеби шығарма" [4, 48]. "Диалог" (сұхбат) (грек, dialoqos - әңгіме, сұхбат). Диалогтік сөйлеу өзара тілдесу негізінде ауызша, ауызекі тілде сөйлеу формасы [5, 48]. Диалогтік сөйлеу – ауызша, ауызекі сөйлеу сипаты сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей байланысынан туатын, сондай-ақ Адресат пен Адресанттың жалпы ортақ апперцепциялық базасы болатын коммуникацияның вербалды құралдарының рөлін атқарады [6, 158].

Ал жекелеген ғалымдардың пікіріне тоқталатын болсақ, З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде: «Адам сөйлесе дегендей, әркімнің сөзі арқылы өзін танымыз. Себебі, әркімнің сөйлеген сөзінде оның бүкіл ішкі болмысы, өзіне тән психологиялық өзгешелігі – ақылы, ойы, сезімі, ұғымы, танымы, нанымы, білімі, мәдениеті түп-түгел тұнып тұрады», - деп жазады [7, 14]. М.Бахтин: «Ақиқат жеке адамның ойында пайда болып, жадында жатпайды, ол – диалогтік қарым-қатынас үрдісінде ақиқатты бірлесіп іздеп жүрген адамдардың арасында пайда болады», – деген [8, 96]. В.Л. Скалкин «Диалогическую речь следует рассматривать как коммуникативный акт, где имеет место смена ролей говорящего и слушающего» дейді [9]. К.И. Саломатова диалогтік сөйлеуді жеке қарастырмай, оны монологтік сөйлеумен салыстыра отырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері жөнінде былай тұжырымдайды: «Диалогическая речь является одной из наиболее распространенных форм устной разговорной речи. Монологическая форма речи занимает меньше места в разговорной речи, обычно монологу предшествует диалог. Диалог представляет собой обмен высказываниями, порожденными одно другим несколькими собеседниками» [10, 14]. Профессор О.Г. Гойхман "Речевая коммуникация" еңбегінде ауызша және жазбаша сөзді сөйлесім түрлеріне жіктеу барысында қатысушылардың санына қарай екі адамның сөзін "диалог" деп анықтайды. [11, 128]

Күнделікті өмірде диалогтік сөз монологтік сөзге қарағанда көп қолданылатынына қарамастан күрделі құбылыс. Диалогтік сөз айтылған сөзді қабылдау, естіген сөзді іштей қайталау және беретін жауапты іштей жоспарлау секілді әрекеттердің бір мезгілде іске асуын талап ететін күрделі процесс. Мұндай талаптар тыңдалым мен айтылым механизмдерінің жақсы дамуы қажеттігін көрсетеді. Дайындықсыз сөйлеу, әңгіме тақырыбының жиі өзгеруі, пікірлесушінің ойын үнемі бақылауда ұстап отыру, тез жауап беру, диалогті өрбітуге мүдделі болу секілді диалогтік сөздің ерекшеліктері сөйлесушілерге бір-қатар қиындықтар тудырады. Ал диалогтік сөздің артықшылығы оның жағдаяттылығында. Диалогтің жағдаятқа құрылуы, мимика, дене кимыл-қозғалысы, сөйлесімдік клишелер, кездесетін қайталаулар диалогті қабылдауды жеңілдетеді. Сонымен қатар диалогтік сөздің синтаксистік құрылымы да жеңіл. Диалогтік сөз құрылымдық жағынан толық емес және репликалар байланысынан тұрады. Реплика



сөйлеушінің қолдану мақсатына қарай түрлі мағынаға ие болатын көпқырлы термин. Реплика француз тілінен аударғанда қысқаша қарсылық, сөйлеп отырған адамның бірінің екіншісіне берген жауабы деген ұғымды білдіреді. Диалогтің бір коммуникантқа тән бөлімі реплика (үнқатым) деп аталады. Екі үнқатымның үйлесуі – диалогтік бірлік деп аталады.

**Талқылау.** Сөйлесімнің түрі тілдік қатынасқа түсетін адамдардың санына, тілдесу мақсаттарына, қатысушылардың әлеуметтік дәрежесіне байланысты жіктеледі. Осыған байланысты монолог бір адамның, диалог екі адамның, полилог бірнеше адамның тілдік қарым-қатынасқа түсуін білдіретін сөйлесім түрлері болып табылады. Диалогтік сөз адамдардың бірлескен әрекетінде ынтымақтастық пен түсіністікке негіз болатын әлеуметтік-тілдік қарым-қатынас. Ғалымдардың берген анықтамалары мен сипаттамалары диалогтің екі адамның арасында болатын әрекет екенін толық дәлелдейді. Бір сөйлеу актісінің шеңберінде диалогке қатысушы адамның екеуі де бірде сөйлеуші, бірде тыңдаушы болып ауысып отырады. Диалог – екі жақтылы қарым-қатынас. Диалогтік сөзде сөйлеушілердің айтатын сөздерді бір-біріне тәуелді болғандықтан, диалогті алдын-ала жоспарлау мүмкін емес. Диалогтің өрбуі екі коммуникантқа да байланысты. Диалогтің көбінесе сәлемдесу репликасынан басталатынын халық даналығынан туындаған «Сәлем – сөздің анасы» деген нақылы айғақтайды. Адамдар арасындағы әдептіліктің басы болып саналатын сәлемдесудің өзі коммуниканттардың ықыласына әсер етіп, диалогтің дұрыс арнаға түсуіне жол ашады. Сондықтан сөйлеушінің репликасы оған берілген жауапқа да байланысты туындайды. Екінші коммуниканттың жауабы қысқа не ықылассыз болған жағдайда диалогті ары қарай өрбіту қиынға түседі. Демек, диалог табиғи түрде бірінен кейін бірі туындайтын өзара байланысты іс-әрекет негізінде пайда болатын пікір алмасулар деп қорытуға толық негіз бар. Диалог коммуниканттардың өзара пікір алмасуы, қарым-қатынас құралы болғандықтан олардың әрқайсысы өз қызметін атқарады. О.Г. Гойхман сөйлесу тәртібін тактіге бөледі. Бірінші – сөз (сөйлеу), екінші – үндемеу (тыңдау). Олар өзара алмасып отырып ритмикалық қатынасқа түседі. Егер екеудің біреуі өз репликасынан бас тартса, онда диалог біржақты монологқа айналады. Себебі монолог пен диалог бір-бірімен өте тығыз байланыстағы тілдік құбылыстар. Монолог – бір адамның өз ойын, пікірін белгілі шамада толық жеткізуі. Диалог екі адамның сөйлеу әрекетінің туындысы болғандықтан, ондағы әр адамның сөзі жеке сөйлеуге – сөйлесімге жатады деген де ғалымдардың пікірі бар. Осыған сүйеніп Л.П. Якубинский “монологический диалог” деген терминді қолданған [6].

Л.П. Якубинский екі адамның коммуникативтік жағдаятқа қатысуы олардан ынтымақтастықты, келісімді және қарым-қатынас тактикасы мен стратегиясын үйлестіруді, олардың өзара әрекеттесуі мен бір-біріне әсер етуін талап етеді дей келе, диалогтік сөйлесімді ұйымдастыруға негіз болатын бірнеше ұстанымды көрсетеді:

*Коммуникативті ынтымақтастық ұстанымы.* Бұл ұстаным сөйлеу формасы ретінде диалогті ұйымдастырудың іргелі ұстанымы болып табылады. Кез-келген қатысымдық мақсатты шешуге бағытталған сөз белгілі бір ережелерге бағынуы керек, сонымен қатар үйлесімді болуы қажет. Мұнда қатысымның мақсаты, мотиві, қарым-қатынасқа түсу міндеттері, ерекшеліктері мен т.б. факторлары ескеріледі. Пікірлесушінің қатысымдық міндеттерді шешуі сөздің коннотациялық мағынасын анық және дәл түсіну, диалогтің түрлерін қолдана алу, сөйлеу этикетін сақтау секілді қатысымдық күзіреттерді меңгеруіне байланысты болады.

Қатысымдық мақсатты шешуге бағытталған сөзді профессор Р.Әмір "сөйлеушінің мақсаты", яғни коммуникативтік талап деп айқындайды. Коммуникативтік талап– сөйлеушінің қарым-қатынасқа түсуі әрі өз ойын анық жеткізуі үшін қажет басты шарт. Сөйлеушілердің қатысымдық мақсаты адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынаста алдыңғы орынға шығады. Тілші ғалымдар қатысымдық мақсаттан қатысымдық стратегия мен қатысымдық тактика туындайды деген пікір айтады. Олай болса қатысымдық мақсат – сөйлеушінің тілдік қарым-қатынасы арқылы туындайтын көздеген мүддесі, алға қойған мақсаты. Қатысымдық талап сөйлеушінің көздеген мақсатымен тікелей байланысты болады.

Р.Әмір "Қазіргі қазақ тілі құрмалас сөйлем жүйесі» атты еңбегінде қатысымдық талаптың ең қарапайым көрінісі ретінде төмендегілерді жіктейді:

- 1) хабарлы сөйлем арқылы бір ақпаратты жеткізу іске асады;
- 2) сұраулы сөйлемдер арқылы сұрау, сұрақ қою әрекеті орындалады;
- 3) бұйрықты сөйлемдер арқылы бұйыру, біреуді жұмсау әрекеті іске асады [12, 21]. Осылайша бұл талаптарды бірінші дәрежелі қатысымдық талаптар деп атайды. Ал осы талаптарға сай құрылып, жұмсалатын сөйлемдердің құрылысын түпкі (базистік) құрылымдардан тұрады деп көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде сөйлемдер қатысымдық мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты деп бөлінеді. Кейінгі кездері сөйлемдерді қатысымдық мақсатына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты деп

үш түрге бөлу қалыптасқан. Алғашқы жіктелімді қолдаған тілші-ғалым Р.Әмір: «Сөйлемдерді айтылу мақсатына сай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті деп бөлуіміз – коммуникативтік талапқа сай құрылудың бір көрінісі ғана. Коммуникативтік талаптар алуан түрде көрінеді. Оларды негізінен екі топқа жатқызған дұрыс: бірінші дәрежедегі коммуникативтік талаптар, екінші дәрежедегі коммуникативтік талаптар. Бірінші дәрежедегі коммуникативтік талаптарға сай пайда болған конструкцияларды (екі негізді хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер) базистік деп танымыз. Екінші дәрежедегі коммуникативтік талапқа сай конструкциялар (туынды) осыларға синтагмалық, парадигмалық жағынан негізделіп туады» [13, 131] деп түсінік береді.

**Қорытынды.** Коммуникативтік ынтымақтастық ұстанымына сай адресант сөйлемнің жоғарыда айтылған функционалдық түрлерін және сөйлеушінің қатысымдық мақсатын анықтап, тура және жанама сөйлеу актілерін ажырата алуы, дұрыс жауап беруі және сөйлеу актілерінің ережелерін (формаларын) меңгеруі тиіс.

*Өзара әрекеттесу ұстанымы.* Бұл ұстаным екі коммуниканттың да сөзді ұйымдастыруға белсенді қатынасуын білдіреді. Сонымен қатар коммуникативтік үдеріс коммуниканттардың сөйлеу мақсаттарының үйлесуін, ниеттес болуын талап етеді.

*Әсер ету ұстанымы.* Бұл өзара әрекеттесу ұстанымымен тығыз байланысты: әсер етусіз өзара әрекеттесу болмайды. Тыңдаушыға әсер ету сөйлеушінің қатысымдық интенциясының вербалдануына тікелей байланысты. Себебі сөйлемнің функционалдық типтері адамға әр түрлі әсер етеді. «Тілдің табиғатын толық ашу үшін оны сипаттап жүйелеумен қоса, оның әрекет ету, жұмсалып механизмі де қарастыру қажет. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін жұмсалымды грамматика тілдің өзін емес, сөйлеуді зерттеу нысана етіп алады да, оны адамның ойлау әрекетімен бір ғылыми кең астамықта қарастырады» [14]. Ауызекі сөйлеу тілінде ең көп қолданылатын сөйлемнің түрі – сұраулы сөйлем болып табылады. Адам өз ойын басқа біреуге жай хабар ретінде де, әсер ететіндей мәнерлі етіп те білдіріп отырады. Сөйлемнің экспрессивтік мағынасы басқа сөйлем түрлеріне қарағанда сұраулы сөйлемде жиі кездеседі. Себебі сұраулы сөйлем жауап беруді қажет етеді. Адамның алдағы уақытта орындалатын іс-әрекеті туралы айтылатын бұйрықты сөйлемдердің де коммуникативтік әсері күшті. Онда сөйлеушінің еркі әр алуан болып келуі мүмкін, мәселен, бірде көтеріңкі үнде, бірде сыпайылық сақтап, жай ғана белгілі бір әрекетпен жұмылдыруы мүмкін [15]. Т.Сайрамбаев өз еңбегінде бұйрықты сөйлемге мынадай анықтама береді: «Бұйрықты сөйлем біреуді іс істеуге қосу мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышы және т.б. білдіреді» [16]. Сонымен қатар ғалым бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштарының түрлілігіне қарай, сөйлемнің құрамына қарай, олардың мазмұны да әртүрлі болатынын көрсетеді.

*Қатысымдық-прагматикалық басымдылық ұстанымы.* Сөйлесімнің қатысымдық-прагматикалық құрылымы семантикалық құрылымның компоненттерінің біріне басымдылық беру арқылы көрініс табады. Көп жағдайда функционалды-грамматикалық доминант пропозиция компонентімен әрекеттеседі. Сөйлемнің экспрессивтік деңгейі өзгереді.

*Коммуникативтік толықтық ұстанымы.* Бұл қатысымдық доминанттылық ұстанымымен тығыз байланысты. Диалогтік сөйлем түрінде сөйлеушінің қатысымдық интенциясын іске асыру үшін қанша қажет болса, сонша позиция вербалдануы керек. "Қатысымдық интенция" дәл айтылған иллюкуцияны (сұрақ, тілек, кеңес және т.б.) ғана емес, сонымен қатар сөйлемнің эмоционалды, экспрессивті, көркем сипаттарын да қамтиды.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан -2030: барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі, және әл ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім. – 11қазан, 1997. – 17 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3 том. Жалпы ред. басқарған А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1978. – 735 б.
3. Қазақ тілі энциклопедия / Қазақстан даму институты. – Алматы: Жедел басып шығару баспаханасы, 1998. – 508 б.
4. Большой словарь иностранных слов. – Москва: Юнес, 2003. – 765 с. – 209 с.
5. Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі /Жалпы ред. басқарған проф. Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 540 б.
6. Якубинский Л.П. Избранные работы. Язык и его функционирование. Издательство: – М.: "Наука", 1986. 208 с. – 30 с.
7. Қабдоллов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992. – 106-108 б.

8. Бахтин . Проблемы поэтики Достоевского. – М., 1972. – 26 б.
9. Скалкин В.Л. Обучение диалогической речи на материале англ. языка. – Киев: Рад. -Шк., 1989. – 156 с.
10. Саломатова К.И Проблемы обучения диалогической речи ИЯШ, 1967. – С.29
11. Гойхман О. Я., Надеина Т. М. Речевая коммуникация. Учебник (в соав. и под ред.). – М.: ИНФРА-М., 2006. – 7 с.
12. Әмір Р. Қазіргі қазақ тілі құрмалас сөйлем жүйесі». – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 110 б
13. Әмір Р. Екінші дәрежедегі коммуникативтік талаптардың құрмалас сөйлемдер жүйесіндегі көрінуі // Жұбанов тағлымы: Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2002. – 11-15 бб.
14. Қапалбеков Б. Грамматиканы зерттеудің түрлі әдістері // Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса (мақалалар жинағы). – Алматы, 2006.
15. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 179 б.
16. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. – Алматы: «Арыс», 2010. – 640 б.

МРНТИ 16.01.33

А.Қ. Дауткулова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ГИДРОНИМДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘЛЕМНІҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕСІ

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ даласының гидронимдер жүйесіндегі әлемнің ұлттық бейнесіне назар аударылған. Қазақ даласындағы гидронимдер біздің дәуірімізге дейінгі көне атауларда көп кездеседі. Көшпелі шаруашылықпен айналысқан қазақ халқының ұлттық болмысы тіл мен таным арқылы ономастикалық атаулардан көрініс тапқан. Мақалада сол атаулар адамзат танымының құндылықтар жүйесі, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланыста қарастырылған. Сондай-ақ, көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты түркі сөздігіндегі топонимика, антропонимдер, этнонимдер, гидронимдер туралы зерттеулерге, 19 ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ ономастикасына қатысты ғылыми-зерттеу еңбектерге жан-жақты шолу жасалған.

**Кілт сөздер:** гидроним, лимноним, потамоним, жер-су аттары, антропонимдер, этнонимдер, таным

A.K. Dautkulova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## NATIONAL IMAGE OF THE WORLD IN THE SYSTEM OF KAZAKH HYDRONIMS

*Abstract*

The article focuses on the national image of the world in the system of hydronyms of the Kazakh steppe. Many scientists have been the object of research M. In the Turkic dictionary Kashkari "Diwani lugat al-Turk" provides information about place names, anthroponyms, ethnonyms, hydronyms. In addition, since the second half of the 19th century, a comprehensive review of research works relating to the Kazakh onomastics was conducted. Archaeologists have proved that the first culture in the history of mankind appeared in water bodies. Not only "water is the source of life", but also the evidence of each historical epoch. Hydronyms in the Kazakh steppes are found in the ancient names before our era. Exit language and onomastic realities are reflected names of the Kazakh people through knowledge, was engaged in economy. The article deals with such names as the system of values of human knowledge, close connection with the spiritual inner world.

**Keywords:** hydronym, land-water names, place names, river, lake, knowledge, value

А.К. Дауткулова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОБРАЗ МИРА В СИСТЕМЕ КАЗАХСКИХ ГИДРОНИМОВ

### Аннотация

В статье уделено внимание национальной картине мира в системе гидронимов казахской степи. Ученые-археологи доказали, что первая культура в истории человечества появилась в водных массивах. Вода – источник жизни и свидетельство каждой исторической эпохи. Гидронимы в казахских степях встречаются в древнейших названиях до нашей эры. В статье рассматриваются система ценностей человеческого познания, тесная связь природы с духовным внутренним миром казахского народа. В данной статье также рассмотрен словарь М.Кашгарского. Приведены многочисленные названия географических объектов, расположенных на территории тюркоязычных племен, множество личных имен древней тюркской знати, рабов и рабынь, названия тюркских племен. Большой интерес представляет карта мира, данная автором «Диуани лугат ат-турк», с детальным изображением тюркских земель и других регионов мира. Кроме того, в статье был проведен всесторонний анализ исследовательских работ (19 в.), касающихся казахской ономастики.

**Ключевые слова:** гидроним, топонимика, оним, потамоним, лимноним, антропоним, этнлим

**Кіріспе.** Қазақ елінің табиғаты әсем, биік таулы, үстіртті, нулы-сулы, аңызак шөлейтті, пайдалы қазбаларға бай өлке. Ұшы-қиыры жоқ кең даланың барқандары мен құмы да қайталанбас бірегейлігімен ерекшеленеді. Адам баласы ерте кезден-ақ өзін-өзі, қоршаған әлемді танып, зерделеп, өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезініп оған ат қоя бастаған. Ономастика (грек *onomastike* – ат беру өнері) – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Жалқы есімдерге кісі, жануарлар аттары, халық, ұлт, ру-тайпа атаулары, жер-су, аспан денелері жатады. Ат қоюдан алдына жан салмайтын қазақ халқының бүкіл болмысы, жан-дүниесі, ділі, тіні сол атаулардан көрініс тапқан. Қайсібір атауды кездейсоқ қоя салмаған. Әрбір атауда ұлттық дүниетаным іздері айқын көрініс табады. Осындай жер-су аттарың мағынасын, пайда болу, қалыптасу, тұрақтану және дұрыс жазылып, айтылу заңдылықтарын зерттейтін *топонимика* ғылымына сұраныс артып келеді. Ежелден көшпелі өмір сүрген қазақ халқы үшін жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Бұл туралы ғалым Б.Бияров «Әр атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуы өз алдына, әр атау жер бедерін өте жоғары дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Атау сол жердің ерекше бір белгісін білдірмесе, көш адасып, мал арып, шаруашылық күйзелуі мүмкін болған. Мәселен, *Бөрілі* топонимі «бұл жер – бөрі жасырынатын бұта-қарағаны мол, соқпалы жер» деген ескерту-концептісін білдіріп тұруы қажет еді. *Құлынембес* атауы «отты (құлынембес шөбі), суы мол жер, тойынған құлын енесін ембейді» деген ақпарат-концептісін беріп тұрғаны айқын» [1, 7] деп атап көрсетті. Үнемі жел соғып, қарды ұшырып әкететін, мал тебініне жайлы қыстауға *Қаражер* деп ат қойған қазақ халқының табиғатпен үндестігін байқауға болады. Олай болса, осынау қасиетті де құдыретті жеріміз тұтас бір шежіре – оның беті құпиясы ашылмаған кітап, ғаламат сырлы сөз. Бұл сөздердің бәрі де халықтың өзі таққан, аялап қойған атаулар. Бұл қат-қабат атаулардың баршасы тарихи ескерткіш – ғасырлық мәдени мұрамыз [2, 11].

**Әдістеме.** Ономастиканы зерттеуде түкітанушы-лингвист М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты түркі сөздігінің алатын орны зор. 11 ғ. бұл еңбектегі топонимика, антропонимдер, этнонимдер туралы мәліметтер көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. 1949-2005 жылдар аралығында Қазақстанда ономастикадан елуге жуық кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды (Т.Жанұзақ, Ә.Әбдірахманов, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев, Е.Ә. Керімбаев, Қ.Рысберген, А.Жартыбаев, Ғ.Сағидолла, Б.М. Тілеубердиев, К.М. Головина, Г.К. Конкашбаев, Б.Бектасова, М.А. Диарова, Г.Мадиева, Б.Тілеубердиев, С.Иманбердиева, С.Е. Керімбаева, А.Арысбаев, В.У. Махпиров, М.Е. Какимова). 1949 жылы «Казахские народные географические термины» атты топонимикадан алғашқы кандидаттық диссертацияны географ ғалым Г.К. Конкашпаев қорғап, 1963 жылы «Словарь казахских географических названий» атты еңбегі жарық көрді. Ал 1955 ж. А.Абдрахманов «Некоторые вопросы топонимики Казахстана» кандидаттық диссертациясын қорғады. Е.Койчубаев 1966 жылы қорғаған «Основные типы топонимов Семиречья» атты кандидаттық диссертациясында алғаш рет 1965 жылы Ленинградта топонимикаға байланысты Бүкілодақтық ғылыми-практикалық конференцияның өтіп, баяндамашылардың бірқатары аймақтық топонимикаға қатысты тың деректермен бөліскенін жазған.

Профессор Т.Жанұзақ қазақ антропонимдерінің қалыптасуын, А.Әбдірахманов Қазақстан топонимдерін қазақтың ру-тайпаларының аттарымен байланыстырған, Е.Керімбаев жалқы есімдердің этномәдени негіздерін, А.Арысбаев топонимдердің кумулятивтік қызметін қарастырды.

Б.Тілеубердиев кез-келген тілдің ономастикалық жүйесі сол тілді тұтынушы этностың (ұлттың, халықтың, тайпа-рулар) тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына қатысты екендігін айтады. 1994 ж. «Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары» атты кандидаттық диссертациясында «...онимдер жүйесі – халықтың этникалық құрамы, материалдық рухани мәдениеті, азаматтық тарихы жөнінде аса мол деректер көзі» деген. 1981 жылы А.Байтұрсынов атындағы Ғылым академиясында ғалым Т.Жанұзақтың ұсынысымен ономастика бөлімі ашылып, бүгінгі күнге дейін жұмысын жалғастырып келеді. Ғалымдардың зерттеу нысаны антропонимдер, этноним, гидронимдер, космоним, зоонимдер болды.

Қазіргі таңда, топонимикалық зерттеулер мейлінше кең өріс алып, жан-жақты зерттелгенін жоғарыда айттық. Дегенмен, тілдің сөздік қорындағы өзіндік сыр-сипатқа ие жер-су аттары әлі де болса тың деректермен толықтырылып келеді. Елімізде тек қана өзен аты 85 мың, көл аттары 50 мыңның үстінде екен. Осындай су объектісін білдіретін жалқы есімді ғылым тілінде гидронимдер деп атайды. Гидронимия – топонимнің бір түрі, ономастиканың үлкен бір бөлімі, саласы болып табылады. Гидроним грек тілінен аударғанда "hydro - су + onoma, onoma - ат, атау, есім" дегенді білдіреді. Адамзат тарихындағы алғашқы мәдениет су алқаптарында пайда болғанын археолог ғалымдар дәлелдеген. «Су – тіршілік көзі» ғана емес, әрбір тарихи дәуірдің куәсі.

**Нәтижелер және талқылау.** Ономаст ғалым Т.Жанұзақ жеріміздегі мыңдаған атаулардың шығу, пайда болу, дамып өсуі – бір ғана дәуірге тән емес екендігін айтады. Ғалым жер-су аттарын біздің дәуірімізге дейінгі жер-су аттары (Каспий, Арал теңіздері, Арыс, Талас, Сырдария, Ертіс, Есіл, Іле, Елек, Кеңгір, Шу өзендері, Қарқара, Қазығұрт, Күршім, Тарбағатай таулары) мен ерте орта ғасыр (Тараз, Суяб, Сығанақ, Сауран, Орал), ортағасырлық көне атаулар (Құлан, Отырар, Жайық, Аспара, Теке) деп тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық жолмен қарастырған. Зерттеу нәтижесінде мән-мағыналары көпшілікке түсініксіз, тіптен мүлдем белгісіз атаулардың этимологиясын, құпия-сырларын ашқан. Э.М. Мурзаев та жоғарыда көрсетілгендей үлкен өзендердің аттары көне болатыны туралы айтқан. Ономастикалық терминдердің салалық сөздігін жасаушы Н.В. Подольская ғаламның ономастикалық бейнесін ғаламшар кеңістігі атаулары, жер беті кеңістігі атаулары (жанды және жансыз болмыс), жер кеңістігі гидронимдік нысан атауларының терминдік жүйесі деп жік-жікке бөліп, гидронимдерді өз ішінде потамоним, гелоним, гелеоним, океоним, пелагоним деп жіктеген. Қазақстан гидронимдері облыстық аймақтар бойынша зерттелгенімен, ғалымдардың қазіргі заманға тән гидрографиялық, болмаса гидронимиялық терминдер мен аппелятивтерге қатысты көзқарастары әрқалай. Ғалым К.Каймулдинова Павлодар облысы гидронимиясын зерттеуге зор үлес қосқан В.Н. Попова, Ғ.Қоңқашбаевтың қазақ гидронимдеріндегі индикатор терминдерді жинақтап, сөздіктердегі мәліметтердің негізінде гидрографиялық терминологияның топтамалық кестесін құрастырған (К.Каймулдинова, 2001: 25). Мысалы, *айдын, астау, ащы, балқаш, батпақ, бидайық, былқылдақ, жалаңаш, жалпақ, жалтыр,көл, қайыр, қамыс, қақ, қона, ми, ой, сор, татыр, теңіз, томар, тұз, шалқар, шұқыр, шығанақ* көлге (лимнонимдер) қатысты айтылса, *ақсай, ақсу, айрық, аша, ащысу, бақанас, дария, еспе, жарма, жайылма, ирек, кемер, қамау, қарасу, мұқыр, нұра, өзек, өзен, сай, сала, саға, соқыр* өзенге қатысты атаулар. *Айнабұлақ, ақпа, бастау, бұлақ, жылыға, қайнар, тамшы, көз, тұма, үйірім – бұлақ аттары болса, құдық аттарына апан, қауға, құдық, құю, еспе, орпа, шыңырау, шұңқыр жатады.* Ғалым бұл индикатор-терминдерді көшпелі қазақ малшысы үшін қажетті географиялық ақпарат көзі деген. Гидронимдер су объектісінің орналасуының ерекшеліктерін көрсететін әр түрлі географиялық терминдерден құрылуы мүмкін. Профессор Т.Жанұзақ олардың ескі замандардағы ат, атаулары көпшілікке беймәлім топтарының мағынасын ашып берді. Мысалы, *ақба* «тоқтау су, жаңбыр суы» (Сырдария, Жалағаш), *аңырақай* «сусыз, құмайт жер, шөлейт» (О.Бөкеев, Қамшыгер), *баяжан* «сулы, көгалды, шұратты жер» (Ақтамберді), *дере* «Мұз үстіне жиналған су» (Базар жырау), *ергіз* «жер астынан шығатын судың терең көзі» (Ғ.Сланов, Дөңасқан) т.т. [3, 22]. Халық арасында суға қатысты осындай гидронимиялық терминдер мен аппелятивтер өте көп. Су объектілері ағынның сипаты, судың түсі, топырақ, жер бетінің ерекшеліктері, жануар немесе өсімдік әлемі, халықтың есімдері, этнонимдер, генонимдер деп аталды, яғни көптеген жағдайларда географиялық объектілерге тән ерекшеліктеріне байланысты атаулар берілген. Ономастикалық лексика - ұлттық сананың маңызды элементі, себебі атау мәдениет, тарих, рухани құндылықтарды, сондай-ақ белгілі бір лингвистикалық қауымдастықтың архетипикалық көріністерін, яғни, тиісті атау тек номиналды емес, сондай-ақ кумулятивтік функцияны «Ұлттық құрамдас» құндылықтарының атаулары. Тиісті зат есімдерінің тұжырымдамалық құрылымын, атап айтқанда, гидронимдерді ескере отырып, оларда қамтылған лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпаратқа назар аударамыз. Біздің пікірімізше, бұл екі жақты жан-жақты зерттеу, ол гидронимді жергілікті сөйлеушілердің қабылдауын анықтауға мүмкіндік береді.

Онимдер күрделі семантикаға ие, онда тілдік, сөйлеу және энциклопедиялық аспектілер ерекшеленеді. Атаудың тілдік жағы толығымен зерттеушіге ғана қол жетімді. Маңыздысы – сөйлеу туралы ақпарат, мекен-жайы және эмоционалды, ол атымен объектімен байланысып, сөйлеушінің объектіге деген көз-қарасын көрсетеді. Бұл атауға тән ең массивті және көп «үстіңгі» ақпарат. Энциклопедиялық ақпарат объектілердің тілдік емес байланыстарына негізделеді: тиісті атаумен әлеуметтік, ұлттық-мәдени, этнографиялық және басқа табиғаттың ақпараттық ағындарын кесіп тастайды. Жалқы есімдерінің тұжырымдамалық құрылымын, атап айтқанда, гидронимдерді ескере отырып, оларда қамтылған лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпаратқа назар аударамыз. Біздің пікірімізше, бұл екі жақты жан-жақты зерттеу, ол гидронимді жергілікті сөйлеушілердің қабылдауын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі ономастикада ономастикалық бірліктердің классификациясы және гидронимнің бөлінуі мәселесі даулы болып қала береді (кейбір елді-мекендердің алғашқы атау сумен байланысты болған). Біз гидронимді топонимикалық лексиканың ерекше санаты ретінде анықтай аламыз (Р.А. Агеева, Н.В. Подольская және т.б.) және топонимдердің басқа категорияларымен бірге және олармен салыстырғанда қарастырамыз. Гидронимдерді талдау халық тарихын және мәдениетін зерделеу үшін құнды материал алуға мүмкіндік береді, себебі, ең алдымен, олар қазақ топонимиясының негізін құрайды. Екіншіден, гидронимдер – тілдің ең тұрақты белгілері, олар өздерінің жағалауларын мекендеген тайпалардың есімін, жергілікті тұрғындардың айналасындағы әлем туралы идеяларын, этносаралық байланыстар туралы ақпарат көзі. Сонымен қатар, гидронимия (тұтастай топонимия сияқты) жергілікті *говормен* байланысты. Диалект – гидронимия мен микрогидронимияның пайда болу көздерінің бірі. Белгілі бір аймақтың диалектісін білу арқылы көптеген атауларының пайда болуын білуге болады. Екінші жағынан, көптеген гидронимдер мен микрогидронимдер диалект лексикасының жоғалып бара жатқан қабаттарын қайта құруға көмектеседі. Су объектілерінің атаулары, сондай-ақ басқа да ономастикалық лексикондар – бұл бай ассоциативті және мәдени негізді қалыптастыратын көлемді және көп қабатты мәдени ақпараттың иесі болып табылады. Су объектілерінің атауларының ассоциациялық және мәдени негіздерін қарастыру көптеген мәдени-лингвистикалық және мәдени ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат отандық табиғатты, мәдениетті, білім беруді жақсы түсінуге көмектесетін тек мәдениетаралық (қазақ халқының ұлттық мәдениетімен байланысты) ғана емес, сондай-ақ өңірлік (белгілі бір аймақтың тұрғындары үшін де) ақпаратты қамтиды. Көптеген зерттеулерге қарамастан гидронимияда жалпы қабылданған лексико-семантикалық жіктеу жоқ. Бұл ономастикада лексикалық-семантикалық топтың тұжырымдамасын нақты қарастырмайтындығымен түсіндіріледі.

Топонимикада географиялық терминдерді үш деңгейде қарастыру қалыптасқан: 1) ғылыми, яғни жоғары абстрактілі; 2) жалпы әдеби (нормаланған); диалектілік (нормаланбаған). Жоғарыда айтылған жергілікті говорлар үшінші деңгейдегі географиялық нысандар. Гидронимдерді көптеген ғалымдар (А.Жартыбаев, Б.Бектасова, Ұ.Ержанова, Г.Мадиева т.б.) номинациялық, уәждік, этномәдени типтеріне қарай топтастырған. Мысалы, А.Жартыбаев классификациясында: «1. Материалдық мәдениетке байланысты топонимдер: мекен, тұрақты білдіретін; мал шаруашылығына, көшпелі мал шаруашылығына, егін, бау-бақша шаруашылығына қатысты гидронимдер. Шаруашылыққа қатысты қолайлылық дәрежесі қазақ атауларында «жақсы», «жаман», «суық», «жылы», «тентек» сияқты анықтауыштар түрінде кездеседі. Мысалы, *Жаманиұбар*, *Жаманилік*, *Жамансор*, т.б. Мұндағы *сор* көл аттарына қатысты индикатор термині жазда тарылып қалатын саяз сулы тұзды көлдерді белгілейді (*Қарасор*, *Алқасор* – *Қазақстанның солтүстігіндегі көлдер*). Бұл атаулар арқылы сол аймақтың мал жайылымдарына қолайсыздығын көрсеткен. Сонымен қатар, жайылымдардың ылғалдылығына байланысты жіктелген топтамада *лимнологиялық* терминдер де кездеседі. Ең құнарлы жайылымдар мен шабындықтар бұрынғы көл табаны мен көл маңындағы ылғалды жерлерде орналасқан (бидайық, қопа, саз, томар). Мұндағы *бидайық* туралы деректер Ғ.Қоңқашбаев зерттеулері мен Э.Мурзаевтың (1984) сөздігінде кездеседі. 2) Рухани мәдениетке байланысты аймақтық гидронимдер: төрт түлік түрлеріне қатысты мифотопонимдер, көшпелі тұрмыс-салт дәстүріне қатысты қатысты топонимдер (гидронимдерге де қатысты); қоршаған ортаны қабылдау барысындағы танымдық топонимдер, топонимдік детерминативтердің этнолингвистикалық сипаты; өсімдік атауына қатысты топонимдер (гидронимдерде көпесті кездеседі), аң мен құс атауларына қатысты топонимдер деп екі тармаққа бөледі. Оңтүстік Қазақстан облысының жер-су атауларын көшпелі және отырықшы халықтың тыныс-тіршілігіне қарай екіге бөліп, діни-мифологиялық көзқарастарына қатысты топонимдердің басымдылығына назар аударылған. Мифотопонимдер: 1) халықтың аңыздар, әңгімелері негізінде, нақты болған тарихи оқиғаларға қатысты; 2) діни-культтік топтағы топонимдер болып өз ішінде бөліне береді. Ислам діні оңтүстіктеертеректе енгендіктен діни сипаттағы топонимдер мен әулие, ата баба (баб) сынды поссессивтерімен келетін антропонимдері арқылы ерекшеленеді. Бұл туралы К.Камулдинова «Түркі халқытарының табиғатпен өзара қарым қатынасы әр түрлі діни сенім-нанымдары мен түсініктерде бейнеленген табиғатты құрметтеу, оны анимациялау, яғни пір тұтудан айқын көрінеді. Мұның негізінде табиғатты қорғауға бағытталған іс-әрекеттің жатқанын байқау қиын емес» (К.Камулдинова,

2001: 75). Мәдени және тарихи ақпараттың құнды көзі халықтың тыныс-тіршілігімен байланысты гидронимдер болып табылады, бұл өткен дәуірдің әлеуметтік-экономикалық ландшафттарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл топтың гидронимдерінің басым бөлігі жергілікті халықтың негізгі жұмысымен ауыл шаруашылығымен байланысты. Тағы бір топқа діни көзқарастарды, адамдардың мифологиялық ойлауын көрсететін су объектілерінің атаулары өткен және қазіргі кездегі халықтың рухани өмірі туралы ақпаратты қамтиды. Біздің зерттеуімізде тек кейбір гидронимдер халықтың пұтқа табынушылық идеяларын сақтап қалды. Бұлар адамның рухани мәдениетін көрсететін гидронимдер. Анимистік көзқарас, жердің рухын құрметтеу, кез келген адамдардың діни идеялары гидронимдерде көрініс тапты. Мысалы, Шайтанбұлақ, Аманат, Әулиабұлақ, Қарамола, Обала т.т. Жоғарыда келтірілген мысалдағы, ислам дінінің ертетекте енгенінен бөлек, географиялық объектілердегі атаудан табиғатты қорғау принциптері де назарға алған ғалымның зерттеу еңбегінде құнды деректер берілген. Сакральды атаулармен аталған географиялық объектілердің басым көпшілігінің емдік маңызы бар. Бұл гидронимдерде басым. Мысалы, Орталық Қазақстандағы *Атасу* минералды суларының құрамында емдік компоненттердің ( фтор, радон, бром т.б) негізінде сауықтырушы орындар ашылып, «Сарыарқа» деп аталатын минералды су шығарылады. Шығыс Қазақстан облысындағы Баршатап селосының маңында орналасқан темірлі, сульфатты, магнийлі минералды сулардың көзі *Әулиеқыз* деп аталады. Судың емдік қасиеттерін бағалау тұрғысынан «әулиелік» ат берген қазақ халқы шипалы су көзін ластанудан сақтап, қорғау мақстанын да көздеген. Гидронимдерде эвфемизм мен діни нанымға байланысты атаулардың кездесеуі түркі халықтарына ортақ құбылыс. Эвфемизм – гректің «жақсы айтамын» деген сөзі. Сөздерді сыпайылап қолданып, сол жерге құрмет көрсетуден туып, табиғат сырына табынудан шыққан атаулар. Тіліміздегі біршама гидронимдер адамның табиғатқа деген эстетикалық көзқарасын, оны қадірлеп, қастерлеуінен және ескі дін сенім, нанымнан, табиғат сырын жете түсінбеушіліктен, әр нәрсені қасиет тұтудан, табынудан туған. Мысалы, Қарағанды облысындағы шағын көлге халық Ұлықөл деп ат қойған. Қостанай облысында Ұлықанкөл, Павлодар, Ақмола облысында Данабұлақ, Атасу деген өзендер, Қостанай облысында Әулиекөл, Шайтанкөл бар. Әлем халықтарының көбінде тауға табынумен қатар, өзен, көлдерге, су көздеріне табыну да болған. Су мен табиғи су нысаналарына табыну қазақ киелі лексикасында киелі гидронимдердің пайда болып, көп мөлшерде қолданылуына ықпал етті, мысалы, Әулиебастау, Көз әулие, Әулие көл, Әулие сор, Әулие су, Балықшы әулие, Әулие құдық және т.б. көптеген атауларды келтіруге болады. Киелі гидронимдердің бұл лексика-семантикалық тобында тек "әулие" киелі таңбалаушы термині бар гидронимдер ғана емес, басқа да лексикалық негізі бар атаулар кездеседі. Көптеген фольклорлық гидронимдердің семантикасында мифологиялық, киелі уәж бар, имплицитті түрде ол нақты және о дүниенің аражігін бөлетін шекараны көрсетеді.

1985-1989 ж. 3000 жуық гидронимге қатысты материал жинаған ғалым Г.Мадиева Шығыс Қазақстан облысының гидронимдер жүйесінде май лексемасымен байланысты Майбасар, Майбұлақ, Майжырабұлақ, Майқапашағай, Майлысай, Майшилик, Майшат, Майбас су объектілеріне тоқталған. Қазақ тілінің зерттеушісі Х.Жұбановтың айтуынша, «май» сөзі «Ұмай» деген сөз болып табылады, ол фонетикалық өзгеріске ұшыраған, бастапқы нұсқасы түркі халықтарының арасында, Құдайдың табынуына, әйелдің қамқорлығына, Умайға қатысты болған деген. Гидронимдер, барлық тиісті атаулар сияқты, қауымдық және мәдени негіз қалыптастыратын мәдени лингвистикалық ақпарат тасымалдаушылары болып табылады. Гидронимдердің ассоциативтік және мәдени негіздері отандық мәдениет пен табиғатты жақсы түсінуге және олардың пайда болуына деген сүйіспеншілікті қамтиды. Әр аймақтың ландшафттық жер бедеріне байланысты Қазіргі таңда ономастика (топонимика мен оның ойконим, гидроним, космоним сияқты бөлімдері де) жан-жақты зерттелген, тіпті, әр аймақтың жер-су атаулары сөздігі бар. Ғалымдар лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыда қарастырған.

**Қорытынды.** Қазақстанның жер-су атауларын жинақтау оларды реттеу, тарихи атауларды қалпына келтіру, аймақтық атаулар сөздіктерін шығару сияқты топонимиканың теориялық және қолданбалы мәселелері – қазақ тіл білімінің өте күрделі мәселелерінің бірі. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері аталған мәселелердің өзектілігі арта түсті. Осы тұрғыдан Қазақстан территориясының жер-су атауларын зерттеу қазақ тіл білімін тың деректермен толықтырса, екінші жағынан ұлттық таным мен тілдік құбылыс арасындағы байланыс, тілдің тек коммуникативтік қана емес, мұрагерлік, танымдық, танытушылық қызметі мен ұлттық сананың дамуындағы жер-су атауларының рөлі секілді мәселелерді шешуге бағытталады. Соңғы 30-50 жыл көлемінде қазақ тіл білімінде топонимикалық, соның ішінде гидронимиялық зерттеулер, гидронимдер туралы ғылыми тұжырымдар мен мәліметтер арқылы қазақ халқының табиғатты тану мен пайдалану барысында әлемнің ұлттық бейнесі байланыстырыла қарастырылды. Гидронимдер – адамзат түйсігінің (ойының), танымының жемісі. Жатқан жартасқа ат қоятын қазақты М.Әуезов «Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» деген.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Бияров Б. *Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография.* – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
2. Жанұзақ Т. *Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық).* – Алматы: Өнер, 2011 – 496 б.
3. Рысберген Қ.Қ. *Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2011 – 328 б.
4. Қайдар Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка.* – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
5. Каймулдинова К. *Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері (оқу құралы).* – Алматы: Ғылым баспа орталығы, 2001. – 92 б.
6. Тілеубердиев Б. *Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік негіздері.* – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.
7. Жубанов Х. *Исследования по казахскому языку. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.* – Алматы, 1966. – 362 б.
8. Мадиева Г.Б. *Гидронимия Восточного Казахстана: автореф. дисс. канд. филол. наук: 10.02.02.* – Алматы: КазГУ, 1990. – 21 с.

МРНТИ 16.21.45

*Р.Б. Джельдыбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті  
Алматы қ. Қазақстан*

## **МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ СЫПАЙЫЛЫҚТЫ БІЛДІРЕТІН ҚАЛЫП СӨЗДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада құрылымы бір-біріне ұқсамайтын тілдер: қытай және қазақ тілдеріндегі сыпайылықты білдіретін сөздердің қолданылу ерекшеліктерін қарастыра келіп, аталған тілдерде сөйлеушілердің тілдік және мәдениеттік айырмашылықтарын анықтауды мақсат етеді.

Сыпайылық категориясы осы тілдер қызмет ететін қоғам мәдениетіне және оларды қабылдаған әлеуметтік мінез-құлық үлгілерімен тығыз байланысты болады. Мәдениетаралық қарым-қатынас жасауда, тіпті халықаралық келіссөздер жүргізуде маңызды рөл атқаратын тілдік этикеттің осы сипатына мақалада талдау жүргізіп, салыстырмалы сипаттамасы жасалынды. Адам санасының, оның қалыптасқан ортасының тілге, ұлттық мәдениетке ықпалы зор.

**Түйін сөздер:** сыпайылық, мәдениет, этикет, амандасу, қоштасу.

*R.B. Jeldybayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Kazakh Ablai Khan University of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan*

## **LINGUOCULTUROLOGICAL FEATURES OF WORDS EXPRESSING POLITENESS IN INTERCULTURAL COMMUNICATION**

### *Abstract*

In this article the features of the category of politeness of two different structured languages, namely Chinese and Kazakh, the difference in the linguistic and cultural characteristics of the speakers of these languages was revealed. Politeness is important while using speech etiquette and speech. It is claimed that category of politeness strongly depends on the culture of society in which these languages function, and from the models of social behavior accepted in them.

This article provides a description and a comparative analysis of language etiquette, which plays an important role in intercultural communication and international negotiations. The consciousness of a person and his language environment has a huge impact on national culture.

**Keywords:** politeness, languages, cultural, etiquette, Kazakh, Chinese



Р.Б. Джельдыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай Хана  
г. Алматы, Казахстан*

## ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СЛОВ, ВЫРАЖАЮЩИХ ВЕЖЛИВОСТЬ В МЕЖКУЛЬТУРНОМ ОБЩЕНИИ

### Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности категории вежливости двух разноструктурных языков, а именно китайского и казахского языка, выявлена разница языковых и культурных особенностей носителей этих языков.

Вежливость имеет важное значение при использовании речевого этикета и речи. Утверждается, что категория вежливости сильно зависит от культуры общества, в которых эти языки функционируют, и от принятых в них моделей социального поведения.

В данной статье дана характеристика и проведен сравнительный анализ языкового этикета, который играет важную роль в межкультурном общении и ведении международных переговоров. Самосознание человека и его языковая среда, оказывает огромное влияние на национальную культуру.

**Ключевые слова:** вежливость, язык, культура, этикет, китайский, казахский.

**Кіріспе.** Қазіргі тіл білімінде жүйелері ұқсамайтын тілдерді зерттеу, әлемнің жаһандану кезінде жаңа ізденістерге, жаңа бағыттарға, жаңа тілдік зерттеу тәсілдерін негіз етуде. Заманауи тіл білімінің өзекті мәселесі: қазіргі таңдағы адам, тіл және мәдениетті өзара байланыстыра қарастыру. Соңғы жылдары зерттеушілердің тілдің психологиялық, әлеуметтік және мәдени жақтарына деген қызығушылығының өсуі, тілдің сөйлеу актілерін белсенді зерттеу зерттеудің негізгі нысаны болады. Қандай да бір тілді зерттеген кезде сол тілде сөйлеушілердің ұлтына, мәдениетіне, дініне назар аударамыз. Лингвомәдениеттану қазіргі кездегі тіл білімінің өзектісаласының бірі.

Ұлттық сипат ұғымы ұлттың тарихи жолының бірегейлігін, оның экономикалық қызметін, әлеуметтік және мәдени даму ерекшеліктерін және географиялық ортасын көрсетеді. Мұның бәрі мінез-құлық мәдениеті, әдеттері, өмірі, адамгершілігі, менталитеттің және қоршаған әлемді қабылдау ерекшеліктері өз өкілдерінің психикасына әсер қалдырады [1, 7].

Сыпайылық ұғымына берілген анықтамаларға қарасақ, тілдік деңгейлердің әрқайсысы сыпайылықтың өзіндік маркерімен ерекшеленетінін байқауға болады. Лексикалық стилистиканың мәселелері сөйлеу мәдениетінің мәселелерімен тығыз байланыста болады. Сөйлеу кезінде қандай да бір лексикалық құралдың қолданылуына сипаттама беру кезінде, стилистика сөздердің дұрыс қолданылуының сақшысы рөлін атқарады. Лексиканы зерттеудегі нормативтік-стилистік тәсіл сөйлеу кезінде жиі жіберілетін: сөз семантикасын есепке алмастан қолдану; лексикалық сәйкестікті бұзу; антонимдерді, көпмағыналы сөздерді, омонимдерді дұрыс қолданбау; паронимдерді араластырып алу; қатар қолдануға болмайтын құралдарды стилистік жақтан біріктіру секілді қателіктерге сараптама жасау түрінде сипатталады. Сөйлеу мәдениетінде стилистиканың алатын орны ерекше.

**Әдістеме.** Тіл лексикасының сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен тығыз байланысты екені белгілі, алайда мәдени айырмашылықтардың зор болғанына қарамастан, лексиканы бір тілден екіншісіне аудару кезіндегі ерекшеліктері болатындығын анықтауды мақсат еттік.

Сыпайылық категориясы осы тілдер қызмет ететін қоғам мәдениетіне және оларды қабылдаған әлеуметтік мінез-құлық үлгілерімен тығыз байланысты болады. Мәдениетаралық қарым қатынас жасауда, тіпті халықаралық келіссөздер жүргізуде маңызды рөл атқаратын тілдік этикеттің осы сипатына мақалада талдау жүргізіп, салыстырмалы сипаттамасы жасалынды.

**Нәтижелер.** Сыпайылықты білдіруде әр тілдің мәдениетаралық қатынастағы қызметтері маңызды рөлге ие. Қазақ тілінде үлкенге және кішіге деген ізеттілік, құрмет адамдар арасындағы қарым-қатынаста қолданатын лексикалық бірліктердің рөлі маңызды.

Көптеген ғалымдар белгілі бір құбылысты анықтап алу үшін стандартты сөйлеу жағдаяттарын ғана қарастырады. Жағдаяттың формалды және формалды емес болатындығын, сонымен қатар әрбір жағдаятта сөйлеушінің қандай да бір рөл атқаратындығын білеміз. Сөйлеушінің екеуі де тең әлеуметтік рөлде тұратын жағдаяттар кездеседі, оны тең әлеуметтік деп атаймыз, сөйлеушілер тең емес әлеуметтік рөлде тұрғанда, тең емес әлеуметтік жағдаят деп атайық. Сонымен бірге сөйлеуші тараптар бір бірімен жақын, жақсы қарым-қатынаста, таныс емес немесе жақын таныс емес болуы да мүмкін. Қарым-қатынас деңгейіне қарай, сөйлеу актісі кезінде сыпайылық категориясы да әртүрлі жолдармен жүзеге асады.

Адамның вербалды әдебіне окказионалды сипат қана кірмейді, сондай ақ бұл қатардан рекурренттік, қайталанып отыратын сипатты жатқызуға болады. Оны тілдегі дайын стандартты тіркестерден, сөйлемдерден анық байқауға болады.

Адамның басқалармен тиімді түрде байланысқа түсу кезінде, ол тілдік шығармашылық қабілетіне ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жағдайда қолдануға дайын тұратын, тілдік санасында сақталған элементтерді дайын күйінде қолдана білу қабілетіне де сүйенетіні анық. Қытай және қазақ тілдеріндегі сыпайылық категориясын талдау барысында екі елдің мәдениетіне тән ерекшеліктері байқалады. Қай тіл болсын, қай ұлт болсын өзіндік ізеттілігі, сыпайылығы, үлкен-кішіге деген құрметтілігі бар. Тіл-мәдениет – адам қоғамның тірегі, өзегі. Олар өзара тығыз байланысты.

**Талқылау.** Сөйлеу этикетіндегі құралдар арнайы және арнайы емес деп бөлінеді. Арнайы құралдарға сөйлеу этикетінің үлгілері мен одағайлар кіреді. Арнайы емес құралдар қатарына сөйлеу мазмұнын таңдау мен ұйымдастыру, грамматикалық үлгілерді дұрыс қолдану, жанама сөйлеу актілері, нақты заттарға жанама анықтама беру секілді құралдар жатады.

Лексикалық деңгейде артықшылық нормативтік лексикаға беріледі. Сыпайылықтың әмбебап құралдарына клиштелген, стандартты тіркестер ғана емес, сонымен қатар 尊zun (құрметті), 老lao (ескі), 您nin (сіз) деген секілді жағымды сипаттағы лексикалар да жатады. Қытай тілінде де әртүрлі жағдаяттарда тұрақты тіркестер қолданылады, алайда жағымды сипаттағы эмоционалды сөздер сыпайылықты білдіретін тұрақты тіркестерде қолданыла бермейді [2, 551].

Қазақ тіліндегі әдептілік сөзіне өте жақын келетін қытай тіліндегі баламасы – li maо, бұл сөзді «сыпайылық әдебі» деп аударуға болады. Li maо ежелгі қытайдан келе жатқан li сөзінен бастау алады. Қазіргі кездегі li maо тіркесінің толық тұжырымын алу үшін, Конфуций (551-479) заманында қалыптасып үлгірген li ұғымының мағынасына мән берсе болады.

Заманауи қытай және қазақ тілдерінде әртүрлі коммуникативтік мақсатта қолданылатын тұрақты тіркестер молынан кездеседі, олар: сәлемдесу, кешірім сұрау, рахмет білдіру, құттықтау, бас тарту, келісу, өтіну, т.б. мақсаттарда қолданылады. Сонымен қатар олар коммуникативтік ұйымдастыру мен мәтін құраушы рөлін де қатар атқаруға қабілетті, бұл жағдай да сөйлеушімен, оның ниетімен тікелей байланысты.

Мұндай бірліктердің құрамдас бөліктері, құрылымдық жинақталуы мен тұрақтылық деңгейі әртүрлі болып келеді, ол сөйлеушінің коммуникативтік мақсаты мен интанациясына, оның берген жеке мағынасына, яғни негізгі және қосымша прагматикалық мәндері мен тілдік клишеге тікелей тәуелді.

Дайын тіркестер қытай тілін табиғи сипатында қолданатын сөйлеушінің тілдік санасында сақталып, белгілі бір тілдік жағдаяттарда автоматты түрде қолданылады. Біз клишелермен қатар, басқа да барлық лексикалық бірліктерді қарастыратын боламыз.

Төменде берілген лексикалық құралдар ресми деңгейіне қарай түзілді, тілдік тұрғыдан сарапталды, алайда біздің ойымызша маңызды деген ерекшеліктерді ғана ұсынуды жөн көрдік. Сыпайылықты білдіретін лексикалық, грамматикалық, синтаксистік құралдардың белгілі бір деңгейде бөлшектенбей, қатар жүретіндігін ескере отырып, лексиканы қарастырған кезде, ішінара грамматикаға жүгінетіндігімізді ескерте кетуді жөн санадық.

Сәлемдесу

Алдымен сәлемдесуде қолданылатын бірліктерді қарастырып көрейік. Жоғарыда аталған барлық әлеуметтік қатынастарда сәлемдесу кездеседі.

Тең әлеуметтік жағдаяттарда жиі қолданылатын тіркестер:

你吃了吗 (ni chi le ma) Тамақ іштің бе?

你好吗 (ni hao ma) Қалың қалай?

你好! (ni hao) Сәлеметсіз бе.

你去哪儿? (ni qu nar) Сен қайда барасың?

好久不见! (haojiubujian) Көріспегелі көп болды!

Әлеуметтік тең емес:

认识您我很高兴. (renshi nin wo hen gaoxing) Сізбен танысқанымға қуаныштымын.

早上好 (zaoshanghao) Қайырлы таң!

您好 (nin hao) Сәлеметсіз бе!

下午好 (xiawuhao) Қайырлы күн!

晚上好 (wanshanghao) Қайырлы кеш!

欢迎 (huanying) Қош келдіңіз, сізді көргеніме қуаныштымын!

Қытай тілінде өзге ел мәдениет контексінде сыпайылықты білдіре бермейтін тіркестер кездеседі. Мысалы, 你吃了吗? “Тамақ іштің бе?” немесе 你去哪儿? “Сен қайда барасың?” деген қытай тіліндегі тіркестер қайырымдылық пен ізеттілікті білдіреді.

Әрине әрқайсысын жеке жеке алғанда “тамақ ішу”, “бару” сөздері сыпайылық лексикасына жата қоймайды, алайда қытай тіліндегі 你吃了吗? “Тамақ іштің бе?” немесе 你去哪儿? “Сен қайда барасың?” тіркестері күнделікті өмір мен әдеби шығармаларда сәлемдесу тіркесі ретінде жиі қолданылатын сыпайылықты беретін дәстүрлі тіркестер болып саналады. Біз сыпайылықты білдіретін тіркестерді мәдениетке тәуелді және мәдениетке тәуелді емес лексикалық құралдар деп екіге бөлуді жөн көрдік [6].

Мәдениетке тәуелді тіркестер қатарына белгілі бір мәдениетте сыпайылықты білдіргенімен, тура сол жағдайда, басқа мәдениетті ондай мәнде қолданыла бермейтін тіркестерді атаймыз. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, 你吃了吗? “Тамақ іштің бе?” немесе 你去哪儿? “Сен қайда барасың?” сияқты тұрақты лексикалық тіркестерді айқын мәдениетке тәуелді лексикалар қатарына жатқызамыз. Егер қытай азаматы шетелдікпен кездескен кезде, «Тамақ іштің бе» деген тіркесті қолданса, оны түсінбей қалуы әбден мүмкін. 你吃了吗? “Тамақ іштің бе?” немесе 你去哪儿? “Сен қайда барасың?” тіркестері өзінің тікелей мағынасында да қолданылады, бұл жағдайда олар сыпайылық контексін бере бермейді.

Мұндай лексикалық құралдар ресми емес иллюкутивті сөйлеу актілерінде қолданылатынын атай кетуге тиіспіз.

Мәдениетке тәуелсіз лексикаға сәлемдесуде қолданылатын 你好吗 (ni hao ma) «Қалың қалай?», 你好! (ni hao) “Сәлеметсіз бе”, 认识您我很高兴. (renshi nin wo hen gaoxing) “Сізбен танысқанымға қуаныштымын” деген секілді тіркестерді жатқызамыз. Бұлар барлық мәдениеттерде сыпайылықты білдіреді және олар сәлемдесу жағдаятында маңызды болып табылады. Бір мәдениеттен басқасына аударған кезде коммуникациялық контекстке айтарлықтай шығын келтіре қоймайды.

Формалды тілдік жағдаяттарды қарастырып көрейік. Жалпы алғанда, формалды жағдаяттардың туындауындағы басты алғы шарттар ретінде әдептіліктің вербалды және вербалды емес нормаларының болуын атауға болады.

Бар жоғы жиырма жыл бұрын ресми кездесу мен қоштасу рәсімі кезінде Қытайда бір біріне еңкейіп бас ізгеу кең етек алған болатын. Әрине кейбір әдептер жойылады, ұмытылады, дегенмен де келесі тіркестерді қолданған кезде аздап қана бас ізгеу сақталып қалған:

你好! (ni hao) Сәлеметсіз бе.

认识您我很高兴. (renshi nin wo hen gaoxing) Сізбен танысқанымға қуаныштымын.

Қытай тілінде 你 (сен) мен 您 (сіз) есімдіктері арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Сый құрметті білдірген кезде әрине 您 (сіз) қолданылады. Төменде әлеуметтік тең емес жағдаяттағы қонақ пен даяшы арасындағы сұхбатты қарастырып көрейік:

服务员: 先生您好, 您需要点什么?

fu wu yuan: xian sheng, nin hao, nin xu yao dian shen me?

Даяшы: Сәлеметсіз бе, мырза. Не қалайсыз?

顾客: 我要一分牛排

gu ke: wo yao yi fen niu pai.

Қонақ: Маған стейк беріңіз.

**Key words:** kazakh language; Verb; Et-(do)

Р.Б. Жанасылова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Китайский институт языка и литературы Илийский педагогический университет,  
Или, Кунтай

## ИССЛЕДОВАНИЕ ПО ГЛАГОЛУ "ЕТ-" НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*Аннотация*

Глагол «ет» в казахском языке употребляется по особому методу, во первых он имеет статус полнозначного глагола,но он не может употребляться самостоятельно, для правильного употребления данного глагола , не обходится без сочитения передного дополнения с нем; во вторых, он имеет довольно сильную функцию в словообразовании,и может переобрзововаться в сложные глоголы; кроме того, он употребляется как вспомогательный глагол, соединяется с словом «-(I)р»только в его деепричастной форме,для быстрого и гибкого выражения значении членов.в данной стати тотально изучается особый глагол казахского языка «ет»,выясняется его статус и функция.

**Ключевые слова:** казахский язык, глагол ; ет-, вспомогательный глагол

**Кіріспе.** Қазақ тіліндегі *ет-* негізгі етістігі әдетте “істеу; А-ны В-ға айналдыру” мағаналарында жұмсалып, басқа етістіктерден өзгешерек тұрады. Мысалы:

- (1) Сырттын **тарс еткен** мылтық үні естілді. (сөйлеу тілі)
- (2) Ең әуелі идеяны **азат етіуіміз** керек. (хабар)
- (3) Жаз бойы **еткен еңбек**, төккен тердің жемісін жеткізетін де осы. («Менің атым Қожа»)
- (4) Оны **қалай еткенде** де мінбей тынбауға бел байлады. («Менің атым Қожа»)
- (5) Шал шылымын **жуан етіп** орап, қапағының бүкпесіне тығып қойыпты. («Менің атым Қожа»)
- (6) Көк шалғынды жыпыра **қап-қара етіп**із тастап, жолсызбен зырғып бара жатқан оның соңынан



мен бір қауымға дейін қарадым да тұрдым. («Менің атым Қожа»)

(7) Халық оны **призденіп ет**іп сайлады. (сөйлеу тілі)

(8) Есәкті ашып **ет**. (сөйлеу тілі)

(9) Ол қорыққынынын жылап **ет**ті. (сөйлеу тілі)

Жоғарыдағы мысалдардағы етістік “ет-”тің атқаратын қызметі мен мағыналары да басқа-басқа, (1) - мысалда еліктеу сөзден етістік жасап (2) сөйлемде есім сөзден етістік жасап, сөз жасадық рөл атқарып тұрса, (3), (4) – мысалдарда өзінің негізгі етістік мағынасын сақтап тұр, яғни мұнда *істеу* мағынасында. Ал (5), (6) және (7) сөйлемдерде “*ет-*” негізгі етістік, {*обиекім<sub>-табыс</sub>+сын есім/зат есім+ет-*} мындай таралымда табыс септік тұлғалы “объекітіні” іс-әрекеттің өзгерісі әсерінде кемелдеуіш көрсеткен күйге немесе зат есім білдіретін ұғымға айналдыру (яғни А-ны В-ға айналдыру) **жыуан ет** (шылымды **жыуан** немесе анадай күйге енгізіу), оңі **призденіп ет-** (оны призденіп қылу), **қап қана ет-** (оны қап-қара түске енгізу). (7) және (8) сөйлемдерде негізгі етістік қызметінде *аш*, *жыла* етістіктері тұрса -п формалы көсемшенің соңынан келіп көмекшілік (грамматикалық) мағына беріп тұр.

Бұл мысалдардан біз ет етістігінің негізгі етістік, сөз жасамдық және көмекшілік сияқты ұқсамаған қызметтер атқаратынын аңғарамыз.

Ендеше бұдан бұрынғы зерттеулерге үнілер болсақ:

Көп бөлім грамматикалық еңбектерде *Ет*-көмекші етістік ретінде қарастырылатын болса да, бірақ оның сөз жасамдық рөлі мен көмекшілік қызметін байланыстырып келді, яғни ол көмекші сөз ретінде жаңа сөз жасай алады. [7, 265-267; 11, 253-254; 12, 77-89; 14, 247].

1) Бір бөлім ғалымдар оның тіліміздің сөз жасам жүйесінде біршама өнімді болатынын айта келіп, ол негізгі етістік ретінде (көмекші етістік емес) сөз жасамға қатысып күрделі етістік жасайды [19, 439].

2) *Ет*-етістігінің сөйлемдегі синтаксистік қызметінің ерекшелігіне байланысты *Ет*-сөйлемде **кемелдеуіштің** белгісі саналады. “объекті” іс-әрекеттің өзгерісі әсерінде кемелдеуіш көрсеткен күйге немесе белгілі заттық тұлғаға айналдыру (яғни А-ны В-ға айналдыру). Мысалға:

Мен баламды **ғалым ет**іп тәрбиелеймін [2, 18-20].

Әуелі, бірінші көзқарасқа талдау жасар болсақ, көмекші етістікті сөз жасам жүйесінде қарастыру қаншалық ғылыми ? егер біз оны көмекші етістік деп таныған екенбіз онда ол тек абстрактты грамматикалық мағына білдіретін шылау сөз болуға тиіс. Ал керісінше сөз жасамға қатынасты онда негізгі етістік болары даусыз. Өзінің негізгі етістік мағынасына байланысты күрделі етістік жасайды.

2) және 3) көзқарас бойынша *Ет*- етістігі екі түрлі мағынада жұмсалады бірінші, сөзжасам (негізгі етістік). Екінші, негізгі етістік *Ет*-сөйлемде **кемелдеуіштің** белгісі саналады.

Аталған пікірлер бойынша төмендегі сөйлемдерге талдау жасап көрейік:

1) Қолымды **ауыртып ет**тің.

2) Қонақтар асығады екен, тезірек қамырды **салып ет**індер.

3) Бәріміз бірлікте мына бөлекті бір **көріп ет**ейік.

4) Өтінейін ағай, мені қақпадан **кіргізіп ет**іңіз ші?!

Сөйлемдегі -(ы)п формалы көсемшемен бірге келген *Ет*- етістігі формалық жақтан тіліміздегі көмекші етістіктерге ұқсас. Бұдан тіліміздегі “*ет-*” етістігінің күрделі етістік екендігін аңғарамыз.

## Нәтижелер.

### 1.1 Сөзжасамдық рөлі

Тіліміздің сөз жасам жүйесінде есімдіктен күрделі етістік жасауда аса өнімді. Біз *Ет*- етістігінен жасалған 611 сөзді жинақтап шықтық [2,1-2070] Бұдан оның тіліміздің сөз жасам жүйесінде аса ықпалды енетін байқау қиын емес. Әдетте зат есім, сын есім, санесім, есімдіктерден күрделі етістік жасайды. Сөз жасамдық ерекшелігін үлкен жақтан былай жіктеуге болады:

1.1.1 Өзінің әуелгі мағынасына байланысты (“А-ны В-ға айналдыру” және істеу деген мағынасы бар) жаңа сөз жасайды. Мысалы:

1) Ең алдымен идеяны **азат ет**іуіміз керек.

2) Халық үшін өзін **құрбан ет**ті.

3) **Еңбек ет**сең ерінбей тояды қарының тіленбей.

Бірінші сөйлемде идея (А) <sub>-ның</sub>азат(В)<sub>-ге</sub> күйге айналдыру (ет-); екінші сөйлем де солай; үшінші сөйлемде *істеу* мағанасын сақтай отырып жаңа сөз жасайды.

2.1.2 “есім сөзерді етістікке” айналдырады

1) {есімдер+ет-} :

(1) Мен мұғалымға қатты **құрмет ет**емін.

(2) Мен қиналған сәттерде ол көп **көмек етті**.

2) {еліктеуіш+et-}

(1) Там **гүрс етіп** құады.

(2) Қарға **қарқ етті**, ауызындағы еті **салп етті**.

## 1.2 Негізгі етістік “ет-”

### 1.2.1 Қолданыс ерекшелігі

Қазақ тіліндегі “*ет-*” негізгі етістігінің семантикалық өрісі немесе жұмсалуды басқа етістіктерден өзгешелеу. Ол басқа етістіктер секілді жеке дара қолданылмайды. Сөздікке жүгінсек оның мынадай үш түрлі мағынасы бар екен: (1) істеу мағынасында, мысалы: еңбек ет-; (2) “тудыру, пайда қылу”, **Қиыншылық ет**пейді; (3) “қілміс өткізу”, **қілміс етір** қолға алу [22, 351-352].

Егер ішкердей талдау жасар болсақ, жоғардағы мысалдарда *Ет*-күрделі етістік формасында келіп, (1) мысалда есім сөзден етістік жасап тұрса, (2) мысалда ешқандайда “тудыру, пайда қылу” мағынасын беріп тұрған жоқ, керісінше ол өзінің “А-ны В-ға айналдыру”дай әуелгі мағынасын сақтай отырып, етістік жасауға қатысып отыр. **Қиыншылық+ет- “А-ны В-ға айналдыру” > қиыншылық ет-**. (3) мысалда да солай, өзінің “істеу” деген мағынасын сақтай отырып, күрделі етістік жасайды. **қылмыс+ет- “істе” > қылмыс ет- (қылмысты іс істеу)**. Бұдан қазақ тіліндегі *ет-* етістігінің төмендегідей екі түрлі ерекшелігін аңғарамыз:

1) Басқа етістіктер сяқты жеке дара қолданылмайды, көбінде күрделі етістік құрамында кездеседі.

2) Жеке дара қолданылмайтыны себепті, жеке тұрып етістік категорияларының формаларын қабылдамайды. \**етпе/етемін/еткен(еңбек)/етіп жатыр, т.б.*

### 1.2.2 Жұмсалудың өрісі

1) **Формасы:** {Өбіекті-<sub>табыс септік</sub>+зат есім сыйпатты кемелдеуіш+ет-}

**Мағынасы:** Өбіектіні кемелдеуіш бейнелеген зат есім білдіретін ұғымға айналдыру

**мысалы:** Біз оны **класком етіп** сайладық.

Сөйлемнің баяндауышы етістік **сайла-**, ал бұдан бұрынғы кейбір грамматикалық еңбектерде *етін сайла*-күрделі баяндауыш ретінде қарастырып келді. Ал фрафессор Джаң дінжиң бұндағы *ет*-етістігін кемелдеуіштің маңызды белгісі ретінде қарастырады.

2) **Формасы:** {Өбіекті-<sub>табыс септік</sub>+сын есім сыйпатты (және есімшені) кемелдеуіш+ет-}

**Мағанасы:** Өбіектіні кемелдеуіш бейнелеген күйге айналдыру

**мысалы:** Алдымен **темірді доға формалы етіп** жасап аламыз.

**Көрінбейтіндей етіп** жасырып қойды.

3) **Формасы:** {Өбіекті-<sub>табыс септік</sub>+ сан есім сыйпатты кемелдеуіш (реттік сан есім)+ет-}

**Мағанасы:** Өбіектіні кемелдеуіш бейнелеген сандық күйге айналдыру

**мысалы:** Көңіл үшін оны **бірінші етіп** қойдық.

Алдымен **бес сәнти етіп** кесіп аламыз.

4) **Формасы:** {Еліктеуіштер + ет-+-А түс-/-А қал-}

**Мағанасы:** Кенеттен туылған дыбысты, бейнені немесе белгілі сезім күйді білдіреді.

**мысалы:** Ол **мырс ете түсті**.

Бірдеңе **салдыр ете түсті**.

### 1.2.3 Қолданылу ерекшелігі

Ең әуелі мына сөйлемдерді көрейік:

(1) Бес жыл ішінде **бұл араны ең үлкен қала етіп** құрып шықпақшы.

(2) Сұлтан **жолсерік етіп** алып, тауға қарай тартып отырдым.

(3) Елімізді **бай да құдіретті ел етіп** құрып шығыу үшін, тынбай еңбектенуіміз керек.

Жоғарыдағы сөйлемдердегі етістік *ет*-сөйлемде жасырын түрде емес керісінше онымен сөйлемнің баяндауышы арасында белгілі байланыс бар. *ет*-етістігінің алдыңғы бөлегіндегі мазмұн қимылдың өзгерісінен пайда болған нәтиже, сөйлемде кемелдеуіш қызмет атқарады. Яғни сөйлемдегі **Өбіекті** (А) қимылдың өзгерісі арқылы (В)-ға кемелдеуіш көрсеткен күйге айналады. Бұл оның көмекшілік қызметі емес, қайта бұнда ол негізгі етістік ретінде жұмсалған сабақты етістік, ал оның салт етістікті формасы болса етістік *Бол-* мысалы:

Беті**қан-қара болып** кетіпті. →Бетін **қан-қара етіп** бірдеңемен сызып алыпты.

**Талқылау.**

### 3.1 *Ет-* көмекші етістігінің қазақ тіл білімінде зерттелуі

Көмекші етістіктер өзінің күрделілігімен, лексика-семантикалық мағыналарындағы өзіндік ерекшеліктерімен қай кезеңде болсын ғалымдар назарын ерекше ақтарып келген. Қазақ тіл білімінде біршама кең зерттелген бола тұрса да кейбір шешімін таппаған мәселелерде жоқ емес.

Ең алғаш орыс тілді ғалымдар еңбектерінде қарастырылды, бұған Н.А. Баскаков “Ногайский язык и его диалекты” (1940), Н.К. Дмитриев башқұрт тіліндегі көмекші етістіктер туралы жазған еңбектерің атауға болады. Осылайша көмекші етістіктердің Н.И. Ильминский, М.Терентов, П.М. Мелиораеский сияқты ғалымдар еңбектерінде алғашқы практикалық негіздері қаланған. Кейіннен көмекші етістіктердің алғашқы қазақ тілді оқулықтарындағы көрінісі А.Байтұрсынұлы, Т.Шонан Ұлы сынды ғалымдар еңбектерінен көрінеді. Кейінгі кезде Құдайберген Жұбанов, Нұржамал Оралбаева қатарлы ғалымдар еңбектерінде ішекірілей зерттелді. Құдайберген Жұбанов көмекші етістіктердің қимылдың өту сипаты категориясымен байланыстыра қарастырады. Қытайдағы қазақ тілін зерттеуге арналған еңбектерде көмекші етістіктер біршама зерттелді. Профессор Джаң дінжің қазақ тіліндегі көмекші етістіктер етістіктің тұрпат категориясы және лебізді білдіреді деген пікірді ұсынады.

Деседе ұзақ уақыттан бері шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі көмекші етістіктердің саны туралы болмақ. Қазақстанда жарық көрген еңбектерде көмекші етістіктердің саны отызға тарта делінсе [9,63; 7,246; 11,304]. Профессор Джаң дінжің қазақ тіліде 24 көмекші етістік бар дей келе, мұның 21-і жалаң көмекші етістік болса 3-і күрделі көмекші етістік деген пікірді ұсынады. Дей тұрғанмен аты атылған еңбектерде *ет*-көмекші етістігі туралы ұқсамаған екі түрлі көзқарас сақталған. Бірі *ет*-көмекші етістігі сөзжасамдық қызметке ие көмекші етістіктің ерекше түрі делінеді. Біз жоғарыда айтқандай көмекші етістіктер тек қана грамматикалық мағына беретін шылау сөздерден тұратындықтан олардың сөзжасамға қатысы шамалы, сөз жасамдық қасиетке ие болады екен онда ол міндетті түрде нақты мағынасы бар негізгі сөз болмақ. Екінші көзқарас бойынша *ет*- ешқашанда көмекші етістігі болмайды. (Джаң дінжің 24 көмекші етістіктің ішінде *ет*- көмекші етістігі аталмаған).

### 3.2. *Ет*- көмекші етістігінің грамматикалық мағына реңктері

Қытай қазақтардың сөйлеу тілінде *ет*-көмекші етістігінің мынадай қолданыстары кездеседі:

- (1) Есікті ашып *ет*.
- (2) Қорыққанынан *жылап етті*.
- (3) Тамақты қайтадан *ысытып етейін*, тоса тұрыңыз.
- (4) Қарағайлардың салбыраған бұтағын ойын үшін *тартып етем*

Жоғарыдағы сөйлемдердегі (1), (2), (3) сөйлемдер сөйлеу тілінде қолданыста, ал (4) сөйлем жазба тілден алынған (Өлгендер қайтып келмейді, Бердібек Сокпақбайев). Бұндағы *ет*-көмекші етістігі басқа көмекші етістіктер сияқты -п формалы көсемше арқылы негізгі етістікпен тіркесіп грамматикалық мағына береді.

Әдетте сөйлемдегі орналасуы (таралым)-ның ұқсамауына байланысты төмендегідей мағыналарда жұмсалады:

1) Өзгелік етіс формасын қабылдаған етістіктерден соң келіп, жаңа жағдай немесе нәтижені туындауын білдіреді.

М: Менің ойымды бүкілдей *өзгертіп етті*.

Сенің шалағай жауабың менің басымды *айналдырып етті*.

2) Қимылдың адам еркінен тыс орындалуын немесе бір шешімділік реңк үстейді.

М: Қорыққанымнан *жылап еттім*.

Өзін тоқтата алмай *күліп етті*.

3) Сабақты етістіктерден соң келіп қимылдың бірден кескін, еш екіленбестен орындалуын білдіреді.

М: Қалғандарын *лықтырып еттім*.

Осы жұмысты *бітіріп етейік*.

4) “құрт-/бұз-/жой-/қыр-” сияқты негізгі етістіктерден соң келіп қимылдың бірден түбегейлі жасалуын білдіреді.

М: Жау жасақтарын *жойып етті*.

Кейбір хайуанаттардың тұқымын тұздай *құртып еткен* екен.

5) Кейбір өзгелік етіс формасын қабылдаған сөздерден соң келіп, қимылдың ішкерлей орындалуын, немесе әуелгі мағынаның негізінде мағынаның тереңдеуін білдіреді.

М: Мені мақтап *аспанға шығарып еттіңіз* гой.

Олар келіп ортаны *қыздырып етті*.

6) Қимыл күйдің өзгерісін білдіретін етістіктерден соң келгенде, жаңа жағдайдың шұғыл толқуын білдіретін реңк үстейді.

М: Ол дәрігер барсаң болды *жазып ете* ме екен?

Тілдің өзгеріп, дамып отыратыны дау жүрмейтін шындық. Тілімізде жоғарыда көрсетілген мысалдарда *ет*- көмекші етістігінің орынында әуелде *Жұр*-көмекші етістігінің қолданылатыны белгілі.

Ал қазіргі кезде сөйлеу тілінде (Қытай қазақтары тілінде) екі форма өзара алмасып қолданылады. Олардың мағынасында айырма жоғын ескеріп, біз оларды вариант форманттар немесе жуық мәнді көмекші етістіктер деп атауымызға болады.

Төменде олардың қолданыстағы айырмашылықтарына тоқталайық.

1) Қимыл иесі қимылды орындауда икемділік және тездікке байланысты ауыз тілінде *Ет*-көмекші етістігін қолданса керек.

М: Шапалақпен шарт еткізіп ушырып етемін. (жіберемін)

Сөйлемде егер *жібер* көмекші етістігін қолдансақ онда қимылдың сөйлеушіден сыртқа қарай бағытталғанын аңғартатындай реңк үстейді.

2) *жібер* көмекші етістігі ауыз екі тілмен қоса жазба тілде де қолданылатын әуелгі форма, ал *ет*-көмекші етістігі сөйлеу тілінде көп қолданыста. Деседе оны аузша сөйлеу тілінің ерекшелігі деп назардан қағыс қалдыруымызға болмайды.

**Қорытынды.** Қазақ тіліндегі “*ет*” негізгі етістігінің қолданыс ерекшелігі немесе жұмсалып өрісі біршама өзгешелеу. Біріншіден, басқа етістіктер секілді жеке дара қолданылмайды. Екіншіден, қазақ тілінің сөз жасам жүйесінде де өзіндік орыны бар, есім сөздерден күрделі етістік жасауда аса өнімді. Үшіншіден, -(ы)п формалы көсемшелермен бірге келіп көмекші етістік қызметін атқарады да қимылдың тез әрі ыңғайлы жасалуын білдіретін грамматикалық қосымша реңк үстейді. Көбінде *жібер* көмекші етістігінің орыныны жұмсалады.

1-кесте: *ет*- етістігінің жұмсалым кестесі

	Рөлі		Мағынасы	Ерекшелігі	Мысалы
ет-	Негізгі етістік	Етістік	“А-ны В-ға айналдыру, істеу	жеке дара қолданылмайды	※етпе ※еткіз
		Етістік	Өбйекітіні кемелдеуіш көрсеткен күйге айналдыру	алдында сөзсіз кемелдеуіш тұрады	шашын қап қапра етіп бояған
	Сөзжасамдық құрам	Күрделі етістік жасау	Сөз таптарының өзгересі	есімдерден есімнен етістік жасайды	Қарқ қарқ ет-
			Негізгі етістік ретінде сөз жасамға қатысу	“А-ны В-ға айналдыру; істеу”мағынасында	Азаг ет-
			Сөз мағынасы өзгерту	Жаңа сөз жасайды	Құрмет ет-
	ет-	Шылау	Көмекші етістік	Қимылдың тез орындалу күйін білдіреді	(ы)пформалы көсемше мен тіркеседі

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Денсау діңжің. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің сипаттау. (Қытай тілінде)// Орталық ұлттар университеті ғылыми журналы.1997. № 2. – С. 85-89.
2. Денсау діңжің. Қазіргі қазақ тіліндегі кемелдеуіш (қытай тілінде) // Тіл зерттеу журналы. 1999. № 4. – С. 18-20.
3. Қабый Тоқтар. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер туралы. // Тіл және аударма журналы. 1988. № 3. – С. 61-62.
4. Лий доңмий. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктерге талдау. // Тіл және аударма журналы,1985. № 3. – С. 26-31.
5. Уаң лийзың. Қазақ тіліндегі Е көмекші етістігі. // Тіл және аударма журналы, 1990. № 2. – С. 45-48.
6. Уаң лийзың. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер және олардың функцисасы. // Тіл және аударма журналы, 1998.№ 3. - С. 20-25.
7. Қазірі қазақ тілі. / Ахмеди Ысқақов. – М.: Алматы, 1991. – 265-267 б.
8. Көмекші етістіктердің семантикалық өрісі. / А.Алтаева. – М.: Арыс, 2006.

МРНТИ 16.21.41

Р.Б. Жанасылова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қытай Халық Республикасы Іле педагогика университеті Тіл білімі институты,  
Іле, Қытай

## КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

*Аңдатпа*

Көмекші етістіктердің жалпы қазақ тіл білімінде алатын орыны ерекше. Сондықтан да қазақ тіл білімін зерттеуге ат басын бұрған ғалымдардың ол туралы тоқталмай, зерттеп зерделемей кеткендері кемде кем. Ол өзінің мағынасының сан қилы, күрделілігімен қай кезде де болмасын тілге жиі ілігіп, ғалымдар назарын аударып келді. Еңбекте біз тек Қазақстанда жарық көрген зерттеулерді ғана емес, сонымен қатар Қытай тіл білімінде жарық көрген еңбектерге де тоқталып, көмекші етістіктердің зерттелу жағдайына тоқталамыз.

**Кілт сөздер:** тіл білімі, қазақ тілі, көмекші етістік

R.B. Zhanasylova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Department of Chinese Language and Literature in Yili normal university,  
YiLi, China

## STUDY OF AUXILIARY VERBS IN KAZAKH LANGUAGE

*Abstract*

Auxiliary verbs is an important grammatical phenomenon in Kazakh language. Their complex, flexible and diverse usage and meanings are difficult to grasp. So it is quite difficult to study them. It is for this reason that they are particularly attractive to grammarians, who are tempted to devote a great deal of effort to their study. But it still have many problem.

**Key words:** kazakh language; Auxiliary verbs

Р.Б. Жанасылова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Китайский институт языка и литературы Илский педагогический университет,  
Или, Китай

## ВСПОМОГАТЕЛЬНЫЕ ГЛАГОЛЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*Аннотация*

Вспомогательные глаголы в казахском языке являются важным грамматическим явлением. Они сложны, гибки, разнообразны в использовании и идеологии, довольно трудно-изучаемы и неуловимы. Именно поэтому они более привлекательны для грамматиков и побуждают многих людей прилагать много усилий для их изучения. На сегодняшний день почти все грамматические труды казахского языка в определенной степени прорабатывают вспомогательные глаголы. За последние полвека в стране и за рубежом было несколько десятков статей по изучению Вспомогательных глаголов казахского языка, в том числе несколько докторских диссертаций. Кроме того, в некоторых статьях посвященных видам глаголов и аналитическим формам обсуждены вопросы по вспомогательным глаголам. Одиноко о вопросах идентичности вспомогательных глаголов они вещественные или мнимые, могут быть использованы для формулировки или конфигурации, также о вопросах членства вспомогательных глаголах все говорят по разному. Эти вопросы еще предстоят нам дальше изучать.

**Ключевые слова:** казахский язык, вспомогательные глаголы

**Кіріспе.** Жалпы қазақ тілінде етістіктің алатын орны ерекше. Сондықтанда болса керек қазақ сөзінің зергері Ғ.Мүсірепов: “етістік деген бір ит қой. Өйткені қазіргі, келешек уақыттары аралас келуі мүмкін. Сөйлемнің аяғы көбіне сказеуемейге тоқтайды да, сұмдық бәле болады”, деген екен. Шынымен де соның ішінде тіліміздегі көмекші етістіктер айтылған ойға жан бітіріп, құбылтып, түрлендіріп тұрғандай.

Қазақ тіл білімінің теориялық негізін салушылардың бірі, әрі бірегейі Құдайберген Қуанұлы Жұбанов. Ғалым қазақ тілі грамматикасының ғылыми негіздемесін жасаған. Ғалымның ұшан теңіз

еңбектерінің бір бөлімі тіліміздегі етістік мәселелеріне арналған болса, көмекші етістіктерді де саралап, талдап оның қыры мен сырын ғылыми тұрғыдан толықтай ашуға шындап кіріскен.

Ғалымның пікірін жинақтар болсақ көмекші етістіктерге мынадай анықтама беруге болады екен. Көмекші етістіктер қимылдың басталуынан аяқталуына дейінгі аралықтағы іс-әрекеттің түрлі динамикалық ерекшелігін білдіретін сөздер.

### 1. Нәтижелер

Көмекші етістіктердің қазақ тіл біліміндегі алатын орыны ерекше. Бұнда біз жалпы тіл білімі деп отырғанымыздың жәйі, көмекші етістіктердің тек Қазақстанда ғана емес, Қытай тіл біліміндегі зерттелу жағдайын да ескере отырып, ондағы ғалымдар еңбектері мен таныстыруды да мақсат тұтып отырмыз.

#### 1.1 Көмекші етістіктердің зерттелу кезеңдері

Көмекші етістіктер мәселесі ғалымдар назарын ертеде-ақ өзіне аударған зерттеу нысандарының бірі. Көмекші етістіктерге байланысты алғашқы зерттеулер орыс тілді ғалымдар еңбектерінен бастау алады. Н.И. Ильминский, М.Терентьев, П.М. Мельиоранский сияқты ғалымдар еңбектерінде алғашқы практикалық негіздері айтылады.

Одан кейінгі кезеңде көмекші етістіктердің алғашқы қазақ тілі оқулықтарындағы көрінісі, қазақ тілді ғалымдар еңбектеріндегі зерттелуі Ахмет Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы еңбектерінде көрінеді. Аталған ғалымдар еңбектерінде қазақ тіліндегі көмекші етістіктерді анықтамасы, бөлінісі, жұмсалы ерекшеліктеріне арнаулы тоқталған. Т.Шонанұлы өз еңбегінде: Көмекші етістіктерінің дербес мағынасы жоқ, іс-әрекетті, қимылды шақтық, сандық тұрғыдан нақтылау үшін қолданылатындығын айтады. Әрі көмекші етістіктер қатарына *кет, кел, жүр, отыр, жат, бол*, т.б. етістіктерін жатқзады.

Бертіңгі кезеңдерде көмекші етістіктер тіпті де **ішіерілей** зерттеліп, сақталған мәселелер өз шешімін тауып отырды. Бұған Құдайберген Қуан ұлы Жұбанов, Нұржамал Оралбаева сияқты ғаламдарымыздың көмекші етістіктер туралы арнаулы тақырыпты жүргізген зерттеулерін атауға болады.

#### 1–кесте: Зерттеу кезеңдері және жетістіктер

Зерттеу кезеңдері	Зерттеу жетістіктері
1-кезең	Бұл кезеңде ғалымдар көмекші етістіктердің табиғатын толықтай аша алған жоқ. Оны күрделі етістік деп атап көсемшенің алдындығы негізгі етістікпен бірге күрделі етістік жасайтын компонент ретінде қарастырып келді. Яғни Қазан төңкерісіне дейінгі еңбектепде күрделі етістіктер жүйесінде зерттелді.
2-кезең	1963-жылы өткен конференцияда аналитикалық формалардың теориясы анықталып, Оларды күрделі етістіктерден ажыратқан.
3-кезең	Бұл кезеңдегі еңбектерде манадай үш мәселе төңірегінде зерттеулер алып барылды.1) Көмекші етістіктер білдіретін мағаналар орыс тіліндегі ВИД кәтегориясымен байланыстыра қарастырып, қазақ тілінде орыс тіліндегімен абсолюттік теңдәктегі ВИД кәтегориясы бар деп қарады. 1) І.Кеңесбайев, Ғ.Мұсабайев сияқты ғалымдар жоғарылағы пікірді терістейді, ғалымдар пікілңнше қазақ тілінде орыс тіліндегідей ВИД кәтегориясы жоқ деп қарайды. 2) Қазірге біршама орыныққан көзқарас ғалым Құдайберген Жұбановтың пікірінше көмекші етістіктерді қыймылдың өту сыйпаты кәтегориясымен байланыстыра зерттейді.

#### 2.2 Қытай ғалымдарының көмекші етістіктер туралы зерттеулері

Жұнгода аз санды ұлттар тіліне, мәдениетіне, экономикасына, ғылым-біліміне әр қашанда ерекше қолдау көрсетіліп отырады. Соның дәлелі ретінде Пекиндегі Орталық ұлттар университетін атауға болады. Мемлекеттің ең жоғары оқу орынында аз санды ұлттар тіл-жазуы мен мәдениеті ұлықталып, зерттеуші мамандар мен ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шәкірттер тәрбиеленеді. Соның нәтижесінде қазақ тіл білімінің бір топ үздік мамандары жетісіп шықты, әрі қазақ тіл білімін зерттеу үшін күні-бүгінге дейін еселі үлес қосып келеді. Сөйтіп қазақ тіл білімінің зерттелуі Жұнгода да бірталай жетістіктерге жетті. Мұндағы қазақ тілі екінші тіл ретінде өзге ұлт өкілдеріне оқыту, яғни практикалық қазақ тілін оқыту жұмыстары 1953 жылдан бастау алады. Практикалық қазақ тілін оқытуға болған қажеттілікке сай алғашқы зерттеулерде жарық көре бастады. Соның ішінде көмекші етістіктер туралы жазылған төмендегі еңбектерді атауға болады:

Лій доңмій. [4, 26-31] мақаласында тіліміздегі *ал, бер, сал, жазда, жібер* сияқты 22 көмекші етістіктің грамматикалық мағынасы мен қолданылу ерекшелігіне талдау жасаған.

Қабый Тоқтар. [3, 61-62] еңбек бастауыш мектептерде қазақ тілін оқыту тұрғысынан, көмекші етістіктер мен негізгі етістіктерді ажырата білудің маңыздылығын айта келіп, көмекші етістіктерді түрлерге бөліп көрсетеді.

Уаң лійзың. [5, 45-48] еңбекте тіліміздегі *ет, екен, емес* сөздерінің ерекшелігіне тоқталады.

Джаң дінжің. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер және олардың беретін мағынасының аса күрделі екенін айта келіп, бұдан бұрынғы ғалымдар еңбектерінің ұрымтал тұстарына тоқталып, көмекші етістіктер мен күрделі етістіктерді ажырата білуді ескертеді және көмекші етістіктердің қасиетіне талдау жасай келе көмекші етістіктер негізгі етістіктердің мағынасы абстракциялануы нәтижесінде, өзінің бастапқы мағынасынан айырылып, негізгі етістікпен формалық және дыбыстық жақтан ұқсас болып келеді, тілде тек грамматикалық мағына беретін шылау сөздер, - деген анықтама береді [1, 85-89].

Профессор Джаң дінжің қазақ тілін зерттеу саласында ұзақ жылдар бойы еселі еңбек етіп келе жатқан ғалым. Қазақ тіліндегі шылауларды үлкен жақтан септеулік шылаулар, жалғаулық шылаулар, лебіздік шылаулар, мезгіл мағыналы көмекшілер, құрылымдық қызмет атқаратын көмекшілер және көмекші етістіктер сынды алты топқа бөліп көрсетеді [18, 50-312]. Мұндағы еңбектердің басты жетістіктері:

1) көмекші етістіктерді тек грамматикалық мағына беретін ерекшелігіне негізделіп, оларды етістіктердің аясынан тыс, шылаулардың аумағында қарастырады.

2) қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің саны 24,21 жалаң 3 күрделі көмекші етістік. Бұнда *ет, қыл, бол* етістіктерін көмекші етістік емес керісінше негізгі етістік ретінде қарайды.

3) қазақ тіліндегі көмекші етістіктер қимылдың түрлі орындылу күйін білдіріп, етістіктің тұрпат (қимылдың өту сипаты) категориясының негізгі бейнелену формасы. Джаң дінжің профессордың жіктеуі бойынша [20, 436]:

2–Кесте: Көмекші етістіктер және етістіктің тұрпат категориясы

	1-сатыдағы бөлінісі	Екінші сатыдағы бөлінісі	Басты формалары	Жалпы түрі
Қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты (тұрпат) категориясы	Жәй күй	Жәй көрініс	Ø Форма	1
	Қимылдың даму сатыларына байланысты	Дайындық сатысы	-ғалы тұр	2
		Бастылуы	-а баста -а бер а бере т.б	6
		Жалғасуы	--п жат -а түс -а бер т.б	22
		Аяқталмаған күй	-п бол	1
		Аяқталған күй	-п шық -п бол т.б	3
		Қимылдың үдемелілігі	-ыңқыра	1
		Қимылдың өзгеруі	-атын бол	1
		Орындалған қимылдың нәтижесімен байланысты көрініс	Кешірме	-ған
	Лездік нәтиже		-п шыға кел	1
	Жағдаяттық күй		-п/-А қал Т.б	9
	Қимылдың нәтижесі		-п қой -п ал т.б	11
	Қимылдың жүрілуіне ілесе туындаған көріністер	Қашықтау	-п кет	1
		Сынақ күй	-п көр	1
		Шұғыл орындалу күйі	-п сала бер -п жібер т.б.	4
	Қимыл мен қимыл иесі арасындағы байланысқа байланысты немесе түрлі тәсілдері	Адамның қатысуы нәтижесінде туындаған шұғыл күй	-п кеп қал -п таста -п қоя бер	3
		Мақсаттық	-п ал -п бер	3
		Қол жетімділік	-а ал	2
		Қимылдың немқұрайды жасалуы	-а сал -а кет -е жүр	4

**Талқылау.** Сөйтіп қай кезеңде де, қай жерде болмасын көмекші етістіктер туралы зерттеулер толас-

таған емес, ғалымдарымыз әр қырынан зерттеп оның қыры мен сырын жан-жақты ашуға күш салды әрі көптеген жетістіктерге де қол жеткізді. Деседе көптеген ғалымдарымыз көмекші етістіктер жөнінде мынадай пікірлерін ұсынады. С.Аманжолов тіліміздегі көмекші етістіктің мәселесі әлі де тереңдей зерттеу қажеттігін ескертсе, Нұржамал Оралбаева да: «Қазақ тіл білімінде семасиологиялық мәселелерге біраз көңіл бөлініп келгенмен, оның сыры толық ашылды деуге келмейді. Аналитикалық форманттардың семантикалық ерекшелігінің зерттелу жайы өте төмен деңгейде, ЕАФ-тардың семантикалық ерекшеліктері бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалған» – дейді [12,131].

Бұдан көмекші етістіктер туралы зерттеулер әлі де тереңдей зерттеуді қажет ететінін аңғарамыз. Төменде көмекші етістіктердің Қазақстанда және Жұңгода зерттелу нәтижелерін, ғалымдарымыздың осыған дейінгі еңбектерін жинақтаудың негізінде, көмекші етістіктерді зерттеуде сақталған мәселелер мен қоса бұдан былайғы зерттеу бағыттарын мынадай бірнеше жаққа жинақтап көрсетуге болады:

**Бірінші:** көмекші етістіктердің сипатын, қасиеттерін толықтай танып жеткен болсақта әліге оны негізгі етістіктер аумағында қарастырамыз. *Қазақ тілі грамматикасында* сөз таптарының етістік бөлегіне орналастырылған [15, 535]. Біздіңше біз оны тілде тек грамматикалық мағына ғана беретін бірлік деп қарайды екенбіз, онда оны шылаулардың аясында қарастырғанымыз абзал. Себебі олар әуелгі негізгі мағыналы етістіктермен формалық және дыбыстық жағынын ұқсас болғанмен олардың атқаратын қызметі, беретін мағыналары басқа-басқа, біреуі негізгі мағыналы етістік болса, ал екіншісі тек грамматикалық мағына беретін шылаулар.

**Екінші:** көмекші етістіктердің сөз жасамдық рөлі. Бұдан бұрынғы грамматикалық еңбектерде біз *ет, қыл, бол* етістіктері көмекші етістік ретінде сөз жасамға қатысатын ерекше құрамдар ретінде қарастырып келдік [7, 265-267;11, 253-254; 12, 77-89; 14, 247] Ендеше біріншіде біз оларды грамматикалық мағына беретін бірліктер деп таниды екенбіз онда ол сөз жасамға қатынаса алама, әлде негізгі етістік мағынасын сақтай отырып жаңа сөз жасап тұрған жоқ па деген сұрақ туады? Біздіңше дәл осы мәселені *Larson* ортаға қойған *VP- Shall analysis* немесе *light verb* сияқты жаңа ғылыми теориялардың пайдалана отырып ғылыми тұрғыдан қайталай қарастыру керек сияқты.

**Үшінші:** қазірге дейінгі зерттеу еңбектерінде Қазақ тілінде 30 шақты көмекші етістік бар деп есептейміз. Ал Қытайда жарық көрген грамматикалық еңбектерде көмекші етістіктердің саны 24, мұның ішінде жоғарыда біз атап өткен *ет, қыл, бол* етістіктерін көмекшілік қызметте емес қайта өзінің негізгі етістік мағынасында сөз жасамға қатысады деп есептейтіндіктен, мұның ішінде тек *бол* етістігін көмекшілік (*Жеп болдым.*) және сөз жасамдық (*ыза бол, қор бол*) рөлі бар деп қарайды. Ендеше тіліміздегі көмекші етістіктердің саны осымен шектелеме әлде тілдің дамып, уақыттың өтуіне байланысты кейбір сөздердің көмекші етістіктерге айналуы әбден мүмкін. Осындай сөздердің санын, қызметін, мағыналары мен ерекшеліктерін ашу содан барып жалпы тіліміздегі көмекші етістіктердің нақты санын тұрақтандыру кезекті міндет саналады. Мысалы: *Тәртіпсіздік кісіні жексұрын көрсетіп бітмеді екен.*; Жүктің астын ашып жіберіп қарап *үлгірді.* («Менің атым Қожа»); Қытай қазақтарының ауыз екі сөйлеу тілінде *жібер* көмекші етістігімен алмасып қолданатын *ет* етістігі *Есікті ашып ет. Маған көмектесіп ет.* (сөйлеу тілі); басқалардың артықшылығын көре *білуіміз* керек. Осылар көмекші етістік пе әлде емес пе деген мәселелер жалғасты ізденуді талап етеді.

**Төртінші:** қазақ тілінде мағынасы жақын көмекші етістіктер біршама мол, әдетте бір-біріне ауыстырып қолдана береміз. Практикалық қазақ тілін оқыту жұмыстарының тереңдеуіне сай, олардың қолданыс кезеңіндегі айырмашылықтарын тіпті де тереңірек аша тұсу қажеттігі туындады. Мысалға: *Таныстырып өтті./ Таныстырып шықты;* *ду ете түсті.* /*Ду ете қалды; ала сал. /Ала кет.* Сияқты синонимдік қатарлардың айырмашылығын тереңдей зерттеу жұмыстары да маңызды міндеттердің бірі.

**Бесінші:** тіліміздегі көмекші етістіктердің контекске қарай білдіретін мағыналарының да ұқсамайтыны белгілі. Сондықтанда ол қай кезде де талас-тартыстың түйіні болып келді. Мысалы: жиынды бастай *бергенде* ол да келді. (Қимылдың енді-енді басталу күйін) *бара берсең* жұмысың бітеді. (Қайталанбалы қимыл), *тұра бермей* үйге кірсеңші. (Созылыңқы қимыл), ол маған әңгіме айтып *берді.* (Қимылдың басқалар үшін жүрілуі). Осы сияқты барлық көмекші етістіктердің таралым жағдайын жинақтай келе, әр бір көмекші етістіктің ұқсастығын ортада білдіретін мағыналарын ажырату кезекте ішкерлей зерттеуді қажет ететін мәселе. Осылай еткенде ғана біз көмекші етістіктердің қолданылу ерекшелігін ашып көрсете аламыз.

**Қорытынды.** Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер мәселесі ежелден-ақ ғалымдыр назарын өзіне аударған зерттеу нысандарының бірі. Тіпті шетелдердегі тіл білімі мамандарының назарынан да қағыс қалмағаны айқын. Қазақ тіл білімінің алыптары ол жөнінде ой түйіп тұжырымдар жасаған бола тұрсада, қазіргі ғалымдар пікірі әліде бір ізділігін таппай отыр. Сонымен қатар жоғарыда көрсеткеніміздей кейбір мәселелер жалғасты тереңдей зерттеп зерделеуімізді қажет етеді. Тақырыптың болашақта зерттелу мүмкіндіктері мол, зерттелу аясы кең, қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелер қатарында екені айқын.



*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Денсау діңжің. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің сипаттау. (Қытай тілінде) // Орталық ұлттар университеті ғылыми журналы. 1997. № 2. – С. 85-89.
2. Денсау діңжің. Қазіргі қазақ тіліндегі кемелдеуіш (қытай тілінде) // Тіл зерттеу журналы. 1999. № 4. – С. 18-20.
3. Қабый Тоқтар. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер туралы. // Тіл және аударма журналы. 1988. № 3. – С. 61-62.
4. Лий доңмий. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктерге талдау. // Тіл және аударма журналы, 1985. № 3. – С. 26-31.
5. Уаң лийзың. Қазақ тіліндегі Е көмекші етістігі. // Тіл және аударма журналы, 1990. № 2. – С. 45-48.
6. Уаң лийзың. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер және олардың функциясы. // Тіл және аударма журналы, 1998. № 3. - С. 20-25.
7. Қазірі қазақ тілі. /Ахмеді Ысқақов. – М. – Алматы, 1991. – 265-267 б.

МРНТИ 16.01.33

С.А. Жиренов<sup>1</sup>, А.С. Сманова<sup>1</sup>, Қ.Е. Ибраева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## **КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТЕРМИНДІК ҚОЛДАНЫСТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада көркемдік білім беру саласындағы терминдердің теориялық тұжырымдамаларын жүйелеп, олардың қалыптасу, шығу көздерін анықтауға, жалпы терминология саласына, көркемдік білім саласындағы терминдерге өзіндік түйіндер жасалады. Мақалада көрсетілген тұжырым, түйіндер терминология саласының қалыптасуына, көркемдік білім беру саласындағы терминдер теориясының қалыптасуы мен дамуына қатысты ғылыми теориялық талдаулар жасалған. Терминологиялық бірліктерді түзу барысында, көркемдік білім беру жүйесінің терминдік қабатын көрсетуде тың тұжырымдамалар беріледі. Терминдер – адам қызметінің қарым-қатынас аясындағы әрекетін қамтамасыз ететін қолданыс тілінің бір түрі, өзіне білімнің түрлі саласындағы ғылыми ақпараттарды жинақтаған ұғымның тілдік көрінісі екендігі ғылыми дәлелдердің негізінде көрсетіледі.

Көркемдік білім беру жүйесі терминдері – өзіндік даму жолы, тарихы бар, қалыптасуының негізін тіл білімі мен педагогиканың көрнекті тұлғалары бастаған терминологияның іргелі саласы екендігі жан-жақты қарастырылған.

**Кілт сөздер:** термин, көркемдік білім беру, эстетика, өнертану, әмбебап, лингвистика, қолданбалы өнер, т.б.

С.А. Жиренов<sup>1</sup>, А.С. Сманова<sup>1</sup>, Қ.Е. Ибраева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

## **ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТЕРМИНОВ В СИСТЕМЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются некоторые теоретические аспекты терминологии в области художественного образования, определены источники происхождения, сферы применения специализированных терминов в области художественного образования. На основе научно-теоретического анализа даны заключения и рекомендации относительно формирования и развития теории терминов в области художественного образования. Выявлены концептуальные особенности построения терминологических единиц, отражающих различные пласты системы художественного образования. Терминология как языковое выражение понятия, сфера ее применения, обеспечивающая жизнедеятельность и общение,

аккумулирует научную информацию в различных областях знаний. Терминология системы художественного образования, основы которой были заложены выдающимися деятелями языкознания и педагогики, позволяет проследить зарождение, исторические тенденции и специфику развития художественного творчества и образования.

**Ключевые слова:** термин, художественное образование, эстетика, искусствоведение, универсальность, лингвистика, прикладное искусство.

S.A. Zhirenov<sup>1</sup>, A.S. Smanova<sup>1</sup>, K.E. Ibraeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

## LINGUISTIC SIGNIFICANCE OF TERMS IN THE SYSTEM OF ART EDUCATION

### Abstract

The article discusses some theoretical aspects of terminology in the field of art education, defines the sources of origin, the scope of application of specialized terms in the field of art education. Based on scientific and theoretical analysis, conclusions and recommendations are given regarding the formation and development of a theory of terms in the field of art education. The conceptual features of constructing terminological units reflecting various layers of the system of art education are revealed. Terminology as a linguistic expression of a concept, the scope of its application, which provides vital activity and communication, accumulates scientific information in various fields of knowledge. The terminology of the system of art education, the foundations of which were laid down by prominent figures in linguistics and pedagogy, allows us to trace the origin, historical trends and the specifics of the development of artistic creativity and education.

**Keywords:** term, art education, aesthetics, art history, universality, linguistics, applied art.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда қоғамдық өмір мен тұрмыстың әр саласында болып жатқан жаңалықтар білім беру жүйесінен дербес айналып өтпесі анық. Ал білім беру жүйесі бүтіндей қоғамдық жүйенің қозғаушы күші, басты барометрі екендігі ықпалы заманнан бері келе жатқан құбылыс. Білім беру жүйесі қоғамдық өмір мен ғылыми кеңістіктегі ауқымы кең, өрісі үлкен үдеріс. «Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай -ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады» [1]. Білім беру жүйесі өз ішінен кәсіби салалық ғылымдарға сәйкес түрлі бағытта дамиды. Білім беру кеңістігіндегі үлкен бір сала көркем білім беру жүйесіне негізделеді. Көркемдік білім беру жүйесі өнер мен ғылымның жетістіктерін арқау еткен синкретті сала болып табылады.

**Әдістеме.** Көркемдік білім беру үрдісі әлемді өнер арқылы, эстетикалық талғам арқылы, ғылым арқылы (өнер, эстетика, ғылым) тануға мүмкіндік беретін қатпары қалың, сан тараулы жолдан тұратын ғылым саласы деуге де болады. Отандық ғылымдағы көркемдік білім берудің дамуы мен қалыптасуы ұлт тарихы мен мәдениетінің тарихымен сабақтас сала деп те атауға болады. Білім кеңістігі мен оқу үдерісінде сырт қарағанда көркемдік білім беру үдерісіне қатысты пәндердің (музыка, еңбек, сурет, т.б.) өзге пәндермен салыстырғанда бәсі төмен, статусы әлсіз (сағат саны аз) елеусіздеу саналатын пәндердің бірінен саналады. Ал шынтуайтына келгенде көркемдік білім беру ұлттық өнер мен мәдениеттің жаршысындай саналатын пәндердің бірі. Көркемдік білім беру жүйесіндегі өнер жалпыхалықтық және ұлттық өнерге негізделеді. Біз бұл мақаламызда басымдықты ұлттық өнерге мән береміз. Себебі, осы тақырыпта қолға қалам алуымызға, «Жоғары көркемдік білім берудегі ұлттық сана мен мәдени құндылықтардың «Мәңгілік Ел» идеясы контекстінде өркендеуі» атты іргелі зерттеу жоба жұмысының аясында арнайы зерттеу жүргізуді мақсат етеміз.

Көркемдік білім беру ұлт мәдениеті мен өнерінің мазмұнына құрылған ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, ұлттық сананың болмысын көрсететін әдістемелік ілім. Көркемдік білім ұлттық өнермен астасқан, ұлт тарихымен сабақтас, заманауи өндіріспен байланысты үрдіс. Көркемдік білім беру үрдісі дегенде өнер деген ұғым қатар айтылатын егіз ұғым іспетті категория. Ал өнер дегенді немесе «Өнер» терминін екі мағынада анықтауға болады. Кең мағынасында өнер адам баласының жасампаздығын білдіреді де, «ендіру», «жасау», «құру» деген негізден өрбиді. Мысалы, көне гректердің өнерді білдіретін ұғымы «*poiesis*» – адам қолынан шыққан, өндірілген заттар әлемі ретінде табиғи әлем – «*physike*» қарама-қарсы

қойылған. Тар мағынасында «өнер» деп көркем шығармашылық үдерісін және оның нәтижелерін (бейнелеу, поэзия, әуен, би және т.б.) айтуға болады» [1]. Яғни, өнер халықтың тұрмысы мен мәдениетімен бірге жасасып, бірге өмір сүретін сала. Өнердің жасампаздығы мен дамуы, халықтың тұрмыстық өмірі мен тарихына, қоғамдағы өзгерістері мен ғылыми техникалық прогресіне тікелей қатысты болатындығын есте ұстау қажет. Әрбір ұлт тарихына зер салатын болсақ, әрбір этнос өз өнерін тұрмыстық өмірде және арнайы бала тәрбиесінде саналы түрде өнерге баланы жас ерекшелігіне сәйкес ерте жастан баулуға мән беріп отырғандығы тектен текке жолға қойылған құбылыс деп қарауға болмайды. Сол сияқты қазақ халқы да бала тәрбиесінде ерте кезден-ақ өз ұрпағын өнерге баулып, баланың әлемді эстетикалық тұрғыдан қабылдауына ықпал етуші көркемдік тәрбиесіне басымдық берген.

Көркемдік білім беру жүйесінің өзегі өнерге негізделген ілім болғандықтан, көптеген ғылыми пәндердің тоғысынан тұратын ғылым деп те атауға болады. Ал ғылым көрсеткішінің бір парасына терминдік бірліктер жатады. Әр ғылым саласының қолданыс аясына сәйкес терминдік қабаты болады. Көркемдік білім беру жүйесіндегі терминдік қабаттың қалыптасуы – қазақ лингвистикасы мен білім беру ісіндегі үздіксіз үдеріс. Демек, көркемдік білім саласындағы терминдік бірліктер тұтастай жинақтап, қалыптасу кезеңіне қарай жүйелеп, қолданыс ерекшелігін саралап, лингвистикалық табиғатын зерттеуді қажет етеді.

Білім беру жүйесіндегі яки ғылыми кеңістіктегі қандайда бір терминдер болмасын өзіндік қолданысқа ие болады. Терминдердің қолданысы термин табиғатына сәйкес, халықаралық сипаттағы терминдер және ұлттық мәнді терминдер ретінде прагматикалық сипатқа ие болады. Көркемдік білім саласындағы терминдердің қолданысына қарап, олардың әралуан саланы қамтитынына көз жеткізуге болады. Мәселен, көркемдік білім беру жүйесінің мазмұнына сөз өнері, музыка өнері, мүсін өнері, кескіндеме өнері, театр өнері, кино өнері, би өнері, сәулет өнері, графика өнері, дизайн өнері, қолданбалы сән өнері, зергерлік өнер, т.б. көптеген өнер түрлері жатады. Осы аталған өнер түрлерінің барлығының өздеріне тән терминдік қолданысы бар екендігін ескерсек, осының барлығының басын қосатын көркемдік білім жүйесінің терминдік қабаты күрделі құрылымдық жүйе екендігін аңғаруға болады.

Ғылым әлемінде терминология ғылымы мен терминдік бірліктер айырықша орын алатын категория. Білім беру жүйесіндегі терминдер тақырыбы мен олардың теориялық мәнін, практикалық маңызын анықтауда білім беру саласымен сабақтастықта қарастыратын мәселелер жеткілікті. Терминологиялық кеңістікте салалық терминдерге қатысты көптеген еңбектер ғылыми өндірісте жүргендігі белгілі. Алайда солардың ішінде әлі де болса теориялық және практикалық жағынан жетілдіруге тиісті терминдердің қатарына көркемдік білім беру саласының терминдерін атап өтуге болады. Көркемдік білім беру саласына қатысты терминдерді жүйелеу арқылы білім алушыларға теориялық және терминдік мәліметтерді алуына қолжетімді жасауға болады. Күнделікті тұрмыс пен өндірістегі тәжірибеге сәйкес, терминдік сөздер мен арнайы атаулар жүйесі кез келген салада, соның ішінде көркем білім беру кеңістігінде қолданылатынын әрі онда олардың елеулі бөлігі орысша нұсқасында берілетінін байқауға болады. Осы себепті термин сөздердің білім саласында, түрлі сынып оқулықтарында, қайсысының және қаншасының қалай қолданылу жайын арнайы түрде қарастыру, анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Жалпы термин және терминологиялық бірлік дегенге аз-кем тоқталсақ. Қазақ тіл білімінде терминологиялық лексика ең өткір мәселелердің қатарына жатады. Қазақ лингвистикасында терминдерді арнайы зерттеп, ғылыми-терминологиялық негіздерін анықтауда А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, А.Ысқақов, М.Балақаев, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, т.б. ғалымдардың еңбектерінің орны ерекше.

Академик Ө.Айтбайұлы: «Жалпы, термин жасау дағдысында Ахмет Байтұрсынұлы ұстанған ең басты принципті анық аңғарамыз. Оның бірі және ең негізгісі – термин жасауда қазақ сөзінің өз мүмкіндігін сарқа пайдалану. Термин жасау принципіне ана тілдің ішкі сырын жете пайдаланды дегенде де, біз А. Байтұрсынұлының өзге озық ел тілдерінің грамматикалық категориялар түзудегі тәжірибесін терең меңгергенін байқамай тұра алмаймыз», - дейді [2, 29 б.]. Ғалымның пікірінше «ұлт ұстазы» А.Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасы қазақ тіл білімі ғылымының ғана емес, бүтіндей ғылыми жүйесінің негізі деп айтсақ артық айтқандық бола қоймайды.

**Нәтижелер.** Көркемдік білім беру жүйесіндегі терминдік бірліктер ұлттық өнердің қалыптасуымен басталып, өнертану ілімінің даму тарихымен сабақтасып, замануи үдеріске сәйкес даму үстіндегі лексикалық бірлік болып табылады. Қоғам өмірінде елеулі өзгерістер тілімізде бұрыннан бар сөзбен немесе жаңа жасалған баламамен алмастыру үрдісі термин табиғатына тән десекте болады. Көркемдік білім беру жүйесіндегі *графика, дизайн, артдизайн, галерея, картина, композиция, кубизм, мозаика, натюрморт, т.б.* көптеген терминдік бірліктер өзге тілдерден қабылданған терминдермен қатар, ұлт

тіліндегі кенеп, кескіндеме, құрылым, көрме, жақтау, сурет галериясы, бейнелеу, жинақ, бояу, т.б. терминдер ұлт тілінде жарыса қолданылып жүр. Көркемдік білім беру жүйесіндегі терминдердің халықаралық және ұлттық терминдердің жарыса қолданысы, өнердің ұлттық және жалпыхалықтық (интернационалды) сипатқа ие екендігімен байланыстыруға болады. Байқап отырғанымыздай көркемдік білім беру жүйесіндегі терминдер мен терминологиялық лексиканың лингвистикалық болмысы көп қырлы және күрделі ұғым. Сондықтан да осы күнге дейінгі қолданыстағы көркемдік білім беру терминдері прагматикасы лингвистикалық мәнін көрсететін және оның барлық типологиялық түрлерін қамтитын терминологияда қабылданған бірізді тұжырым жоқ.

Көркемдік білім беру саласындағы терминдер мен ондағы терминологиялық жүйесі қалыптасқан, кәсіби, өндірістік, ғылыми тұрғыдан орныққан терминдік қабаты қалыптасқан сала. Көркемдік білім беру саласындағы әрбір терминдік жүйесінің күнделікті қолданылатын сөздерден өзіндік лингвистикалық ерекшелігі болады. Өнертану саласы терминдері белгілі бір ғылыми-өндірістік концепциямен сабақтасып, арнайы ғылыми зерттеулердің теориясы мен практикалық нәтижесі арқылы көрініс табады. Көркемдік білім беру жүйесі терминдері сала атауына қатысты туындап, белгілі бір лексикалық бірлік күрделі ұғымды анықтайтын термин бола алады. Көркемдік білім беру терминдері қолданбалы өнер саласы атаулары лексикасының терминденуінен туындайды. Көркемдік білім беру саласы я болмаса қолданбалы өнер яки өнертану терминдерінің қай қайсысы болмасын ғылыми өндірістің дамуы нәтижесінде ғана, ғылыми мәтіндерде, өндірісте, тұрмыста, күнделікті қолданыста, бұқаралық ақпараттық құралдарында, мектеп оқулықтарында көрініс тауып кең өрісті сипат алады.

Жалпы тілдегі немесе ғылыми өндірістегі терминдерге қатысты лингвистика ғылымында қалыптасқан төмендегідей анықтамалар бар:

- термин ұғыммен байланысты;
- термин нақтылығы;
- терминнің бір мағыналығы;
- терминнің стильдік жағынан бейтараптығы және экспрессияның жоқтығы;
- терминнің аталымдық қасиеті;
- терминнің жүйелілігі.

Көркемдік білім беру жүйесіндегі терминдердің лингвистикалық мәнін көрсетуде өзіндік критерийлер қалыптаса бастағанымен, тілдік сипаты мен қолданысына келгенде зерттеушілердің пікірлері әртүрлі. Көркемдік білім беру жүйесіндегі терминдердің семантикасы көп жағдайда оның өнертану саласындағы ұғымдар мен лексикалық бірліктердің қолданыс ерекшелігіне байланысты, сондықтан өнертану ғылымы терминдерінің мағынасы осы жүйедегі басқа терминдердің мағынасымен үйлеседі. Мұнда көркем білім саласы терминінің екі жақты қасиеті айқын көрінеді, яғни термин табиғатының логикалық жүйесіндегі ғылыми ұғымның логикалық анықтамасында орын алатын таңбасы және термин лингвистикалық категория ретінде қаралады. Бірінші жағдайда, термин нақты ұғымды көрсетіп, бір мағыналылыққа негізделіп дәл атауға ие болса, екінші жағдайда ол бірқатар лексикалық белгілермен өзіндік қасиеттерді сипаттай алуы тиіс. Көркемдік білім беру жүйесі терминдерінің семантикасына заттардың атауы, процесстердің түрлері, құбылыстар мен жекелеген қасиеттер жатады.

Көркемдік білім беру жүйесі терминдерінің лингвистикалық сипатын зерттеуде терминдік бірліктердің тілдік қабаттағы басқа да лексикалық бірліктерден айырмашылығын көрсететін бірнеше белгілері бар. Олар:

- көркемдік білім терминдері өнертану ғылымының ұғым-түсініктерін білдіреді;
- көркемдік білім терминдерінің өнертану саласындағы жиілік қолданысы жоғары;
- көркемдік білім терминдері эстетикалық кеңістік категориясының көрсеткіші;
- көркемдік білім терминдері лексикалық бірлік болып табылады;
- көркемдік білім терминдері арнаулы лексикалық немесе кәсіби лексикалық бірлік;
- көркемдік білім терминдері ұлттық өнер мен мәдениеттің тілдік мәйегі ретінде танылады;
- көркемдік білім терминдері әдеби тілдің қазынасын толықтырушы бірлік т.б.

**Талқылау.** Сонымен көркемдік білім терминдері тілдің негізгі бірлігі. Көркемдік білім терминдері теориялық және практикалық мәні жоғары, қолданбалы сипаты басым лексикалық бірлік. Жалпы терминнің лингвистикалық табиғатын қарастырып, оған жан-жақты сипаттама беруде ғалымдардың терминдерге беретін көптеген анықтамалары бар. Т.Л. Канделаки: «Термин – нақты ұғымды білдіріп арнаулы сала аясындағы ұғымды белгілейтін сөз немесе сөз тіркесі» [3, 46 б.] десе, Ш.Құрманбайұлы термин мағынасының дәлдігіне қатысты: «Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық

тұрғысынан келгенде бұл талап та орындала бермеуі мүмкін. Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз» [4, 10 б.].

Академик Ө.Айтбайұлы термин дәлдігін қамтамасыз ететін үш түрлі факторды атап көрсетеді: «1) термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу; 2) термин жасау кезінде пайдаланылатын орын компоненттері мен элементтерін дұрыс саралау; 3) термин жасау барысында осы аталған бөліктердің (элементтердің) органикалық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс» [5, 26 б.]. Терминнің тілдік бірлік ретіндегі ерекшелігі, оның лексикалық бірлік қызметінде де айқындалады.

А.Алдаш: «Лингвистика ғылымындағы маңызды түсініктер жайында ақпарат ұсынудың басты себебі – ресмискери, әлеуметтік тұрмыстық және еңбек қарым-қатынастарында бірнеше тіл қатар игерілетін қазіргі көпэтносты қазақстандық қоғам мүшелерінің когнициясында қазақ тілінің коммуникативтік категорияларының орнығу жолдарына қатысты аз-кем пікір түйіндеу. Бұл ретте біздің негізгі нысанамыз – қазақ тілін жетік меңгерген немесе қазақ тілінде түсінісе алатын қоғам мүшелері; өйткені олардың тілдік санасы мен коммуникативтік санасында қазақыландырылған жаңа терминдер қандай деңгейде, қолданысы қандай, қолданысқа түсуі үшін адам когнициясына кедергі тудыратындар не деген мәселелер ұлттық ойсананы, қоғамның саяси бағытына саналы көзқарасты қалыптастыруда айрықша маңызды» [6, 17].

Көркем білім беру жүйесінің терминдік бірліктері номинативтік сипатқа ие. Көркемдік білім беру жүйесінің ұғымдары белгілі бір ғылым саласына жататындықтан, термин де белгілі бір саланың элементі болып табылады және сол кеңістікте актив қолданылады. Көркемдік жүйе шығармашылық үдеріспен байланысты болғанымен, ондағы терминдердің қолданысы мен мағынасының шектеулігі олардың лингвистикалық айқындығын көрсететін ерекшеліктерінің біріне ондағы мағына дәлдігі жатады.

**Қорытынды.** Сонымен көркемдік білім беру жүйесі терминдерінің лингвистикалық мәні мен тілдік құрылымына, оның мағыналық өрісі, қолданыс аясы, тілдік таңбалық сипатын жатқызуға болады. Көркемдік білім беру терминдерінің лингвистикалық бірлік ретінде үш түрлі аспектілік (семантикалық, синтаксистік және прагматикалық) мәнде қарастырылады. Көркемдік білім беру жүйесі терминдерінің мазмұнына қатысты семантикалық тұрғыдан бір мағыналылық, ұғымдық дәлдік, тілдік нақтылық секілді түсініктермен ерекшеленеді:

- 1) көркемдік білім беру терминінің өзі белгілейтін өнертанымдық ұғымға сәйкес болады;
- 2) көркемдік білім беру терминдер жүйесі бір формада бір ғана мағынада қолданылады;
- 3) көркемдік білім беру жүйесі терминдерінің қолданбалы сипаты басым, мағыналық мәні күрделі болып келеді.

Көркемдік білім беру жүйесі терминдерінің арнаулы ұғымдық аппараты мен ғылыми дәлдігі лингвистикалық аяда толық зерделеуді қажет етеді. Термин табиғатына байланысты теориялық және практикалық бағыттағы жұмыстарды ғылыми сала аралық деңгейде қарастырудың нәтижесінде, ғылыми-педагогикалық айналымдағы терминдерді қатысымдық құрал ретінде тұтынушы тіл иелеріне ғылыми мәнмәтінінді іске асыратын сөйлеу қызметінде белгілі бір функцияларды атқаруымен сипатталады. Өйткені көркемдік жүйедегі термин заттарға атау беруші құрал, гипотеза жасаушы ғылыми теориялар құру процесінде эвристикалық рөл атқарады. Жоғарыда айтылған теориялық және практикалық мәселелердің барлығы, көркемдік білім беру жүйесі термин феноменінің соншалық көп қырлы әрі қызықты екендігін көрсетеді.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. <https://kk.wikipedia.org>
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
3. Канделаки Т.Л. Значение терминов и системы значений научно-технических терминологий // Проблемы языка науки и техники: Сб.ст. – М.: Наука, 1970. – С. 3-39.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
5. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.
6. Алдаш А. Жаңа сөздердің игерілімі: когнитивті сана vs. тілдік сана // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы, №2(64), 2018 ж. – 17-21 бб.

МРНТИ 16.01.33

Б.С. Жонкешов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Алматы қ., Қазақстан

## ГЕОГРАФИЯ ТЕРМИНДЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР

*Аңдатпа*

Бұл мақалада география саласына жататын терминдердегі кірме сөздер сөз болады.

Қазіргі заманда сөздік құрамында шет тілінен енген кірме сөздержөк төл лексикадан ғана тұратын таза тілдікездестіре алмаймыз. Бұл үрдіс география саласында да кездесетін құбылыс. Жалпы тіліміздегі кірме сөздерді гибрид терминдер, баламасыз терминдер деп екі топқа бөліп көрсетуге болады. Баламасыз терминдер өз ішінен екі түрге жіктелінеді: а) орыс тілінде қалай айтылып, жазылса, қазақ тілінде де солай айтылып жазылатын терминдер; ә) осы түбірге қазақ тілінің қосымшалары жалғану арқылы жасалған терминдер.

Кірме терминдер тілге ену формасы жағынан лексикалық кірме сөздер түріне жатады.

Тілге ену себептерін: 1) ішкі лингвистикалық себептер; 2) сыртқы лингвистикалық факторлардеп екіге бөліп көрсетеміз. Зерттеу негіздеріне сүйене отырып, география саласына жататын терминдерді тілімізге игерілу тұрғысынан балама терминдер, гибрид терминдер және баламасыз терминдер деп үш түрге топтап қарастыруға болады. Баламасыз терминдер лексикалық кірме терминдер тобына жатады. Олардың тілімізге ену формалары ретінде ішкі және сыртқы лингвистикалық себептерді көрсете аламыз.

**Түйін сөздер:** термин, кірме сөздер, шет тілінен енген сөздер, гибрид терминдер, баламасыз терминдер, лексикалық кірме сөздер, ішкі лингвистикалық себептер, сыртқы лингвистикалық факторлар және т.б.

Б.С. Жонкешов<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Институт языкознания имени А.Байтұрсынова, г. Алматы, Казахстан

## ЗАИМСТВОВАННЫЕ СЛОВА В ТЕРМИНАХ ГЕОГРАФИИ

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются заимствованные слова в терминах, относящихся к области географии. В современном мире невозможно найти чистый язык, состоящий только из слов одного языка без заимствований из иностранных языков. Это явление встречается и в области географии. В целом, заимствованные слова в казахском языке можно разделить на две группы - гибридные термины, безальтернативные термины. Безальтернативные термины классифицируются из своего числа в два вида: а) термины, из которых следует, как говорится и пишется на русском языке, так и на казахском языке; б) термины, составленные с присоединением к этому корню окончаний казахского языка.

Заимствованные термины, по форме включения в язык считаются лексическими заимствованными словами.

Причины включения в язык подразделяются на: 1) внутренние лингвистические причины; 2) внешние лингвистические факторы. На основе исследований, термины, относящиеся к географической области, с точки зрения их освоения нашим языком, могут классифицироваться в трех видах, как альтернативные термины, гибридные термины и безальтернативные термины. Безальтернативные термины относятся к группе лексических заимствованных терминов. В качестве форм их заимствования в наш язык мы можем указать внутренние и внешние лингвистические причины.

**Ключевые слова:** термин, заимствованные слова, иноязычные слова, гибридные термины, безальтернативные термины, лексические заимствованные слова, внутренние лингвистические причины, внешние лингвистические факторы и т.д.

B.S. Zhonkeshov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Institute of Linguistics named after A. Baitursynov, Almaty, Kazakhstan

## BORROWED WORDS IN TERMS OF GEOGRAPHY

### Abstract

This article deals with borrowed words in terms related to the field of geography.

In the modern world it is impossible to find a pure language consisting only of the words of one language without borrowing from foreign languages. This phenomenon occurs in the field of geography. In general, borrowed words in the Kazakh language can be divided into two groups - hybrid terms, non-alternative terms. Non-alternative terms are classified from their number into two types: a) terms from which it follows, as they say and written in Russian, and in Kazakh; b) terms compiled with the addition of the endings of the Kazakh language to this root.

Borrowed terms, according to the form of inclusion in the language, are considered lexical borrowed words.

The reasons for inclusion in the language are divided into: 1) internal linguistic reasons; 2) external linguistic factors. On the basis of research, terms related to a geographical area, in terms of their mastery of our language, can be classified in three forms, as alternative terms, hybrid terms, and no alternative terms. Non-alternative terms refer to the group of lexical borrowed terms. As forms of borrowing them into our language, we can indicate internal and external linguistic reasons.

**Keywords:** term, borrowed words, foreign words, hybrid terms, no alternative terms, lexical borrowed words, internal linguistic reasons, external linguistic factors, etc.

Қазіргі заманда сөздік құрамында шет тілінен енген кірме сөздер жоқ төл лексикадан ғана тұратын таза тілдікездестіре алмаймыз. Кірме сөздердің ену процесі кез келген тілдің нақты коммуникативтік салада дамуының нәтижесі болып табылады [1, 27].

Негізгі мәселеге бармас бұрын тіл біліміндегі кірме сөз деген терминге тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз. «Кірме сөз» деген терминге әртүрлі үдерістің нәтижесінде тілімізде өзге тілдегі элемент пайда болып, сөздік қорымыздан орын алатын тілдік процесс деген анықтама береміз. Осы бағытта жазылған ғылыми әдебиеттерде «кірме сөздер» деген ұғымға байланысты анықтамалардың түрі көп. Оның себебі, «кірме сөз» деген ұғымды зерттеушілер әртүрлі түсініп, түрліше анықтама беруінде. Тағы бір ескерте кететін жайт, кейінгі анықтамаларда біз басқа да зерттеушілермен қатар, О.Высочинаның тікелей кірме деп санайтын бірліктерін ғана сөз етеміз. Калькалау, яғни құрылымдық кірме сөздерді бұл мақаламызда мүлдем сөз етпейміз.

Лингвистердің көпшілігінің пікірінше, кез келген шет тілінен енген жаңа сөз ана тіліне үш негізгі кезең арқылы енеді: біріншіден – бөтен, өзге тілдегі сөздің жаңа тіл-рецептор жүйесіне енуі; екіншіден – ол сөздің жазбаша және ауызекі тілде қолданылуы; үшіншіден, кірме сөзді қабылдаушы тілдің грамматикалық жүйесіне енуі, яғни кірме сөз байырғы сөздерге тән белгіге ие болып, жаңа тілдің тілдік жүйесіне толықтай бейімделеді [1, 31].

Кірме сөздің жаңа тілдік жүйеге бейімделуі туралы зерттеушілердің бірыңғай пікіріне қарамастан, «кірме сөз» деген терминге нақты анықтама беру қиындау. Мәселен, О.Высочина шет тілден енген кірме сөздердің бірнеше түрін сөз етеді. Оның пікірінше, қабылдаушы тіл игерген, яғни жаңа тіл жүйесіне енген шет тілінен енген бірліктер толық кірме сөздер болып табылады. Тілдегі жаңа кірме сөздердің толық ассимиляцияланған жүйесінен өзгешелігі – ол шет тіліндегі өзіне тән белгілерді, мысалы, байырғы сөздерге жат өзінің дыбыстық, грамматикалық және семантикалық ерекшеліктерін сақтайтын сөздерді бөліп көрсетеді. Ғалым мұндай сөздерді шет тіліндегі сөздер немесе шет тілінен енген сөздер деп атайды, оның пікірінше, ондай сөздерге өзге тілден енген варваризмдер мен экзотизмдер де жатады [1, 28].

Л.Ферм өзге тілден енген тілдік бірліктерді толық кірме сөздер мен шет тілінен енген кірме сөздер деп бөлсе де, кірме сөздің деңгейіне қарай, яғни кірме сөз кең мағынада алғанда немесе тар мағынада алғанда кірме сөз болып табыла ма деген мәселеге байланысты, оларды қатар қолданады. Л.Фермнің зерттеуіне сәйкес, кең мағынада алғанда, «кірме сөз» дегеніміз – кірме сөздің тілге ену уақытына немесе қай деңгейде игерілгендігіне қарамастан, орыс тіліне тән емес, кез келген сөз. Тар мағынада алғанда, «кірме сөз» дегеніміз – өзге тілден енген, орыс тіліне толықтай бейімделген сөз. Олай болса, «кірме сөздің» тар мағынасы, жаңа лексикалық жүйеге әлі қабылданбаған сөз «шет тілінен енген кірме сөз» болып табылады [2]. Мақаламызда «кірме сөз» деген терминді кең мағынада алып қарастырамыз, яғни «кірме сөздер» және «шет тіліндегі сөздер» деген ұғымдардың аражігін ажыратпаймыз, бұл терминдерді бірдей деп түсінеміз.

Қазақ ғалымдары кірме сөздерді әртүрлі қырынан қарастырады. Кірме сөздердің тілімізге ену тәсілдерін қарастырған ғалым К.Аханов тікелей ауысу және жанама түрде ауысу деп екіге бөлсе [3], І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев араб және иран тілінен кірме сөздерді атқаратын қызметіне қарай үш топқа: шаруашылық, үй тұрмысы және діни деп бөліп қарастырған [4]. Ә.Болғанбайұлы және Ғ.Қалиұлы атқаратын қызметіне қарай оларды төрт топқа:

- 1) тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөздеріндей болып кеткен актив сөздер;
- 2) терминдік сипаты бар арнаулы сөздер;
- 3) экспрессивті-эмоциялық мәні бар сөздер;
- 4) әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер.

Ал ену саласына қарай үш топқа: ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер, үй тұрмысы мен шаруашылыққа қатысты сөздер, дінге байланысты сөздер деп бөлген [5].

Академик Ө.Айтбайұлы кірме сөздерді: «Араб-парсыдан енген терминдік атаулар, моңғол тілімен ортақ атау сөздер, орыс және орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер деп қарастырып, олардың басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси, түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қолөнерге, үй іші жабдықтарына, құрал-саймандарына, әскери-әкімшілікке байланысты термин сөздер» [6], - болып келетінін атап көрсетеді.

Жалпы тілімізге енген кірме сөздерді ену формасы бойынша топтастыруға болады. О.Высочина тікелей кірме сөздерді мынадай төрт топқа бөледі:

- 1) **лексикалық кірме сөздер**, мұнда сөздің материалдық формасы мен мағынасы алынады;
- 2) **семантикалық кірме сөздер**, мұнда байырғы сөз жаңа, қосымша мәнге ие болады, яғни сөз тура мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданылады;
- 3) **сөздің шет тіліндегі формасының ғана енуі**, мұнда сөзге жаңа мағына үстеліп, жазбаша немесе ауызша тілде қолданылады;
- 4) **морфемалық кірме сөздер**, мұнда түбір немесе деривациялық морфемалар еніп, жаңа сөз жасалады [1, 29 б.].

Тілімізге кірме сөздер бірнеше себептер арқылы енеді. Негізінен бір тілдің екінші тілден өзге тілді элементті алу себебі өте көп. Кірме сөздердің ену себептерін ішкі лингвистикалық (тілдік) және сыртқы лингвистикалық (тілден тыс) себептер деп бөлуге болады [1, 30 б., 31 б.], [7, 145 б.], [8]. Сонымен қатар кейбір зерттеушілер кірме сөздердің әлеуметтік-психологиялық себептері мен факторларын жеке бір топ ретінде бөліп көрсетеді [1, 131 б.], [9, 146б.], [8, 35-43 бб.].

Бұл үдерісті орыс зерттеушілері әртүрлі жіктеп көрсетеді. Біз жалпы тіліміздегі кірме сөздерді О.Высочинаның [1, 30-31 бб.], Л.П. Крысиннің [9, 146-148 бб.], Н.С. Валгинаның [11, 111-113 бб.] және А.И. Дьяковтың [8] зерттеулері негізінде бірыңғай классификация жасауға тырысамыз.

#### **Ішкі лингвистикалық себептер**

Негізінен алғанда, кез келген тілдегі жаңа кірме сөздер ішкі лингвистикалық себептердің негізінде пайда болады. Оған мынадай себептер жатады:

- 1) кірме сөзді қабылдайтын тілде балама сөз болмаған кезде **жаңа зат, құбылыс және ұғымды атау қажеттілігі** (мысалы, *факс, принтер, компьютер, скейтборд* және т.б. тәрізді сөздер);
- 2) мағынасы жағынан ұқсас, бірақ айырмашылығы бар ұғымдарды **шектеу қажеттілігі** (мысалы, *жайлылық – комфорт, қызмет көрсету – сервис, хабарлама – информация* сияқты сөздердің жұбы);
- 3) белгілі бір саладағы ұғымдардың **мамандану қажеттілігі**, яғни бұл жағдайда атауды нақты беруге тырысу (мысалы, *басқару – менеджмент, шетке шығару – экспорт, кісі өлтіруші – киллер*);
- 4) **түсіндірменің орнына бір кірме сөзді пайдалану үрдісі**, яғни ықшамдылыққа ұмтылу, белгілі бір атауды сөз тіркесімен емес, бір сөзбен атауға ұмтылу (мысалы, *саммит – жоғарғы жақтағы кездесу, сейф – жанбайтын шкаф*) [1, 31 б.], [9, 146б., 147 б.], [10, 111 б.], [8, 2 б.].

#### **Сыртқы лингвистикалық факторлар**

Тілдік, ішкі лингвистикалық себептер кезінде кірме сөздерге деген қажеттілік тілдің ішінде пайда болады. Сыртқы себептер кезінде кірме сөздер қажеттілігі тілден тыс факторлардың ықпалымен пайда болады. Сыртқы лингвистикалық факторларға мыналарды жатқызуға болады:

- 1) **бір халықтың мәдениетінің екінші халықтың мәдениетіне ықпал етуі**, осы кезге дейінгі орыс халқының мәдениетіне еліктеу, сонымен бірге қазіргі кезде қазақ жастарының америкалықтардың өмір сүру салтын дәріптеуі және «америкалықтардың өміріне» ұмтылуы (мысалы, *шоп – дүкен, байк – мотоцикл, консалтинг – кеңес беру*);
- 2) **белгілі бір терминдер жүйесінің халықаралық қолданыста болуы**, мысалы, ағылшын тілінің негізіндегі қазіргі компьютер немесе спорт терминологиясы, итальян тілінің негізіндегі ежелгі музыка



терминологиясы (бұл тармақ 1-тармаққа жақынырақ) (мысалы, *сканер, джойстик, овертайм, армреслинг, бодибилдинг* және т.б.);

3) **ұғымдарды жасыру қажеттілігі**, кірме сөз ұғымның жағымсыз немесе тура мағынасын жасырады (мысалы, *педикүлез* (биттеу), *канцер* (обыр), *генималии* (жыныстық органдар));

4) **шет тілін, өзге тілді үйренуге деген қызығушылықты арттыру** [16 30-31 бб.], [9, 147 б.], [10, 112 б.], [8, 2 б.];

5) **Билік тарапынан заң, ереже, қағидалардың қабылдануы.**

#### Әлеуметтік-психологиялық себептер


Кейбір зерттеушілер кірме сөздердің әлеуметтік-психологиялық себептерін бөлек топтап көрсетеді. Бұл топқа мыналар жатады:

1) **экспрессивтілік үрдісі**, яғни, шет тіліндегі сөздің мәртебелілігі, бұл жаңа стилистикалық синонимдердің пайда болуына, сәнді, сөздің анағұрлым заманауи нұсқасын пайдалануға әсер етеді (мысалы, *макияж – мейкап, жасөспірім – тинейджер, жарнама – паблицити* және т.б.);


2) **ұғымның коммуникативтік өзектілігі** (мысалы, сайлау алдында *электорат, рейтинг, импичмент* және т.б. деген сөздер жиі қолданылады);

3) **халықаралық жаргонды қалыптастыру** (мысалы, *сингл, лейбл, хайлайф, блейзер* және т.б.) [1, 31б.], [9, 147 б.], [10, 112 б.], [8, 2 б.].

Сонымен тіл біліміндегі кірме сөздер туралы айтылған көзқарастарды саралай келгенде жалпы кірме сөздердің ену формасы бойынша сызбасын былай көрсетуге болады:



Кірме сөздердің тілге ену себептерін сызба арқылы төмендегідей көрсетеміз:



География саласына байланысты терминдерді талдауда осы классификацияға сүйенеміз. Себебі тіліміздегі барлық кірме сөздер осы жіктелімнің қалыбына сыяды.

Зерттеу нысаны ретінде 2014 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздігінің» география, геодезия және георгафия саласына арналған 19-томын алдық. Оның ішінде тек география саласына жататын терминдерге сараптамалық талдау жасадық.

Сөздікте география саласына қатысты барлығы 3460 термин қамтылған. Оның 583-і баламасыз терминдер. Қазақ тілінде баламасы табылған немесе төл терминдердің саны – 1782 бірлік. Гибрид терминдер – 1095 термин.

Сурет түрінде төмендегідей көрініс табады.



Суреттен байқағандарыңыздай география ғылымындағы кірме сөздердің көп қабатын балама немесе төл терминдер құрайды. Оларға мынадай мысалдар қатарын жатқызамыз: *ағынды көл – проточное (сточное) озеро, адырлар – адыры, аймақ – регион, ақшам – сумерки, аңғар желі – фён, арал – остров, арна – русло, атырау – дельта, әрекетшіл халық – самодельное население, бағдар – ориентир, беткейлер – склоны, бөгесін – запруда, дөң, өркеш – горб, елді мекен – населенный пункт, жағалау – побережье, жайлау – летовка; яйла, сірім – плёс; воронка, көл – озеро және т.б.*

Жалпы өзге тілден термин қабылдауда транслитерация және транскрипция, калька, сипаттама аудару, түрлендіріп (трансформация) аудару сияқты әдістер арқылы жүзеге асырылады [11]. Келтірілген мысалдардағы терминдердің көпшілігі калька тәсілі арқылы тілімізге игерілген. *Адыр, жайлау* сияқты санаулы сөздерден басқаларының барлығы осы үдерістің нәтижесі деуге болады. Біз мақаламыздың бас жағында тілімізде осы тәсіл арқылы пайда болған терминдер жайында сөз қозғамайтындығымызды ескерткен едік. Себебі бұл тәсіл көпшілікке түсінікті және терминжасам шығармашылығында жиі қолданылатын тәсіл.

География саласындағы кірме сөздердің келесі қабатын гибрид терминдер құрайды. Мысалы: *абиссал жазықтар – абиссальные равнины, агроэкожүйе – агроэкосистема, аспан сферасы – небесная сфера, ауылиаруашылық зонасы, сельскохозяйственная зона, әкімшілік-аумақтық карталар – административно-территориальные карты, биокөрсеткіш – биоиндикатор, географиядағы баланстық әдістер – балансовые методы в географии, географиялық үштаған – географическая триада, геожүйе – геосистема, ғарыштық география – космическая география, демаркация сызығы – демаркационная линия, жайлы зона – зона комфорта, зоогеографиялық аудандау – зоогеографическое районирование және т.б.* Гибрид терминдер дегеніміз – бір немесе одан да көп сыңары шеттен енген сөзден тұратын қалған сыңар (сыңарлары) қазақтың төл сөздерінен құралатын терминдер. Бұл қатардағы терминдердің жасалу тәсілі жартылай калька болып табылады.

География саласындағы кірме сөздердің келесі қабатын баламасыз терминдер құрайды. Мысалы: *абиссал – абиссаль, авиациялық климатология – авиационная климатология, антициклон – антициклон, бассейн – бассейн, биогеография – биогеография, биосфералық факторлар – биосферные факторы, вегетациялық кезең – вегетационный период, виргация – виргация, гавань – гавань, географиялық геоморфология – географическая геоморфология, дефляция – дефляция, изоамплитудалар – изоамплитуды, интергляциал – интергляциал, картография – картография, климаттық факторлар – климатический элемент, ландшафт – ландшафт, макрометеорология – макрометеорология, медициналық география – медицинская география, нозогеография – нозогеография, планеталық геоморфология – планетарная геоморфология, орография – орография, саванна – саванна, теориялық картография – теоритическая картография, техносфера – техносфера, фитогеография – фитогеография және т.б.* Баламасыз терминдерді өз ішінен екі түрге бөлуге болады. Біріншісі, орыс

тілінде қалай айтылып, жазылса, қазақ тілінде де солай айтылып жазылатын терминдер. Екіншісі осы түбірге қазақ тілінің қосымшалары жалғану арқылы жасалған терминдер. Бірінші топқа жататын терминдерге жоғарыдағы мысалда қою, көлбеу қаріп түрімен белгіленген терминдер тізбегін жатқызамыз. Екінші топқа жай көлбеу қаріппен келтірілген мысалдарды жатқызамыз.

Бұл топтағы терминдер тілге ену формасы жағынан лексикалық кірме сөздер түріне жатады.

Тілге ену себептері:

**1. Ішкі лингвистикалық себептер:** а) кірме сөзді қабылдайтын тілде балама сөз болмаған кезде **жаңа зат, құбылыс және ұғымды атау қажеттілігі** (мысалы, атлас, галоклин, грабен, муниципалитет және т.б. тәрізді сөздер); ә) мағынасы жағынан ұқсас, бірақ айырмашылығы бар ұғымдарды **шектеу қажеттілігі** (мысалы, *жерғылымы* – география, *сутаным* – гидрология, *өзгеру* – динамика сияқты сөздердің жұбы); б) белгілі бір саладағы ұғымдардың **мамандану қажеттілігі**, яғни бұл жағдайда нақты беруге тырысу (мысалы, *су маманы* – гидролог, *сарапшы* – эксперт, *көшіп-қонушы* – эмигрант, т.б.); в) **сипаттау орамының орнына бір кірме сөзді пайдалану үрдісі**, яғни ықшамдылыққа ұмтылу, белгілі бір атауды сөз тіркесімен емес, бір сөзбен атауға ұмтылу (мысалы, *орография* – жоталардың, қыраттардың, өзен аңғарларының, қазаншұңқырлар мен бедердің басқа түрлерінің сырт бейнелерін және өзара орналасуын зерттейтін ғылым, *картография* – географиялық карталар, оларды жасау және пайдалану туралы ғылым).

**2. Сыртқы лингвистикалық факторлар:** бір халықтың мәдениетінің екінші халықтың мәдениетіне ықпал етуі, кеңес үкіметі жылдары орыс халқының терминдерін құрамындағы елдерге өзгеріссіз қабылдауды мідеттеу (мысалы, *география* – *жазағрапия*, *автономия* – *тәуелсіз*, *аккумуляция* – *жерсіндіру*, т.б.). Сыртқы лингвистикалық факторлардың белгілі бір терминдер жүйесінің халықаралық қолданыста болуы, ұғымдарды жасыру қажеттілігі, шет тілін, өзге тілді үйренуге деген қызығушылықты арттыру түрлері және әлеуметтік-психологиялық себептердің барлық түрлері география терминдерінің тілімізге ену себептеріне негіз бола алмайды.

Қорыта келгенде, география саласына жататын терминдерді тілімізге игерілу тұрғысынан балама терминдер, гибрид терминдер және баламасыз терминдер деп үш түрге топтап қарастыруға болады. Баламасыз терминдер лексикалық кірме терминдер тобына жатады. Олардың тілімізге ену формалары – ішкі және сыртқы лингвистикалық себептер болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Высочина О. Понимание и адаптация иноязычного слова в сознании носителя языка // Jyväskylä University Printing House. Jyväskylä, 2002*
2. *Ферм Л. Особенности развития русской лексики в новейший период // Norstedts tryckeri AB, Stockholm, 1994. – 140 с.*
3. *Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. 3-басылым. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.*
4. *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.*
5. *Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.*
6. *Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.*
7. *Ферм Л. Особенности развития русской лексики в новейший период // Norstedts tryckeri AB, Stockholm, 1994.*
8. *Дьяков А.И. Причины интенсивного заимствования англицизмов в современном русском языке. Язык и культура. – Новосибирск, 2003.*
9. *Крысин Л.П. Иноязычное слово в контексте современной общественной жизни // Русский язык конца XX столетия (1985-1995). «Языки русской культуры». – М., 1996. – С. 142-161*
10. *Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке. – М.: «Логос», 2001.*
11. *Құлманов С.Қ. Шет тілінен енген терминдерді трансляциялау және транскрипциялау мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы №3 (61). 2017 ж. – 80-86 бб.*

МРНТИ 16.31.02

Б.С. Жумагулова<sup>1</sup>, Р.Нургазина<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## ТОСТ КАК ВАЖНЫЙ ЭЛЕМЕНТ ЗАСТОЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ

### *Аннотация*

Статья выполнена в русле теории речевых жанров, с позиции которой в настоящее время определяются, выделяются и описываются различные речевые жанры. Одним из востребованных способов изучения и описания речевых жанров является их моделирование. Для выделения модели речевого жанра необходимо определение его жанрообразующих признаков.

Модель коммуникативной ситуации речевого жанра тост как одного из важных элементов застольной коммуникации включает базовые признаки речевого жанра: говорящий – тот, кто произносит тост, слушающий – тот, кому предназначен тост, высказывание – пожелание, поздравление и др., обстоятельство – повод застолья, цель – выразить свое отношение к пригласившему на свое мероприятие человеку, результат речевого действия – вхождение в «свой» круг.

Речевой жанр тост содержит все элементы речевой ситуации «кто – кому – о чем – где – когда – почему – зачем», выделенные Н.И. Формановской.

В качестве иллюстративного материала в статье использованы примеры из Национального корпуса русского языка.

**Ключевые слова:** застольная коммуникация, речевой жанр, застольная беседа, тост, поздравление, коммуникативная ситуация, модель коммуникативной ситуации.

*B.Zhumagulova<sup>1</sup>, R.Nurgazina<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.*

## TOAST AS AN IMPORTANT ELEMENT OF TABLE TALK COMMUNICATION

### *Abstract*

Article made in line with the theory of speech genres, from the position which is currently determined, is isolated and described various speech genres. One of the most popular ways to study and describe the speech genres is their modeling. To isolate model of the speech genre is necessary to define its genre-forming features.

The model of the communicative situation of the speech genre "toast" as one of the important elements of the table communication includes the basic features of the speech genre: the speaker is the one who makes the toast, the listener is the one to whom the toast is intended, the utterance - wish, congratulation, etc. - the circumstance is the reason for the feast, the goal is to express one's attitude towards the person who invited to his event, the result of the speech action is the entry into "your" circle.

Speech genre toast contains all elements of the speech situation "who — to whom — about what — where — when — why — what for", highlighted by N.I. Formanovskaya.

Examples from the Russian National Corps were used as an illustrative material in the article.

**Key words:** table communication, speech genre, table talk, toast, congratulation, communicative situation, model of communicative situation.

*Б.С. Жұмағұлова<sup>1</sup>, Р.А. Нұрғазина<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## ТОСТ ҮСТЕЛ ҮСТІНДЕГІ СӨЙЛЕСУДІҢ МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТІ

### *Аңдатпа*

Мақала сөйлеу жанры теориясының арнасында, қазіргі уақытта әр түрлі сөйлеу жанрларының айқындалатын, белгіленетін және сипаталатын ұстанымы бойынша орындалды. Ең бірінші сұранысқа ие болған сөйлеу жанрының зерттеу және сипаттау тәсілі, моделдеу болып табылады. Сөйлеу жанрының моделін бөлектеу үшін оның жанрлық құрылымдық белгілерін анықтау керек.

Үстел басындағы коммуникацияны қамтитын негізгі сөйлеу жанрының коммуникативтік жағдай моделінің маңызды элементік белгілерінің бірі – тост: сөйлеуші – тост айтатын адам, тыңдаушы – тост арналған адам, пікір – тілек, құттықтау және т.б. жағдай – отырыс себебі, мақсаты – өзінің көзқарасын іс-шараға шақырушы адамға білдіру, сөйлеу әрекетінің нәтижесі – "өз ортасына" ену.

Н.И. Формановская айқындағандай сөйлеу жанры – тост, барлық сөйлеу жағдайындағы элементтерді қамтиды "кім – кімге – не туралы – қайда – қашан – неге – не үшін".

Мақалада иллюстрациялық материал ретінде орыс тілінің ұлттық корпус мысалдары қолданылды.

**Түйін сөздер:** үстел үстінде сөйлесу, сөйлеу жанры, үстел үстінде әңгіме, тост, құттықтау, коммуникативтік жағдай, коммуникативтік жағдайдың моделі.

**Введение.** Актуальность статьи, выполненной в русле теории речевых жанров, обусловлена тем, что данное направление лингвистики находится в активной разработке, что сопряжено с недостаточной разработкой функционирования отдельных речевых жанров в различных дискурсивных практиках. Несмотря на то, что современная коммуникация тяготеет к расширению сфер общения и выделению новых речевых жанров, тост как речевой жанр широко используется в разных лингвокультурных сообществах, начиная с 17 века и является одним из важных элементов застольной коммуникации.

Застольная коммуникация представляет собой особую форму общения, когда за общим столом создается ценностная для участников атмосфера, в которой происходят общение, обмен определенной информацией и человеческими чувствами [1, 13]. В данном виде коммуникации реализуются такие речевые жанры, как застольная беседа, тост, поздравление, пожелание, комплимент, похвала, анекдот, притчи и др. Согласно концепции М.М. Бахтина речевые жанры подразделяются на первичные и вторичные, к первичным жанрам относятся жанры устной бытовой речи, которые используются в условиях непосредственного общения, вторичные жанры «возникают в условиях более сложного и относительно высокоразвитого культурного общения. В процессе формирования они вбирают в себя и перерабатывают различные первичные жанры» [2, 161-162].

В формулировке К.Ф. Седова, согласно которой «в общем пространстве жанров бытового общения можно выделить макрообразования, т.е. речевые формы, которые сопровождают социально-коммуникативные ситуации, объединяющие в своем составе несколько жанров» [3, 41], застолье является гипержанромотносительно застольной беседы, застольной песни и тоста, который, в свою очередь, может включать в свою структуру такие вторичные жанры, как поздравление, пожелание, комплимент, похвала, анекдот, притча и др.

**Методология.** Теоретико-методологической основой исследования являются:

- основные подходы к анализу отдельных речевых актов;
- основные направления лингвистической науки в области прагмалингвистики, теории речевых актов, теории дискурса, дискурс-анализа языковых единиц;
- теоретические положения общего и прикладного языкознания.

Теория речевых актов «привлекает внимание ученых оригинальной моделью коммуникативной ситуации. Традиционно включая такие компоненты, как говорящий, слушающий, высказывание, обстоятельство, модель теории речевых актов включает в себя также цель и результат речевого действия» [4, 49-50].

Рассмотрим трактовку основных элементов застольной коммуникации. Застольная беседа рассматривается Н.Н. Портных как «ведущий жанр праздничного общения, где собеседники обмениваются мнениями и впечатлениями, высказывают различные точки зрения на те или иные вопросы, приятно проводят время и получают удовольствие от общения» [5, 76]. В данном определении внимание акцентируется на поводе общения – праздник, предполагается переход речевых реплик между коммуникантами, отмечается обстановка общения – радостная, приятная атмосфера; межличностные отношения – гармоничные.

В застольной беседе могут быть разные темы обсуждения, но тост занимает особое место, например:

Говорили о кино, о погоде, о том, что фирменные котлеты «Прага» очень вкусны, что надо бы налить еще по одной. А чья теперь очередь говорить тост? Вообще все шло обычным порядком (А.Е. Рекемчук. Мамонты (2006).

В застольной коммуникации напитки употребляются после произнесения тоста:

- Ты постой, куда лошадей гонишь? Надо тост произнести.

Все смотрели на гостя. Путешественник поднял рюмку и предложил выпить за здоровье хозяев – Василия Степановича и Мавры Глебовны. (Борис Хазанов. Далекое зрелище лесов (1998).

Еще одним важным компонентом застольной коммуникации является песня, текст которой знаком большинству сотрапезников. Так, «песня исполняется как на праздничном гулянье (основные функции: развлекательная и объединяющая коллектив), так и во время работы в одиночестве (функция - развлекательная)» [6, 34]. Песня может играть роль тоста. Например, в основе популярной песни И. Николаева «Выпьем за любовь» лежит тост, в котором реализуется коммуникативное намерение адресантарасположить к себе адресата «Мы вспомним всё хорошее, Забудем про печаль» и включить его в «свой круг» посредством напитка, который способствует исполнению замысла говорящего: «И за любовь последнюю Я поднимаю тост», «За возвращение любви Я поднимаю тост».

Е.Н. Румянцева пишет, что «речь по своей сути диалогична, поскольку всегда кому-то предназначена – либо реальному слушающему, либо самому себе» [7, с.189]. В этом отношении реализация речевого жанра тост направлена на слушающего, на то, чтобы ему вербально выразить свое отношение. В зависимости от повода – это может быть как поздравление (день рождения, юбилей, свадьба, рождение ребенка, повышение социального статуса, праздники календарные и профессиональные), так и соболезнование. Это не внутренний монолог. Высказывание в тосте может быть, как лаконичным, так и развернутым, что зависит от личности говорящего, его коммуникативных способностей, от знания организации речевого жанра тост. Не вызывает сомнения тот факт, что речевой жанр относится к первичным речевым жанрам. Он реализуется в устной форме.

Как справедливо отмечает Е.М. Архипова, «тосты трактуются обычно как акт иллокуции, т.е. акт, реализующий какую-то интенцию. Они имплицитно определяют драматургию поведения участников ситуации, между которыми возникают коммуникативные отношения, и это заключается в побуждении к определенному физическому действию, а именно – поднять рюмку (бокал) со спиртным напитком, прикоснуться им к бокалу другого коммуниканта (чокнуться) и выпить содержимое. Причем данная интенция выражается в тосте эксплицитно, с помощью стереотипных побудительных конструкций и выражений: "Так выпьем же за..."; "Давайте выпьем за."; "Поднимем наши бокалы за..."; "За...!" и др. [8, 153-154].

**Результаты.** На основе анализа научной литературы Н.И. Формановская, приходит к выводу, что «речевая ситуация складывается из элементов: кто – кому – о чем – где – когда – почему – зачем и др. В самом деле, чтобы возникла речь, должен появиться «кто-то» – говорящий. Он говорит «кому» – рассчитывая на адресата. Должна быть и тема беседы – «о чем». Речевой акт происходит в пространстве и времени – «где» и «когда». Наконец, должен быть мотив речевого действия – «почему» и цель – «зачем». Ясно, что все это совершается при помощи определенного кода – в нашем случае естественного языка. Всякое речевое взаимодействие обусловлено и организовано как минимум этими элементами – внешними условиями общения и внутренними реакциями общающихся, комплекс которых в конечном итоге находит отражение в той или иной фразе» [9, 21].

В качестве основы для выделения модели речевой ситуации, в которой может быть реализован элемент застольной коммуникации тост, возьмем модель Н.И. Формановской «кто – кому – о чем – где – когда – почему – зачем».

Модель речевой ситуации, в которой реализуется речевой жанр тост:

**КТО** – говорящий. Тот, кто произносит тост.

Как-то мы зашли в гости к Молотовым, Вячеслав Михайлович вдруг церемонно усадил всех обедать и объявил: пусть теперь каждый скажет тост! (Александр Терехов. Каменный мост (1997-2008)

А у нас на свадьбе моего родного брата: пришла очередь нашему папе тост говорить. (Курьезы на свадьбах (форум) (2004)

В диаде «говорящий-слушающий» в застольной коммуникации отношения между коммуникантами могут быть личностно ориентированными и институциональными:

Вот есть такой тост «За друзей, которые стали родственниками и за родственников, которые стали друзьями». (Новые родственники — как уживаемся? (форум) (2008).

Тост произносил начальник курса; ректор во время тоста благосклонно кивал, не выпуская из рук стакан с чаем. (Владимир Васильев. Шуруп (2013).

Более того, компоненты КТО, КОМУ могут представлять интерес с позиции гендерной лингвистики. Приведем примеры.

И хотя я не переносу водку, решила выпить, потому что тост был:

«За скорую встречу с самым дорогим каждому человеком».

(Эд. Поляновский. Ожидание счастья. Дневники и письма военного фельдшера Татьяны Атабек. 1941-1945 (2002) // «Известия», 2002.06.21]).

— Ладно, девочки, не тяните kota за хвост, до дна! До дна, чтобы тост исполнился. Все пьют до дна! (Елизавета Козырева. Дамская охота (2001).

Выпей до дна. Мне тост показался странным. Обычно новобрачные не поднимают тост друг за друга, но Лика схватила фужер и одним махом опустошила его. (Дарья Донцова. Уха из золотой рыбки (2004).

**КОМУ**– слушающий. Тот, кому предназначен тост.

Он встал не без труда, потому что был зажат между двумя дамами, постучал по графину и поднял ста канчик:

– Разрешите, товарищи, предложить первый тост. Мы здесь собрались по приглашению нашего друга и именинника Алексея Федоровича Тысячного. (И. Грекова. На испытаниях (1967)

Торжественно поднялся со стула Карен и сказал тост в честь Папиковых (Вацлав Михальский. Прощенное воскресенье // Октябрь, 2009)

**О ЧЕМ** – в речевой ситуации тост актуализируется репертуар тем: здоровье, семья, друзья, родная земля, мир и др.

Единственный тост, который произнес на свадьбе этот солидный, сильный человек, не нашедший других слов, звучал так:

– Ну, будем все здоровы. (Сати Спивакова. Не всё (2002).

Янкович остро-внимательно взглянул на гостя и снова поднял чашу:

– Хочу предложить тост-здравицу в честь новых «водителей» наших земель, которых будут слышать! (Алесь Пашкевич. Сим победиши // «Сибирские огни», 2013).

Ведь у Русского человека главный тост во все времена был — ЗА Здоровье, близких, друзей, коллег ... (коллективный. Форум: Хватит губить детей! (2011).

Романов поднял рюмку, произнес непьлький тост за удачу совместной постановки, за здоровье ее инициатора — известного композитора и кинодеятеля господина Тёмкина. (А. Е. Рекемчук. Мамонты (2006).

**ГДЕ** – место коммуникативного события.

Знаете, как это **на шашлыках**. Тост, еще тост. Поговорить наедине ни минуты нет. (Елизавета Козырева. Дамская охота (2001).

Недаром на небольшом **предновогоднем банкете** в ответ на тост «Пусть следующий год будет не хуже прошедшего» один из директоров заметил, что за последние 2 года этот тост стал самым популярным среди заводского руководства. (Мансур Гиматов. Can't buy my love... (2004) // Интернет-альманах «Лебедь», 2004.01.11).

Это был его привычный тост для разных **банкетов**.

[Нина Горланова. Коммуналии (1987-1999)]

**КОГДА**– временные рамки.

И профессор университета, говорящий по-русски, произнёс тост со слезами на глазах: "**Сегодня** великий для меня день, потому что в 30-е годы Россия приютила нас, несчастных детей, бежавших от войны. (Сати Спивакова. Не всё (2002).

Те, кто здесь не впервые, знают, что **сейчас** им напомнят о достижениях разведчиков, о новых планетах и астероидах, застолблённых под росийскую юрисдикцию, о достигнутых показателях – вразбивку по редким металлам, радиоактивным изотопам, органике... О погибших в явных и тайных стычках с конкурентами... Но это недолго, не отчёт же, а тост, и все с удовольствием участвуют в ритуале. (Иван Наумов. Мумбачья площадка (2007).

В данном компоненте актуализируется не только календарное значение, но и продолжительность тоста:

Доборматываю уже тост, поскольку все молчат, объевшись моим красноречием. (Николай Крыщук. Отступление // «Звезда», 2003).

**ПОЧЕМУ**– повод, по которому организовано застолье.

– Давайте поднимем этот тост за наш **профессиональный праздник**, за нашу профессию, которая очень нужна людям, за наши семьи, наших жен и детей, которые терпеливо ждут нас дома! (Даниил Корецкий. Менты не ангелы, но ... (2011).

"Он очень тепло вспоминал свою поездку в Индию, и мы подняли тост по случаю его **дня рождения**", сказал по телефону корреспонденту The Hindu директор ресторана.

(Они о нас // «Коммерсантъ-Власть», 2000).

Но и тогда расплакаться было нельзя: дрожащим голосом мямлить тост перед первым **поминальным** глотком – очень уж отдаёт театральщиной, мелодраматизмом.

(Ольга Новикова. Мне страшно, или Третий роман // «Звезда», 2003).

**ЗАЧЕМ** – цель коммуникативной ситуации поздравление, пожелание.

Вот он говорит тост, желая молодым счастья... (Эльдар Рязанов. Подведенные итоги (2000).

Курортник пробормотал ответный тост, вежливо похвалил вино. (Борис Хазанов. Корсар (2000).

Тост-пожелание (алғыш):

Да исполнит Аллах все ваши добрые пожелания!

(Побратимство в современном Карачае (2000) // «Жизнь национальностей», 2000.03.24).

Тост-пожелание: Когда женился Борислав из их отдела, Туся говорила тост: - Живите красиво! (Нина Горланова. Павлиноглазка (1987-1999).

Тост-шутка: Патологоанатом пил и говорил тост:

– Выпьем, чтобы рука не дрожала и глаз не моргал...

(Алексей К. Смирнов. Кузница милосердия) // «Сибирские огни», 2012).

Таким образом, модель речевого жанра тост в полной мере соответствует модели коммуникативной ситуации, предложенной Н.И. Формановской «кто – кому – о чем – где – когда – почему – зачем».

**Обсуждение.** Проблема определения конкретного речевого жанра в ряду других отразилась на функционировании целого ряда направлений, в которых исследуется отдельный аспект речевого жанра. К примеру, Костомаров П.И. приводит типологию речевых жанров с позиции лингвистического и прагматического подходов, согласно которой выделяются следующие направления: первое направление в теории речевых жанров – генристика (с позиции лингвистики) и жанроведение (с позиции прагмалингвистики) (В.В. Дементьев); второе направление – трактовка речевого жанра как особой модели высказывания (Т.В. Шмелева); третье направление – разделение жанров на чисто речевые и риторические (О.Б. Сиротинина); четвертое направление – противопоставление элементарных и комплексных жанров (М.Ю. Федосюк). Автор приходит к выводу, что «речевые жанры, рассмотренные в работах отечественных исследователей, выступают как совокупность высказываний, объединенных общей смысловой направленностью, типичных для речевого поведения говорящего, обладающих ярко выраженной ситуативной спецификой и иллюстрирующих поведение говорящего как активного участника коммуникативного процесса» [10, 185]. Речевой жанр тост исследуется с позиции прагмалингвистики в рамках второго направления по Т.В. Шмелевой. Для выделения модели речевого жанра тост привлекается модель речевой ситуации по Н.И. Формановской.

В настоящее время исследователями предложены классификации речевых жанров по отдельным критериям. Классификация Н.Д. Арутюновой базируется на выделении типов диалогов: 1) информативный диалог; 2) прескриптивный диалог; 3) обмен мнениями с целью принятия решения или выяснения истины; 4) диалог с целью установления или регулирования межличностных отношений; 5) праздноречевые жанры, среди которых различаются жанры эмоциональные, артистические, интеллектуальные [11, 54]. Акцент делается на выделение жанров по их целям, степени запрограммированности ответных реакций, распределению ролей и коммуникативных интересов, протяженности, структуре, связности, интенциональному состоянию собеседников, модальным характеристикам, условиям успешности [11, 55]. По данной классификации тост относится к праздноречевым жанрам, реализуется в застольной коммуникации.

В монографии Трофимовой Н.А. в рамках класса экспрессивов выделяются два подкласса речевых актов: «социативы – речевые акты выражения признания говорящим слушающего как члена одной с говорящим социальной группы, выражаемого в определенных стандартных ситуациях (приветствие, извинение, поздравление, соболезнование, благодарность, сожаление, тост, сочувствие, благословение); инфлюктивы – речевые акты выражения эмотивнооценочного отношения и эмоционального воздействия, к которым говорящий прибегает как к санкциям, регулирующим исполнение слушающим своих социальных и межличностных ролей (похвала, порицание, комплимент, оскорбление). Эти речевые акты осуществляются с различными целями, в различных условиях, опираются на различные канонические речевые и категориальные ситуации» [12, 22-23]. Автор относит тост к подклассу социативов, что вполне обоснованно.

**Закключение.** С позиции теории речевых жанров модель коммуникативной ситуации одного из важных элементов застольной коммуникации речевого жанра тост включает все ключевые компоненты. Модель речевого жанра тост содержит все элементы речевой ситуации, предложенной Н.И. Формановской «кто – кому – о чем – где – когда – почему – зачем». Речевой жанр тост, с одной стороны, является одним из важных элементов застольной коммуникации, с другой стороны может включать в себя такие речевые жанры, как пожелание, шутка и др. Для реализации данного речевого жанра необходим ряд



условий: застолье; очередность коммуникативного хода, возможно регулируемая ведущим застолье тамадой; ответная реплика может быть выражена вербально посредством речевого жанра благодарность и невербально – поднять бокал, чокнуться бокалом как знак поддержки и принятия тоста; наиболее частой темой тоста является «За здоровье!», что восходит к определению тоста – здравица; место может быть специализированное (помещение общественного питания) или спонтанное (на природе); временные рамки – время произнесения тоста регулируется ведущим – тамадой, либо участники застолья придерживаются правил поведения в застольной коммуникации в зависимости от национальных, культурных и др. особенностей; причиной / поводом организации застолья могут быть общегосударственные, профессиональные, религиозные и др. праздники, изменение статуса организатора застолья, семейные, личные и др.; причина коррелирует с целеустановкой – разделить радость по какому-либо поводу с членами коллектива, наладить позитивное взаимоотношение, поддерживать положительную эмоциональную связь с родными, близкими, друзьями и др.

Феномен речевого жанра тост заключается в том, что данной формой речевого общения человек овладевает в сознательном возрасте, что отличает его от таких этикетных речевых жанров, как приветствие, благодарность, поздравление, прощание и др., которыми оперируют дети.

#### Список использованной литературы

1. Реймер Ю.В. Лингвосомиотика вакхической культуры в русском и немецком языках // Автореф...к.ф.н., спец. 10.00.20. – Волгоград, 2011. – С. 21.
2. Бахтин М.М. Проблема речевых жанров / Собр. соч. – М.: Русские словари, 1996. – Т. 5: Работы 1940-1960 гг. – С.159-206.
3. Седов К.Ф. Жанровое мышление языковой личности (к риторике бытового общения) // Речевое общение: специализированный вестник. - Красноярск, 2000. - Вып. 2(10). – С. 38–43.
4. Маслова А.Ю. Введение в прагмалингвистику: Уч. пос. – 2-е изд. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 152 с.
5. Портных Н.Н. Изучение жанровых особенностей праздничной застольной беседы в условиях высшего филолого-педагогического образования // Вестник ТГПУ, 2014. - №9 (150). – С. 76-82.
6. Эмер Ю.А. Современный песенный фольклор: когниции и дискурсы / Ю.А. Эмер. – Томск: Изд-во Том. ун-та, 2011. – 266 с.
7. Румянцева Е.Н. Диалогическое общение как объект лингвистического исследования // Ученые записки ОГУ. Серия: Гуманитарные и социальные науки. - 2015. - №1. – С. 189-191.
8. Архипова Е.М. Тост как первичный речевой жанр в современной концепции научного знания // Научная мысль Кавказа. - 2010. - №3 (63). – С. 151-155.
9. Формановская Н.И. Вы сказали: «Здравствуйте» (Речевой этикет в нашем общении). Изд. 3-е. – М.: Знание, 1989. – 160 с.
10. Костомаров П.И. Трактровка речевого жанра в работах отечественных исследователей // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина, №2. - 2014. – С.181-185.
11. Арутюнова Н.Д. Жанры общения // Человеческий фактор в языке: Коммуникация, модальность, дейксис. – М.: Наука, 1992. – С. 52-56.
12. Трофимова Н.А. Экспрессивные речевые акты в диалогическом дискурсе. Семантический, прагматический, грамматический анализ: Монография. – СПб.: Изд-во ВВМ, 2008. – 376 с.

МРНТИ 16.31.02

Б.С. Жумагулова<sup>1</sup>, С.У. Асаубаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
г. Алматы, Казахстан

## РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КОНЦЕПТА ДЕВАЛЬВАЦИЯ В ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

### *Аннотация*

В течение определённого времени исследователем записывались аудио спонтанной казахской речи молодых людей в разных ситуациях общения на цифровое записывающее устройство (диктофон марки Olympus) и смартфон марки Samsung. Необходимо отметить, что в некоторых случаях запись велась таким образом, что испытуемые не знали о том, что ведётся запись. То есть испытуемые вели себя максимально естественно.

Известно, что вмешательство исследователя в беседу испытуемых может значительным образом повлиять на непринуждённый характер беседы, тем самым провоцируя испытуемых к использованию стандартной нормы произносительных форм [3, 21].

При исследовании фонетических особенностей разговорной речи важно чтобы речь информантов была неподготовленной. В этом случае необходимо соблюдать три необходимых условия: “1. Речевое общение должно быть неподготовленным. 2. Речевое общение должно быть непосредственным, т.е. прямо со слушателем. 3. Между говорящими должны быть неофициальные – приятельские, дружеские, отношения хороших знакомых” [3, 22]. С учетом вышесказанного, можно утверждать, что все три условия нами были соблюдены в ходе исследования. Все испытуемые вели себя естественно, не было скованности даже в общении с малознакомыми людьми. Перед началом эксперимента с малознакомыми или незнакомыми людьми (к примеру разговор с водителем такси) исследователь создавал дружескую атмосферу: исследователь первым вступал в разговор, например, начиная с обсуждения последних новостей страны и столицы, ненавязчиво задавал вопросы о родном городе испытуемых, семейных отношениях, тяготах жизни в столице и т.п. Все это располагало собеседника к дружеской и открытой беседе.

**Результаты.** Обычный разговор является возможно одним из способов социального использования языка, также как и самым основным путем изучения языков, которые говорящие слышат вокруг нас. И конечно же мы продолжаем использовать язык в каждодневных целях в течение всей нашей жизни. Конверсационный анализ за последнее время стал важным ответвлением в лингвистической науке. Целью подобного анализа выявить правила и закономерности осуществления разговора, процесса взаимодействия между говорящими для того чтобы это взаимодействие носило логичный и смысловоразличительный характер. Одним из составных разговора является присутствие участников беседы во взаимном общении – говорящий и слушающий [4, 151].

Материалом для исследования послужили аудиозаписи спонтанной речи молодежи в возрасте от 18 до 35 лет разнообразной профессиональной деятельности так называемых “полевых условиях”. Целью работы было выявление особенностей разговорной речи молодежи, по этой причине нами не была целенаправленно сделана выборка по роду деятельности, месту рождению, полуинформантов. Так как описание фонетических и лексических особенностей в спонтанной речи молодых людей с учетом социолингвистических факторов является предметом исследования последующих работ.

В большинстве случаев запись производилась скрытно, то есть испытуемые не знали, что их речь записывается. Это имело и свои плюсы и минусы. Плюсы состоят в том, что поскольку испытуемые не были информированы о записи, их речь была максимально естественной и неподготовленной, что позволяет нам говорить о высокой достоверности исследовательского материала [5, 86]. Важно отметить также, что в качестве испытуемых выступили друзья и знакомые исследователей. В тех случаях, когда в качестве информанта выступал незнакомый человек, исследователь направлял беседу в нужное русло с целью получения необходимых данных. Минус подобных методов исследования состоит в том, что в некоторой степени были нарушены как этика научного исследования, так и юридические права испытуемых. Однако, в этом случае можно утверждать, что материалы исследования будут использовать только в научных целях и конфиденциальность гарантируется. Следующим этапом эксперимента являются транскрибирование и перцептивный анализ аудиоматериалов. Слуховой анализ аудиозаписей был выполнен самими исследователями как носителями казахского языка. В результате слухового анализа были выявлены следующие наиболее яркие лексические и фонетические особенности речи молодых носителей казахского языка: русские вкрапления в разговорной речи, неосознанное переключение языковых кодов (казахско-русское двуязычие), употребление слов с религиозным значением, признаки прогрессивно-регрессивной и прогрессивной ассимиляции, выпадение гласных и



согласных как в корне слова так и в окончаниях, стяжения в сложных составных глаголах, протяжность в речи уроженцев южных регионов Казахстана.

Результаты по исследованию казахской звучащей речи имеют как теоретическую так и практическую значимость: материалы могут быть использованы на специальных курсах по теоретической и практической фонетике казахского языка, речевой культуре, аудиозаписи также могут послужить основой при создании звукового корпуса.

### Обсуждение.

#### 1.1. Лексические особенности.

Анализ аудиоматериалов выявил следующие лексические и фонетические особенности спонтанной речи молодых людей.

Несмотря на то, что молодые люди разговаривали на казахском языке, можно было наблюдать русские вкрапления в их речи. Иногда можно проследить использование не только отдельных русских слов, междометий, но и целые выражения и предложения:

“Жазда **блаженство** зой!”,

“– Сосын олардың **зрениясы** мықты зой!

– Ммм **насчет зрения** сибирский здоровьеде бір бад бар екен. Для зрения алсай!”; “Осы **гель пальцы** вообще ... я тоже это у меня после геля. У меня уже через две недели былааай өсіп кетті”, “Қыздардың **слабостьтары** зой», «Біздің Мадияр осыны **любит**”, “вроде қарасаныз кәзір **вроде ну что в этом такого да естественно**”, “Мектепте жүргенде **уже жанағы** медиктер келеді тәрбие сағатын жүргізетін”, “Қанишама вирус кіргенде бұл **с лимоном... это вода с лимоном**”, “**А че** өздері звандайт да **..напрямую** неге шықпайды дейм”, “**Не знаю** қырық мың қоса бер деді”, “**Че то** сұрағым көбей кетті **че то подозрительно наверное да**”, “**Ну хотя бы** 10 бір 3 дейін **..хотя бы 2** дейін”, “Біраз ойлану керек қой **как руководитель.... че он говорит. А че на выходных не выходите** анау-мынау”, “– 1900 тенге екінші класс 1800 3 класс 1400 почти 1500...”

– **Давай...** кешикеге алайын ба?”, “**Например сен студенческий** аласын или **единый** аласын **просто** қалаға келсен **единый** аласын”.

В Казахстане билингвальность является повсеместным, но характеризует только казахско-русское двуязычие. Это может быть в виде без эквивалентной лексики, синтаксических позиций и словообразовательных моделей, максимально дистанцированных от первого языка билингва. Носители соединяют разные коды для решения коммуникативных задач. Особенно ярко билингвизм проявляется в молодежном языке. Отмечается соединение элементов двух языков: *звондайтмыз* – созвонимся, *умничатетте* – не умничай, *мечтапсын* – размечтался. В приведенных примерах корни слов русские, а аффиксы казахские. Обратный порядок (корень казахский, аффиксы русские) представляют следующие примеры: *рахметики* – спасибо, *зрениесі* – зрение (в притяжательном падеже), *слабостьтары* (в притяжательном падеже) – слабость. Наиболее распространенные русские слова и междометия, встречающиеся в казахской речи: *короче, также, ваще (вообще), еще вот, че (что), ну че (ну что), например, тоже, значит, просто, кстати, там (тама)* и т.п. Данные примеры показывают нам, что для речевого поведения населения многих областей республики характерны культурная интерференция и интеркаляция.

Учитывая тот факт, что в Казахстане присутствует больше казахско-русское двуязычие, то необходимо отметить что здесь имеет место так называемое совмещенное двуязычие. При таком виде двуязычия речь на языке, который билингв знает хуже “строится с использованием средств первого (основного) языка», что собственно и происходит в Казахстане. В Казахстане на сегодняшний день присутствует часть населения, которая не владеет «литературной формой родного языка, ограничивается при общении разговорной или просторечной формой казахского языка» [6, 11]. В этом случае как раз мы можем говорить о совмещённом двуязычии. Однако, билингв может обращаться к средствам второго языка и по иным причинам, например, “какое-то слово 2-го языка ему кажется более выразительным, или более понятным собеседнику, или просто по инерции речи на 2-м языке, или, наконец, потому, что в его сознании оба языка более или менее слились в один” [7, 172]. Примеры, приведенные выше подтверждают данное утверждение. Молодежь неосознанно переходит на русский язык и причиной этому явлению не недостаточное знание казахского языка, а скорей языковая привычка.

На сегодняшний день существует мнение, что билингвизм имеет свои отрицательные последствия. Здесь имеется ввиду, что двуязычие это шаг к языковому вырождению или, по крайней мере, грозит потерей престижа того или иного языка. Известно, что в большинстве случаев исчезновению языку предшествует билингвизм и обширное переключение кодов. Но есть еще один момент, который необходимо учитывать при двуязычии – это использование так называемого “словесного салата” в

особенности подрастающим поколением, то есть это те случаикогда употребляются элементы из первого и второго языков [8, 58].

С другой стороны, знание нескольких языков является преимуществом в многоязычном обществе, особенно в эпоху интеграции и расширении политических, эконимических и образовательных границ. И тогда переключение кодов может служить в качестве удобного социального навыка. Выбор того или иного кода стоит за самим носителем языка [9, 113].

Рассматривая речь молодежи в гендерном аспекте то можно отметить выявленные особенности речи мужчин. Интонация мужчин более резкая, а речь жесткая и обрывистая, и содержит больше нецензурной лексики, жаргонов: "... (нецензурное слово) Мынау куады ғой...". Слово "куады" является жаргоном в современном казахском языке, часто употребляемый молодыми людьми и одновременно является калькой с русского языка от слова "гнать", что значит "вести себя неадекватно, быть ненормальным, сумасшедшим". Мужчины в речи употребляют больше команд, приказов, в то время как девушкам и женщинам свойственны «более мягкие формы выражения». Также мужчинам характерно открытое выражение своих взглядов и мнения, к примеру: "Біраз ойлану керек қой как руководитель... че он говорит. А че на выходных не выходите анау-мынау". Женщины не всегда чувствуют комфортно в проявлении себя во время конфликтной ситуации [10, 60].

Часто в речи в современном казахском языке употребляют такие выражения как "Құдай бұйырса", "Алла жазса": "Шүкір жақсы көшті...орналасатыр ...короче жиырма бірі Асландар барады құдай қаласа", "Ничекұдай деп өздерін қалайсындар?". Данный факт связан с тем, что среди молодых людей исламская религия, чтение намаза, посещение мечети и соблюдение поста приобретают все большую популярность, что естественным образом проявляется в речи. Если говорить об исламе, то его влияние на общественную жизнь казахстанцев становится все более очевидным. Исламизации в большей степени подвержена молодежь в возрасте от 20 до 30 лет. Хотя социологи Казахстана больше склонны говорить о "реисламизации, то есть о том, что благодаря доступности новых религиозных знаний многие открывают для себя ислам заново" [11].

## 1.2. Фонетические особенности.

Наиболее характерными фонетическими признаками казахской разговорной речи являются такие особенности, как озвончение, выпадение гласных в корне слова, фонетическое сокращение слова, протяжность речи.

Значительное ускорение темпа речи приводит к тому, что в речевой цепи сокращаются слова, проглатываются звуки либо происходит их фонетическая модификация: вместо слова "қазір" употребляется "кәзір" или "кәз" "Кәз кім қарайды?" (Кто на это сейчас смотрит?).

На примерах сложных глаголов можно заметить редуцирование окончаний основных глаголов и их сращение с вспомогательными глаголами: "Сол тағда бір апта қосылыпты (қосылып еді) он алты апта оқисындар патамушто көп мейрамдар оқымай галды солардың (неразборчиво)", "Қазір он үшінші апта болватыр (болып жатыр) ғой ия?", "Шүкір жақсы көшті...орналасатыр (орналасып жатыр) ...короче жиырма бірі Асландар барады құдай қаласа",

В потоке речи имеет место выпадение гласных в корне слова или окончаний, вместе с тем и сращение слов: "Сонда біз нешесінейн (нешесіне дейін) оқимыз?", "Сол тағда (тағы да) бір апта қосылыпты", "Он бір он екі он үш он төрт он бес мне (міне) мнау (мынау) мейрам болды онда гейін мнау (мынау) он алты он тоғызы гүні".

Также в речи наблюдаются признаки прогрессивно-регрессивной ассимиляции, когда имеет место взаимоуподобление соседних звуков: "Да одан гейін (кейін) жоқ па? Одан гейін (кейін) ....кешкі он он тоғыз тоғызда бар" [11, 78], [12, 39] прогрессивной ассимиляции, когда происходит влияние предыдущего звука на последующий звук "Он бір он екі он үш он төрт он бес мне (міне) мнау (мынау) мейрам болды онда гейін (кейін) мнау (мынау) он алты он тоғызы гүні (күні)", "Сол тағда бір апта қосылыпты он алты апта оқисындар патамушто көп мейрамдар оқымай галды (қалды)..." [11, 78], [12, 39].

Также по произношению испытуемых можно было определить их региональную принадлежность. К примеру, был записан телефонный разговор девушки из местности Сарыагаш и диалог с таксистом уроженцем г.Шымкент (что в Южном Казахстане). В своей речи девушка вместослова "мына жакта" (характерно для жителей северных и центральных, восточных регионов Казахстана) употребляла «мынаяққа»: "Мынаяққа (мына жаққа) келе берініз...", "Жұмыс істей алмайды олар мынаяқта (мына жақта)", "Аааояқта (ол жақта) бұзық".

Также такие узнаваемые глаголы повелительной формы как "қойсай" (қойшы) и "барсай" (баршы) сразу же говорят о том, откуда родом человек. На юге речь немного протяжнее, чем, скажем, на севере



10. Исабаева С. Какое влияние-позитивное или негативное – оказывает религия на общественную жизнь?[Электрон.ресурс]. – 2017. – URL: <https://camonitor.kz/26501-kakoe-vliyanie-pozitivnoe-ili-negativnoe-okazyvaet-religiya-na-obschestvennyuyu-zhizn.html>

11. Қалиев Б.А. Қазақ тілінің фонетикасы: оқу құралы/ Б.А.Қалиев. – Алматы: «Эверо», 2014. – 168 б.

12. Еспекова Л.Ә. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы/ Л.Ә. Еспекова. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2014. – 104 б.

13. Богданова Н.В. Редуцированные формы – порча языка или факт его эволюции?// Фонетика сегодня: Матер. докладов и сообщений VI междунар. науч. конф. – Москва, 2010. – С.17-20

МРНТИ 16.41.53

Э.Т. Кыдырмолдина<sup>1</sup>, Қ.С. Қалыбаева<sup>1</sup>, А.Ә. Рыспанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## АҒЫЛШЫН, ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ САН КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада жалпы тұрақты сөз тіркестерінің маңызы мен сөйлеу актісіндегі орны көрсетіледі. Фразеологизмдер құрамындағы тұтастық пен бірлік туралы сөз болып, фразеологизмдердің екі мағынасы туралы, яғни сала мен қордың аражігі ажыратылады. Әрбір тұрақты сөз тіркесінде сол халықтың ұлттық танымы мен менталитетінің, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпының сақталғандығы қозғалады. Тұрақты сөз тіркестерінің прагматикасы да айтылып, сөздің күштілігі мен құдіретіне ықпалы көрсетіледі. Одан әрі қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерге шолу жасылынып, сан компоненттерімен құрылған бірнеше мысалдар талданады. Ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі бір санына қатысты тұрақты тіркестердің ерекшеліктері көрсетіледі. Бірден онға дейінгі сандардың активтілігі қос тілде де айқын аңғаратындылығы айтылып, күнделікті тұрмыстағы аса қажеттілігімен қоса, фразеологизмдер түзудегі маңыздылығы сөз болады.

**Кілт сөздер:** фразеологизм, прагматика, сан, лингвомәдени сипат

*Е.Т. Kydymoldina<sup>1</sup>, K.S. Kalybaeva<sup>1</sup>, A.A. Ryspanova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University,  
Almaty, Kazakhstan

## FEATURES OF USE PHRASEOLOGICAL UNITS WITH NUMERIC COMPONENT IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

*Abstract*

This article discusses the features and differences of phraseological units in a speech act. It also speaks of pragmatics, the unity and integrity of idioms in the vocabulary of every nation. Idiom is a steady phrase that has its meaning in sentences only in established form. The article provides examples with numerical components in the English and Kazakh languages, as well as writing about the properties of idioms reflecting the mentality, traditions and culture of each nation. It was reviewed on the idioms with the numerical component “one” in English and Kazakh languages. Numbers from one to ten are very actively used in everyday terms and in the phraseological units of both languages.

**Key words:** idiom, pragmatics, number, linguacultural aspect

Э.Т. Кыдырмолдина<sup>1</sup>, Қ.С. Қалыбаева<sup>1</sup>, А.Ә. Рыспанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.

<sup>2</sup>Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова,

г. Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ С ЧИСЛОВЫМ КОМПОНЕНТОМ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

### Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности и различия фразеологизмов в речевом акте. Так же говорится о прагматике, об единстве и целостностях идиом в лексике каждого народа. Фразеологизм является устойчивым словосочетанием, которое имеет свой смысл в предложениях только в устоявшейся форме. В статье приводятся примеры с числовыми компонентами в английском и казахском языках, так же пишется о свойствах фразеологизмов отражающие менталитет, традиции и культуру каждой нации. Был сделан обзор на идиом с числовым компонентом «один» в английском и казахском языках. Числа от одного до десяти очень активно используются и в бытовом плане и во фразеологизмах обоих языках.

**Ключевые слова:** фразеологизм, прагматика, число, лингвокультурологический аспект

**Кіріспе.** Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады [1,123]. Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер [2,184].

Тұрақты сөз тіркестері – кез келген халықтың өткені мен бүгінгісінің тарихы. Көркемдігімен, аса айшықтығымен, айтылмақ ойдың прагматикасына әсер ететін күштілігімен ерекшеленді. Фразеологизмдер алуан түрлі компоненттермен қолданылып, сан түрлі болып келгенімен, барлығын түйістіретін ортақ белгісі – тұжырымдылық болып табылады. Сөздің мәйегін келтіріп, ажарын ашып, қорытынды ой беру үшін қызмет етеді. Айтылған ойды дөп беріп, діндеген мақсатқа жету үшін сөйлеу актісіндегі қолданылатын фразеологиялық тілдік бірліктердің атқаратын қызметі мен көтеретін жүгі аса ауыр. Соншама ғасырлар мен жылдарды басынан өткеріп, халық санасында әбден шыңдалып, шынығып, саф алтындай екшеліп, құйылу мен өңдеуден өтіп, қолданыста орнығады. Тіліміздің аса сұлулығы мен әсемдігі туралы Рабиға Сыздық “Тоғау тоқсан қызыл тіл...” мақаласында: “Қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілері, біздіңше мыналар:

1) басынан бай ауыз әдебиеті тілі мен ауызша туып, ауызша тарған поэзия тілінен алынған ұзақ дәстүрі тіл екендігі;

2) аса бейнелі образды тіл екендігі, яғни бейнелі фразеологизмдердің молдығы, теңеулердің активтілігі т.б;

3) лексикасы бай тіл екендігі ,яғни синонимдердің көптігі, халықтық терминологияның ,жарыспалы қатардың молдығы;

4) лексикалық , грамматикалық мүмкіндігі күшті тіл екендігі, яғни сөз жасау тәсілдерінің икемділігі;

5) қазақ халқы мекендеген барлық аймаққа ортақтық қасиетінің күштілігі, яғни диалектілік ерекшеліктерінің кемде кем жұмсалуы" [3,56] – деп көрсете келе, лексика қоры аса бай қазақ тілінің ерекше қуаттылығын айтады. Шетелдік кез келген тілдің кез келген сөзіне балама табылатын қазақ тілінің тұрақты тіркестерінің молдығы мен аса айшықтығы да таңдай қақтырады. Қазақ тілінің лексикалық қоры мен тұрақты сөз тіркестері базасы кез-келген мәліметті еш қиындықсыз бере алатын дәрежеде. Тіл байлығы, ауыз әдебиетінің ерекше молдығы, аса көркем де бейнелі тілдің күштілігі мен сұлулығы, кез келген сөздің баламасына негіз бола алатын лексикалық қордың асыл қазынасы іспетті.

### Негізгі бөлім.

Тұрақты сөз тіркестерін зерттеген ғалымдар "Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің саласы деген ұғымда қолданылады. Екіншісі-бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Фразеология жеріне жеткізе зерттеліп біткен ғылым деп айтуға болмайды. Мұның шешілмеген даулы мәселелері өте көп. Сондықтан да соңғы жылдарға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттеулер тым аз болды. Көбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызылып, лексиканың көлемінде тексерумен шектеліп келгендігі мәлім. Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін

танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар. Олар:1) даяр қалпында жұмсалып белгісі 2) мағына тұтастығы 3) тіркес тиянақтылығы [4,81]" дейді.

90 ж. дейін тұрақты сөз тіркестері лексикологияның зерттеу нысаны деңгейінде ғана, лексикалық қор есебінде саналынып келді. Қазіргі таңда көптеген ғалымдар тұрақты сөз тіркестерін таным деңгейінде адамның сана-сезімі, эмоциясы мен көңіл-күйінің көрінісі деңгейінде қарастыруда. Расымен де тұрақты сөз тіркестерінің өн бойында халықтың әр дәуірдегі, әр сала мен әр қабатындағы тарихы, дәстүрі, салт-санасы мен мәдениеті жасырынған. Фразеологизмдер халықтың ауызша сөзінен бастау алып, екшеліп, еленіп, бөлшектеп бүтінге айналып, тұтастық сипатты иеленіп, біздің дәуірге дейін жеткен.

Тіл біліміндегі көркемділік, әуезділік, көркем әдебиеттегі оқырманның эстетикалық талабына жауап беретін негізгі құрал- фразеологизмдерді лингвомәдени тұрғыдан салыстыра зерттеу өте қажет мәселердің бірі.

“Сөз сөйлеу үшін жасалмайды. Сөйлеу айтылғанды орындату үшін, сендіру үшін, мақсатқа жету үшін жасалады. Адресант адресатты өзіне иландыруы басты мақсат болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін айтушы тыңдарманның деңгейіне түсуі, не көтерілуі керек” [5,67]. Сөз өтімді болу үшін, мақсатына жету үшін, орындалуы үшін, сөздің экспрессивті – эмоционалды реңкін ашу үшін қолданылатын тіл білімінің үлкен саласы фразеологизмдердің орны аса ерекше. Осы орайда, қазақ тілі мен ағылшын тілдерінде қолданылатын сан компонентті фразеологизмдердің сан алуан екендігін баса айтқымыз келеді.

Бүгінгі таңда қазақ-ағылшын түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерінің көптен пайда бола бастауы, қазақ ағылшын тілдерін салыстыра зерттеген ғылыми жұмыстардың, монографиялық еңбектердің көбеюі қазақ тілі мен ағылшын тілдеріндегі сан компонентті фразеологизмдерді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беріп отыр.

Құрамы жағынан да, құрылысы жағынан да бірінен бірі алшақ болып есептелетін қазақ тілі мен ағылшын тілдеріндегі нумеративті фразеологизмдерді салыстыра зерттеудің маңызы зор. Себебі, сан қатысы бар тұрақты сөз тіркестері екі тілде де бар сөздік атаулының ең көнеден жалғасып келе жатқан қабатын құрайды.

“Нумератив”, яғни, сан термині латын тілінің “numeration”, баламасы – есепке қатысты түсініктер мен ұғымдардың тобы. Есептерді тудырушы өлшем дейтін болсақ, нумератив ұғымы сан сөзімен ұштасып, өлшемнің көрінісі болып табылады. Бұл туралы Дмитриев " Где зависимое имя существительное определяет стержневое слово характеризует его количественно, а не качественно такие существительные в тюркологической литературе называются нумеративными словами" дейді. [6, 92]

Ағылшын тілі үнді еуропа тілдерін семьясының герман табына жатса, қазақ тілі Алтай тілдері семьясының түркі тобына жатады. Мақалада құрылысы жағынан да, құрамы жағынан да бірінен бірі алшақ қазақ тілі мен ағылшын тілдерінің сан бөлікті фразеологизмдері туралы сөз қозғалып отыр.

Диахрондық тұрғыдан қарасақ, сан компонентті тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінде аса молынан ұшырасады: *бір биедан ала да, құла датуады, бір от жағып, түтін түтетті, бір көш жүрді, бір тайпалы ел, бір шыбықпен айдады, бірінің етін бірі жеді, бірішек болды, екі тізгін, бір шылбыр(ел жүрттың көшбасшысы болу), үш қайнаса сорпасы қосылмайды(мүлде бөлек), үш тоғыз (үш топ сыйлық), төрт арыстың баласы (бүкіл ел мағынасында), төрт түлгі сай болды (малға байыды), бес саусақтай білді(жетік білді), бес биенің сабасындай (толық), бес тиынтұрмадыт.б.*

Осы жайында К.Күркебаев есептік құрылым жасайтын сөздерді талдай келе, "Бүгінгі тіліміздегі фразеологизм сөздердің көпшілігі о баста еркін сөз тіркесі болған деген қағидаға сүйенсек, бір жұтым су, бір асым ет, бір тілім нан, бір салым шай сияқты өлшемдік мәні бар тіркестер ертеде еркін сөз тіркесі болған деп қарауымызға болады" [7,47] дейді.

Яғни, бұл сияқты тіркестер ертеден бері қазақ халқы ұғымында өлшемнің сандық көрсеткіші қызметін атқара келе, ұлт санасына бекіп, тұрақталып кодтық сипат алған.

Қос тілдің тұрқаты тіркестерін саралай келе, лингвомәдени аспектідегі сандар ұғымына жасырынған, әсіресе «бір» санына қатысты тұрақты тіркестердің молынан ұшырасатынын аңғардық. Бір ұғымы қазақ тілінде көп жағдайда жалғыздық, жекелік мағынасында қолданылып, жағымсыз реңкте айтылады. Сан есім жеке тұрғанда абстрактылы ұғымды білдірсе, зат есіммен тіркесіп, заттың санын, мөлшерін көрсетеді. “Бір лексемасы – ондық жүйенің ішіндегі ең көп фразеологизмге ұйытқы болатын сан. Бір санының когнитивті мәні Алланың жаратушының жалғыздығымен байланысты. Жалғыздың жары құдай. Жалғыз: тек бір ғана өзі ғана, дара жалқы” [8,47]. Ал ағылшын тұрақты сөз тіркестеріндегі бір, керісінше, көбіне жағымды мәнде көрініс табады. Тұлғаның жекелік, даралық, ерекшелік келбетін көрсетеді. Бұл ерекшеліктер қазақ лингвомәдениетіндегі жалпылық пен ағылшын лингвомәдениетіндегі жекелік ұғымына

байланысты. Мысалы, қазақ тілінде: *бір ағаш орман емес, біреудің үні шықпас*, ағылшын тілінде: *a number one; look after number one; one and only*;

Сонымен қатар Сеитва “В казахском языке очень активно выступают в своем составе фразеологизмов как стержневой компонент числительные үш (три), жеті (семь), тоғыз (девять), қырық (сорок). Многими исследователями это объясняется главным образом, экстралингвистическими факторами, как: религия, традиция, обряды и т.д.” [9,360] дейді.

Бірден оңға дейінгі сандар маңыздылығымен, күнделікті тұрмыста қолданылатын активтілігімен қоса, тұрақты сөз тіркестерінде де ерекше молынан кездеседі. Әсіресе, бір, екі, үш, төрт, жеті, тоғыз, мың, жүз, миллион сандары екі тіл фразеологизмдері қатарында молынан ұшырасады.

“Наибольшую активность в образовании ФЕ проявляют числа 1,2,4,7,0 которые в составе фразеологических единиц теряют значение количества, счета, порядка и национальные особенности миропонимания, мировидения народа. Анализ характера взаимодействия лексического значения числительного с общими значением ФЕ в тюркских языках позволяет выделить некоторые особенности компонента-числительного;

1) в ФЕ числа условно обозначают малое или большое количество чего-либо, этим они выполняют преимущественно символическую функцию и обладают рядом стилистических черт-образностью, эмоциональностью

2) числа употребляются для характеристики явления, предмета или лица;

3) в основу ФЕ заложены сакральные значения чисел” [10,65].

### **Қорытынды**

Қатысымдық бірлікте кездесетін тұрақты сөз тіркестері өн бойына сан алуан тарих пен дәстүрді, ұлттық ерекшелікті жинақтаған. Сол ұлттың мәдениеті мен салт-санасы, тұрмыс ету ерекшелігі, сан ғасырлық тәжірибесі мен пайымы, түйгені мен ұстанымы жатады. Б.А. Ларин “фразеологизмдер қоғамдық өмірді, халықтың дүниеге көзқарасын, сол қоғамдағы идеологияны бейнелеп тұрады” [11, 3-4] - деді. “Тіл мәдениетінде сақталған әдет-ғұрыптар мен салт-саналар іздерін фразеологизмдер құрамынан кездестіруге болады. Кез келген фраземаның пайда болуының мотиві бар екені, ол мотивтің көздері кейде белгілі болса, кейде уақыт кеңістігіне орай оларды дөп басып ашу оңайға түспейді. Осы халықтың ұрпақтан-ұрпаққа архисемалық код ретінде жалғасып, бүгінгі күнге дейін сақталған әдет-ғұрыптарда да фразеологизм мотивінің іздері айқын байқалады.

Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, яғни халық ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетанымы көздерінің іздері жатады. Фразеологиялық бірліктердің халық данышпандығы мен шарасының сол халықтың тарихи дүниетанымының және тәжірибесінің ассоциацияларынан көрінетіні дәлелденді. Фразеологизмдердегі әдет-ғұрып көздерін дәлелдей түсетін тілде материалдар саны мен фактілер аз емес” [12,127].

Тілдік жүйедегі тұрақты сөз тіркестері сөз, сөз тіркестерімен тығыз байланысты. Алайда, фразеологизмдер мағына тұтастығымен, тұрақтылығымен, дәлдігімен ерекшеленеді.

Мақалада құрамында сан есім бөлігімен жасалған фразеологизмдерге аса мән беріліп отыр. Тілдік тұрғыдан алып қарағанда, сандар есептік қызмет атқарады, әрі сануға қажетті таңба болып табылады. Ал ұлттық, танымдық тұрғыдан келсек, сандар қандай да бір ұлттың лингвомәдени сипатын көрсететін киелі сандар символына ұласады.

Соңғы жылдары тұрақты сөз тіркестерін зерттеу тіл білімінің қарқынды зерттелініп келе жатқан бір үлкен бөлігі. Дегенмен фразеологизмдерді лингво-мәдени аспектіде салыстыра зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігі күнбе күн артуда. “Изучение фразеологии как отражения менталитета определенного этноса имеет огромное значение, поскольку становится важнейшими средством концептуального членения и освоения мира” [13,98].

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар, II том. – Алматы, 1983. – 456 б.
2. Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2006. – 184 б.
3. Сыздықова Р. “Толғауы тоқсан қызыл тіл...” Жұлдыз, №12, 1996. – 194 б.
4. Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2006. – 264 б.
5. Иманкулова Ж.С. Фразеологизмдер прагматикасының ерекшеліктері, // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник “Филология ғылымдары” сериясы, 2018, №2 (64), 68 б.

6. Дмитриев Н. Грамматика башкирского языка. –М.-Л., 1948. – С. 92.
7. Күркебаева К. Нумератив сөздердің тілдік табиғаты. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ.Хабаршы//Вестник Филология ғылымдары» сериясы, 2002. №56. – 47 бет.
8. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: монография/ - Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
9. Сеитова Л.А. “Числовые компоненты фразеологически единиц английского, немецкого, казахского и русского языков. “Материалы междунаучно – практической конф.наука и образование в современном мире”. – Караганда, 2015. – 360 стр.
10. Муратова Р.Т. "Нумерологические фразеологические единицы в тюркских языках», рецензируемый, реферируемый научный журнал, выпуск 1 (125), 2015.
11. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2004. – 208 б.
12. Авакова Р. Фразеологизмдердегі әдет-ғұрып көздері //Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2002. Тіл, аударма және тілдерді оқыту қазіргі технологиялары. – 127 б.
13. Упарокова Г. Фразеологическая репрезентация концепта в адыгерейской языковой картине // Вестник Адыгерейского Университета.серия филол. 2013, №3. – 95-99 стр.

МРНТИ 16.01.09

Қ.С. Қалыбаева<sup>1</sup>, Ж.А. Оспан<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ БАЙЛАНЫСТАР

*Аңдатпа*

Туыстас қазақ және түрік тілдерінің тарихи тамырластығы жайлы тарихи ақпараттар тілдің терең қабаттарынан орын алған. Ол ақпараттарды бүгінде біз осы екі тілдегі фразеологизмдердің құрамын мәдени қырынан салыстыра зерттеу барысында аңғарамыз. Сол арқылы әр түркі халқының өзіне ғана тән ерекше болмыс-бітімін, қасиеттерін, екі халықтың негізгі менталдық айырмашылықтарын, ерекше ойлау жүйесін, яғни менталитетін ажыратуымызға болады. Бұл мақалада қос халықтың фразеологизмдерінде тұрақталып қалған осындай мол ақпарат жайлы сөз етеміз. Себебі тіл халық өмірінің айнасы. Тұрмыста, мәдениетте пайда болған өзгерістер халықтың тілінде, сөз маржандары – фразеологизмдерінде көрініс тапқан. Демек, мұндай фразеологизмдер түрік және қазақ халықтарының тарих бойында жүріп өткен жолынан мол мәлімет беретін нағыз тарихи дерек көздер ретінде тереңдей зерттелуі қажет.

**Кілт сөздер:** түрік тілі, қазақ тілі, фразеологизм, тарих, мәдениет, халық.

K.S. Kalybaeva<sup>1</sup>, Zh.A. Ospan<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## HISTORICAL CONNECTIONS IN TURKISH AND KAZAKH PHRASEOLOGY

*Abstract*

Historical information about the historical related roots of the native Kazakh and Turkish languages occupy a deep place in the layers of the language. Today, this information is being studied in comparing the compositions of the phraseological structures of both languages from the point of view of cultural science. Thus, it is possible to distinguish the uniqueness, qualities of each Turkic people and mental features, a system of special thinking, the main differences of the two peoples in the mentality. In this article, we consider such extensive information that once formed in the phraseology of two peoples. Language is a mirror of the life of a people. Changes in life and culture also occurred in the language of the people, especially in phraseology, which are the pearls of each language. Consequently, such phraseological units require in-depth study as true historical sources, which provide tremendous information about the historical life of the Turkish and Kazakh peoples.

**Keywords:** Turkish language, Kazakh language, phraseology, history, culture, people.



К.С. Калыбаева<sup>1</sup>, Ж.А. Оспан<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЯЗИ В ТУРЕЦКОЙ И КАЗАХСКОЙ ФРАЗЕОЛОГИИ

### Аннотация

Исторические сведения об исторических связанных корнях родного казахского и турецкого языков занимают глубокое место в слоях языка. Сегодня эти сведения изучаются сравнительно в составе фразеологических структур обоих языков с точки зрения культурологии. Таким образом, можно отличить уникальность, качества каждого тюркского народа и ментальные особенности, систему особого мышления, основные отличия двух народов в менталитете. В этой статье мы рассматриваем о таких обширных сведениях, которые когда-то сложились во фразеологии двух народов. Язык – это зеркало жизни народа. Изменения в быту и культуре происходили и в языке народа, особенно во фразеологии, которые являются жемчугом каждого языка. Следовательно, такие фразеологические единицы требуют глубокого изучения как истинно исторические источники, которые дают огромную информацию об исторической сложившейся жизни турецкого и казахского народов.

**Ключевые слова:** турецкий язык, казахский язык, фразеология, история, культура, народ.

**Кіріспе.** Әр халықтың өзіндік салт-санасы, елдік рухы алдымен оның тілінде таңбалаңады. Этностың өзіндік дүниетанымынан, тұрмыс-салт ерекшелігінен туындаған арнайы сөз қолданыстардың халықтың өткен өмірінде қандай мәні болса, бүгінгі өмір тіршілігіне тигізер пайдасы одан зор. Тамырын сан ғасырлық тарихтан алатын түркілік өркениеттің сабақтастығын, дәстүр жалғастығын анықтауға негіз болатын және сонымен қатар жалпы түркі өркениеті мен түркілік бірегейліктің жанарып, жаңғырып бүгінгі күнге дейін жеткенін дәлелдейтін, соларды өзектендіруге септігін тигізетін әдеби-мәдени, рухани-тарихи атрибуттар мен материалдық құндылықтар қазіргі мемлекеттік құрылымымызда шектеусіз мол. Осындай құндылықтардың қатарында тілде сақталған деректердің де орны ерекше. Яғни тілде ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, дәстүрлер жиынтығы, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері – рухани өмірі көрініс тапқан. Ғылыми ой-тұжырымдардың негізінде халық тілінің еншісі мәдениетпен толығынын, ұлт мәдениеті сол этностың тілінде сақталып, болашаққа аманатталатыны сияқты астарлы ой-пікірлер туындау төркіні тереңде жатыр. Сондай-ақ оның мәдениет тілдің ішкі құрылымдық бөлшегі деп қарастыруы да тіл табиғатын таныта түсумен қатар, жарыққа шығып келе жатқан ғылыми жаңалықтардың шығу тегіне арқау болғаны сөзсіз. Ал, мәдениеттің көне, жаңасын, мәдениеттің арғы-бергі тарихын сөйлетуші де, жеткізуші де тек ана тілдің құдіреті екені әр халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі тілі арқылы өрнектелуінен, мәдениеті тіл арқылы басқа елге танылуынан тіл мен мәдениет арасында ажырағысыз байланыстың торабы бар екенінен көрінеді. Соның негізіндегі адамзаттың дүниені тану мен ойлау арасындағы тәсілінің тіл құрылысының байланыстылығын этнолингвистикалық болжам ретінде баяндаудан туған “Сепир – Уорф болжамы” халықтық тіл мен ұлттық дүниетанымды танудың ғылыми алғышарты іспеттес болғаны – ғылымның жаңа сатыға аяқ басқандығының дәлелі.

**Әдістеме.** Мақалаға қатысты материалдарды іріктеуде түрік және қазақ тіліндегі зоонимдерге қатысты бірқатар зерттеу еңбектері мен сөздіктер негізге алынды. Мақаладағы көптеген деректер М.Қашқари және Көнетүркі сөздігіндегі деректерге сүйене отырып талданды. Және де сол сияқты түрік және қазақ тілдеріндегі зоонимдерге қатысты материалдар сипаттамалы тұрғыдан, қажетіне қарай тарихи салыстырмалы тұрғыдан зерделенді.

**Нәтижелер.** М.Қашқари түркі тілдерінің сөз төркінін зерттегенде оның этимологиясын алдымен сол халықтың мәдениеті ықпал еткен тұрмыс-тіршілігімен байланыстырады. Бұл сайып келгенде, мәдениеттің ұлттық сипатының тілдегі көрінісін, қоршаған дүниені ерекше танып білу, ұлттық рухтың көрініс табуына, яғни тіл адамдардың рухының табиғатын анықтайды. Американдық ғалым Э.Сепир: “Тілдің бір тұғыры бар. Ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан біздің тыныс тіршілігіміз мүлде қабысып кеткен салт-дәстүр мен наным-сенімдерден арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Ол тұрғыдан алғанда тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды деуге болады”, – деп анықтай келе, әр халықтың танымдық ерекшелігі тек тілінің табиғатынан танылатынын көрсетіп, дәлелдейді [1, 286].

**Талқылау.** Яғни, халықтың рухы мен мінез-құлқын танып білуге болатын барлық формалардың көрініс берер жолдарының ішінде – халықтың рухы мен мінез-құлқының ерекшеліктерін бейнелей алатын да, оның құпияларына жол ашатын да тіл ғана. Тек тілдік деректердің негізінде ғана біз бүгінде

территориялық бірлігі жоғалғанына қарамастан түркілік негізін сақтап отырған қазіргі түрік және қазақ тілдеріндегі мәдени-танымдық ортақтықтарды аңғарамыз. Әсіресе, ондай танымдық ортақтықтардың діндегі негізінен фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде жақсы сақталып қалған. Мысалы, түрік тілінде “*kızım sana söylüyogum, gelinim sen dinle*” қазақ халқындағы “қызым саған айтамын, келінім сен тыңда” мәтелімен құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да бірлігін жоғалтпаған. Демек түркілік мәдениетте жаңа түскен келін балаға деген көзқарас бірлігін танимыз.

Тағы бір тілдік дерекке назар аударайық. Әдетте, түрік тілінде *ит* сөзін әдеби тілде көпек сөзі ауыстырғаны белгілі. Ал, қазақ тілінде керісінше *көпек* сөзі әдеби тілдің шеңберінен тыс қалады. Мысалы, қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде көпек сөзіне мынадай түсінік берілген: *КӨПЕК*, 1. (Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз., Ұлан; Қарак.; Түрікм., Красн.) төбет ит. Былтыр біздің дәу бір к ө п е г і м і з бар еді [2, 86].

Елдер мен елдердің, халықтар мен халықтардың соғысып немесе бітісіп, алысып немесе берісіп, бағынып немесе басым болып, байланыстарға түсуінің өзі қолөнер туындыларының атауында да сайрап тұрады. Мәселен, оғыздың сельджук тайпасы Византия империясын құлатып, Константинопольді Ыстамбул атты астана етіп, Османлы сұлтандығын құрғанда Алтай таудан шыққан, Көкбөріден жараған түріктерміз дегенді білдіру үшін оларша көпек, бізше төбет иттің басын металдан құйған теңге ақшаның бетіне бедерлеген көрінеді. Ол кейін орыс елінде *теңгені – деньга, көпегі – копеек* болып кетті. Ал, ит сөзі семалық жағынан түрік тілінде қазақ тіліне қарағанда лексиканың төменгі қабатынан орын алатыны байқалады. Соған қарамастан түрік тіліндегі “*İt ürür kervan уүгүр*” мәтелі де қазақ тіліндегі “*ит үрер, керуен көшер*” мәтелімен мағыналық қана емес, құрылымдық та бірлігін жоғалтпаған. Яғни, қазіргі түрік әдеби тілінде жеке қолданыста жоқ ит сөзі мәтелдің құрамында сақталып отырғанының өзі бұл екі халықтың терең тарихи тамырластығының көрінісі болса керек.

Әсіресе, заман тынысын бойында сақтап қалған сөз маржандары, халық тілінде әбден тұрақталып, екшелген фразеологизмдердің бойынан біз туыстас халықтардың тарихынан, мәдениетінен мол хабар аламыз. Өкінішке орай, туыстас халықтардың фразеологизмдері, соның ішінде түрік және қазақ тілінің фразеологизмдері, бірлі-екілі сөздіктерді атамағанда, әлі күнге жан-жақты салыстырылып зерттелмей келеді. Туыстас қазақ және түрік тілдерінің фразеологизмдерін мәдени қырынан салыстыра зерттеу барысында әр түркі халқының өзіне ғана тән ерекше болмыс-бітімін, қасиеттерін, екі халықтың негізгі менталдық айырмашылықтарын, ерекше ойлау жүйесін, яғни менталитетін ажыратуымызға болады.

Халық тарихындағы мұндай құбылыстар сол халықтың тілдік деректерінде мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде тұрақталып қалады. Себебі тіл – халық өмірінің айнасы. Тұрмыста, мәдениетте пайда болған өзгерістер халықтың тілінде, сөз маржандары – фразеологизмдерінде көрініс тапқан. Сонымен қатар, түркі халықтарының кейінгі тарихи даму жолындағы бастан кешкен оқиғалары, кейінгі күн көріс тәсілі, тұрмысы, орналасқан жер жағдайы барлығы да түркі халықтарының фразеологизмдерінде өлшеусіз ізін қалдырып, өрнегін салған. Содан болар, екі тілде бір мағынада жұмсалатын фразеологизмдер халық танымына сәйкес өзгеше қалыптасқан. Мысалы, түрік және қазақ тілдеріндегі мына фразеологизмдерге назар аударайық:

• “*Kurt kurdu yemez*” (тура аудармасы: *қасқыр қасқырды жемес*) қазақ тіліндегі “*қарға қарғаның көзін шұқымас*”;

• *Aç tavuk kendini buğday ambarında sanır* (тура аудармасы: *аш тауық өзін бидай қамбасында елестетер*) қазақ тіліндегі «*тауықтың түсіне тары кірер*»;

• “*İki karpuz bir koltuğa sığmaz*” (тура мағынасы: *екі қарбыз бір қолтыққа сыймас*) қазақ тіліндегі “*екі қошқардың басы бір қазанға сыймас*” [3, 1116.].

Зерттеушілер тілдік қарым-қатынастың жандана түсуіне қоғамдағы түрлі әлеуметтік, мәдени, экономикалық өзгерістер ерекше әсерін тигізетінін айтады. Қоғам өміріндегі экстра және интралингвистикалық факторлардың нәтижесінде фразеологизмдер сол кезеңдегі орын алған тілдік қарым-қатынастың мәдени, тарихи лингвистикалық ақпараттарын өз бойына сіңіріп, белгілі дәрежеде сақтап қалады. Сөйтіп, тарихтағы қоғамға өзгеріс әкелетін өтпелі кезеңдер тілдің фразеология қорының қалыптасуында өз ізін қалдырады. Мысалы, түрік тіліндегі бірқатар фразеологизмдерден біз сол халықтың тұрмыс салтының әсерін танимыз. Айталық, түрік халқында отбасының қарым-қатынасында ер адамның орны әрқашан жоғары қойылады. Мұнда егер қыз бала әкесінен айрылса, нағашы ағасының тәрбиесіне берілетіндігі жайлы дәстүр бар екен. Осыдан келіп, “*gayret dayıya düştü*” (Тура аудармасы: *күш нағашыға түсті*), яғни, “істі қолынан келетін адамға тапсыр” деген ұғымдағы фразеологизм қалыптасқан.

Қазақ фразеологизмдерінде балық сөзінің аз кездесуінің мәнісі **балық** тағам ретінде қазақтың ұлттық ас мәзірі үшін тек белгілі бір ареалдарда болмаса кеңінен таралмаған. Осыған қатысты балық атаулары

тек диалектілік фразеологизмдерде ғана кездесуі мүмкін. Ал, түрік тілінде балық атауы фразеологизмдерде біршама жиі қолданылуы бұл халықтың тұрмыс-тіршілігінде балық шаруашылығының орны бар екендігінен хабар береді. Айталық түрік тілінде әдемі әйелді “*balık eli*” десе, істің мәнісіне жету *дегенді “balığın bel kemiğini”* деп келтіреді. Сол сияқты “*Kırk senelik balığa yüzme öğretme*” қырық жылдық балықты үйретпес болар делінеді [3, 1116.].

Қазақ тілінде “*балық басынан шіриді*” фразеологизмі кең қолданылады. Бір қызығы бұл оралым түрік тілінде де **Balık baştan kokar** түрінде сақталған. Айталық, қазақ тіліндегі “өгіз бұзаулағанда”, яғни ешқашан орындалмайтын іс деген ұғымды түрік халқы өз тұрмысында жиі қолданылатын балық ұғымымен байланыстырып **Balık kavağa çıktığı zamanda** (*балық терекке шыққанда*) деп келтіреді. Қазақ жырларында “*қарағайдың басына шортан шығар*”, яғни ақырзаман болар деген мағынада ертеден ақ қолданылған. Мысалы:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,  
Заман азып, заң түзіп жаман болар.  
Қарағайдың басына шортан шығып,  
Балалардың дәурені тамам болар [4, 1116.].

Бұл бір жағынан әрине Асан қайғы жырындағы “ақырзаман” ұғымын берсе, атаулы түрік тіліндегі оралым осы жырдан келіп қалыптасуы да мүмкін деген ой туады.

Жалпы түркі лексикасында мал атауларына байланысты лексиканың түркі тілдерінің сөздік қорындағы алар орны үлкен маңызға ие екендігі лингвистикада жан-жақты тәуір зерттелген. Әсіресе, бар ғұмырын малмен байланыстырып келген түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқының өмірінде малдың рөлі ерекше еді. Соның өзінде қазақ және түрік халықтары танымында үй жануарларының рөлі бір деңгейден бағаланбайтындығы еріксіз таңқалдырады. Айталық, қазақ *есек* малын тек мініске пайдаланады да, еті харам деп санайды. Содан болу керек, *есек* малын ешқашан үйде ұстайтын басқа жануарлармен тең қоймайды. Құран хадисте *есектің* еті харам деп көрсетілгендігі қазақ танымына қатты әсер еткен болса керек, бұл малды “топас”, “харам”, сүйкімсіз жануар ретінде бағалайды. Фразеологизмдердің құрамында да *есек* малы әрқашан топас, надан адамды бейнелеуде қолданылады. Түсінігі жоқ, топас адамды *есекке* теңесе, ақымақ адамды “*есектің миын жеген*” деп кемсітеді. Ал, түрік халқы Европалық мәдениеттің үлгісін қабылдағандықтан болса керек, бүкіл үй жануарларын бір деңгейден қарайтын сияқты. Мысалы, сұлу қыздың көзін *eşek gözli* “*есек көзді*” деп сипаттауы қазақ үшін қабылданбайтын дүние. Міне, түрік халық жырларындағы сұлу қыздың көздерінің әдемілігіне арналған мына бір шумақта осы бір қолданысты көреміз:

Oy benim eşek gözlerine kurban olduğum  
Ne de güzel bakıyorsun oy sürmeli sürmeli  
Şimdi bana çok kızacaksın seni bilmezmiyim  
Kötü niyetle söylemedim vallahi billahi

Dünya'nın en güzel gözleri eşeklerdedir,  
Sana ettiğim onca iltifat hep bu nedenledir [5].

Ал, түрік тілінде “*Kadı olmayan yerde keçiye Evliya Çelebi derler*”, яғни қазақ тілінде “ит жоқ жерде шошқа үрер” оралымының мағынасымен сәйкес келеді. Бұл XVII ғасырдағы Осман империясы тұсындағы өте беделді болған саяхатшы, тарихшы азматтың есімімен байланысты қалыптасқан.

Тарихта болған жеке тұлғалардың есімі де кейбір фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болған. Мысалы, түрік тілінде “*Ahfeşin keçisi gibi başını sallamak*”, яғни түрік халқының тарихында болған Ахфеш атты ұстаздың есімімен байланысты қалыптасқан оралымда сол ұстаздың қылығы сақталған. Ахфеш ұстаздың сабағы өте қиын, шәкірттерге түсініксіз болса керек, сабағына ешкім бармай қойыпты. Алайда, Ахфеш ұстаз өз ісіне соншалық адал болса керек, шәкірттердің орнына басына жіп байлау арқылы мақұлдатын ешкіні отырғызып, сабақ өтіп жүріпті. Кейіннен ешкі жіпсіз-ақ басын шұлғитын болыпты делінеді халық жадындағы әңгімелерде. Сол секілді “**Meydan dayağından geçmek**” фразеологизмінде де тарихта болған жазалаудың ізі сақталған. Түрік халқының тарихында жазалы болған адамды таяқпен сабалап, ел аралатып алып жүретін дәстүр болған екен.

Көптеген түрік-қазақ фразеологизмдеріндегі бірлік туыстас екі халыққа да тән ислам дінінен бастау алады. Мысалы түрік тіліндегі “*doğru yoldan ауғılmamak*” қазақ тілінде “тура жолдан таю” фразеологизмдерінің қалыптасуына Құрандағы Алланың көрсеткен жолымен жүру деген ой негіз болған. “Allah acısın”, алла аясын немесе, қазақ тілінде негізінен әркімді құдай аясын деп келеді. Мысалы, түрік

тілінде “*insan eti yemek*” тікелей құран жолдарынан қалыптасқан. Яғни құранның 12 аятының 49-сүресінде “бір-бірінді сыртыңнан сөз етпеңдер. Бірің өлген бауырыңның етін жейсің бе? Ол қандай жиіркенішті. Ендеше Алладан қорқыңдар” делінген.

Жолы болғыш, бақытты адамды түрік халқы “*Anası (onu) kadir gecesi doğurmuş*”, яғни Алладан Мұхаммед пайғамбарға құран түсірілген күні туылған десе, “*Dinden imandan çıkarmak*” деп әбденесінен ауысқан, Алла жолынан тайған адамды айтады. Егер жасы келген реңді әйелдің сұлулығын айтқысы келсе де, халық тіліне мешіттің әдемілігі оралады: *camî yıkılmış, ama mihrabı yerinde*. Мұсылман діні әлемді білім тарату арқылы жаулағаны белгілі. Содан болар мұсылман санасында ең білімді, білгір адам имам деп есептеледі. Оның көрінісі де түрік фразеологиясында көрініс тапқан. Мысалы, қазақ тіліндегі “сүрінбейтін тұяқ жоқ”, яғни шатаспайтын пенде жоқ ұғымы “*İmam bile okurken yanılır*” деп түсіндіріледі пиф.

Дегенмен туыстас түрік және қазақ халықтарының фразеологизмдерінің қалыптасуында дифференциалаушы деректер де аз емес. Ол әрине екі халықтың тарих жолындағы ерекшеліктерімен байланыста өрбіген. Мысалы, “*Damokles’in kılıcı*” грек мифологиясының әсерінен туындаған. Грек мифологиясындағы Дионисий патшаның өміріне қызыққан Домоклдің бір күн патша орнына отырып, үстіне түсейін деп тұрған қылышты көргендегі үрейі бейнеленген. Яғни патшаның өмірі әрқашан қыл үстінде тұрады деген ұғымнан келіп туындаған оралым.

Түркия елінің жан-жағы теңіз. Соның ішінде Қара теңіздің халық өмірінде ролі зор. Оны тұрақты тіркестерден де байқаймыз. Мысалы, *Karadeniz fırtına, al pırtını sırtına*, “теңізде дауыл, тез жинал” деген мағынада қолданылса, “*Karadeniz’de gemilerin mi battı?*” Тура мағынасындағы аудармасы, Қара теңізге кемең батып кетті ме, яғни, “не болды соншама уайымдап, неге сонша уайымдайсың?” деген мағынада жұмсалады екен.

**Қорытынды.** Қорыта келе айтарымыз, түбі бір түркі халықтарының бірлесіп өмір сүрген дәуірдегі рухани мәдениеті ортақ болып келді де, кейінгі тарихи даму кезеңдері туыстас әр халықтың мәдени таным-түсінігі арасында елеулі айырмашылықтар қалыптастырды. Сөз жоқ, мұндай айырмашылықтар түркі халықтарының бастан өткерген толып жатқан экстралингвистикалық факторлармен тығыз байланыста өрбіген. Бұл мәселелер келешекте жүйелі түрде салыстырыла отырып арнайы зерттелуі қажет деп ойлаймыз.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сепир Э. *Избранные труды по языкознанию и культурологии*. – Москва, 1993. – 656 с.
2. *Диалектологиялық сөздік. «Арыс» баспасы, 2007.*
3. *Türkçe Deyimler Sözlüğü. İstanbul, 1998.*
4. Халид Қ. *Таярих хамса*. – Алматы. 2000.
5. <https://eksisozluk.com/karadenizde-gemilerin-mi-batti>.

МРНТИ 16.21.43

Т.Қалибекұлы<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## ҚЫТАЙ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ БАСТАУЫШ-БАЯНДАУЫШТЫ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі қытай тілі сияқты сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің табиғатына тән елеулі өзгешелік болып табылады. Мақалада қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері, жасалу жолдары мен мағыналары, синтаксистік қызметі, т.б. көрсетілді. Олар: бастауыш пен баяндауыш орын тәртібі арқылы байланысады; синтаксистік қызметі – сөйлемнің әр түрлі мүшесі бола алады; сөз тіркесі сыңарларының орны тұрақты – бастауыш алдында, баяндауыш соңында тұрады. Мұндай тіркестердің соңынан тыныс белгілері қойылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Сөз түрлендіруші формаларға бай қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың (әсіресе, егістіктердің) жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болатындықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды.

**Кілт сөздер:** қытай тілі, сөз тіркесі, предикативті тіркес, құрылымдық модель, синтаксистік қызмет.

T. Kalibekuly<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
Almaty, Kazakhstan

## STRUCTURAL AND SEMANTIC FEATURES OF THE SUBJECT-PREDICATE PHRASE IN CHINESE LANGUAGE

*Abstract*

The subject-predicate construct is a distinct feature of the languages such as Chinese which has very small forms of morphological change. This article discusses the features of the subject-predicate construct in the Chinese language, the ways of their creation and meaning as well as their syntactic function and etc. In the manner of relation, it has a standard word order and is formed in the subject-predicate relations; in terms of syntactic function, it may serve as different parts of a sentence. The order of the two constituents is fixed together with the subject preceding the predicate. The subject-predicate construct being used together with particles, or conjunctions and intonations, may constitute a separate sentence. In the Kazakh language, which has many word-formative forms, there are grammatical forms as tenses, forms, plurals and mood, therefore such constructs can be considered as a whole sentence, but not a word combination (phrase).

**Keywords:** the Chinese language, phrase, subject-predicate construct, structural model, syntactic functions.

Т.Калибекулы<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан

## СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СУБЪЕКТНО-ПРЕДИКАТНАЯ СЛОВСОЧЕТАНИЕ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

*Аннотация*

Субъектно-предикативные словосочетания являются очень важной особенностью таких языков, как, к примеру, китайский, с очень малыми формами морфологических изменений. В статье рассматриваются особенности синтаксических функций, и способы образования, и значение субъектно-предикативных словосочетаний в китайском языке. Они образуют связь посредством порядка слов; синтаксическая функция: могут выступать в качестве всех частей предложения; порядок двух составляющих фиксирован, субъект ставится перед предикатом. Если такие словосочетания употребляются вместе со служебными словами, которые дают эмоциональную окраску, то субъектно-предикативные словосочетания могут выступать в качестве самостоятельного предложения. В казахском языке, богатом примерами словообразовательных форм, есть грамматические формы в виде времен, форм, множественного числа и настроения, поэтому данные словосочетания являются целыми предложениями, а не словосочетанием.

**Ключевые слова:** китайский язык, словосочетание, субъектно-предикатная конструкция, структурная модель, синтаксические функции.

**Кіріспе.** Қытай тіліндегі сөз тіркесі синтаксисінің зерттелу тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. 1-кезеңде (1920-1950 жж.) сөз тіркесі арнайы қарастырылмай, тек оқу құралдары шеңберінде ғана айтылып келді. Қытай тіліндегі сөз тіркесіне қатысты анықтама ағылшын тілінің дәстүрлі грамматикасындағы теорияларға негізделіп, сол тұрғыдан берілді. Қытай тілінің ішкі ерекшеліктеріне айтарлықтай назар аударылмады. 2-кезеңде (1950-1978 жж.) сөз тіркесінің өзіндік белгілері нақтыланып, басқа тілдік бірліктерден – сөз, сөйлемдерден ерекшеліктері айқындалып, сөз тіркесінің түрлері, байланысу тәсілдері, құрылымы тереңірек зерттеле бастады. Сөз тіркесін зерттеуде олардың құрылымдық ерекшеліктеріне көп көңіл бөлінді. Сондай-ақ, толық мағыналы сөздердің өзара тіркесі “цзыу” 词组, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі “құрылым” 结构 деген терминдермен аталып, өзара саралануы да осы кезеңнің үлесінде. Қытай тілін зерттеуші орыс мамандары сөз тіркесінің табиғатын орыс тілі теориясының негізінде түсіндірді. Қытай тілі сөз тіркестерінің өз ерекшеліктеріне сай зерттеле бастауы 3-кезеңге (1978 ж. бүгінге дейін) сәйкес келеді. Осы кезеңде сөз тіркесіне қатысты “цзыу” 词组 термині “дуанюй” 短语 терминімен алмастырылды. Сөз тіркесін құрылымдық тұрғыдан талдау қос бөлшектер әдісімен (immediate constituents analysis) жүргізілді. Сөз тіркесі деп тануда олардың функциясы негізге алынды.

Толық мағыналы екі сөздің тіркесі де, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі де синтаксистік сөз тіркесі деп танылды. Сөйтіп, сөз тіркестерінің аясы кеңейді.

**Әдістеме.** 1981 жылы Харбинь қаласында бүкілқытайлық “Грамматика және грамматиканы оқыту” атты тақырыпта ғылыми айтыс өтеді. Осы кеңесте көтерілген өзекті мәселелердің бірі – 1956 жылы жарияланып, бүкіл қытай бойынша қолданылып келе жатқан “Уақытша жасалған қытай тілінің мектеп грамматикасы жүйесіне” өзгертулер мен толықтырулар енгізу. Сонымен қатар осы көтерілген мәселелер “Қытай тіл-әдебиеті” журналының 1981 жылы №6 санында және басқа да ғылыми журналдарда жарияланды. Чжан Чжигон (张志公) бастаған ғалымдардың екі жылдық жан-жақты талқылауы нәтижесінде 1984 жылы “Орта мектепке арналған мектеп грамматикасы жүйесінің бағдарламасы” (中学教学语法系统提要) ресми түрде жарияланды. Аталмыш бағдарламада сөз тіркесіне ерекше мән берілген. Бағдарламада Люй Шусян (吕叔湘) мен Чжан Чжигонның сөз тіркестері жөніндегі көзқарастары басшылыққа алынып, 词组 “цзызу” деген термин қалдырылып, оның орнына “дуанюй” 短语 деген термин қолданылады (“дуанюй” деген термин жалпы ағылшын тіліндегі “phrase”-дан аударылған). Аталған бағдарламада негізгі сөздер мен негізгі сөздердің тіркесі, негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі де сөз тіркесінің қатарында қаралады. Сондай-ақ, аталмыш бағдарламада сөз тіркестерінің функцияларына қарай түрлері жан-жақты қарастырылады. Сөз тіркестерінің сөйлем мүшелері бола алатындығы айтылады.

Қытай тілінің ең басты ерекшеліктерінің бірі – сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылымдық жағынан ұқсастығы. Бағдарламада осы ерекшелік ескеріліп, сөйлем мүшелері сөз тіркесінің құрамында қарастырылды. Анықтауыш есімді сөз тіркесінің құрамында; пысықтауыш, толықтырғыш, толықтауыштар етістікті сөз тіркесінің құрамында; бастауыш пен баяндауыш бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамында қарастырылады. Сөйлем мүшелерін сөз тіркесінің құрамында қарастыру – сөз түрлендіруші формалары өте аз қытай тілі үшін өте тиімді болмақ. Сөйлемдерді талдауда қос бөлшектер әдісі қолданылды. Бұл бағдарлама қазірге дейін өзгеріссіз қолданылып келеді.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі синтаксисінің өзіндік табиғаты айқындалып, зерттеу нысаны, әдіс-тәсілдері белгіленген. Зерттеушілердің арасындағы талас мәселе – салаласа байланысқан сөздердің сөз тіркесі бола алуы немесе сөз тіркесін құрай алмайтындығы. Қытай тілінде салаласа байланысқан сөздер еркін сөз тіркестері деп қарастырылады. Бұл мәселе жөнінде қазақ тіл білімінде екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірі – сөз тіркесі синтаксисінде, екіншісі – жай сөйлем синтаксисінде қарастыру.

**Нәтижелер және талқылау.** Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесі синтаксисінің қалыптасуы кезеңі елуінші жылдардан басталады. Қазақ тілінің сөз тіркесінің жеке категория болып қалыптасуы М.Балақаевтің есімімен тікелей байланысты. Ал қытай тілінің сөз тіркесі Ма Цзяньчжунның (马建忠) «马氏文通» деген еңбегінен бастап, қытай тілі жөнінде жазылған еңбектерде айтыла бастады. Қытай тілінің сөз тіркесін зерттеуші ғалымдар сөз тіркесі ұғымның мәнін әр түрлі түсіндіріп, өздерінше тұжырым жасап келді. Сондықтан да сөз тіркесін зерттеуде бір ізге түспеген даулы мәселелер болды. Соңғы кезде қытай тіліндегі сөз тіркесін зерттеу мен оны оқытудың әдістемесі жан-жақты қолға алына бастады. “Орта мектепке арналған мектеп грамматикасы жүйесінің бағдарламасында” сөз тіркесіне ерекше мән берілген. Н.Хомскийдің сөз тіркесінің құрылымдық заңдылықтарын өзінің грамматика теориясының негізі етіп, “Трансформациялы-генеративті грамматика” деген еңбегін жазғаны сияқты, “Бағдарламаның” үштен бір бөлігінде сөз тіркесінің құрылымдық заңдылықтары баяндалып, қазіргі қытай тілінің грамматикалық жүйесі кең масштабта қарастырылған.

Чжан Чжигон (张志公) қытай тіліндегі сөз тіркесінің маңыздылығы туралы: “...қытай тілі сөз түрлендіруші формалары дамыған тілдердің қатарына жатпайды, сөздер бір-бірімен сөз түрлендіруші формалар арқылы байланыспайды. Толық мағыналы сөздер, әсіресе, зат есім, етістік, сын есімдердің грамматикалық қызметтері алуан түрлі, тіркесу қабілеті өте күшті, осы үш түрлі сөз таптары лексиканың басым бөлігін құрайды. Сөз түрлендіруші формалары дамыған тілдермен салыстырғанда, қытай тілінде сөздердің бір-бірімен тіркесуі өте еркін, сондықтан сөз тіркесінің модельдері де өте көп. Қытай тіліндегі сөйлемдердің басым көпшілігі сөз тіркестерінен құралған, сондықтан да сөз тіркесі өте маңызды. Сөз тіркесінің құрылысын, қызметін, сөздердің бір-бірімен тіркесу барысындағы кейбір мәселелерін дұрыс түсінсек, онда қытай тілі синтаксисінің негізін меңгерген боламыз...” (Чжан Чжигон 张志公, 1982: 16). Чжу Дэси (朱德熙): “Үндіеуропа тілдерінде сөйлемнің құрылымы мен сөз тіркестерінің құрылымында елеулі айырмашылықтар бар, ал қытай тілінде сөйлем құрылымы мен сөз тіркестерінің құрылымы негізінен ұқсас болып келеді. Егер біз әр түрлі сөз тіркестерінің құрылысы мен қызметтерін анық, жан-жақты

сипаттасак, онда сөйлемнің де құрылымдық заңдылықтарын айқын сипаттап берген боламыз” (Чжу Дэси 朱德熙, 1985: 2).

Ал бұл қытай тілінің сөз тіркестері үндіеуропа тілдерінің сөз тіркесіне қарағанда анағұрлым маңызды екендігін көрсетсе керек.

*Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мен қазақ тіліндегі предикативті тіркес.* Қытай тілінде де, қазақ тілінде де предикативті тіркестер болғанымен, олардың елеулі өзгешеліктері бар. Қазіргі кезде қытай тіліндегі предикативті тіркес, яғни бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мектеп грамматикасында болсын, академиялық грамматикада болсын еркін сөз тіркесінің қатарында қаралады.

Қытай тілінде ертеде жарық көрген еңбектерде, яғни 1920-1940 жылдардың арасында жарияланған еңбектерде предикативті тіркестер сөз тіркестерінің қатарында қаралмаған. Бұл – ағылшын тілі грамматикасына негізделуден болса керек. Ли Цзинсидің (黎锦熙, 1925) “Жанаша жазылған қытай тілінің грамматикасы” (新著国语文法) деген еңбегінде сөз тіркесіне берілген анықтама ағылшын тілінің дәстүрлі грамматикасының ережелеріне негізделген. Ағылшын тілінің дәстүрлі грамматика оқулықтарында сөйлем мен сөз тіркесіне берілген анықтама: “Бастауыш пен баяндауышы бар сөздер тобы сөйлем, бастауыш пен баяндауышы жоқ сөздер тобы сөз тіркесі делінеді”. Автор қытай тіліндегі предикативті тіркесті ағылшын тіліндегі clause-бен пара-пар қояды.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің жеке сөз тіркесі болып берілуі Люй Шусяньның (吕叔湘, 1942) есімімен тікелей байланысты. Оның “Қытай грамматикасының қысқаша очеркі” (中国语法要略) деген еңбегінде: “...тіркесу байланысы (тіркесу байланысы деген предикативті қатынас – Т.Қ) арқылы тіркескен сөздер тобы кейде (сөйлемнің ішінде) дербес сөйлем бола алмайды, мысалы, 你见过牛奔吗 [Ni jianguo niu ben ma] (Сен сиырдың жүгіргенін көріп пе едің), бұл арада 牛(сиыр) мен 奔(жүгіру) сөзінің арасында тіркесу байланысы (предикаттық қатынас – Т.Қ) болады, 牛奔(сиыр жүгіру) әдетте, дербес сөйлем бола алады, алайда бұл жерде дербес сөйлем бола алмайды. Міне, осындай құрылымдарды біз 词结 “цзе” деп атаймыз” деп көрсетеді (Люй Шусян 吕叔湘, 2014: 23). Бұл – қазір айтылып жүрген бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі. Міне, сол кезден бүгінге дейінгі қытай тілі жайлы еңбектерде предикативті тіркес еркін сөз тіркестерінің қатарында қарастырылып келеді.

Гао Минкай (高名凯) 庆祝中国解放 [qingzhu Zhongguo jiefang] *Қытайдың тәуелсіздік алуын құттықтау.* (Сөзбе-сөз: құттықтау Қытай тәуелсіздік алу) сияқты сөйлемнің құрамындағы 中国解放 деген предикативті тіркесті сөз тіркесі деп танымайды. Оған дәлелі: “сөйлемнің ерекшелігі – бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі” (Гао Минкай 高名凯, 2011: 222). Гао Минкай А.А. Шахматовтың ізімен сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері сөз тіркесі, ал тұрлаулы мүшелері сөз тіркесі болмайды деп қарайды. Бұл пікірге келісу қиын. Сөйлемдердің бәрі бірдей бастауыш-баяндауыштық құрылымды үлгіде жасала бермейді. Қытай тіліндегі жай сөйлемдер құрылысына қарай, алдымен, бастауыш-баяндауыштық құрылымды сөйлем (主谓句) және бастауыш-баяндауыштық құрылымды емес сөйлемдер (非主谓句) болып екі үлкен топқа бөлінеді. Қытай тілінде бастауыш-баяндауыштық құрылымды емес сөйлемдер көп кездеседі. Сондай-ақ, мұндай сөйлемдердің болуы – қытай тілінің грамматикалық құрылысына тән өзгеше құбылыс. Жай сөйлемнің ішінде бастауыш пен баяндауышты тауып алуға болмайтын сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер деп аталады. Бұл сөйлемдер бастауыш-баяндауышты тіркестерден басқа сөз тіркестерінен, я жалаң сөздерден жасалады. Қытай тілінің дәстүрлі грамматикасында бұл сөйлемдер екі түрге бөлінеді. Бірі – жақсыз сөйлем, екіншісі – атаулы сөйлем. Жақсыз сөйлем – бастауышы жоқ сөйлемдер. Мысалы, 出太阳了 [Chu taiyang le] *Күн шықты.* 上课了 [Shangke le] *Сабақ басталды.* Ілгерідегі жақсыз сөйлемдерге бастауышты қосуға мүлде болмайды. Ескеретін бір жай, олар қазақ тіліне аударылғанда, бастауыш-баяндауыштық құрылымды сөйлемге өзгеріп кетеді. Атаулы сөйлем бір ғана сөзден (басым көпшілігі зат есімдерден) я зат есімді сабақтаса байланысқан сөз тіркесінен жасалады. Атаулы сөйлем контекст пен жағдаятқа қатысты қолданылғанда, кенеттен пайда болған заттар мен құбылыстарды, т.б. білдіреді. Мысалы: 飞机! [fei ji] *Ұшақ!* (кенеттен көрінген затты білдіреді). 多么美丽的山啊! [Duome meili de shan a] *Қандай көркем тау десеңізші!* (эмоцияны білдіреді). 什么? [shenme] *Немене?* (сұрақты білдіреді), 先生! [xiansheng] *Мырза!* (дербес қаратпа), 喂! [wei] *Алло!* 谢谢! [xiexie] *Рақмет!* т.б. Орыс тіл білімінде жоғарыдағы *Немене? Алло! Рақмет! Мырза!* деген мысалдарды сөйлемнің қатарына емес, айтылымдардың (высказывания) түрлеріне жатқызады. Олар сөйлемге ұқсап айтылғанымен, сөйлем бола алмайды, өйткені оларға “бастауыш-баяндауыштық құрылым тән емес”.

Ескере кетер жайт, қытай тіліндегі атаулы сөйлемдер мен қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдерді бір тұрғыдан қарауға келмейді. Қытай тіліндегі атаулы сөйлемдер бастауыш-баяндауышты тіркестерден басқа, сөз тіркестерінен не жалаң сөздерден жасалады. Олар контекст мен жағдаятқа қатысты қолданылғанда, атаулы сөйлем бола алады. “Қазақ тілінде кез келген сөздердің тіркесі атаулы сөйлем бола алмайды. Атаулы сөйлем болу үшін оның айтылар оқиғаға қатысы болуы керек және өзінен кейін тұрған атаулы емес сөйлеммен сабақтас, мәндес болуы қажет. Атаулы емес сөйлемдер атаулы сөйлемнің мәнін ашып тұрады...” (Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағыманов, 1997: 10). Сонымен қатар, қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдер сөз тіркесіне талданбайды.

“Қытай тілінің өзге тілдерден, мысалы, сөз түрлендіруші формаларға бай қазақ тілінен елеулі өзгешеліктерінің бірі сөйлем құрылымы мен сөз тіркесі құрылымы негізінен ұқсас болып келеді. Мейлі морфемалардан сөздердің жасалуы болсын, сөздерден сөз тіркесінің жасалуы болсын, сөз немесе сөз тіркесінен сөйлемнің құралуы болсын, барлығында бастауыш-баяндауыштық, баяндауыш-толықтауыштық, баяндауыш-толықтырғыштық, бағыныңқы-басыңқылық, салаластық деп аталатын бес түрлі грамматикалық құрылымдық байланыс болады. Мысалы, 地震 (жер сілкіну) деген сөз де, 身体好 (дені сау, денсаулығы жақсы) деген сөз тіркесі де, 春天来了 (Көктем келді) деген сөйлем де – бастауыш-баяндауыштық құрылым” (Т.Қалибекұлы, 2018: 8). Қытай тілінде бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі сөзге де, сөз тіркесіне де, сөйлемге де тән құбылыс болып табылады.

Қытай тілінде бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мектепке және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда толығымен қолдау тауып отыр. Сондай-ақ, академиялық грамматикаларда да еркін сөз тіркесінің қатарында қаралып жүр.

Біздің пікірімізше, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі қытай тілі сияқты сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің табиғатына тән елеулі өзгешелік болып табылады. Ал сөз түрлендіруші формаларға бай тілдерде, мысалы, қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың (әсіресе, етістіктердің) жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болатындықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды. Сондай-ақ, бастауыш пен баяндауыш жіктік жалғаулары негізінде құралып, субъектілік-предикаттық қатынаста жұмсалатындықтан, сөз тіркесінің емес, сөйлемнің нысанына жатады.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш пен баяндауыштарды бір-бірімен байланыстыратын жіктік жалғаулар жоқ, олар тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан тыныс белгілері қойылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады.

Қазақ тілінде предикативті қатынас негізінде жасалған тіркестерді сөз тіркестерінің қатарына жатқызамыз ба, әлде сөйлемнің қатарына жатқызамыз ба деген сұраққа әр түрлі жауап алуға болады. Сөз тіркесі мен сөйлемді бір-бірінен ажырата білу түркі тілдері, оның бірі қазақ тілінде өте күрделі мәселе болып табылады. Бірқатар ғалымдар сөйлем аяқталған ойды білдіреді де, сөз тіркесі ондай қасиетке ие емес деген қағидаға сүйеніп, бастауыш пен баяндауыштың байланысын тек сөйлемнің нысаны деп қарайды. Мысалы, Н.А. Баскаковтың пікірінше, *атқа мінді* деген сөйлем, ал *атқа мінген, атқа мініп* дегендер сөз тіркесі. Бұл жайында М.Балақаев жоғары оқу орындарына арнап жазған “Қазіргі қазақ тілі” атты оқулығында былай дейді: “Сөйлемді сөйлемдік қасиеттеріне қарап, сөз тіркестерін де өзіндік қасиеттеріне қарап танып, мысалы, *жазық дала* дегенді сөз тіркесі деп танысақ, *атқа мінді* дегенді әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау керек” (М.Балақаев, 1992: 25). Бірақ К.Аханов бұл айтылған пікірді теріске шығара келіп, “Бұлайша, бір ғана құбылысты (*атқа мінді*) әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау сөйлем мен сөз тіркесінің жігін ажыратпауға, оларды бір-бірімен араластырып жіберуге әкеп соғады” деп жазады (К.Аханов, 1996: 192–193). Бұл құбылысты Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағымановтар былай түсіндіреді: “*атқа мінді* деген сөйлем емес, сөз тіркесі. Өйткені мұнда сөйлемге тән бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі жоқ, меңгерудің бағыныңқы байланысына тән тәуелді, бағынышты септік бар, ол барыс жалғаулы сөз, яғни *ат* деген сөз *мін* етістігінің лексика-грамматикалық мағынасына орай барыс септігінің *-қа* жалғауын қабылдап тұр. *Атқа мінді* дегеннің сөйлем сияқты көрініп тұрған белгісі *мінді* етістігінің тұлғасына байланысты...” (Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағыманов, 1997: 9).

Біздің ойымызша, сөйлемді тек бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгімен ғана шектеу бір жақты пікір сияқты. Сөйлемнің барлығы бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгіде келе бермейді. Жақсыз сөйлемдер мен атаулы сөйлемдерді қандай принциптерге сүйеніп, сөйлемге жатқызамыз? *Атқа мінді* дегенде бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі жоқ болғанымен, бірақ онда сөйлемге тән предикативтіктің өзі бар.



“Жалпы кеңестік тіл білімінің, соның ішінде түркі елдері тіл білімінің де, ол дәуірдегі дамуы орыс тіл білімімен тікелей байланысты болғаны белгілі. Бұл үрдіс әсіресе 50 жылдардан бастап кең қанат жая бастады” (Қ.Ш. Балабекова, 2018: 33). Қытайдағы қазақ және ұйғыр тіл білімі де қытай тіл білімімен тікелей байланысты. Кейбір қытайлық ғалымдар қазақ және ұйғыр тілдеріндегі сөз тіркесінің заңдылықтарын қытай тіл білімінің теориясына сүйене отырып түсіндіреді. Мысалы, түркітанушы ғалым Гэн Шиминь (耿世民) предикаттық қатынас негізінде жасалған сөздердің тіркесін сөз тіркестерінің қатарына жатқызады. Предикативті сөз тіркесінің құрамындағы сөздер предикаттық қатынас негізінде байланыс-ды дей келе, *малы көп (адам), санасы жоғары (адам), өнеркәсібі дамыған (мемлекет)* деген мысалдарды келтірумен ғана шектеледі (Гэн Шиминь 耿世民, 1989: 227). Чэнь Яньян (陈燕燕) “Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы” деген еңбегінде қытай тілінде де, қазақ тілінде де бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі бар дей келе, бұған дәлел ретінде мынадай үш мысалды келтіруден ары аспайды: *图像清晰 сурет анық, 罪恶昭著 қылмысы әйгілі, 眼光远大 көз аясы кең* (Чэнь Яньян 陈燕燕, 1986: 213).

Қытайдағы ұйғыр тілін зерттеушілер предикаттық қатынас негізінде жасалған тіркесті еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқызады. Мысалы, Ван Синьцзянь (王杏涧) ұйғыр тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің екі түрлі формасы бар деп көрсетеді: бірі – бастауыш-баяндауышты сөйлемді жасайтын бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі, екіншісі – жай сөйлемнің ішінде сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (Ван Синьцзянь 王杏涧, 1988: 41-45).

Гэн Шиминь бастаған қытай ғалымдары қазақ және ұйғыр тілдеріндегі предикаттық қатынас негізінде жасалған сөздер тіркесін еркін сөз тіркестерінің қатарына жатқызу себебі неде деген сұрақ тууы мүмкін. Мұның себебін қытай тіл білімінде қалыптасқан екі түрлі көзқарастың орын алуымен түсіндіруге болатын сияқты: 1) қытай тілінде бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі еркін сөз тіркестерінің қатарында қаралады. Бұл сөз тіркесі сөйлемнің ішінде әр түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады; 2) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан тыныс белгілері қойылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Яғни қазақ және ұйғыр тілдеріне тән грамматикалық заңдылықтар қытай тілінің грамматикалық заңдылықтарына үйлестіріле баяндалған.

Біз Гэн Шиминь, Чэнь Яньяндардың пікірлерін құптамаймыз. Өйткені олардың ілгеріде көрсеткен бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі – қазақ тіл білімінде бұрыннан айтылып келе жатқан үйірлі мүшелер, оның ішінде үйірлі анықтауыштар. Ван Синьцзяньның бастауыш-баяндауыштық сөйлемді жасайтын бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі деп отырғаны – бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлем, ал екіншісі – үйірлі мүшелер. Біздің пікірімізше, қазақ тіліндегі үйірлі мүшелер мен қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесін бір-бірімен шатастырмау керек. Әр тіл өз ерекшелігіне сай зерттелу керек деген қағидаға бойұсыну қажет. Әр тілдің өзіндік құрылымдық ерекшелігіне сай грамматикасында да айтарлықтай өзіне ғана тән ерекшеліктерінің болуы заңды құбылыс болып табылады.

*Бастауыш-баяндауышты сөз тіркестерінің ерекшеліктері.* Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі бастауыш және баяндауыш деп аталатын екі мүшеден құралады. Бастауыш пен баяндауыш арасында предикаттық қатынас болады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш пен баяндауышты бір-бірімен байланыстыратын жалғаулар жоқ, олар тек орын тәртібі арқылы байланысады. Мысалы, *水平高 [shuiping gao] деңгей-і жоғары, 头发黑 [toufa hei] шаш-ы қара, 阿依古丽说 [Ayiguli shuo] Айгүл айту, 他们来 [tamen lai] олар келу.*

“Ілгерідегі сөз тіркестерінің алдыңғы екеуі “зат есім—сын есім” болып құралған тіркестер, олар қазақ тіліндегі үйірлі анықтауыштармен сәйкес келеді, ал соңғы екеуі “субъектіге қатысты зат есім—етістік”, “есімдік—етістік” болып құралған тіркестер, олар қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемдермен сәйкес келеді” (Т.Қалибекұлы, 2004: 80).

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің ең басты грамматикалық ерекшеліктері мынадай:

1) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан тыныс белгілері қойылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеулік шылаулар қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Мысалы: *你去吗? [Ni qu ma] Сен барасың ба? 她们来了。 [Tamen lai le] Олар келді. 她聪明。 [Ta songming] Ол ақылды;* 2) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің әр түрлі мүшесі бола алады; 3) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің бастауышы алдында, баяндауышы соңында тұрады, олардың орындарын ауыстыруға болмайды.

В.И. Горелов: “Предметно-качественные (субстантивно-кваликативные) словосочетания, выражающие отношения органиченной (частичной) квалификации предмета: 脾气古怪的老头儿 *píqì gūguai d laotou* *чудаковатый старик* (нрав странный – старик), 品行端正的人 *pínxíng duānzhèng d rén* *добропорядочный человек* (поведение пристойное – человек), 身材中等的男子 *shēncái zhōngděng d nánz* *мужчина среднего роста* (рост средний – мужчина). В этих словосочетаниях зависимый компонент является слитным словосочетанием, содержащим характеристику одного из свойств человека” (В.И. Горелов, 1989: 106). Автор айтып отырған “Предметно-качественные словосочетания” – “*зат есім-сын есім*” болып құралған бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі.

А.В. Скворцов “Словосочетания – это синтаксическая единица, состоящая из двух и более знаменательных слов, связанных подчинительной связью”, – дей келе, сөз тіркестерінің определительные словосочетания, обстоятельственные словосочетания, глагольно-объектные словосочетания, словосочетания типа «главное слово + дополнительный элемент», сочетания однородных членов или однородных словосочетаний, предикативные словосочетания, аппозитивные (одноместные) словосочетания, глагольные словосочетания және т.б. түрлерін шығарады (А.В. Скворцов, 2018: 20-38).

Берілген анықтамада сөз тіркесінің толық мағыналы сөздерден құралатындығы және сабақтаса байланысатыны айтылған, алайда, автор сөз тіркестерін топтастырғанда, өздерінің сөз тіркесі болу үшін толық мағыналы сөздер болуы немесе сабақтаса байланысуы керек деген пікіріне қайшы келіп отыр. Жоғарыдағы «сочетания однородных членов или однородных словосочетаний», «предикативные словосочетания», «аппозитивные (одноместные) словосочетания» деген сөз тіркестерінің сабақтаса байланыспайтыны айтпасақ та түсінікті.

В.Ф. Щичко қытай тіліндегі сөз тіркесін (短语) «синтагм» деп атайды да, сөз тіркесін «синтагмы, состоящие из знаменательных слов» және «синтагмы, состоящие из знаменательных и служебных слов» деген екі үлкен салаға бөледі. Ал бастауыш-баяндауышты сөз тіркесін «субъектно-предикативные синтагмы (主谓短语)» деп атап, 我去 *Я пойду*, 个子高 *рост высокий*, 头疼 *голова болит* деген мысалдарды келтіреді (В.Ф. Щичко, 2016:105).

1956 жылы жасалған “Уақытша жүйеде” кеңес тіл білімінің әсерімен қытай тіліндегі жай сөйлемдер қос құрамды және бір құрамды сөйлемдер деп бөлінген. 1984 жылы жасалған “Бағдарламада” жай сөйлем басқаша жіктелген. Онда қытай тілінің грамматикалық ерекшеліктері ескеріліп, жай сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды (主谓句), бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер (非主谓句) деп жіктелген. Бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлем өз ішінде есімді, етістікті, сын есімді және бастауыш-баяндауышты баяндауыштық сөйлем (主谓谓语句) болып бөлінген. Қазір қытай тіл білімінде “қос құрамды” және “бір құрамды” деген терминдер қолданыстан қалған.

*Бастауыш-баяндауышты сөз тіркестерінің жасалу жолдары мен мағыналары.* Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің жасалу жолдары туралы мектеп және жоғары оқу орындарына арналған еңбектердің барлығында айтылады.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің бастауышы, көбінесе, зат есім, есімдік, сан есім және есімді сөз тіркестерінен, ал баяндауышы, көбінесе, етістік, сын есім не сын есімді, етістікті сөз тіркестерінен болады.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мынадай жолдармен жасалады:

1. “*Зат есім – етістік*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 孩子们上山 [*haizimen shang shan*] *балалар тауға шығу.*
2. “*Зат есім – сын есім*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 天气晴朗 [*tianqi qinglang*] *күн райы ашық.*
3. “*Есімдік – сын есім*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 她聪明 [*ta congming*] *ол ақылды.*
4. “*Есімдік – етістік*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 他来 [*ta lai*] *ол келу.*
5. “*Сын есім – сын есім*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 诚实好 [*chengshi hao*] *адалдық жақсы.* Ескере кететін жайт: 诚实 *адалдық* – сын есім болады, ол қазақ тіліне дерексіз зат есім болып аударылады.
6. “*Етістік – сын есім*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 种花很难 [*zhong hua hen nan*] *гүл өсіру қиын.*
7. “*Зат есім – сан мәлішер сөз тіркесі*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 建筑面积一万平方米 [*jianzhu mianji yiwàn pingfangmǐ*] *құрылыс аумағы 10 мың шаршы метр.*
8. “*Сын есім – етістік*” болып құралған сөз тіркесі. Мысалы, 虚心使人进步 [*xuxin shi ren jinbu*] *Кішіпейілділік адамды алға бастырады.* Ескере кететін жайт: 虚心 [*xuxin*] *кішіпейілділік* – сын есім, ол қазақ тіліне зат есім болып аударылады.

9. “Зат есім – зат есім” болып құралған сөз тіркесі. Зат есім баяндауыш болғанда, тек датаны, мезгілді, бағаны, ауа райын, адамның жасын не туған жерін, т.б. білдіреді. Мысалы, 今天星期天 [jintian xingqitian] *Бүгін жексенбі.* 她十八岁 [ta shi ba sui] *Ол он сегізде.* 阿依江哈国人 [Ayijiang haguoren] *Айжан – қазақстандық.* 今天晴天 [jintian qingtian] *бүгін күн ашық,* т.б.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы бастауыш пен баяндауыштың арасында белгілі семантикалық байланыс болады. Бұл сөз тіркесі мынадай мағыналық қатынаста жұмсалады:

1. Қимыл иесі мен қимыл-әрекет арасындағы қатынасты білдіреді.

Құрылымдық модельдері: *S(shi)+V* (қимыл иесі зат есім+етістік), *Pron+V* (есімдік + етістік). Мысалы: 他做作业。 [ta zuo zuoye] *Ол үй жұмысын орындайды.*

我给他的书在哪儿? [Wo gei ta de shu zai nar?] *Мен оған берген кітап қайда?*

Бұл сөйлемнің құрамындағы *我 мен* сөзі – қимыл иесі, *给 беру* – қимыл-әрекет.

2. Меңгерілуші мен меңгеруші арасындағы қатынас.

Құрылымдық моделі: *S(shou)+V* (меңгерілуші зат есім+етістік).

Мысалы, 那个衣服被撕破了的人走了 [Nage yifu bei sipo le de ren zou le] *Киімі жыртылған әлгі адам кетіп қалды.*

Бұл сөйлемнің құрамындағы *衣服 киім* сөзі – меңгерілуші, *撕 жырту* – қимыл-әрекет.

3. Іс-әрекетке құрал болған субъектіні білдіреді.

Құрылымдық моделі: *S(gongju)+V* (зат есім+етістік)

Мысалы, 刀砍的痕迹 [dao kan de henji] *пышақ кескен тыртық.*

4. Субъект, зат пен олардың сындық, сандық сапасының, күйінің қатынасын білдіреді.

Құрылымдық моделі: *S+Adj, Pron+Adj, S+(M-N)*

Мысалы, 他高高的个儿 [ta gaogao de ger] *оның бойы ұзын.* 天气晴朗 [tianqi qinglang] *Ауа райы ашық.* 一间房子两盏灯 [yi jian fangzi liang zhan deng] *Бір үйде екі шырақ.*

*Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің синтаксистік қызметі.* 1956 жылы жасалған “Уақытша жүйеде” бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің сөйлем мүшесі бола алатындығы айтылған. Міне, сол кезден күні бүгінге дейін бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлем мүшесі бола алатындығы туралы пікір қытай тіл білімінде әбден қалыптасып орнықты.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің барлық мүшесінің қызметін атқара алады:

1) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде баяндауыш қызметінде келеді. Мысалы, 他个子高。 *Оның бойы ұзын.* (Сөзбе-сөз: *Ол бой ұзын.*) 哈萨克斯坦资源丰富。 *Қазақстанның байлығы мол.* (Сөзбе-сөз: *Қазақстан байлық мол.*)

Мұндай сөз тіркестері қазақ тіліне аударылғанда, тұтас сөйлемнің бастауышы анықтауыш болады.

2) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы, 她是一个经验丰富的老师。 *Ол – тәжірибелі мұғалім* (Сөзбе-сөз: *Ол тәжірибе мол мұғалім.*) 你来的目的是什么? *Сенің келгендегі мақсатың не?* (Сөзбе-сөз: *Сен келу мақсат не?*)

Бұлар анықтауыш болғанда, 的 шылауы міндетті түрде жұмсалады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде анықтауыш қызметінде келгенде, қазақ тіліне үйірлі анықтауыш болып аударылады.

3) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, 我们知道他要来。 *Біз оның келетінін білеміз.*

4) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі бастауыш қызметін атқарады. Мысалы, 她知道就好了。 *Ол білсе жақсы болар еді* (Сөзбе-сөз: *Ол білу жақсы болар еді.*)

5) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі толықтырғыш қызметін де атқарады. Мысалы, 她哭得眼睛都红了。 *Жылап-жылап көзі қызарып кеткен.* Бұлар толықтырғыш болғанда, 得 шылауы (得 – толықтырғыштың белгісі) міндетті түрде жұмсалады. Қазақ тілінде толықтырғыш мүше жоқ, сондықтан толықтырғыш мүше, көбінесе, пысықтауыш болып аударылады.

6) бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, 小红头也不回地跑回家去。 *Шяу Хоң артына қарамастан үйіне қарай жүгіріп кетті.* Бұлар пысықтауыш болғанда, 地 шылауы (地 – пысықтауыштың белгісі) міндетті түрде жұмсалады.

Қазақ тілінде өз алдына сөйлем түрінде бастауыш пен баяндауыштың байланысы синтаксистік сөз тіркесінің қатарына жатпайды, мұндайда ол сөйлем болып табылады.

**Қорытынды.** Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі қытай тілі сияқты сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің табиғатына тән елеулі өзгешелік болып табылады. Сөз түрлендіруші формаларға бай қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың (әсіресе, етістіктердің) жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болатындықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды.

Қытай тілінде сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға дәнекер болатын септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары жоқ. Сондықтан синтетикалық тәсіл сөз түрлендіруші формалары жоқ тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс емес.

Тілдің грамматикалық құрылымы айқын ұлттық сипатқа ие, сондықтан әр тілдегі сөз тіркестері түрлі-түрлі топтастырылады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі мен бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемнің айырмашылықтары: бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемде интонация болады, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінде интонация болмайды; бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөйлемнің белгілі бір мүшесі бола алады; бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемдердің құрамындағы сыңарлардың орындарын ауыстыруға көнеді, бірақ бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың орындарын ауыстыруға болмайды.

Қытай тіліндегі “*зат есім–сын есім*” болып құралған бастауыш-баяндауышты тіркестер қазақ тіліндегі үйірлі анықтауыштармен сәйкес келеді, ал “*субъектіге қатысты зат есім–етістік*”, “*есімдік–етістік*” болып құралған тіркестер қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемдермен сәйкес келеді.

Қытай тілінде бастауыш пен баяндауыш тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан тыныс белгілері қойылса немесе сөйлем соңынан келетін демеуліктер қосылса, ол сөйлемге айналады. Қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты құрылымдарда баяндауыш әр түрлі грамматикалық формада көрінеді де, сөйлемдік сипат иеленеді. Бірақ қазақ тіл білімінде предикативті қатынас негізінде жасалған құрылымдардың сөз тіркесі немесе сөйлемге қатыстылығы жайында екі түрлі көзқарас қалыптасқан.

Сөз тіркестерін жан-жақты зерттеуге баса мән беріліп отырғанымен, кейбір мәселелер әлі де шешімін таппаған. Қазақ (әсіресе, қытайдағы қазақ тілі) және қытай тіл білімінде сөз тіркесі синтаксисі бойынша толық шешімін таба қоймаған даулы мәселелер: сөз тіркесінің анықтамасы; негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі еркін сөз тіркесінің қатарына жата ма? салаласа байланысқан тіркестер сөз тіркесінің қатарында қарала ма? предикативті тіркес сөз тіркесі деп таныла ма? сөз тіркесінің күрделі сөз және сөйлемнен айырмашылығы; сөз тіркесі сөйлемде немесе сөйлемнен тыс қолданыла ма? сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, т.б. Сондықтан да сөз тіркесі әр қырынан зерттеле бермек.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. 张志公主编《现代汉语：中册》，—北京：人民教育出版社，1982年。P.–1380.
2. 朱德熙著《语法问答》，—北京：商务印书馆，1985年。P.–30.
3. 吕叔湘 著《中国文法要略》，上卷1942年，中卷、下卷1944年，—北京：商务印书馆，2014年再版。P.–681.
4. 高名凯著《语法理论》，—北京：商务印书馆。1960年第一版，2011年第二版。P.–369.
5. Аблақов Ә., Исаев С., Ағыманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі/ Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағыманов. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
6. Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы/ Т.Қалибекұлы. – Алматы: Мерей, 2018. – 218 б.
7. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі/ М. Балақаев. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 246 б.
8. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері/ К.Аханов. – Алматы: Мектеп, 1996. – 239 б.
9. Балабекова Қ.Ш. Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелу тарихын жүйелеу мәселелері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2018. №1 (63). – 28-35 бб.
10. 耿世民著《现代哈萨克语语法》，—北京：中央民族大学出版社，1989。P.–291.
11. 陈燕燕著《汉哈比较语法》，—乌鲁木齐：新疆人民出版社，1986。P.–398.
12. 王杏润著《现代维吾尔语中的主谓词组》，见《语言与翻译》，—乌鲁木齐：1988年第2期。pp.41-45.
13. Қалибекұлы Т. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің құрылымы мен семантикалық ерекшеліктері/филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2004. – 150 б.

14. Горелов В.И. Теоретическая грамматика современного китайского языка / В.И. Горелов. – Москва: Просвещение, 1989. – 317 с.

15. Скворцов А.В. Предпереводческий анализ текстов на китайском языке: учебник / А.В. Скворцов. – Москва: ВКН, 2018. – 320 с.

16. Щичко В.Ф. Практическая грамматика современного китайского языка / В.Ф. Щичко. – Москва: ВКН, 2016. – 208 с.

МРНТИ 17.07.51

Е.С. Касенов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

### САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ «ЖАБАЙЫ АЛМА» ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ТІЛІ АРҚЫЛЫ КӨРІНІС ТАПҚАН ТӘРБИЕЛІК МӘН

*Аңдатпа*

Мақалада жазушы Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесі зерделеніп, ондағы тәрбиелік мәні жоғары диалогтар мен монологтары қарастырылған. «Жабайы алма» повесінде қамтылған кейіпкерлердің қатысымдық әрекеті зерделенген. Мақалада жазушы Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесі арқылы коммуникативтік үдеріс, яғни кейіпкерлердің екі жақты қарым-қатынасы барысында көрініс тапқан ұлттық тәрбие мәселесі мысалдар арқылы айқындалған.

Кейіпкер тұлғасын аша түсуде жазушының монологты тәрбиелік мәні зор тілдік бірліктерге арнайы құрғаны дәлелденген. Сондай-ақ кейіпкерлер диалогтарының оқырманға әсері мен монологтарындағы көңіл-күйінің тілдік бірліктер арқылы берілуіне талдау жасалынған.

«Жабайы алма» повесіндегі кейіпкерлердің түрлі эмоцияға толы бет-бейнесі мен экспрессивті тілі ерекше коммуникативтік қызмет атқаратындығына жазушының ерекше назар аударғандығы да аталып өтілген. Жазушының аталған туындысында үлкен мен кіші қарым-қатынастарының нәзік тұстарын көркем тілмен зерлеген монологтары мен диалогтары жан-жақты қарастырылған.

**Кілт сөздер:** мәтін, монолог, диалог, ұлттық тәрбие, тәрбиелік мән, қатысымдық қызмет, қатысымдық үдеріс.

E.S. Kassenov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

### EDUCATIONAL VALUE REFLECTED THROUGH THE LANGUAGE OF THE CHARACTERS IN THE STORY OF SAIN MURATBEKOV " WILD APPLE TREE»

*Abstract*

The article deals with the novel "Wild Apple tree" by writer Sain Muratbekov, in which dialogues and monologues with high educational values are considered. The communicative actions of the characters contained in the story "Wild Apple tree" are depicted. The article reveals the communicative process through the novel by writer Sain Muratbekov "Wild Apple tree", that is, the problem of national education, revealed in the course of bilateral relations of the heroes.

At disclosure of the personality of the hero it is proved that the writer in a monologue specially created the language units having important educational value. The analysis of influence of dialogues of characters on the reader and transfer of their moods in monologues through language units was also carried out.

Special attention of the writer was paid to the fact that the characters in the story "Wild Apple tree" filled with different emotions of the person and expressive language perform a special communicative function.

In this work of the writer in detail monologues and dialogues which by means of art comprehension of adults and small parties of the relations of parents and the child, the girl and the guy are considered.

**Keywords:** text, monologue, dialogue, national education, educational value, communicative activity, communicative process.

Е.С. Касенов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан.

## ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ОТРАЖЕННЫЙ ЧЕРЕЗ ЯЗЫК ГЕРОЕВ В ПОВЕСТИ САИНА МУРАТБЕКОВА «ДИКАЯ ЯБЛОНЯ»

### Аннотация

В статье рассматривается повесть писателя Саина Муратбекова «Дикая яблоня», в которой анализируются диалоги и монологи с высоким воспитательным потенциалом, коммуникативные действия героев содержащиеся в повести «Дикая яблоня». Таким образом в статье раскрываются характеристики коммуникативного процесса, представленные в повести писателя Саина Муратбекова «Дикая яблоня», а также рассматриваются проблема национального воспитания, проявляющаяся в ходе двусторонних отношениях героев.

При рассмотрении личности героя аргументированно доказывается, что писатель в монологах специально создает языковые единицы, имеющие важное воспитательное значение. Также автором статьи проведен анализ влияния диалогов персонажей на читателя и передачу их настроений в монологах посредством использования соответствующих языковых единиц.

В статье указывается что особое внимание писателем уделено экспрессивным языку персонаж в повести «Дикая яблоня», наполненных различными эмоциями, который выполняет особую коммуникативную функцию.

**Ключевые слова:** текст, монолог, диалог, национальное воспитание, воспитательное значение, коммуникативная деятельность, коммуникативный процесс.

Қай ұлттың, қай елдің даму тарихында көркем әдебиеттің орны ерекше екені белгілі. Себебі, «көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма – өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм» [1, 34 б.]. Басқаша айтқанда, көркем туынды – адамзат баласының рухани азығы. Көркем туындысыз адам баласы ойының шарықтауы, көркемдік, эстетикалық байлықтарының қалыптасуы мен дамуы әсте мүмкін емес. Әрбір көркем дүние – бұралаңы мен қалтарысы көп, сан қатпарлы өмір заңдылықтарын кеңінен әрі тереңірек түсіндіретін өнеге мен тағылымның бірден-бір бастауы. Ендеше, әрбір таңдаулы шығарманың адам жанын нұландырудағы маңызы жоғары, мәні басым рухани дүние деп толыққанды айта аламыз. Тіпті, бүгінгі заманауи технологиясы жетілген қоғамда да көркем туындылардың орны бөлек, тәлім-тәрбиелік маңызы ерек екендігі уақыт озған сайын айқын танылып отыр. Мұның бір сыры, өмірмен өзектесе өріліп, адам жан дүнесінің тылсым сырларына тереңірек үңіліп, жүректің қылын тербей білгендігінде жатса керек-ті. Жүрек қылын тербей білген көркем туынды кез келген жанның бойын шымырлатыры, жаңа бір толқын ойларға шомылдырары, өмірге деген көзқарасының ауанын өзгертері, толықтыра түсері сөзсіз. Сондықтан да әрбір көркем туындыны оқу, оқыту арқылы бүгінгі жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне ықпал ету өзекті мәселе болып саналады.

Ұлт, ел, мемлекет келешегі жас ұрпақ қолында десек, сол ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуы «адам-қоғам-тәрбие» бірлігімен тығыз байланысты. Өскелең ұрпақтың қоғамның лайықты азаматы болып қалыптасуы отбасы мен білім беру мекемелерінен алар білім мен тәрбиеде жатыр. Бұл ретте «бүгінгі тәрбие беру жүйесі қандай болуы тиіс?», «тәрбие негізі қайдан алынуы керек?» деген сауалдар орын алатыны даусыз. Бұл сауалдарға біржақты жауап беру өте қиын. Себебі, тәрбие – қалыпқа сыймайтын күрделі үдеріс. Сондықтан жастар тәрбиесі еш іркіліссіз әрі кешенді түрде үздіксіз жүргізілуі тиіс. Бұл ретте жастарды ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениеттің рухымен қоректендірудегі бірден-бір нәр – көркем туынды. Әлбетте, әрбір туындының тәрбиелік мәні әрқелкі. Осы орайда, біз жазушы Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесінің тәрбиелік мәніне тоқталуды жөн көрдік.

Күні бүгін ғана емес Кеңес үкіметінің тұсында-ақ «әңгімелері мәңгілік даңқтың иелігіне шақыру алған» (*Бақытжан Майтанов*) жазушы Сайын Мұратбеков шығармаларының тағылымы – өз алдына бір құбылыс. Жазушының қай туындысы болмасын оқиға желісінің шынайылығымен, тілінің көркемділігімен, кейіпкерлерінің биік адамгершілік қасиеттерімен оқырманын баурап алады. Ал кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне авторлық сипаттама беру, монологтары мен диалогтары арқылы ұлттық тәрбие дәнегін сеуіп отырады. Мысалы, «Жабайы алма» повесінің «Дәл алып алма ағашқа таяғанымызда алдымыздан шаңшұң айқай, қыз баланың зар қағып жылағаны естілді. Жүгіре басып бәріміз жотаға көтерілдік: алып алма ағаштың түбінде, қолында көк шыбығы бар Сыпатайдың апасы Бүбітай Тоштан деген жетім қызды шырылдатып қуып жүр екен. Тоштан біздерден бірер жас үлкен тұлдыр жетім қыз, шешесі

жағынан ағайындас болған соң, Бүбітай оны қолына кіргізіп алған еді. Ертеден кешке дейін үй шаруасын істететін. Міне, сол Тоштан қолында күрегі бар, зар еңіреп қашып жылап жүр.

– Апаттай-ай, апатай... Басқа не айтсаңыз да істейін, бірақ мұныңызды істей алмаймын, апатай... Обал зой, апатай...- деп жылайды.

– Мен саған көм деймін, жаман қар! Сүтті ішкізген, нанды жегізген сенсің, енді көм, кәне! Мынау тілімді ала ма-ей, жоқ па?! – деп, көк шыбықпен қызды тартып-тартып қалды.

– Көмбеймін, апатай! Көмбеймін! Өлтірсеңіз де көмбеймін! – деп Тоштан қолындағы күректі лақтырып тастады да, жаңағы біз келген бөктерге қарай шырқырап қаша жөнелді.

– Ұстаңдар, ана қарды! Ұстаңдар! – деді Бүбітай соңынан ұмтылып. Біз тегіс дорбаларымызды тастай сала Тоштанның артынан қуған болдық, бірақ сирағы ұзын қыз жеткізсін бе, лезде қалың бөргездің арасына кіріп адастырып кетті» («Жабайы алма» повесінен) – деп келетін эпизоды жетім қыздың жай-күйінен ғана хабар бермейді. Тоштан қыздың бойында берік қоныс тепкен «ит – жеті қазына-ның бірі» деген халықтың наным-сенімі, сенім тірек болған өжеттігі де анық аңғарылады. Қазақ танымында киелі саналған өзге тіршілік иелерін қорлау түбі – қарғыс. «Қарғысқа ұшырау», «қарғыс алу» үлкен қасіретке әкеледі деп есептеледі. Қиын-қыстау кезеңнің зардабынан осындай іс-әрекетке барған Бүбітайдың «Ұстаңдар!» деп бұйыра айтқан сөзіне балалардың Тоштанды «қуған болуының» астарында аяныш сезімі мен көмек беру сынды адами қасиет қатар көрініс тапқан. Жазушы өз кейіпкерлерінің монологу арасында «қуған болдық» тіркесін керекті тұсында қолданылып, осы эпизод арқылы соғыс жылдарының жай-жапсарын ғана көрсетуді көздемеген, сол кезеңдегі балалардың бойындағы ішкі адами қасиеттерін де аңғартып отыр.

Жазушы шығармасынан қазақ жастарының бойындағы атадан балаға қанмен сіңген әдептілік те көрініс тапқан. Мысалы, жазушы кейіпкері Тоқтардың: *есік алдында күн шуақта жүн иіріп отырған әжеме:*

– Амансыз ба, әже?! Деніңіз сау, күйлі-қуаттысыз ба? – деп амандасқан болатын. Ал өзіне бүйтіп сәлемдескен адамға әжемнің жаны қалмайтын әдеті.

– Әй, бұ қай баласың? – деген.

– Мен, Тоқтармын зой, әже.

– Шымырбайдың Тоқтарысың ба?

– Иә.

– Ой, айналайын, өркенің өссін, қарағым, - деп әжем әбден разы боп қалған. Ал Тоқтар:

– Агадан хат кеп тұра ма? – дегенде әжем оған мүлде қулап түскен еді.

– Кеп тұрады, қарағым. Кеп тұрады. Әй, Нәзира! – деген онан соң дауыстап. – Айран алып шықшы мына Тоқтарға.

Тоқтар алғыс айтып кете бермек болып еді, бірақ әжем жібермеді.

– Қарағым, есік алдынан құр ауыз өткенің болмайды, дәм татып кет, – деді.

Нәзира әпкем іштен бір тостақан айран алып шығып ұсынды» («Жабайы алма» повесінен). Дәл осы диалогта орын алған «Амансыз ба, әже?! Деніңіз сау, күйлі-қуаттысыз ба?», «Ой, айналайын, өркенің өссін, қарағым», «дәм татып кет» сынды сөйлемдер мен сөз тіркестері арқылы жазушы кейіпкерлердің кішіпейілділігін, үлкеннің кішіге деген ізетін оқырманға үлгі етеді. Ұлтымыз бойындағы «дәм татқызу, дәм беру» сынды асыл қасиетіне замананың суық желінің ызғары да дендей қоймағандығы есіп тұр емес пе? Шығармадағы аналық мейірім мен кішіпейілділікті оқырман қауым сезіне отырып, өз бойына берік ұялатары анық. Мұны ғалым, жазушы Бақыт Кәрібаева сөзімен айтсақ, «Сайын айтпайтын, тек сезіндіретін еді». Шығарма кейіпкері Тоқтардың бұл кішіпейілділігі ер-азаматтың қазақ болмысының бір белгісі ретінде аңғарылады. «Кішіпейілділік, сыпайлық, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау халықтық тәрбиеден орын алған» [2, 3]. Ұлт тәрбиесіндегі үлкен тілін алу, айтқанын орындау сынды адамгершілік қасиеттерді жазушы кейіпкер ойын баяндау арқылы беруді жөн санағанын байқаймыз. Бұған шығармадан мынадай дәлел келтіруге болады. «Бір күні Сыпатай сол ұшар биіктегі қызыл алмаларды алам деп, тоқтау айтқанымызға бой бермей, алып алма ағаштың төбесіне өрмелеп шықты. Қызыл алмаларға жетіп, енді қол соза бергенде, аяғын тіреп тұрған бұтақ сынып кетіп, төмен қарай құлап түсті. Балалар шу ете қалдық. Жүгіріп жанына барсақ, көкпеңбек боп, тыныстай алмай бүгжүйіп қапты. Бір-екі бала аттандап ауылға қарай жүгірді. Ағыл-тегіл еңіреп Бүбітай жетті. Баласын жерден көтеріп алған, былқ-сылқ етіп ыңыранғаны болмаса тілге келмеді. Сыпатайдың өлімінен кейін шешелеріміз бізді алмаға жіберуді қойды. Бөктерге қарай аяғымызды қия басудан қалдық» («Жабайы алма» повесінен). Аласапыран ауыр кезеңде қайғы мен қасірет қатар өріліп берілген осы эпизодтың жан түршіктіретін талассыз. Үлкендердің жас ұрпақтың қауіпсіздігін ойлап, оларға шектеу қоюы, балалардың оны тыңдауы,

бәрі де *«үлкен-кішіі»* арақатынасынан туындап жатқанын көрсетеді. «Моралдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекеттерінен, қарым-қатынасынан шығады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Бұларды адам бойына жастайынан мінез-құлық ережесі етіп қалыптастыру тәрбиеге байланысты. Осыны ұстанған қазақ халқы жастарды от басында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған» [3, 21].

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген тәмсілден тағылым алған халқымыз бала тәрбиесіне қай уақытта болмасын немқұрайлылық танытпаған. «Отбасының, қоғамның тәрбиесі аналарға байланысты екеніне ерекше мән берген, қыздың көркіне ақыл-ойы мен мінез-құлқының сай болуын қадағалаған [3, 21]. Бұл жайт та жазушы Сайын Мұратбеков туындысынан үнемі көрініс тауып отырады.

Мысалы, *«Кешікісін апам жұмыстан қайтып, шайға отырғанымызда, әжем сөз арасы:*

– *Апыр-ай, әлгі Шымырбайдың баласы мұрты өсіп, зіңгіттей азамат бопты, – деген тамсанып.*

– *Оны қайдан көріп жүрсіз? – деп сұраған апам.*

– *Бағана есік алдында жүн иіріп отырғанымда кеп, өзі амандасты. Тіпті бір инабатты боп өсіпті: «Ағадан хат кеп тұра ма?» – дейді.*

– *Ол мұнда неғып жүр? – деп апам Нәзира әпкеме көзін аларта қараған. Нәзира әпкем жерге кірердей боп қысылды.*

– *Білмеймін. Әжем екеуі сөйлескен, – деді.*

– *Е, есік алдынан өтіп бара жатып амандасқаны ғой, – деді әжем, апамның сөзіне мән бермей. –*

*Шіркін-ай, тал шыбықтай бұралып өскенін қайтейін, биыл жазға әскерге шақыртпақ еді дейді.*

– *Оған қайдағы әскер, – деген апам немқұрайлы сөйлеп, – әлі екі жылы жетпейді. Біздің мынадан, – деп апам Нәзира әпкемді нұсқап қойды, – үш айдай ғана үлкендігі бар. Тоқтар жазға салым туды да, мынау күзде туды емес пе?!» («Жабайы алма» повесінен).* Отбасындағы осы диалогтың өзі көзі қарақты жанға ұлт табиғатындағы аңғалдық пен қырағылықты, сыпайы қарым-қатынасты, отбасы тәрбиесінің нәзік тұстарын сөзсіз жеткізіп тұр. Бұл – жазушының отбасы мәселесін бейнелеудегі шеберлігінің жарқын бір дәлелі. Жазушының осы эпизоды кездейсоқ жазыла салған дүние емес, отбасы тәрбиесі ана тәлім-тәрбиесімен байланысты екендігін айғақтайтын қарапайым мысал.

Жазушы шығармасында қыз бала тәрбиесі де ерекше бейнеленген. «Қыз балағы қырық үйден тыйым» деген нақылды берік ұстанған халқымыз «Қыз қылығымен сүйкімді», «Қызым үйде, қылығы түзде», «Қыз өссе елдің көркі» деген мақал-мәтелдер арқылы арлы, инабатты, сымбатты қызды бүкіл ауыл-аймақ болып тәрбиелеген, қадағалаған. Мысалы, *«Сол күні мен ымырт үйіріле әр түрлі сылтау айтып Нәзира әпкемді ертіп шығамын да, өзім көз жазбай бақылап қарап тұрып, екеуін бір шай қайнатымдай ғана сөйлестірем. Онан соң Нәзира әпкемді алдыма салып үйге алып кірем. Екеуі менің осы қызметіме де өлердей риза. Өйткені мен болмасам өйтіп те кездесе алмас еді ғой, апамның қатал мінезі белгілі, Нәзираның жалғыз өзін мүлде тырп еткізбес еді. Менімен бірге шығатын болған соң күдіктенбейтін болу керек, апам онша қадалып, тексеріп жатпайды.*

– *Көп жүрмей тез қайтыңдар, – дейді де қояды. («Жабайы алма» повесінен).* Шығармадағы апасының *«көп жүрмей тез қайтыңдар»* деген сөзінің тәрбиелік астары терең. Онда «малым жанымның, жаным арымның садағасы» деген ұлы түсінік жатыр. Әрбір қазақ отбасы үшін «намыс» ұғымының орны ерекше. Сондықтан бүгінгі «отбасы тәрбиесіндегі ар мен намыс, жан мен тән, тіл мен дін тазалығы үшін күресудің бақуатты ахуалын қалыптастырудың маңызы зор» [4, 274].

Ата-ана мен бала, қыз бен жігіт, үлкен мен кіші қарым-қатынастарын көркем тілмен зерлеген туындылар аз емес. Десек те, Сайын Мұратбековтың осы қатынастар астарына тәрбие мәселелерін енгізе білуінің өзі оның шынайы талант иесі екендігін айғақтайды. Күнделікті күйбең тірлік барысында әңгімелесіп, сыр шертісіп, әзілдесіп жүрген жандардың өзара қарым-қатынастары баршамызға аян оқиға желілері негізінде өріліп, лирикалық жылы леппен баяндалып, тазалығымен, жеңіл мұңымен жүрегінді шымырлатып, сезім тұнығына малындырады. Жазушының ұшқыр қиялы нәзік суреттеумен қабыса өрнектеліп, өзіне еріксіз баурап алады. Баурай отырып, тәрбиелейді.

Оқырманды баурап, кейіпкер тұлғасын аша түсуде жазушы Сайын Мұратбеков монологты да ретіне қарай беріп отырады. Бұған шығармадан мынадай мысал келтіруге болады. *«Бұ балалық дегенді қойсаңшы. Сол бір оқиға есіме түссе күні бүгінге дейін кірерге жер таппай қысыламын. Сонымыз не біздің? Неге біз сондай болдық? Жалғыз үй шал-кемпірге не үшін қиянат жасадық сонда? Жазығы не еді олардың? Неге?.. Неге?.. Бәлкім, балғын балалығымызға жара салған соғыс кінәлі шығар, күтімсіз өскен жабайы алмадай ащы болуымыз да содан шығар, жабайы алманың тісті қамап сырқырататыны тәрізді жанға батар қылықтар істеуіміз де содан шығар? Кім білсін. Бір нәрсе ғана ақиқат: өзің*



ақымақ, әрі қорқақ болсаң жауыз болуың да оп-оңай, тек бастаушың болсын» («Жабайы алма» повесінен). Берілген монологта өзінің ішкі ойымен арпалысып, түсініксіз жайттардың туындау себебі мен жауабын іздеп, сансыз сауалдармен қиял әлемін шарлаған Қанат бейнесі кім-кімді болмасын ойландырады даусыз.

Балалықпен қауынға ұрлыққа барған балаларды Нұғыман басшы кеңсеге шақыртып, жазалау мазмұндағы тәрбиелік кеңесінің мәні тіптен әсерлі. Мысалы: «– Әлгі басшысы қайда бұлардың? – деді Нұғыман біздерді шақырушы балаға.

– Ол таң атпай тұрып станциядағы нағашысына кетіпті. Сол жақтан жұмыс істеп, оқу оқимын дейтін көрінеді.

– Қашқан түрі зой. Сол жақтан-ақ ұстаймыз оны. Ал сендерді қазірден бастап анау тас қораға он күнге қаматам, ешқандай тамақ бергізбеймін, – деді Нұғыман біздерге түйіле қарап. – Сендердей ұрыларды аштан қатырғаннан басқа амал жоқ.

Біздер зәре-құтымыз қалмай дірілдеп кеттік. Нұғыманның тас қораға апарып он күн бойына қамайтынына, еш тамақ бергізбей аштан қатыратынына титтей де күмәніміз болған жоқ. Мен араша түсе ме дегендей апам қарағам, мүлде селт етер емес, қабағын қарс жауып алған, алдында баласы – мен емес, тура бір фашист отырғандай түсін бермейді. Нұғыман одан:

– Сіз балаңызды қамағанға қарсы болмайсыз ба? – деп сұраған.

– Жоқ, қарсы емеспін. Алыс бір жаққа айдағып жіберсеңіз тіпті жақсы болар еді. Мұндай қарақшы баланың маған барынан жсоғы, – деді апам түңілгендей.

Мен шыдай алмай жылап жібердім.

– Апатай-ай, ендігәрі ондай ештеңе істемейін, кешірші мені... кешірші...

Сол-ақ екен басқа балалар да шуылдап жылап қоя берді, олар да бастыққа, менің апам өлердегі сөздерін айтып, жалынып-жалбарынып кешірім сұрап жатыр.

– Жарайды, – деді әлден уақытта Нұғыман, – бір жолға кешірейік. Ендігәрі олай істеуші болмаңдар.

– Істемейміз.

– Енді Әжібекке ілеспейміз, – деп бір ауыздан уәде бердік» («Жабайы алма» повесінен).

Көркем туындыдағы бұл эпизод адам факторының психологиялық жақтарын танытып, басты кейіпкер Қанаттың сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын, көңіл-күйін, жалпы психологиялық жай-күйін көрсетеді. Оқырманды кейіпкерінің ішкі әлеміне тереңірек үңілуіне мүмкіндік беру мақсатында берілген бұл монолог пен диалогтағы тілдік бірліктер адам баласының өзін-өзі тәрбиелеу әрекетіне де мән беру керектігін ұғындырып тұрғаны анық.

Жазушы шығармасынан көрініс тапқан әжесінің аңғалдығы, әңгімеші Байдалы шалдың сөзшеңдігі, Қанат пен Петьканың достығы, Нәзира мен Тоқтардың сүйіспеншілік сезімі, Тұржанның жауыздығы, Нұғыман басшының кесімді шешімі, Әжібектің жазадан жалтаруы, бәрі де ауыл адамдарының ішкі жан дүниесінен мол ақпарат берумен бірге «жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге» ұмтылдырады. Әр кейіпкерінің бойындағы асыл қасиеттер ұшқынын түрлі оқиға аясында ашып көрсетудегі жазушы мақсаты ұлттың келешек ұрпағына өнеге көрсетуден туындағаны белгілі.

Түйіндей келгенде, С.Мұратбековтың ауыл өмірін, тыныс-тіршілігін көркем шығармаға арқау ете отырып, ауыл адамдарының бойындағы табиғи тазалық, адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық, шексіз сүйіспеншілік, ымыра бірлік сияқты асыл қасиеттерін келер ұрпаққа көркем тіл арқылы жеткізуді мақсат еткен. Осы тұрғыдан келгенде, жазушының «Жабайы алма» повесінің ізгілік пен адамгершілік, еңбек пен ақыл-ой тәрбиесін берудегі маңызы орасан. Қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық кейпін бейнелі тілде бере білген шығарманың құндылығы да осында.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Балақаев М., Томанов М., Жанпейсов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974.
2. Қалиев С., Иманбекова Б. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2010. – 236 бет.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 бет.
4. Сәдуақасұлы Ә. Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясының кейбір мәселелері. – Алматы: Дайырбаспа, 2012. – 306 бет.

МРНТИ 16.01.09

Е.Маралбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан

### ХІІІ-ХІV ҒАСЫР ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ МӨЛШЕР СЕМАНТИКАСЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада ХІІІ-ХІV ғасырларға жататын қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшер семантикасының лексикалық деңгейдегі көрінісі қарастырылады. Қыпшақ тілдер тобы – қазақ тілінің қалыптасу арналарының бірі. Сондықтан мақалада, тарихи-салыстырмалы әдіс қолданыла отырып, екі кезең тілінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын, лексика-семантикалық даму жолын анықтау көзделеді. Қыпшақ кезеңіне жататын көлемді тілдік дереккөздер негізінде қазақ тіліндегі мөлшер категориясының қалыптасуына негіз болған басты семантикалық арналар, макромөлшер ұғымының семантикалық өрісін құрайтын микромөлшер ұғымдардың сөз таптары арқылы берілуі жолдары, семантикалық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, олардың өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілері сияқты мәселелер анықталады. Соның нәтижесінде ХІІІ-ХІV ғасыр қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің генетикалық байланысы лексикалық деңгейде мөлшер категориясы аясында дәйектеледі. Сондай-ақ ескі қыпшақ тіліндегі жекелеген сөздердің функционалды-семантикалық әлеуеті мен даму, өзгеру жүйесі, олардың қазақ әдеби тілінің сөздік қорынан лайықты орын алғаны нақты мысалдармен көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** мөлшер категориясы, қазақ тілі, қыпшақ тілі, ХІІІ-ХІV ғасыр қыпшақ ескерткіштері.

Е.Маралбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Institute of Linguistics. A. Baytursynov, Almaty, Kazakhstan

### REPRESENTATION OF THE SEMANTICS OF MEASURE IN THE KYPCHAK MONUMENTS OF THE XIII-XIV CENTURIES AT THE LEXICAL LEVEL

*Annotation*

This article discusses the lexical level of semantics of the Kipchak monuments of the XIII-XIV centuries. Kipchak group of languages is one of the channels of formation of the Kazakh language. Therefore, the article uses the storic and comparative method, which determines the path of development of lexical and semantic similarity. Kipchak stage of large-scale language sources in the Kazakh language based on the number to become the main basis for the formation of categories is the semantic field of the concept of semantic channels, macro and micro-expressions of ways through parts of speech, semantic features of concepts, methods, features and distinctive features defining such issues. As a result, XIII and XIV centuries genetic relationship of Kipchak and modern Kazakh languages is confirmed in the category of quantity of lexical level. As well as the old Kipchak individual words in the functional-semantic potential and development, changes in the system, taking its rightful place in the Kazakh literary language are given by specific examples.

**Keywords:** category of quantity, Kazakh language, Kipchak language, Kipchak monuments of XIII-XIV centuries.

Е.Маралбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт языкознания им. А.Байтұрсынова, г. Алматы, Казакстан

### РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ НА ЛЕКСИЧЕСКОМ УРОВНЕ СЕМАНТИКИ МЕРЫ НА КЫПЧАКСКИХ ПАМЯТНИКАХ ХІІІ-ХІV ВЕКОВ

*Аннотация*

В данной статье обсуждается лексический уровень семантики в ХІІІ-ХІV веках у кипчакских памятников. Кипчакская группа языков является одним из каналов формирования казахского языка. Поэтому в статье используются сторический и сравнительный метод, с помощью которых, определяется

путь развития лексического и семантического сходства. Кипчак этап крупномасштабных источников языка на казахском языке основанное на количестве, чтобы стать главной основой для формирования категорий составляет семантическое поле понятия семантических каналов, макро и микроколичеств путей через части речи, семантические особенности понятий, методы, особенности и отличительные признаки определяющие такие вопросы. В результате, XIII и XIV веке генетическая связь кипчакского и современно казахского языков подтверждается в категории количества лексического уровня. А также старые кипчакские отдельные слова в функционально-семантическом потенциале и развитии, изменения системы, принимая свое законное место в казахском литературном языке даются конкретными примерами.

**Ключевые слова:** квантитативная категория, казахский язык, кипчакский язык, кипчакские памятники XIII-XIV веков.

**Кіріспе.** Қазақ халқының ұлт ретінде ұйысу үдерісі ерте кезеңнен басталса да, XV ғасырдың орта шенінде (1456 ж.) біртұтас ұлт ретінде дербес мемлекеттігін қалыптастырғаны белгілі. X-XV ғасырлар шегінде қазіргі түркі тектес халықтардың ұлттық тілінің арнасы қалыптаса бастады. Алғашқы кезеңдерде түркі тілі *қыпшақ тобы, оғыз тобы, қарлұқ тобы* т.б. әлденеше тілдер тобына жіктеле бастады да, XV ғасырдың соңына қарай бұл топтар жекелеген ұлт тіліне ұласты. Қазақ тілі де алғашында қыпшақ тілдері тобы негізінде дами келе, XV ғасырдың соңына қарай халықтық тіл ретінде орнығып, одан кейінгі әр ғасырлар сайын ұлттық әдеби тіл мәртебесін нығайта түсті. Сондықтан қазақ тілінің ұлттық арнада дамуының басталуы ретінде XIII-XIV ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштерінің маңызы айрықша.

Орта түркі дәуіріне тиесілі (X-XV ғғ.) қыпшақ жазба ескерткіштері біршама мол. Сондай-ақ олардың тілдік ерекшеліктері де әртүрлі. Белгілі түркітанушы, қыпшақтанушы ғалым Ә.Құрышжанұлы орта түркі дәуіріне жататын ескерткіштерді тілдік ерекшелігіне қарай былайша жіктейді: «*Қыпшақ жазба ескерткіштері әдеби тілде және халықтың ауызекі сөйлеу тілінде жазылған. Бірінші топ шығармалары екіге бөлінеді: а) дәстүрлі әдеби тілде жазылған еңбектер; ә) жергілікті халықтың әдеби тілінде жазылған Орта Азия мен Еділ (Алтын Орда) ескерткіштері*» [1, 45]. Мұнда *дәстүрлі әдеби тіл* дегені – көне түркі кезеңінен бері жалғасын тауып келе жатқан, бүкіл түркі халықтарына ортақ жазба тіл (А.Н. Самойлович). Ә.Құрышжанұлы осы жіктеуі бойынша Рабғузидің «Қиссасу-л-Ән-бия», Құтыбтың «Хусрау -Шірін», Хорезмидің «Мұхаббатнаме» ескерткіштерін *дәстүрлі әдеби тілге* жатқызады. Тіл тарихын зерттеуде тілдің әдеби нормаға айналған үлгілерін дереккөз ретінде алудың маңызы жоғары. Сондықтан ғалымның жоғарыдағы тұжырымдарын толықтай қуаттай отырып, ескі қыпшақ тілі кезеңіндегі мөлшер категориясының тілдік табиғатын сөз еткенде, осы дәстүрлі әдеби тілде жазылған аталған үш ескерткішті дереккөз ретінде алынды.

**Негізгі бөлім.** Қыпшақ ескерткіштерінде<sup>1</sup> мөлшер семантикасы лексикалық деңгейде кеңінен көрініс табады. Оны сөз таптары шеңберінде нақты көрсетуге болады. Ескерткіштерде мөлшер семантикасы, ең әуелі, *сын есімдер* арқылы беріледі. Сын есімдердің кейбір мағыналық топтарының мөлшер семантикасын білдіру қызметі түркі тілінің барлық тарихи кезеңдеріне және сөз болып отырған орта ғасыр түркі тілінің барлық топтарына тән. Тілдер тобында жекелеген сөздердің морфологиялық тұлғасы мен қолданыс аясында өзгешеліктер болғанымен, сын есімдердің жалпы семантикалық жүйесі ұқсас. Сондықтан түркі тілінің бір бұтағына (тобына) тән семантикалық жүйе екінші бұтағына да тән деп айтуға болады. Мұны аталған кезеңдер мен тілдер тобы бойынша жасалған зерттеулер де көрсетеді. Айталық, Мәмлүк қыпшақтары тілінде (оғыз тобының тілдік элементтері көп) жазылған, «Китаб Мукаддима» ескерткішін арнайы қарастырған Қ.Садықбеков аталған ескерткіште кездесетін сапалық сын есімдерді семантикалық ерекшелігіне қарай: «*заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер, заттың көлемін, аумағын білдіретін сын есімдер, заттың мөлшерін білдіретін сын есімдер, заттың сапа, сыр-сипатын білдіретін сын есімдер*», – деп төрт топқа бөледі [2, 48-49]. Мұнда төрт топтың екеуі мөлшер семантикасына тікелей қатысты. Демек, сын есімдердің семантикалық өрісінің едәуір бөлігін «мөлшер» ұғымы құрайды. Ал біз

<sup>1</sup> Дереккөз ретінде алынған қыпшақ ескерткіштерінің транскрипциясын пайдалану реті мынадай:

- «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасы бойынша Б.Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» атты кітабындағы транскрипциясы мен аудармасы пайдаланылды;

- «Хусырау уа Шірін» поэмасы бойынша А.Ибатовтың «Құтыбтың «Хусырау уа Шірін» поэмасының сөздігіндегі» (1974 ж.) атты еңбегіндегі транскрипциясы мен аудармасы пайдаланылды;

- «Мұхаббатнаме» ескерткіші бойынша Б.Сағындықұлының ««Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV) мәтіні» атты оқу құралындағы транскрипциясы пайдаланылды.

дереккөз ретінде алған қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшер семантикасының сын есімдер арқылы берілу ерекшелігі төмендегідей:

«Адам Ата мен Хауа Ана» киссасында мөлшер семантикасын білдіретін *көп*, *чандан* сөздері кездеседі. Бұлар бірнеше есім, етістік сөздермен анықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста тіркесіп келіп, бірде іс-әрекеттің уақыт жағынан созылыңқылығы мен мөлшер жағынан көптігін (*көп йығладылар* (АХ, 211/40) // *көп жылады*), бірде деректі заттардың (*алар көндур* (АХ, 185/19) // *олар көп*) немесе абстрактілі заттық ұғымдардың (*көп михнат* // *көп бейнет*) көптігі семантикасын, енді бірде адами іс-әрекеттің шектен тыс белең алуын (*көп забандаразлық* (АХ, 195/11) // *көп сөзділік*) білдіреді. Тіпті кейде *көп* сөзі күшейткіш үстеу қызметін де атқаратыны байқалады. Мысалы: «*Хазрат Адамни терилари көп көрүглүг ерди, күн йаруғыдин һам раушанрақ ерди* (АХ, 187/28-29) // *Хазірет Адамның терісі өте көрікті еді, күн жарығынан жарығырақ болатын*». Мұндағы *көп көрүглүг* тіркесін тура мағынасы бойынша *көп көрікті* деп беруге болмайды. Өйткені сұлулық көптіктен тұрмайды, тұтастық пен үйлесімділіктен тұрады. Тіркесте *көп* сөзі *өте көрікті*, *тым көрікті* мағынасында, күшейту мәнінде жұмсалған. Ал *чандан* сөзі де көптік семантикасын білдіреді. Алайда *көп* сөзіне қарағанда *чандан* сөзінің көптік семантикасы күшейтпелі, әсірелеулі келеді. Мысалы: «*Гаһи баишларыға уруб (ұстап) гаһи тизларини тутуп чандан (өте көп) йығладылар кә көзларидин аққан йаишлары бир улүг сү болуб ақышқа баишлады* (АХ, 211/36-39) // *Кейде басын ұстап, кейде тізелерін құшақтап өте көп жылады: көзінен аққан жасы бір үлкен сү болып, аға бастады*». Мұнда *чандан (өте көп) йығладылар* тіркесі *көз жасы көл болу, етегі жасқа толу* мағынасын білдіріп, іс-әрекеттің шамадан тыс мөлшерде істелуін көрсетеді. Сондай-ақ зат есім сөздерге де анықтауыштық қатынаста тіркесіп, зат мөлшерінің шектен тыс шамасын білдіреді. Мысалы: «*Аларны чандан (көп) күнаһлары бирла бараһна (жалаңаш) қылмаслар* (АХ, 229/34-38) // *Оларды сонша көп күнаһлары болса да жалаңаш қалдырмайды*». Бұған қарағанда, *чандан* сөзінің ауыспалы мағынада, шектен тыс шамаларды білдіру үшін образды тіркестерде де келетіні байқалады.

Мөлшердің көптігі семантикасын білдіретін *чандан*, *аз*, *көп* сөздері «Мұхаббатнаме» ескерткішінде де кездеседі. Мысалы:

*Ешиттиң ерса Йүсүфниң жамалин  
Сени хусн ичра сад чандан йаратты//  
Естіп не едің Жүсіптің сұлулығын?*

*Сенің сұлулығыңды (содан) жүз есе артық жаратты* (МН, 29, А/91-92).

Берілген мысалда да *чандан* сөзі *артық*, *көп* мағыналарын білдіреді. Ал *көп*, *аз* сөздерінің қолданыс аясы, семантикасы негізінен ұқсас. Бұлардан бөлек, ескерткіште кездесетін *фараван* сын есім сөзі де мөлшер семантикасын білдіреді. Дастанда былай беріледі:

*Айыт, ей мехриң аз, шиваң фараван  
Нетар ол ағызда мұнча йалған //  
Ей, мейірімің аз, қылымсуың көп де*

*Неліктен аузыңда мұнша жалған* (МН, 52, А/251-252). Бұл өлең тармақтарындағы *шиваң фараван* тіркесіейел затына тән қылымсу, наздану әрекетінің шамадан тыс мөлшерде жасалуын білдіреді. Мұнда *фараван* сөзі *көп*, *мол* мағынасын білдірумен қатар, сапалық белгіні, қасиетті мөлшерлік тұрғыдан күшейту семантикасын да білдіреді. Бұл тіркес ескерткіштің араб жазуымен хатқа түскен тағы бір нұсқасында (1508–1509) *хуснуң фараван* деп те беріледі. *Фараван* сөзінің, көптік мағынамен қатар, *кемелдену*, *толысу*, *шегіне жету* сынды образды мағыналарды да білдіретіні осыдан байқалады. Түпнұсқада қалай берілетініне қарамастан, бұл тіркестердің қай-қайсын да ағат қолданыс дей алмас едік.

Мөлшер семантикалы сын есімдердің үлкен бөлігі Қутыбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасында кездеседі. Оларды семантикалық ерекшелігіне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Атап айтқанда, салмақ, қашықтық, көлем, сыйымдылық, уақыт, көп/аздық т.б. ұғымдарды білдіретін сөздер кездеседі.

Ескерткіште салмақ семантикасы *ағыр* (*ауыр*), *йәсіргә* (*жеңіл*) сөздері арқылы беріледі. Бұл сөздер көбіне деректі заттардың нақты салмақ ұғымын білдіреді. Мысалы:

- 1) «*Ағыр тур тағтег ырғанма бу йелдін* (ХІІІ, 92р-44) // *ауыр бол таудаи, ырғалма бұл желден*»;
- 2) *Йәсіргә теггәсэн* (ХІІІ, 92в-2) // *жеңілге тигенсің*».

Таудың салмағы өлшеуге келмесе де, *ауыр* болатыны түсінікті. Ал бұл «салмақ» ұғымы образды түрде адамның қиындықтарға төзе білетін рухани күшінің мықтылығын бейнелеуге қолданылған. *Ағыр* (*ауыр*), *йәсіргә* (*жеңіл*) лексемаларыөзара градуалды оппозиция құрайды. Бұл градуалды салмақ семантикасының арасында түрлі салмақ өлшемдері бар. Олар тілде көбіне шырай қосымшалары арқылы беріледі. Кейде күшейткіш үстеулер арқылы да салмақ семантикасының өрісін бұл шектен де кеңейтуге болады. Міне, бұлар түрлі шамалардан құралған біртұтас «салмақ мөлшері» ұғымын қалыптастырады.

Э.Наджип бұл сөздің көне, орта ғасыр түркі ескерткіштерінде *ауыр, салмақты, құрметті, бағалы, қымбат, берік, қатты, көп* т.б. көптеген мағыналарды білдіретінін айтады [3, Т<sub>1</sub>/224-226].

Поэмада кездесетін *узун, ұзақ, йырақ, бәдук, ағлақ, йінічкә* сын есімдері қашықтық семантикасын білдіреді. Мұнда *узун, ұзақ, йырақ, ағлақ, йінічкә* көлденең бағыттағы, *бәдук* тік бағыттағы деректі заттардың нақты қашықтық шамасын білдіреді. Мысал:

- 1) *Бар ерді бір узун бодлуғ қыз (XIII, 75в-27) // бар еді бір ұзын бойлы қыз.*
- 2) *Йырақ йер кәлміш ерді қайра сүрді (XIII, 67в-31) // жырақ жерге келген еді, қайта кетті.*
- 3) *Ош анда бір бәдук қаршы қылыңыз (XIII, 23р-4) // сонда бір биік сарай салыңыз.*
- 4) *Алардын адырылыб тутты ұзақ йол (XIII, 30р-24) // олардан айырылып, ұзақ жол жүрді.*
- 5) *Айтурмән вәлі болса йер ағлақ (XIII, 18р-36) // жер аулақ болса дер едім.*
- 6) *Қашытег йінічкә йолға сүрді Гулгун (93р-26) // қасындай жіңішке жолға түсті Гулгун.*

Мысалдағы *узун* сөзі мен оның семантикалық оппозициясы *қысқа* сөзі ауыспалы мағынада уақыт мөлшері семантикасын да білдіреді. Бұл туралы сын есімдердің семантикалық жүйесін арнайы қарастырған Ә.Аққөзов те: «*Ұзын сын есімі мәтінге қарай уақыт өлшемінің де мағынасында жұмсала алады*», – деп көрсетеді [4, 31]. Ал аталған сын есім сөздерінің көпмағыналығын Р.Байымбетова егіз ұғымдардың концептуалдануымен байланыстырады: «*Уақытқа қатысты құбылыстар мен ұғымдарды кеңістік аясында, кеңістікке қатысты ұғымдар мен құбылыстарды уақыт аясында саралау қазақтың тұрмыс-тіршілігінен, тілінен айқын аңғарылады. Мысалы, қазақ тіліндегі ұзақ лексемасы уақытқа да, кеңістікке де қатысты қолданыла береді. Уақыт өлшемін білдіретін – ұзақ уақыт, күн ұзақ, уақытты ұзақ, ұзақ күн, жасы ұзақ, қыс ұзақ болды; кеңістік өлшемін білдіретін – ұзақ жол, ұзаққа кету, жол ұзарту тіркестерінде қолданылған ұзақ сөзі уақыт концептісінің де, кеңістік концептісінің де тілдік репрезентанттары болып табылады*» [5, 108]. Мұнда «кеңістік» концептісі – «қашықтық» ұғымын қамтып жататын жалпылама баламасы. Сапалық сын есімнің аталған семантикалық ерекшелігі қыпшақ тілі кезеңіне де тән. Мысалы:

- 1) *Узун күн тыңмадын тағ қазмыш (XIII, 67р-29) // ұзын күн дем алмай тау қазған;*
- 2) *Өмур қысқа ерүр һиммат бәдік қыл (XIII, 115в-33) // өмір қысқа болар, адамгершілікті биік қыл.*

Бұл мысалдардағы *узун күн, өмур қысқа* тіркестерін алып, семантикалық ерекшелігін тіркескен сөздерімен қоса салыстырып қарасақ, логикалық қайшылықтың барлығы байқалады. Яғни бір күн *ұзын* болғанда, адамның тұтас өмірі *қысқа* болмасы анық. Демек, бұл сөздердің семантикасына екінші бір зат пен іс-әрекеттің ықпал етуімен қатар, субъектінің жеке көзқарасы да (модальдық) қатысы барлығы байқалады. Бұл – сын есім сөздерінің басты қасиеттерінің бірі.

Поэмада көптік/аздық семантикасын білдіретін сөздер де көптеп кездеседі. Атап айтқанда, *бәса // көп, көб // көп, көп // көп (2), аз // аз (2), өкуш // көп, өкүш // көп, телім // көп, хайлі // көп, қалың // қалың, артуқ // артық* т.б.

Бұл сөздер заттардың сандық, шамалық көп-аздығын, сондай-ақ кимыл-әрекет мөлшерінің де көптігі мен аздығын және оған жұмсалатын уақыттың да көп-аздығы семантикасын білдіреді. Десе де, әрқайсысының өзінің контекстік орны, аздаған семантикалық айырым белгілері де жоқ емес. Мысалы, *бәса* сөзі сын есім болса да, контексте заттанып, көпшілік, қауым мағыналарын білдіреді. *Телім* сөзі көптік семантикамен қатар, жалпылау семантикасын да білдіреді. Ал *қалың* сөзі қашықтық ұғымымен қатар, заттық көптік, молдық семантикасын білдіреді. Э.Н. Наджип бұл сөзді қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін және көне, орта түркі кезеңінде де заттың сандық көптігі, етістік ретінде ұлғайту, толтыру т.б. мағыналарын білдіретін көпмағыналы сөз ретінде көрсетеді [3, Т<sub>3</sub>/224-226]. Бір *қалың* сөзі ғана емес, жоғарыда берілген сын есім сөздерінің барлығы да ерте, орта ғасыр түркі тілінде көпмағыналы, кең қолданыс тапқан сөздердің қатарында болған.

Мысалы:

- 1) *Бәлі бәса көңлі бу // және көп көңлі бұл (XIII, 116р-6).*
- 2) *Қалың өврәккә кірміштег лачын (XIII, 19р-39) // қалың үйрекке кіргендей лашын.*
- 3) *Телім мал (26в-28) // көп мал.*
- 4) *Аның чәрігі хайлі (XIII, 9р-9) // оның әскері көп.*

Поэма мәтінінде көлем, сыйымдылық семантикасын білдіретін сөздер де кездеседі. Атап айтқанда, *ушақ // ұсақ* сөзі қатты заттардың сыртқы көлемінің кішілігін, *зәrrә // зәrrә* сөзі ең кіші көлемге ие заттық бөлшекті, *тар // тар* сөзі белгілі кеңістік пен абстрактілі сыйымдылық ұғымдарын білдіреді. Мысалы:

- 1) *Ушақ таи ічрә мән һәм іздәсәм кән (XIII, 92в-39) // ұсақ тас ішінде мен де іздесем кән.*
- 2) *Қуйаи бар не бушар әкісә зәrrә (XIII, 72р-31) // күн барда не қылады азайғанмен зәrrә.*
- 3) *Жіһан болды үзәмгә сенсізін тар (XIII, 65в-2) // жіһан болды өзіме сенсіз тар.*

Мысалда *ушақ* сөзі деректі заттардың көлемімен қатар, дерексіз заттардың да абстрактілі көлем семантикасын білдіреді. Бұл сөздің семантикалық аясы кең, түркі тілдерінің тарихи кезеңдерінде әлденеше варианттармен, дыбыстық өзгешеліктермен келеді. М.Ескеева аталған сөздің түп-төркінін

етістіктен тарата келіп былай дейді: «Үк~уақ~уақ: үк – ет., затты майдалап ұсақтау, уақ – зат., майда, ұсақ. Ортақ түбірі иг «размельчить, молоть». Бұл сөздердің гомогендігі үгім~уақ~уақ етістіктерінен анық байқалады. Э.Севортыян үгі түбірінің тоғыз вариантын көрсетеді /62. 560-561/. Уақ сөзі ұйғыр тілінде *igak* түрінде қолданылады. Қазақ тілінде түбірдің архетипі сақталған» [6, 53]. Бұған қарағанда, қазіргі қазақ тіліндегі *уақ, ұсақ* сөздерінің негізі бір, автордың ойы құптарлық. Ал *тар* сөзі контексте абстрактілі сыйымдылық семантикасын білдіріп тұр. Яғни бұл қолданыста сыйымдылық семантикасы образды түрде беріліп, ауыспалы мағынада жұмсалған. Негізінде бұл сөз деректі заттардың нақты сыйымдылық мөлшерін білдіруге де қолданылады. Ал *зәppә* сөзі – зат есім. А.Ибатов бұл сөздің мағынасын «ең ұсақ бөлшек» деп береді [7, 89]. Яғни, ең ұсақ заттың көлеміне байланысты қасиеті доминант семаға айналып, метафораланып, заттық мағынасы сын есімге ауысқан.

Поэмада жалпылама мөлшерлік мағынада қолданылғанымен, нақты микро мөлшер ұғымдарының ешқайсысына толық жатқызуға келмейтін сөздер де кездеседі. Солардың бірі – *улу*. Аталған сөз көне түркі ескерткіштерінде *улуғ* тұлғасында берілсе, одан кейінгі тілдің барлық тарихи кезеңдерінде де кездеседі және семантикалық аясы кең, ауыспалы мәнде көп жұмсалатын сөздердің қатарына жатады. Бұл сөз аталған поэмада былай беріледі: *Кетәрдің мендін ошбу улу захмат (XIII, 69p-9) // кетірдің менен осы ұлы азапты*. Бұл қолданыста *улу* сөзі белгілі зат пен затқа біткен қасиеттің жоғары шегін де, заттардың сандық көптігі семантикасын да (ұлы шерік) білдірмейді. Керісінше, адамның рухани әлемі душар болған азаптың, қиындықтың ең жоғары шегін білдіреді. Бұл азаптану кимыл үдерісінің абстрактілі салмағын, уақыт жағынан ұзақтығын білдіреді. Мұндай рухани құбылыстарға байланысты қолданылған мөлшерлік бірліктердің семантикалық ерекшелігін дәл айту қиын.

Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы есімдіктердің мағыналық топтары арқылы да беріледі. Есімдіктердің ішінде, қазіргі қазақ тіліндегідей, көбіне *жалпылау есімдіктері* арқылы беріледі. Мөлшер семантикалы жалпылау есімдіктердің үлкен бөлігі «Хусрау уа Шірін» поэмасында кездеседі. Атап айтқанда, *барча // барша (бәрі), бары // бәрі, бүтүн // бүтін, бүкіл, жәм // барлық, қамуғ // барлық, тәлім // барлық, түкәл // түгел*, т.б. Жалпылау есімдіктердің мұндай түрлері «Мұхаббатнаме» ескерткіштерінде де кездеседі: *барча // барша, бары // барлық, қамуғ // бар (барша, барлық), жұмла // барлық*, т.б. Ал «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында: *жәми' // барлық, тамам // барлық, һамма // барлық (бүкіл, барша)* т.б. бірнеше түрі кездеседі. Ескерткіштердегі бұл жалпылау есімдіктерінің барлығы да белгілі зат пен процестің сандық, шамалық, мөлшерін тұтас қамту, жалпылау семантикасын білдіреді. Бұл туралы «Мұхаббатнаме» ескерткішін арнайы қарастырған Б.Сүйерқұл да былай деп көрсетеді: «*Барча – қамуғ – бары – жұмла. Есімдіктен құралған синонимдік қатарлар бүкіл, барлық ұғымында қолданылған*» [8, 96].

Жоғарыда берілген жалпылау есімдіктерін жинақтай келгенде, *барча, бары, бүтүн, тәлім, түкәл, қамуғ, жәм, жәми', тамам, һамма* сияқты он түрлі жалпылау есімдігін көруге болады. Бұлардың ішінде *тәлім, қамуғ, һамма, жұмла* сөздерінен басқалары аздаған фонетикалық өзгерістермен қазақ тілінде қазір де қолданыста бар немесе кейбір кіріккен түбірлерде сақталған. Айталық, *жәм, жәми'* сөздерінің негізі де бір. Бұл *жиылған топ, көпшілік* мағынасын білдіретін *жамағат* сөзі мен туысқандық қатынастағы адамдар тобын білдіретін *жамағайын* сөздерінде сақталған. *Тамам* сөзі қазіргі қазақ тіліндегі *тамам жұрт* тіркесінде сақталған. Яғни *барша жұрт* дегенді білдіреді. Ал *жұмла* сөзі Шалкиіз жырауда *жімле* түрінде (*жімле галамға күлкі етер*) кездеседі. Демек, бұл сөз де бертінге дейін қазақ тілінің белгілі бір аймақтарында қолданыста болғанға ұқсайды. Ал *тәлім, қамуғ* сөздері көне түркі тілінде де, М.Қашқари сөздігінде де кездеседі және заттардың сандық көптік семантикасы мен процестердің шамалық мөлшерін жалпылау семантикасын білдіреді. *Һамма* сөзі түркі тілдерінің қарлұқ тобында бүгінге дейін қолданыста бар. Қыпшақ ескерткіштерінде бұл есімдіктердің қолданыс ерекшеліктерін, семантикалық аясын көрсететін қолданыстар жеткілікті. Десе де, әрбіріне бірден мысал келтірудің мұнда реті келмейді, солардың ішінен маңызды бірнешеуін ғана мысалмен тоқталайық. Мысалы:

1) *Қатыңда йир өнарлар жұмла шахлар (МН, 45, А/206) // Барлық шахтар сені көргенде құрмет көрсетіп, жерді сүйеді.*

2) *Тәлім бағлығ қабуғ дәвләтдін ачлур (XIII, 74в-21) // барлық байлаулы есік дәулетпен ашылар.*

3) *Тамам беһишларинңи арайиши (шырай, сән) бергил (АХ, 197, 26-28) // Барлық пейиштеріңе сән беріңдер.*

4) *Һамма фаришталар мендин йүз үкүрдилар (АХ, 220, 11-13) // Барлық периштелер менен жүз бұрды.*

Бұл мысалдардағы жалпылау есімдіктерінің қай-қайсы да белгілі кеңістіктегі заттардың сандық, көлемдік шамасын тұтасымен көрсетеді және әр ескерткіште әртүрлі сөз қолданылғанына қарамастан, бір-біріне семантикалық балама бола алады.

Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы мөлшер үстеулер арқылы да беріледі. Мөлшер үстеулердің саны жағынан ең көбі – «Адам Ата-Хауа Ана» ескерткіші. Ескерткіште мынадай түрлері кездеседі: *андағ // сонша, анһама // сонша, анчунан // сонша (соншалық), мунча // осыниша (осынишама,*

қаншама) т.б. Ал «Хусрау уа Шірін» поэмасында *анча // онша (сонша, көп), мунча // мұнша (мұншама, сонша)* деген бірнеше түрі ғана кездесе, «Мұхаббатнаме» ескерткішінде *мунча // мұнша, неча // қанша (қаншалық)* деген екі түрі ғана кездеседі. Ескерткіштердегі мөлшер үстеулердің семантикалық ерекшелігінің өзі екі түрлі: бірінші, белгілі бір нақты мөлшерлік шаманы сілтей, нұсқай отырып, соның орнына ауысып қолданылады; екінші, белгілі бір зат пен қимылдың сандық, дүркіндік, шамалық мөлшерін одан сайын асырмалау, күшейту семантикасын білдіреді.

Аталған мөлшер үстеулерді қазіргі қазақ тіліндегі мөлшер үстеулермен салыстыра келіп, мынадай үш топқа бөлуге болады:

Бірінші, қазақ тілімен негізінен сәйкес келетін мөлшер үстеу – *мунча*. Бұл дереккөз ретінде алынған қыпшақ ескерткіштерінің үшеуінде де бірдей кездеседі, сондай-ақ тілдің көне-жаңа барлық тарихи кезеңдерінде кездеседі және бәрінде бірдей белгілі мөлшерлік шаманы көрсету, күшейту семантикасын білдіреді. Сондықтан *мунча* сөзін мөлшер үстеулердің ең жалпы және ежелгі нұсқаларының бірі деп айтуға болады. Екінші, семантикалық жағынан ерекшеленетін мөлшер үстеулер – *андағ, анча, неча*. Бұлар негізінде мөлшер үстеулер емес. Алайда кей контекстік қолданыстарда мөлшер үстеудің семантикалық қызметін атқарады. Мысалы:

1) *Йер андағ нала уа зары қылып йығлады // Жер сонша нала болып, зар илеп жылады (АХ, 181/1-3).*

2) *Нича дост ерсә йүз анча йағы (ХШ, 46р-21) // неше досы болса, сонша жуз жауы.*

3) *Неча хошаматли султан болса болсун.*

*Етман мал үчүн мадах-о санамин (МН, 104, А/611-612) //*

*Қанша қошаметті сұлтан болса да,*

*Мал үшін мақтамаймын, мадақ етпеймін.*

Бірінші мысалда *андағ* сөзінің қазақ тіліндегі тікелей баламасы – *андай*. Яғни, сілтеу есімдігіне салыстыру формасы жалғану арқылы белгілі шаманы ұқсату семантикасын білдіреді. Берілген мысалда белгілі процестің шамасын нұсқаумен қатар, мөлшерлік семантика үстемелеп тұр. Ал екінші мысалда *анча* сөзі *-ча* ұқсату формасы арқылы келгені анық көрінеді. Сондықтан да аталған сөздің мағынасын А.Ибатов «онша, сонша» деп береді [7, 35]. Бұл сөз поэмада ең жиі қолданыстағы (66 рет) мөлшер үстеулердің қатарына жатады. Берілген мысалдан *анча* сөзінің үстеуіштік мағынасынан гөрі, есімдіктерше, белгілі шаманы нұсқау, сол шаманың орнына ауысып жұмсалып қызметі анық байқалады. Үшінші мысалдағы *нича* сөзі – сұрау есімдігі. Алайда контексте сұраулық семантикадан гөрі, өзі белгілі шаманың орнына жұмсалып, мөлшерлік мағына үстейді.

Үшінші, қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін түрлері – *анһама, анчунан*. Бұл мөлшер үстеулер қазіргі қазақ тілінде дәл осы тұлғада кездеспейді. Алайда сөздің тұлғасына мұқият зер салғанда, *ан* сілтеу есімдігіне *-һа (-ша), -ма (-ма)* аффикстері жалғанған сияқты да, *соншама* сөзіне ұқсастығы байқалады. Ал *анчунан* мөлшер үстеуі де сол сияқты, *ан* сілтеу есімдігіне *-чу, -нан* аффикстері қабаттаса жалғанған. Сондықтан бұл сөздердің морфонологиялық құрылымы айтарлықтай өзгергені байқалады. Ал бұл сөздердің семантикалық ерекшелігіне келгенде, белгілі шаманы нұсқау мәнінен гөрі, үстеу, күшейту семантикасы басымдау. Мысалы:

1) *Йер анһама (соншама) нала уа зары қылды кә: хаддин (шектен) фузун (тыс) уа 'аддин (саннан) бирун (сыртқары) (АХ, 180/31-33) // Жер сонша нала болып, зарлады: тіпті шамадан асып, шектен шығып кетті.*

2) *Анчунан (соншалықты) улуг болды ким өзидин өзгани билмади (АХ, 172/17-19) // Бақ-дәрежесін ұлық сезінгені соншалық, өзінен өзге бар деп білмеді.*

Бірінші мысалда *анһама* мөлшер үстеуі жер назасының нақты мөлшерін білдіріп тұрған жоқ, *өте налыды, тым қайғырды* деген күшейтпелі семантиканы білдіреді. Ал екінші мысалдағы *анчунан* сөзі бақ-дәреже ұлықтығының нақты мөлшерін емес, солай сезінудің жоғары шегін күшейтпелі түрде сипаттап тұр. Бұл екі сөздің де семантикалық ерекшелігі қазіргі қазақ тіліндегі мөлшер үстеулердің басты семантикалық ерекшеліктерімен толық сәйкес келеді. Демек, мөлшер үстеулер қай кезеңде қолданылмасын, жекелеген сөздердің контекстік қолданысы мен құрылымында өзгешеліктер болғанымен, жалпы грамматикалық мағынасы, семантикасы ұқсас болып келеді.

**3. Қорытынды.** Қорыта келгенде, XIII-XIV ғасырларға жататын қыпшақ ескерткіштерінде (ХШ, АХ, МН) мөлшер семантикасы лексикалық деңгейде кеңінен көрініс табады. Бұлар негізінен «*қашықтық*», «*уақыт*», «*салмақ*», «*көлем*» ұғымдарын білдіретін сапалық сын есім, сан есім, есімдік және үстеу сөздерінің кейбір мағыналық топтары болып келеді. Қыпшақ ескерткіштерінде «сандық мөлшер», «сапалық мөлшер», «уақыт мөлшері» ұғымын білдіретін лексикалық бірліктердің саны көбірек. Мұны біз аталған ескерткіштердің тақырыптық, мазмұндық ерекшелігіне байланысты деп білеміз.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Құрбыжанұлы Ә., Көмеков Б.Е., Жүнісұлы Д.С. Ескі қыпшақ тілі (Оқулық). – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті, 2007. – 316 б.
2. Садықбеков Қ. «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткішінің тілдік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2009. – 129 б.
3. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века на материале «Хосрау и Ширин» Кутба. – Астана: Ғылым, 2017. Кн. I-IV.
4. Аққөзов Ә. Сапалық сын есімдердің семантикасы және жүйесі: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы. 2004. – 118 б.
5. Байымбетова Р.К. Түркілер дүниетанымының тілдік репрезентациясы (VII–IX ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің тілі негізінде): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2010. – 124 б.
6. Ескеева М. Бір және екі буынды сөздер соңындағы қ-к-ғ-г-у-й дыбыстарының сәйкестігі (түркі тілдері деректері негізінде): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 113 б.
7. Ибатов А.Құтыбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі (XIV ғ.). – Алматы: Ғылым, 1974. – 278 б.
8. Сүйерқұл Б. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» [XIV ғ.] лингвистикалық кеңістік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 376 б.

МРНТИ 16.21.51

*М.А. Маукебаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан*

**ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «ВЕЖЛИВОСТЬ»  
В РОМАНЕ М.АУЗОВА «ПУТЬ АБАЯ»**

*Аннотация*

Данная статья рассматривает концепты в рамках традиционной лингвистики. Явление вежливости рассматривалось с позиции применения в речи устойчивых выражений, связанных с установившимися нормами общения. В статье приводятся примеры перевода казахских и русских реалий, связанных с концептом «вежливость» в оригинале и переводе. Проблема выбора того или иного слова является одной из центральных проблем перевода. В статье приводятся примеры перевода казахских реалий в оригинале и переводе. Следовательно, рассматриваются отступления, отклонения от оригинала, пропуски, неоправданные замены и различного рода стилистические погрешности.

В статье рассматриваются также национально-культурные особенности данной категории, что ведет к пониманию поведения народа и является неотъемлемым компонентом межкультурной коммуникативной компетенции.

**Ключевые слова:** концепт, лингвистика, национально-культурные особенности, межкультурные компетенции.

*М.А. Maukebayeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan*

**LINGUOCULTURAL FEATURES OF THE CONCEPT “POLITENESS”  
IN M.AUEZOV’S NOVEL “THE PATH OF ABAY”**

*Abstract*

This article examines concepts in the framework of traditional linguistics. The phenomenon of politeness was considered from the standpoint of the use in speech of stable expressions related to the established norms of communication. The article provides examples of the translation of the Kazakh and Russian realities associated with the concept of "politeness" in the original and translation. The choice of a word plays an important role in the process of translation. The problem of choosing a word is one of the central problems of translation. The article provides examples of translation of Kazakh realities in the original and translation. Consequently, deviations, deviations from the original, omissions, unjustified substitutions and various stylistic errors are considered in the article. The article also discusses the national and cultural characteristics of this category, which leads to an



understanding of the behavior of the people and is an integral component of intercultural communicative competence.

**Key words:** concept, linguistics, national-cultural features, intercultural competences.

*М.А. Маукебаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **М.ӘУЕОВТЫҢ “АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАНЫНДАҒЫ “СЫПАЙЫЛЫҚ” КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада дәстүрлі лингвистика аясында тұжырымдамалар қарастырылады. Сыпайылық құбылысы байланыс нормаларына қатысты тұрақты сөйлейтін сөздерді пайдалану тұрғысынан қарастырылды. Мақалада түпнұсқа және аудармадағы «сыпайылық» ұғымымен байланысты қазақ және орыс тілдерінің аудармасының мысалдары келтірілген. Қандай да бір сөзді таңдау мәселесі аударманың орталық мәселелерінің бірі болып табылады. Мақалада келтірілген мысалдар аударманың қазақ болмысын түпнұсқада және ауыстыру. Демек, ауытқулар, түпнұсқадан ауытқулар, рұқсаттамалар, ақталмаған ауыстырулар және әртүрлі стилистикалық қателіктер қарастырылады.

Мақала сондай-ақ осы санаттағы ұлттық және мәдени сипаттамаларды талқылайды, бұл халықтың мінез-құлқын түсінуге және мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады.

**Кілт сөздер:** тұжырымдамасы, лингвистика, ұлттық-мәдени ерекшеліктері, мәдениетаралық құзыреттілік.

**Введение.** Многочисленные исследования по проблемам межкультурной коммуникации, проводимые как в нашей стране, так и за рубежом, убедительно показывают, что в общении с иностранцами люди легко прощают грамматические и лексические ошибки, так как объясняют их недостатком знаний языка, однако очень чувствительны к нарушению социокультурных норм общения, так как полагают, что они были нарушены преднамеренно с целью нанесения обиды или оскорбления (Janney&Arndt; Sifianou; Agar; Тер-Минасова, Виссон и др.) [1, с. 349].

Подобные коммуникативные ошибки могут вызвать культурный шок, стать причиной конфликтных ситуаций, неудач и провалов в межличностном общении и даже в межэтническом взаимодействии. Культурную дистанцию связывают даже с серьезными геополитическими последствиями. Существует мнение, что в ближайшем будущем основным источником конфликтов будут уже не идеология и экономика, а культурные различия [2, с. 33].

В настоящее время, когда расширяются контакты между представителями разных культур, особенно важной задачей является познание своей и других этнических культур, понимание их сходств и различий и «» [3., 56].

Коммуникативное поведение народа является компонентом его национальной культуры [4., 32]. Оно регулируется национальными нормами и традициями. Интерпретация поведения представителей другой культуры должна основываться на знании причин этого поведения. Многие сложности межкультурной коммуникации возникают именно в интернациональном общении и вызваны неумением собеседников взаимодействовать, т.е. демонстрировать свое отношение друг к другу в соответствии с нормами данного общества и конкретными ожиданиями партнера.

Национально-культурные особенности поведения коммуникантов в данном типе общения связаны с тем, что в разных культурах существует свое понимание вежливости. Вежливость представляет собой категорию коммуникативного сознания и является отражением национального менталитета. Она является тем системообразующим стержнем, который регулирует коммуникативное поведение людей. Знание национальных особенностей данной категории дает ключ к пониманию многих особенностей коммуникативного поведения народа и является неотъемлемым компонентом межкультурной коммуникативной компетенции. Игнорирование их затрудняет общение и порождает многочисленные стереотипы [5, 117].

Следует отметить о том, что нет народов более вежливых или менее вежливых. Каждый народ вежлив по-своему. Русские так же, как поляки, немцы и греки, являются не менее вежливыми, чем

англичане или японцы с точки зрения своих национальных норм поведения, определяемых особенностями социально-культурных отношений, культурными ценностями, национальным сознанием. О различиях в понимании вежливости свидетельствует тот факт, что в каждой культуре существует свой концепт вежливости и само это слово имеет разное толкование.

**Методы.** Последнее время наблюдается тенденция выделять вежливость в отдельную проблему, к которой проявляют интерес специалисты многих гуманитарных наук, таких, как психология, этнопсихология, культурология, антропология, психолингвистика, социоллингвистика, прагматика, прикладная лингвистика, теория коммуникации и др., и это не случайно, так как вежливость может рассматриваться только на междисциплинарном уровне и в межкультурном аспекте. (6, с.20). Возросший интерес к вежливости указывает на важность этого вопроса в человеческих взаимоотношениях в целом и в межкультурном общении – в особенности.

Знание данных коммуникативных особенностей, а также вызывающих их социально-культурных причин имеет важное значение для успешной межкультурной коммуникации, так как позволяет адекватно понимать поведение собеседника и строить собственные высказывания в соответствии с коммуникативными нормами и традициями другой культуры. Знание стратегий вежливости, а также базирующихся на них коммуникативных доминант, формирующих национальный стиль вербальной коммуникации, является важнейшей составляющей межкультурной коммуникативной компетенции [7, 200].

**Результаты.** Рассмотрим теперь концепт «вежливость» в русском и казахском языках. С целью выяснения того, как понимают вежливость носители русской и казахской коммуникативных культур, нами был проведен ассоциативный эксперимент, который показал, что в понимании вежливости у русских и казахов имеются как существенные различия, так и определенные сходства, которые и объясняют многие особенности их коммуникативного поведения. Были приведены ассоциации (слово или словосочетание), из которых наиболее частыми являются следующие: тәрбиелік- благо, адамдарды құрметтеу, сыйласу- уважать старших. В русском языке вежливость ассоциируется с уважением и добротой, а также порядочность, любезность и почет [8, 175].

Основными содержательными элементами изучаемого концепта в казахской и русской лингвокультурах являются воспитанность, уважение и доброта. Чем отличается вежливость казахов и русских? В обоих языках ситуация прощания в целом является достаточно многословной, включая в себя помимо самой формулы прощания ряд фраз, выражающих значения пожелания, напутствия, благодарность, оценку ситуации, приглашения, намерения продолжать контакты, заботу о партнере. Во-вторых, в обоих языках наблюдается тенденция к сокращению количества часто употребляемых формул прощания при том, что в целом они достаточно разнообразны. Наконец, ситуация прощания представляется наиболее демократичной в обоих языках, так как именно в ней наблюдается наименьшее количество различий в плане употребления (основным критерием употребляемости формул прощания является официальный / неофициальный характер коммуникации). Наряду со сходствами были отмечены и некоторые различия. Во-первых, в казахском языке присутствует суффикс, передающий значение вежливого обращения, - ыңыз. Во-вторых, значительно отличается семантика основных формул прощания (в казахском языке это пожелание здоровья + сәлемайтыңыз, в русском - значение расставания до следующей встречи) [9, 120].

В русском и казахском языках произносимая формула прощания предполагает долгое расставание, либо расставание навсегда. Считается, этот факт можно объяснить тем, что Россия и Казахстан занимают очень обширные территории, что, естественно, является причиной разбросанности семей, друзей, близких и знакомых, что накладывает определенные ограничения на возможности общения.

В романе М.Ауэзова «Путь Абая» мы прослеживаем путь обучения и формирования личности Абая, когда он наблюдает за несправедливыми действиями отца Кунанбая против бедных и пытается противостоять ему, и помочь бедным людям справиться с джутом. Формирование личности Абая, когда он получает всенародное признание и уважение, как поэт – борец за справедливость, как показывает автор, события происходят в сложное и противоречивое время распада патриархальных устоев в казахской степи, проникновения прогрессивных идей, способствующих развитию национального общественного сознания [10, 140].

Вот сцена разговора отца и сына. «Властное и окаменелое лицо Кунанбая словно сморщилось и уменьшилось, да и в упреках его звучало что-то детское, почти беспомощное. Но почтение к старшим – долг молодых; почтение к отцу – долг сына» [11, 134]. Речь каждого из персонажей предельно раскрывает их характеры. Например, Кунанбай использует в своих рассуждениях с сыном метафоры и сравнения: «Расточаешь свои сокровища безрассудно. Ты слишком доступен и прост, как озеро с пологими берегами. А такую воду и собаки лакают, и скот ногами мутит ...» [12, 334].

**Обсуждение.** Роман М.Ауэзова затрагивает самые глубинные стороны человека, взаимоотношения людей, уклады, когда у богатых людей была в руках власть и сила управлять слабыми и беззащитными людьми, заступится за которых, никто не мог. И только сильная воля, жесткий характер, смелые идеи и отважные поступки Абая помогли ему встать на защиту беспомощного народа и дать им надежду на будущее [13, 107].

В этом произведении, получившем в 1949 г. Государственную премию I степени, необычайно выразительно и подробно изображена жизнь казахского народа в прошлом столетии. Уже в начале романа Ауэзова мы узнаем об одном из самых суровых наказаний, которые знал шариат – забрасывании камнями живого человека. Никто не проверял, были ли в чем-нибудь виноваты старый Ко-дар и его сноха Камка. Кунанбаю, отцу Абая, было просто необходимо уничтожить своего сверстника Кодара для того, чтобы беспрепятственно осуществить свои коварные замыслы. Маленький Абай был свидетелем этой трагедии. Уже тогда в нем пробудилось глубокое отвращение к существующему бесправию, уже тогда он стал задумываться о неправильных поступках своего отца. Абай еще не осмеливался высказать свое отвращение. Узы среды и воспитания были слишком сильны, и никто не слышал, чтобы сын когда-нибудь не послушался своего отца. Но чистая детская любовь к отцу ушла от него прочь навсегда. О многом он начал глубоко размышлять и многое уже не казалось ему, как прежде, само собой понятным и правильным [14, 19].

Еще большее бесправие увидел Абай во время спора старейшины Божея с Кунанбаем. Дело кончилось тем, что в соответствии с решением судей маленькую сестричку Абая Камшат отдали «на воспитание» семье Божея. Божей был не из худших. Он даже приобрел уважение Абая, и все же маленькая Камшат – невинная жертва безжалостного, гордого, сварливого Кунан-бая – скоро умирает, по всей вероятности, из-за плохого ухода за ней. Абай начинает понимать, что это вина не только семьи Божея, а первым долгом – его отца.

В этом трагическом эпизоде Ауэзов доказывает бесправное положение женщины в тогдашнем обществе. Кунанбай не посчитал нужным даже сказать своей жене о том, что у них возьмут ребенка. Какое ему дело до чувств жены! У Кунанбая четыре жены и несколько детей; что же случится, если на одного ребенка станет меньше, да ко всему это только дочка!

**Заключение.** Исключением среди других женщин была бабушка Абая, мать Кунанбая – Зере, которая все же высказывала свое мнение и умела противопоставить его мнению Кунанбая. Нужно учитывать, что старая Зере была одной из самых старших женщин рода тобыкты, матерью родового старейшины. Но все, в конце концов, решал сам Кунанбай. В несравненно худшем положении находились женщины из простых юрт. Те были настоящими рабынями. Таланты, стремление к добру, к правде – вот главные черты народного характера, которые показывает М.Ауэзов сквозь бесчисленное множество индивидуальных судеб и характеров. При всех жизненных тяготах они сохранили высокие моральные качества.

Таким образом, можно сделать вывод, в художественном тексте М.Ауэзова можно определить несколько видов ассоциаций вежливости, которые существуют и в творчестве русских классиков, но которые по-особому описываются в творчестве гениального казахского классика. Именно они передают дух своего народа [15, 120].

*Список использованной литературы:*

1. *Japney&Arndt; Sifianou; Agar; Тер-Минасова, Виссон, Вежливость как коммуникативная категория, Воронеж, 2003, 172 стр.*
2. *С. Хантингтон, Теория культур цивилизаций. – Москва: АСТ, 2003. – С. 33*
3. *Силаева. Психология семейных отношений с основами семейного консультирования. 56*
4. *Прохоров, Стернин, Русские: Коммуникативное поведение. – Москва: Изд.Наука, 2006. – С.32.*
5. *Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. Изд. «Иностранная литература». – М., 1955. – С. 317.*
6. *Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. – Алматы, 2005. – С.20.*
7. *Мельников Г.П. Кибернетический аспект различения сознания, мышления, языка и речи. В кн. «Язык и мышление», Изд. «Наука». – М., 1967. – С. 232-243.*
8. *Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – С.275.*

9. Павлов И.П. Лекции о работе больших полушарий мозга. В кн. «Полное собрание трудов», т.4. Изд. АН СССР. – М.–Л., 1947. – 256 стр.
10. З.Д. Попова, И.А. Стернин. Язык и национальная картина мира. – Воронеж, 2002.
11. Сеченов И.М. Избранные философские и психологические произведения. – М., 1947. С. 142.
12. Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. Автореферат докт. Диссертации. - М., 1971. – С. 25-28.
13. Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. – М., 1933. – С. 107-109.
14. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию, т. 1. – Л., 1958. – С. 19.
15. George Lakoff and Mark Johnsen. Metaphors we live by. London: The university of Chicago press, 2003
16. Ronald W. Langacker. Cognitive grammar. Oxford University press, 2008
17. Dirk Geeraerts, HubertCuyckens. The Oxford handbook of Cognitive Linguistics. OxfordUniversitypress, 2007
18. Dirk Geeraerts. Cognitive linguistics research. Berlin, 2006 Vivian Evans and Melanie Green. Cognitive Linguistics/An Introduction. Edinburgh, 2006.

МРНТИ 16.21.39

Б.Қ. Момынова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Алматы қ., Қазақстан

## Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ЭМОТИВТІК КЕҢІСТІК

*Аңдатпа*

Мәтіндік кеңістік әр түрлі болады. Соның бірі – эмотивтік кеңістік. Эмотивтілік - тілдік категория, коммуникацияға қатысушылардың іс-әрекетке, құбылысқа деген көзқарасын, сөйлеушінің эмоционалдылық күйін жеткізеді. Сондай-ақ сөздердің мағыналық үйлесімділігі, әр сөздің өз орнында синтагмасын сақтап орналасуы, тіркесімдердің ұлттық танымға сай болуы ұлттық кодтарды шығармашылық тұлғаның игергенін, танымының тереңдігін танытады. Эмоционалдылық – сөйлеушінің өз пікірінде субъективті бағалауды білдіруі, сөйлеу кезінде және сөзді қабылдау кезіндегі өз сезімі мен эмоциясын танытуы. Эмоциясын поэзияда жеткізуі ерекше ақындардың бірі – Ф.Оңғарсынова. Ол өз эмоциясы мен эмоционалды жай-күйін сипаттап, қазақ сөзінің эмоционалды мазмұнмен толығуын көрсетеді.

**Кілт сөздер:** көркем әдеби стиль, поэзия жанры, мәтін, мәтін кеңістігі, эмотивті кеңістік, эмотивті фразалар, эмоционалдылық, аутодиалог, шығармашылық тұлға, эмотивті категория, аффикстер, фразеологизмдер, сөйлем, тұтас мәтін, контекст, т.б.

*В.К. Momynova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>A. Baitursynuly Linguistics Institution  
Almaty, Kazakhstan

## EMOTIVE SPACE OF FARIZA ONGARSYNNOVA'S LYRICS

*Abstract*

Text space is different. One of it is the emotive space. Emotivity is a linguistic category that serves to determine the emotional state of the participants on happening action and situation during the communication. Moreover, the correlation of meaning, the preservation of the syntagmatic order of words and the correspondence of the phrase with the national consciousness indicate that the language personality has mastered the national code. Emotionality is a subjective assessment of the representation of feelings and emotions of a speaker while speaking and analyzing of word. One of the magnificent representatives of emotion in poetry is Fariza Ongarsynova. She describes her emotions and emotional state with the help of Kazakh words that carry a full emotional content.

**Key words:** literary and art style, poetry genres, text, space of the text, emotive space, emotive phrases, emotionality, auto-dialogue, creative personality, emotive category, affixes, phraseological units, sentence, whole text, context and etc.

Б.К. Момынова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Институт языкознания имени А.Байтұрсынулы,  
г. Алматы, Казахстан

## ЭМОТИВНОЕ ПРОСТРАНСТВО В СТИХОТВОРЕНИЯХ Ф.ОНГАРСЫНОВОЙ

### Аннотация

Текстовое пространство бывает разным. Одним из них является эмотивное пространство. Эмотивность – это языковая категория, которая служит для определения эмоционального состояния участников коммуникации по отношению к происходящему действию и явлению. Также соотношение значения, сохранение синтагматического порядка слов, соответствие словосочетания с национальным сознанием говорит о том, что языковая личность освоил(а) национальный код. Эмоциональность – это субъективная оценка репрезентации чувств и эмоции говорящего во время говорения и анализирования слова. Одним из великолепных репрезентатором эмоции в поэзии является – Ф.Онгарсынова. Она описывает свои эмоции и эмоциональные состояния с помощью исконно казахскими словами, носящих в себе эмоциональное содержание.

**Ключевые слова:** литературно-художественный стиль, жанр поэзии, текст, пространства текста, эмотивное пространство, эмотивные фразы, эмоциональность, аутодиалог, творческая личность, эмотивная категория, аффиксы, фразеологизмы, предложение, целый текст, контекст и т.д.

*“Творчество писателя, его авторская личность, его герои, темы, идеи и образы воплощены в его языке и только в нем и через него могут быть достигнуты”*  
(Щерба Л.В.).

Мәтін атаулының алтын арқауы, түпқазық-дінгегі – адам, яғни автор мен кейіпкер. Сонымен қатар адам – мәтінді дүниеге әкелуші ғана емес, мәтінді талдап, зерттеуші де. Осыдан келіп адам антропоорталықты түзуші субъектіге айналады, ал бұл адамның тұлабойында антропоорталықтық сипаттың кашанда басымдығын байқатады.

Шығарма иесі автор өзі суреттейтін ақиқат дүние мен шындықты өз шығармасына арқау ете отырып, оны барынша сақтайды, сондай-ақ кейіпкер әлемімен да осындай байланысты үзбеге бар күшін салады. Ақырында автор мәтінді жазып біткенде толық аяқталған, толымды кейіпкері бар тұтас шығарманы дүниеге әкелген орталық тұлғаға айналады. Осындай тұлға туғызатын көркем шығарманы зерттеу қалай жүзеге асуы тиіс?

Көркем әдеби стилі жанрларының бірі поэзияны, оның ішінде лириканы зерттеуді В.А. Маслова этаптарға бөлуден бастайды, алдымен нақты бір мәтіннің дүниеге келуіне ықпал етуші мәтіннен тыс ақпараттарды білуді, оларды зерделеуді бірінші кезекке шығарады. Ондай ақпарат түріне кезеңнің ерекшеліктері, мәдени фон, автордың биографиясы т.б. жатқызылады. Көркем шығармаларды оқып отырып, авторлардың әр кезеңге, өмірінің әрбір шағына орай өлең тақырыптарын да, ой желісін де, өмірге деген ұстанымын да, көзқарасын да өзгертіп отыратынын бағамдауға болады. Бұл мәтіндік кеңістіктің түрлері әр кезең сайын өзгеріске түсіп отыратынын білдіреді және бұл өмір заңдылығы.

Мәтіндік кеңістік түрлі-түрлі болады. Соның бірі – эмотивтік кеңістік. Әсіресе шығарма авторлары жастық шақта жазған өз шығармаларында, көркем мәтіндерде эмотивтік кеңістікке еркін бойлап, эмоцияға көп бой ұрады. Эмоция немесе сезім әлемі, сезім мен жан-дүние кеңістігі – ақын мен жазушылардың көбінің аттап өте алмайтын биік табалдырығы. Сондықтан мәтін ауқымында, мәтінді зерттеп-зерделеуде жиі кездесетін құбылыс әрі зерттеуге сұранып тұратын кеңістік – мәтіннің *эмотивтік кеңістігі* болуы, заңды. Эмотивтік кеңістікті эмотиология арқылы зерделеуге болады. Себебі ғалым В.И. Шаховскийдің пікірінше: “Эмотиология – лингвистикадағы эмоцияның жеткізілуі мен бейнеленуін, эмоционалды сезім-күйлер мен эмоционалды күй-қалыпты экспликациялаудың тілдік құралдарын зерттейтін ерекше бағыт”. Эмотиологияның негізгі ұғымдары “эмотивтілік” және осы саланың іргелі проблемаларының бірі “эмотивтіліктің” “эмоционалдылықпен” арақатынасын, сәйкестілігін қарастырады. Осы екі ұғымға келгенде, көптеген зерттеуші ғалымдардың екеуін синоним ретінде түсінетінін айту керек. Бірақ бір топ ғалымдар осы екі ұғым туралы өзге көзқарас танытады, олар екі ұғымның синонимділігін қолдамайтындықтарын білдіріп жатады. Екі ұғым да психологияда, лингвистика саласында жиі қолданылатын

ұғымдар, бірақ мамандануға сәйкес әрқайсысы өзінше парықталады. Эмоционалдылық адамның сезімін, ішкі жан-дүниесі мен жай-күйін, психологиялық характеристикасын жеткізу мақсатында жиі қолданылатын болса, эмотивтілік – тілдегі эмоцияны жеткізуші нақты бір принцип бойынша түзілген белгілі бір құралдардың жиынтығы немесе тілдік категория. Яғни эмотивтілік тілдік категория санатына енеді, ал оның эмоцияны жеткізуші, тасымалдаушы, басқаша айтқанда, коммуникацияға қатысушылар арасында олардың әлденеге (іс-әрекетке, құбылысқа) деген жеке көзқарасын, қарым-қатынасын білдіруі, сөйлеушінің эмоционалдылық күйін жеткізуге қолайлылық тудыра алатындығы оның барынша маңызды қызмет атқаратынын нақтылай түседі. Эмотивтілік коммуникацияға қатысушылар үшін әртүрлі жағдаяттарда тілде даяр күйінде қолдануға болатын нақты тілдік таңбаларды пайдалану мүмкіндігін тудырады.

Эмотиологиядағы келесі бір маңызды термин – “эмотив” Бұл терминмен көбінесе ауызша немесе жазбаша мәтін авторының тілдің эмотивті категориясын жандандыруда қолданатын нақты бір тілдік бірлікті атайды, бірақ қай деңгей бірлігі эмотивті болып табылатындығын нақты айқындаудың мәселесі шешілмегені анық. Зерттеушілердің бір тобы эмотивтіліктің бүкіл тіл деңгейлерін, олардың бірліктерін түгел қамтитындығын айтса, В.И. Шаховский, С.В. Коростова, т.б. тек сөздің ғана емес, аффикстер, фразеологизмдер, сөйлем мен тұтас мәтіндердің де эмотив бола алатындығын айтады. Бұл пікірдің жаны бар. Сондай-ақ сөйлеуші эмоциясын жеткізу қызметі басым тілдік бірліктің эмотив болатынын айтқан В.И. Шаховский пікіріне ден қоюға және Ю.Н. Карауловтың тіл арқылы эмоцияны жеткізудің әлі күнге дейін жеткілікті зерттелмегенін білдірген пікіріне назар аударуға болады. Дегенмен тіл арқылы сезімнің, жан-дүниенің толық жеткізілуіне, қалтқысыз жеткізілуіне, вербалдануына күмәнсіз қарау қиын. Сезім-күйлердің ішінде **интерцептивтік** немесе ағзаішілік, денеішілік сезінулерді тіл арқылы сыртқа шығару, сездіру мүмкіндігі аз. Оның ішінде дененің бір тұсының ауыруы мен жан-дүниенің күйзеліске түсуін, депрессияны тілмен жеткізу, шынында да, көбіне мүмкін болмай жатады. Осындай сезім-күйлердің шығу тегін адамның физиологиясымен байланыста қарастыра отырып, оны тілдегі эмоционалды метафоралардың вербалдануын нұсқайтын фактор ретінде бағалау бар. Метафоралардың бір тобын В.Ю. Апресян эмотивті *метафораның физиологиялық типі* деп атайды. Негізінен, ішкі сезімдердің вербалдануы лингвомәдениеттану мен когнитологияда біршама зерттелген.

Күнделікте тіршілікте “бойым дір ете қалды”, “қорқыныш бойымды алды”, “қуанғаннан жүрегім лүпілдеді” т.б. сезім-күйлер осылай суреттеліп, тілмен жеткізілгенмен, олардың нақты суреті нейрофизиология арқылы барынша анық бола түсетінін жоққа шығаруға дұрыс болмас еді. Бірақ адамның денесінде, ішкі дүниесінде болып жататын барлық сезім-күйлерінің тілдік сипаттамасы бар, яғни олар қалай дегенмен де, әйтеуір, тіл арқылы мүмкіндігінше жеткізіледі. Ол үшін көркем шығармаларда терең нейрофизиологиялық тексерулер мен тәжірибелердің нәтижесін көрсетудің, тіпті арнайы зерттеудің керегі жоқ. Дегенмен асып-төгіліп жататын сезім-күйлерді білдіруге келгенде “тіл жетпей”: “айтуға сөзім жоқ”, “сөзім жетпейді”, “сөз таппай қиналып тұрмын” деу нақ осы мәселенің оңай ғана шешіле салатын жеңілдігін емес, қиындығынан хабардар етеді. Психология мен психиатрияда бұл күйлерді “*алекситимия*” деп атайды. Осы сезім-күйлерді шығармашылық иелері тілмен жеткізуде шеберлік танытып жатса, олардың дара стильмен ерекшеленгендігінің көрсеткіші деуге болады.

Автордың кейіпкерге жүктейтін сезімі екі түрлі болады: а) ақиқатында болатын, ырықтан тыс – объективті сипатты сезім; ә) автор сезінетін, автор арқылы жеткізілетін – субъективті сипаттағы сезім. Алғашқы сезім түрін ғылымда *диктальды* деп атаса, екіншісін *модальды* деп атайды. Екеуі екі деңгейлік сезім түрлеріне, яғни кейіпкер мен автордың сезіну деңгейлеріне жатады, бірақ әрдеңгейлік сезім түрлері болғанымен, мәтін ішінде бірін-бірі толықтырып отырады, аралас күйде де кездеседі.

Кейіпкер сезімі – кейіпкердің айналадағы, дүниедегі түрлі жағдайлар мен жағдаяттарға байланысты өзгеріп тұратын әрі кейіпкердің өзге кейіпкерлер мен олардың әрекеттеріне деген көзқарасын білдіретін ішкі сезімдерінің жиынтығы. Ал сезімді білдіретін лексикалық бірліктер *аффектілік бірліктерге* жатады.

Мәтіннен тыс, бөлек алып, жеке қарастырғанда эмотивті бірліктер уәжі жоқ, бейберекет бір жерге жай ғана топтастырылған, жекелеген сөздер түрінде болады. Айталық, Ф.Оңғарсынованың “Ғашық сезім” (Астана: Фолиант, 2013, 224 б.) өлеңдер жинағынан әр мәтіннен (бірнеше өлеңдерінен) теріп алынған осындай эмотивті бірліктер: *қуану, күй, қыңырсоқтау, ұрынсақ, қылымсу, тебірену, мұң, елжіреу, абыржу, толқу, жаутаңдау, ұялу, өртену, сезім, тыншымау, күлімдеу, күлу, жабықпау, жасқанбау, дірілдеу, албырау, нұрлану, аңсау, зар қылмау, бақыт, қуаныштан тәттірек қайғы, жүрегі алқыну, жанардан жан-күйді ұғыну, бал сезім, сарғаю, сағына түсу* т.б. осындай жай ғана сөздер тобындай көрінеді. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке стаикалық күйде тұрғанда, жекелеген сөздермен сезімді жеткізу мүмкін емесі анық. Бірақ осы сынды сөздерді кірістіре отырып сезімді жеткізу жолы мен амалдары саналуан.

Соның бірі – контекст. Ал контекст арқылы сезімді жеткізуді оның контекстік түрі деуге болады. Бір фраза көлеміндегі, яғни контекстік эмотивті бірліктер күрделі микротақырыптарға құрылған синтаксистік тұтастықтың айырым семантикалық компонентіне жатады және фразалық эмотивті мағынаны білдіреді. Мысалы:

Сен маған көктем боп кел  
*нәзіктеу жанымды ұғатын.*  
Отты махаббатыңмен өктем боп кел  
*асқақтығымды табындыратын.*  
Қазақтың әні боп кел  
*жүрегімді дірілдететін.*  
Сол әндердің сырлы әуен – нәрі боп кел  
*Жанымнан мұңым кететін (72-б.).*

Осы шумақтардағы *асқақтықты табындыру, жүректі дірілдетер* ән сияқты қолданыстар – тұтас сөйлемнің, яғни синтаксистік тұтастықтың ішіндегі эмотивті фразалар. Ал синтаксистік тұтастыққа құрылған тұтас сөйлем түріндегі жыр жолдары Фариза ақынның лирикалық жырларының деніне тән құрылымдар, мысалы:

*Сен маған көктем боп кел  
нәзіктеу жанымды ұғатын.*

Егер қарапайым тілмен жеткізер болсақ: *Сен маған нәзіктеу жанымды ұғатын көктем боп кел* түрінде айтылар еді. Осы жерде айтып өту керек, Фаризаның аталған жыр жинағындағы өлеңдерінің құрылымы, негізінен екі немесе төрт жолдың, кейде тұтас өлең мәтінінің бір ғана сөйлем түрінде келіп, бір ғана ойды жеткізетін формамен келетіндігі. Соның бірі – “Сенің жүзің мен үшін” деп басталатын жыр жолдары. 47 жолдан тұратын өлең бірыңғай мүшелері арқылы ұйқасып тұрған бір ғана сөйлем түрінде келген. Сөйлемнің бастауышы МЕН жасырын тұр, баяндауышы – *жолатпас ем, көнбес ем. Жаным – пысықтауыш*. Ең қызықтысы бірыңғай мүшелер күрделі компонентті немесе күрделі бірыңғай мүшелер болып келген. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша анықталушы-анықтауыштық қатынастағы сөздердің алдыңғы сыңары соңғысын анықтауы тиіс. Өлең жолдарында осы заңдылық үнемі сақтала бермейді, керісінше, соңғы компоненті алдыңғы компонентті анықтайтын өзгеше қатынастарға құрылатын жолдар да кездесетінін айту керек.

Жалпы тіл заңдылығының сақталмауы өлеңде, поэзияда жиі кездеседі. Айталық, өлең мәтіндерінің әр шумағының жеке жолдары бас әріптен басталатындығы туралы емлелік қағида да өлең атаулыда үнемі сақтала бермейді. Осыған қарап, тек осындай құбылыстар ғана жеке стильдік ерекшеліктерді тудырады деген ой тумаса керек. Сондай-ақ тіл заңдылықтары, оның ішінде сөздердің мағыналық үйлесімдері болуы, әр сөздің өз орнында синтагмасын сақтап орналасуы, тіркесімдердің ұлттық менталитетке сай болуы шығарма иесінің ділдік ұғым-танымының толыққандылығын көрсетеді. Сонымен бірге, ұлттық кодтарды шығармашылық тұлғаның игергенін, танымының тереңдігінің белгісі ретінде танылады. Эмотивті фразалардан тұратын бір ғана сөйлем түріндегі синтаксистік тұтастықтан құралатын өлеңді оқып қаралық:

*Сенің жүзің мен үшін  
ай нұрындай болмаса,  
өзің барда жаным  
жайлы мұңдай болмаса;  
тыныс берер кеудеме*

*сенің демің болмаса*, - деп басталатын өлеңдегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері ұйқаса келіп, біртұтас мәтін түзіп, өлең құрылған: *аймалаудан танбайтын еріндерің болмаса; үмітімді жалғайтын шын сенімің болмаса, саған дейін қиял мен мұң серігім болмаса; сен жүргенде ақ жаңбыр жайлы күндей болмаса, күздің тұман кеітері айлы түндей болмаса; сенсіз мынау әлемді кезбейтінім болмаса, азаптарды сен барда сезбейтінім болмаса; өзің барда жер-көкті ұмытқаным болмаса; рақаттан сен барда тұншығарым болмаса; тек өзіңнің алдыңда қымсынарым болмаса; сен барыңда қайғыдан арыларым болмаса, шыдам таптай өзіңді сағынарым болмаса; мұңайғанда тек өзің жұбатарың болмаса, сенің махаббатыңмен гүл атарым болмаса; маған ғана сыр ашып шеуілерің болмаса, қате басқан сәтімді кешіретің болмаса; от-сезімің жүректі табындырған болмаса, бей-жай жүрген*

жанымды жалын қылған болмаса; бұла шақтың арманын сенен ғана көрмесем, қиналғанда күш беріп, бастамасаң өрге сен, сүю түгіл, жанымға жолатпас ем, көнбес ем (73-75 бб.)

Ақын өлеңдерінде көркемдігімен айрықшаланатын, авторлық метафоралар бар. Олардың семантикалық радиустары фразалар шеңберінен шығып кетеді, шеңбер ішінде қала алмайды, өйткені көркемдік әлеуеті шеңбер ішінде қалуға жол бермейді: *Көңілім құздан құлап жүрмін ессіз* (77-б.), *төсек аяз. Түндер боран* (77-б.), *Қуанышты* мендегі сенің *қайғың улайды* (76-б.), *Жанарың жанарымда тұрып қалды* (103-б.), ... *бұрқан-талқан көңілім. Жаным – қырау* (111-б.), *сен барда мынау қос бөлме ұқсайтын қазды қос көлге* (114-б.), *Иықтасып келеміз. Бірақ менен мәңгілікке алыстап бара жаттың* (118-б.), *Көңілімді алдаумен ұрлама, айым* (119-б.), *Күндей мүсін* (115-б.), *Өмірдің кейбір көлеңкелерінен салқындап* (116-б.), *Мазалайды тағдырдың түні, желі, көкірегім ызадан тілінеді* (169-б.), *Тағдырымның дауылы азынап тұр* (169-б.), *өзгені сүйе алмай, жалғыздықпенен некелескенім* (174-б.), *Несіне ендің қиындау тағдырыма қайғы болып, жартылай бақыт болып* (177-б.), *немесе анау ақкөңіл елге барам жусаны да жайымда ұғына-тын* (178-б.), *Мен сонда жылап қалғам өзіңді жек көргеннен және де... ұнатқаннан* (180-б.), *сезім-сең соқтығады* (186-б.), *көңіл де – бәйге алаңы* (186-б.), *Қоштасудың мұңдысы-ай, кездесуді табиғат жазғай тағы* (189-б.), Қалды да қойды *жанымда жсауғалы тұрған бір жаңбыр* (12-б.), *Арманның ақбоз арғымағын айға байлалық* (55-б.); Қаққанменен *жан есігін* (13-б.), т.б. Бұл колданыстар функционалды тұрғыдан әрбір жыр шумақтары жеткізетін жалпымәтіндік мәнді, яғни жақсы көру, ұнату, сүю мәндерін жаңа да қанық бояулы реңктермен толықтырады.

Фрагмент яки үзік түріндегі эмотивті мағыналар жеке мәтін (жеке өлең я прозалық шығарма бөлімдері т.б.) жеткізетін микротақырыпқа яки синтаксистік тұтастықтың мәніне сәйкес болады, соны толықтырады, тереңдетіп, түрлендіреді. Ол не үшін қажет? Ол – кейіпкердің психологиялық табиғатын ашу үшін қажет, сондықтан бір мәтін ішінде бір сезім түрін құбылту Фариза ақында жиі кездеседі. Айталық, сезім түрі – **жақсы көру**. Сол сезімнің құбылулары Фаризаның мына бір өлеңінде былайша өрбіген:

Құлай сүйіп көрмеген жүрегінді  
Алқындырып, көңіліңе қайғы алдырып  
келтірместен мұршанды ойлантуға  
отыруға пайымдап, жайларды ұғып,  
құздан құлап көрмеген өр басыңды  
көкке сүйреп, сонан соң Айдан жығып (203-б.).

Бір ғана сезімнің кейіпкер жүрегінде пайда болуы, өрбуі, тұла бойды шарпуы, сол сезімнің жүрекке сыймай “жарылуы” бір леп, бір деммен өлең жолдары арқылы сыртқа шығуының тілмен жеткізілген сипаты осылай болып шыққан. Ең соңғы “құздан құлап көрмеген өр басыңды көкке сүйреп, сонан соң Айдан жығып” жолдары сезім кульминациясы, сезім шыңы, сезімнің тіл арқылы сыртқа тепсініп шығуы, жол табуы, жан бұлқынысы. Әсіресе, *Айдан жығылу* – нағыз жан бұлқынысы. Өйткені қазақта “аспаннан айды алып беру” сынды фраза астарында “қол жетпес биік, асқақ арман, қиялмен ғана ұғынуға болатын асқақтық”, “ақиқатында орындалмайтын әрекет” жатыр, ал *айдан жығылу* - сүрініп құлау немесе аттан жығылу емес, ерекше сурет. Қашан да фрагментті эмотивті мағынаға бай болып келетін поэзиядағы сезімді сыртқа шығарудың бір варианты, бір амалы, бір жолы, ал ақын қыз осы жан бұлқынысын фразаға сыйдыра алған. Сөйтіп сезім серпіні, сезімнің асқақ күй танытуы мен шыңы ақын қыз өлеңдерінде өзінше бір көрініс тапқан.

Сезім адамның ішкі дүниесін көрсететін жан, жүрек, ақыл бірлігімен дүниені қабылдау ерекшелігін тудырады. Адамның эмоционалды күйі сансыз әрі олардың бәрі дерлік сәттік, тез өтетін қасиетімен ерекшеленеді, сондықтан адам жиі бастан кешетін және ұзағырақ сезінетін эмоционалдық күйлер ғана тілде көрініс табады. Бірақ адам басынан кешіретін эмоционалдық күйдің бәрін тілдік бірліктер тура сол күйінде жеткізе алмайды.

Сезім мен эмоцияны айыруда сезімнің интеллектуальдылығы, эстетикалығы, моральдығы ескерілуі тиіс. Бірақ ықылым заманнан бері сезімнің екі-ақ түрі негізгі болып саналады: қанағаттанушылық және қанағаттанбаушылық немесе жақсы және жаман. Ал адам танымы кеңі келе қанағаттанушылық пен қанағаттанбаушылық атты екі сезім үмітке, алаңдаушылыққа, мұң мен уайымға ұласады. Бұлар – үміт, уайым, алаңдаушылық, мұң – күрделі эмоцияларға жатады. Бұдан шығатын түйін – сезімдердің жандануының нәтижесі эмоция, ал эмоция болса, ақиқаттың (шын мәніндегі жан-дүние өзгерісінің) нақты көрінісі болады екен.



Эмоционалдылық – сөйлеушінің өз пікірінде субъективті-бағалаушылық пен сөйлеу кезінде және сөзді қабылдау кезіндегі өз сезімі мен эмоциясын танытуы. Егер мұны процеске жатқызсақ (эмоциялардың үздіксіз алмасуын процесс десек), оның ойлаумен, сананың жұмысымен байланысып жатқаны бағалаушылық пен сезім-күйден аңғарылады, Ой әрекетінсіз бағалау да, белгілі бір эмоционалдылық күйге түсу де мүмкін емес. Ал ой болса, сөз арқылы сыртқа шығып, материалданады. Сондықтан эмоционалдылық лингвистикалық категорияға жатады, оның болмысы сөйлеушінің өз эмоциясы мен эмоционалды жай-күйін сипаттау мен оны жеткізуге негізделеді және сөздің эмоционалды мазмұнмен толығын белгілейді.

Тілдік бірліктердің ішінде одағайлар – эмоцияларды сыртқа шығаратын, оларды ең бір төте жолға салатын тілдік бірліктер. Одағайдың көмегімен адам сөз үстінде (сөйлеу барысында) айналадағы шындыққа, ақиқатқа деген өзінің көзқарасын, дұрысы, сол сәттегі реакциясын сездіреді. Сондықтан да одағайлар аффектілерді жеткізуге қызмет ететін сөз табы ретінде танылады.

Одағай сөздер – зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеулер сияқты негізгі сөз таптарының біріне де ұқсамайтын сөз табы. Сөйлемде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің қызметтерін атқармайды, сөйлем ішінде сөздермен байланысып, синтаксистік қарым-қатынасқа түспейді. Олардың ең басты ерекшелігі білдіретін мағыналарынан туындайды, яғни адамның сезімі мен көңіл-күйін білдірумен байланысты және көңіл-күйдің құбылмалы болатыны секілді көп мағыналы болып келеді. Мағыналары сөйлем ішінде ғана нақтыланып, анықталады. Одағайлардың мағынасы тілді тұтынатын ұжымға (ұлтқа, халыққа) түгел түсінікті болып келеді.

Одағайлардың нақты мағыналары контексте анықталады, сөйлеу жағдаятымен тікелей байланысты болады. Сондықтан олар әр сөйлемде әр түрлі мағынамен жұмсалады. Бір одағай сөз әрі таңырқау, әрі шошыну, әрі қуану, әрі өкіну т.б. сияқты адамның түрлі көңіл-күйін білдіріп, бірнеше сөйлемнің құрылуына қатыса алады. Мысалы:

1. *Беу, жастық шақтың көзіндей болған құрбым-ай!* (сүйсіну). Бұл одағай айтылғанда екпін мен дауыстың өзгеше дірілі, әуезділігі басқа сезім күйлеріне қарағанда ерекше құрылады. Сөйлеу жағдаяты қорқыныш, шошыну т.б. сезімді білдіруге құрылмаған. Одағайлардың мағынасына сөйлеу жағдаяты мен прессупозиция және интонация, екпіннің әсері ерекше болады деудің себебі осыдан.

2. *Беу деген, сен өзің қалай-қалай әңгіме қозғап тұрсың?!* (реніш аралас таңырқау). Жағдаят ренішті күйді білдіруге құрылған.

3. *Беу, жаным, ризамын саған!* (ризашылық) т.б.

Дәл осы көңіл-күйді өзге одағайлар арқылы да жеткізуге болады.

Одағайлардың көбі бастапқы кезде реалды дүниедегі ақиқат құбылыстарды атайтын мағынасы бар сөздер болған. Одағайлардың бір ерекшелігі ретінде олардың ескі дәуірлерде шыққан сөздермен бірге жаңа одағайлармен молайып отыратынын айту керек.

С.Ю. Мамушкин одағайлардың тілдік сипатына, ерекшелігіне өзге бір қырынан, атап айтқанда, сөйлеудің функционалды-семантикалық ерекше бір түрін атайтын “аффектілік сөйлеу” тілі ұғымы тұрғысынан келеді. Ол Ж.Вандриестің одағайларды “сөйлеудің арнайы бір формасы – аффектілік сөйлеу түрі, эмоционалды немесе аса жанды, әрекетті” түрі деген түсінігіне ден қояды. Осы пікірі арқылы ол одағайлардың қолданысын қатаң бақылау мүмкін еместігін айтқысы келген. Немесе “аффектілік сөйлеу” - дауыстап жіберу (восклицание), одағай сияқты ешқандай да бір ой түзетін емес, ішкі аффектілік күйді ғана білдіретін, қандай да бір болмасын жағдаятқа деген қатынасты сездіретін күй. Бұл одағайлардың қызмет аясын тым тарылтып, мәнін азайтып, коммуникативтік қызметін солғындатып көрсетумен бірдей. Бірақ олардың саналы түрде ойланып үлгірместен айтылатын, орындалатын дыбыстар, кейде тіпті ешбір мағынасы жоқ түсініксіз рефлектрлі реакцияны білдіретін дыбыстар деңгейінде екенін де түйсіну керек. Бұл сынды дыбыстар адамның бір жері қатты ауырғанда, қатты ашынғанда да шығады. Бірақ оларды “Құдай атқыр!”, “Ой, сығыр!” сынды бағалаушылық мәні бар сөздермен қатар қойып, бір деңгейде қарастыруға болмайды. Дегенмен, коммуникант (бұл жерде жазба тілді) тілдік бірліктерді сөйлер сөзінің мәнін, негативті немесе позитивті позициясын білдіруде пайдаланады және саналы түрде пайдаланады. Ал эмоционалды жанайқай мәтінде (сөйлеу барысында) одағайлармен де жеткізіледі және ол жазушының немесе сөйлеушінің табиғи яки ақиқат жай-күйін білдіреді.

Сен жүрсің ынтық болып күлкіме бір,  
Не деген ғажап еді, *шіркін*, өмір?” (7-б.);  
Әдейі оны күнде жанап өтем,  
*Ойтыр-ай*, ғашық болған жаман екен (5-б.);

Сөзбен сынап-мінеп ілдім,  
Бірақ... қайсың бақытым деп,  
Дүрсілінен жүрегімнің  
Оңашада тыңдап қалам...  
Ой, қайсыңа сырды ақтарам?! (14-б.).

Бұл сияқты мысалдардан көркем мәтіндегі одағайлар бірнеше қызмет атқаратынын аңғаруға болады: 1. Мәтін құраушы бірлік (Не деген ғажап еді, *шіркін*, өмір?); 2. Сезім-күйді жеткізу үшін (*Ойтыр-ай*, ғашық болған жаман екен (5-б.); 3. Эмоцияны қоюландыра түсу үшін (*Ой*, қайсыңа сырды ақтарам?! (14-б.)). Осы соңғы мысалда аффектілік те байқалатын сынды. Мұндай аффектілік мүлде санадан тыс, ерікке тәуелсіз деп айта алмаймыз. Өйткені ауызша сөйлеу кезіндегі одағайлардың сөзге араласуы мен мәтінде, поэзияда бой көрсетуі - екі бөлек нәрсе. Сөйлеу кезіндегі одағайлардың аяқастынан сөзге енуі көп ретте еріктен тыс орындалады. Дей тұрғанмен, коммуникация заңдылығы бойынша мақсатсыз яки интенциясыз сөз айтылмайды, ендеше эмоционалдылықты нақтылай, әсірелей түсу үшін кей жайттарда одағайлар әдейі айтылады деуге де негіз бар. Ал жазба мәтінде одағайлар мақсатты түрде жұмсалады.

Фариза өлеңдеріндегі сезімді, эмоцияны жеткізудің бір амалы - демеулік шылаулардың қолданысы.

Аңсауменен бұл күнді өмірде мен  
Сонда біздер бақыттың толқынында  
Қос қайың боп, **дүние-ай**, ырғалар ек!

Қол жетпеске талпынар көңіл деген,  
Аңсауменен бұл күнді өмірде мен  
өтемін ғой, **Құдай-ай**, құсалықтан  
жалғыз тамшы жас қалмай төгілмеген... (40-б.);

Бұл үзіндідегі – **ақ** аңсау, армандау сезімін, өкінішті білдіреді.

Шылаулар ақын өлеңдерінде тек эмоцияны білдіру үшін ғана емес, сонымен бірге: а) мәтінді түзу және ә) ұйқастыру қызметтерін де қоса атқарады:

Бұл жырлар жазылмас **еді-ау**,  
Мен қайғы жұтпаған болсам.  
Бұл жүрек табынбас **еді-ау**,  
Сен жұртқа ұқсаған болсаң.

Мен бұлай жүрмес те **едім-ау**,  
Өмірде болмаған болсаң.  
Сүюді білмес те **едім-ау**,  
Сенімді қорлаған болсаң (1967) (48-б.).

Шығармашылық тұлға үшін өлең “өсекші, сырын сыртқа жаюшы”, дұрысында ішкі жан қиналысын, қуаныш-сүйінішін өзгемен бөлісудің амалы, солайша жан азабын жеңілдетудің құралы да. Мәтіннің лингвопоэтикалық теориясында сондай амалдардың бірі ретінде **аутодиалог** аталады.

**Аутодиалог** (кейіпкердің өзімен-өзінің айтысы) – адам үшін адам психологиясымен байланысты табиғи құбылыс, шығармашылық процесте эмотивті лексиканың сыртқа шығуының көрінісі, ал тұлға үшін амал. Мұны М.С. Каган ішкі “диалогика” деп атаған, яғни адам жанының, рухының ең биік деңгейде көрінуі, адам рухының барын білдіретін форма, адам рухының, ішкі дүниесінің сырттай көрінуінің ең жоғарғы түрі, шегі деп түсіндіреді. Ақын Фариза өлеңдерінің көбін осы аутодиалог түрінде жазылған деуге негіз бар. Бұл өлең тақырыптарынан-ақ аңғарылады: “Ұнаттым ем”, “Өзім туралы”, “Өмірге тұрар үш күнім”, “Арман”, “Бойжеткеннің сөзі”, “Құштарлық”, “Мен өмірді сен деуші ем...” т.б. Поэзияның өзі сезімнен тұрса, сезім арпалыстан, іштей бұлқыныстан, психикалық толғаныстардан, сезім атаулының шоғырлана келіп, арнасына сыймай лықсып, тепсініп сыртқа шығуынан көрінеді, ақындардың өзгеге де, өзіне-өзі мұң шағатыны осыдан болса керек, ондай жырлар жиі жазылады. Сондықтан аутодиалогты өлеңі жоқ, ондай өлең жолдары мүлде кездеспейтін ақынның табыла қоюы аз. Жап-жас ақын Фариза (1959 ж.) өзімен-өзі былайша сырласады:

*Жігіттердің жүрегін  
Ұрлай бергім келмейді.  
Сүйдім деген тілегін  
Тыңдай бергім келмейді.  
Кез келгенін ғашық қып,  
Әлек өткім келмейді.  
Аз күндік жасай машық қып,  
Және де өткім келмейді.  
Алғашқы арман-тілекті  
Шетке ысырғым келмейді.  
Бірді сүйген жүректі  
Көпке ұсынғым келмейді. (11-б.)*

Эмоцияларды білдіретін сөздер мәтінде екі түрлі: бірі – препозитивті эмотивті сөздер (номинация деуге де болады), екіншісі – постпозитивті эмотивті сөздер. Өз сезімін жеткізу үшін іштей арпалыс күй кешіп отырған мәтін иесі немесе кейіпкер оқырманды сол сезімді қабылдауға даярлайды, сезімнің күрделі түрлерін бірге бастан кешуге оқырманды жетелейді. Жетелеу ішкі жан-дүниесін жеткізетін сөзі арқылы жүзеге асырылады, оны ішкі монолог десе де артық емес. Міне, Фариза ақынның сезімге толы ішкі монологтарының сипаты осындай.

*МРНТИ 16.21.51*

*А.А. Муса-Ахунов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ-ДҮНГЕН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР СЕМАНТИКАСЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ және дүнген халықтарының туыстық атауларының мағыналық ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ екі тілдегі туыстық атаулармен қатар туыстық қарым-қатынас ерекшелігі де жан-жақты сипатталады. Этнографиялық бірліктерді лингвомәдени аспект тұрғысынан қарау арқылы халықтың болмысы, дүниетанымы мен философиясын тануға болады. Қытай мәдениетінен шығып, ислам дінінің сүзгісінен өткен дүнген мәдениетін ерекшелендіретін салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрі өте көп. Зерттеу жұмысында дүнген этносының ұлттық ерекшелігін танытатын лингвомәдени бірліктерді қазақ халқының мәдениетімен салыстыра сипаттап, сан алуан қырынан ашу мақсат етілді. Туыстық атаулар тек сипатталып қоймай, мақал-мәтел, нақылдардың мәтіндерімен салыстырады, сан мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дүниетанымды танытатын туыстық атаулардың ерекшелігі талданады. Сондықтан дүнген ұлттық мәдениетінің бір көрсеткіші – туыстық атаулардың сырына үңілу халықтың рухани болмысын танытуда өте маңызды.

**Кілт сөздер:** лингвомәдени бірлік, ұлттық таным, этнос, дүниетаным, ұлттық ерекшелік, т.б.

*A.A. Mussa-Akhunov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

## **SEMANTIC OF TERMS OF KINDLESS IN THE KAZAKH AND DUNGAN LANGUAGES**

*Abstract*

The article discusses the semantic features of kinship terms in the Kazakh and Dungan languages. As well as features of kinship in the spiritual culture of the Dungan people. The study of ethnocultural units from the linguocultural aspect gives an opportunity to learn about the national peculiarities, world outlook and life philosophy of the people. The culture born in China and passing through the filter of the religious laws of Islam is full of peculiarities in national traditions, customs and beliefs. The purpose of this article is to reveal the spiritual views, beliefs that limit the attitude to reality of the Dungan ethnos on the basis of linguocultural units in comparison with the Kazakh language. The terms of kinship are not only described but also give examples of their

reflections in proverbs and sayings, in customs and traditions. As well, the family, family relations of the Dungan people are considered. Disclosing the terms of kinship and studying the kinship of the Dungan people will certainly help in understanding the national essence, peculiarities and cultural color of the Dungan people.

**Keywords:** linguocultural unit, national knowledge, ethnos, worldview, national peculiarity.

А.А. Муса-Ахунов<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## СЕМАНТИКА ТЕРМИНОВ РОДСТВА В КАЗАХСКОМ И ДУНГАНСКОМ ЯЗЫКАХ

### Аннотация

В статье рассматриваются смысловые особенности терминов родства в казахском и дунганском языках. А также особенности родственных отношений в духовной культуре дунганского народа. Изучение этнокультурных единиц с лингвокультурного аспекта дает возможность узнать о национальной особенности, мировоззрении и жизненной философии народа. Культура рожденная на территории Китая и прошедшая через фильтр религиозных законов ислама полна особенностями в национальных традициях, обычаях и уверованиях. Цель данной статьи является раскрытие духовных взглядов, убеждений, пределяющих отношение к действительности дунганского этноса на основе лингвокультурных единиц в сравнении их с казахским языком. Термины родства не только описываются но и приводятся примеры их отражений в пословицах и поговорках, в обычаях и традициях. А так же рассматриваются родственные, семейные отношения дунганского народа. Раскрытие терминов родства и изучение родственных отношений дунганского народа безусловно поможет в познании национальной сущности, особенности и культурного колорита дунганского народа.

**Ключевые слова:** лингвокультурная единица, национальное познание, этнос, мировоззрение, национальная особенность и тд.

**Кіріспе.** Лингвомәдени зерттеулерді салыстырмалы негізде жүрізудің негізгі мақсаты белгілі бір этностардың ұлттық ерекшеліктерін, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дүниетанымы, қоршаған ортаға көзқарасы, табиғат жаратылысына, күнделікті тұрмысқа, яғни өзге ұлттарда кездесетін дүниелерге деген өзіндік түсінік ерекшеліктерін таныту. Әрбір ұлтты ерекшелендіретін, басқалардың алдында танытатын ұлттық сипаттары: тілі, ділі, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және т.б. этникалық қайталанбастықты дәлелдейтін этномәдени қасиеттер бар. Қазақ халқының осындай қайталанбас этникалық қасиеті, халықаралық деңгейдегі “феномені” қонақжайлылығы болып табылады. Еуропадан, Ресейден келген этнограф, лингвистерді тәнті еткен осы бір дәстүрге дүнген халқы да көз жеткізді. Дүнген халқының Қытайдан жер аудару процесі 1877 және 1882-1883 жылдары 2 кезеңде жүзеге асты. Бірінші кезеңде халық Қырғызстан Республикасының Ош, Пржевальск және Тоқмақ қалаларын мекен етсе, екінші кезең Жаркент, Шелек, Верный (Алматы) қалаларының маңына қоныстанды. 2017 жылы дүнген этносының Қазақстанға қоныс аударуына 140 жыл толды. Осы мерзімде дүнген тілі мен мәдениеті бірталай өзгерістерге ұшырады. Тілдік деңгейде кірме лексикалық атаулар және фразеологиялық бірліктер көптеп енген. Мысалы, *сүзбе – сұзман, бешбармақ-бешбармах, жарма-жярма, шапан - чяпан, бажса – бажся, күйеу – күе, масақ – машақ, той – туэй, мейрам – мэран, бесік той – бэшик туэй, мейлі – мэли, қазір – хазы, ақымақ – ахмақ, жайлау – жэяйле, сағат – сахат, құдай қаласа – худа халаса, хайронхали – қайран қалдым, бажса – бажся, ұр – айда – урайда, паша – патша, базар – базэ, мащакэ – машақат, оздан – онсыз да, ахэ – ақыры, бикэ – бекер, береке – береке, ақсақал – ахсахал, пщяз – пщяз, энды – енді, аспаз – ащпез, пенде – бэнде, амал – амали, кэдімгэдей – кадимдэ, шекер – шекэ, дастархан – дасхэн, байи – бай, екен – экэн, этір – атэ, пайда – пайда, дүние – дунйэн, дүшпан – душман, болмаса – бомсэн. Ал фразеологиялық тіркестердің бір бөлігі дүнген тіліндегі варианттары болса, мысалы: *сабудо нянжцин – көз ұшына ілмеу, мо лянди – бет жоқ, ұятсыз, шу нэди – қол қышу – жұмыс істегісі келу, ұрлық жасағы келу щин нэди – қызығушылықтың оянуы, тынышталмау; фэ са, зу са – көну. Ал жи ту – бас ию - құрмет көрсету және кешірім сұрау; ту тэ го – мұңаймау; шу фонхащи – еңсесі түсу, мұңаю; щин тын (жүректің ауыруы) – аяу; щин вондо (жүректі ұмыту) – шошыну; арсыз; шу диха зу – қол астында жүру* секілді қазақ фразеологиялық бірліктер қазақ тілінен сөзбе сөз аударма арқылы жасалды.*

Бір жарым ғасырға жуық кезеңде дүнген халқы КСРО орнауы, 1932-1933 жылдардағы ашаршылық, Ұлы отан соғысы мен тың игеру жылдарының тауқыметін жергілікті халықпен бірге көрді. Бір ауылда

өмір сүрген жұрттың алыс – берісі, суы, шаруашылығы, кәсібі ортақ болған соң, той-томалақ пен ұлттық мейрамдар да ортақ болды. Той салттарының дәстүрлі формалары 1930-1940 дейін сақталды. Аталған салт-жоралғылар мәдениеттің түрленуі мен көршілес тұрған басқа ұлт пен ұлыстардың әсерінен өзгерді, яғни қысқарып, той-томалақтың көп элементтері алып тасталынды. Қоғамдағы әйел орнының өзгеруі оның отбасындағы, бала тәрбиесі мен некеге тұру мәселелерінде ролін толықтырды.

**Манйүә** (айдың толуы) – бала туылғана бір ай толғанда берілетін той. Қазақ дәстүріндегі “қырқыннан шығару” тойы. Тойға негізінен әйелдер қатысып, нәрестенің денсаулығына қауіпті саналған алғашқы 40 күндік кезеңнен аман-есен шығуына қуанып жасалады.

Дүнген салт-дәстүрінде “манйүә – қырқыннан шығару” тойын келіннің енесімен қатар, қыздың анасы да жасайды. Бұл салт “но вэрвэрди” деп аталады.

Дүнген халқын баланың тууына байланысты ерекшелендіретін “туә гә мян” салты бар. Бұл салттың негізгі ерекшелігі келіннің босануға дейін, 8-9 айлық кезінде тек қыздың анасы ғана ұйымдастырады.

“Туә гә мян” тіркесі қазақша “қазақ қақпағындағы қамыр” деп аударылады. Ана қызының босануының қарсаңында қызы, енесі мен құдағиларын қонаққа шақырады. Қыздан бөлек қонақтардың бәріне ас дәстүрлі ыдыспен таратылса, қызға қазанның қақпағына салынып, сол күйінде ұсынылады. Бұл салтта ас ретінде қамыр тамағы дайындалады. Қамыр болашақ нәрестенің өмірі ұзақ болсын деген тілекпен ұзын қылып созылады. Ал тамақты қазаннан шығара сала лезде қызға ұсыну келешекте қыздың уақытылы әрі жылдам босануына себепші болады деген сеніммен жасалады.

“Но вэрвэрди” атауының қазақ тіліне “ұяны жылжыту” деп аударылады. Қырық күн бойы бір ұяда жатқан сәбиді елге шығарып, нағашыларына көрсетіп, аяқ-қолы, сай-сүйегі біршама қатайған баланы қоршаған өмірге, ауа райына, жұрттың назарына, көпшілікке үйрету мақсатында «ұясынан шығарады». Бұл салтты өткізу нәрестенің нағашы апасының үлесіне тиеді.

Қазақ және дүнген халықтарының ұзақ та тығыз мәдени, тұрмыстық, шаруашылықтағы қарым-қатынасының нәтижесінде “Айт” мерекесін тойлау ерекшелігі де байқалмайтын болды. Мұсылман жұртында “айт” мерекесінің 2 түрі бар екені белгілі: “Ораза айт” және “Құрбан айт”. Дүнген халқының “Ораза айт” мейрамын тойлаудағы өзіндік ерекшелігі бар. Айттың бұл түрінде дастархан мол жайылып, бүкіл ауыл, туған-туысқан, жора-жолдас, тамыр-таныстар бірін-бірі құттықтап, айттап жүреді. Ал “Құрбан айт” кезінде құрбандық шалынады, алайда жаппай қонаққа бару, айттау алғашқысынан гөрі аз болып келеді. Ал жергілікті қазақ халқында аталған мерекелер керісінше тойланады. Бүгінгі күні бұндай ерекшелік байқалмайды. Дүнген ұлты өкілдері тұратын Жамбыл облысындағы елді мекендерде екі мейрам бірдей тойланады.

**Әдістеме.** Дүнген халқы Қытай елінен жер ауып келгеннен бері 140 жылдан астам уақыт өтті. Халықтың материалдық және рухани мәдениеті көптеген өзгерістерге ұшырады. Киім, баспана, тұрмыстық заттар, үй жиһаздары, кәсібінің өзгерістеріне қоса тілі жаңа бірліктерге толды. “Рухани мәдениет пен материалдық мәдениет – егіз ұғым. Олар әрқашан өзара бірін-бірі толықтырып, үйлесім тауып отырады. Кез келген көз алдымыздағы материалға берілген атау – санамыздағы рухани мәдениеттің жемісі” екендігі белгілі [1, 147]. Әрбір материалдық мәдениетті қалыптастырушы топ немесе туынды иесі материалға атау бергенде өздерінің дүниетанымы, шаруашылығының ерекшеліктерімен санасатыны рас. Араб-парсы, түркі, орыс тілінен енген кірме сөздері шаруашылық, экономикалық, тұрмыстың талабы болғанымен, күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген туыстық атаулар да кірме элементтермен байыды. Әсіресе қазақ тілінен енген кірме сөздер көптеп кездеседі. Бұл тек зат атаулары ғана емес, туыстық атаулар да болуы мүмкін. Этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлы «Қазақ халқының тек тану дәстүрі бойынша әр азаматтың 3 жұрты болады. Ол ағайын яғни өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Бұл үшеуі де жанашыр, сүйеніш, қорғаныш болып саналады» [2, 3] деп баға береді. Дүнген халқында да азаматтың үш жұрты болады. Олар – пәжя-ағайын жұрт, вижя-нағашы жұрт, нәнжя – қайын жұрт.

Жігіттердің отбасы құру уақыты 16-18 жас, ал қыздар үшін 12-16 жасты құрайды. Дегенмен кедей отбасынан шыққан жігітке той қаражатын өзі табуға тура келетін болса, бұл кезең 30 жасқа дейін созылуы мүмкін еді [4, 97]. Үйлену мәселесі ағайын-туғандарымен ақылдаса шешілді. Дүнген халқының отбасылық қарым-қатынасы исламдық шариғат ережелері мен қытайлық конфуцийліктің сабақтастығынан туған. Бұл екі ұлы ілімнің бірігуінен туған мәдениет қаншалықты әмбебеп болса, отбасылық қатынас сипаты да соншалық ерекше.

**Ағайын жұрт.** Тәе – баба (атаның әкесі); тэтэ – әже (әженің анасы). Әулеттің асыл қазыналары. Тәе және тэтэсі бар шаңырақ берекелі, аталы, текті үй болып есептеледі. Ақыл-кеңес, елде бұрын соңды орын алған жағдайларды көрген «ауыл энциклопедиясы» атанатын тәе болса, жастар білмейтін я ұмытыла бастаған салт-дәстүр, ырым-жырым, әдет-ғұрып, әсіресе, тойға қатысты салттарды білетін, үйрететін тэтэ.

Е, ее, ае – ата. Өулеттің, рудың ең үлкені, қадірлісі, “ақ” дегені – алғыс, “қара” дегені – қарғыс дейтін бедел мен абыройдың иесі.

Не, нэнэ – апа. Отбасы даналығының ұйытқысы. Ел, туысқан татулығын ойлайтын, ауыл-аймақтың сыйлы адамы. Үйдегі салт-дәстүр сақталуын қадағалайтын жанұя мүшесі.

Мучин, нён, ма, ама, мама – ана. Мейірімділік, қайырымдылық, даналық пен алтын сабыр иесі. *“Нёнлозыди щин зэ эрнушонни, эрнүди щин зэ шытушонн” - ананың ойы ұяда, баланың ойы қияда; “Мамади щин шынгуэ хэни, лозыди щин гозуэ сани” - Әкенің жүрегі асқар тау, шешенің жүрегі шалқар көл; “Гэ нён ён, гэ нён тын, лочү цяхади мо бу тын” - «Анаға баланың алалығы жоқ»* деген сияқты мақал-мәтелдер соның айғағы.

Фучин, лозы, да, ада, - әке. Жанұя тірегі, күш-қайрат, ұрпақ иесі, үй асыраушысы. Дүнген отбасында қыз бала әкесіне қарап сөйлемейді. Бұл болашақ күйеудің үйіндегі тәрбиенің бастамасы. Әке ұлы үшін өнерпаз, шебер де үлгі тұтарлық әкесі. Ер адамның идеалы. Әкеге қатысты мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мысалы: *“Мамади щин шынгуэ хэни, лозыди щин гозуэ сани” - дейді халық даналығы. Қазақ тіліндегі нұсқасы- “Әкенің жүрегі асқар тау, шешенің жүрегі шалқар көл”. “Нюхон лэди, нювазыхон е лэни” – “атаңа не қылсаң алдыңа сол келер”*. Ата-ана деген жалпы атау дүнген тілінде фуму, дада-мама деп аталады.

Ва, вава – бала. Дүнген отбасына негізінде көпбалалылық тән. Ұрпағы, балалары көп отағасы халық арасында дәулетті, беделді адам болып есептеледі. Дүнген тіліндегі “Эрзы дуэ, нұзы дуэ, чыли нёнлозы эрдуэ” мақалы қазақ тіліндегі “балалы үй базар – баласыз үй мазар” мақалымен үндес. Әрі екі халықтың балаларға деген қарым-қатынасы сабақтас екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бала тәрбиелеудегі ұқсастық та келесі мақалдан байқалады: “ги вamu ги хо щин, бу ги хо лян” – балаға пышақ бермесе, бір жылар, пышақ берсең, екі жылар. Ал сөзбе сөз аудармасы «балаға жүрегінді берсең де бетінді берме», яғни баланы асыра еркелетуге болмайды дегенді білдіреді.

Эрзы – ұл. Ұрпақ жалғастырушысы, қара шаңырақ иесі. Әке жолын жалғастырушы. Ата әрдайым өзінің білгенін немересіне айтып өсіреді. Бұл үрдіс, әсіресе, егіншілік, бақташылық баптауларында ерекше көрінетін. Атасының 7-9 жасынан бастап егінге апарып, жер, ауа райы, егін егудің ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдіс-тәсілдерін тыңдап өсетін шәкірті. Ал әке мен баласын топтап “ефу” деп атайды.

Щифур – келін. Өте сыпайы, кішіпейіл, отбасында үлкендерге орын беріп, құрмет көрсетеді. Келінге құрметпен, жасаған қателіктеріне кешіріммен қарайды. Өулет мүшелері келінді жақын тұтып, ортаға тартып отырады. Жаңа ұясына үйренуіне жәрдемдеседі. *“Да хун ню, жин хуон ню” (қызыл сиырды сабап, сары сиырға тиеді) – “қызым саған айтам, келін сен тыңда”, “фэ щифур гын пәпә” – “келін енесінің топырағынан”*. Аталған мақалдар лексикалық мағынасы тұрғысынан қазақ тіліндегі нұсқаларымен бірдей. Оған қоса жоғарыда келтірілген бірінші мысалдан келін тәрбиелеу ерекшелігі де екі халықта өте ұқсас болып келеді. Қазақ халқының отбасылық қатынастағы маңызды салттардың бірі – “әмеңгерлік” дәстүрі. Әлеуметтік-құқықтың басқарудың бір тетігі, тәрбиелік-гуманистік маңызы бар бұл салт қазақ қоғамының өмірінде алған орны ерекше. Дүнген халқында бұл салт бар болған. Бұған дәлел ретінде дүнген тіліндегі “Бу жё данлинди у кын вәмуди гүду” – “біздің сүйгімізді бөтеннің иті кемірмесін” мағынасындағы мақалын келтіруге болады. Алайда дүнгендер арасындағы левират дәстүрінің өзіндік бір ерекшелігі бар. Мәселен, келін күйеуі қайтыс болған жағдайда қайын ағасына тұрмысқа шыға алмаған, ал қайын інісінің жеңгесіне үйленуіне мүмкіндігі бар еді. Аталған салттың мәні туыстық қатынас ерекшелігінде жатыр. Дүнген салт-дәстүрінде қайын аға келіндеріне қайын ата ретінде саналды. Әрі олардың арасындағы қарым-қатынас та сәйкесінше еді. Ал келін мен қайын атасының арасында неке қию әрекеттеріне мүлдем жол берілмеген. Левиратпен қатар сорорат дәстүрі де кездескен. Яғни, анасының қайтыс болған жағдайда балалардың әкесі әйелінің бойдақ әпкесіне, көп жағдайда сіңлісіне үйленген. Халық балаларға ең жақын туысы болып келетін, шешесінің махаббаты мен қамқорлығын көрсеткен алатын ең жақын адам нағашы әпкесі деп сенген. Дүнген халқында келінге деген сүйіспеншілік пен құрмет ерекше. Тойдан кейін 40 күн бойы күйеуі қонақ күтуде, үй шаруасымен айналысқанда келіннің қасында болуы тиіс. Бұл жаңа үйдің әдеттері, заңдары, туған-туысқандарының мінез-құлқы жайлы хабар беріп, түскен келіннің қайындарымен тезірек араласып, судай сіңуіне септігін тигізген.

Нұзы – қыз. Үйдің еркесі, әулеттің сәні, ата-анасының қуанышы. Дүнген ұлттық дәстүрі бойынша ұзатылған қыз төркініне бірінші рет келгенде, үлкен той жасалып, қыз төркінінде құрметті қонақ болады. Бұл дәстүрді “Хұый мын” - деп атайды. Қазақша баламасы – төркіндеп келу. Ұзатылған қыздың барлық туысқандарына, оның ішінде қайындарына бірінші баруын осылай атайды. Қайындарында әдепті, сыпайы, төркінінде аға-жеңгелері, әпкелерімен әзілі жарасқан ерке болады. Қызға деген құрмет

қаншалықты ерекше болса да, қыздың мұраты неде екенін халық жақсы түсінді. “Чүчүчиди нүр – пәўчиди фи” (Ұзатылған қыз сыртқа шашылған су) – “қыз жат жұрттық” мақалы осының дәлелі.

Нүшү – күйеу бала. Дүнген халқында күйеу ерекше орынға ие. Қайындары құрметтеп, қадірлейді, қайын әпкелері мен сіңлілері күйеу баламен әзілдесіп, қалжыңдасып, ойнап отырады. Алайда сыпайы әзілдеседі.

Сунзы – немере. Немере ата-әжесі үшін ыстық болып, ата көріп, білгенін немересіне айтып, өнерін немересіне дарытады. Халықтың негізгі кәсібі егіншілік болса, екіншісі сауда-саттық болып табылады. Бала жасы кіші болса үйде атасынан ақыл, өнер үйренсе, есейе келе әкесімен еңбек етіп, әкесінің білімінен сусындайды.

Чунсунзы – шөбере. Чунчунзы – шөпше. Шөбересі мен шөпшегін көрген қарттар өздерін бақытты санайды. Негізінен көпбалалы болған дүнген отбасыларындағы балалардың отбасы құру уақыты 14-15 жас болғандықтан, шөбересі мен шөпшегін көрген ата-әжелер әдеттегі жағдай еді. Аталмыш ұрпағын көре алған адамдардың әулеті текті, ел алдында абыройлы болып есептелді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін жапай сауаттандыру жылдарынан соң тұрмыс құру жасы 20-22 жасқа артты. Алайда бүгінгі 21 ғасырда Қырғыз Республикасындағы кейбір дүнген ауылдарында 16-17 жасында қыздардың тұрмысқа шығу жағдайлары көптеп кездеседі. Бұл, әрине, болашақта жоғарғы білім алуда кедергі болып жүргені түсінікті.

Гә, гәгә – аға. Ағаның айтқанын інісі екі етпеу керек. Аға кеңесін тыңдап, әкесінен бұрын ағасына барып ақылдасуы тиіс. Дүнген отбасындағы ұл әкеге үйлену жайлы хабарын тікелей өзіне айтпай, бірінші ағасына, кішісі бар болса кіші ағасына айтады. Бұл ұл баланың әкесіне деген құрмет белгісі. Әкесіне кез келген мәселемен бармай, бірінші ағасымен ақылдасқан абзал.

Созы, сосо – жеңге. Жасы кішілер “созы – жеңге” деп атаған. Әулеттің сыйлы, сүйкімді адамы. Қайын сіңлілеріне, ауыл, отбасының қыздарына сырлас бола білетін, жігіттерімен әзілі жарасатын адамы. Қайын інілері, сіңлілерінің сыр, құпияларын адал сақтап, ақыл-кеңес берген.

Жызрзы – немере іні (аға, інісінің баласы). Жынұзы, жынүр – немере сіңлі (аға, інісінің қызы). Отбасылық қатынаста немере інісі немесе немере сіңлінің өзіндік орны бар. Айталық, өз баласына не қызын жұмсауға келмейтін шаруалар, айтуға келмейтін сөздер не құпия тапсырмалар әрдайым немере інісі, әйел адамдар қатысты болғанда, немере сіңлісінің үлесіне тиеді. Немере іні және немере сіңлі аға-апаларының қасында жүріп, солардың тәрбиесін алған. Оларға қамқор болып, үйленіп, тұрмысқа шығатын кезде тойдағы сыйлық пен жасау дайындауда сыйлығын аямайтын.

Шүнди – іні. Жанұяда кіші болғандықтан, жеңіл-желпі жұмыстарды атқаруы тиіс ағасының тірегі, сенімді адамы. Ағасының жұмсауларына қынжылмай, ерінбей қарау қажет.

Щянхуму – абысын. Дүнген халқында келіндер тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Себебі бір-біріне абысын болатын олар әулеттің шаңырағына береке, бірлік дарытатын, отымен кіріп, күлімен шығатын еңбекқор адамдары. Абысындары араз болса, ағайын да араз болуы мүмкін. Әйелдің табиғатын түсінген халық абысындарының тату болғанын қалаған. Оған дәлел қанатты сөздер де бар. “Щянхуму нэ цэ: жся фынлэ» (Абысындар байлық сүйсе, отбасы шаруашылығын бөліседі) - ағайын араз болса - жау көп, абысын араз болса – дау көп”.

Жеже – әпке. Ата-анасынан інісі мен ағасының қателерін жасырып, сіңлісіне сырлас бола білетін отбасы мүшесі. Сіңлісі анасына айта алмаған сырын, әпкесімен бөлісе алатын. Әпкесі сіңлісіне әрі дос, әрі ана бола білген.

Дишүн – ағайындылар (ағалы- інілер). Ағайын үйдің төрт бұрышы, төрт қабырғасы, төрт қорғаны іспеттес. Бір-біріне дүние, көңіл аямай, ылғи көмектесіп жүретін балалары. Тонфу дишүн – ағайындылар (бір атадан тараған ағайындылар, әке жағынан туыс ағалар). Дүнген халқында ағайындылар өте тығыз, достық қарым қатынаста болды. Біріншіден, бұған рухани бірлік себеп болса, екіншіден дүнген халқының үй құрылысы мен туысқандар үйлерінің орналасу ерекшелігі. Ағайындардың үйлері бір аулада орналасты. Ауласы ортақ болып, жаңадан шаңырақ құрған ер адам сол ауланы айнала үй соқты. Бұл үйлердің орналасу ерекшелігі қытай мәдениетінен бастау алады. Үй-жайлардың осылайша орналасуы отағасының билігін күшейтіп, ағайындардың арасындағы татулы, ынтымақтастық, бауырмалдық қасиеттерінің сақталуына көмегін тигізді. Оған қоса егіншілікпен айналысқан халықтың шаруашылығындағы бейнеті мол жұмыспен бірге айналысып, егін жеткілікті дәрежеде баптау алды. Осы тұста қазақ мәдениетінен енген салттардың бірі – “хән ащар”, яғни “асар шақыру”. Дүнген халқының негізгі шаруашылығы егіншілік, бақташылық болып табылады. Сол себепті үлкен аймақты алатын суармалы егіншілікпен айналысу көп еңбектенуді қажет етеді. Асар егін егілгенде бір шықырылса, егін жинау кезінде екінші рет шақырылады. Бұдан бөлек асар үй соғу кезінде де жиі ұйымдастырылады.

Зымый – апалы-сіңлілер. Фуну-вава- әулеттің жалпы қыздардың топтап аталуы. Тонфу зымый – әке жағынан туыс апалы-сіңлілер. Гүжюзымый – нағашы жағынан туыс қыздар (бөлелер – қыз балаларға ғана қатысты). Туған- туысқан қыздары бір біріне “зымый” болады. Олар неғұрлым тату болса, бажалары, қайын ағалары бір бірімен соғұрлым тату болады. Дүнген туыстық қатынас дәстүріндегі апалы-сіңлі, әйел-қыздарға қатысты өзіндік ерекшелік бар. Үйлену, тұрмысқа шығу тойларында «ши» аталатын ұлттық тағамды әйелдер емес, ерлер дайындайды. Бұл салт, әсіресе Қордай ауданында тұратын дүнгендерде жақсы сақталған. Дайындалуы күрделі, әрі физикалық күш жұмсау тұрғысынан көп күш-қайратты қажет ететін бұл тағам түрін ерлер әзерлейді. Ерлер тойдың асын дайындағанда әйелдер қонақ күту және т.б. шаруалармен айналысады.

Жефур – жезде. Қайын сіңлілері жездесімен көп әзілдеседі. Бұған қатысты дүнгендерде “чән хэ” – “аяқ киімін жасырып қою” салты бар. Күйеу бала қайындарына бірінші келіп, шай, той-томалақтан кейін, қайын сіңлілері жездесінің аяқ киімін жасырып қояды. Ал жезделері олардың қалаған затын беруі тиіс еді.

Мыймый – қарындас, сіңлі. Олардың жолы жіңішке болғанымен, отбасында үлкендерге қарағанда батылдау, әрі ерке болады. Қарындас, сіңлінің күйеуі мыйфу деп аталады. Мыйфу үлкен күйеу баладан кішілеу болғанымен, қайындарының қадірлі адамы.

Тёдан - бажа. Бажалар бір-бірімен тату болады. Қайын атаның ұл балалары болмаған күнде, бажалары барлық шаруашылық ауыртпалықты өз мойындарына ала білген. Бұл апалы-сіңлілерінің жетістігі. “Тёдан” атауы соңғы кезде қолданыстан шығып, орнына түркі тілінен, әсіресе қазақ тілінен енген “бажа” сөзі көбірек қолданылады.

Далозы – көке (әкенің ағасы). Отбасындағы далозының алар орны ерекше. Балаларға екінші әке бола білетін, інісі жоқ кезінде қамқор болған адамы. Далозы сөзі біріккен сөз. “Да” - үлкен мағынасындағы сын есім болса, “лозы” - әке дегенді білдіреді. Осыдан көрінетіндей, “далозы” үйдің үлкен әкесі. Қырғызстан, Өзбекстан елдерінде тұратын дүнгендер әкенің ағасын атау үшін *абый*, *бийбий* сөздерін жиірек қолданады. Ал Қазақстанның Жамбыл облысы Жамбыл ауданы, Қордай аудандарында далозы атауы көбірек қолданылады.

Дама, данён – тәте, жеңге (әке ағасының әйелі). Данён сөзі де біріккен сөз, “да” – үлкен, “нён” - ана деген мағынаны береді. Ағайындылардың ең үлкенінің әйелі болған соң белгілі бір дәрежеде қайын інілері арасында сөзі өтімді адам. Әдетте қайын іні мен қайын сіңлілер даманың көмегіне жүгініп, қанағаттанарлық шешімге қол жеткізген.

Ба, баба – көке (әкенің інісі). Дүнген туыстық атауларының ерекшелігі әкенің аға, інілері бірдей аталмай, әрқайсысының өз атауы бар. Әкенің ағасы баласына далозы болса, інісі баба болады.

Шыншын – тәте, әке інісінің әйелі. Көкелердің түрлеріне қоса, әйелдерінің атаулары да бар. Мәселен, әке ағасының әйелі – дама болса, інісінің әйелі шыншын болады.

Гума, гугу - тәте (әкенің әпкесі). Әкенің әпкесі-гума, қарындасы – нёнён, ал олардың күйеулері, сәйкесінше, гума-гуда, нёнён-гүфу болады. Гугу атауы едәуір ескіріп кеткен. Қазір гума атауы жиірек пайдаланылады. Кез-келген әулеттегі әжесінен кейін тұрған құрметті адам. Гуманың сөзі, өтініші жерге тасталмайды, әрі бұлжытпай орындалады.

Тонфу, гүжю – туысқан (бір атадан тарағандар). Тонфу әке жағынан туыстардың атауы болса, гүжю нағашы жағындағы туыстар. Мысалы, гүжюдишүн – ағайын (туысқан нағашы аға-інілер).

**Нағашы жұрт.** Вижа – нағашылар. Жюе, вие – нағашы ата. Жюнэ, винэнэ – нағашы апа. Дүнген туыстық атауларындағы ағайын жұрттағы көке, тәте атауларының әртүрлілігіне қоса, нағашы жұрттың да көке, тәтелері де түрліше аталады. Мысалы: Жюжю – нағашы көке (ананың аға, інісі). Жюжю жиендеріне аса ыстық болады. Қалаған, тілегендерін беріп, жиендерін айрықша еркелейтін ағасы. “Ён эрзы гын жюжю, ён нұзы гын гугу” – “ұл нағашы көкесіне қарап тусын, қыз тәтесіне қарап тусын” мақалы дүнген туыстық қатынас дәстүріндегі нағашы көкенің ерекшелігін көрсетіп тұр. Жюжюнің әйелі жюму деп аталды.

Йинён – нағашы апа, ананың әпкесі. Жиендеріне бас-көз болатын, сіңлісіне әрдайым жәрдемдесіп, жаңа отбасында өзін-өзі ұстау, отбасылық өмірдің түрлі жағдайлары бойынша ақыл беретін адам – йинён. Сіңлісі қайтыс болып, қайғылы жағдай орын алған кезде балаларын алып, бағатын бірден бір адам нағашы әпкесі. Нағашы әпкесінің күйеуі – йифур болады.

Нёнён – нағашы әпке, ананың сіңлісі, жиендерін еркелететін туысы. Нёнён әпкесіне барлық той-томалақтарда көмектесуге бірінші келетін туғаны. Әрі жасы кіші болған соң әпкелерінің барлық тапсырмаларын орындауға міндетті. Гүфу – нағашы әпкенің күйеуі.

Вэсын – жиен (ұл бала). Вэсыннүр – жиен (қыз бала). Жиен нағашыларына барып ерекше еркелікке түседі, нағашыларының арасында өзін еркін сезініп, қалағанынша әзілдесе алады. Қазақтың “балалығын ұстаса, нағашыңа бар” дегені дүнгендерге де тән. Оған қоса қазақ тіліндегі “жиен ел болмайды, желке ас



болмайды” мақалымен мәндес “вэжя гу, йи чы йи зу” мақалы жиендерге деген туыстық-қарым-қатынастары ұқсас екенін байқауға болады. Вэсунзы – немере, жиеншар (қыз бала). Вэсуннур – немере, жиеншар (қыз бала).

**Қайын жұрт.** Чинжя – құдалар. Дүнген тілінде келін жақтың құдағилары – нёнжя, ал. күйеудің туыстары, күйеу жағының құдағилары - пэжя деп аталады. Осы атауларға қатысты дүнген ұлттында “дэ чинжя” немесе “дэ нёнжя” салты бар. Бұл – үйлену тойының соңғы күнінде күйеу жақ өздерінің құдағиларын қонаққа шақырып, сыйлап, күту салты. Бұл іс-шараға тек әйелдер ғана қатысады. Айта кетерлік жайт, аталмыш салт тек келіннің туыстарына ғана қатысты болады, әрі той күні немесе арасына 1-2 күн өткенде ұйымдастырылады. Ал күйеу жақтың туыстарын қонаққа шақыру (дэ пэжя) кейінге қалдырылады. Яғни той күні күтудің міндеті жоқ. Келін алған отбасы құдағиларын қонаққа шақырып, тойлау кезінде күйеу бала қайындарының көзіне түспей, үйден кетіп қалуы тиіс. Әдетте тойда көрсеткен көмегі үшін алғыс айту ретінде жолдастарын шақырып, алып кетеді. Қайындарының көзіне алдын-ала түспеген жігіт қайындарының алдындағы абырой мен беделі жоғары болып, қарым-қатынастары тату болады деп сенген. Осы сияқты түсініктен құда түскен құдалардың да бір-бірімен көріспеуге, кездескен сәтте шаруаларын тезірек тындыруға тырысу әдеті де қалыптасқан. Бұл болашақ құдалардың алдындағы кез-келген кикілжіңнен сақтанудың амалы болып табылады.

Чи – әйел (фольклорда); пэе – әйел. Дүнген халқында әйелге деген құрмет пен қадір ерекше. Ал жұбай, ерлі-зайыптылар дүнген тілінде “лёнкузы, лёнкур” деп аталады. Отбасындағы әйел – баланы дүниеге әкелуші, тәрбие беруші, күнделікті тұрмыстық шаруалардың атқарушы ғана емес, егіншілікте барлығына дерлік егін баптау процестеріне қатысқан. Алайда ислам дінінің әсерінен дүнген халқында “дүмше молдалар” да көп таралды. Қытай жерінде тұрып-ақ дүнген жұртшылығынан арасына түрлі діни ағымдар қалыптаса бастады. Осы ағымдардың талаптарынан әйелге деген қатынас өзгеріп, қыз баласының еркіндігіне, ұлттық болмысындағы түсінігіне өзгеріс енді. Бұл үдеріс ХХ ғасырдың 50 жылдарына дейін жалғасты.

Әйел отбасындағы әрбір жағдайға шыдамдылықпен қарап, жоқты бар қылып, барды көбейтіп тұруға тырысқан. Осыған “нанжын сы папар, пәисы щящяр” – “ер табуы, әйел сақтаушы” мақалы дәлел болады. Бұдан бөлек әйел жаратылысының өзіндік ерекшелігін де түсініп, бір қасиеті “чи лүди туй бу щян, ленгэ пәиди зуи бу щян” – “есек мінгеннің аяғы тыншымас, екі әйелдің ауыздары тыншымас” мақалында көрініс тапты.

Вэфу – қайын ата. Қыздың әкесі жігітке “вэфу” болады. Халықта жігіттің “вэфуге” көрсететін құрмет-қадірі ерекше болуы тиіс. Дүнген халқында құда түсуде сөз байласудың ерекше бір түрі бар. Ұлы жоқ қайын атаның үйінде ұл бала немесе жетім бала тәрбиеленіп, кейін отбасындағы бір қызға үйлендірген. Күйеу бала дүние-мүлікке мұрагер бола алады.

Вэму, вэмуён, жонму, жонмунён – қайын ене. Күйеу әйелінің анасын қадірлеп, құрметтеуі тиіс. Қыздың анасы әдетте күйеу баласына “хұый мын-төркіндеп келу” кезінде, гүлімді, бақытымды саған табыстадым - деп сыбырлап, қыздың тағдырын күйеу баласына аманат етеді.

Чигэ - қайын аға; чисозы – қайын жеңге, чищүн – балдыз, дайизы, дайизыже – қайын әпке; щейизы – балдыз, әйелдің сіндісі.

**Қыздың қайын жұрты.** Гунгун – қайын ата, келіннің қайын атасы. Дүнген отбасылық қатынас мәдениетінде келін қайын атасымен бетпе-бет кездеспеуге, сөйлеспеуге, көзіне тіке қарамауға тырысқан. Бұл келіннің қайын атасына деген зор құрметтің белгісі. Айтылар сөз тек енесі я күйеуінің көмегімен ғана жеткізілген. Күнделікті дайындалар тамақ та қайын атасының қалауымен дайындалады.

Пәпә – қайын ене. Қайын ене - келіннің анасы, ұстазы. “Фэ щифур гын пәпә” (келін алсаң, енесіне ұқсап кетеді) – “келін енесінің топырағынан” дейді халық даналығы. Енесі келіннің жаңадан, жаңаша тәрбиелеп, ас дайындау, шаруашылық жүргізуде өзінше айла, әдістер үйретеді. “Мо пәпәди щифур, мо жоншынди лур” - енесіз келін, жүгенсіз есекпен тең, - деген мақалы енесіз келін мен ененің қолында тұратын келіннің айырмашылығын атап өтеді (4, 88). Қонақ күту міндеті әрдайым ененің қолында тұратын келіннің мойнында болады. Ондай келін салт-дәстүр жолын білумен қатар, қайындарының көрсетер ерекше құрметіне де ие болады.

Нанжын – күйеу; жонфу – күйеу (фольклорда). Дүнген ұлттық танымында отбасындағы күйеуге деген тарихи қалыптасқан көзқарасы бар. Ол – асыраушы, отбасының барлық мүшелеріне жауап беретін, балаларының саналы азамат болып өсіруге міндетті адам. Оған қоса діннің қатаң талабы бойынша әйел адамға жұмыс істетпей, елдің көзіне түспей, жұртпен араласуға қарсы болған. Шарифат заңына сәйкес ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін күйеуі үйінде болмаған үйге бөтен ер кісінің ешқашан кіруіне болмайтын дәстүрі әлі сақталып келеді. Әйеліне қол жұмсаған ер кісіні халық ұнатпаған. Бұған қатысты

“хо гунжи дә мужи бу дажон, хо нанжын дә нұжын бу мажон” – “тәуір қораз тауықпен төбелеспейді, жақсы еркек әйелмен ұрсысыспайды” мақалы бар.

Абыйзы – қайын аға. Дүнген мәдениетінде қайын ағаның орны бөлек. Қайын аға іні мен келіндеріне қайын ата іспетті болады. Сондықтан қайын ағасына көрсетілетін құрмет те бөлекше болады. Әзілі жарасып жеңгесімен қалжыңдасатын қайын іні болса, келінге қайын ағасымен әзілдесуге қатаң тыйым салынады. Отбасылық қатынаста қайын іні – шөфузы, қайын әпке - дағұр, дағұрже, қайын сіңлі – шөгұр деп аталады

Ганда (вэчил дада) – өкіл әке. Ганма (вэчил мама) – өкіл ана. Ганнұр – өкіл қыз; ганэрзы – өкіл ұл. Өкіл әке мен өкіл ана өкіл балаларының алдында үлкен жауапкершілікке ие. Өкіл балаларын өмір бойы қамқорлығына алып, оларды тура жолдан тайдырмай, халқының саналы азаматы болуларына жәрдемдеседі. Той-томалақтарда өкіл әке мен шешеге тартылатын сый да ерекше болады. Өкіл ата-ананың үйіне міндетті түрде төркіндеп бару қажет. Туыс, жолдастарының балаларына өкіл әке не шеше болған адам, жастайынан өкіл ұлы не өкіл қызына қамқорлық жасаған. Үйлену, тұрмысқа шығу кезінде сыйлықтарын аямай, жасау дайындауға ат салысатын негізгі отбасы мүшелерінің бірі. Әрі кез-келген отбасылық мейрамдарда төрдегі орындардың бірден-бір иелері. Дос-жарандардың балаларына өкіл әке-шеше болу екі отбасы, екі әулеттің арасындағы достық қарым-қатынасты орнату, немесе таныс отбасына жәрдемдесудің амалы. Күйеуі қайтыс болған отбасының балаларына қамқорлық жасап, демеушілік көрсету мақсатымен де әкесінің жолдастары өкіл әке жауапкершілігін ала алады.

Худада, хулозы – өгей әке; хумама, хунён, хунёнмузы – өгей шеше; хуэрзы – өгей ұл; хунұзы, хунұр – өгей қыз. Өгейліктің қайсыбір халықтарда сипаты ұқсас болып келеді. Алайда саналы адам өгей әкесі мен шешесіне өмір бойы тиісінше құрмет көрсете білуі тиіс.

Дапэзы – бәйбіше. Щёпэзы – тоқал. Діні ислам болғандықтан, дүнген халқының ұлттық салт-дәстүрінде ер кісі шариғат бойынша 4 әйелге дейін әйел алуға құқылы. Алайда оның талаптары бар: алғашқы әйелдерінің келісімі болуы шарт; төртеуіне бірдей қарап, бөлмеу; әрқайсысына бірдей жағдай жасау қажеттігі. Бүгінгі күні дүнген ауылдарында көп әйел алу кездеспейді десек болады. Алайда тұрмыстық жағдайы төмен ауылдарда бұл салт әлі де сақталып тұр. Көпәйелділік орта не кедей отбасыларында кездеспеген, көбінесе ауқатты, бай адамдардың арасында болды.

**Нәтижелер.** 140 жыл бойы қазақ жерінде қазақ халқымен етене жақын өмір сүріп, мәдени, тұрмыстық қатынасқа түскен дүнген ұлтының тілі, ділі, мәдениеті, әдет-ғұрпы көптеген өзгерістерге ұшырап, күрделенді. Қытай және ислам дінінің элементтерінен бөлек, түркі халықтарының рухани мәдениеті әсерімен де толықты. Ұлттық мәдениеттің кейбір элементтері мүлдем жойылса, жергілікті халықтың салт-дәстүр үлгілері, әдет ғұрыптары, ырымдары да қабылданды. Бұл үдеріс тілдің бойында да көрініс тапты. Бұндай өзгерістерге тек жергілікті халықпен қоғамдық өмірінің барлық салаларында араласқан және тіл табыса алған ұлт, қиын-қыстау кезеңдерде бір қазаннан ас ішкен, әрі ұлттық дүниетанымы, өмірлік философиясы, діні мен ділі бір-біріне жақын халықтардың ғана арасында болатын процесс. Бұған тек тілдің құрылымдық деңгейдегі тіл бірліктердің ауысуы ғана емес, көп жылдар бойы қалыптасатын рухани ерекшеліктерін таныта алатын ұлттық құндылықтар мен лингвомәдени бірліктердің ауысуы дәлел бола алады.

Дүнген туыстық қатынас мәдениетіне жалпы шығыстық сипатынан бөлек, ислам дінінің ерекшеліктері тән. Діннің тұрмыстық қатынас құрылымына тигізген әсері мол. Діні ортақ қазақ және дүнген халықтарының туыстық мәдениеті ұқсас болып келеді. Ал туыстық атаулардың көптігі дүнген ұлтының этникалық ерекшелігін көрсетеді.

**Талқылау.** Қазақ тіліндегі туыстық атауларға қатысты зерттеулер аз емес. Мәселен, С.Бизақов: “Қазақ тілі туыстық атауларының көптігімен ерекшеленеді. Қазақ шежірелі ел. Әр азамат өз ата жұртының қадір-қасиетін ардақ тұту үшін ең алдымен өзінің кім екенін, өз еліне, туған ортасына ата-бабасының қосқан үлесін, атқарған істерін, көрсеткен ерлігін өнеге қып ұрпақтан ұрпаққа жеткізен...Тілімізде туыстық атауға, туыстық қарым-қатынасқа, сондай-ақ адам атауына қатысты көнеден жеткен, атадан балаға жалғаса айтылып келе жатқан өмірлік маңызы бар ғибратты нақыл сөздер мен мақал-мәтелде адамдар арасындағы сыйластықты, сүйіспеншілікті, жанабырлық пен бауырмалдықты, адамгерілік пен жақсылықты, білім-парасат пен саналылықты жас ұрпаққа үлгі өнеге етіп ұсынады”, - деп туыстық атаулардың әрбір халықтың ұлттық қасиетін танытудағы ерекше орны бар екенін айтып өтеді [5, 215].

А.Т. Қоңырова «Туыстық атаулардың этноментальдық ерекшеліктері» мақаласында туыстық атаулардың тек мағыналарына түсініктеме беріп қана қоймай, кейбір атаулардың шығу тегі, дыбыстық, мағыналық өзгеріс ерекшеліктеріне де тоқталып өтеді. Бүгінгі күні қолданылмайтын «әйелім, жарым, қосағым» мағынасындағы «алғаным» атауына қатысты қызықты дерек келтіреді. «Сірә, өткен кезеңдерде

күйеуінің әйеліне үй ішінде айтатын қаратпа сөзі немесе жалпы өз әйеліне атауы үшін айталатын сөз жоғары поэтикалық бояуы бар жарым, жұбайым, қосағым деген сөздер де емес, кейінгі кездерде тұрпайы сипат алып кеткен қатыным деген сөз де емес, арабтың сөзі де емес, бейтарап мәндегі алғаным сөзі болған болу керек» [6, 32].

Н.Р. Шеңгелбаева «Туыстық атауларды сөздікте беруде ең алдымен сөздіктің ұлттық ерекшеліктерді көрсетушілік қызметі ескеріледі. Туыстық атаулар – қазақ халқының этногенетикалық құрылымынан хабар беретін, оның өзіндік ерекшеліктерін байқататын басты лексика-семантикалық топтардың бірі. Сондықтан ол топқа кіретін лексикалық бірліктердің мағынасындағы ұлттық этномәдени компонент ашылуы керек» дей келе, туыстық атауларды аударматану тұрғысынан зерттеу барысында туыстық атаулардың сөздіктерде біркелкі берілмей, жүйеленбегенін атап өтеді (Н.Р. Шеңгелбаева, С.Ж. Мырзияров, 2015: 165).

**Қорытынды.** Туыстық атаулар ұлттың рухани болмысы, этникалық ерекшелігі, туыстық, отбасылық қарым-қатынасы, қоғамдағы моральдік ұстанымдарды танытады. Дүнген ұлтының туыстық атаулары, туыстық мәдениетін, лингвистикалық тұрғыдан қарастыру қазақ және дүнген халықтарының бір-бірімен мәдени сабақтастығының деңгейін аша түседі. Еліміздің ұлтаралық толеранттылық және келісімді нығайту саясаты әрқашан өзекті болып қала береді. Сондықтан қазақ елінің ұшса құс қанаты талатын ұлан-байтақ жерінде тұратын ұлттардың рухани, этномәдени болмысын тану бейбітшілік, ынтымақтас-тық дәстүрін жалғастыруда зор септігін тигізеді. Жоғарыда келтірілген ұлттық салт дәстүрлер, діни мейрамдардың дүнген халқына қысқа мерзімде, әрі өзгеріссіз қабылдануы рухани сабақтастықтың көрінісі. Оған қоса қазақ және дүнген халықтарының арасындағы ұлтаралық неке санының артуы да ұлттық дүниетаным бірлігінің айғағы. Дегенмен қытай елінің мәдени ортасынан шыққан дүнген этносының өзіндік ерекшеліктері мол, әрі сан алуан. Дүнген мәдениеті ислам дінінің қатаң талаптарының сүзгісінен өткен, әрі сол талаптарға бейімделген қытай мәдениетінің элементтері көп кездеседі. 1877 жылдан бері қазақ жерінде басқа ұлттармен бірге өмір сүретін дүнген ұлтының тілі, ділі, мәдениеті, салт-дәстүрі, рухани болмысы, дүниетанымы лингвистикалық аспектіде зерттеліп көрген емес. Біздің жұмысымыз аталған бағыттағы алғашқы қадам десек болады.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Хаваза Ф.Н. *Заимствованная лексика дунганского языка.* – Бишкек: Илим, 2012. – 144 с.
2. Рахман Г. *Ұлттық мәдени танымдық сипаттағы киіз үй жабдықтарының атауларымен байланысты тілдік бірліктер//Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, 2017. – №3(61). – 145-149 бб.*
3. Кенжеахметұлы С. *Туыстық атаулар сыры.* – Алматы: «Ана тілі», 2003. – 48 бет.
4. *Дунганская энциклопедия.* – Бишкек: «Илим», 2009 ж. – 468 бет.
5. С.Бизақов. *Қазақ тілі қандай тіл?.* – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 432 б.
6. Қоңырова А.Т. *Туыстық атаулардың этноментальдық ерекшеліктері //Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы 2012 ж. – №2(26).*
7. Шеңгелбаева Н.Р. Мырзияров С.Ж. *Туыстық атаулардың аудармадағы ұлттық мәдени семантикасы //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2015. – №5 (32).*

МРНТИ 16.21.51

А.А. Муса-Ахунов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ДҮНГЕН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР: СӘУКЕЛЕ, БЕСІК ЖӘНЕ ҚАЗАН-ОШАҚ

*Аңдатпа*

Мақалада дүнген тіліндегі “лова”, “ёфонзы”, “гуэ лан гуэту” лингвомәдени бірліктер қазақ тіліндегі “сәукеле”, “бесік” және “қазан-ошақ” лингвомәдени бірліктерімен салыстырыла қарастырылады. Қазақ мәдениетіндегі сәукеле, бесік және қазан-ошақ қазақ халқының этникалық ерекшелігі, ұлттық колориті және ұлттық танымын танытудағы мәдени ақпараты мол лингвомәдени бірліктер болып табылады. Дүнген халқының тұрмыстық өмірінде аталған дүниелерге ұқсас, өмірдің белілі бір саласында философиялық көзқарасын танытатын өзіндік ұлттық мәдени-рухани элементтер бар. Мақалада дүнген тіліндегі “лова” шаш үлгісі, “ёфонзы” және “гуэ лан гуэту” лингвомәдени бірліктері арқылы дүнген халқының этникалық ерекшелігі, отбасындағы баланың, әсіресе қыздың тәрбиесіне, ошаққа қатысты сенім, түсініктері сипатталып, қазақ халқының ұлттық танымымен сабақтастықты көрсету мақсат етілді.

**Кілт сөздер:** лингвомәдени бірлік, наным-сенім, этнос, ұлттық таным, этникалық ерекшелік, т.б.

А.А. Mussa-Akhunov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

## LINGUO-CULTURAL UNITS IN THE KAZAKH AND DUNGAN LANGUAGES: SOUKELE, BESIK AND KAZAN-OSHAQ

*Abstract*

The article discusses the linguocultural units “lova”, “Yofonzy”, “Gue lan Guetu” of the Dungan language in comparison with the linguistic-cultural units “Saukele”, “Besik” and “Kazan-Oshak” in the Kazakh language. “Saukele”, “besik” and “kazan-oshak” in Kazakh culture are cultural units in which a lot of information has been collected about ethnicity, national colors and national knowledge of the Kazakh people. The everyday life of the Dungan people has its own variants of the above-mentioned cultural elements that show philosophical views in certain areas of life. The article describes the ethnic peculiarity of the people, the attitude to the girl in the family and the upbringing of the child, beliefs in relation to the cauldron and the hearth, as well as the spiritual and cultural interrelation of the Kazakh and Dungan peoples.

**Keywords:** linguocultural unit, beliefs, ethnos, national cognition, ethnicity, etc.

А.А. Муса-Ахунов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ЕДНИЦЫ В КАЗАХСКОМ И ДУНГАНСКОМ ЯЗЫКАХ: САУКЕЛЕ, БЕСИК И КАЗАН-ОШАК

*Аннотация*

В статье рассматриваются лингвокультурные единицы “лова”, “ёфонзы”, “гуэ лан гуэту” дунганского языка в сравнении их с лингвокультурными единицами “саукеле”, “бесик” и “казан-ошақ” в казахском языке. “Саукеле”, “бесик” и “казан-ошақ” в казахской культуре являются культурными единицами в которых собрано много информации об этнической особенности, национальном колорите и национальном познании казахского народа. В бытовой жизни дунганского народа есть свои варианты вышеназванным культурным элементам, которые показывают философские взгляды в определенных сферах жизни. В статье описывается этническая особенность народа, отношение к воспитанию ребенка, особенно к воспитанию девочки, верования по отношению к котлу и очагу, а также духовно-культурная взаимосвязь казахского и дунганских народов.

**Ключевые слова:** лингвокультурная единица, верование, этнос, национальное познание, этническая особенность, т.д.

**Кіріспе.** Киім – адамзат баласының өмір табалдырығынан аттаған сәттен бастап жалаңаш тәнін жауып, рухын, ар-ожданын қорғап, күзететін, ұлттық дүниетанымы мен мінез-құлық болмысының ерекшелігін қалыптастырып, әсемдік пен сұлулық табиғатын, түр мен түсті қабылдаудың көркемдік-эстетикалық талғамын тәрбиелейтін тағылымы мол, рәміздік мәні бар атаусөз.

Киім арқылы оның иесі қай елдің өкілі екенін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, әлеуметтік иерархиялық мәртебесі мен қызметін, мамандық машығын, т.б. белгілерін жазбай ажыратуға болады. Демек, киімнің негізгі қызметі – табиғи ортаның суығы мен ыстығынан, жауын шашыны мен жел-құзынан қорғаумен қатар, ұлт жаратылысының қалыптасуы мен кемелденуінің ұзын-ырға ұзақ ғұмырнамалық рухани парасат келбетін танытатын этнорафиялық және философиялық, мифологиялық және теологиялық, дизайндық әрі тәлім-тәрбиелік түрлі қыр-сырынан ақпарат беріп, ойшылдық өре деңгейінің өнерге көшкендегі дараланған төлтума жасампаздық қолтаңбасын жарнамалайтын, бойына сан алуан қызмет жүктеген ұғым. Сондай ұғымдардың бірі – сәукеле. Дүнген халқында сәукелеге ұқсас бас киім үлгісі болмағанымен, сәукеленің мән-мағынасына ұқсас, ұлттық-философиялық, танымдық, этностың біршама ұлттық қасиеттерін бойына сіңірген, қыз балаға, отбасы құруға қатысты көзқарасын таныта алатын дүние бар. Ол – “лова” - дүнген ұлттық шаш үлісі.

Киім үлгісінен кейін қандай да бір ұлт болмасын, оны ерекшелендіретін әрі басқаларымен ұқсастыратын күнделікті тұрмыстық заттар бар. Аталған заттардың халықтың материалдық дүние ретінде ғана емес, рухани әлемінде, ұлттық танымындағы алар орны, ұлттық ерекшелікті таныта алу қасиетіне ие болады. Қазақ мәдениетіндегі бұндай дүниеге, сөзсіз, қара қазан немесе қазан-ошақты жатқызуға болады. Дүнген ұлттық тағам жасау дәстүрінде де қара қазанның жөні бөлек. Орта Азия және Кавказ елдерінде от шоқтары мен тандыр сияқты басқа да тамақ дайындауға қажетті құрылғылар болса, дүнген халқында барлық тамақ қазанда дайындалады. Сондықтан отбасының береке, бірлік, ырыс пен молшылық, бейбітшілік символы – қазан болып табылады.

**Әдістеме.** Сонымен, сәукеле және қара қазанмен қатар ұлттың этнотанымдық ерекшелігін таныта алатын, болашақ ұлпақтың тағдырына, тәрбиесіне деген ойынан хабар беретін дүниелерге бала тәрбиелеу салты, бесік және нәрестеге қатысты жөн-жоралғыларды жатқызамыз.

“Сәукеле – ұзатылған қыз киетін қымбат та бағалы, кәделі де киелі, өте ерте заманнан келе жатқан әсем бас киім. Оны тек қана бас киім емес, қазақ халқының байлығы мен сән салтанатының, мәдениеті мен өнерінің озық үлгісі, өнер туындысы ретінде бағаланатын өте қымбат этнографиялық мүлік деуге де болады. Құлақтың тұсында оны жауып тұратын әшекей салпыншақтар болған. Оның бір себебі қазақ қалыңдыққа, жас келіне көз тимесін деген ниетпен асыл тастарды әшекейлерді аямай таққан” [1, 5].

Аманқол Мектептегі сәукеле сөзінің шығуы жайында төмендегідей пікір айтады: “Тіліміздегі этномәдени сәукеле сөзінің о бастағы шығу тегі Сақ дәуіріне барып тіреледі. Атауды морфологиялық жағынан талдасақ, екі компоненттен құралған: алдыңғы буынындағы “сәу” байырғы “сақ” тайпа атының тілдік өзгеріске түсуінен қалыптасқан. Сөздің екінші бөлігіндегі “келе” бас киім ұғымындағы архаизм. Яғни, сәукеле этнографизмінің мағынасын “сақтардың бас киімі деудің мүмкіндігі бар” [2, 7].

Әдетте ұзатылатын қыздың арнайы үйлену тойына дайындалған киімі мен сәукелесін жеңгесі киіндіреді, оған әкесі түгіл шешесі де араласпайды. Ұлттық қолөнер саласының жанашыры С.Қасиманов “Сәукеле төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Төбенің өн бойын алтын, күміс, меруерт, маржанмен, асыл тастармен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Ертеде Кіші жүздегі Байсақал дегеннің қызының осындай бір сәукелесін 500 биеге бағалаған.

Сәукеленің екі жақ самай тұсынан бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды бетмоншақ немесе сәукеленің бетмоншағы деп атайды.

Сәукеленің төбесінде алтынмен, күміспен әшекейленген қатырғы болады. Тізілген моншақты, асыл матадан, ақ жібектен жүргізген желекті осы қатырғыға бекітеді. Мұны “бергек” деп атайды. Кейде бергекке тоты құстың бірер тал қауырсынын тігінен қыстырып бекітіп қояды, оны қарқара дейді Сәукеленің арт құлағы шашақ тәрізді белге дейін жетеді. Сәукеленің ең сыртынан жауып қойған шашақты, әшекейлі жібек мата бар, көйлектің етегі құсап, жерге сүйретіліп жүреді” деп, сәукеленің қымбат дүние екенін атап өтіп, жан-жақты сипатталады [3, 38].

Сонымен бірге сәукелеге міндетті түрде жұқа ақ желек ілген. Ол беташар айтылғанда қалыңдықтың жүзін, бүкіл денесін жауып төгіліп тұратындықтан, қыздың денесі өте нәзік, сымбатты етіп көрсететін. Осындағы ақ желек ілу мен дүнген дәстүріндегі орамал жабу салтымен ұқсас келеді. Бұл салттың алғышарты тіл көзден сақтау болса, екіншіден келінді ұяндыққа, үлкенді, қайындарын құрметтеуге тәрбиелеу әрекеті болып табылады.

Дүнген халқының діні ислам діні болғанымен мәдениеті: киім үлгісі, тағам түрлері мен ұлттық салт-дәстүрлер қытай мәдениетінен бастау алады.

“Өнер этностың ұлттық болмысының ертеден келе жатқан мәдени-рухани құндылығы мен тұрмыстық мәдени өмірінің көрсеткіші болып табылады. Ал ақиқат өмірде өнердің қандай да бір түрі болмасын ұлт тілімен ұштасып жатады. Өнердің әралуан түрлері мен олардың бітім болмысы тіл арқылы таңбаланып, сөз арқылы бедерленетінін ескерсек, өнердің тілге, тілдің өнерге қатысы барын көруге болады” дей келе, С.А. Жиренов ұлт мәдениетіндегі өнердің ерекше орнын атап өтеді [4, 90]. Өнердің бір түрі болып табылатын дүнген ұлттық шаш үлгісін жасау барысында халықтың санасындағы арман-мұраты, тілегі мен сенім элементтері көптеп кездеседі.

Қазақ халқында келіннің бас киім үлгісі сәукеле болса, дүнген келінінің осындай ерекше бас киімі жоқ. Бүгінгі күні Орта Азия аумағында орналасқан дүнген келінінің тойдағы бас киім ретінде белінен төмен түсіп тұратын қызыл түсті, бетті жауып тұратын орамал тағылады. Алайда өзіндік жөн-жоралғысы, әдет-ғұрыптық ерекшеліктері мол той дәстүрінде қазақ сәукелесінің мән-мағынасымен сабақтас келетін, ұлттық дүниетанымынан хабар беретін, тек келінге, тек алғаш рет тұрмысқа шығатын қызға ғана тән ұлттық “шаш үлісі” бар. Оның атауы – “Лова”. “Лова” қарға деген сөз. Қордай ауданы Шортөбе ауылындағы ұлттық шаш өнерінің шебері Зенибе Арвақызы “Лова” шаш үлгісін жасау анасынан қызына қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өнер түрі екенін, әрі кейбір дүнген ауылдарында “қарға” емес “қарлығаш” деп аталатынын айтады. Дүнген халқының түсінігінде қарға бойжеткендіктің, күш пен шыдамдылық символы. Шаштың қарға пішініне ұқсастып жасалуы, бой жетіп, тұрмыс құруға, отбасы құруға дайын болуды білдіреді. Қарға жанұсына адал, балапандарына бола жанын аямайтын құс екені белгілі. Сондықтан шаш үлгінің осылайша аталатыны тектен тек емес деп ойлаймыз. Қалай болғанда да қарға мен қарлығаш құстарының атауымен келінге қатысты дүниені тектен атамаған. Аталған екі құстың қазақ философиясында өзіндік орынға ие екенін білеміз. Қазақ тілінде қарғаға қатысты адам баласының бір-біріне жанашырлығы мен шаруаға жұмыла, бірге кірісетін татулықты, достықты білдіретін “қарға тамырлы қазақ” тіркесі, “қарға сүйеді баласын аппағым деп”, қарғам, қарғаш деп қарға атауы ұнамды, жағымды мағынада жұмсалады. “Қарға бойлы Қазтуған”, “қарға адым жер”, “қарғадайынан”, “қарға қарғаның көзін шұқымайды”, “қара қарғаның миы қайнайтындай ыстық”, “басыма бақыт құсы қонар” мағынасында жұмсалатын “қолыма қарға тышар” секілді тіркестер де қазақ халқы үшін қарға құсының жай құс емес екенін байқаймыз. Дүнген тілінде қарғаға қатысты “Лова лә ша шүә” – “қарға келсе қар жауады” нақылы болса, қарлығаш құсы туралы “янжизы лә за эрвизы” – “қарлығаш келсе қыз баланың құлағын тесіп сырға тағу кезі” келді дейді. “Лова” шаш үлгісі тек тойда және келінге ғана жасалады. Бұл – қазақ халқындағы “сәукеле” киюдің мәнімен сабақтас болатын ең басты ерекшелігі. Дүнген отбасыларында қыздардың шашын қимауға тырысқан. Бұл келешекте тойға аталған шаш үлгісін жасау үшін қажет еді. Шаш үлгісі құстың пішініне ұқсастырып әзірленеді және 3 бөліктен тұрады: алдыңғы, ортаңғы және артқы бөлігі. Шаш өрімге күйеу туыстары арнайы шебер шақыртып жасалады. Аталған процесте күйеу туыстарынан жасы үлкен, қадірлі, көпбалалы әйел қатысады. Бұл болашақ отбасыға көпбалалы және келініне келген әйел сиқты сыйлы болсын дегенді білдіреді. Шаш өру барысында туыс әйел шеберден келін шашының ерекшелігін сұрастырған, себебі жұмсақ шаш жұмсақ мінез, қитықсыз, тіл алғы қасиеттерінің белгісі деп саналады. Алдыңғы бөлігі “қарға қанатына” ұқсастырып өріліп, бекітіледі. Аталмыш бөлік қатты әрі тегіс қып жасалып, екі қанатқа бөлінеді, әр бөлік бірдей көлемді әрі бір деңгейде, мүмкіндігінше симметриялы жасалады. Қаттылық болашақ отбасының татулығы, екі жас махаббатының беріктігін, ал симметриялығы отбасындағы тепе-теңдік, әр отбасы мүшелерінің өзінің міндетін жете түсінуді білдірсе, тегістік отбасына жайлы өмір, мезгілсіз қайғы келмесін дегенді білдіреді.

Ортаңғы бөлігінде “қарға басы” көтеріңкі, үшкір болып жасалады. Бұл келіннің жаңа отбасы, әулетіндегі өз орнын тауып, құрметті мүшесіне айналуына тілектестіктің белгісі.

Артқы бөлігі “қарғаның құйрығы” қатты болады және біршама дөңес қылып дайындалып, келіннің басында арнайы біздермен бекітіледі. Бұл бөліктің ерекшелігі “қарғаның құйрығы” жіппен қоса өріліп, құйрықтың өзі ұзын қып жасалады. Бұл қос жастың ұзақ өмір, нағыз махаббат, шын достықтың символы. Шаш үлгісі дайын болған соң шашқа гүлдер бекітіледі.

“Лова” дайын болған соң келіннің басына орамал тағылады. Бұл салт “дагэту” деп аталады. Орамал міндетті түрде қызыл түсті болады. Дүнген танымындағы қызыл түс тіл көзден сақтау, қорғаныштың, бақыт, қуаныш пен шаттықтың, күш-жігердің түсі болып табылады. Бұл той үйінің қақпасына “қызыл байлау” дәстүрінен де көрінеді. “Қызылға” қызыл мата, я болмаса қызыл түсті, матадан жасалған “қытайлық шам” да алынады. Қызыл мата қыздың үйіне келін және оның жасауын алып келетін арбаларға, қазірде машиналарға да байланады. Орамалды күйеу жақтан келген әйел тағып, басындағы бір гүлін өзіне

сыйлық ретінде алады. Қазақ халқындағы орамал тағу салтын күйеу туыстарының өкілі жасаса, дүнген дәстүрі бойынша да күйеу жағынан келген адам тағады.

Орамал жабылған келінді әйелдер күйеу үйіне алып келіп, жабылған орамалды күйеудің туыстарынан бойдақ қыз алады, келешекте тұрмысқа тезірек шықсын деген тілектен туған салт. Бұдан кейін дайындалған шашты әсемдеу басталады. Шаш әсемдеуде диадема, күміс салпыншақ және әр түрлі гүлдер пайдаланылады. Гүл салтанаттылық, жастық символы болса, диадема тектілік, байлық, дәулеттілік белгісі. Ал салпыншақтың мәні бөлек. Шаш әсемдеуде пайдаланылатын барша металды әшекейлер таза күмістен құйылған. Күміс әшекейі көптігі – қыз әкесінің абыройлылығы, дәулеттілігінің белгісі. Салпыншақ келін үшін жаңа отбасындағы тәрбие берудің бірінші сатысы десек болады. Себебі “салпыншақ астымен” қарап, отбасы мүшелері қайын атасынан бастап барша қайын туыстарының беттеріне тік қарамауға үйретеді. Бұл келіннің бойындағы ұяңдық, сыпайылық қасиетті қалыптастыру дәстүрі. Аталған әсемдеу дайын болған соң келін күйеудің жақын туыстарына сәлем салады. Аталған шаш үлгісінің дүнген ауылдарында бәрінде бірдей сақталмады. Оның орнына келіннің басына орамал жабылып, келін орамалмен сәлем салады. Бұл салт шарифат талаптарына сәйкес әйел адамның шашын көрсетпеу тыйымына бағынған. Аталған ауылдарда сәлем салғанда келін орамалы ашылмайды. Бұл келін бойындағы ұяңдық, сыпайылық белгісі болып табылады. Сәлем салу кезінде келіннің оң жақ шетіне әулеттің беделді, құрметті, көпбалалы және тек бір рет тұрмыс құрған, сол тұрмыста тату-тәтті өмір сүретін жеңгесі тұрады. Бұның мәні қазақ тойындағы “бет ашарда” келіннің оңы мен солында бала тумаған бедеу, тұрмыс құрмаған қыздар, науқасы бар, баласыз әйелдерді тұрғызбау ырымымен бірдей. Оған қоса дүнген халқының дүниетанымында кез-келген той-томалақ, іс-шарада елдің алдына жүкті әйелдерді де шығармаған. Жүкті әйелге көз тиеді деп сенген.

Келіннің шашын күйеу туыстарынан бір әйел таратады, бұл әйелге келіннің басындағы екінші гүл тиеді. Алайда шаш үлгісіндегі “қарғаның құйрығы” деп аталатын жіппен байланған бөлігі мен бір гүл күйеудің еншісіне тиеді. Үшінші “қарғаның құйрығы” деп аталатын артқы бөлік – шаш үлгісін дайындаудағы аса қиын, бейнеті мол бөлігі, әрі өте ұзын жіп пайдаланылады. Аталған салт күйеу жігіт келінінің шашын тарату барысында сол қиындықты сезініп, қыз тәрбиелеу, қызды тұрмысқа беру мен тойға дайындықтың бейнетін түсініп, отбасылық бақыт, тыныштықты бағалау, қадірлеуге, жас жұбайын қадірлеуге тәрбиелейді.

“Бесік – жас нәрестені бөлеп жатқызуға арналған арнайы төсек. Сәбилер жатуға арналған бесіктер көптеген елдердің мәдениетіне тән” [5, 652]. Дей тұрғанмен, көшпелі өмір салтына бейімделген қазақтың дәстүрлі бесікке бөлеу тәсіліне, бөленген баланы алып жүруге арналған ерекшеліктеріне байланысты қазақтың материалдық мәдениеттің бірегей үлгісі болып табылады.

Бесіктің сәби денсаулығына пайдасы өте зор. Сәбидің бойы таза болады, ыстықтың аптабынан, желдің өтінен, жердің сызынан, суықтан сақтап, сәбидің тез ширауына ықпалын тигізеді. Әсіресе қыс айларында бала жылы жатады.

Бесік пәк нәрестені бөлеуге арналғандықтан, оны жасау процесі қорғау магиясына байланысты түрлі салт жоралғылар орындалады. Бесік жасау алдында шеберлер ата-бабалары мен ұстаздарына сыйынып, Алла тағаладан жұмыстың сәтті аяқталуын тілейді. Бесікке пайдаланылатын ағаштарды арша түтінімен үш қайтара айналдырып, аластап тазартып алғаннан кейін ғана іске кірісетін.

Дүнген халқының күнделікті өмірінде “ёфонзы” – “термелмелі үй” пайдаланылады. Қазақ халқындағы бесіктің бұл түрі “аспалы бесік” деп аталады. Негізінен егтіншілікпен, бақташылықпен айналысқан дүнгендер отырықшы халықтар қатарына жатады. Күнделікті тұрмыста “аспалы бесікті” қолданған дүнгендер бесігінің өзіне тиісті құрылысы мен үйдегі орналасу жері болған.

“Тербелмелі бесік” ені 10-15 см тақтайшалардан, бұрынырақ кезеңде ағаштың жуандау бұтақтарынан ұзындығы 80-110 см, ені 50-60 см болатын төрбұрышты қылып бір-бірімен бекітілді, ал түбі қалың матамен жабылды. Аталған бесік төрт бұрышынан жіппен байланып, бөлменің бір бұрышында төбеге алдын-ала дайындалған ілмекке ілінді. Әдетте бөлменің бұрышында орналасқан “кон - тапшандағы” үйдің әжесі отыратын бұрышына ілінді. Бертін келе темір серіппе секілді металл қолжетімді болған соң серіппе кеңінен пайдаланылды. Енді бесік тек төрт жаққа ғана емес, жоғары төмен де тербеле басталды. Бесіктің үстіне жұқа ашық түсті мата жабылды, ол баланың үстіне түсетін ұсақ-түйек заттар, шыбын-шіркейлерден қорғады. Бесіктің орналасқан жері бөлмеде адамдардың жүріп-тұруына ыңғайлы еді, әрі басқосулар мен отырыстар кезінде бесік оңай жиналды. Бесіктің биіктігі 10-15 см болғандықтан, оны жинап сақтауға да ыңғайлы болған. Бесіктің ішіне қойылған жастықша мен көрпеше жерге тасталмаған, оны аяқпен басуға, балалардың қолына ойнауға берілмеген. Баланың тыныш ұйқысын бұзады деп сенген. Бұдан бөлек қазақтың бос бесікті тербетуге болмайды секілді сенімі де болған, бұл әрекет қайғылы

жағдайдың нышаны деп білген. Бесіктегі балаға теріс қарауға болмайды, балада қылылық пайда болады деп сенген. Сол қолмен тербетуге тиім салынды, бұл ислам дінінің әсерінен туған тиім деп білеміз.

Бесік дайындау – нағашы жұрттың бесік дайындап әкелу салты. “Дүниеге келген нәрестеге нағашы жұрты бесік, балаға көрімдік – сүйінші, бала шешесіне ана болғанына орай кимешек пен жейтін қалжа асын, немересіне көйлек-көншек апаратын болған. Кейбір өңірлерде нағашыларынан бесік әкелгенше баланы бөлемеген. Бұл байырғы аналық дәуірдің неке салтынан сақталған сілем болса керек” [5, 654]. Бесікті дайындау мен апару бойынша салттар қазақтардан дүнген дәстүріне сол қалпында енген.

“Бесік керту – отпен аластау ғұрыптарының бірі. Бесік керту баланы бесікке алғаш бөлердің алдында атқарылады. Сондай-ақ бала ұйықтамай, тынышсыздана беретін болса да бесік керту ғұрпы жасалынады. Әдетте бұл ғұрыпты баланың әжесі қыздырған темірмен бесіктің бала жатар тұсын, арқалығын және басын қари отырып: “Алас, алас, а құдайым, тіл-көзден сақтай гөр! Тфә, тфә” – деген аластау, қорғау магиясында қолданылатын сөздерді айтады” [5, 655]. Мұнысы бесіктегі балаға жын-шайтан жоламасын дегенді ырымдаған. Сондай-ақ бесікті отпен аластаудың төмендегідей бесікті сырықтау деп аталатын түі бар. Күндіз болсын, түнде болсын бесікке баланы саларда, металл немесе қыш ыдысқа салынған адыраспан, арша, қаражусан т.б. хош иісті өсімдіктердің бірін түтетіп, қас күштерді қуып, бесікті тазалады. Кейде сіріңке шағып, отпен аластап, зиянкестерден қорғану шараларын жасайды. Дүнген сенімінде аластау ғұрпы бар, алайда тек адыраспан ғана пайдаланылады.

“Бесік құда/бесіккертті құда – бесікте жатқан сәбилеріне құдаласу жоралғысы. Бірінің ұлы, екіншісінің қызы бар, қыз алысуға болатын адамдар, құдаласу салты бойынша, қалыңмалын алдын ала өтеп те қояды. Оны “қарғы бау” деп атайды. Мұнан кейін құдандалық жора-жосындар дәстүрлі ортада қалыптасқан норма, қағидаттар бойынша өткізіледі.

Бесікке салу – бала дүниеге келгеннен кейін көп уақыт өтпей атқарылатын отбасылық ғұрып, кішігірім той. Бала туған соң бір апта өткен шамада, кіндігі түсіп, оның орны жазылған кезде атқарылар осы рәсімде мал сойылып, көші – қолаң, жақын ағайын – туыстар, ауылдың беделді аналары мен келіндері шақырылады” [5, 657].

Бесіктегі бала бес түлейді – шамамен айтқанда, бесік жасындағы баланың дамуында бес түрлі кез болады деген мағынаны білдіретін тұрақты сөз орамы. Қазақы тұрмыста нәрестенің бес жасқа дейінгі кезеңін бесік жасы дейді. Көшпелі тұрмыста баланы беске дейін бесіктен шығармайды. Өйткені буыны бекімеген нәрестені көшпенді тұрмыста құндақтаулы күйде ат-көлікте алып жүру – қауіпсіз әрі ыңғайлы. Ал бесікте танулы баланы көш бойы алып жүру сақтықтың кепілі, яғни сақтық шараларының бірі. “Отырықшылық тұрмыспен айналысқанда баланы бесіктен үш жастан-ақ шығара береді. Осы санды таратып айтсақ, бірінші түлекте бесіктегі нәресте мойны қатып бір түлейді, түлегенде мойны қатқан нәресте басын ұстайтындай күйде болады. Екінші түлегенде нәресте денесін ұстап отыратындай халге келеді. Төртінші түлегенде кеудесін көтеріп, әр нәрсеге сүйеніп тұра бастайды, еңбегі қатады. Бесінші түлегенде қаз басып жүре бастайды. Нәрестенің әр түлеуі (физиологиялық өзгерісі) уақытымен, тіпті уақытынан ертелеу болып жатса, анасының сүті жеңіл болғаны деп біледі” [5, 658].

Қазақ халқындағы бес түлеуге ұқсас дүнгендер халқы да түлеу кезеңдерінің барына сенеді. Алайда дүнген түлеу санауында 4 кезең бар. “Сан фан, лю зуэ, жү папа, йи суи хан дада” – “үш айда бала аунайды, алтыда отырады, тоғызда еңбектейді, бір жасында әкесін шақырады”. Расында да, үш айлық бала жатқан жерде аунай бастайды екен, сондықтан бұл кезеңнен бастап баланы жалғыз қалдырмауға тырысады. Алты айлықты бала сүйектері, мойны қатып, отыруға шамасы келеді. Тоғыз айында бала еңбектеуге келеді, қызықтыратын заттарға өзі жететін шамаға келеді, әрі анасы төмен жерде орналасқан баланың денсаулығына қауіпті заттардың бәрін де жоғары қоюға тырысады. Бір жасында әдетте баланың тілі шығып, әке-шешесін шақыруға қабілетті болады. Халықтың жылдар бойы байқаған адам баласының физиологиялық дамуының ерекшеліктерін атап өтетін бұл түлеудің табиғи негіздері бар екені сөзсіз. Бала тәрбиесі, баланың дамуына көп көңіл бөліп, назарында жіті ұстаған қазақ пен дүнген халықтарының рухани үндестігін осыдан көруге болады.

Дүнген тілінде адам өмірі, ғұмырының тұтастай кезеңін атағанда “бесіктен көрге дейін” тіркесінің дүнгенше нұсқасы “да йёфонзы до фынкын” тіркесі қолданылады.

Қазан – үйдің бас мүкі. Қазақы дастарқанға қойылатын тағамдарының түгелге жуығы дерлік қазаннан шығатындықтан, оның күнделікті дүниеауи тіршіліктегі орны да ерекше болды. “Қазан – қоладан, мыстан, жезден, шойыннан түбі шұңғыл етіп жасалған, екі жағында ұстауға арналған құлақшасы бар, тамақ пісіруге арналған ыдыс” [5, 360]. Қызға жасау бергенде қазанды ошағымен береді. “Бүркіт қырық қырсықтың бетін қайтарады деп, ел ішінде ошақтың үш бұтына деп ырымдап, арнайы кәдеге бүркіт бергені айтылады. Ұлға енші беріп, бөлек шығарғанда қазан беру міндетті саналған. Ұлына енші беріп,



бөлек үй еткен, өз парызын өтеген әке “қойнына қатын салып, бауырына қазан орнаттым” дейді [5, 361]. Бұл – “баламды ел қатарына қостым” дегені.

Күнделікті тіршілік, отбасының күнкөрісін айтқанда қара қазан сары баланың қамы деп “қазанды” кірістіріп айтады. Әйел толғатып, туайын деп жатқанда ошақтағы қазанға абысындары ет салып қяды. Қара қазан бұрын қайнай ма, қара қатын бұрын туа ма деп “жарыстырады”. Халық түсінігіндегі туатын бала қайнайтын пісетін қазанмен жарысып, жарық дүниеге бұрын келуге ұмтылады дейді. Қолы билікке жеткен адамды *қазанның құлағын ұстады* деп, материалдық артықшылыққа ие болғанын меңзейді. Дүнген халқында “жуа гуэ” (қазан ұстау) түсінігі де бар, алайда лексикалық мағынасы тамақ дайындау, ас қамымен айналысу дегенді білдіреді. Біршама жол жүріп келгенде мініс атты кешкі ас қазаннан түскенше суытып, қаңтарып қоюды қазан суыту дейді, яғни келген қонақтың атын *қазан суытумен отқа қояды*.

“Қазан – рухани дүниенің қасиетті “мүлкі”. Этностың конитивтік санасындағы “қазанның” материалдық дүние фрагменті бейнесі абстракциялана келіп, оның әлеуметтік бейнесі пайда болды. Заттық мәдениеттен рухани мәдениеттің сатысына көтерілді” [5, 362]. Қазақ халқында құн заңы бойынша құнның құрамына кірмейтін, бірақ сүйек құнға міндетті түрде айыпты жақ беретін қара нар, қара ат, қара кілем, қара мылтықтың қатарында қара қазан да болған. “Керейдің Ботаханын тірідей көрге салған Абылайдың үш көшкенде асулы қазанын көшкен жұртына қалдырып кетуі айыбын мойындағандық болып саналады. Әрине, төрелерді, сұлтандарды билер сотының қарауға құқығы жоқ. Көңіл қоятын тағы бір жайт – Абылай ұрпақтарының қалы кілем жабылған қара нар беріп, қара қазанды өздеріне қайтарып алуы” (5, 363). Өйткені қазанның халал қазан болып, ұрпақтарына қайтуы, ырыстың, құт-берекенің қайта айналуы деген түсінікпен байланысты болған.

Қазан халық санасында ырыс пен берекенің, молшылық пен тоқшылықтың символы деп саналған. “Тойда қазанға қатысты қызметшілерге басшылық жасап, реттеп жүретін жауапты адамды қазанбасы, қазан басшысы деп атаған. Жиындарда әсіресе астарда қонақтың құрметіне қарай малдың сыйлы мүшелерін табаққа іріктеп салатын, жөн-жосықты, жол-жоралғыларды жақсы білетін кісі болған. Ондай кісіні “Қазан құлағын (тұтқасын) ұстады” дейді. Белгілі бір қызметке ие болды, билікке қол жетті деген сөз. Осыған байланысты “Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса да” деген мәтел қалған. Оның бірінші мағынасы, қазан жасайтын шеберді айтып тұрса, екінші мағынасы қолына билік тиген кісінің әрекетін атады” [7, 589].

Дүнген тойларында үй иелері той шаруасымен айналыспаған. Тойға дейін “дин жызы” – “той уақытын белгілеу” күні белгіленеді. Бұл күні бас құданың қатысуымен той уақыты анықталады. Салттың атауы да бұдан қалған. Осы күні бас құданы сыйлап аттандырған соң, әулеттің үлкендері кенесіп тойдың әр қызметіне жауапты адамдарды тағайындайды. Солардың ең жауапкершілігі мол, абыройлы қызметі “жудун” деп аталады. Бұл қызметтік тағы бір ерекшелігі ер адамдар мен әйелдерге бөлек “жудун” белгіленді. Бұл тағы да діннің талабынан туған қажеттілік. Той ұйымдастыру барысында арасындағы кикілжінді болдырмас үшін ер кісі мен әйел адамның арасындағы қарым-қатынасты шектеу қажет еді. Сонымен қатар бұл салттың пайда болуына ислам дінінің әсері де болған сияқты. Әрі “жудун” болатын адам отбасы әулетімен туыстығы жоқ, бірақ дос-жарандардың арасынан болуы мүмкін еді. Оған қоса тойдағы әрбір әйел адамға емін-еркін сөйлеп, тапсырма беріп тұру да орынсыз болатын еді. Әдетте “жудун” болып тағайындалу құрметіне тойдың қыр-сырын, жөн-жосығын, әдет-ғұрыптарын жақсы білетін, ауыл-аймақта белгілі, құрметті адам аллынды. Қазақ дәстүрінде бұндай адамды “қазанбасы” деп атайды.

Бұдан бөлек “зайи фонзы жын” аталатын қызмет болған. “зайи фонзы жын” тек ет мәселесімен айналысқан адам. Бұл қызметке сойылған етке жауап беріп, үш күн бойы дайындалатын әр түрлі тағамдарға ет үлестіретін, етті дұрыс пісіріп, ет танитын адам белгіленді. Дүнген ұлттық тағам түрлері өте көп, әрі сан алуан. Әрбір тағам түрлеріне тиісті ет өлшемі мен мүшелері бар. Мәселен, ет тартқыштан өткізілген еттен дайындалатын “ши” тағамына жұмсалатын етке аса көп талап болмағанымен, “сы пян” – “төрт табақ” аталатын тағамға негізінен малдың қабырғасы, төсі алынады. Дүнген ұлттық тағам мәдениетінде малдың ең сыйлы мүшесі малдың қабырғасы болып табылады. Қария-ақсақалдарға, құда мен қонақтарға, сыйлы қонақтарға тартылатын да малдың қабырғасы. Тойларда негізінен сиыр малы сойылады.

Тойдағы келесі қызмет - “гуэтухон жын” деп аталады. “Қазан басындағы адам” делінетін қызметті басқа сөзбен “аспаз, аспазшы” деп атасақ болады. Дүнген ұлттық тағам түрлері өте көп, әрі басым көпшілігі қуырылып жасалады. Сан түрлі тамақ дәмдеуіштерін ажырата алатын, әрі тиісінше пайдалана алатын ұлттық тағам дайындаудың шебері, білгір аспаз осы қызметке тағайындалады. Әйелдер әдетте тамаққа қажетті дәмдеуіштерді үйде өсіреді. Ал жергілікті ауа-райының ерекшелігінен өспейтін шөптер көршілес елді-мекендерден сатып алынады.

Бұдан бөлек шай дайындаушы, ыдыс-аяқ жуушы секілді қызметтер де бар. Жоғарыда аталған қызмет түрлерімен салыстырғанда беделі төмендеу болғанымен, тойдан кейін берілетін сыйлық пен бөленетін құрмет аз емес еді.

Қазақ халқында ұзатылған қызға жасауын жасағанда қазан мен ошағын қосып берген. “Ұлға енші беріп, бөлек шығарғанда қазан беру міндетті саналған. Ұлына енші беріп, бөлек үй еткен, өз парызын өтеген әке “қойнына қатын салып, бауырына қазан орнаттым” дейді. Бұл – “баламды ел қатарына қостым” дегені [6, 361].

Дүнген танымындағы қазанның күнделікті тұрмыс тіршіліктегі ас үй жабдықтарынан бөлек, ерекше мән-мағынасы бар екені түсінікті. Ол – ырыс, берекенің символы. Қазанды ешкімге бермеуге тырысқан, отбасының жақын туысы, бауырына берген жайдайда тегін алмаған, қазанның орнына басқа дүние әкеліп ауыстырған.

Қазан лингвомәдени бірлігіне қатысты тағы бір дәстүр атауы “фын гуэ” деп аталады. Қазақ тіліне “қазан бөлу” деп аударған дұрыс болады. Отбасыдағы ұлдың үйленіп бөлек шығару кезінде ұл балаға қара қазанды міндетті түрде береді. Бұл қазақ халқындағы ұлына енші беру кезінде қазан берудің салтының мәнімен ұқсас болып келеді. Бұл жаңа құрылған отбасының берекелі, тату, ынтымақты болсын дегенді білдіреді. Дүнген танымында ер адамның үйде тамақтануы, үйде қазан көтеріліп тамақ дайындалуы ынтымақтың белгісі деп саналады. Сондықтан балаларды жастайынан үйде тамақтануға үйретеді.

Қазақ халқының тұрмысында қазан-ошақтың бірнеше түрі қолданылады.

Тасшақ – қазан асылатындай, астына отын салынатындай етіп ірі-ірі үш-төрт тасты қойып жасалған ошақ түрі. Бұл ошақ жасау ең қарапайым тәсілі болып табылады. Оны алғаш жайлауға көшіп барғанда тездетіп ас дайындап жіберу үшін жасауға өте қолайлы. Сонымен бірге, ірі-ірі тас табылмаған жағдайда күрекпен жерден қазып та әзірленеді.

Жерошақ – от жағып, қазан асуға жерден қазылған ошақ. Жерошақты жерден үш, төрт бұрыштап қазады. Жерошақ ашық алаңқайдан немесе жердің қабақтау болып келен жерінен асылатын қазан көлеміне шақталып қазылады. Оның қазан асылатын жері дөңгелек пішінде, ал оның алдыңғы жағынан от шығуға аузы, артынан түтін шығатындай жырық жырылады.

Қазылған жерошақты көшкен жағдайда көміп кететін болған. Себебі, қазылған ор мен ошақ, қағылған қазық аттылы адамға қауіп деп білген. “Сонымен қатар қазақ тұрмысында темірошақ, тасошақ, жерошақтан өзге кірпіштен қаланып жасалған ошақ түрлері де болды. Оны есік алдына, сонымен қатар төбесі, жан-жағы жабылған арнайы орынға бір немесе бірнеше қазақ асылатындай етіп әзірлейді. Оның от жағатын аузы, түтіні шығатын мұржасы болады. Мұндай ошақты қалап жасалғаннан кейін түтін шықпас үшін сырты шөп, сабан қосылған сары топырақпен сыланады” [6, 361].

Дүнген халқының күнделікті тұрмысында негізінен 2 түрлі ошақ пайдаланылды: жерошақ пен кірпіштен қаланған ошақ. Жерошақтың едәуір айырмашылығы болмағанымен, “кірпіш ошақтың” орналасуы, әрі пайдаланылуында біршама ерекшеліктер бар.

Дүнген үйі құрылыс мәдениетінде негізінен қарапайым халық үйі 2 бөлмелі еді. Бірі – жатын бөлме болса, екіншісі – ас бөлмесі. Кірпіш ошақ ас бөлмесіне қойылды. Біріншіден, тамақ дайындау үшін болса, екіншіден үй жылыту жүйесінде пайдаланылды. Шалғай ауылдарға газды отынға дейін үйлер ағаш не көмірмен жылытылған. Жатын бөлмелерде “кон” деп аталатын “жылы тапшан” орнатылған. “Кон” көрші бөлмеде орналасқан пеш арқылы жылытылса, ас бөлмесіндегі сол пеште тамақ дайындалып жатады. Бұл практикалық жүзінде бір ошақпен екі бөлмені жылыту болса, қауіпсіздік шарасы тұрғысынан түтіннен уланудан қорғану болып табылады.

Үйде орналастырылатын ошақтан бөлек, үш жағы, төбесі жабық бастырма, жаппаның бір бұрышына да қойылды. Бұл ошаққа көбінесе үлкендеу қазан орнатылып, той-томалақтарда пайдаланды. Аталмыш қазанды дұрыс әрі сәнді қылып жасау үшін арнайы шебер шақырылды. Ошақ жасау біткен соң, дастархан жайылып, қонақтар шақырылды. Құран оқылып, үйдің берекелі болуын тілеп, дұға қайырылды. Ошақ жасаған шеберге сый берілді.

“Әйелдер ошақтың үш бұтынан асырып отын үймейді. Олай болғанда күйеуінің көңілі басқа әйелге ауып кетеді деп түсінген. Халық арасында: қазан-шақты тебуге болмайды; ошақтағы отты үрлеп сөндірмейді; ошақтың киесі, қазанның қарғысы атады делініп қазанды сүйеп қойғанда ауызын босағаға қаратпайды; ошаққа қазан асқанда түзулеп асады, ернеуі босағаға қарай қисайса “несібесі” төгіледі; ошақ орнын, күлді басуға болмайды; ошақтан от кетпесін, жын-шайтан иектемесін, пәле-жала аулақ болсын деген ниетпен жас отауды аластайды; өмірге келген нәрестенің кіндігін үйдің құты болсын деген ырыммен ошақ түбіне көмген” – деп келетін ырым-тыйымдар жетерлік [6, 362]. Қазан ошаққа қатысты дүнген халқының баланың тууына байланысты “гуэ гә мян” салты бар. Бұл салттың негізгі ерекшелігі келіннің босануға дейін, 8-9 айлық кезінде тек қыздың анасы ғана ұйымдастырады.

“Туэ гә мян” тіркесі қазақша “қазақ қақпағындағы қамыр” деп аударылады. Ана қызының босануының қарсаңында қызы, енесі мен құдағиларын қонаққа шақырады. Қыздан бөлек қонақтардың бәріне ас дәстүрлі ыдысқа таратылса, қызға қазанның қақпағына салынып, сол күйінде ұсынылады. Бұл салтта ас ретінде қамыр тамағы дайындалады. Қамыр болашақ нәрестенің өмірі ұзақ болсын деген тілекпен ұзын қылып созылады. Ал тамақты қазаннан шығара сала лезде қызға ұсыну келешекте қыздың уақытылы әрі жылдам босануына себепші болады деген сеніммен жасалады.

Қазан-ошаққа байланысты дүнген халқының наным-сенімдері көп. Бұл дүнген мәдениетінде діни сенімдерден бөлек отқа табынудың болғанын дәлелдейді. Мәселен, ас үй – “хуэ фон - (от) бөлмесі” деп аталады. Яғни от жағылып, тамақ пісірілетін бөлме дегенді білдіреді. От не ошаққа түкіріп, не басқаша отпен ойнауға тиім салынады. Ошақтағы отынды аяқпен, әсіресе әйел адамға аяқпен түзетуге болмайды. Бұл ошаққа құрметсіздіктің белгісі деп саналған. Дүнгентанушы А.А.Джон айтуынша “дүнгендер ошақтан шыққан күлді баспаған, себебі халықтың сенімі бойынша күлдің ішінде “пері” болады, оларға құрмет көрсету қажет деп сенген”. А.Джон осындағы халық сенген “перінің” атауы кейіннен ирандық мифтерден енген, ал дүнген халқының ұлттық дүниетанымында “перінің” орнына басқа рух, ошақ құдайына сенім болды деп есептейді.

Дүнгендердің тұрмыстық мәдениетінде (әсіресе, Ош қаласының дүнгендері арасында жақсы сақталған) пешке қазан орнатылған соң үйдің иесі құттықтап келген қонақтарға жаңа орнатылған қазанға етті тағам дайындап сыйлайды. Бұл дүнген танымындағы қазан-ошаққа деген құрмет белгісі, әрі ежелгі отқа табынудың сарқыншақтары болып табылады. Ал ошақты жасаған шеберге сый беріледі. Сый-сыяпат негізінен киім түрінде дайындалды. Бүгінгі күні дүнгендер отқа қатысты салттарды отқа табынушылықпен байланыстырмайды, дегенмен отқа түкірмеу, отты судан басқа еш сұйықтықпен өшірмеу, түнге қарай ашық отты қалдырмау сияқты тыйымдар бар. Сонымен қатар, қазақ халқындағы сөзге сендіру, нандыру, сөз беру, ант ету мақсатында жұмсалатын “нан ұрсын”, “құдай ұрсын” секілді тіркестері дүнген тілінде “дү мэмэ”, “дү Худа” болса, оған қоса отқа қатысты “дү хуэ” (отпен ант етемін) түрі де жұмсалады.

Дүнгендерде шаққа қатысты үйде адам болмаған кезде, я болмаса түнге қарай, жатарда ошаққа ағаш болсын, көмір болсын отын салмау, ошақтағы отты қараусыз қалдырмау тыйымы бар, әрі қатаң сақталып, балаларға үйретіледі. От қауіпсіздік шарасымен қатар, өшкен оттың түтінінен уланбаудың алдын алу амалы болып табылады. Бүгінгі күні үй жылыту жүйесінде негізгі отын түрі газ болғандықтан, жоғарыда аталған тыйымдар да қолданыстан шықты.

Дүнген тіліндегі “Ба гуэ гә бу жэ” – “қазан қақпағын ашпа” тіркесінің мағынасы алдын ала айтпау, сыр білдірмеу мағынасында жұмсалатын қазақ тіліндегі “Жабулы қазанды жабулы күйінде қалдыру” сөз орамымен бірдей жұмсалады.

Қазақ халқының күнделікті тұрмысында әр үйдің түтінін аңдып, қыдырып ас ішетіндерді “қырық қазанның құлағын тістеді” немесе “қазан үстінен күн көрді” деп еңбектенбей күн көретіндерді айтады. Дүнген тілінде аталмыш кісілердің әрекетін сынау үшін де қазан сөзі негізге алынды. Күнделікті өмірде туған-туысқан, жора-жолдас, көрші-қолаңдардың үйіне ас ішетін уақытта барып тамақ ішіп жүретіндерді “бу жэ гуэ дизы жэ” - “қазан түбін жылытпайды”, яғни қазан көтерілуін тосып, үйдің түтінін аңдитын адам деп атайды.

“Қазан” лингвомәдени бірлігі мақал-мәтелдерде кездеседі. Мәселен, қазақ тіліндегі “бір құмалақ бір қарын майды шірітеді” деген мақалының дүнген тіліндегі нұсқасы “йигэ лофү хуэ йи гуэ тон” – “бір тышқан бір қазан сорпаны құртады” нақылы бар. Дүнген халқы отырықшы, егіншілікпен айналысатын халық болған соң, тышқанның күзде жиналған егін, азық-түлік, дақылдарға тигізетін зияны мол екені анық.

Сонымен қатар қазанды тебуге болмайды, тамақ пісіру барысында қазанға, қазан құлағына ожаумен тақылдатпайды, дайындалатын тағам піспей, отбасынан құт-береке қашады; түнге қарай қазанның ішінде тамақ қалдықтарын қалдырмай, жуып қою қажет, себебі таңертең періште қазанға құт дарытады деп сенген.

“Фонни бу шын шян жынлэ, зохуэ мын чянту бу шын шян цэлэ” – “үйде бос адам болмасын, ошақтың алдында артық отын қалмасын” мағынасындағы мақал бар. Яғни үйде жұмыссыз, бос адамды қалдырмау әдеті еңбекқорлыққа тәрбиелеу болса, ошақ алдында артық отын қалдырмау қауіпсіздік шарасы болып табылады.

**Нәтижелер.** Қазан-ошаққа қатысты көптеген ырым-тыйымдар, салт-дәстүр, наным-сенімдердің болуы аталған дүниелердің халықтың дүниетанымындағы, дүниенің тілдік бейнесіндегі алатын өзіндік орны бар екенін дәлелдей түседі.

Қазақ және дүнген халықтарының мәдени-рухани сабақтастығын қыз немесе келінге, күнделікті тұрмыстағы дүниелерге, бала тәрбиесіне қатысты салттардан, ырым-тыйымдардың бойынан байқауға болады. Яғни сәукеле, қазан-ошақ, бесікке қатысты наным-сенімдерден нақты көрінеді.

Дүнген отбасындағы әйелдің, қыздың орны ерекше. Оған әрбір жігіт үйлену үшін, отбасы құруға дайындығын дәлелдеп, салт-дәстүр бойынша көп қиындықты басынан өткеру қажет екені дәлел. Ақы-

рында болашақ отбасыға қол жеткізен жігіт қыз баланың қадірін түсініп, болашақ келін құрметке ие болды. Қазақ мәдениетіндегі сәукеле мен дүнген ұлттық “лова” шаш үлгісінің ұлттық-танымдық мән-мағынасы ұқсас. Оған қоса, үйлену тойы кезінде қызға қатысты жөн-жоралғы түрлері де оның дәлелі бола алады.

Қазақ халқында жанұяда туылған нәрестенің денсаулығы, тәрбиесіне аса көп көңіл бөлінеді. Болашақ азамат, халық қорғанышы, отағасы, ел билеуші азамат болар ұл, ошақ иесі, ұрпақ жалғастыруғы, ұлт тәрбиелеуші, асқан даналық иесі, жайдары мінез, өзіне лайық бағасын білетін қыз тәрбиелей білген. Ол үшін көшпелі тұрмысқа лайық, гигиеналық тұрғыда өте тиімді бесік қолданылды. Дүнген халқы оның орнына қазақ халқында да бар, “аспалы бесік” пайдаланды. Бесік және жас нәрестеге қатысты салттар мен сенімдердің бойынан халықтың бала тәрбиесіне көзқарасы, танымын көреміз.

Қазақ және дүнген халықтарының рухани сабақтастығы, үндестігін кеңінен аша түсетін дүниелерінің бірі – қазан-ошаққа қатысты наным-сенімдер. Екі ұлтты тұтастыратын отбасы берекесі, тыныштығы, шаңырақ бүтіндігін бағалау, құрметтеу, қадірлеу дәстүрі тұрмыста қолданылатын қазан-ошаққа деген салт-дәстүрлерден көрініс тапты. Оның кейбір дүниелері қазақ халқының мәдениетінен енген кірме элементтер. Ал мәдени ауысулар танымдық сабақтастығы бар халықтардың арасында болатыны баршамызға аян.

**Талқылау.** Қазақ тіліндегі лингвомәдени зерттеулерде “Сәукеле”, “бесік” және “қазан-ошаққа” қатысты зерттеулер аз емес. Мәселен, ф.ғ.д. Р.Шойбековтің қазақ қолөнері оның ішінде сәукелеге, бас киім әшекейлеріне қатысты зерттеулерін айтсақ болады. Этнограф-археолог Т.Т. Аршабеков “Сәукеле өзінің пайда болу кезеңі сонау мың заманы қола дәуірінен бастау алып көшпелі халықтың ең бір қасиетті заты болып қала берді. Ортағасырлық саяхатшылардың жазбаларынан да біз сәукелені ерекше қадір тұтқанын көреміз” дей келе, сәукелеге қатысты сенімдер мен ырымдар ежелгі дәуірлерден бастау алатынын айтады [7, 25].

А.Мектептегі “сәукеле” ұғымына “жанарынды арбайтын сәукеленің сән-салтанатының ғажайып көркі мен композициялық құрылысының үйлесімі көңіл әлемін шуаққа бөлейтін ұлттық дүниетаным ілімінің шоқтығы биік кескіндемесі” деп анықтама беріп, “сәукеленің” ұлттық-мәдени ерекшелікті танытудағы қабілетін атап өтеді [8, 9]. Этнограф-археолог Д.Ү. Мұстапаева қазанның тарихи, мәдени, ұлттық мәнін, Түркістан аумағында кездесетін жәдігерлерді талдап, қазақтың күнделікті тұрмысында пайдаланылған қазанның түрлері туралы жан-жақты мәлімет береді.

Этнограф, жазушы Зейнеп Ахметова қазақ өміріндегі бесіктің қасиетін төмендегідей сипаттайды: “Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған... Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірен кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай көміп тастаған... Дүниеге жаңа келген бала періштедей пәк, таза сәби мен періштенің аты қатар аталады, сондықтан да бесікті қазақ таза ұстаған” (З.Ахметова, 2010: 8). Дүнген тілінде “лова шаш үлгісі”, “эфонзы” және “гуэ лан гуэту” туралы зерттеулер көп емес, дегенмен тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР ҰҒА дүнгентану және қытайтану орталығының аға ғылыми қызметкері Джан А.А. аталған ұғымдарға қатысты біршама зерттеулер жүргізген.

**Қорытынды.** Қазақ халқының рухани, этникалық ерекшелігі мен Қазақстанда тұратын басқа халықтардың мәдениетімен тілдік аспектіде жүргізілен салғастырмалы зерттеулері аз емес. Шығу тегі мен діні бір түркі тілдес халық және діні мен ділі бөлек Еуропа, Америка, қиыр шығыс елдерінің жөні бір бөлек болса, діні ислам, мәдениеті Қытай жерінен бастау алып, бірнеше ғасыр бойы Қытай елінде өзінің, рухани, моральдық дербестігін сақтап келе жатқан дүнген мәдениетімен салыстыру өзгеше болып табылады. Бүгінгі күні Қордай мен Алматы қаласында өмір сүретін дүнгендер мен жергілікті қазақ ұлтының арасында отбасы құру жайттарына еш адам таң қалмайды, әрі бұл шешімге саналы түрде барады. Бір қызығы қазақ пен қытай ұлтының арасындағы некені құптамайтын халық, қазақ пен дүнген арасындағы отбасыға аралас неке ретінде мән бермейді. Бұл ұлтаралық мәдени, рухани сабақтастық белгілерінің бірі. Аталған мәдени үндестікті тілдік деңгейде зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Дүнген халқының тарихы біршама зерттелгенімен рухани мәдениеті, танымдық, философиялық ерекшелігін түркі тілдес халықтары, оның ішінде қазақ халқымен салғастыра зерттеу еңбектері жоқтың қасы. Бүгінгі күні, еларалық, халықаралық, ұлтаралық интеграци кезеңінде дүнген халқының тілдік элементтері, біздің жағдайымызда лингвомәдени бірліктерін қарастырып, қазақ халқының дүниетанымдық бірегейлігімен салыстырып зерттеу өзекті мәселе, әрі болашақта ұлттық танымдық ерекшеліктерден мол мәлімет беретін көптеген қайталанбас дүниелер анықталатынына сенеміз.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. *Тұрсынқызы Ұ. Сәукеле – қалыңдық көркі // Астана ақшамы, 2003. – 22 наурыз.*
2. *Аманқос Мектеп-тегі. Сәукеледе сәнмен біре мән де бар // Мәдениет, 2009. – қыркүйек. - №9 (36).*
3. *Қасиманов.С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 165 б.).*

4. Жиренов С.А., Сманова А.С., Какимова Л.Ш. Көркемдік білім берудегі ұлттық сана мен мәдени құндылықтардың лингвистикалық мәні // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, “Филология ғылымдары сериясы”, 2018. - №3 (65). – Б.89-93.

5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО “Алем Даму Интеграция”, 2017. – 856 бет.

6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК “Слон”, 2012. – 736 бет (иллюстрацияланған).

7. Байдалы Р.Ж. Қазан ұғымының этномәдени мазмұны //Еуразия археологиясының өзекті мәселелері. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы (18-19 қазан, 2016 ж.). – Алматы: Ә.Марғұлан атындағы Археология институты, 2016. – 734 бет.

8. Аршабеков Т. Сәукеле //Сыр мен сымбат, 2010. - №7/8. – Б. 24-25.

9. Ахметова З. Бесік пен шаңырақ киелі ұғым //Айқын, 2010. - №75. – Б. 8.

МРНТИ 16.21.51

A.Nabidullin<sup>1</sup>, G.Ersultanova<sup>1</sup>, Ch.Ordabayev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

## PREREQUISITES FOR STRENGTHENING THE LINGUISTIC CAPITAL OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

### Abstract

Kazakhstan is the ancient land, which for many years was a recipient country for numerous migrants, and the migration processes inevitably affected its modern ethno-demographic appearance. Today, the Republic of Kazakhstan is a country with a population of sixteen million people. People of our country speak on 126 languages of different genetic families. We carefully preserve and create all possibilities for the development of the culture of even the smallest ethnic groups. The prerequisites for strengthening the linguistic capital of Kazakhstan are directly related to the language situation and the language policy of our country. The language and culture of each ethnos in our country is the invaluable wealth of the republic. Linguistic capital is a form of cultural capital, and specifically as the accumulation of a single person's linguistic skills that predetermines their position in society as delegated by powerful institutions. Kazakhstan is a country with a pronounced potential of linguistic capital. The diversity of ethnic groups living in Kazakhstan has created a bright language palette, which is carefully kept by the speakers of these languages, passed from generation to generation and is constantly in the field of view of the state. In this article we tried to analyze Kazakhstan's Prerequisites for strengthening the linguistic capital of the Republic of Kazakhstan and the role of languages and linguistic capital in our country.

**Key words:**Linguistic capital, Sociology of language, Linguistics, Language politics, Cultural capital

А.С. Набидуллин<sup>1</sup>, Г.Ерсұлтанова<sup>1</sup>, Ч.Ордабаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КАПИТАЛЫН НЫҒАЙТУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

### Аңдатпа

Қазақстан – ұзақ жылдар бойына көптеген мигранттарды қабылдаған ежелгі жер және миграциялық процестер оның қазіргі этнодемографиялық бейнесіне сөзсіз ықпал етті. Бүгінде Қазақстан Республикасы – 16 миллионнан астам тұрғыны бар ел. Біздің елімізде адамдар 126 түрлі генетикалық топтың тілінде сөйлейді. Елімізде өте аз этникалық топтардың да мәдениетін ұқыптылықпен сақталып, оны дамыту үшін барлық мүмкіндікті жасалған. Қазақстанның тілдік капиталын нығайтудың алғышарттары еліміздегі тілдік жағдаят пен тіл саясатына тікелей байланысты. Әрбір этностың тілі мен мәдениеті – республиканың құнды байлығы. Лингвистикалық капитал – мәдени капиталдың формасы, атап айтқанда, бір адам-

ның ықпалды институттар тарапынан өкілеттік берілетін қоғамдағы орнын анықтайтын лингвистикалық дағдылардың жинақталуы. Қазақстан – айқын тілдік капиталға ие ел. Қазақстанда өмір сүретін этникалық топтардың әр алуандығы айқын тілдік палитраны жасады, ол өз кезегінде тілді иеленушілер тарапынан мұқият сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі және үнемі мемлекеттің назарында болады.

Осы мақалада Қазақстан Республикасының тілдік капиталын нығайтудың алғышарттары мен еліміздегі тілдің және тілдік капиталдың рөлі талданады.

**Кілт сөздер:** лингвистикалық капитал, тілдің әлеуметтенуі, лингвистика, тіл саясаты, мәдени капитал.

*А.С. Набидуллин<sup>1</sup>, Г.Ерсұлтанова<sup>1</sup>, Ч.Ордабаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.*

## УСЛОВИЯ УКРЕПЛЕНИЯ ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО КАПИТАЛА КАЗАХСТАНЦЕВ

### *Аннотация*

Казахстан – это древняя земля, которая на протяжении многих лет была страной которая приветствовала множество мигрантов, и миграционные процессы неизбежно влияли на ее современный этнодемографический облик. Сегодня Республика Казахстан – страна с населением в 16 миллионов человек. Люди нашей страны говорят на 126 языках разных генетических семейств. Мы бережно сохраняем и создаем все возможности для развития культуры даже самых маленьких этнических групп. Предпосылки укрепления языкового капитала Казахстана напрямую связаны с языковой ситуацией и языковой политикой нашей страны. Язык и культура каждого этноса в нашей стране является бесценным богатством республики. Лингвистический капитал – это форма культурного капитала, в частности, как накопление лингвистических навыков одного человека, которое предопределяет их положение в обществе, делегируемое влиятельными институтами. Казахстан – это страна с ярко выраженным потенциалом языкового капитала. Разнообразие этнических групп, проживающих в Казахстане, создало яркую языковую палитру, которая бережно хранится носителями этих языков, передается из поколения в поколение и постоянно находится в поле зрения государства. В этой статье мы попытались проанализировать предпосылки укрепления языкового капитала Республики Казахстан и роль языков и языкового капитала в нашей стране.

**Ключевые слова:** лингвистический капитал, социология языка, лингвистика, языковая политика, культурный капитал

Sociology of language is a mid-level theory that has existed in Western sociology for more than fifty years. The economic value of language, language as a profession, the motivation to learn languages – all these issues are included in the field of study of this discipline.

Language is one of the main features of a nation, the most important element of its culture, an invaluable keeper of the people's traditions, a powerful mean of training and educating a person. There can be no sovereign people without linguistic sovereignty. The state language is the main feature of the linguistic independence of a sovereign people. It performs socially significant functions within the state.

A major role in Sociology of language was played by the work of Pierre Bourdieu. He seeks to show the extent to which a language is a socio-historical phenomenon, emphasizing that linguistic interaction is an everyday practical activity like other things, and that linguistic theories that ignore socio-historical and practical aspects of a language largely lose their theoretical value.

Bourdieu argues that access to legitimate language, in this case mathematics, is not equal and that linguistic competence is monopolized by some. In considering the case of mathematics, this suggests that access to the discourses and discursive practices of mathematics is differentially accessible. For those students who enter the mathematics classroom with a competence in the discursive practices, access to mathematics is made more easily. Simultaneously, such students are more likely to be constructed as successful students based on the teacher's judgment of their ability. Within this context, language background is a form of capital which can be converted to academic reward.

Linguistic competence – or incompetence – reveals itself through daily interactions. Within the mathematics classrooms, legitimate participation is acquired and achieved through a competence in the classroom dialogic interactions. Students must be able to display a discursive competence which incorporates a linguistic competence, an interactional competence along with a discursive competence if they are to be seen as competent learners of mathematics. Classroom interactions are imbued with cultural components which facilitate or inhibit

access to the mathematical content. To gain access to this knowledge, students must be able to render visible the cultural and political aspects of the interactions.

Bourdieu describes linguistic capital as a form of cultural capital, and specifically as the accumulation of a single person's linguistic skills that predetermines their position in society as delegated by powerful institutions. Cultural capital, on the other hand, is a conglomeration of knowledge, skills, and other cultural acquisitions, which is enhanced by educational or technical qualifications.

The prerequisites for strengthening the linguistic capital of Kazakhstan are directly related to the language situation and the language policy of our country. The language and culture of each ethnos in our country is the invaluable wealth of the republic.

Kazakhstan is the ancient land of the Kazakhs, which for many years was a recipient country for numerous migrants, and the migration processes inevitably affected its modern ethno-demographic appearance. Today, the Republic of Kazakhstan is a country with a population of sixteen million, occupying a significant part of the territory of the Eurasian continent, in which carriers of 126 languages of different genetic families and typological characteristics live in peace. A special place among them is occupied by the Turkic and Slavic languages, which are in a long and active interaction, which affects both the Turkic and Slavic languages, manifested in the form of interference, borrowing, the emergence of new trends in their development, as well as language shift.

In the message of the ex-President of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, speaking of the language situation in Kazakhstan, he noted that "In Kazakhstan, over the years of independence, no ethnic group has lost their language. We carefully preserve and create all possibilities for the development of the culture of even the smallest ethnic groups - Assyrians, Rutuls, Laks and many others. Kazakh land united more than 100 ethnic groups [1]. Of course, for all this ethnic diversity to become a single nation, good foundation is needed. And today, the main factor connecting the nation is the Kazakh language - the language of the state."

Kazakhstan is positioning itself as a country that provides equal opportunities for the development of languages of all peoples of the republic. Ex-President N.A. Nazarbayev in 1998, declared September 22 as "the Day of the Languages of the Peoples of the Republic of Kazakhstan". The tolerant nature of language policy is dictated by the prevailing historical conditions - Kazakhstan is a multinational country. Today, Russian is the language of interethnic communication in the country. And this has to be considered when conducting a language policy. But, paying attention to the development of the native language of the people of the republic, the state policy of Kazakhstan focuses on the development of the state language - Kazakh. It is believed that during the Soviet period, 25 percent (and some spoke 40 percent) of the Kazakhs did not know their native language [2].

According to the Constitution in the Republic of Kazakhstan, the state language is the Kazakh language, therefore the requirements for the state language and its status should be the main parameters of the state language functioning model, to which the Kazakh language should gradually and consistently approach. The project "Functioning and development of languages of Kazakhstan for 2011-2020" emphasizes harmonious language policy ensuring the full-scale functioning of the state language as the most important factor in strengthening national unity while preserving the languages of all ethnic groups living in Kazakhstan, i.e. the consolidating role of the Kazakh language. Over time, the Kazakh language should become the language of interethnic communication.

In 2018, the share of the adult population that knows Kazakh was 68%. The expansion of the sphere of application of the state language is promoted by various regional contests of masters of artistic reading and Olympiad, forums with the participation of representatives of ethnic groups who are fluent in Kazakh. The state language policy is actively promoted in periodicals of the region, in electronic media [3].

One of the main directions of the state language policy is the creation of conditions for the mastery of all citizens of the state language. To this end, centers have been created for compulsory free education of the state language in accordance with the ethnic, demographic, and professional characteristics of groups of the population.

In all preschool institutions, secondary schools, secondary special and higher educational institutions of the state and non-state type, the teaching of the state language is provided, allowing for interpersonal and business communication, modern clerical work.

It is also worth mentioning that the Russian language in Kazakhstan is a valuable linguistic capital. It is a cultural heritage for several generations of inhabitants of the country. Russian is one of the languages of the UN, and in Kazakhstan it acts as a language of inter-ethnic communication and has official status.

Along with the state language in state organizations, as well as in local governments, the Russian language is officially used. This guarantees the Russian language the preservation of the full social functions that it currently possesses. In the future, the Russian language will remain one of the main sources of information in various fields of science and technology, a means of communication with the near and far abroad. The interests of the economic

and scientific and technological development of the country determine the demand for knowledge and education obtained in Russian [4].

The President of Kazakhstan, Kasym-Zhomart Tokayev, noted that knowledge of Russian for local schoolchildren is much more important than English. Ex-President Nursultan Nazarbayev reminded that it was with the help of the Russian language that the people of Kazakhstan comprehended the world culture, and it would forever remain part of the country's heritage.

In addition to the state language, languages are represented in the linguistic space of Kazakhstan, whose carriers make up a small part of this ethnic group, even in conditions of its compact residence. The use of these languages is usually limited to the family and household.

Possession of a native language is a necessary condition for its preservation and the state enshrines the obligation to help create the conditions for the study and functioning of the languages of the people of Kazakhstan.

In Kazakhstan, as in the rest of the world, English is becoming increasingly common. It is one of the languages of intercultural communication in the field of business communication. Currently, knowledge of the English language in Kazakhstan is not only included in the list of mandatory conditions for studying abroad, but is also a defining element of the competitiveness of a young specialist in the labor market, both in the country and abroad. Possession of the English language, along with the Kazakh and Russian languages, which, according to the Constitution of the Republic of Kazakhstan, have the statuses of the state and official languages, has now become a task of state importance. Recently, English has been designated as a condition for successful entry into the global economy and has been considered as one of the main priorities of state policy. This is evidenced by the program documents developed in recent years (State Program for the Functioning and Development of Languages for 2011–2020, etc.), which deal with the need to address the issues of teaching English and other foreign languages as a means of international business communication everywhere.

In the annual study of the English Proficiency Index, which determines the level of English proficiency in various countries of the world, Kazakhstan with an index of 45.95 ranked 67th out of 80. The proficiency index is rated as "very low". In the ranking of English proficiency, Kazakhstan is located between Egypt and Venezuela. The "very low" level means that the adult population of a country can make a simple story about itself (name, age, country), understands simple symbols and is able to give simple instructions to a foreign tourist [5].

Regarding the topic of linguistic capital, it is important to note that the percentage of the adult population of the republic, who speaks Russian, should be 90% by 2020, the same percentage should reach by this period the proportion of ethnic groups covered by courses on teaching their native language in ethnic and cultural associations. The end of the twentieth year is also marked by the fact that the share of the republic's population that speaks English will be 20%, and the share of the population that speaks three languages (state, Russian, and English) is 15%.

A remarkable example of the multilingualism of our time is Gerold Belger - a famous Kazakhstan writer, translator, publicist and public figure. He perfectly knew Kazakh, Russian and German. A kind of hymn to the Kazakh language can be called his book "Kazakh word". The words of the writer are widely known: "German speech, Kazakh speech, Russian speech – like the melodies of three strings. Three strings of my soul. I cannot share them: first, second, third. They are intertwined with sounds, like trees in a forest with roots and branches. They are all first for me, all the main ones. One without the other does not exist. They are triune. Three circles of my life" [6].

Summing up it should be noted that Kazakhstan is a country with a pronounced potential of linguistic capital. The diversity of ethnic groups living in Kazakhstan has created a bright language palette, which is carefully kept by the speakers of these languages, passed from generation to generation and is constantly in the field of view of the state. In addition to the favorable language situation in Kazakhstan, special emphasis is also placed on language policy. The language situation of Kazakhstan, in the first place, is determined by the socio-demographic composition, which is characterized by multi-ethnicity, and the state structure of the unitary type. In the Republic of Kazakhstan, special attention was always paid to the development of the language wealth of the peoples of the state, its role in the development of modern society was understood. Proof of this is one of the first laws adopted in sovereign Kazakhstan – "On Languages in the Republic of Kazakhstan" and which speaks of declaring all languages of the peoples of Kazakhstan as national heritage, historical and cultural heritage of the country. Ex-President Nursultan A.N. once he said: "The people will be wise in raising their offspring, taking care of their health, education and worldview. ... It will be equally good to speak Kazakh, Russian and English ... He/She will be a patriot of his country, known and respected all over the world" [7].

*Used literature:*



1. *Peoples of Kazakhstan. Encyclopedic reference.* – Almaty: Arys, 2003. – 352 p.
2. B. Abdygaliev. *Language Policy in Kazakhstan: Status and Prospects // Kazakh Mission: Sat. Art.* – Almaty: Dyk-Press, 2007. – P. 237–244.
3. Bartlett P. (2007). *Kazakhstan: moving forward with the latin alphabet.*
- 4) Brown K.D., (2013) *Language policy in education: Post-Soviet states. Annual Review of Applied Linguistics*, 33, 238-257.
5. *EF English Proficiency Index - Kazakhstan [Electronic resource]. 2018.* - Access mode: <https://www.ef.kz/epi/regions/asia/kazakhstan/>
6. HeroldBelger. *Kazakh word.* – Astana: Elorda, 2001. – 128 p.
7. *Message from the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people of Kazakhstan dated January 28, 2011 // zakon.kz*

МРНТИ 16.21.51

Д.Ж. Рысқұлбек<sup>1</sup>, Т.Н. Ермакова<sup>1</sup>, Б.Н. Нұржанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## КИЕЛІ САНДАРДЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

*Аңдатпа*

Соңғы кездері тілді ұлттық дүниетанымдық көзқарас, этномәдени стереотип тұрғысынан зерттеудің өзектілігі артып отыр. Себебі кез келген ұлттың дүниетанымы, мәдениеті, болмысы ана тілі арқылы көрініс табады. Осы орайда тілдік бірліктердің бір тобы – сан есімдерді әр түрлі қырынан зерттеу үрдісі байқалады. Мақалада сандарды таққа және жұпқа бөлу, сандардың этнолингвистикалық сипаты мен лингвомәдени мәнділігіне талдау жасау, әлем халықтарына ортақ қасиетті тақ сандардың символдық мәнін тіл мен таным бірлігінде қарастыру мәселесі сөз етіледі.

**Кілт сөздер:** сан, тақ, жұп, мәдениет, тіл, халық, символ, бір, үш, жеті, тоғыз

Д.Ж. Рысқұлбек<sup>1</sup>, Т.Н. Ермакова<sup>1</sup>, Б.Н. Нұржанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный женский педагогический университет,  
г. Алматы, Казахстан

## СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ СВЯТЫХ ЧИСЕЛ

*Аннотация*

В последнее время исследование актуальность языка с точки зрения национального мировоззрения и этнокультурных стереотипов возрастает, потому что мировоззрение, культура и реалии любой нации отражаются на их родном языке. В связи с этим имеет место тенденция изучения ряд именованных чисел с разных сторон. В статье рассматриваются этнолингвистический и лингвокультурные особенности чисел, а также рассматривается анализ символического значения нечетных чисел в совокупности языка и познания.

**Ключевые слова:** число, нечетный, четный, культура, язык, народ, символ, один, три, семь, девять

D.Zh. Ryskulbek<sup>1</sup>, T.N. Ermekova<sup>1</sup>, B.N. Nurzhanova<sup>1</sup>

Kazakh National Woman pedagogical university, Almaty, Kazakstan

## SYMBOLIC MEANING OF THE HOLY NUMBERS

*Abstract*

In recent years, the relevance of the language from the point of view of the national worldview and ethno-cultural stereotypes has been increasing. Because the worldview, culture and realities of any nation are reflected in their native language. In this regard, there is a tendency to study a number of numerals from different points of view.

**Keywords:** number, odd, even, culture, language, people, symbol, one, three, seven, nine

**Кіріспе.** Мәдениет – қоғам ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін материалдық және рухани құндылықтар. Осы құндылықтардың ең маңыздысы – тіл. Тіл – мәдениетті тасымалдаушы ғана емес, қоғам дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық тілдің байлығы мен табиғатын сақтау үшін тілдік бірліктерді тіл мен таным тұтастығы, тіл мен мәдениет сабақтастығы бойынша зерттеуді қажет етіп отыр.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар құрал. Сондықтан тілдің көп қырлы, сан-салалы қызметін ұлттық дүниетанымдық көзқарас, этномәдени стереотип, тарихи тамырластық (туыстық) тұрғысынан ұштастыра қарастырудың өзектілігі жоғары. Өйткені кез келген этностың, ұлттың өзіндік болмысы мен дүниетанымы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани және материалдық мәдениеті оның ана тілі арқылы ғана көрініс табады. Тіл бірліктерінің астарында ұлт мәдениетінің рухани және материалдық қасиеттері, сөз байлығы, лингвомәдени асыл қазыналары жан-жақты берілетіндіктен, бұл мәселеге бей-жай қарауға болмас. Аталған бағыт бойынша біршама ғалымдар (В.Ф. Гумбольдт, Б.Уорф, И.Гердер, Э.Сепир, Л.Вайсгербер, Н.Телия, В.А. Маслова, И.Копыленко, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Н.Уәли, Б.Қалиұлы, Б.Момынова, Г.Смағұлова, т.б.) ұлттың рухани мәдени құндылықтары – таным, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мифтің тілдік элементтерін негізге ала отырып, мәдени, тарихи тұрғыдан талдау жасауды назарда ұстады. Сондай адамзаттың өмірлік тәжірибесімен, мәдениетімен байланысты дүниеге келген тілдік бірліктерінің бір тобы – сан есімдер.

**Талдау.** Ежелгі халықтар сандарда қасиетті күш бар, оларды құдайлар әлемді билеу үшін қолданған деп сенген. Сөздер сияқты сандар барлық тіршілік иелері мен заттардың маңызды қасиеттері болып саналды. Әлемдегі барлық нәрсе саны жағынан ерекшеленген. Дінтанушы, арабист Аннемари Шиммель өзінің еңбегінде сандардың мәдениаралық портретін діни (ислам, будда) және мифтік тұрғыда талдап, сан атауларын заттарды бір-бірінен ажыратып танудың өлшемдік, шамалық көрсеткіші, қоршаған әлемді танып-білудің тілдік мазмұны ретінде көрсетеді. [1] Бұдан бөлек ежелгі грек философиясында сандардың құпиясы туралы арифмология ғылымы пайда болады. (АРИФМОЛОГИЯ – (греч., от arithmos - число, и logos - слово). Учение о таинственных свойствах чисел. [2]

Жалпы әлем халқының материалдық мәдениетінде маңызды болып табылатын сан есімдерге әмбебаптық қасиет тән. Нақтырақ айтқанда, сандар – тек математикалық ұғым ғана емес, философиялық, діни, мәдени, танымдық, тілдік, астраномиялық, мифологиялық категория. Сандар кез келген ғылымның мазмұнына еніп, сол ғылым үшін қызмет етіп келеді. Сонымен бірге қай тілде болмасын ұлттың сандарға қасиет бергені байқалады.

Сандардың символдық мәні көне мифологиядан бастау алады. Бұл тұрғыдан ежелгі грек ойшылдары ерекше қызығушылық танытып, сандардың құпиясын зерттейтін нумерология ғылымын қалыптастырды.

Сан атауларына қасиет беру, оны киелі санау дәстүрі – көптеген халықтарда тым ертеден келе жатқан құбылыс. Себебі қасиетті сандар адамзаттық жалпы дүниетаным жүйесіне негізделген. Жалпы қасиеттілік жұп та, тақ та сандарға тән. Көп халықтарда тақ сандармен бірге жұп сандарды ма киелі санаған. Мысалы жұп сандар қарама-қарсылық, сыңарлық, тұрақтылық мазмұнында қолданылады: ақ-қара, жұп санды бөлгенде қалдық қалмайды, төрт бұрыш, сегіз – шексіздік т.б. Тақ және жұп сандарға байланысты түсінік те түрліше. «Кейбір халықтарда тақ сандар жақсылықпен байланысты болса, ал кейбірі өлімге байланысты жек көрген. Тақ-жұп оппозициясы қазақ халқының мәдениетіне де тән. Бұл жайында М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағында айтылады. «Еңлік-Кебек» жырында «таққа бер» сөз тіркесі кездесе, батырлар жырында «жұп шырақ» сөз арасында кездеседі» [3]. Біз бұл мақаламызда қасиетті тақ сандардың символдық мәнін ашпақпыз. Себебі сан есімдерді таза сандық тұрғыдан ғана емес, танымдық сипаты тұрғысынан да зерттеудің маңызы зор. Санға байланысты ұғымдардың халық танымында алатын орны ерекше. Көптеген ғалымдар қасиетті сандардың әлем халықтарының этномәдени дүниетанымындағы ортақтығына талдаулар жасағанын ескерсек, сан есімдердің мәдениетаралық категория екенін аңғармау мүмкін емес. Мысалы, бір, үш, жеті сандары тек түркі халықтарында ғана емес, грек, қытай, үнді, араб, маньчжур, монғол халықтарының мәліметтерінде де кездеседі. Мұндай ортақтық тек тарихи мәдени ауыс түйістен туындаған болуы керек деген болжаммен бірге танымдық ортақтықтың бар екенін де білдіреді. Ғалым мәдениеттанушы О.Шпенглердің «Сан – әр мәдениеттің тереңінен жаралған» – деген тұжырымының да астарында үлкен тереңдік жатқыны анық [4].

Сан есімдердің қалыптасуы шынайы өмірмен, халықтың күнделікті тұрмыс тіршілігімен тікелей қатысты екенін ескерсек, соңғы жылдары сандарды түрлі қырынан зерттеу үрдісі байқалады. Соның ішінде киелі сандардың ортақтығы, этнолингвистикалық сипаты, лингвомәдени мәнділігі де қаралып келеді.

Сан есім жүйесін зерттеу нысанына арқау еткен Ө.Хасенов: “Түркі тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған. Әрине, бұл жалпы сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуына байланысты, адамзат қажеттілігінен туды деген пікір ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі. Екіншіден, белгілі бір ұғымның, құбылыстың өткен тарихын қазіргімен салыстыра, қазіргі формаларын зерттей отырып ашуға, тануға болады”, - дейді [5].

Осындай зерттеулердің негізінде адамзаттық жалпы дүниетаным жүйесіне негізделген бірнеше қасиетті сандарды анықтауға болады.

Бір. Жалпы «Бір» сөзі көптеген түркі тілдерінде тұрақты сөз тіркестердің құрамында кең орын алған. Ал оның шығу тарихы, туралы ғылымда біркелкі пікірлер жоқ. Барлық түркі тілдерінде «бір» лексемасы дыбыстық жағынан аздап өзгеріске ұшырағаны болмаса, көп өзгеріске түспеген. Жалпы мұсылман халықтарында бір санының когнитивтік мәні Алланың, жаратушының жалғыздағымен байланыстырылады.

Жалпы бір саны бірегейлік пен абсолюттілік туралы хабарлайды [1]. Түрік тілінде исламдық ойлар көбінесе тақ сандар арқылы берілген. Мысалы, «Аллаһ - бір, сүйіспеншілік» сөзі кең таралған, сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің жалғыз таңбалы күндерінде ораза ашқан.

**Талқылау.** Түркі тілдерінде «бір» саны нәрсенің өз мөлшерін көрсетіп «аз», «кішкентай» деген мағынаға ұйытқы болады да, белгісіз уақыт өлшемін білдіреді. Бұған қатысты В.А. Гордлевский былай дейді: «Түркі тілдеріндегі сан атауларының өзі халықтың рухани мәдениеті мен тарихына, ұлттық дүниетанымына байланысты шыққан [6]. Мысалы: *бір сәт, бір кез, бір мезет, елді бір орайды, бір қаға берісте* т.б. тіркестеріндегі бір саны қазақ халқының ұлттық танымына сай қолданылған. Бұдан бөлек – бір қадам жер. Бір аттам жер ғой, бара қойсаң қайтеді. Бір бауыр жер – бой жазар жер. *Бір бес күн – өлшеусіз аз уақыт.* Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма, *бір бес күннің* орны жоқ аптығарға! Қай қызығы татиды қу өмірдің татуды араз, жақында жат қыларға (А.Құнанбаев).

«Бір» тіркесімен жасалған келесі нумеративті сөздер қазақ халқында белгісіздік мағынасында да қолданылады. Мысалы: *бір жасап, екі жасап өсті; бір өліп, бір тірілді; бір емес, екі емес; бір сынғанда екі сыну; бір қызарып, бір бозару.* Мысалы: *Туған қызының бұл халін көрген сайын бір өліп, бір тіріледі* (Ш. Айманов). *Әзім өсті, сонан соң медресеге барып түсті дегендей, бір жасап, екі жасап өсті, Елеусіз біртіндеп ер жетті* (А. Құнанбаев). Осы мағына ұйғыр тілінде: *бир ат, бир қамча болмақ* «орта дәрежеде өмір сүру» мағынасында жалғасын тапса, қырғыз тілінде керісінше жазалау мағынасына қарай ойысады: *Бир көзүнон кан, бир көзүнон жаш алуу* «қатты жазалау». Мысалы; Куунанат экен бұл бачагар. Бир көзүнон кан бир көзүнон жаш алуу керек.

Үш. Үш саны көне түркі тілдерінде «туыстық», «қандастық», «руластық» мағынасын білдірген. Оның түркі тілдеріндегі сырт тұлғасы – йс. Бұны А.М. Щербак, Я.В. Севортян, Б.А. Серебрянниковтың еңбектерінен көруге болады. Түркі тілдерінде үш санының киелі ұғымды білдіру мағынасына тоқтала келіп Э.Р. Тенишев былай деді: «По буддийской традиции число «три» употреблялась для обозначения времени й^с одкі» «относящиеся к трем временам – прошедшему, настоящему и будущему». Большинство буддийских обозначений древних уйгуров представляет собой толковательный перевод санскритских терминов, показывающий путь приспособления чужой религии к тюркской среде [7]. Үш санының көне түркі ескерткіштеріндегі мағыналық көріністеріне талдау жасай келіп, ғалым қараханидтерде «үш жұлдызды» төрт жылдық мезгіліне болжау астрономиялық дәстүрінің болғанын дәлелдеп Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанынан үзінді келтіреді: Үштің ерекше қолданысқа ие болуы триада негізінде емес, ғаламның вертикаль моделі мифтік үш әлемнен Көк, Жер, Жер асты, бастау алады [7, 75]. Байырғы түркі халықтарының мифологиялық түсінік-түсінігіне жүгінсек, ертеде адамдардың түсінуінше, әлем осы үш қабаттан тұрады: аспан, жер, жер асты. Бұлар өзара орталық ось арқылы құдайлар жерге, ал өлгендер жер асты әлеміне түсіп отырған жаратылыстың мифологиялық (әлемінің) моделінің тігінен алынған бөлігін дүние жүзі халықтары «әлем ағашы» десе, көне түркілер «Бәйтерек» «гөр» деп таныған. Түрік тілінде «үш» сөзінің қасиетіне байланысты қалыптасқан мифтік түсініктер «Оғыз қаған» эпосында да кездеседі. Мысалы, Оғыз ханның үш күн анасының сүтін ембеуі, екі әйелден үш ұлының болуы ([Гөк хан, Ай хан және Йылды хан]), Гендреу өз ұлдарын үш шығысқа, ал үшеуі батысқа қарай жіберуі, Күн, Ай және Йылдыз әкелген садақты үшге бөлу сияқты мотивтер көне түріктердің үш санына ерекше мән бергендігін аңғартады [8]. Бұдан бөлек оғыздардың ұлдарының бірінің жалауында символ ретінде үш күміс жебе қолданылуы да осы түсінікті дәлелдей түседі [9]. Бұдан бөлек түрік халқында рухани жолдың үш сатысы (шариғат-секталар-ақиқат) бар деп үштік ұғымның мазмұнын тереңдете түседі [10].

Қазақ халқында әлемді үшке бөлу жүйесі бар. «Адамның жаны, рухы, ақыл, ой, санасы жоғарғы қабаттан беріледі, тәні ортаңғы қабаттан, төменгі қабат о дүниеге беріледі» деп санаған [3, 25]. Сонымен қатар қайтыс болған адамның “үшін беру” деген ұғым қалыптасқан. Мұны ғылымда былайша түсіндіреді: «адам өлгеннен кейін денеден бөлініп шыққан шыбын жан тәнді қимай, үш күнге дейін оны айналып жүреді екен. Және өлі денедегі биологиялық процестер әлі үздіксіз жүріп жататындықтан, осы кезде

адамның сақал-мұрты, шашы, тырнақтары өседі. Молда өлген адамның денесін жуып, жаназа дұғасын оқығаннан кейін барып ғана жан тәнмен толық байланысын үзіп, тәннің сезімталдығы толығымен доғарылады екен» [11]. Әлем халықтары фольклорында үш санына қатысты қалыптасқан ортақтық бар. Мысалы: үш рет айналу, үш рет қайталау, үш жолға бөліну, балаларының санының үшеу болуы, үш күн мінәжат ету, үш мәрте үшкіру, үш рет дұға оқу т.б. Бұның бәрі үш санының өзіндік бір қасиеті бар екенін көрсетсе керек.

Жеті. Анатолияда және барлық түрік тайпаларында жеті саны қасиетті деп саналады. Алтай түріктерінің айтуы бойынша, айдың тұтылуында «жеті бастың қасқырлы беті» бар. Құранның жеті хаты бар. Таваф - Каабаның айналасында жеті рет дұға. Суфизмде жеті мекеме және жеті өріс бар. Құранда жеті қабатты мағынасы бар және жеті қарат бойынша оқылады. Намаздың әрбір намазы жеті бөліктен тұрады. Исламның Батуи түсіндірмесіндегі Құдай есімдерінің суреттері деп сипатталған сүйіспеншілігінен өткен жеті періштелер мен жеті пайғамбар бар. Денсаулықтың түпкілікті мақсатына қол жеткізу үшін жеті кезең бар [10, 113-120]. Тозақтың жеті қақпасы бар [Bkz. Nicg, 15/44]. Бұдан бөлек Орхон ескерткіштерінде Елтеріс қаған Көктүрік қағанатын алғаш он жеті адамнан құрап, жеті жүз адамға толығыады.

Бұдан өзге адамзат өркениетінің көшбасшысы аталатын шумерлер де жеті санын қасиетті санап жеті құдайға (ану (*шошқа*), эа (*арыстан*), энги (*өгіз*), щинина (*қой*), набу (*ешікі*), ранар (*мысық*), еркіала (*қоян*)) табынған. Бұдан бөлек жеті санымен қатысты қалыптасқан ырымдар, наным-сенімдер бар. Мысалы: «түркі халықтарының арасында бала таппаған әйелдің жеті үйден үн алып «Бибі Сүйшембі анаға» арнап құдайы беру ырымы болған» [3, 34]. Және жеті шелпек пісіру, суға жеті тас лақтыру, жеті атаға дейін қыз алыспау, өлген адамның жетісін беру т.б. Бұдан шығатын қорытынды, жеті – бүкіл әлемнің символы.

Тоғыз. Қасиетті тоғыз саны түріктер мен олардың ықпалындағы халықтар арасында кең таралған. Ислам астрономиясында тоғыз апат түсінігі бар. Бұл парсы әдебиетіндегі Nüh Sipîhr (Тоғыз Фелекс) деп көрсетіледі. Жоғары дәрежелі адамға тоғыз есе көп мөлшерде сыйлықтар беру дәстүрі қалыптасқан [10,117]. Алтай түріктерінде шамандардың иығында тоғыз садақтың символы белгіленген [9]. Ислам діні бойынша Аллаһ Тағаланың бұйрығын екі етпей орындайтын тоғыз періштелер: 1. Жәбірейіл – пайғамбарларға Аллаһ Тағаланың сөзін хабарлаушы. 2. Мекайіл – барлық адамға, мақұлыққа берілетін ырыстың уәкілі. 3. Әзірейіл – барлық адамның, жан-жануарлардың жанын алатын Құдай уәкілі. 4. Ысырайыл – ақырызаманға дейін сұлыны алып жүретін періште. 5. Дардайыл – ай, күн, жұлдыздардың уәкілі. 6. Ысмайыл – жер бетіндегі киелілердің жебеушісі. 7. Зұлқайыл – қиямет күнінде адамдарды алып баратын періште. 8. Ахрайыл – барлық дария, көл, өзен бұлақ сулардың періштесі. 9. Мәлік – жеті тозақтың уәкілі. Ал қазақ қоғамында кінәлі адамға «тоғыз айып тарту», сый ретінде «бір тоғыз», «үш тоғыз», «тоғыз тоғыз» беру сияқты тоғыз санына қатысты қалыптасқан салт-дәстүр, жоралғылар бар. Осы секілді тоғыз жолдың торабы, тоғыз әулие, тоғыз жау деп келетін қалыптасқан тіркестер де тоғыз санының қасиетін ашып тұрғандай.

**Қорытынды.** Байқап отырсақ, қасиетті сандарға қатысты түсінік мифологиядан, діни түсініктер негізінен бастау алғанын аңғаруға болады. Бұл сандардың символдық қасиеті уақыт өте келе семантикалық жағынан дамып, ұлттық дүниетанымға негізделгенін дәлелдейді. Бүгінді таңда этномәдени лексикамызды құрайтын кез келген сөздің, сөз тіркесінің, тұрақты тіркестер мен жырлардың, мақал-мәтелдердің, ертегілер мен аңыздардың, салт-дәстүрлердің, наным-сенімдердің мазмұнында когнитивті ақпараттар мол болғандықтан тек жалаң тілдік мәліметтер негізінде ғана қарастыру жеткіліксіз болып табылады. Өйткені бұл құндылықтардың астарында сол ұлттың қалыптастырған ұлттық мәдениеті мен дүниетанымы, әдебиеті, тұрмыс-тіршілігі, өмір тәжірибес рухани құндылықтары жан-жақты көрініс береді. Сол арқылы ұлтты тануға, мәдениетаралық қарым-қатынасты анықтауға болады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Annemarie Shimmel. *The Mystery of Numbers*. Oxford University Press; Reprint edition (April 7, 1994)
2. *Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка*. – Чудинов А.Н., 1910.
3. Дүсінбаева Қ. *Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері*. Фил.ғыл.кан. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс., 2001. – 21-б.
4. Шпенглер О. *Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории*. – М., 1993.
5. Хасенов Ә. *Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер*. – А., 1954. – 63-б.
6. Гордлевский В.А. *Избранные сочинения*. 2 том. 1961, стр. 64.
7. *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков*. – М., 1988. – Стр.75.
8. Durbilmez, B. (2008). *Nahçıvan Türk Halk İnanışlarında Mitolojik Sayılar*. *Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic*, Volume 3/6 Fall. 216-217.
9. Sarıtaş, S. (2017). *Türk Mitolojisinde Önemli Sayılar*, [http://www.acikders.org.tr/pluginfile.php/2501/mod\\_resource/content/2/14.%20HAFTA.pdf](http://www.acikders.org.tr/pluginfile.php/2501/mod_resource/content/2/14.%20HAFTA.pdf). 22.07.2017
10. Özköse, K. (2014). *Sayıların Gizemi*. *Yeni Dünya Dergisi*, 113-114
11. *Парасам*, 2006, – № 4. – 27-б.

МРНТИ 16.41.21

F.E. Sabirbaeva<sup>1</sup>, S.B. Bektemirova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national university  
Almaty, Kazakhstan

## VARIATION OF DYNAMIC VERBS IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

### Abstract

Verb is a major part of every language. Usage of verbs in different meanings shows that the language has large lexical aspects. In academic writing, finite verb phrases have decreased notably in use over the past two centuries. The main practical aim of verb semantic classifications is to contribute to the structure of lexicon and to allow for a better organized, more homogeneous, description of their semantics. From a more formal point of view, the main aims are the identification of meaning components forming the semantics of verbs, the specification of more subtle meaning elements that differentiate closely related verbs and the study of the cooperation between syntax and semantics.

The purpose of this article is to find semantic differences of dynamic verbs in Kazakh language and compare them with English language. While investigating the verbs “salu” and “tusu” we found the variation of the verbs or its semantic change.

**Key words:** variation, variant, semantics, verbs, meaning, active, passive, compare.

Ф.Э. Сабирбаева<sup>1</sup>, С.Б. Бектемирова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҚИМЫЛ ҚОЗҒАЛЫС ЕТІСТІКТЕРІНІҢ ВАРИАТИВТЕНУІ

### Аңдатпа

Етістік әрбір тілдің негізгі бөлігі болып есептеледі. Етістіктердің әртүрлі мағынада қолданылуы, тілдің әлі де болса зерттелетін лексикалық аспектілерінің бар екендігін көрсетеді. Көптеген академиялық жазбаларда етістік фразалары соңғы екі ғасырдың ішінде қолдану аясынан шығып қалғандығы байқалады. Семантикалық жіктеудің негізгі практикалық мақсаты – лексика құрылымына үлес қосу және жақсы ұйымдастырылған, біртекті, олардың семантикасын сипаттау. Ал жалпы етістіктің семантикасын қалыптастыратын мағыналық компоненттерді анықтау, синтаксисті және семантика арасындағы байланысты зерделеуді және тығыз байланысты етістіктерді ерекшелендіретін нәзік мағыналық элементтерді нақтылау.

Зерттеудің мақсаты қазақ тіліндегі етістіктерге тән ерекше белгілерді тауып және оларды ағылшын тілімен салыстыру болып табылады. Қазақ тіліндегі «салуды» және «түсуді» етістіктерін зерттеу нәтижесінде, етістіктердің вариативтенуі яғни семантикалық өзгеруі байқалады.

**Кілт сөздер:** вариативтілік, вариант, семантика, етістіктер, мағына, ырықты, ырықсыз, салыстыру.

Ф.Э. Сабирбаева<sup>1</sup>, С. Б. Бектемирова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

## ВАРИАТИВНОСТЬ ГЛАГОЛОВ ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

### Аннотация

Глагол является основной частью каждого языка. Использование глаголов в различных значениях показывает, что язык имеет лексические аспекты для изучения. В последние два века заметно снизилось использование глагольных фраз в академических письмах. Основная практическая цель глагольных семантических классификаций состоит в том, чтобы внести вклад в структуру лексики и дать возможность лучше организованного, более однородного описания их семантики. С более формальной точки зрения, основными целями являются идентификация смысловых компонентов, образующих семантику глаголов, спецификация более тонких смысловых элементов, которые дифференцируют тесно связанные глаголы, и изучение взаимодействия между синтаксисом и семантикой.

Цель данной статьи заключается в том, чтобы найти характерные отличия глаголов в казахском языке и сравнивать их с английским языком. Исследуя глаголы «салу» и «тусу» выявляется вариативность глаголов или семантическое изменение глаголов.

**Ключевые слова:** вариативность, вариант, семантика, глаголы, значение, активный, пассивный, сравнить

The language is specific sign of the nation. Every language has its priorities and exclusive usage. And so in each language we are able to find the rules of the plural and singular forms of the verbs. Of course, a large number of altered verbs by antonymous and synonymous aspects. They (the verbs) have been changed by semantic structures time by time and offering rather type meanings in the usage. Especially, in oral usage they classify for different types of accomplishments. So in the slang there might be several meanings which could be used by only one verb. Youth community is unique in founding different semantics for the verbs. And there is no limitation for them. They are always in a process of changing the field of linguistics. It needs more researches time by time. The theory of variation was investigated in many linguists works, such as: V.Gumboldt, L.S. Vygotsky, F.de Saussure, A.A. Leontev, A.F. Losev, S.Kartsevsky, etc. The present work explores the transfer of grammatical resources, asking whether it represents a purely grammatical change, or whether the new grammatical devices are used to express new kinds of meaning. The first step in the analysis is the description of the semantic values of discourse found in earlier academic research writing. This description documents the typical grammatical characteristics of verbs in these texts, including: a) what semantic classes of verb are preferred? E.g. activity, process, mental, existence, etc.; b) to what extent is tense/aspect/voice/modality expressed?; c) what clause constituents are typically expressed? E.g., subject/objects/clausal complements/adverbials?

Theory and variation of the verbs in every language is one of the major linguistic aspects. There is a large amount of verb which might be classified into several categories [1, 69]. Instantly, in Kazakh language, active part of verbal phrases is more than passive analogues.

Now, let's try to get some semantic meanings of the Kazakh verb “salu” (salu). It is an infinitive and it is translated as “to put”. In Kazakh language it has main meaning as the same in English. For example, here is normal description for it: “*zatty nemese belgili bir narseni bir zherge koiu, ornalastiru*” (to put something on the table or ground, to locate). In English language verbs such as *toset, to place, to stand* [Webster's New World, College Dictionary Fourth Edition 2000:456] can be basic synonyms for the target verb “to put”. But there a lot of other verbs can be abnormally get the spot in this specific meaning of the verb.

Here are the variations of verb “to put” a in changeable synonymous usage, particularly, cognitive variation of the verb meaning:

- put to jail* “turmege alu, kamau”;
  - put a question* “surak koiu”;
  - put an answer* “jauap aitu, til katu”;
  - put someone in charge of* “bireudi bastyk etip tagaindau”;
  - put something for sale* “bir zatty satuga koiu”;
  - put a sign* “kol koiu”;
  - put the way to someone* “bireuge zhol korsetu”;
  - put across self idea* “oz pikirin tusindiru”;
  - put aside* “keinge kaldiru”;
  - put away* “tazalau”;
- Less synonymous variation:
- put down* “taspage jazu”;
  - put on* “kiinu”;
  - put out* “oshiru, sondiru”;
  - put over* “bayandau”;
  - put together* “biriktiru”;
  - put up* “koteru”;
  - put an end to something* “dogaru, ayaktau”;
  - put money on game* “oynga aksha tigu”;
  - put to death* “kөзін жою”;

In the verbal structure “*Suret salu*”, target verb is using in a comparative synonymous way, which assimilates ability of the human as to paint the masterpiece. We cannot use direct translation of the target verb into English as same as “to paint”. There is no synonymous connections between “to put” and “to paint”. The meaning of the

verbal structure in English language can be to *paint, to draw, to design, to crayon*. So the synonymous variations of the semantic verbs in Kazakh language might be far different from the English analogues.

The next is the verbal structure “*oi salu*”. The verb structure has extensive meanings.

“Think over, mull over, take into consideration, under consideration”.

“Give consideration to, bring consideration for”.

“advise, council, give recommendation”.

“get of hit upon, give an idea, come up with”.

And the verb “*to speculate*” can be alternative semantic meaning for the target verb in Kazakh language. Another variation of the verb *sal* is “*an salu*”. Here we use the meaning in a directly different way. Because *sal* was altered from the verb “to put” in English, then it turned “to sing” in a current version of variation. Some Kazakh linguists say this kind of varieties might be called as cognitive-alternative variation. So it also could be used as “*andetu, an salu, shyrkau*”. “*Andetu*” is reformed verb from noun which is very common in English language. Mainly, it's used in particularly one semantic meaning. That is why the verb “to sing” is monomorfemic verb. But oral system using experience dwelled it into to meaning. There are examples for them:

*Joanna was sung popular, after publishing her bestseller.* “*Onin kopke tanimdi kitaby zharykka shykannan keyin, Joanna aygili boldy*”.

*She sang out so loud, because of her being nervous.* “*ol zhuykesi zhukargannan katty aikailady*”.

The first example has the passive form of the verb. Then the meaning of the verb transformed into another action. The second is in active voice and turns to the direct action of the subject. An example in Kazakh language: “*kara khalykty kauyrt salgyrt arkyly ezgige salu*”. To torture the people by power. It gives different meaning. The verbal expression “*ezgige salu*” is not so far from basic meaning of the target verb. It shows synonymous turning from lingual aspect. There are also some other versions in Kazakh like “*ezgileu, kinau, khalin nasharlatu*”, which give the meaning *torture (kanau)* [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1986:366] in English language. By the way, here are broadband synonyms “to employ, resort to, use torture” for it.

*Nobody likes the way he tortures people with his informal discipline.* “*onyn zansyz katandykpen khalykty kanauin eshkim de kosh kormeidy*”.

Then, the next oriented semantics is “*uaiymga salu*” or “*yaiymga salynu*”. Differences in these verbal aspects are not big. The first is in active and the second is in passive form. Followed verbal phrases semantically used as in the previous one (*ezgige salu*). Especially, active voice example. “Worry, be anxious, be uneasy about”, *tobe anxious about somebody* “*bireu ushin uaiymdau*” can be alternative English equivalents. But the meaning turns a little bit to another way. The same semantic structure are used in these verbal phrases in Kazakh like “*aigai salu, tyim salu, kulak salu*”. Easy definition to them could be “*aigailau, bakyru (an old version), ruksat etpeu, tabu zhasau, tyndau, aitkanyna konu*” and free to use like synonyms. There are English variations for them:

Айғай салу “scream, shout ( about ), cry ( to ), yell bowl, vociferate, clamour” [2, 394]. To scream like a fishwife “*Bazardagy katyn siakty aikailau*”.

*Tiym salu* “forbid, prohibit, interdict, ban, outlaw, suppress”. *Scientist is suppressed a publication of his article about global warming* . “*Galymnyn galamdyk zhylynu zhaily makalasy baspadan shygaruga ruksat etilmedi*”.

*Kulak salu* “take somebody's advice, listen to”.

Now we try to find synonymous familiarities between “*salu*” and “*engizu*”. For example, *salyk salu* “to lay tax”, *gol salu* “to score a goal”. These two examples are performed in two different orders, but they formed with helping of one verb “*salu*”. This is grammatical structure of it. And semantic structure shows to the meaning “*engizu*”. That is totally acceptable for whom wants to figure out, even to foreigners. In other way, if you use them in a separate way, they still will be synonym to verb “*engizu*”. How you made yourself sure that in a very beginning we said the verb “to put” is English equivalent to Kazakh verb “*salu*”. But there were no connection with synonyms of the verb “*salu*” and its translations to English verb “to put”. Even it was not closer to each other.

That is why we started to learn this aspect. To figure out altered meaning and varieties of the verbal structures. These kind of changes crowded also our literature. For example,

*Salynba kylan dagy san kumarlyk, aldynda uayim kop shoshynarlyk*, [Ж.Тұрсын. 2007:73] – said Abai, begging people not to have passion to rule the community. Our verb “*salynu*” (passive form) is used as not to have a passion for being a ruler in a negative way.

“*oyan qazaq!*” *halyq arasyna taramasyn dep, ukimet ukim saldy*. “*Ukim salu*” is used as not to allow (kauly shygaru, tyiym salu).

*Kyskaryp zher ketken son orisimiz,  
Kaldy goi zhatak bolyp kairan elder  
Ashi su bizge kaldy, shol dalalar  
Zhaksy zher kaldyrmady egin salar.*

Now here author tried to give a short firm of meaning of the verbal phrase “*egin salu*”. In addition, the phrase “*egin salu*” alters in its meaning as “*soqa salyp, egin egu*”. It isn't easy to translate literary work to another language. But we have to try once and get the direct meaning.

The next *iskumarlykka salynu* “to get to the excitement, to grow in heat, in one’s excitement, to be under one’s passion”. For example, *Abai knew that his brother Takezhan was in under passion to the power*. “Абай өз ағасы Тәкежанның билікке құмартып жүргенін білетін”.

**Now, the translation of the verse the verse by Abai is as following:**

*Not inlaid, and do a number of ardour,  
On your the best sorrow much frightened.*

From the translated expression we can see that instead of “to put” there is a verb “to inlaid”. And also the literal word “ardour” misses passion (*kumarlyk*).

*For not to spread “Wake up, Kazakh!” between by a country, government put order.* An expression *put order* interprets as “*ukim salu*”.

Finally, we have had similar semantic results of English “to put” with Kazakh “*salu*”. It proves that in these two different languages it is possible of being similar semantic aspects. In contrast to this, there are some semantic varieties like *ukim salu* “to pass a judgement” and *ryim salu* “to forbade something”.

*Remained bitter water to us, the desert is street,  
Well place was abandoned to sowing will put.*

On this hand, we can observe that the verb “to put” is showing up in its regular meaning. Because the verb expression “*erіn salu*” enrolls just *sowing*. Out of these examples, the verb “*salu*” is usually used in active form. In detail way, *uy zhasau, kuru* “build up, construct, make, scheme”, with additional words *perip kalu, uru* “to beat, to whip, hit, fight against, struggle” etc. In a full sentence, *Erme koly men betin re perip kaldy*. “He struck in her face by a hand or he put a beat in her face by a hand”.

And bringing with the noun there are verbal phrases as *aitu, malimdeu, (сөз salu, жапұя salu)*. Now we turn to figure out the basic and alternative semantics of the verbal structure. The phrase *сөзsalu (say, tell, speak, talk, reply)* means “*aitu*”, *bir zhigittin kызga sezimin bildirip, soz salui* “to say your feelings and to propose marriage to the girl” and *zharya salu (disclose, proclaim, declare)* observes “*malimdeu, zharyalau*”, *khan zharlygyn khalykka zharya etu*. “To put known to people the decree of the Khan”. Then we found some noun phrases, which are following down there:

*koz salu; kus salu; zhan salu; bas salu;*

The first expression can be used in three different meanings. To sum them up, *bolashakka koz salu* “to predict on the future”, in other way they lie as well as *bolashaqty bagdarlau* or *bolashaqty zhosparlau*. The verb *salu* converts closer to English equivalent “to predict”. And *alyska koz salu* “to look carefully in a distance” is offers *alys bir nuktege koz tygu, mukiat karau*. Now how we found out the target verb become a synonym to “look”. On the other side of the coin, in Kazakh oral speech *kozsalui* is probably used like “to focus on aim”, which means to aim you plans and dreams directly. For example, *ol bul kolikke eki zhyl buryn koz salyp koigan bolatyn* “he had put his eyes on this car about two years ago”.

The second expression concerns to our traditions. From early times our ancestors adjusted to domesticate hunter birds (an eagle, a falcon) for hunting foxes and hares.

**Once Abai defined this action with these lines of his well known verse:**

*The first snow falls. The blood-sport calls, then hunters mount and ride.  
The eagle's master knows the place where the wily reynards sit ...*

Their hunting was called *kus salu* which is directly means “to get a bird for hunting”. This tradition is one of the popular national sports, that's why the noun phrase *kus salui* is active in current years. The third expression *zhan salu* “to operate in one's can” semantic follows to tolerance, time, definite work or plan and help to someone who is in danger. If we use *zhan salu* in a little changed way as *zhanynsalu*, there will be no semantic changes between them. Nevertheless, the phrase *bas salu* which transfers like “to catch or to attack emergently”, doubtless has neither verbal root nor noun aspect. The phrase rolls suddenly appearing or catching operatively and some other relative meanings. So it goes without saying that the Kazakh verb *salu* has a lot of semantic varieties in English equivalents. Till there were no examples which might be similar word root.

The next target verb is *tusu*. The main semantic meaning could be “*biikten, zhogaridan tomendeu, zharge tusu*” in a description of my native language. As far as everybody knows most of the verbal phrase are build with helping of the prepositions. Of course, there are a lot of basic verbs which can have stable semantic meaning in usage. But it might be used as altered perception. Basic English equivalents for the Kazakh verb *tusu* are “descent, slip down, sink”. But there are also several usage varieties as “go down, come down”, but how we said before with helping of the preposition. Mainly, *go “baru”* and *come “kelu”* are verbs which have antonymous meaning. And an English structure which works with prepositions be able to turn semantic meaning of the verb. For



example, if we add *down* to those verbs, they will have the same semantic statement which could be translated as *tusu* to Kazakh language.

In English the verb *fall* rightly be semantic variety to the target Kazakh verb. For example, *fall of a night* “*ymyrt tusu, karangy tun zhamyly*”, *fall of a fog* “*tuman tusu, tuman bolu*”. Although, that interpreted verb have different word statements, but all they have one semantic variety. It's because these verbs are altered equivalents to root statement in Kazakh language. Unfortunately, there are some verbal connotations which can contradict to that semantic rule. For example, the phrase *avtobustan tusu*. Using verb able to safe direct meaning which realized with the bus, even we use it for other transport mobiles. Our ancestors were very active in using horses for their daily life. So combination of words *attan tusu* is still in use nowadays. But the word horse is changed to bus, accordingly to transport. And the meaning is not different. Meantime, in English there are several ways to say get out of transport, which might be interlingual synonym to *tusu*. But here goes antonym rather than synonym of the verb. For example, *get out of the bus* “*avtobustan tyska tusu*”. The verb *get* is equivalent to “*alu*” and preposition *out* which outlines action could give one semantic variety in Kazakh language as *шығыу*. In this collocation we serve some other synonymous meaning like “*go out, come out*” which have also similar combination of words with *shygu*.

According to this semantics, the phrase *stipendia tusu* “*to be granted the scholarship*” is slightly turned from target meaning. It was combined and were given to usage since people allowed themselves to be served in banking system. This collocation uses as to transfer money from Bank Fund to the specific accounts who were termed to get scholarship from government or private sponsors. Here also the system goes from up to down. Because personal accounts are little quotient of definite bank. Then *kurdeli ozgeriske tusu* “*to turn upside down*”, *basyna is tusu* “*get into trouble*”, *bir qalipka tusu* “*to be in stable*”, *kaigyga tusu* “*to be sad*” can be used in a singular (personal) meaning. Out of them, in our native language the verb *tusu* has the meaning as like to loose the post or high position in a career.

For example, “*ol zauiyttyn atkarushy directory kyzmetinen tusty*”. He descended from his post executive director of the factory. “*Бұл жаз ерте түсті*”. This year summer came earlier. *Karlyga kelin bolip tusty*. *Karliga* became a new face in this family. Abnormally, target verb gives semantic variety as to suit or wearable closer to clothes. We can fully be sure after this example, “*myna koilek sagan olshep tigilgendei sai tusty*”. This dress is seems like made special for you.

The construction *qyzmetten tusu* is being turned “*get off the job, to be freed from job*” and *zhazdyn erte tusui* follows by “*early coming or visiting of a summer*”, they are very affordable in these both languages. But to the last combination of words *kelin tusuru*, as we know, there is alternative translation for it in English. It keeps the tradition of the Kazakh culture in its roots. The next stage with such examples like *kuda tusu* “*to be relative*”, *kinoga tusu* “*to shoot in films*”, *okuga tusu* “*to enter the university*” and we try figure out different varieties of them. In the first example, it's said “*kuda bolu, agayin atanu*” (Kazakh tradition) which is well known to our nation from early times.

The second one describes actor's work in movie industry. Finally the third meaning accepts the meaning of being a student of university. Moreover, semantic concern of the verb “*renzhu*” in passive voice can be synonymously changed with *konil kuydy tusuru* “*to feel down one's mood*” and “*paida keltiru*” might be used as *onim tusuru* “*to make income*”. In addition, “*umitilgan bir zhaitty elestetu, oiga keltiru sekildi*” *eske tusuru* “*to memorise, to remember*” and in the meaning “*auzsha taralgan zhyr anyzdy nemese belgili bir tarihi okigany zhazbasha turge otkizu (zhazyp kaldyru)*” could be interpreted as *kagazga tusuru* “*to write down*”, and synonymous construction for “*photocameraga alu*” will be *suretke tusuru* “*to take a picture*”.

In overall viewing, we have used several verbs in English as like “*to be, to shoot, to enter, to feel down, to make, to remember, to write down, to take*” to substitute and figure out semantic varieties of the verb “*tusu*” in Kazakh language. Actually all of them have different meanings. But if we compound them with prepositions and specific nouns, we will get the right semantic meaning for Kazakh verb *tusu*.

In early times, our ancestors were kept to say *attan tsup bir uige konak bolu* “*to have to get down from horse and to be guest at someone's house*” and instead of saying long statement early inhabitants of Kazakh steppe were tent to say in short way as *uige tusu*. For example, **Bukhar zhirau**:

*Bailar ogly shoralalar,  
Bas kosypty dsin de,  
Man-man basyp zhuriniz,  
Baisaldy uige tusuniz.*

Another common structural example to *tusu* from the statement by Mashkhur Zhusip Kopeiuli: “*Abylai khannyn en algashky auzina ilinip, kozge tuskeni ... (To be told over the people about the proud of Abilay khan)* [Qazaq adabiet. 2010: 65]. Here target verb heads to phrases *erligin korsetu, elge tanylyu* as its synonyms. But at circumstantial using they are not really synonyms. Because when we translate every verb in Kazakh language to

English, there will be some semantic notions which might be direct interpretation of that particular verb. At all, there might be some interacting samples of the verbs.

The Kazakh language has a large number of dynamic verbs which contribute significantly to the meaning of the sentence. That's why we need to investigate the variation of verbs thoroughly and the ways of their usage in English language.

#### Referens

1. *Syntactic Variation and Genre*/edited by Heidrun Dorgeloh, Anja Wanner, De Gruyter Mouton, Printed in Germany, 2010. – 689 p.

2. *Webster's New World, College Dictionary Fourth Edition*, Books Worldwide Inc.. Cleveland, Ohio, 2000. – 1714 p.

3. *Explanatory dictionary of the Kazakh language / senior editor: A. Iskakov. IV volume. Almaty: The Kazakh Encyclopedia*, 1986. – 1347 p.

4. *New Dictionary of American Slang*/edited by Robert L. Chapman, Ph.D. New York: Harper and Row Publishers, 1986. – 485 p.

5. *Zhurtbay Tursun. Brother, heart...youlove...: Abay: "Freedom of soul" or spiritual independence. Almaty: Kainar*, 2007. - 520 p.

6. *Kazakh literature. Encyclopedic reference book. – Almaty: Aruna Ltd .., 2010. – 222 p.*

МРНТИ 16.21.47

Т.Т. Садақбаев<sup>1</sup>, Г.О. Мухаметкалиева<sup>2</sup>, С.Рамазан<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қайнар академиясы, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ «КІТАБИ» ЛЕКСИКА

#### Аңдатпа

Мақалада қазақ әдеби тілінің шығу тарихы мен қолдану аясы, ерекшелігі туралы айтылады. «Кітаби тіл» кітаби шығармаларда ғана емес, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында және жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегінде бұрынғы поэтикалық дәстүрді жалғастырған сөз шеберлерінің, жазба ақындардың шығармаларында бірсыпыра уақыт орын алып келді. Бірақ ұлттық жазба әдеби тіл халықтық негізде нығайып қалыптасқан сайын, кітаби тіл элементтерінен бірте-бірте арыла бастады. Қазақ тіл білімінде бұрын арнайы зерттеу нысаны болмаған «кітаби лексиканың» құрамы, түрлері, қызметі, қазақ тың жазба әдеби тілі тарихында алатын орны 19 ғ. 2-жартысындағы шығыс үлгісінде жазылып, халық арасына кең тараған дастан-жырлар, діни тақырыптағы қиссалар және басқа баспасөз материалдары негізінде қарастырылды. «Кітаби» сөздердің әдеби тіл лексикасында алатын орны, жанрлық-стилистикалық түрлері, семантикалық сипаты, тұлғалық өзгерістері өз алдына арнайы зерттеуді қажет етеді.

**Кілт сөздер:** әдеби тіл, лексика, кітаби тіл, кітаби сөз, жазба тіл.

Т.Т. Садақбаев<sup>1</sup>, Г.О. Мухаметкалиева<sup>2</sup>, С.Рамазан<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Академия Кайнар, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

### «КНИЖНАЯ» ЛЕКСИКА НА КАЗАХСКОМ ЛИТЕРАТУРНОМ ЯЗЫКЕ

#### Аннотация

В статье рассказывается истории возникновения и области применения казахского литературного языка, его специфике. "Книжный язык" был не только в книжных произведениях, но и во второй половине девятнадцатого века и в первой четверти двадцатого века в произведениях мастеров слова, поэтов-писателей, продолживших прежние поэтические традиции. Но по мере укрепления литературного языка на народной основе Национальный письменность постепенно отходит от элементов книжного языка. Состав "книжной лексики" в казахском языкознании, где ранее не было специального объекта исследования, в период с 1970 года по 1975 год работал в Алма-Ате. "Книжные" слова в литературной лексике, жанрово-стилистические формы, семантический характер, личностные изменения требуют специфического изучения.

**Ключевые слова:** литературный язык, лексика, книжный язык, книжный язык, письменный язык.

T.T. Sadakbaev<sup>1</sup>, G.O. Muhametkaliyeva<sup>2</sup>, S.Ramazan<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Kainar Academy, Almaty, Kazakhstan  
<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan

## "BOOK" VOCABULARY IN THE KAZAKH LITERARY LANGUAGE

### Abstract

The article tells the history of the emergence and application of the Kazakh literary language, its specifics. "Book language" was not only in book works, but also in the second half of the nineteenth century and in the first quarter of the twentieth century in the works of masters of the word, poets-writers who continued the previous poetic traditions. But with the strengthening of the literary language on the basis of folk national writing gradually departs from the elements of the book language. The composition of the "book vocabulary" in Kazakh linguistics, where previously there was no special object of research, in the period from 1970 to 1975 worked in Alma-Ata. "Book" words in the literary vocabulary, genre-stylistic forms, semantic character, personal changes require specific study.

**Key words:** literary language, vocabulary, literary language, literary language, the written language.

### Кіріспе. Қазақ әдеби тілінің шығу тарихы

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының әлеуметтік, саяси-экономикалық өмірінде ірі тарихи өзгерістер пайда болды. Қазақстанның орыс мемлекеті қарауына енуімен байланысты бұрынғы орыс бекіністері қалаларға айналды, ел басқару, сот жүйесі орыс үлгісінде жүргізіле бастады, сауда-саттық, қолөнер кәсібі дамыды, ел арасында отырықшылықпен бірге егіншілікпен айналысу орын ала бастады. Әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістер халықтың мәдени-рухани өміріне де жаңалық әкелді. Бірқатар қалаларда азаматтық сипаттағы оқу орындары ашылды.

Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор, Ташкент, т.б. қалаларда шығыс үлгісіндегі дастан-жырлар, діни тақырыптағы қиссалар басылып, халық арасына тарап жатты.

Бұл шығармалар баспа жүзінде жарық көргендіктен, тіл білімінде «кітаби» шығармалар деп, олардың тілі «кітаби тіл», «кітаби сөз» болып аталып келеді. «Кітаби» шығармалардың қазақ әдеби тілі тарихында алатын орны зор. Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізі салынған он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында жазба әдеби тілдің екі типі болса, соның бірі – қазақтың ескі жазба әдеби тілі негізінде дамыған «кітаби тіл» болды да, екіншісі – Абай, Ыбырай шығармаларынан, сол кездегі баспасөзден басталатын қазақтың ұлттық жаңа әдеби тілі еді. Қазақтың жазба әдеби тілінің тарихын зерттеу күні бүгінге дейін осы екінші типке жататын шығармалар тұрғысынан ғана қаралып келеді.

«Кітаби тіл» кітаби шығармаларда ғана емес, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында және жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегінде бұрынғы поэтикалық дәстүрді жалғастырған сөз шеберлерінің, жазба ақындардың шығармаларында бірсыпыра уақыт орын алып келді. Бірақ ұлттық жазба әдеби тіл халықтық негізде нығайып қалыптасқан сайын, кітаби тіл элементтерінен бірте-бірте арыла бастады.

Әсіресе «кітаби тілге» тән дыбыстық (й-ж йақ-жақ йа-қшы-жақсы ш-с яша- жаса, баш-бас, ч-ш, үчүн- үшін, барча-барша, т.б. грамматикалық (уа, ләкин, үшбү, илән, бірлән, -дүр (барадүр, -лар (айтқанлар, -мыш (айтылмыш, оның үшін (ол үшін т.б. тұлғалардың қолдану өрісі тарылды, соның нәтижесінде қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын болды.

### Талқылау. Кітаби тіл мен кітаби сөзге талдау

Ал «кітаби тілге» тән лексикалық тұлғалардың жайы басқаша. «Кітаби тілдің» әсерімен еніп қалыптасқан сөздер он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасырдың басын былай қойғанда, одан кейінгі тіпті осы күнгі әдеби тілде де аз емес. Қазіргі әдеби тілімізде әбден қалыптасып кеткен *ақиқат, насихат, хал-ахуал, абырой, гибрат, қаһарман, гауһар, шапағат, ыждаһат, нәрмен, гұлама, т.б.* бәріде кезінде кітаби шығармалар арқылы енген сөздер. Кітаби лексика «кітаби тіл» құрамындағы ең маңызды әрі қомақты сала болып табылады. Қазақ тіліндегі кітаби сөздер жайында бірқатар зерттеу еңбектерде, мақалаларда аз айтылған жоқ. Бірақ жазба әдеби тіліміздің бастапқы қалыптасу кезінде оның бір типін жасайтын «кітаби тілдің» құрылымы, оның лексикасы арнайы зерттелген жоқ.

«Кітаби» сөздердің әдеби тіл лексикасында алатын орны, жанрлық-стистикалық түрлері, семантикалық сипаты, тұлғалық өзгерістері өз алдына арнайы зерттеуді қажет етеді. Мақалада көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі, ғылыми негізділігі осы айтылғандардан туындайды.

Жұмыстың басты мақсаты – «кітаби тілдің» дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктерімен ұштастыра отырып, «кітаби сөздердің» құрылымын, қызметін, қазақ жазба әдеби тілі тарихында алатын орнын жан-жақты айқындау. Бұл мақсат мынадай нақты міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады.

«Кітаби тіл» туралы түсінікті, ол жайындағы ғылымдағы пікірлерді бір жүйеге келтіре отырып, оның даму дәуірлеріне шолу жасау.

«кітаби тілдің» өз ішінде тарихи бірыңғай сипатта еместігін ескеріп, оның құрамын анықтау, «кітаби сөздерді» сөз таптарына қарай топтастыру,

Он тоғызыншы ғасырдағы «кітаби тіл» қазақ жазба әдеби тілінің бір типі болғандықтан, оның жанрлық, стилистикалық қызметін ашу,

«Кітаби тілдің» дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктері иен, орфографиялық дәстүрмен байланыста алып, «кітаби сөздердің» лексика-семантикалық түрлерін анықтау, «Кітаби тілдің» (кітаби лексиканың) қазақтың жазба тіл тарихында алатын орнын анықтау,

Қазақтың жазба әдеби тілінің тарихын жаңа «кітаби лексика» туралы жаңа теориялық пайымдаулармен, тұжырымдармен толықтыру керек. «Кітаби лексиканың» лексика-семантикалық топтары, жанрлық-стилистикалық қызметі туралы талдаулар 19 ғ. 2-жартысындағы жазба әдеби тілдің бір типі болып саналатын «кітаби тілдің» маңызын жете түсіну үшін қосылған үлес болып табылады. Сонымен бірге зерттеу қазақ әдеби тілінің жаңа кезеңдерінде «кітаби» сөздердің қалай дамығанын, қандай өзгерістерге түскенінары қарай зерттеуге жол ашады.

Қазақ тіл білімінде бұрын арнайы зерттеу нысаны болмаған «кітаби лексиканың» құрамы, түрлері, қызметі, қазақ тың жазба әдеби тілі тарихында алатын орны 19 ғ. 2-жартысындағы шығыс үлгісінде жазылып, халық арасына кең тараған дастан-жырлар, діни тақырыптағы қиссалар және басқа баспасөз материалдары негізінде қарастырылды. «Кітаби лексиканың» әр түрлі жанрлық-стилистикалық мақсатта қолдану ерекшеліктері айқындалады. «Кітаби лексиканың» дыбыстық, (орфографиялық) грамматикалық ерекшеліктерімен ұштас зерттеу нәтижесінде алғаш рет оның лексика-семантикалық топтары анықталады. «Кітаби лексиканың» құрамы тарихи бірыңғай еместігіне байланысты, оны дәуірлеу мәселесіне, ол жайындағы түрліше ғылыми пікірлерді жүйелеуге ұмтылыс жасалды

Қазақ әдеби тілінің даму тарихы, функционалдық стильдері, «кітаби тіл», «кітаби» лексикасы, оның ерекшеліктері жөніндегі ғылыми пікірлер М.О. Әуезов, А.Байтұрсынов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кенесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздықова, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, С.Исаев, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Б.Әбілқасымов, А.Аманжолов, Қ.Өміралиев, т.б. еңбектерінде кездеседі.

Жалпы тіл білімінде «кітаби тіл», «кітаби сөз» атаулары ойдың нақтылығы, анықтығы, тілдік тұғалардың қолданылуындағы тұрақтылығы сияқты белгілермен сипатталады. Профессор О.С. Ахманова жалпы тіл білімі мен орыс тіл білімінде «кітаби» дегенді «өте зор тақуалығымен ерекшеленетін, басқадай әрекет жағдайларға қатыссыз, айтылатын пікірдің дәлдігін қамтамасыз ететін жазба әдеби тілге тән қасиет ретінде қарастырады [1, 312].

#### **Нәтиже. Кітаби тілдегі лексиканың ерекшелігі**

Бірақ XIX ғасырдың II жартысында қазақ мәдени дүниесінде өмір сүрген кітаби тілдік үлгілердің қайсысын қандай сипатта (әдеби ме, жаргон ба); қандай дәрежеде (жеке тілдік пе, әлде оның бір стилі ме?), қандай құрамда (қай жанрларға жатады?) екендіктерін әзірге жете айырып тани алмасак та, бізге қазір екі нәрсе даусыз аян: бірі – қазақ мәдени дүниесінде осы кітаби тілге жататын жазу нұсқаларының болған фактісі, екінші – осы нұсқаларды біріктіретін, бір-біріне жақындастыратын белгілердің болу фактісі.

Қазақ әдеби тілі тарихын зерттеуші профессор Р.Сыздықова «кітаби» лексиканың төмендегідей басты белгілерін көрсетеді. «Ол белгілер қандай? Олар, мынадай:

1) лексикалық белгісі, яғни кітаби тілдік үлгілердің құрамында қазақ тіліндегілерге қарағанда, араб-парсы сөздері сан жағынан әлдеқайда көп болып келуі және халық тіліне енбеген бейтаныс шығыс сөздерінің болуы.

Бұл сөздер тематикалық сипаты жағынан діни лексика да, діни емес те болып келеді, бірақ кітаби тілде жазылған қазақша шығармалардың көпшілігінің діни мазмұнына лайық, араб-парсылық сөз қабаты да, көбінесе, дінге қатыстылардан тұрады. Осы салада бір алуан абстракт ұғым атаулары да шығыс сөздері арқылы берілгені байқалады. Араб-парсы сөздерінен басқа оғыз тілдеріне тән және татар тіліне жататын жеке сөздердің ұшырасуы жазылған үлгінің кітаби тілдік сипатын танытатын белгінің бірі болады (осы тұрғыдан жоғарыдағы С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев және басқалары көрсеткен татарша нұсқаларды да кітаби тілдік жазбалар тобына қосып жіберіп жүрміз.

2) Грамматикалық белгісі. Оған қазақтың жалпы халықтың тіліне тән емес кейбір морфологиялық тұлғалардың актив қолданылуы жатады. Мысалы, өткен шақ есімшенің анықтауыштық қызметте көбінесе **-мыш** жұрнағы арқылы жасалуы, етістіктің III жағының **-дүр** формантын, көпшелікте **-лар** жалғауын тіркеуі; *бірлән, уа, һәм* тәрізді өзге тілдік шылаулардың қолданылуы; кейде (өте сирек) құрмалас сөйлемнің *ки (кім)* конструкциялы болып келуі т.б.

3) Орфографиялық белгісі. Бұл – қазақ сөздерінің сингармониялық заңға байланысты фонетикалық варианттарын ескермей, жалғау-жұрнақтарды бір-ақ вариантта жазу (*атлар, қазлар, балалар, атны, қазны, баланы, атлық, қазлық, балалық* т.т.); сөз басындағы **ж**-ның орнына **й** жазу (*йас, йахшы, иігірма*); сөз ортасына **ғ** әрпін қосып жазу (*иігірма, ұғлы, ұруғы – руы* т.т.), араб-парсы сөздерін оригиналдағыша жазу. Соңғының салдарынан қазақ тіліне еніп, бұрыннан «қазақыланып» кеткен кейбір сөздерді қайтадан «арабыландырып», «парсыландырып» жазу дәстүрі пайда бола бастаған: *зақыл, гадет, гамал, хукім*. Және осы норманың салдарынан қазақ тіліне тән емес **ф, х** әріптері жиі жазылатын болған<sup>40</sup> (соның әсерінен болу керек Мүрсейітте *партия, доктор* деген орыс сөздері *фартия, дохтыр* түрінде жазылған)» [3,164].

**Қорытынды.** Бұл орфографиялық тәртіп – тек кітаби тілдік үлгілер ғана емес, өткен ғасырдағы араб жазуымен берілген қазақ жазбаларының көпшілігіне тән болған норма. Емленің бұл нормасын біз шартты түрде «шағатайша-татарша орфограмма» деп атауды ұсынған болатынбыз. Қалай атасақ та осылайша жазу өткен ғасырдағы жалғыз қазақ тілі емес, көптеген түркі тілдерін ортақтастыратын тәсіл – норма болғаны аян. Соның нәтижесінде ортаазиялық түркі тілінде жазылған кейбір нұсқаларды әр халық уәкілі өз тілінің фонетикалық құрылымына сәйкестендіріп оқитын дәстүр де пайда болған.

Шағатайша-татарша емле нормасы араб жазулы қазақ кітаптарының көпшілігіне тән болғандығынан тек кітаби тіл үлгілері емес, қазақтың төл ауыз әдебиеті үлгілерінің де өткен ғасырдағы баспалары осы ережемен жазылған. Сондықтан эпостың жырларда «иігірмеде яшы бар, ялғыз туған башы бар» деп жазып «жиырмада жасы бар, жалғыз туғанбасы бар» деп оқуға тура келген. Дегенмен бұл норманың күллі қазақ орфографиясына ортақ шарттылығынан гөрі, дәстүрлік, «кітабилық» сипаты басым болғанын осы жазу нормасының кей үлгілерде сақталмай бұзылып отырғандығы көрсетеді.

Профессор С.Е. Малов кітаби шығармалардың тілі туралы «Олар мұсылман-түркілік кітаби жаргонда жазылды, оны мен ұлтына қарамай түрік, башқұрт, қазақ, қырғыз ғалымдарының бәрі де пайдаланды», - деп көрсетеді [3, 93]. Бұдан кітаби шығармалардың түркі халықтарының бірсыпырасына кең тараған әдеби тіл үлгісі болғанын көреміз.

Профессор Ә.Құрышжанов «кітаби тілде» кездесетін ерекшеліктердің екі түрлі болатынын, бірі – таза тілдік ерекшеліктер, лексикалық бірліктер, екіншісі-орфограммалық ерекшеліктер деп көрсетеді. Тілші-ғалым «кітаби тілдің » сол кездегі халық тіліне қатысын сипаттай келіп «кітаби қоспа тілде жазған ақындардың бірі – Мақыш Қалтаев деп тауып, оның шығармаларына соның үлгісі ретінде талдау жасайды.

«Кітаби тіл» онымен байланысты «кітаби лексика», «кітаби» шығармалар атаулары – 19 ғ. 2-жартысынан бері қолданылып келе жатқан қазақ әдеби тілі тарихында өзіндік орны ерекше құбылыстар. Негізгі тамырын көне, орта, ғасырлардан бастау алатын «кітаби тіл» жалпытүркілік және ортағасырлық түркі ескерткіштерінің тіліне қатысты болғандықтан, қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің қайнар көздерінің бірі болып табылады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ахманова О.С. *Словарь лингвистических терминов.* – М.:Наука,1966. – С.312.
2. Құрышжанов Ә. «Кітаби тіл материалдарынан» *Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2 шығуы.* 1960. – 75 б.
3. Сыздықова Р.Ф. *Қазақ әдеби тілінің тарихы (15-19 ғғ.).* – Алматы: «Ана тілі»,1993. – 164 б.

МРНТИ 16.01.45

А.Е. Саденова<sup>1</sup>, Ф.Оразақынқызы<sup>1</sup>, Р.Ө. Асылбеков<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚЫТАЙ СТУДЕНТТЕРІНІҢ СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖАҒДАЯТ ТҮРЛЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Аңдатпа*

Мақалада тілді меңгеруде сөйлеуді қалыптастырудағы жағдаяттардың түрлері туралы сөз болады. Тілді меңгеретін қытайлық студенттердің сөйлеуін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сөйлеуге үйретудің психологиялық мәселелері сөз болады. Сөйлеу үшін қажетті жайттардың арасындағы жағдаят мәселесіне және оның компоненттеріне назар аударылады. Оқу үдерісі барлық шынайы жағдаяттарды көрсете алмайды, сондықтан да шынайы тілдік қатынасқа жақын коммуникативтік оқу жағдаяттарының үлгілері ұсынылады. Мақалада түсініп тыңдауға оқыту үшін ұсынылған жаттығулар жүйесі қабылданған айтылымның психологиялық және лингвистикалық қиындықтарын жеңуге көмектеседі. Алғашқы деңгейден бастап студенттерді тірек сөздер арқылы және бағыт табу арқылы қабылдауға үйрету керек. Тілдік қиындықтарды біртіндеп көбейте отырып, тіл үйренушілердің есту қабілеттілігін дамыта отырып, түрлі сөз бөліктерін бір бүтін мәтінге біріктіре алуға үйрету керек.

**Кілт сөздер:** сөйлеу, психологиялық алғышарттарды саралау, коммуникативтік жағдаяттар, айтылым

А.Е. Саденова<sup>1</sup>, Ф.Оразақынқызы<sup>1</sup>, Р.У. Асылбеков<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Kazakhский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ ТИПОВ РЕЧЕВЫХ СИТУАЦИИ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ГОВОРЕНИЯ КИТАЙСКИХ СТУДЕНТОВ

*Аннотация*

В статье идет речь о видах речевых ситуации при усвоении языка китайских студентов. Рассматриваются приемы формирования говорения иностранных учащихся, изучающих язык, дается анализ психологических предпосылок обучения говорению. Важное место среди условий, необходимых для говорения отводится ситуациям и их компонентам. Учебный процесс не может отразить все реально существующие ситуации, поэтому предлагается моделировать учебные коммуникативные ситуации, которые имитируют реальное речевое общение. Система упражнений для обучения аудированию, предложенная в статье помогает преодолеть психологические и лингвистические сложности воспринимаемых на слух сообщений. С самого начала студентов нужно учить находить опоры и ориентиры восприятия. На разных этапах обучения необходимо использовать материал, соответствующий этим этапам. Увеличивать языковые сложности нужно постепенно, развивая слух учащихся учить умению объединять разные части речи в целый текст.

**Ключевые слова:** говорение, анализ психологических предпосылок, речевое общение, коммуникативность, ситуация

А.Е. Sadenova<sup>1</sup>, F.Orazakynkyzy<sup>1</sup>, R.U.Asylbekov<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan

## FEATURES TYPES OF SPEECH SITUATIONS IN THE FORMATION OF SPEAKING CHINESE STUDENTS

*Abstract*

This article touches upon the peculiarities of a situation in learning language as the second language Chinese students. The methods of speaking of foreign students, who study language, are considered and the analysis of psychological backgrounds of speaking teaching is given. Important place among conditions required for speaking is given to situations and their components. Academic process cannot reflect all really existing situations, therefore,

it is proposed to model academic communicative situations which imitate real speech communication. The system of exercises to teach listening, proposed in the article helps to overcome the psychological and linguistic complexity of the perceived messages. From the outset, students need to learn to find the support and guidance of perception. Increase the complexity of the language should be gradually developing hearing students learn the skill to combine different parts of speech in a text.

**Keywords:** speaking, the analysis of psychological prerequisites, speech communication, communication situation.

**Кіріспе.** Тіл меңгеру дегеніміз – тіл үйренушілердің коммуникативтік міндетті шеше алуы. Ал сөйлеудің нормалылығы дегеніміз – қажетті тұлғаны қолдана білуі – бұл меңгерудің аралық міндеті. Тілді меңгеруге деген ынталылық тіл үйренушінің тіл үйренуге деген талпынысының көрсеткіші, яғни уәжділік. Уәжділіктің бір белгісі – стимул болатындығы. Оған сырттан ықпал ететін фактор – ұтымды ұйымдастырылған тілдік жағдаят. Адамның сөйлеуге мүдделілігін туғызуға тілдік жағдаят ықпал етсе, тілдік әрекет жасауға түрткі – ынта болып табылады.

Оқытудың қағидалары мен тәсілдерін жобалау арқылы кез келген әдістерді жасауға болады. Оқыту қағидалары – бұл оқыту үдерісінің нәтижелі өтуін қадағалайтын ережелер, нормалар болып табылады [1].

Қағидалар негізінде материалды түсіндіру құралдары және жаттығулар кешені секілді оқыту тәсілдері дамытылады.

рахмет	спасибо
бата	благославение, напутствие
мархабат	вежливое приглашение пройти, зайти куда-либо
тенге	денежный эквивалент
шапан	старинная казахская верхняя длиннополая одежда
шанырақ	остов юрты
шұбат	верблюжье молоко
шашу	подарки, приносимые на свадебные торжества

Все приведенные лексические единицы другого языка в русском речевом поведении студентов-билингвов используются как единицы «другого», но одновременно и «своего» («нечужого») кода. Тот факт,

что в данных высказываниях фиксируется функционирование лексических единиц казахского языка, можно назвать типичным явлением для настоящего времени, поскольку действительность, окружающая носителя языка, требует употребления адекватных для ее отражения средств. Мы сталкиваемся с проблемой «языкового дефицита», под которым понимается «нехватка языковых средств для адекватного функционирования языка в определенной сфере. Обычно различают несколько видов дефицита языкового: лингвоструктурный, лингвофункциональный, реальный, потенциальный, речевой и т.п.»

Именно в связи с устранением «языкового дефицита» носители русского языка используют лексику казахского языка, слова, отражающие современную реальность Казахстана. Благодаря регулярности воспроизведения данные единицы теряют свой «чуждый» характер и воспринимается как естественные компоненты лексической системы русского языка.

Подтверждая эту мысль, О.Б. Сиротинина и В.Е. Гольдин говорят о том, что «главная особенность процесса языкового взаимодействия в народно-речевой культуре состоит в отсутствии осознанного стремления к заимствованию» [9, 21], поскольку приобретение языкового знания на бессознательном уровне является более естественным процессом и требует меньше усилий.

В своей книге «Культура языка» Г.О. Винокур еще в 20-е годы писал, что слово есть не что иное, как культура в ее специфическом выражении. Человек, владеющий социокультурными нормами, знает не только значение единиц разного уровня и значение типов комбинаций этих элементов, но и приемы диалогизации речи, умеет употреблять приемы обращения в различных формах, умеет варьировать способ языкового представления того или иного события.

Интенсификация этого процесса зависит как от экстралингвистических факторов (культурное влияние одного народа на другой, повышение интереса к изучению того или иного языка, условия языковой культуры социальных слоев, принимающих слово), так и от внутрилингвистических (отсутствие в родном языке эквивалентного слова или понятия, тенденция использования одного заимствованного слова вместо описательного оборота). «Отсутствие в языке эквивалентного слова является наиболее очевидной причиной лексического заимствования» [10, 16]. Чаще всего по этой же причине происходит заимствование лексики русским языком из близкочуждого языка.

Данные факты подтверждают мысль о том, что для оказания какого-либо влияния одного языка на другие, нужны формы культурных контактов, в результате которых возникают новые свойства языка.

**Обсуждение.** Таким образом, лексика, заключающая в себе лингвоспецифичные концепты, одновременно «отражает» или «формирует» образ мышления носителей языка, причем в языке находят те черты внеязыковой действительности, которые представляются релевантными для носителей культуры, пользующейся этим языком.

Любой текст реализуется в тех или иных внелингвистических условиях, взаимодействие которых с текстом называется дискурсом, формирующим самостоятельное и критическое мышление носителей языка. Существуют устный и письменный типы дискурса, различающиеся принципиальной возможностью/невозможностью обратной связи адресата и адресанта. Кроме устного и письменного дискурса существуют и другие различия в формах реализации продуцируемого текста.

Соответственно любой текст предполагает наличие адресата: конкретного или обобщенного, класса адресатов, и значит – акт коммуникации, непосредственный или отсроченный. Успешность коммуникативного акта, которым является восприятие текста, зависит от учета адресатом характера адресата, характера информации, передаваемой текстом и детерминируемой спецификой адресата, целевой установкой автора, социальными и культурными условиями, а также языком, на котором создан текст и значимостью этого языка в обществе.

Длительные и интенсивные контакты языков с различной типологической характеристикой не могут не влиять на внутривидовое развитие языка-реципиента, на его внутренние пропорции.

Язык как живая, динамично развивающаяся система, мгновенно реагирует на появление новых явлений и событий в реальной жизни. Лексический состав русского языка богат и сложен. Он интенсивно пополняется, фиксируя и отражая все новообразования в социальной жизни.

**Заключение.** Русское речевое поведение студентов-билингвов формируется в условиях казахско-русского двуязычия. Его носителями являются студенты, значительная часть которых владеет как русским, так и казахским языком. В связи с этим русское речевое поведение казахов-билингвов подвергается влиянию казахскоязычных черт, отличающихся устойчивостью в употреблении.

Список использованной литературы

1. Браузаускене Е. Грамматические особенности русского языка в Литве //Русский язык сегодня. – М., 2000. – С. 19-25.
2. Белоусов В.Н. О перспективах функционирования русского языка в культурном пространстве стран СНГ и Балтии // Мир русского слова. – 2000. – № 4. – С.109-113.
3. Исаев М.И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов. – М.: Изд-во «Флинта. Наука», 2001. – С. 29.
4. Лаптева О.А. Русский разговорный синтаксис. – М.: Наука, 1976. – 399 с.
5. Земская Е.А., Китайгородская М.В., Ширяев Е.Н. Русская разговорная речь: Общие вопросы. Словообразование. Синтаксис. – М., 1981. – 281с.
6. Нецименко Г.П. Заимствования как проявление культурно-языковых контактов и их функционирование в языке-реципиенте//Встречи этнических культур в зеркале языка: (в сопоставительном лингвокультурном аспекте). – М.: Наука, 2002. – С.121-151.
7. Шайбакова Д.Д. Жизнь языка в обществе, культуре, политике / Д.Д. Шайбакова; отв. редактор А.Е. Карлинский. – Алматы, 2014. – 100 с.
8. Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М., 1982. – 122 с.
9. Словарь современного русского литературного языка в 20-ти томах. – М.: «Русский язык». Академия наук СССР. Институт русского языка. – Москва, 1991.
10. Сиротинина О.Б., Гольдин В.Е. Языковые контакты и типы речевых культур: процессы и результаты// Язык и общество на пороге нового тысячелетия: итоги и перспективы: Тезисы докладов международной конференции. – М., 2001. – С. 317-318.
11. Винокур Г.О. Культура языка. – М.: Изд-во «Лабиринт», 2006. – 352 с.

МРНТИ 17.01.33

Г.С. Сулева<sup>1</sup>, А.Ж. Машимбаева<sup>1</sup>, С.С. Джансеитова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы,  
Алматы қ., Қазақстан

## БАТА ТІЛЕКТЕРІ МЕН ҚАРҒЫС ҰҒЫМДАРЫНЫҢ КОНТЕКСТЕГІ ҚАТЫСЫМДЫҚ СИПАТЫ

*Аңдатпа*

Сөз құдіретіне сену қазақ халқының тарихында болған. Мысалы, жақсы сөз – жарым ырыс, батаменен ел көгерді деген аталы түсініктер сол сөздердің сиқырлы құдіретіне сеніп, сөз арқылы пәлені, қырсықты айдауға, сөз арқылы жақсылықты шақыруға болады деген сенімнен туған. Қазақ халқында тілек, қарғыс ұғымдарын мәтіндерден, қазақ тілі тарихынан табуға болады. Ал тілек пен қарғысқа сену сана мен мақсатты бірлесе туғызатын психиканың жұмбақ аймағы. Сананың ойда болмаған, бәріне жұмбақ, тіпті кейде өмір сүрудің соңына дейін көрініс таппайтын өзгеше бөлігі бар. Ол суггестия, сөз мифологиясы. Мысалы, кез келген адам сол тілдің тілдік элементтерін, оның беретін ұғымын түсіндіріп бере алады. Бірақ дәл сол тілдік бірлік қалай құралды, неге солай құралды, ол тілдің, сананың ашылмаған құпиясы болып қала береді. Аталған мақала алғыс пен қарғыс ұғымдарының контекстегі сипатын ашуға арналады.

**Түйін сөздер:** сөз мифологиясы, алғыс, қарғыс, шешендік сөздер, бейвербалды амалдар.

А.Ж. Машимбаева<sup>1</sup>, Г.С. Сулева<sup>1</sup>, С.С. Джансеитова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, г. Алматы, Казахстан

## ОТНОСИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ВЫСКАЗЫВАНИЙ СО ЗНАЧЕНИЯМИ БЛАГОДАРЕНИЯ И ПРОКЛЯТИЯ В КОНТЕКСТЕ

*Аннотация*

В истории казахского народа всегда существовала вера в магическую силу слова. Например, такие народные понимания как «Хорошее слово – половина богатства», «Через благословение процветает народ» исходили из веры в волшебные значения тех слов и люди верили, что через них можно было

увести от человека все плохое, призывать его к всему хорошему. Высказывания казахского народа со значениями пожелания и проклятия можно находить в текстах из истории казахского языка. Вера в пожелание и проклятие является загадочной областью психики человека, которая создает вместе сознание и цель человека. Это является особенной частью сознания, которая не приходит в мысли, является всем загадкой, иногда даже так и не раскрывается до конца человеческой жизни. Это – суггестия, мифология слова. Например, каждый человек в состоянии объяснить языковые элементы, их значения того или иного языка. Однако, вопросы, как и почему были использованы именно те языковые единицы, остается до конца нераскрываемой тайной человеческого сознания. Данная статья посвящается к раскрытию характеристики высказываний со значениями благодарения и проклятия в контексте.

**Ключевые слова:** мифология слова, благодарение, проклятие, красноречивые слова, невербальные действия.

*A.Zh. Mashimbaeva<sup>1</sup>, G.S. Suleeva<sup>1</sup>, S.S. Dzhanseitova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy, Almaty, Kazakhstan*

## RELATIVE CHARACTERISTICS OF STATEMENTS WITH MEANINGS OF THANKSGIVING AND CURSES IN THE CONTEST

### *Abstract*

In the history of the Kazakh people there was always a belief in the magical power of the word. For example, such popular understandings as “A good word is half of wealth”, “Through blessing a people thrives” came from belief in the magic meanings of those words and people believed that through them it was possible to take away all that was bad from a person, to call him to all good. Statements of the Kazakh people with the meanings of wishes and curses can be found in texts from the history of the Kazakh language. Belief in desire and a curse is a mysterious area of the human psyche, which creates the consciousness and purpose of a person together. This is a special part of the consciousness that does not come into mind, is a complete mystery, sometimes it never even opens up to the end of human life. This is suggestion, the mythology of the word. For example, each person is able to explain the language elements, their meanings of a particular language. However, the questions of how and why those language units were used, remain to the end of the undisclosed mystery of human consciousness. This article is dedicated to revealing the characteristics of statements with meanings of thanksgiving and curses in context.

**Key words:** word mythology, thanksgiving, curse, eloquent words, non-verbal actions.

**Мақаланың зерттеу әдістері.** Мақала жазуда тілі біліміндегі сипаттау, салыстыру, талдау, прагматикалық әдістер қолданылды.

**Мақаланың әдістанымдық негізі.** Мақала жазу барысында бата тілектері мен қарғыс сөздерінің сөйлеу мәдениетіне қатысы, әсер ету бағытында қолданылатын амал-тәсілдері Байтұрсынұлы, Ш.Уәлиханов, Қ.Жұбанов, О.С. Пасельник, С.Аленикова, Т.М. Николаева, С.Аманжолов ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып қарастырылды.

Ежелден қолданыла келіп қалыптасқан алғыс мәнді тілек-бата сөздері мен қарғыс сөздерінің эмоциялық бояуы өте күшті. Алғыс айтып, ақ тілеуін білдіргендер: «*Көп жаса*», «*Көсегең көгерсін*», «*Жағың түспей жамандық көрме*», «*Алдыңнан ақ күн тусын*», «*Жорытқанда жолың болсын*», «*Тәңірінің нұры жаусын*», «*Құдайым қайғылы күннен, ұйқысыз түннен сақтасын*», «*Көйлегің көрік, жаның берік болсын*» деген сияқты алғыстар білдіреді. Бұлардың күші көркем шығармаларда ашыла түседі. Өйткені қарғыстар көркем шығармаларда адам мінезінің толып жатқан қыр-сырын, сыртқы тұлғасын, ішкі жан дүниесінің жағымсыз әрекетін бейнелеу үшін қолданылады, прагматикалық сипатқа ие болады. – *Ой, бетің тілінгір! Ақбала құсап бедірегоін қарашы! (Ә.Нұрпейісов)* – деген мысалда қазақ ғұрпында оң жақта отырған қызға айтылмайтын қарғыс сөзін айтқызумен танытады. Бұл қарғыстың прагматикалық бағыты – жақтырмау, кею. Қазақ менталитетіндегі ұлттық тәрбиеден аттаған қыз балаға деген күйініш сезімі бар.

Бата-тілек айту жағдайындағы сөйлеу актісінде суггестор суггерендтен басым түсе отырып, белгілі бір мақсатқа сай әрекет етеді. Суггестиялау арқылы прагматикалық дәрежеге жету қатысымға қатысушылардың коммуникативтік жағдаятты психологиялық қабылдай алумен қатар, олардың арасында өзара түсінушілік, коммуникативті және лингвистикалық құзіреті мен тілдік қатынас ұғымдарын ұға алатын қазақ ұлт өкілі болуы қажет. Бұл тілек-батаның әрекет уақытында пайда болатын сөйлеу түрі емес, ситуация кезінде тек дайын түрде қолданысқа түсетін сөйлеу түрі екендігін танытады. Мысалы, «*балағыңнан бала сауласын*» (әйелдерге арналып балаң көп болсын деген мағынада айтылады), «*балаңның мұсылман болғаны құтты болсын*» (ұл баланы діни дәстүр бойынша сүндетке отырғызғанда айтылады),



«байлар көбейсін» (бие байлағанда айтылатын тілек, байланатын биенің саны көп болсын), «басар көбейсін» (киіз, сырмақ, текемет басқанда айтылатын тілек), «Бибібатима пірімнің аруағы қолдай гөр» (діни. Бибатима Мұхаммед пайғамбардың қызы. Ол елге сыйлы, қасиетті кісі болған. Сондықтан әйелдер іс бастамас бұрын осы кісінің аруағына сиынады), «дихан дарысын» (егінің өнімді болсын, береке әкелсін деген мағынада егіншілерге, жер айдаушыларға айтылатын тілек. («Дихан» – парсы сөзі: о бастағы мифологиялық мағынасы – «жер атасы»). Орта Азия халықтарында ертеде жерге бай ақсүйек, алпауытты «дихан» деген, бертінде бұл сөз «қара шаруа» мағынасына ие болған), «жайлауың кенен болсын» (жайлауың жайлы, ырыздығы мол болсын), «жайлауың байсалды, айғырың байталды болсын» (жаңа жайлауға шыққанда айтылады, мал-басың көбейсін деген мағынада) деген тілектердің қай кезде айтылу орны мен семантикасын түсінбеу суггестиялау прагматикасына ие бола алмайды.

Бата-тілектер тыңдаушыға түрлі ситуативтік оқиғалар арқылы әсер етеді. Қазақтар қонақжай халық болғандықтан қонақтарды ерекше жағдайда күтетін болған. Қонақтың түріне қарай табақ тартып, келген қонақтың бірін Қыдыр санап ризашылығын алып отырған. Дұрыс мүшелі қонағасы берілмесе, шешен, өткір тілді адамдар бата арасына сол үй иесінің сараңдығын да қосып айтып жіберетін болған. Сондай-ақ адам бойындағы жат мінезді сынап, мінеу түрінде өз ойларын жеткізген. Шағырай дейтін ақын ел аралап жүріп, бір үйге келіп, ат шалдырып алайын десе, үй иесі әйел бұған көңілсіз қарап: «Шайға май әкел», – деген еріне: «Оңайда май жоқ еді, қарын басталған жоқ еді», – дейді. Күйеуі: «Ет ас», – десе, «бұзылған ет бітіп еді», – деп отырған орнынан қозғалмайды. Мұны сезген Шағырай бір-екі шыны шай ішіп, кесені көңілсіз төңкере салады. Дастарқан жиярда ол қолын жайып, бата қылады:

*Иә, Құдай!*

*Осы үйдің қара биесін тайынан айыр.*

*Әйелін байынан айыр!*

*Бұзылмаған майынан айыр!*

*Дүниеде көретіні азап болсын,*

*О дүниеде жатар жері тозақ болсын!*

*Алла әкбар, – дейді.*

Шағырайдың батасынан қорыққан әйел көршілерін шақырып, өзінің бір бәлеге ұшырағанын айтып, жалынып-жалбарынады. Бұл мысалдың астарында амбивалентті бағалау жатыр. Жалпы амбиваленттілік дегеніміз – сезімдік әсерленушіліктің екі жақтылығы, яғни қандай да бір объект бір мезетте адамда қарама-қарсы сезімдерді туғызады, мәселен, сүйіспеншілік пен жеккөрушілік, рақаттылық пен наразылық, қанағаттанушылық пен қанағаттанбаушылық, ұнату мен жақтырмау. Бұл арада сөйлеуші тарапынан берілген амбивалентті бағалау – бата беріп отырған адамына деген қанағаттанбаушылық сезімін байқатуында. О.С. Пасельниковтың тұжырымдағанындай, амбивалентті бағалау прагматикалық бағыттылықпен сипатталады [1, с. 44]. Мұнда берген асына ризашылығын бермеумен қатар бата аталуға негіз болып тұрған «иә, Құдай» және «Алла әкбар» сөздері мен бұйрық рай формасы.

Бата-тілек сөздерінде шешендік сөздер сияқты адами интеллектуалдық пен тіл мәдениеті қатар көрініс тапқан. Бата берушінің ой-өрісі, қоршаған ортамен байланысы, ақыл-парасатын бейнелеу сияқты ұстанымдар бар. Ал тілек сөздер мұндай талаптарды қажет етпейді. Өйткені тілек сөздерді үлкен де, кіші де, ер адамдар да, әйел адамдар да қажетіне қарай ситуацияға байланысты қолдана алады. Және тілектер жалпы халыққа ортақ сөз тіркестеріне жатады. «Бағың ашылсын», «құт қонсын», «тілеуіңді берсін» сияқты тілектер белгілі бір авторы жоқ, ұлт тілінде бар кез келген адам қолдана алатын сөз тіркестеріне жатады.

Тілек сөздердің айтылу мәнерінде бірыңғайлық, біркелкі интонация басым болса, баталарда дауыс ырғағы мен сезімін аңғартатын ерекше мәнер бар. Алғыс баталардың көпшілігі: «я, Құдай бас бер», «я, Алла хақ», «я, Құдайым оңдасын», «я, тәңірім сақта», «бір Құдайым жарылқа», «е, келін қарағым» деген сияқты қаратпалардан басталып, бата берушінің шынайы ниетін танытса, қарғыстарда наразы көңілі, тіпті жаулық әрекетінің бастамасын да ұғындырады. Мысалы, Құнанбайдың «менен туған арам қан» деп басталатын қарғысы туған баласынан безінудің соңғы белгісін көрсеткен прагматикалық фактор еді.

Алғыс, бата, қарғыстардың негізгі әсер ету бағыты вербалды амалдармен (сөйлеу) көрініс тапса, бейвербалды амалдар да бата беру уақытында қолданылады. Алғыс айту амалы да, теріс бата беріп кемсіту, нәлет жаудырып, қорлау жағдайы да бейвербалды амалдарға жүгінеді. Бата бергенде қол жаю айтқан тілегіне қосымша күш ретінде қолданылады. Айтқан сөздің жүзеге асуы қол жайып, Алладан сұрау белгісі сияқты.

Бейвербалды амалдар туралы көптеген ғалымдар пікір білдірген. Өйткені бейвербалды амалдар ауызекі сөйлеу тілінің ажырамас бөлігі. Қарым-қатынас кезінде бейвербалды амалдар тілдік амалдармен

қатар қолданылып, сөйлесім әрекетін жеңілдетеді. Зерттеуші С.Аленикова: «Біз ишарасыз, ымсыз сөйлей аламыз ба? Күмәнданамыз. Өйткені ымсыз, ишарасыз біздің қарым-қатынасымыз қиындай түседі. Ым-ишара сөйлесім әрекетіне қосымша мағына беріп, толықтырып отырады» – деп тұжырымдайды [2, 125]. М.Николаеваның «Любая речь не сводится только к вербальному языку, без специфических невербальных средств (мимики, жеста) речь неестественна, мертвенна», – деген ойынан бейвербалды амалдардың сөйлеудегі атқаратын қызметін аңғаруға болады [3, 35].

Бата сөзінде тілдік қарым-қатынасқа көмекші құрал ретінде қызмет атқаратын қол жаю ишарасы бар. Бұл қосымша прагматикалық мән үстейді. Сол сияқты барлық ішкі сезімін ыммен білдіретін бет құбылыстарының түрлі қалыпқа түсу көрінісі де ерекше маңызды. Бата айтқанда батагөйдің жүзі жылылық, ризалық кейіп танытса, қарғыстарда көңіл күйінің өзгерісіне дейін бет жүзінде, дауыс ырғағында байқалады. Бұл ғылым тілінде просадика деп аталады.

Бата бергенде қол жайылып, біткенен кейін бет сипайды. Екі алақанын алға қарай жайып тұрып, ақ тілегін, адал ниетін айтып, қос қолымен бетін сипайды. «Құдай қолдасын», «Алла тілегімді қабыл ет», «бір Құдайым қолдасын», «бір Аллаға тапсырдым» деген тілектер осының дәлелі болса керек. Ал қатты жек көріп, көңілі әбден қалған адамға қарсы «қарауды қара тас қалсын», «қараң батсын», «қараң өшсін», «тәңірім қара таспен батырсын» деген қарсы әрекет көрсетіп, қарғыс қимылын жасап, артынан топырақ шашады. Бұл – бітіспес жаулықтың белгісі.

«Ашуы, күлкісі, сұрауы, жауабы, қуанышы... тағы сондай психикалық жағдайлар да сөйлемге әсерін тигізеді. Олар сөйлемнен көрінеді. Неше түрлі ойлардың құбылыстары неше түрлі сөйлем түрлерін тудырады. Ашуланып айтқан сөз жайшылықта айтқандай болмайды, қуанып айтқан сөз ренжігендей болмайды. Көңілдің күйімен парлап айтқан сөз кестеленіп, дестеленіп кетеді де, оның ішкі құрылысы сол кестелі сөзбен сәйкестеніп отырады» [4, 48].

Тілек сөзі тек ақ сын есімімен ғана тіркесіп, ақ тілек мағынасында қолданылады, бірақ «қара тілек» деген ұғым кездеспейді, тек «қарғыс», «теріс бата» деп айтылады. Өйткені қарғыс атауының өзі қара тілектің толық мәнін ашады. Ал ақ ұғымы тазалық, мейірбандық, бейкүнәлік, пәктік, адал ниет, «ағынан жарылу» ұғымдарын аңғартады. Сондай-ақ істің дұрысын, шындығын білдіреді. Мысалы, «ақ пейіл», «ақ көңіл», «ақ жүрек», «ақ тілек», «ақ бата» [5, 124]. Бата жолдарында ақ эпитетімен келетін тілектер бар. Өйткені ежелден-ақ оң пейілі мен ниетін, сезімін ақ сөзімен тіркесетін ұғымдар арқылы білдірген. Қазақ дүниетанымындағы жарық дүние, көк аспан, жарық ай, мөлдірлік, пәктік, адам жанының таза кіршіксіздігі сияқтылар сүттің ақтығымен салыстырылады. Ақ түс ізгі тілекке, жақсылыққа, игілікті іске, бақытты, баянды өмірге қатысты сипаттаманы білдіреді. Тіліміздегі ақ жол, ақ босаға, ақ отау, ақ неке сияқты тіркестердің барлығы жақсылықтың нышаны ретінде танылған. Үшкірген балаға айтылатын «Ақ қас, мұңсыз бол» деген тілеу ұзақ жаса, қайғы көрме дегенді аңғартады. «Ақ жол», «алдыңнан ақ күн тусын», «ақ жарылқасын», «ақ мол болсын», «ақ май ақсын аузыңнан, үзілмей қорың қысы-жазы», «ақ дастарқан жайылып, ағарған мен бас тұрсын» деген бата-тілектер осы пікірдің дәлелі. Қазақ ұғымында бармақтай ғана бақ адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті. Сондықтан «таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін», «бап шаппайды, бақ шабады» деген тілектер айтылады. Бақ жаратушы адамның белгілі бір іс-әрекетіне немесе күтпеген жерден беріледі деген түсінік бар. Адам жаратушыдан бақ сұрайтыны да сондықтан. Халық арасында ең мәнді бата-тілек: «бағың ашылсын!». Әсіресе бақ көбінесе қыз балаға, әйелге бағышталады. Оның прагматикалық интенциясы әйел бағының тұрмыс құруымен, бала сүюімен айқындалады.

Қазақтардың батасы қашан да адамды адамгершілікке, имандылыққа, сабыр мен парасаттылыққа, ақыл мен білімпаздыққа, шешендікке баулыған. Ақ батаның белгісі кез келген жерде айтыла бермейтін рухани ұғымды танытады. Мысалы, *Сырым Бөкен биден бата сұрап барғанда:*

– *«Мінезің қара жердей ауыр болсын (беріден ойлама, әріден ойла, салмақты бол, жеңіл болма. Өкпең жоқ бауыр болсын – не болса соған өкпелеп, инені жіпке тізіп, өкпешіл болма). Құлағыңнан сыбыр кетпесін, ел арасында дау-жанжал көп болады, сол мәселені өзің шешіп, ақ-қарасын айырып, дұрыс-терісін бере біл. Алты бәледен аулақ бол дегенім – бақытты бол»* деген екен. Бұл ерлік пен өнерге, өмір жолының ұзақ сапарына аттанар алдында әдейі барып алатын бата. Болашағынан үміт күттірген жастардың немесе белгілі істі бастар алдында арнайы барып алатын батаның мұндай түрлері көптеп кездеседі. Бұл сөз құдіретіне сеніп, бата алу жолды ашады деген игі тілектің ықпалынан жасалады.

Тілек ұғымы тілеу етістігінен зат есімге айналған. Яғни тілеу біреудің басынан өтетін, немесе басталатын, болатын іс-әрекетіне өз ықыласын, ниетін, тіпті көзқарасын білдіру. Адамның адамдығы жеке-дара өмір сүрумен емес, көпшіліктің пікірімен, олармен қарым-қатынас арқылы анықталса, алғыс жолын ашады немесе қарғыс алу жолын кеседі деп есептелген. Сонымен қатар бата-тіліктер ұрпақты әдепті,

сабырлы, зерделі болып өсуге баулиды, жерін, елін қорғауға талапты тастүлек болып ержетуге талпынтады деген үлкен сенім қалыптасқан. Халық баталарының жинағын қарастыра келе байқағанымыз, бата түрлерінің әртүрлілігіне байланысты дастарқанға, салт-дәстүр жоралғыларына берілетін баталардан басқа тікелей адамға қатысты берілетін баталар тек жастарға арналған. Үлкен қарияларға арналып берілген баталар кездеспейді. Жастардың бір жағымды ісін көргенде немесе болашағынан үміт күттірер өнерлерін байқағанда оларға міндетті түрде бата жасаған. Оның дәлелі Құрманғазының Динаға, Сүйінбайдың Жамбылға, Жамбылдың Бауыржанға т.б. баталарды айта аламыз. Бұл батаның өткен іс емес, болашаққа, яғни алдағы уақыттан үлкен үміт күтіп, жақсылық пен адамгершілікті, сабыр мен парасатты, шешендікті ұрпақ бойына бата арқылы дарытқысы келген әрі үміті, әрі сенімі, әрі тәрбиесі болған арман-аңсары. Сөз кәдірін білген қазақтар өмірінде алғыстың да, қарғыстың да берер мәні айрықша.

Тілек-бата сөзін қолдану – адам эмоциясының сыртқа шығуына тікелей әсер етеді: Олар көңілі толу, қанағаттану, сабырлық таныту, жақтыру, қуану, риза болу, сүйсіну сияқты күйлерді білдіріп, сөйлеу жағдаятына негіз болады. Мұндай көңіл күйлер, көбінесе, тілек сөздердің айтылуына қатысты. Өйткені бата сөздері тілек мәндерінің бірігуі және психологиялық тұрғыда қызығушылық тудырған жағдайда немесе нақты ритуалдық салт-дәстүрге және жағдаятқа байланысты айтылады. Сонымен тілек болатын сөз тіркестерінің психологиялық қолданысын төмендегідей бөлуге болады:

– қанағаттану тілектері: *«алғаның ас болсын», «дәтке қуат берсін», «жәрекімалла», «Құдай түбін берсін»;*

– сүйсіну тілектері: *«Айналып кетейін»* – бұл тілек, әсіресе, үлкен қариялардың тілінде жиі қолданылады. Емірену, сүйсіну мағынасында айтылады;

– көңілі толу тілектері: *«Аз болса да, саз болсын»* – көп болмаса да, мағыналы нәтижелі болсын, *«дегеніңе жет»* – мақсатың орындалсын;

– қуану, риза болу тілектері: *«аузыңа май, астыңа тай», «құсың құтты болсын», «жасың құтты болсын», жақсылығың алдыңнан шықсын* – өзгеге істеген жақсылық істерің өзіңе біреуден қайтсын, *«жақсылығың Алладан қайтсын»* – біреуге жасаған жақсы істеріңді Алла қайтарсын, *«мың болғыр», «мың жаса»* – ұзақ өмір сүр деген мағынада;

– мақұлдау тілектері: *«айтқаның ақ болсын! Сөйлеген сөзің шындық болсын, тек әділін айт, айтқаның келсін! Бір істің орындалар немесе орындалу сәтінде жүзеге ассын, мақсатыңа жет мағынасында қайтарылатын жауап тілегі; «айтқандарың періштенің құлағына иалынсын»* – діни тілек; *«айтқаның болып, дегенің келсін»* – сөзің жүзеге ассын, *«айтқаның келсін», «айтқаның ақ болсын»* – дегенің болсын, айтқаның келсін;

– демеу, қолпаштау тілектері: *«талабың таудай болсын», «талабыңа нұр жаусын», «жүрекке медет, дәтке қуат берсін», «тасың өрге домаласын», «қуанышың қойныңа сыймасын», «қуанышың қайырлы болсын».*

Сол сияқты қарғыс мағынасында жұмсалатын сөздерде де екі түрлі мағынада көрініс табады. Алғашқысы көне салт-санаға қатысты ұғымды білдірген, олардың пайда болуы өткен дәуірдегі адамдардың ескі әдет-ғұрыптарына, салт-санасына және өздері ұстаған діндерінің жол-жоралғыларына тікелей байланысты. Адамның ой-санасымен бірге сезіміне, қиялына, ерігіне әсер ету үшін жұмсалып, ұлттық мінезді бейнелейді. Екінші бір қарғыстар күнделікті тұрмыста еш магиялық астары жоқ, ренішін ғана білдіреді. Бұл қарғыстар адамдардың не әлеуметтік топтардың бір-біріне қарым-қатынасын танытады.

Мысалы: – *Е, Құнанбай, аруақ қаны қарғыс атсын! Көріңде өкіргір!*

– *Тәкежанды Құдай атсын, Құдай атқырды!*

Кейбір қарғыс мәнді сөз тіркестерінің жеке адамға бағышталған мәнінен гөрі әлеуметтік мәні айқын айқындалады: *«қырғын келгір», «жау шапқыр», «атың арып тулақ болғыр», «ерің арып аруақ болғыр», «жау қуғанда жалғыз қалғыр», «қызың жауға, ұлың дауға кеткір»* т.т.

Бір адамның екінші адамға істеген қызметі адал болмағанда істеген еңбегіне алған ақысы сай келмегенде *«дегеніңе жетпегірі», «тілеуіңді бермегірі», «өркенің өспегірі», «көсегең көгермегірі», «жолың болмағыр», «қара тастай қатып қал».*

Төлеген ақысына сай ішіп-жегеніне қарай еңбек етпегенде: *«алғаның ас болмағыр», «жегенің желкеңнен шыққыр», «тамағыңа тас тығылғыр», «ішкенің ас болмағыр», «дәм-тұз атсын», «дәм-тұз ұрсын»* т.б.

Тойымсыздыққа, қанағатсыздыққа байланысты: *«араның ашылғыр», «ындының құрғыр», «құлқының құрғыр», «атау кереңді ішкір», «аузыңа құм құйылғыр», «зәр ішкір», «жемесең жеусіз қал», «ішпесең ішусіз қал».*

Ретсіз жалған өсек тасуға байланысты: *«ауыздың азабын тартқыр», «қызыл тілің қырқылсын», «тіліңе шоқ түскірі», «тілің кесілгірі», «тіліңе күйдіргі шыққыр», «ішің жарылсын»,* т.б.

Екінші біреуді ретсіз ренжітуге байланысты: *«бағың ашылмасын», «бала-шағаңның игілігін көрме», «қызығын көрме», «басың жазылмай қалғыр», «кебін кигірі».*

Тіл алмағанда: «қағынғыр», «көктемегір», «көктей солғыр», «қыршыныңнан қиылғыр», «жүгірмек келгір», «бармасаң барусыз қал», «қағазда басың қалғыр», «көк шешек келгір».

Сарандыққа байланысты: «бермесең берусіз қал», «қатып қал».

Малға байланысты: «шытыр тигір», «бықырт тигір», «шекиек келгір».

Орынсыз жылап-сықтап маза кетіргенде: «қақсап қалғыр», «қақылдап қалғыр», «қара басыңа көрінгір», «қара басыңды жұтқыр», «көзің ойылғыр», «көзің аққыр», «зарлап қалғыр», «жағың қарысқыр», «көзің шыққыр», «жағыңнан алғыр», «басыңмен кеткір», «тәлімің құрғыр», т.б.

Жалғаншыл, өтірікші, қиянатшыл қылыққа: «жүзі құрысын», «жүзің күйгір», «жолыңа жуа біткір», «жуадай солғыр», «өтірігің бұйырмағыр», «жаның шыққыр», «жағыңа жылан жұмыртқалағыр», «есіктен төрге жетпе», «естімесең естусіз қал», «басқан жеріңе шөп шықпағыр», «аяғың аспаннан келгір», «отың өшін».

Қорыта келе, алғыс, қарғыс ұғымдарының мәні, ұғымдық аясы автордың контексте қолдануы бойынша көрініс табады. Мағынасы тереңдігі, қолданыс дәлдігі сол арқылы айқындалады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Пасельник О.С. Амбивалентно-оценочное образования как единицы разных уровней системы языка: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.03. – Алматы, 1997. – 150 с.
2. Аленикова С. Язык жестов // Наука и жизнь. – 1985. – №7. – С. 125.
3. Николаева Т.М. Анализ текста. – М.: Мысль, 1989. – 254 с.
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1985, – 156 б.
5. Ақ бата: Бата сөздер / құраст. С. Негимов, Т.Қазихұлы. – Алматы.

МРНТИ 16.41.21

K.R. Telgarayev<sup>1</sup>, S.B. Bektemirova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## VARIANTS OF THE ENGLISH LANGUAGE IN THE MODERN WORLD

### Abstract

Currently, in the context of globalization, we are witnessing a rapid increase in the number of English speakers for whom it is not native. At the same time, English is not only spread due to globalization, but is also its guide. Thus, as a result of the inevitable linguistic contacts of the English language with other languages arising under the conditions of its wide distribution, one can observe the existence of an uncountable number of variants formed in the conditions of such contacts. These options, dialects and regiolects, in the context of globalization become donors for world English. The concept of world English was proposed by numerous linguists specifically to designate the totality of all existing variants and dialects of English. It is characteristic that the units common to them have significant variability. Their alignment occurs only within the most common options: American and British standard English variants and world English as a whole. In such circumstances, the problem arises of choosing one or another option in the communication process.

**Keywords:** language variation, dialect, language standardization, regional peculiarity, linguistic contact.

Қ.Р. Телғараев<sup>1</sup>, С.Б. Бектемірова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Қазіргі жаһандану дәуірінде ағылшын тілінде сөйлейтін адамдар санының қарқынды өсуіне куә болып отырмыз. Ағылшын тілі қолданыс аясының кеңеюі - жаһандану есебінен, әрі тіл де оның қозғаушы күші болып табылады. Осылайша, ағылшын тілінің басқа тілдермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде пайда болатын, лингвистикалық байланыстар арқылы қалыптасқан нұсқалардың санының еселенуі байқалды. Бұл опциялар, диалектілер жаһандану контекстінде ағылшын тілінің вариативтенуі болып табылады. Әлемдік ағылшын тілінің тұжырымдамасын лингвисттер ағылшын тілінің барлық нұсқалары мен диалектілерінің жиынтығын айқындау үшін ұсынды. Оларға тән бірліктер айтарлықтай ұқсастықтар мен ерекшеліктерге ие. Олардың теңдестірілуі ең кең таралған нұсқаларда ғана кездеседі: американдық

және британдық стандартты ағылшын нұсқалары және жалпы ағылшын тілі. Мұндай жағдайда, тіл үйренуде және оны қолдануда бір немесе бірнеше нұсқаны таңдау мәселесі пайда болады.

**Кілтсөздер:** тілдік ауытқулар, диалект, тіл стандарттау, аймақтық ерекшелігі, тілдік байланыс.

*К.Р. Телгараев<sup>1</sup>, С.Б. Бектемирова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

## ВАРИАНТЫ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

### *Аннотация*

В настоящее время в условиях глобализации мы являемся свидетелями стремительного прироста количества носителей английского языка, для которых он не является родным. При этом английский не только распространяется благодаря глобализации, но и является ее проводником. Таким образом, в результате неизбежных языковых контактов английского языка с другими языками, возникающих в условиях широкого его распространения, можно наблюдать существование несчетного количества вариантов, образующихся в условиях таких контактов. Данные варианты, диалекты и региолекты, в условиях глобализации становятся донорами для мирового английского. Понятие мирового английского языка было предложено лингвистами специально для обозначения совокупности всех существующих вариантов и диалектов английского языка. Характерно, что общие для них единицы обладают значительной вариативностью. Их выравнивание происходит только в рамках наиболее распространенных вариантов: американском и британском стандартных вариантах английского языка и мировом английском в целом. В таких обстоятельствах возникает проблема выбора того или иного варианта в процессе коммуникации.

**Ключевые слова:** языковые вариаций, диалект, стандартизация языка, региональная специфичность, языковой контакт.


Today, English is the most common and significant language in the world. The leaders in the number of native speakers are Mandarin (Chinese) and Hindi (considering the size of the population in China and India), but English is the most important in international relations, business, science, medicine, and education. The rapidly globalizing world desperately needed a universal means of communication between people, business structures and states - and for many historical reasons, English became such a medium. As you know, it is distributed not only in the UK, but also abroad, and is the official language in many countries around the world. At the same time, the English language of each state has its own characteristics, its own distinctive features, which were formed in the course of historical development, as a result of the influence of the indigenous language, the languages of the neighboring countries. A few centuries ago, there was a single version of English, one that was spoken only in Britain. Other variants of the English language began to appear when the British began to actively conquer new lands across all continents and brought their language to America, Australia, New Zealand, Asia and Africa. In each of these places, English developed in its own way, enriching and evolving, interacting with local dialects and dialects spoken by residents of the British colonies. As a result, various dialects and variations of modern English appeared. The linguistic influence of the British English is related to the fact that it is traditionally used as a subject of study in the educational system of most countries of the world.

The increasing role of the American version is explained by the position that the US occupies in modern economic, scientific and cultural life and the activities of the media. American and British variants are not different languages, and this is confirmed by practice: Americans, Canadians, British, Australians and New Zealanders easily communicate with each other. In these versions of the English language, there is a lot in common, but there are quite a lot of specific differences, and they are especially noticeable in the vocabulary.

This project is devoted to the study of basic variants of modern English. At first glance, the language may seem the same in all English-speaking countries, but upon closer inspection, you can find a large number of features that are characteristic only of these variants of the English language. The object of research in this work are the variants of the English language in all its diversity. The purpose of this work: to identify features that characterize different variants of the English language. To achieve this goal, the following tasks were set: to study the literature on this topic, consider the phonetic, grammatical and lexical features of the main variants of modern English, analyze and summarize information about the most well-known variants of the English language. The spread of the English language in the modern world. Based on the actual distribution of languages in the world community, the United Nations has chosen six languages as its official languages: English, French, Spanish,

Russian, Arabic and Chinese. A special place among them belongs at present to the English language, which is the language of interethnic communication for all mankind, allowing people to communicate, regardless of nationality and place of residence. One of the features of the functioning of the English language is the use of it as a state language not by one, but by many nations. Consider the prerequisites for the acquisition of the English language of its current international status. Historical. Active colonialism in the era of great geographical discoveries and the Enlightenment expanded the territory of the British Empire (the country over which the sun does not set", as it was called then - because the possessions of the British crown were in almost all time zones of the planet). It is quite natural that English became the official language for the British colonies. By the time of the final disappearance of the British Empire in the 20th century, the language was so deeply rooted in the former colonies that there was no reason to change its status. In addition, the need for diplomatic relations with such a powerful neighbor forced other European powers to learn English as well. Technological. Most of the modern technology developments are created in the English-speaking United States and are covered by US patents. For example, the Internet that has penetrated our daily lives has grown precisely from the military developments of the US Army, which later found application in scientific purposes and in the civilian communications market. Informational. A huge number of scientific publications, fiction, films and music have been published in English. All major universities, film companies, music labels are located and registered in the United States and other English-speaking countries. Major news agencies use primarily English. Linguistic. English, despite its wealth, is quite simple to learn. Moreover, now in the world there is a significant simplification of the language in communication between non-native speakers. Along with some other languages of the world, English in the UK, USA, Canada, Australia, New Zealand, a number of developing countries in Asia and Africa, the former colonies of Great Britain, belongs to polynational and polyethnic languages, belongs to not one, but several nations, not one and several ethnic groups. In the history of the spread of the English language, it is customary to single out three periods. The first period was earlier the Middle Ages, when the influence of French and some other languages on English was quite significant. The second period - the Renaissance and the years following it, when English borrowed a large amount of vocabulary from classical languages and the work of a number of playwrights, especially Shakespeare, significantly enriched it. The third period - the end of the second millennium - the beginning of the new millennium.

Picture 1. The usage of English as an official language shown in a worldwide map.




Since the 60s of the twentieth century, distribution of the English language has become very wide. Some countries initially used it as a means of inter-ethnic means, then the language gradually changed and became native to the population. So, the British version of the English language marked the beginning of the American version, and then the Australian and some others. English has a special place in seventy-five countries of the world. In nineteen countries, it is the state language. He is taught as a foreign language in more than 100 countries. In most countries, English is taught in schools as the main foreign language. In the XIX century, Great Britain became the leading industrial and commercial power. During the 19th century, the British political system promoted the spread of English throughout the globe. And in the twentieth century, this process has accelerated, primarily due to the economic power of the United States. English is one of the official languages of the UN, UNESCO, the World Health Organization, the official and working language of many international meetings and conferences. Nowadays there is a radical change in the language situation in the world. Never in the past have so

many countries and peoples felt such a need to communicate with each other. Never before have so many people had the opportunity to travel around the world. Never before has there been such a need for the development of bilingualism. In the modern world, English serves as an international language. Over the past decade, English has become an international means of communication, has acquired the status of a "global language".

The term "international English" most often refers only to the British and American variants of the English language, to a lesser extent with the Canadian and Australian versions. The definition of English as polyethnic, or polynational, reflects not so much its functional role, as ethnographic distribution, assignment to different ethnic groups, which is the result of its performing the function of a language of international communication. One of the criteria for the international status of a language is considered to be a large number of functions performed by it: recognition of it as a state or official language in a country where it functions in such areas as administrative management, court, media, educational system. English in the modern world has become an "additional" language for a number of peoples, and this status of it manifests itself in expanding functioning, increasing intercultural areas of use, and deepening social use. As an intermediary language in the modern world, English plays the role of a language of intercultural interaction and enrichment. This is largely due to the fact that since ancient times, the English language has shown a tendency to borrow vocabulary from other languages. In this case, there is a change in the "standard" version of the English language, the formation of its new types that exist internationally and have millions of users.

Picture 2. The history of the English language.



The current state of English as a multinational. Modern British is heterogeneous and far from classical English that existed 3 centuries ago. Within the British version, three language types are distinguished: conservative English (conservative - aristocratic English, the language of members of the royal family and parliament), accepted standard (received pronunciation, RP - media language or BBC English, language of educated speakers) and advanced English (advanced - youth language). The latter type is the most mobile, malleable, changing, it actively incorporates elements of other languages and cultures. Advanced English is most susceptible to the general tendency to simplify the language. Changes occur primarily in the vocabulary: the world around us is changing, new phenomena are emerging that need to be given a name, and old ones have to come up with other names. Also, the British vocabulary is replenished by borrowing from other variants of English, mostly from American. The language of the educated population of London and the southeast of England eventually acquired the status of a national standard (RP). It is based on the "correct English" language, which is used in the best private schools (Eton, Winchester, Harrow, Rugby) and universities in the UK (Oxford, Cambridge). This is the classic, literary English, which is the basis of any English course in linguistic schools for foreigners, which is taught in schools and universities of our country. Canadian, Australian and New Zealand versions of English are closest to classic British. Due to their geographic isolation, these countries did not experience the strong influence of other languages and cultures. In the formation of the American version of English, almost all Europeans took part, while Australia, New Zealand, Canada, and South Africa were predominantly British. America has created almost a new language: the changes affected not only phonetics and vocabulary, but also the most stable part of the language - grammar. Therefore, it is only natural that disputes are conducted mainly around two variants of the

English language - British and American. Unlike the British version, American English is more flexible, open to change and easy to understand, it is the language of the new generation.

In particular, that is why he became more common in the world. The main features of the British version of the English language English is the official language of Great Britain, the vast majority of Britons speak it. In Wales, part of the population speaks Welsh (Welsh), in Scotland - in Scottish (Scottish) or Gaelic, in Northern Ireland - in Irish (Irish). In the Highlands (Scottish Highlands) you can still hear the ancient Scottish language - Gaelic (Gaelic). The ethnic composition of Great Britain: the British - 81.5%, the Scots - 9.6%, the Irish - 2.4%, the Welsh - 1.9%, other nationalities - 4.6%. English, spoken in each of the four parts of the UK (England, Scotland, Ireland, Wales), has its own differences. The English language spoken by the Scots, the Welsh, the Irish, is somewhat different in pronunciation and usage from the English language of England. In the UK itself, several regional dialects are also distinguished: northern, central, southwestern, southeastern, Scottish, Welsh, and Irish. The main difference between the Scottish speech is a very strong, rolling sound [r]; in addition, the Scottish, Welsh, Irish people use a lot of regional words and expressions in their speech. In order to convey the peculiarities of the Scottish speech, literature often uses words and phrases such as *aye* instead of *yes*, *week* instead of *little*, *I dinna ken* instead of *I don't know*, *mon* instead of *man*, *laddie* instead of *boy*, *lassie* instead of *girl*, *bairns* instead of *children*, *ye* instead of *you*. The speech of the Welsh and the Irish is distinguished by a rhythmic and melodious intonation, therefore, for example, the affirmative sentence of the Irish can be perceived as an interrogative Englishman. Speech features of the Welsh are given by such words and phrases as *boyo* instead of *man*, *look you* instead of *do you see*, there is cold it is instead of it is cold. Irish speech is marked by such expressions as *begorra* instead of *by you*, and repeating the last phrases, for example, *at all, at all*. The emphasis is very important in the UK. It shows where a person is from and what class he belongs to. In no other country, except Great Britain, it is impossible to determine with such confidence the social position of a person in society if he starts talking.

Интертекстуальность постмодернистская принципиально отличается от допостмодернистской. М. Липовецкий выделяет два основных критерия отличия, исходя из целей и задач, которым интертекстуальность подчинена, а именно размывание категории авторства и отказ от ориентации на оригинальность. Цитаты в постмодернистских произведениях организуются по принципу коллажа, особенностью которого является то, что знаки-символы, знаки-коды литературы, философии, художественной культуры сосуществуют в нем на правах полного равенства (гетерогенных элементов) и в каждом знаке-символе заложено не одно смысловое значение.

#### **Заключение.**

В пределах одного постмодернистского текста происходит не только перекодирования различных стилей литературы, но и сочетание кодов, знаков различных искусств: интертекстуальные отношения проявляются на уровне однородных и разнородных текстов.

В свою очередь, исследуя возможности интермедиального анализа художественного текста, Н.Тишунина делает вывод об эффективности этого метода в литературе постмодернизма. Однако подобная попытка не вполне правомерна, поскольку постмодернистская интертекстуальность имеет культурологи-ческий характер (И.Скоропанова, О.Калашникова), а взаимодействие кодов различных искусств является одной из особенностей интертекстуальности постмодернизма.

В настоящее время интермедиальный анализ является развивающейся отраслью гуманитарных знаний, однако этот метод имеет свои ограничения и не может быть применен ко всем литературным произведениям. Сегодня, когда обесцениваются устоявшиеся понятия и методы исследования, интермедиальный анализ успешно сочетается с другими филологическими методами исследования. К примеру, акцентируя внимание на взаимодействии художественного текста и кино, интермедиальный анализ позволяет выявить специфику литературного текста, особенности стиля того или иного автора, не теряя связи с общими закономерностями развития литературы и кино.

#### *Список использованной литературы*

1. Хамина А.А., Зильберман Н.Н. Теория интермедиальности в контексте современной гуманитарной науки. Вестник Томского государственного университета. 2014. № 389. – С. 38-45.
2. Jurgen E. Muller. *Intermediality and Media Historiography in the Digital Era* // *Acta univ. sapientiae, film and media studies*. 2010. Vol. 2. – P. 15-38.

3. Зенкова А. Ю. Визуальные исследования как интегральная область социально-гуманитарного знания / А. Ю. Зенкова // Научный ежегодник Института философии и права УрО РАН. – Екатеринбург, 2005. - Вып. 5. – С. 184. – 193., с. 95
4. Андреев Л.Г. Зарубежная литература второго тысячелетия. 1000 - 2000. / Л.Г. Андреев. – М., 2001. – С. 292-334., с. 292-334
5. Вагнер Р. Избранные работы / Сост. и коммент. И.А. Барсовой и С.А. Ошерова, Вступит. ст. А.Ф. Лосева. – М.: Искусство, 1978. – 695 с.
6. Казаркин А.П. Истолкование литературного произведения (Вокруг «Мастера и Маргариты» М.Булгакова). Кемерово, 1988. Делез Ж. Кино / Жиль Делез. – М.: Ад маргинем, 2004. – 622 с., с. 152
7. Женетт Ж. Повествовательный дискурс // Женетт Ж. Фигуры: Работы по поэтике. В 2 т. - Т.2. – М.: Издательство им. Сабашиниковых, 1998. – С. 60-282
8. Бахтин, М.М. Вопросы литературы и эстетики. Текст. / М.М. Бахтин. – М.: Художественная литература, 1975. – 502 с.
9. Женетт Ж. Повествовательный дискурс // Женетт Ж. Фигуры: Работы по поэтике. В 2 т. - Т.2. – М.: Издательство им. Сабашиниковых, 1998. – С. 60-282
10. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. Текст. / М.М. Бахтин. – М.: Художественная литература, 1975. – 502 с.

МРНТИ 17.81.21

Н.Ж. Батыр<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## **МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (С.Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» повесіндегі М.Шоқай бейнесі)**

*Аңдатпа*

Мақалада автор кеңестік дәуірде жазылған С.Шәкібаевтың “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты повесіндегі Мұстафа Шоқай бейнесіне, сонымен қатар ондағы көркемдік шындық пен тарихи шындыққа назар аударған. Ғылыми мақалада мұрағаттық деректердің көркем шығармада қолданылу әдістерін айқындау үшін нысанды зерттеушілердің еңбектерін негізге алған.

Автор мақалада тарихи шындық пен көркемдік шешімге тоқтала отырып, уақыт пен кеңістік категориясын алға шығарады және М.Шоқай бейнесіне бүгінгі күн тұрғысынан баға беруге тырысқан. Зерттеу нысанына алынған С.Шәкібаевтың “Үлкен Түркістанның күйреуі” повесін талдау барысында зерттеуші мәселені түрлі көркемдік аспектіде қарастырады. Кеңестік дәуір мен тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі идеялық-көркемдік ұстанымдардың аражігін ажыратып көрсетуге күш салады.

Зерттеу объектісі ретінде қарастырған шығарманы автор әдебиеттануда басты орын алатын уақыт пен кеңістік категориясы негізінде сараптайды.

**Кілт сөздер:** М.Шоқай, Түркістан легионы, уақыт пен кеңістік, кеңестік дәуір, тәуелсіздік.

N.Zh. Batyr<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## **THE USE OF ARCHIVAL DATA IN THE ARTWORK (The image of Mustafa Shokai in the story of S. Shakibayev “The Fall of Great Turkestan”)**

*Abstract*

In the article the author will pay attention to the image of M. Shokai in S. Shakibayev's novel “The Fall of the great Turkestan”, as well as to the artistic reality and historical truth. The scientific article discusses the work of researchers to determine the methods of using archival data in a work of art.

Focusing on the historical truth and artistic decision, the author promotes the category of time and space, and sought to assess the image of M.Shokai from the point of view of today. When studying S.Shakibayev's novel “The Fall of the great Turkestan” the author considers the problem in various aspects. In the article the author tries to distinguish ideological changes and differences in the Kazakh literature in the Soviet period and after independence.

The work, considered as an object of research, is analyzed by the author on the basis of the category of time and space, which occupy an important place in literary studies.

**Key words:** M.Shokai, Turkestan Legion, time and space, Soviet era, independence.

*Н.Ж. Батыр<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский Национальный университет им. аль-Фараби  
г. Алматы, Казахстан*

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АРХИВНЫХ ДАННЫХ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ (Образ Мустафа Шокай в повести С.Шакибаева “Падение большого Туркестана”)**

### *Аннотация*

В статье автор обратит внимание на образ М.Шокай в повести С.Шакибаева “Падение большого Туркестана”, а также на художественную реальность и историческую правду. В научной статье рассматриваются работы исследователей для определения методов использования архивных данных в художественном произведении.

Остановившись на исторической истине и художественном решении, автор продвигает категорию времени и пространства, и стремился дать оценку образу М.Шокай с точки зрения сегодняшнего дня. При изучении повести С. Шакибаева “Падение большого Туркестана” автор рассматривает проблему в различных аспектах. В статье автор пытается различить идеологические изменения и различия в казахской литературе в советское время и после независимости.

Произведение, рассматриваемое как объект исследования, анализируется автором на основе категории времени и пространства, которые занимают важное место в литературоведении.

**Ключевые слова:** М.Шокай, Туркестанский легион, время и пространство, советская эпоха, независимость.

**Кіріспе.** Халықтың қоғамдық-саяси, рухани өмірінде із қалдырған тағдырлы тұлғалардың көркем әдебиеттегі бейнесін зерттеп, зерделеу, біріншіден, тарихи уақыт категориясын алға шығарса, екіншіден, сол уақыт арқылы танылатын кеңістік мәселесіне барынша назар аударуды талап етеді. Зерттеуге алынған тұлғаның әрі оның көркем бейнесін жасаған жазушының өмір сүрген дәуірі мен ондағы қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуалға ден қою арқылы жұмыстың неғұрлым объективті сипат алуына ұмтылыс жасалады.

**Әдістеме.** Кеңестік кезеңде халқымыздың тарихында ойып орын алған көрнекті тарихи тұлғалардың көркем әдебиеттегі бейнесіне жазушылар тарапынан аса мән берілгені белгілі. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан бастап, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері», Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романдары ел тарихында айтулы із қалдырған алып тұлғалардың көркем әдебиеттегі бейнесін жасауға, ел жадына сіңіруге үлкен үлес қосты. Әйтсе де кеңестік тоталитарлық жүйенің цензурасы салдарынан көптеген тарихи деректердің бұрмаланғаны да шындық. Бұл айтылған туындыларда тарихи тұлғалар образы барынша объективті түрде, шындықтан аса алыс кетпеген-ді. Сондықтан да әдебиеттану тарихына бұл аталмыш шығармалар классикалық туынды ретінде енгені мәлім. Десе де, сол дәуірде кеңестік билікке қарсы күрескен арыстарымыз туралы айтуға тыйым салынды. Айтқан күннің өзінде, тек біржақты көзқараспен, халық жауы немесе сатқын ретінде көрсетуге тырысқаны белгілі. Серік Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты повесі де кеңестік кезеңде жарыққа шығып, сол көзқарас негізінде жазылған туынды болатын.

**Нәтижелер және талқылау.** Кеңестік кезеңде жарық көрген әдеби туындылар мен тәуелсіздіктен кейінгі жылдары жазылған шығармалардың арасында үлкен айырмашылық олардың көркемдік-идеялық ұстанымында жатыр. Мұстафа Шокай образының көркем әдебиетте бейнеленуі осы екі кезеңді де камтиды. Кеңестік дәуірде қазақ халқының бұл перзенті жайында біржақты көзқарас қалыптасты. Алашордалықтар “жапон тыңшысы” ретінде айыпталса, ал Мұстафаның атымен “пантюркизм” термині бірге ілесіп жүрді. Тұлғаның эмиграциядағы өмір жолын зерттеуші ғалым Бакыт Садықова кезінде “пантюркизм” терминінің саяси және, тіпті тұрмыстық лексикада күрт теріс мағынаға ие болғанын, Мәскеу Түркиядағы елшісі арқылы большевиктер “бас пантюркист” деп атаған Мұстафа Шокайдың сол елге келуіне және онда болуына тыйым салғанын айтады [1, 48].

М.Шокайдың көзі тірі кезінде қызыл империалистер тарапынан жасалған бұл әрекет ол өмірден өткен соң да жалғасын тапты. Баспасөз беттерінде, әдеби көркем шығармаларда М.Шокайды фашист

ретінде айыптау ашық жүргізілді. Шоқайтанушы ғалым Көшім Есмағамбетов соңғы кезеңде Мұстафаға батыс елдерінде де назар аударыла бастағанын, алайда Кеңес идеологтары мен олардың Шығыс Еуропа елдеріндегі пікірлестері КСРО-ның ыдырауына дейін шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын түрлі лақаптар таратып, М.Шоқайды фашистік Германияның “тыңшысы” ретінде көрсетуге әрекеттеніп келгенін айтады [2, 6].

1971 жылы Варшавада жарық көрген “Голоса издалека” деген поляк тіліндегі кітапта аға лейтенант Абдурахимов пен капитан Халимов деген тәжік ұшқыштарының 1942 жылы 10 қазанда немістерге тұтқынға түскені, олардан жауап алу кезінде Рейхтың қауіпсіздік басқармасы қызметкерлерімен бірге М.Шоқайдың да қатысқаны туралы айтылғанын жазады [2, 6]. М.Шоқай есімімен байланысты пікірталастардың көбі Түркістан легионы төңірегіндегі дауға келіп тіреледі. Кеңестік саясаттың бұл тұлғаға таққан айыбының бірі – оның Түркістан легионына “қатысы” болуына байланысты еді.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін М.Шоқайды халық біржақты, яғни Отанын сатқан сатқын ретінде ғана таныды. Кеңестік билік халық санасында сондай пікір қалыптасуына барынша жағдай жасаған болатын. Сол дәуірдегі түрлі басылымдарда шыққан саяси астарлы мақалалармен қатар, көркем туындыларда да оның есімі сатқын ретінде көрініс тапты.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары қарсаңында жазылған, орыс тіліне аударылып, 200 мың данамен одақ көлеміне тараған Серік Шәкібаевтың “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты повесінде Түркістан легионын құруды алғаш ұсынған М.Шоқай деп ашық көрсетілді. Біз бұл мақаламызда аталмыш шығарманың көркемдігімен қатар, деректік нақтылығына да тоқталамыз. 1968 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген туындыда автор 1941-1944 жылдардағы уақытты алып, сол аралықта Еуропа жерінде Түркістан легионының қалай пайда болғанын өзінше баяндайды. Автор жанрын «документальды повесть» деп белгілеген бұл туындысының бірінші тарауындағы алғашқы сөйлем: “Тұтқын хатты өзін таныстырудан бастапты...” [3, 3].

Атауы айғайлап тұрған шығарманы ашып оқи бастағаннан-ақ, ол тұтқынның кім екенін және хатында не жазғанын білмек боп дегбірі таусылған оқырман кітаптың аяғына, он сегізінші тарауға қалай шыққанын білмей қалуы мүмкін. Әділін айтсақ, повестің сюжеттік желісі тартымды, оқиғалары шытырман. Кейіпкерлер тағдыры, шиеленіске толы оқиғалар желісі оқырманды бірден баурап алады.

Әйтсе де, оқырман емес, ғылыми ізденуші ретінде объективті түрде екінші қайтара парақтағанда алғашқы әсерден арыласыз. Ондағы кейіпкерлердің ауыр тағдыры өткен кезеңді қайтадан қопарып, әрі қарай ізденуге итермелейді. Сюжеттік желінің ізімен келе, автордың тұтқын деп отырғаны М.Шоқай екені белгілі болады. Ал бұл шығарманың негізгі салмағын көтеріп тұрған Түркістан легионерлерінің концлагердегі азапты сәттері мен одан кейінгі тағдыр-талайы шығарманың ортасына қарай қызықты оқиғалық желімен өрбиді.

Онда “Арбайтсгемайншафт Түркістан” институтын басқарған фашистер партиясының мүшесі Ольцша Райнердің түркістандықтардан арнайы разведкалық топ жасақтағаны айтылады [3, 110]. Тарихтан белгілі Әлихан Ағаев бастаған 14 диверсанттың 1944 жылдың мамырында Жылыой өңіріне түсу оқиғасы да осы жерде баяндалған. Диверсанттардың Ольцшаның разведкалық мектебінен жан-жақты даярланып шыққаны да сонда айтылған.

Көркем туындыға арқау болған осы оқиға жөнінде бүгінгі күнге дейін түрлі пікірлер бар. Бұл туралы әлі күнге мақалалар жазылуда. Дәл осы диверсанттардың тағдыры туралы да бірнеше зерттеу мақала жазылды. Шынында, шығарма кейіпкері Ағаев (**повесте осылай Н.Б.**) кім екенін және оның әрі қарайғы тағдыры не болғанын білу үшін осы жазылған мақалаларға жүгінуге тура келеді. Журналист Ләззат Қаражанованың “Қырық төрттің мамыры” атты мақаласында осы аталған 14 диверсанттың тағдыры туралы тың деректер келтірілген. Серік Шәкібаевтың туындысында Ағаев бастаған диверсанттар сатқын ретінде көрінсе, ал Ләззат Қаражанова олардың сол уақыттағы ауыр да азапты тағдырынан сыр шерте келіп, мақаласын былайша қорытындылайды: “Неміс командованияесіне керегі Советтер арасына іріткі салып, ыдырату болса, Әлиханның ойы диверсиялық топтың күшімен большевизмді құртып, Қазақ легионын құру, Алаштың туын көтеріп, халқына азаттық әперу еді. Сөйтіп, немістер “Ағаевқа” лейтенант атағын беріп, Берлиннен елу шақырымдағы Люкенвальд лагеріне жібереді, ол қазақ жігіттерінен іріктеп, “Офлаг №3” тыңшылық мектебінен өтіп шығады. Әлихан Ағаевтың туыстары оның ақталатынына үмітпен қарайды”.

Автор меңзеуінен Серік Шәкібаев шығармасында елін сатқан опасыз сатқын деп көрсеткен кейіпкер Ағаевтың және Ағаев секілді қаншама түркістандық тұрқындардың тағдырына сергек қарауға, оны тереңірек зерттеп, зерделеу қажеттігін аңғарамыз. Сонымен қатар Л.Қаражанова Шәкібаев шығармасының кейіпкерлері, яғни Ағаевтың тобындағы 14 диверсанттың аты-жөндерін де келтіреді: “1. Әлихан



Ағаев – топ жетекшісі, Қызыл Армияның бұрынғы аға лейтенанты, немістің обер лейтенаты; 2. Радио-станция бастығы *Зұлхайыр Доцанов*, лақап аты – “Закиров Зұлхайыр”, неміс армиясының фельдфебелі; 3. Радист *Бақи Бисеналиев*, лақап аты “Бом”, 1914 жылы туған, Астрахан облысының тумасы, немістің унтер-офицері; 4. Топ дәрігері, лақап аты “*Баташев Балхай*”, екінші бір аты “Баташов Қамқор», шын аты-жөні белгісіз, неміс армиясының унтер-офицері; 5. “*Дінішев Мұхамбет*”, шын аты-жөні белгісіз, немістің унтер-офицері (*Бұл бесеуі өлтірілгендер*); 6. Радист *Ахмет Мұхамедиев*, лақап аты “Алғыров Ахмет”, “Алғыров Мір”, 1918 жылы туған, Батыс Қазақстан облысының тумасы, немістің унтер-офицері; 7. *Сәтмағамбет Оразов*, лақап аты “Мұхаммедов”, 1912 жылы туған, Гурьев облысының тумасы; 8. *Матай Омаров*, лақап аты “Жүнісов Ыбырай”, 1920 жылы туған, Новосібір облысының тумасы, бұрынғы ВЛКСМ мүшесі, бастауыш мектептің мұғалімі; 9. *Кеңесбек Бабашев*, лақап аты “Төлегенов Қалжан”, 1920 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы, бұрынғы ВЛКСМ мүшесі; 10. *Рахым Керімбердиев*, лақап аты “Қожымбетов Кәрім”, 1921 жылы туған, Ташкент облысының тумасы, бұрынғы ВЛКСМ мүшесі; 11. *Кеңесбай Кісебаев*, лақап аты “Аманжолов Қажыбай”, 1913 жылы туған, Ақмола облысының тумасы, Есіл МТС-нің бұрынғы тракторшы-механигі; 12. *Әбдіқадыр Әлжанов*, лақап аты “Қадыров Қайдан”, 1917 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы, Жамбыл қаласындағы малдәрігерлік техникумның бұрынғы студенті; 13. *Жарас Бастаубаев*; 14. *Сыдық Қалиев*” [4, 110]. Повесте бұл диверсанттардың кейбірі өз атымен аталса (Алихан Ағаев, Керімбердиев, Қалиев, т.б.), енді бірі лақап аттарымен берілген (Бом Бахи, Қадыров, Закиров, т.б.). Сонымен қатар бұлардың арасында елге келген соң кеңестер жағына өз еркімен берілгендердің әрі қарайғы тағдыры белгісіз.

Көркем туындыда тарихи шындықтың дәл сол қалпында баяндалуы міндет емес деген де ұғым бар. Бірақ жазушы шындықтан тым алыстап кетсе не шылғи өтірікке құрылған шығарма жазса, оның салдары келешек ұрпақтың оқырмандарын екіұдай пікірде қалдыратынын да ескеру керек. Тәуелсіздік алған жылдары бірінші боп М.Шоқай тұлғасына бүгінгі күн биігінен қараған, ол туралы “Қазақ әдебиеті” газетіне “Мұстафа Шоқай!.. Ол кім?” атты көлемді мақала жазған жазушы Әнуар Әлімжанов еді. Газеттің төрт бетін алған саяси сипаттамалық мақалада М.Шоқайдың тұлғасына шынайы баға беріліп, оның сатқын емес, елі үшін қолынан келгенді аянбаған ірі саяси қайраткер екені сөз болады. М.Шоқайдың тұлғалық болмысына баға бере келіп, Әнуар Әлімжанов ол туралы былай дейді: “Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап, жиырмасыншы ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін өз халқының көзі ашылмай көрген қасыреті туралы Ақиқатты айдай әлемге паш ету жолында жанын да, тәнін де жолына тігіп адал еңбек ету – Мұстафа Шоқайдың өмір мұраты, бойына қуат күйған нәр – осылар. Ол ақтық демі біткенше бойында ұлы мұрат пен бәтуәлі іс-әрекет біте қайнасқан жан болып дүние кешті” [5, 8].

Бірақ оның бұл сөздерін оқыған Серік Шәкібаев бұл мақала жазылмай тұрып, 23 жыл бұрын шыққан шығармасындағы ойын тағы қайталады. 1992 жылы 24 шілдеде “Қазақ әдебиеті” газетіне “Құрғақ долбар – дәлел емес” деген көлемді мақала жариялады. Ол онда былай деді: “Үлкен Түркістан” ешқашан болған емес, болмайды да. Тіпті “Түркістан конфедерациясы” түрінде де. Ендеше бұл даурықпаның авторы – Шоқаев бізге көсем де, герой да бола алмайды, сол баяғы кітапта көрсетілген кейіпкер қалпында қала береді” [6, 7]. С.Шәкібаев бұл мақаласында өз ұстанымынан айнымай, бұрынғы пікірінде, яғни М.Шоқайдың “сатқын” болғанын қайта бір еске салып өтеді. Тәуелсіздіктің ақ таңы атса да баяғы кеңестік көзқарасынан әлі де бас тартпағанын осы мақаласы арқылы білдірді.

Ал газеттің осы санында басылған “Ұлы адамның аруағымен алыспайық” атты қарсы мақаласында Әнуар Әлімжанов оған мынандай уәж айтқан еді: “Не мақаласында, не “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты кітәбінде “Мұстафа Шоқайұлы шынында да фашистерге сатылған екен ғой, көмектескен екен ғой, өз еліне өзі қастандық жасаған екен ғой дегізетін бірде-бір нақты дәлел, яғни “неоспоримый” факт табу қиын. Өйткені С.Шәкібаевтың қолданып отырған тәсілі өмірімізге КГБ арқылы сіңірілген тәсіл. Дерексіз болжау, жала жабу, провакацияға ұрындыру, жапқан жаланы “дәлелдеуге” тырысып, өтірікті шындық деп тану” [7, 7].

Бұл айтылған пікірге орай, С.Шәкібаевтың “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты повесінің қандай деректер негізінде жазылғанын зерделеу үшін басқа да фактілерге жүгінуге тура келеді. Өйткені мұрағаттық деректердің көркем шығармада қолданылуы жазушының шығармашылық даралығымен қатар, білім деңгейіне, ізденісіне де тәуелді. С.Шәкібаев повесінің дерккөзі туралы т.ғ.к. К.Тулентаева былай дейді: “Кеңес үкіметі жылдарында қазақ оқырманы соғыс жылдары “Түркістан легионы” дегеннің болғандығын және оның немістермен бірігіп, Кеңес мемлекетіне қарсы шыққандығын С.Шәкібаевтың “Үлкен Түркістанның күйреуі” кітабынан білгені мәлім. Документальды повесть деп танылған шығарманың алғы сөзінде оның “бұл тұңғыш еңбегі деректерге құрылған, белгілі оқиғаны баяндап беретін туынды” екендігі айтылады. С.Шәкібаевтың мәселені қарастыруы кездейсоқтық емес-ті, себебі ол Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Қостанай қалалық төрағасының орынбасары қызметін атқарушы еді. Бұл біріншіден, екіншіден, кітабы соғыстан кейін Алматыда 49 легионердің үстінен жүргізілген атышулы соттың мағлұматтары негізінде (дұрысы – рухында) жазылған-ды, үшіншіден, кеңес халқының санасына Түркістан легионын

құрушы Мұстафа Шоқай (қазір кереғар пікірлер бар) мен легионерлер туралы “халық сатқындары” біржақты тұжырымын бекітіп берген-ді” [8, 36].

С.Шәкібаев “Үлкен Түркістанның күйреуі” повесінің түйінінде Алматы қаласында Қазақ ССР-ы Мемлекеттік Хауіпсіздігі Халық Комиссарының орынбасары полковник Кенжалинның тұтқын Олыцшадан жауап алып отырған сәтін баяндайды. Онда Кенжалиннің басшылығымен герман разведкасының 1943-1944 жылдары разведкалық-диверсиялық топтарын ұстап әшкерелегені айтылады [3, 261]. Бұдан шығатын қорытынды, С.Шәкібаев повесті сол тұтқындардың айтуы бойынша, яғни тергеу материалдарын пайдаланып жазғаны аңғарылады. Ал оның шындыққа қаншалықты сәйкес екенін білу үшін тағы да тыңғылықты зерттеудің қажеттігі алға шығады.

1995 жылы 13 шілдеде жарық көрген “Түркістан легионы” және Мұстафа Шоқай туралы не білеміз?” атты мақаласында тарихшы Әбу Тәкенов былай деген еді: “...Сулевский де, Шәкібаев та соғыс тұтқындарының сөзіне тым сеніп кеткен. Олар соғыстан кейін өздерін ақтау үшін және Мұстафа Шоқайды жамандату үшін КГБ органдары мәжбүр еткенін естен шығаруға бола ма? Сондықтан легионға тұтқындарды зорлап кіргізді, көнбегендерін Мұстафа Шоқай крематорийге жібергізді деген жалған деректер де орын алғанын білеміз. Бұл тоталитарлық заманның ықпалы болатын” [9, 3].

Өмір бойы Түркістан халқының азаттығын аңсаған М.Шоқайды түркістандық тұтқындарды өз мақсатында пайдалануға тырысты дегенге сену логикаға сәйкеспейді. Тиісінше, бүгінгі жиналған шындыққа жақын деректік мәліметтерден М.Шоқайдың соғыс тұтқындарын, түркістандықтарды сұмдық азаптан құтқарып қалудағы амал-әрекетін көруге болады. Тарихшы Б.Сайлан бұл туралы былай дейді: “Мұстафа Шоқай неміс концлагерінде азапталған түркістандық әскерлерді қайткен күнде де соғысқа аттандырмауға көп күш жұмсайды. Болашақ Түркістанның қамын ойлап, Түркістан үшін білікті мамандар дайындау мақсатында тәжірибе жинау үшін Германияға фабрикалар мен зауыттарда жұмыс істеуді сұрап хат жазады. Өкінішке қарай Мұстафа Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда кенеттен қайтыс болып, жоғарыдағы идея өз мақсатына жетпейді” [10, 105].

Мұстафа Шоқай мен оның Түркістан легионына қатысы туралы әлі күнге дейін әртүрлі пікірлер бар. Кеңестік уақыт пен қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі айтылған пікірлердің арасында алшақтық барын мақаламызда айтып өттік. Әдебиеттанушы ғалым Н.Ақыш былай деген еді: “Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі руханият әлеміндегі өзекті мәселелердің бірі – мәдениет пен әдебиет саласындағы құндылықтарымызды объективті түрде қайтадан қарап, жаңаша бағалау мәселесінің күн тәртібіне шығуы. Замана алға қойып отырған талаптар тұрғысынан алып қарағанда, қоғамдық ойдың ешқандай саясатқа жалтақтамай, ақиқатты жарыққа шығаруға деген ұмтылысы табиғи құбылыс” [11, 6].

**Қорытынды.** Қорытындылап айтсақ, кеңестік тоталитарлық жүйе Мұстафа Шоқай есімін қаралауға күш салып, сол бағытта түрлі мақалалар мен тапсырыспен жазылған туындылар өмірге келсе де тәуелсіздіктің ақ таңы атқан сәттен бастап оның шынайы болмысын көрсетуге жазушылар мен зерттеушілер үлес қосып келе жатқанын көресіз. Халыққа тез сіңетін әрі оның санасына, ішкі сезімдеріне бірінші боп әсер ететін көркем туынды болғандықтан, жазушылардың шындықтан алшақтауы тұтас ұлттың теріс пікірін қалыптастыруға әкеп соққанын, соға да беретінін кеңестік социалистік реализммен жазылған қаншама туындылардан-ақ аңғаруға болады. Табылған дереккөзге сүйеніп қана қоймай, оның ақ-қарасын анықтау, шындыққа қаншалық сәйкес келетінін өзінше зерттеу жазушының алдағы жазбақ болған туындысының неғұрлым өміршең болуына негізгі кепіл болмақ.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Садыкова Б. TÜRKİSTAN MİLLİ BİRLİĞİ: научное исследование. – Алматы: Общественный Фонд Международного Фонда Ер Жәнібек, 2016. – 284+8 с.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық, 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 544 бет.
3. Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі. – Алматы: Жазушы, 1968. – 264 бет.
4. Қаражанова Л. Қырық төрттің мамыры. // <https://m.azh.kz/kz/>. – 2014. – 22 мамыр
5. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!.. Ол кім? // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 31 мамыр. – 12 б.
6. Шәкібаев С. Құрғақ долбар – дәлел емес. // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 24 шілде. – 12 б.
7. Әлімжанов Ә. Ұлы адамның аруағымен алыспайық. // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 24 шілде. – 12 б.
8. Тулентаева К.А. Түркістан легионы: тарихнамалық мәселелер. // Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының хабаршысы. – 2015. – Орал.
9. Тәкенов Ә. Түркістан легионы және Мұстафа Шоқай туралы не білеміз? // Егемен Қазақстан. – 1995. – 13 шілде. – 15 б.
10. Сайлан Б., Текеев А. Түркістан легионы және Мұстафа Шоқай. // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №4 (79). – Алматы: Қазақ университеті. – 2015.
11. Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. – Алматы: Арда, 2010. – 416 бет.

МРНТИ 18.07.47

Н.Б. Бердіқожа<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
Қызылорда қ., Қазақстан

## ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

*Аңдатпа*

Қазақ поэзиясына сыршыл лирикалық өлеңдерімен өзіндік үлес қосқан ақын Зейнолла Шүкіров жастайынан ауыр хәлге душар болған, алайда қайтпас қайсарлығымен, табандылығымен таныла білген құрыш қазақ. Шет ел аралап, жер көріп табиғатына сүйсінбесе де, туған жерінің топырағын, көз тартар сұлулығын, атланттар секілді күміс киген ақ толқынды теңізін жырға қосты. Табиғат лирикасына жататын өлеңдері классикалық көркемдік үрдістер аясындағы шығармашылық сипатымен ерекшелене білді. Сонымен бірге ақынның романтикалық-реалистік сарындар тұтастығымен жырлаған шығармашылық өзіндік мәнерін де аңғартады. Көрнекті ақын Зейнолла Шүкіровтің табиғат лирикасы қазақ поэзиясының ежелгі замандардан бүгінгі кезеңге ұласқан көркемдік-эстетикалық ұлағатын даму жолының өміршеңдігін танытты. Табиғат пен өзінің жанын егіз деп санап, түрлі теңеулермен ішкі жан дүниесіндегі арпалысты қағаз бетіне түсіре білді. Лирика жанрына қалам тербеген адуынды ақындардың легінде Зейнолла Шүкіровтің поэзиясы да Алаш ұранды классикалық әдебиетіміздің рухани құндылықтар қазынасын лайықты үлес болып қоса білді.

**Түйін сөздер:** поэзия, лирика, поэтика, З.Шүкіров, В.Г. Белинский

*N.B. Berdikozha<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan

## NATURAL PHENOMENA IN THE LYRICS OF ZEEINULLA SHUKUROV

*Abstract*

Zeynolla Shukurov, who made a great contribution to the poetry of Kazakh poetry, was a Kazakh who found it difficult, but he was persistent in his endurance. The poems of ZeinullaShukurov, who made a great contribution to the poetry of Kazakh poetry, are also characterized by the creative nature of classical artistic movements. Poems of poetry, written by nature ZeinollaShukurova, show that the classical tradition in the general literary process continues. At the same time, the romantic and realistic genre of the poet reflects creative, self-proclaimed singing. The natural lyrics of the outstanding poet Zeinulla Shukurov reflect the vitality of the artistic and aesthetic development of Kazakh poetry from ancient times to the present day.

The natural lyrics of the outstanding poet Zeinulla Shukurov reflect the vitality of the artistic and aesthetic development of Kazakh poetry from ancient times to the present day.

**Keywords:** poetry, lyric poetry, poetics, Z.Shukurov, V.G. Belinsky

*Н.Б. Бердықожа<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Қызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан

## ПРИРОДНЫЕ ЯВЛЕНИЯ В ЛИРИКЕ ЗЕЙНОЛЛЫ ШУКУРОВА

*Аннотация*

Зейнолла Шукуров, внесший большой вклад в поэзию казахской поэзии, был казахом, которому было трудно, но он был настойчив в своей стойкости. Стихи Зейнуллы Шукурова, внесшего большой вклад в поэзию казахской поэзии, также характеризуются творческим характером классических художественных течений. Стихи поэзии, написанные природой Зейноллой Шукуровой, показывают, что классическая традиция в общем литературном процессе продолжается. В то же время романтический и реалистический жанр поэта отражает творческое самозванное пение. Природная лирика выдающегося поэта Зейнуллы

Шукурова отражает жизнеспособность художественно-эстетического развития казахской поэзии с древнейших времен до наших дней.

Рассматривая природу и душу как близнеца, он смог положить во внутренний мир колючую бумагу с различными уравнениями. Поэзия Зейноллы Шукурова в кругу поэтов, не пишущих в жанре лирики, также стала достойным вкладом в лозунг Алаша – сокровища духовных ценностей нашей классической литературы.

**Ключевые слова:** поэзия, лирика, поэтика, З.Шукуров, В.Г. Белинский

**Кіріспе.** Қазақ поэзиясында тыңғылықты шығармашылық тұлғасымен, қайтпас қайсар рухты тағдырымен даралана танылған ақындардың бірі – Зейнолла Шүкіров

Ғұмырдың керуені алға жылжыған сайын Зейнолла Шүкіровтің артына қалдырған әдеби мұрасы - жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай түсуде. Өмірінің соңына дейін төсекке таңылып жайдан-жай жатпаған ақын, бар білімді төсегінде жатып-ақ бойына сіңіре білді. Көңіліндегі жарық сәуле әдебиет әлеміне жол көрсетіп, қолына қалам алғызды. Шағын ғана өлеңмен басталған Зейнолланың шығармашылығы жылдан-жыл өте келе шалқар теңізге айналғаны айқын. Жырларының қайраты тек ой өрлігінде, сөз серпінділігінде ғана емес, сырлы да, сұлу, бейнелі тенеулермен, эпитеттермен, төгілмелі ырғақпен, тігісі жатық ұйқаспен өрнектеліп, місекер қолынан шыққан мүліктей боп шыға келетіндігінде. Романтизм мен реализм сарындары тұтастығымен жырлауының ғажайып өнегесін танытты. Ақын архив аралап шет ел көрмеді, алайды романтикалық бейне жасау арқылы қалың жұртшылыққа танымал романдар, әңгімелер, өлеңдер жазып, артына өлмес мұра қалдыра білді. Зейнолла ақынның поэзиясындағы романтизм мен реализм көркемдік әдістері аясында жырланған шығармалары қазақ сөз өнері дамуындағы дәстүр мен жалғастық заңдылығының тарихи поэтикалық боялысын көрсете біліп, ХХ ғасырдың 50-70-жылдарындағы қазақ поэзиясы дамуындағы негізгі поэтикалық сипат болмысын құрайтын ерекшелік айналғаны хақ.

Ақынның қаламынан туған лирикалық өлеңдері ХХ ғасырдың 50-70-жылдарындағы поэзияның өсу, кемелдену келбетін құрап, аталған жылдарда миллиондаған оқырмандардың көңілдерін баурап, сезімге жетеледі. Ақын шығармаларындағы лирикалық қаһарманның тұлғалық бейнеленуінен уақыт пен кеңістіктегі өмір шындығы қозғалыстарындағы адамдардың жан ділі әлеміндегі саналуан сарынды толғаныстардың, тебіреністердің, қуаныш пен қайғыға, үміт пен торығуға, жасу мен жігерленуге және т.б. бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар мен қасиеттердің өзара қатарласқан, шендескен, үндескен поэтикалық сипаты философиялық, психологиялық сарындар тұтасуы жағдайында жырланды.

**Әдістеме.** Қазақ поэзиясына сыршыл лирикалық өлеңдерімен өзіндік үлес қосқан ақын Зейнолла Шүкіровтің табиғат лирикасына жататын өлеңдері де классикалық көркемдік үрдістер аясындағы шығармашылық сипатымен ерекшеленеді. «Таң алдында», «Аңсарым алыс жұлдызда», «Теңіз жыры», «Күн батарда», «Тербейді таң самалы, май самалы», «Алматым», «Айнакөл», «Теңіз», «Таң алдында» («Тыныпты тентек жел ескен»), «Дауыл», «Ай», «Қала берсін мүлгіп құрақ», «Ақша қар», «Көктем», «Қыс», «Аякөз тоғайы», «Ерке гүл, сарғайма ерте күздің соқпай», «Сыпырды қыс ақ көрпесін», «Жайылып жаңбырдан соң алақаны», «Ақша қар», «Күз әпке», «Табиғат қалады-ау бір жырғап таңда», «Теңізбен кездесу», «Ей, таулар, бұлт айналған төбесінен», «Қансонар», «Қарағай», «Ару көл», «Бұлттар, бұлттар», «Көл жағада», «Айнакөл», «Күншуақ», «Көктем күліп кіреді талай баққа», «Бақша», «Балқұрақ», «Нөсер күні», «Тау гүлі», «Қоңыр күз», «Дауыл», «Бұлт», «Қыз бен аяз», «Жауғытұрым», т.б.

З.Шүкіровтің табиғат лирикасы тақырыбындағы өлеңдерін жоғары мектеп оқушыларына қазақ әдебиеті сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы (түсіндіру, іздену, топтастыру, түртіп алу стратегиясы, Венн диаграммасы, шығармашылықпен жұмыс) көптеген нәтижелерге жеткізуге болады. Атап айтар болсақ, тіл байлығын дамытуға; шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге; оқушыларға қысқы табиғат құбылысы мен адамдар мен жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруға; ақынның лирикалық шығармаларындағы мазмұн мен пішін поэтикасын құрайтын ерекшеліктерін танытуға.

**Нәтижелер және талқылау.** Ақынның қалам тербеуіне халықтың жүрегіндегі толқыныстар, өміріндегі бұраландар, көңіліндегі селкеуліктер, қабағындағы кірбіндер, жанындағы жаралар септігін тигізгені мәлім. Барлық қолынан қауырсын қаламы түспеген ақын халықтың соққан жүрегіннің дүрсілі мен лүпіліне үндесуге тырысады. Ал үндесе білу үшін сол жердің адамдарының көргенін көріп, татқанын татып, тарихи шежіресі мен дәстүрін біліп, рухани біртұтас әлемге айналу керек. Өйткені, ақын мен халық егіз ұғым. Мінекей Зейнолла ақынның да дүниеге келген жері табанынан суы кетсе де, жүрегінен жыры кетпеген ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан ақындық дәстүрді іргелі жалғастырушы қасиет қонған ірі өнер ордасы, жыр қазанын қайнатқан қара шаңырақ Арал топырағы. Әйгілі «Мырзас-

тағы жыр мектебі» қалыптасқан, шайырлар мен шежірешілердің отаны. Кезінде көздің жауын алар әсемдігімен көз тартқан, шағалалары шабытына ұран берген Арал теңізі.

«Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» атты еңбегінде: «Лирика мылқау түйсікке тіл бітіріп, образ береді, оларды ыстық, тар кеуденің қысымынан көркем өмірдің тың әуесіне шығарып, өзгеше өмір береді... Субъектіні жұбатқан, ашуландырған, қуантқан, ренжіткен, рақаттандырған, қинаған, мазалаған нәрсенің бәрін де, бір сөзбен айтқанда, субъектінің рухани өмірінің мазмұны боларлық нәрсенің бәрін де, субъектіге бойлап, субъектіде пайда болғанның бәрін де лирика өзінің заңды әншісіндей қабыл алмақ» [1, 352] деп Әдебиет сыншысы Белинский айтқандай қазақ лирикасының кеудесінде романтикамен ән салған ақындардың бірі Зейнолла Шүкіров.

Ықылым заманнан бері адамзат табиғатпен етене жақын. Сондықтан айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне бірден баурап алған. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып шабытына шабыт қосып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған.

Зейнолла ақынның да табиғат лирикасы – ақынның бейнелі өрнекті тіркестерімен, тармақтарымен суреттелген. Байтақ дала мен көл жағалаулары арасында тұрған ақын - аспан, Күн, көл, жасыл табиғат – бәрін көз жанарына сыйғыза қарап тұрып қайталанбас суреттер тұтастығын өлең өрнегімен бейнелеуі лирикалық-психологиялық тебіреністермен өре біледі:

Мөлдіреп ұшан – теңіз ашық аспан,  
Жер үстін жаздың салқын кеші басқан.  
Балқиды көкжиекте нарттай жанып,  
Қызыл күн нұр шапағын шашыратқан.  
Бөленді қызғылт түске су беті де,  
Әлде бұл батар күннің құдіреті ме?!  
Жел тынып, жасыл құрақ мүлгіп қалған,  
Көз тоймас кештің сол бір суретіне.  
Кең айдын көлдің шалқар атырабы,  
Жай толқып тынши алмай жатыр әлі.  
Тек жым-жырт көл жағада жасыл тоғай,  
Жас талдың селт етпейді жапырағы.  
(«Күн батарда» өлеңінен) [3, 22]

Зейнолла – романтик ақын. Тіршілік кеңістігіндегі табиғат құбылыстарының алай-түлей дауылды, жауынды сәттерін лирикалық қаһарманның көңіл-күй әуендерімен егіздей бейнелеп жырлауы да романтикалық өршіл ой келеріне ортақ психологиялық жағдаймен баламаланғандай әсер береді:

Азынайды жел гүлеп,  
Алаулайды соңғы арай.  
Тулап теңіз теңбіл көк,  
Астан-кестен бар маңай.

Дауыл шайқап, жел қуған,  
Айналаң бір ақ көбік.  
Толқын туып толқыннан,  
Шу көтеріп жатты өріп.  
(«Дауыл» өлеңінен) [2, 320].

Бұл өлеңінде адамның ішкі көңіл күйіндегі арпалыс табиғатпен бірге өріліп жатады. Себебі табиғат дегеніміз тіршілік қозғалыстарының, суреттерінің кешенді болмысы. Ақынның табиғатқа арналған өлеңдерінде кейіптеулік бейнелеулер арқылы табиғат құбылыстарының адамдарға баламаланып бейнеленуі де поэтикалық үрдістердің классикалық дәстүрлі жолын аңғартатыны айқын. Ақынның табиғат лирикасын құрайтын өлеңдерінде кейіптеулік бейнелеулердің ұлттық діл аясындағы жырланғанын мына өлең шумақтарымен дәлелдей түссек:

Тоғай-жеңге таппайды тыным бүгін,  
Құрып жатыр көк жібек шымылдығын.

Тасасында ақ терек таранады,  
Жұрт көзінен жасырып сұлулығын...  
Соны көріп бала гүл жымың-жымың... [3, 336].

Зейнолла Шүкіров – қазақ поэзиясындағы теңіз сырларын романтикалық жырлармен өрнектеген ақын. Арал теңізінің шалқып жатқан кезеңінде өршіл ойлы жан әлеміне толқындардың қозғалысын, теңіздің шалқар кеңістігін, дауылды сәтіндегі аласұрған, тымық күндегі момақан қалпын, т.б. – өмір құбылыстарымен баламалы суреттерін өз жырларымен сабақтастырды.

Ақынның теңіз туралы өлеңдерінен табиғат құбылыстарымен егізделе өрілген ақын-күрескердің әрі нәзік, әрі өршіл рухты қайсар бейнесімен диалогтасамыз. Теңізбен сырласу – лирикалық қаһарман ақынның жүрек тебіреністерінің үні. Теңіз – өмір – тынымсыз қозғалыстағы тіршіліктің шынайы болмысы. Адамдардың табиғаттың толық мүшесі тұрғысында өзін қоршаған құбылыстармен іштей сырласа өмір сүретіні – Жаратушы Алланың құдіреті арқылы жүзеге асқан ұлы заңдылық. Зейнолла ақынның теңізбен тілдесе, сырласа жырлауы оның азаматтық лирикасындағы ұлттық-отаншылдық дүниетаным биіктігін дәлелдейді.

«Теңіз жыры» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның теңізге арнай жырлауы да табиғатпен етене сезімтал адам жан ділінің ғажайып сырлы әлемін елестетеді:

Шалқар теңіз, шуылдайсың, неге алмайсың сен тыным,  
Асыр салып көкке атылып, ойнайды ерке толқының.  
Көбік шашып күркіреді, соғып жартас төсіне,  
Бұрқ-сарқ етіп құлап түсіп, қайта ұрады өшіге...  
Онан сенің қайтпас қайсар қайратыңды көрем мен,  
Асқақ үнді жыр іздесем күнде саған келем мен,  
Тымық түнде тұңғыыққа қонақтаттың сен Айды,  
Күміс Күн де көкжиектен қимай саған қарайды.  
Қандай көркем маужыраған жазғы сабат кешкі уақ,  
Мүлгиді ойшыл жасыл жағаң,  
Не тындайды жас құрақ?!  
Сыршыл жырдың бір шумағын таптым ба екен сонан мен,  
Терең ойда толқып жалғыз тебіренгендей болам мен [4., 304].

Күмістей көбігін көкке шашыратқан теңіздің көкірегіне әсем Айды қондырып, күні бойы күлкіге толы жып жылы жүзіне мұң ұялатып Күн көзінде көкжиегіне қимай аттандыратын Зейнолла ақынның жүрегінде жара салған қасіретінің үні бұрқақша атқылап жатпағанына кім кепіл?!

**Қорытынды.** Табиғат лирикасы поэзиялық мұралардағы эстетикалық тағылымы айрықша маңызды сипатымен ерекшеленеді. Жаратылыстың сан алуан суреттері мен құбылыстарын поэзиялық өрнектермен бейнелей жырлау арқылы ақындар адамдардың тіршілік кеңістігімен біртұтас болмысын дәлелдейді. Зейнолла Шүкіров поэзиясындағы табиғат лирикасын құрайтын өлеңдері де жалпы әдеби үдерістегі классикалық дәстүр жалғастығын танытады. Сонымен бірге ақынның романтикалық-реалистік сарындар тұтастығымен жырлаған шығармашылық өзіндік мәнерін де аңғартады.

Қорыта айтқанда, көрнекті ақын Зейнолла Шүкіровтің табиғат лирикасы қазақ поэзиясының ежелгі замандардан бүгінгі кезеңге ұласқан көркемдік-эстетикалық ұлағатын даму жолының өміршендігін танытады.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. *Белинский В.Г. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1987. – 352 б.*
2. *Ысқақұлы Д. Әдебиет айдынында. – Алматы: Арыс, 2009. – 320 б.*
3. *Шүкіров З. Арал толқындары: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 336 б.*
4. *Шүкіров З. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1976. – 304 б.*

МРНТИ 16.01.45

М.А. Буркитбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті  
Түркістан қ., Қазақстан

## ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада эссенің түрлері және бағыттары, әдебиеттегі образдары шетелдік және отандық авторлардың эсселерінің негізінде қарастырылады. Қазақ тіл білімінде «эссе» жанрының қалыптасуы барысында әлемдік тұлғалар мен отандық қаламгерлердің рухани байланысы көрініс табады және сондай-ақ, әдеби шығарма жанрының бір түрі ретінде мәдениетімізде орын ала бастауы сөз етіледі. Эссе даму сатыларында өзге де жанрлар тәрізді түрленіп, ең маңызды қасиеті ретінде жазушылардың, зерттеушілердің ортақ ойы, тұжырымы пайда болып, философиядағы экзистенциалды тәжірибемен ұштастырылып, «мен» – таным субъектісіне, әрі нысанына, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының қайнар көзіне айналып отырғандығы уақыт шындығы. Жазушылар шығармаларындағы эссеистік стиль ерекшеліктері талдана отырып, оның – табиғатпен, әлеммен, мәдениетпен қарым-қатынасқа түсуі арқылы, ойдың тұтастығы айтылған.

**Кілт сөздер:** эссе, эсселік стиль, эссеизм, жанр, өзіндік дүниетаным, мәдениет.

*M.Burkitbayeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

## STUDYING AND FORMING THE GENRE ESSAY

*Abstract*

This article deals with the types, directions of the essay and their images in literature based on the essay of foreign and domestic authors. In the process of forming the “essay” genre in Kazakh linguistics, it reflects the spiritual connection between world and domestic writers, and also finds its place as a literary genre in our culture. During the development of the essay genre, it was transformed like other genres, the most important feature of writers and researchers was the emergence of a common idea and general conclusion, which was continued in the existentialist experience of philosophies, which became a source of self-development for the subject and subject “I”. The essayist style of the writers' works, and the integrity of thoughts through communication with nature, the world and culture were analyzed.

**Key words:** essay, essayist style, essayism, genre, individual worldview, culture.

*М.А. Буркитбаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахско-Турецкий Университет имени Х.А. Яссауи, г. Туркестан, Казахстан

## ИЗУЧЕНИЕ И ФОРМИРОВАНИЕ ЖАНРА ЭССЕ

*Аннотация*

В данной статье рассмотрены типы, направления эссе и их образы в литературе на основе эссе зарубежных и отечественных авторов. В процессе формирования жанра «эссе» в казахской лингвистике оно отражает духовную связь мировых и отечественных писателей, а также находит свое место как литературный жанр в нашей культуре. В ходе развития жанра эссе, она была преобразована как и другие жанры, наиболее важной особенностью писателей и исследователей стало появление общей идеи и общего вывода, которая нашла свое продолжение в экзистенциалистском опыте философий, что стало источником саморазвития для субъекта и субъекта «Я». Был проанализирован эссеистский стиль произведений писателей, и целостность мыслей посредством общения с природой, миром и культурой.

**Ключевые слова:** эссе, эссеистический стиль, эссеизм, жанр, индивидуальное мировоззрение, культура.

**Кіріспе.** Эссе жанрының даму эволюциясы: діни, уағыздық, философиялық, публицистикалық, өнертанымдық, сыни және көркем әдеби сияқты, тек тұрғысынан және түр жағынан жылдам дамып келе жатқанын аңғартады. Дегенмен, бұл жағдайдағы эссе авторлары – ең алдымен, суретшілер, тек сонан соң ғана – дін қайраткерлері, уағызшылар, философтар, көсемсөзшілер. М.Н. Эпштейн “эссеизмге деген ұмтылысты” жаңа заманның түрлі философиялық бағыттарының ішінен қарастырады: образдылық 20-ғасырдың 10-жылдарындағы психологиялық талдау (З.Фрейд және К.Юнг еңбектері) және феноменология (Э.Гуссерль) сияқты полярлы ғылым салаларына енді [1, 24]. Мұнан соң экзистенциализмнің дамуы (Ж.-П.Сартр, А.Камю, С.Кьеркегор, Г.Марсель, М.Хайдеггер, М. де Унамуно, К.Ясперс) ілімінде де тұрақты сипат ала бастады. Әдебиеттегі образдар: Т.Маннның, Ф.Кафканың, Акутагава Рюноскэнің, Ясунари Ковабатоның, Кобо Абэнің, Х.-Л.Борхестің, Дж.Джойстың шығармаларынан кең орын алды, сондай-ақ, “эсселік хат үлгісі пайда болды” [2, 136].

Шетелдік авторлардың жазған эсселер саны әлем кітапханасының басым бөлігін құрайды. Еуропалық және латынамерикалық мәдениеттің эссешілері арасынан мынадай ірі жазушыларды атауымызға болады: Эдгар Алан По (1809-1849), Хорхе Луис Борхес (1899-1986), Марсель Пруст (1871-1922), Курт Тухольский (1890-1935), Томас Эдвард Лоуренс (1888-1935), Андре Жид (1869-1951), Герман Гессе (1877-1962), Сомерсет Моэм (1874-1965), Эдуард Морган Форстер (1879-1970), Хорхе Куэста (1903-1942), Уистен Хью Оден (1907-1973), Ландольфи Томмазо (1908-1979), Хулио Кортасар (1914-1984), Генрих Белль (1917-1985), Ежи Косинский (1933-1991), Октавио Пас (1914), Гор Видал (1925 ж.т.), Милорад Павич (1949 ж.т.), Джон Барт (1930 ж.т.), Умберто Эко (1932 ж.т.) және т.б.

Эссе жанры шетел әдебиетінде: неміс, ағылшын, американа, латын америкасы, француз, италия, испан, польша, сербия, сирия және жапон әдебиетінде белсенді түрде дамып келеді. Байқап отырғанымыздай, эссенің географиясы, таралу аймағы өте ауқымды, кең.

**Талқылау.** Қазақ мәдениеті мен тіл білімінде “эссе” жанрының негізі Абай қарасөздерінен бастау алғандығын, қалыптасқандығын көреміз. Сондай-ақ ғалым Р.З. Зайкенова “Классикалық еуропалық әдебиеттің дәстүрлерінде көтерілетін эссеистика – әлемдік әдебиеттің, нақты айтқанда ХХ ғасырдың елеулі әрі принципалды құбылысына айналды. Алмағайып уақытпен бірге туындап отыратын жаңа проза мен жаңа стиль әрқашан сұранысқа ие. Қазіргі уақытта эссе ұлттық әдебиетімізге жанр ретінде өзіндік қызметін очерк, әңгіме, повесть, роман түрінде көрсете бастады”, - деп тұжырымдады [3, 112]. Ал, зерттеуші-ғалым Р.Б. Сұлтанғалиева өз мақаласында: “Яғни қазақ әдебиетіндегі эссе жанрының кең етек алуы үрдісін әдеби байланыс, мәдениеттер ықпалдастығы шеңберінде қоғамдық формациялардың ауысуынан, келмеске кеткен қатаң тәртіпті социалистік режимнің қыл тұсауынан шығып, еркіндікке, басыбайлыққа ұмтылған сөз бостандығынан қарауымызға болады”, - деп атап өтті [4, 258]. Сонымен қатар, эссе жанрын Ш.Уәлихановтың жазбаларынан, Ахмет Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, О.Бөкей, Ә.Тәжібаев, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Ш.Мұртаза, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Қ.Ергөбек, А.Жақсылықов сынды жазушылардың және әдебиет зерттеушілерінің еңбектерінен де кездестіреміз.

“Эссе жанры ғұмырының ұзақ болуының сыры неде?” деген сұрақ төңірегінде америка әдебиеті мэтрлерінің бірі, эссеші Гор Видал: Оқырман мен жазушының арасын жалғайтын түйін ретінде “эссе жанры аса қажет жанр” деген тұжырым келтірген. Жанрдың осындай мақсатын әдебиетші О.Вайнштейн “Эссені не үшін және кімге арнап жазамыз?” деген еңбегінде: “Ең бастысы – оқырманды еріксіз ойға қалдыру, оның танданысын ояту, өзіндік ой-пікіріне қозғау салу, сөйтіп, ақырында, өзін-өзі таныту қажеттігін туындату”, - деп айқындай түседі [5, 215].

Француз тілінде *essai* – әрекет, сынама, очерк; латынша *exagium* – салмақтау, *exigo* – өлшеймін деген мағынада, нақтылы мәселе яки оқиға бойынша жеке әсер мен ой-пікірді білдіретін және зат, оқиға мәнінің түйінді қорытындысына әдейі соңғы нүкте қоймайтын шағын көлемді және еркін композициялы прозалық шығарма. Әдетте, эссе бір нәрсе туралы жеке көзқарасты білдіретін жаңа, көркем өрілген сөз. Эсселік стиль өзінің образдылығымен, шешенділігімен және ауызекі интонациямен лексикаға табан тіреуімен ерекшеленеді [6, 516]. Н.С. Балтабаеваның пайымдауынша “Эссе дегенміз – бұл біршама арнап жазуды меңгере білген суреткердің белгілі бір тәсілі арқылы өте жоғары және қарапайым толғаныстарын калың оқырманға жеткізе білетін зерттеушінің, ғалымның еңбегі деуімізге болады” [7, 44].

Эссенің жалпыға ортақ қағидатына, көпшілік мақұлдаған анықтамасына сүйене отырып, оның негізгі жанрлық компоненттерін былайша қарастыруға болады: шағын көлем; нақтылы тақырып және оған қатысты ашық түрде жеке көзқарасын, ұғымын білдіру; еркін композиция; оғаш түйін және нақыл сөз; шешендік және лиризм; ауызекі сөйлеу интонациясы және лексика. Десек те, зерттеушілер эссеизм (философиялық таным), эссе (кіші жанрдың прозалық шығармасы), эсселік стиль (өзге де жанрлық түрлерге тән) ұғымдарының ара жігін ашу қажеттігін баса айтады. Сондай-ақ, жанр құраушы негізгі



белгілерді де жете зерттеу қажет.

Еуропалық мәдениетте эссенің пайда болған мерзімі нақтыланған – 1580 жыл – тұңғыш авторы да мәлім – француз философы Мишель Монтень (1533-1592), оның «Тәжірибелер» атты туындысы жеке адамның даралығына және кісілік тұлғасының бірегейлігіне, оның өзіндік дүниетанымы мен өзін-өзі дәлелдеуіне бағытталған жанрға жол ашты. Эссенің Қайта өрлеу дәуірінде пайда болуы тегін емес, өйткені дәл осы кезеңде адамның бостандығы, еркіндігі, жеке жауапкершілігі мен лайықты тұлғасы тұғырға көтерілді. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, Көне және Орта ғасырлардағы өзгеше ойлау мұндай жанрды тудыруы мүмкін емес еді, алайда, Плулархтың “Мораль”, Платонның “Диалогтар”, Сенеканың “Хаттар”, Цицеронның “Жазбалар” атты еңбектері, Марк Аврельдің ойлары, Теофрастың “Мінездер”, Августин Аврельдің “Құлшылық”, Блез Паскальдің “Шет аймақтың тұрғынына хат” шығармалары жаңа жанрдың пайда болуына өз ықпалын тигізді. Ал келесі даму сатыларында эссе өзге де жанрлар тәрізді шешендік, мемуарлық және эпистолярлық әдебиеттің – тәубе ету, күнделік жазбалары, шағын жазбалар, естеліктер, мақалалар, ғұмырнамалық жазбалар, хаттар және т.б. түрлерін қосып алды.

Сонымен, эссенің ең маңызды қасиеті – автордың жеке айқын көзқарасын философиядағы экзистенциалды тәжірибемен ұштастырады, мұндағы «мен» – әрі таным субъектісі, әрі нысаны, ал жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының қайнар көзі – оның нақ өзінде. Бұл, М.Н. Эпштейннің тұжырымдауынша, жанрдың “көнеден бергі қасиеті” [1, 336]. Алайда, бұл көрсетілген белгі оның бірден-бір айқындаушысы бола алмайды.

Эссеизмге (өмір мен философиялық ойлаудың тәсілдері ретінде) ең дәл анықтаманы, біздің пайымдауымызша, оның негізін қалаушы, 20- ғасырдағы австриялық жазушы Роберт Музилль береді, ол өзінің “Қасиетсіз адам” романының басты кейіпкері Ульрихтің сөз саптауы арқылы эссе мен философиялық трактаттың арасына шек қоюға тырысады, сондағы дәлелі – “эссе – бұл қандай да бір шешуші ой кезінде адамның ішкі өмірін қабылдайтын бірегей және тұрақты бейне” деп суреттеді (Р.Музилль, 1994:294). Ал, сонда эссеші кім? Р.Музилльдің кейіпкері мұны былайша түсіндіреді: “...шындықты қалаушы адам ғалым болады; өзінің субъективтілігіне еркіндік берген адам жазушы болуы ықтимал; ал осы екеуінің арасынан өзге бірдемені қалайтын адам не істеуі керек?” [8, 295]. Эссеші ойының дамуын «соңғы аялдмасы анық бола тұра, ақыры бұлыңғыр саяхатпен салыстыруға болады, оның есесіне, оқырман қозғалыс әсерін қадірлеуді үйренеді, жол жүру әрекетімен сусындайды” (О.Вайнштейн, 1985:215). Міне, осындай шешімді ойды, оның жеткізілу бейнесін, авторлық ұстанымды табуға бұл жанрдың табиғатын ашуды мұрат тұтқан әрбір адам бейім болу керек.

**Нәтиже.** Эссенің тағы да бір маңызды өзгешелігін де естен шығармау керек. Автор өзі суреттеп отырған және толғандырып отырған нақты тақырыпты, сол яки басқа нысанды, табиғат феноменін әңгіме арқауына айналдырады. Алайда ұсынылған нақтылық тақырыпты ашудың үзілді-кесілді жауабы дегенді білдірмейді. Бұлай болуы түсінікті де, өйткені эссеші ғалымның рөлін атқаруға бейім емес, ол нысанды әр қырынан алып қарайды, бөлшектеп қарастыруға тырыспайды және мына ұғымды қорытуға ұмтылмайды: “...эссе өзінің бөлімдерінің ретімен нысанды әр қырынан ашып көрсетеді, оны толық қамтымайды, – әсілі, толық қамтылған нысан ұғымдағыны жояды...” [9, 291]. М.Эпштейннің сөзімен айтқанда, эссеші маман ретінде емес, өзін отқа да, суға да салатын адам қалпында танытады [1, 347]. О.Вайнштейн: “Көп нәрсе керек емес: “қолмен ұстау, белгілеу, сол жетеді..., бұл жерде монументальдылыққа ұмтылу бекершілік”, - дейді [10, 216]. Міне, эссе авторынан талдама, түсіндірме, сараптама, талассыз аргумент, міндетті комментарий талап етудің мүмкін болмайтыны осыдан. Нақты тақырып – бұл сенің өзіңнің ой-толғамдарыңа және ізденістеріңе өріс ашады, одан да бұрын ол эссешінің ой-толғамдарына жанама ықпал тигізуі мүмкін, ал жұмыстың атауы ешқашан да оның мазмұнын жоққа шығармайды. Эссенің бұл қасиеті, оны жазушының жеке тұлғасына тікелей байланысты болады, осы тұста М.Н. Эпштейннің пікірі бойынша, қарастырылып отырған зат “ойды қозғау үшін қызмет етеді”, “тақырып кеңістігінде тіреніш нүктесін табудың әрекеті болады” [1, 23]. Бұл сапаны зерттеушілер тақырыпты “еркін игеру” деп анықтайды. Эссенің атауына талдама жасау арқылы онда көрініс табатын сөз соңында келетін сөз “туралы”, “сияқты” және “яки” арқылы эссешінің ойлау процесінің бұл талағын бақылауға болады.

Эссенің атауы мен тақырып аясының ара қатынасы жөнінде О.Вайнштейннің пікірінше: “Эссенің атауына қарап, әңгіменің не жөнінде болатыны жайында жорамал жасау – абырой әпермейтін іс, өйткені, автордың түпкі ойын дәл тану мүмкін емес”, - дейді [11, 216]. Ал, зерттеуші А.Жұматай эсеге берілген анықтамаларды саралай келе, “... нақты пішіннің, сюжеттің болмауы және автор білімдарлығының рухани кеңістікке ұмтылуы”, - деп даралай қарастырды [2, 110]. Сондай-ақ, зерттеуші “эссе – бірегей құрылымды ерекше жанр. Өзге жанрлар секілді эссені әбден иі қанған әдеби өлшемдер қалыбына сала алмаймыз. Эссе өзгеше принциптермен құрылатындықтан, эссенің композициясына соны көзқараспен, жан-жақты талдау арқылы ғана байлам жасауға болады”, - деп тұжырым жасады [2, 101].

Тіпті, кейде еріксіз шым-шытырық оқиғалардың «иісі» шығуы мүмкін: бұл жолы не күтіп тұр екен, біз қаншалықты қырағымыз? Алайда, нағыз аңғарымпаз дегендердің де айы оңынан туа бермейді: дәл

таптым дегеннің өзінде эссе атауы мен тақырыбы – тұтастықтың бөлшектері; кейде, эссе тақырыбы оның атауымен мүлдем қабыспауы мүмкін [11, 217].

Өзінің бірегей ойын жүзеге асыру ретінде автор ақиқатқа жетудің барлық ғылыми да, діни де, көркем де тәсілдерін – жеке-жеке яки барлығын бірмезгілде қолданады. Көзқарас басымдығына қарай эссе түрлері былайша жіктеледі: философиялық, рухани, тарихи, публицистикалық, эссе-идеялар, эссе-болжамдар, беллетристикалық, сыни және т.б.

Эссесінің қоржынында түрлі тәсілдер, тілдік және образдық құралдар болады. Олар: ассоциациялар, салыстырулар, баламалар, ұқсастықтар, аллегориялық және астарлы образдар, символдар және т.б. “Бір ойдан екінші бір ойға көшудің ұшығын іс жүзінде ұстап қалу мүмкін емес: эссесі өз баяндауын ұршықша үйіреді” [11, 217]. Көріп отырғанымыздай, жария еркіндік жазып отырған адамға үлкен жауапкершілік жүктейді – яғни, барабар сөзбен айтылған ойды табу.

Осылайша, эссе түрлі әдеби және көркем емес формалардан туындай алады. Олар: жазба, көріністер, нобайлар, сызбалар, естеліктер, саяхаттар, кездесулер, дәрістер, сөз сөйлеу, хат, диалог және т.б. “Эссе көрсетілген түрлерді қолданбайды, ол бұларда жеке мәннің көрініс беруі кезінде тіршілік етеді” [12, 343]. Эссе, өмірбаян, күнделік арасындағы шекараны көру мүмкін емес [10, 53].

**Қорытынды.** Эссесінің көрсетілген жанр формаларында жүзеге асуы да кездейсоқтық емес: көбінесе ол оқып отырған адаммен айқындалады – ол жақын досы болуы мүмкін (мұндай жағдайда хат, күнделікті таңдау табиғи), бәлкім, біреумен пікір-талас және сөз қағысу қажет болуы мүмкін (диалог формасы, ашық хат) немесе “ойды ашық айту” (дәріс, баяндама, сөз сөйлеу), бірақ та көбінесе – “көзін жеткізу, қайта ұғындыру, абдырату, көңілін көтеруге” тұрарлық бейтарап, көпшілік оқырманның орны бөлек. Бұлардың соңында, қанша сыналғанмен де, шешуші сөз – мойындау яки мойындамау тұр [11, 216]. Сөйтіп, эссесінің құрылымдық ерекшелігі ретінде “оқып отырған адамға, оқырманға ашық арнау” алдыңғы орынға шығады [10, 54]. “МЕН” – “СЕН” арақатынасы аса қажет. Кейде оқырманға тікелей қарата айтылуы да мүмкін. Мәселен, поляк жазушысы В.Гомбрович оқырманды мәтін құрылымына жетелейді (“Күнделік”). Эссесілер көпшілік оқырманға бет бұрғанды қолдайды; “Мен сізден аумақ қалғанмын” (Конвицкий); “Мен бәріңізге – барлық ақылдылар мен ақымақтарға, ұлылар мен ұсақтарға, әулиелер мен күнәһарларға ұқсаймын” [10, 55]; бірақ та, осы қиялдағы оқырманға қиын шарт қойылады: ол – “жаңаны қабылдау және сол тілде сөйлеу” ниеті. Ал бұдан әрі – толқып, екі ойлы болып тұрған адамды жағымды әсерге бөлеу, табан тіреген жанды тұйыққа тіреу эссесінің таланты мен талғамына байланысты [11, 217]. Р.З. Зайкенова мақаласында: “Эссе дегеніміз, жұртшылықты ойлануға үйрететін қарымды қаламгердің зерттеушілік еңбегі деп те айтуға болады, яғни көрнекті философтардың ойларын қалың көпшілікке жеткізу әдісі», - деп тұжырым жасады [3, 120].

Соныменен, соңғы ғылыми жетістіктерді саралай отыра, эссе жанрының тарихы мен заманауи сипатына сүйене отырып, келесі қорытындыға келеміз:

1. Эссесінің жанрлық ерекшеліктерін нақтылауда:

- ✓ автордың айқын аңғарылатын жеке көзқарасын, яғни, мәнді жанр түзуші фактор ретінде анықтау;
- ✓ тың идея және оның бейне-көрінісін, эссема; эссеистік ойлаудың ерекшеліктерін айқындау;
- ✓ тақырыпты еркін меңгеруін байқау;
- ✓ жанрдың ашықтығы, оның шектеулілігі және ұласпалылығын, демек, ақиқатқа жетудің түрлі тәсілдерін енгізу, сан алуан жанрлық түрлерде жүзеге асыру;

✓ барабар ауызекі сөзбен жеткізуін, яғни, жеке стиль, нақты көркемдік құралдар арсеналын іздеу арқылы жүзеге асырылуын анықтау.

2. Эссесіні бөле-жара қарастыру, эссеистикалық стильдің ерекшеліктері туралы айту, демек, басқа жанрлық түрлерге де қатысты жіктеу және эссеизмді, оны да, басқасын да көктей өтетін ойлаудың жосығы деп тану.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сұлтанғалиева Р.Б. Мусина Ж.Ф., Емранова Ж.М. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі эссе жанрының дамуы мен роман жанрына кірігу үрдісі (Қ. Ысқақтың “Келмес күндер елесі” роман- эссесі негізінде) // БҚМУ ХАБАРШЫСЫ. – 2017. № 2 (66). – 258-265 бб.

2. Жұматай А., Камзин К. Эссе жанрының талғамы мен табиғаты // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2016. №2 (40). – 99-101 бб.

3. Зайкенова Р.З., Н.С.Балтабаева. Қазақ әдебиетіндегі роман – эссе жанрының дамуы // ПМУ Хабаршысы, Филология ғылымдар сериясы - 2014. №4. – 112-120 бб.

4. Хорев В.А. Под знаком эссеизма: О польской лит. 1970-1980-х гг. // Славяноведение. – 1995. – №5. – С.50-55.

5. Вайништейн О. Для чего и для кого писать эссе? // Литературная учеба. –1985. – №2. – С.215-217.

6. Эштейн М.Н. Эссе об эссе. // Опыты = Ed. – СПб.; Париж, 1994. – №1. – С.22-24.

7. Березкина В.И. Античность и английский эссе: риторические корни жанра // Традиции и взаимодействия в зарубежных литературах. – Пермь, 1994. – С. 136-147.
8. Музиль Р. Человек без свойств. Кн. 1. / Пер. с нем. С.Апта. – М.: Ладомир, 1994. – 751 с.
9. Эпштейн М.Н. Парадоксы новизны. О литературном развитии 19-20 вв. – М.: Советский писатель, 1988. – 416 с.
10. Методика преподавания литературы / Под ред. О.Ю. Богдановой и В.Г. Маранцмана в 2-х ч. – М.: Просвещение-Владос, 1995. – 400 с.
11. Литературный энциклопедический словарь под общ. ред. В.М. Кожеевникова. – М., 1987. – С.516-517.
12. Балтабаева Н.С. (2016) Қазақ эссе - роман жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық - дәстүрлік ұстанымдары. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

МРНТИ 17.82.31

Р.З. Зайкенова<sup>1</sup>, А.А. Нурсан<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ҒҰМЫРБАЯНДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада мемуарлық шығармалар жазуда күнделіктің атқаратын рөлі туралы сөз болады. Сондай-ақ кеңес өкіметі тұсында жарық көрген Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», М.Горькийдің «Менің университеттерім», С.Мұқановтің «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Өмір белестері», «Көз көрген», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» т.б. сияқты көрнекті туындылары қазақ әдебиетіндегі мемуарлық роман жазу дәстүрін қалыптастырып қана қойған жоқ, бұлар ғұмырнамалық шығармалар жазудың дәстүрлі үйрену мектебі болғанын атап көрсетеді.

Мақалада негізінен ғұмырнамалық шығармалардың жанрлық сипаты күнделік жазудан басталатындығы, сондықтан да бұл кең көлемді ғұмырнамалық роман жанрының алғашқы бастамасы болып табылатындығы кеңінен сөз болады.

Тіпті бүгінгі күні «Күнделік» САЖ электронды журналдар мен күнделіктер жобасы бойынша Білім және ғылым министрлігі білім саласында электронды жүйені енгізуге серпінді жобалар ұсынып отырғанын айта келіп, нақтылы мысалдар келтіреді.

Сондай-ақ ағылшын жазушысы Даниель Дефоның «Робинзонның өмірі және таңғажайып хикаялары» атты романына егжей-тегжейлі тоқтала келіп, күнделік жазып отырудың ғұмырбаяндық шығармаларындағы өзіндік ерекшеліктерін ашады. Ал орыс жазушысы Юлиан Семеновтың «Көктемнің он жеті сәті» атты көркем фильмнің түп негізіне де күнделік жанры жататындығын айта келіп, кейіпкерлер тағдырын өмір шындығымен байланыстырады.

Қорыта айтқанда, мақалада күнделік жанрының ғұмырбаяндық шығармалар жазудағы орны жан-жақты ашылады. Тәуелсіз Қазақ Елі әдебиетіндегі ғұмырнамалық шығармалар жазу үрдісі жаңа буын ұрпақтарды қалыптастыру, тәрбиелеу мұратына қызмет етері ақиқат.

**Кілт сөздер:** роман, күнделік, өмірбаян

R.Z. Zaikenova<sup>1</sup>, A.S. Nursan<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## MAIN SOURCE OF BIOGRAPHICAL COMPOSITIONS

*Abstract*

This article discusses the role of the diary in writing memoirs. The book is also known as “The Road to Sight” by Saken Seifullin, “My Universities” by M. Gorky, “School of Life” by S. Mukanov, “Milestones of Life” by G. Mustafina, “My One-Silent Friends” by Gabdullin and others. remarkable works not only created the tradition of writing memoirs in Kazakh literature, but also the tradition of writing literary compositions.

The article widely says that the genre nature of biographies comes from the diary and that this is the first initiative of a wider genre.

Even today it is reported that the Ministry of Education and Science provides breakthrough projects in the field of e-learning in the field of electronic journals and diaries.

In addition, the English writer Daniel Defoe tells the details of his novel "The Life of Robinson and Wonderful Stories" and reveals its features in his biographical story. And the story of the Russian writer Julian Semenov about "Seventeen Moments of Spring," is written in the basis of the biographical genre, and the characters link the fate of life with the truth.

As a result, the article reveals the role of the diary genre in writing biographical works. The process of writing biographies in independent Kazakh literature is a reality that serves the purpose of generating and educating new generations.

**Key words:** novel, diary, autobiography

*Р.З. Зайкенова<sup>1</sup>, А.С. Нурсан<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан*

## ИСТОЧНИК БИОГРАФИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

### *Аннотация*

В этой статье обсуждается роль дневника в написании мемуаров. Книга также известна как «Дорога к зрению» Сакена Сейфуллина, «Мои университеты» М.Горького, «Школа жизни» С.Муканова, «Вехи жизни» Г.Мустафина, «Мои однополчаные друзья» Габдуллина и другие. замечательные работы не только создали традицию написания мемуаров в казахской литературе, но и традицию писать литературные композиции.

В статье широко говорят, что жанровый характер биографий происходит из дневника и что это первая инициатива более широкого жанра .

Даже сегодня сообщается, что Министерство образования и науки предоставляет прорывные проекты в области электронного обучения в области электронных журналов и дневников.

Кроме того, английский писатель Даниэль Дефо рассказывает подробности своего романа «Жизнь Робинсона и чудесные истории» и раскрывает его особенности в своем биографическом рассказе. И история русского писателя Юлиана Семенова о «Семнадцать моментов весны», написано в основе биографического жанра, а герои связывают судьбу жизни с правдой.

В итоге, в статье раскрывается роль жанра дневника в написании биографических произведений. Процесс написания биографий в независимой казахской литературе – это реальность, которая служит цели генерации и воспитания новых поколений.

**Ключевые слова:** роман, дневник, автобиография

**Кіріспе.** Қазақ әдебиетінің тарихындағы мемуарлық шығармалар – ұлттық тарихтың көркем шежіресі. Авторлардың ғұмырнамалық-өмірбаяндық деректері бойынша жазылған мемуарлық шығармалар арқылы ұлт тарихындағы тұлғалар тағылымы, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалардың мәні, маңызы айқындалады. «Ғұмырнамалық роман жанрында әдебиетте кенже қалған шығармада болған нәрсені бүкпей айту – басты шарт» десек, оған кеңестік дәуірде екіншісі бірі тәуекел ете алған жоқ . Бұл жерде жазушы үшін қажетті құрал – күнделік, хат, құжаттар т.б. және ең бастысы суреткердің зейін-зердесі. Адам жанынан асқан сүзгі жоқ. Қажеттісі есте қалады, қажетсізі, ұсақ-түйегі ұмытылады. Әдебиеттің даму жолында тарихи қалыптасқан жанрлық формалардың қалыптасуы, дамуы, өзгеруі, жаңаруы туралы мәселенің зерттелу тарихына зер салсақ, бірізділікті аңғару қиын. Бірнеше қаламгерлер шығармашылығына тән әлеуметтік-идеялық, танымдық-эстетикалық ұқсас сипаттардан туындайтын әдеби-теориялық категориялардың табиғатын тану бүгінгі таңға дейін қайшылықты пікірлерден арыла алған жоқ. Мұны ғұмырбаяндық романдардың да жанрлық сипатынан байқауға болады. Тіпті әлі күнге дейін «мемуарлық», «өмірбаяндық», «ғұмырбаяндық» деген түсініктер бірінің орнына бірі қолданып келе жатқанының көреміз. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, «мемуарлық», «өмірбаяндық» ұғымдарын «ғұмырбаяндық» деген сөз ығыстыра бастағанын байқаймыз.

**Әдістеме.** Айталық кеңес өкіметі тұсында жарық көрген Сәбит Мұқановтің «Өмір мектебі», Максим Горькийдің «Менің университеттерім», Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», Ғабиден Мұстафиннің «Өмір белестері», «Көз көрген», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» т.б. сияқты көрнекті туындылар қазақ әдебиетіндегі мемуарлық роман жазу дәстүрін қалыптастырды. Бұлардың барлығы кең көлемдегі ғұмырбаяндық роман жанрының алғашқы

негізі болып, кейінгі кезде дүниеге келген ғұмырнамалық шығармалар үшін дәстүрлі үйрену мектебі болғанмен, «ғұмырбаяндық роман» деген нақтылы атау қойылмады. Өйткені кеңес өкіметі тұсында жұмысшылар мен шаруалар образы бірінші кезекке шыққандықтан, интеллигент қауымның жеке басы туралы шығармалар жазуға белгілі мөлшерде шек қойылды. Соның өзінде жоғарыда аталған шығармалар қазақ әдебиетінде «ғұмырбаяндық роман» жазудың алғашқы соны үлгілері болып табылады.

Бұл қатарда тәуелсіздік алған жылдардан кейін жазылған Хасен Әдібаевтың «Өмірдария», Әзілхан Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір», Мұхтар Мағауиннің «Мен», Әлжаппар Әбішевтің «Айтпай кетті демесін артағылар», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», Ғаббас Қабышұлының «Көңіл көгінде» атты ғұмырбаяндық романдары көркемдік және танымдық тұрғысынан қоғамдағы талап-тілектер үдесінен шыға алған туындылар екені даусыз. Осы шығармалардың сюжеттік негізін құрайтын басты өзегіне күнделік жатады.

Жалпы ғұмырнамалық шығармалардың жанрлық сипаты күнделік жазудан басталады. Сондықтан да бұл кең көлемді ғұмырнамалық роман жанрының алғашқы бастамасы болып табылады.

**Нәтижелер.** 2015 жылы «Күнделік» САЖ электронды журналдар мен күнделіктер жобасы бойынша мемлекет-жекеменшік әріптестігі тұжырымдамасының жобасын ұсынған болатын. Бұған Орталық коммуникациялар қызметінде Білім және ғылым министрлігі білім саласында электронды жүйені енгізу мақсатында қолға алынған серпінді жобалар туралы баспасөз мәслихатын өткізіп, қолдау білдірді. Осыған байланысты министрлік жобаның тиімділігін қарастырып, уәкілетті органдарға жіберді. Ал былтыр тұжырымдама жобасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, «Атамекен» ҰКП мен «МЖӨ Орталығы» АҚ-қа жолданды. Қазіргі уақытта Kundelik.kz ресурсы «Ақпараттандыру туралы» заңға сәйкес ақпараттық жүйелердің мемлекеттік бірыңғай операторы – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ инфрақұрылымында орналастырылды. Бүгінде жүйеге 3887 мектеп пен 2,5 млн адам тіркелген. Олардың ішінде 174 006 мұғалім, 1 467 286 оқушы мен 854 280 баланың ата-анасы бар. Жүйені барлық облыстар мен Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары мен 177 қалалық және аудандық білім бөлімдері қолданып отыр [1].

Ұлыбританияның Эксетер қаласында оқитын Роза Әрен деген студенттің «Эксетердегі қазақ студентінің күнделігі» атты естеліктер топтамасы өте қызықты. Мысалы «Жатақхананы “ұстайтын” қыз» деген естелігіне назар аударып көрейікші: «Тобымдағы қытайлық студенттердің бірі біздің жатақханада тұрады. Асханамыз ортақ, кей кездері бірге тамақ жасаймыз, бір үстел басында тамақ ішеміз. Ең қызығы, осы үлкен асхана тек 8 студентке тиесілі болса да, алғашқыда осы жер күнде той-думанның ордасына айналатын. Қайдан, кімге келіп жатқанын білмеймін, әйтеуір, бітпейтін бір қонақтар. Бір күні кірсең, танымайтын адамдар біздің асханада тамақ пісіріп жүреді. Тағы бір келсең, 20 адам үстел басында тығылысып, “вешірде” отырады. Бокалдар сыңғырлап, әлгі студенттердің даусы тіпті аспанға жетіп жатады. Сөйтсем, бұлардың бәрі біздің қабатта тұратын бір ғана студентке қонаққа келеді екен. Кейде тіпті ол студенттің өзі жоқ болса да, кілтін сұрап алып, асхананы мәйханаға айналдырады екен, Көңіл көтергеніне еш қарсылық жоқ. Тек, күн сайын бұлардың артында үйілген қоқыс қалатыны жақпады. Таңертен асханаға кіріп, тамақ ішу мүмкін емес. Алғашқы аптада “өздерінің бір білгені бар болар. Бір күні қояр мұнысын” деп үндемей жүрдім. Жоқ, қоятын түрі көрінбейді. Күнде кешке жиналып алып, ойын ойнайды, ішімдік ішеді, ән айтады. Ақыр аяғында өз асханамызға өзіміз кіре алмай қалдық. Айтайын деген қызығым бұл емес. Қытайлық бір топтасым тура асхананың түбінде тұрады. Ол маған “мына қонақтар түнімен шулайды. Мен ұйықтай алмаймын” деп үш рет мұн шақты. Үш рет, “Жатақхана әкімшілігіне шағымданбайсың ба?” десем, үндемейді. Содан не керек, бір күні мен тағы бір үлкен сауықтың үстінен түстім. Шыдамым шегіне жетіп, “кешірім сұраймын, балалар, мынау асхана кімдерге тиесілі екенін білесіздер ғой? Бұл менің соңғы ескертуім болсын. Келесі жолы басшыларға айтпасқа амалым қалмай тұр” дедім қабағымды түйіп. Масайрап отыр еді жарықтықтар. Селк етті. Содан кейін мен мезгілсіз қонақтарды асханамнан көрген емеспін. Қайсыгүні адамның көзін қыздырып стейк пісірген жігіт те көрінбейді. [2,6-б.].

Міне осы сияқты күнделікті естелік жазып отыру ғұмырбаяндық шығармалардың негізін құрайды.

«Естелік – әдеби шығарма, мемуар жанрының бір түрі. Естелік – өмірде шынайы болған ірі тұлғалар мен ел тарихында өткен елеулі оқиғалар жайында көзбен көріп, куәгер болған адамдардың сол өткенді еске түсіріп, өз атынан баяндап беруі. Алайда естелікте деректер тарихи еңбектегідей нақтылы берілуі міндетті емес. Естелік автордың өз танымы тұрғысынан баяндалады. Автор естелікте ақиқаттан алшақ кетпей, оны көркемдеп, бейнелеп жеткізуге құқылы. Естелік жанрлық табиғаты жағынан мемуардың күнделік, жолжазба, т.б. түрлеріне жақын» [3].

Бүгінгі күні естеліктің күнделік түріндегі формасы кең етек жайды әрі электронды журналдар мен күнделіктер жобасы бойынша кең етек жайып келеді.

Жазылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.  
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,  
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы, - [4].

деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай естелік пен күнделік жазу ғұмырбаяндық романның алғашқы баспалдағы саналатыны анық.

Десе де жазып отырған жазушының жеке өмірінен алынбаса да, басқа адамның өмірбаяны арқылы күнделік түрінде роман жазатын әлемге танымал авторлар бар. Соның бірі – ағылшын жазушысы Даниель Дефоның «Робинзонның өмірі және таңғажайып хикаялары» атты романы. Робинзон Крузо ойдан шығарылған кейіпкер. Даниэль Дефоның ең жақсы романының жазылуына себеп болған шотландық моряк Александр Селькирктің өмірінде болған оқиға. Жастайынан теңізді сүйші Александр Селькирк қарақшылардың кемелерінде матрос болып жүрген күндердің бірінде капитанмен ұрысып, Мас-а-Тьерра аралында қалады. Сол аралда Селькирк 4 жыл 4 ай тұруға мәжбүр болады. Дефоның кейіпкері аралда 28 жыл өмір сүрді

**Талқылау.** Даниэль Дефоның шеберлігі сонда ол оқиғаны өзі бастан кешіріп отырғандай шынайы жазады. Мысалы: «Күнделік» деп аталған бөлімде:

«1659 жыл, қыркүйектің 30-ы. Сұрапыл дауылдың кезінде кеме апатқа ұшырап, мені, бақытсыз Робинзон Крузоны, осы үрейлі аралға тағдыр айдап әкелді. Бұл аралды мен «Үмітсіз Арал» деп атадым. Менің сапарластарымның бәрі де суға батып кетті, мен өлім аузынан аман қалдым. Сол күні кешке дейін қатыгез тағдырыма өкпе айтып, еңіреумен болдым: ішерге тамағым, киерге киімім, тіршілік қылуға қажетті құралдар да болмады, жасырынар жер таппай, көзіме қан толып өлімнен басқа ешнәрсені көрмедім. Жыртқыштар талайды, жабайыларға жем боламын я аштан өлемін дегеннен басқа ой болмады. Түнде жыртқыш аңдардан қорқып, ағаштың басында түнедім. Түнімен жаңбыр жауып тұрса да, қатты қалжырағандықтан ес білмей ұйықтадым. Қазанның 1-і. Таңертең ояnsам, қайырлап шөккен кемені су көтеріп жағаға жақындатып тастапты... Қазанның 1-інен 24-іне дейін. Бұл күндері кемедегі жүктерді жиекке жеткізумен болдым. Су көтерілген сайын жүктерді салға тиіп, жиекке таси бердім. Күн түнеріп, аспан-ның ашылғаны ара-арасында ғана болмаса, толассыз жаңбыр құйды да тұрды, бұл мезгіл жауынды маусым болуы керек. Қазанның 20-сы. Тепе-теңдігін сақтай алмай, салым төңкеріліп бүкіл жүгім суға кетті, бірақ теңіздің жағасы тайыз еді, су кейін қайтқан соң заттың көбін бүгін алып қалдым.. Қазанның 31-і. Қолыма мылтық алып, құс атуға шықтым және қарайған жер көргім келді, қасына лағын ерткен бір ешкі атып алдым. Атқан ешкімнің лағы еріп үйге дейін келді, лақты сойып жеуге тура келді, себебі асырауға көнбеді, әлі отығып жетпеген екен.

Ал орыс жазушысы Юлиан Семеновтың романы бойынша 1973 жылы экранға шыққан Штирлиц туралы «Көктемнің он жеті сәті» (Семнадцать мгновений весны) атты көркем фильмнің түп негізіне күнделік жанры жатады. Мұнда Робинзон Крузо сияқты бас кейіпкердің әрбір сәті айы, күні жылы тіпті сағатына дейін көрсетіліп отыруымен ерекшеленеді. Р.Крузо сияқты Штирлиц те ойдан шығарылған кейіпкер. Журналист Төреғали Тәшенов «Қазақ үні» газетіне бас кейіпкердің прототипі Максим Исаев емес, Жандос Исаев деген қазақ екені туралы мәселе көтерді.

Бұл ғұмырбаяндық шығармалар жазуда күнделік жанрының өте үлкен орны бар екенін байқатады.

**Қорытынды.** «Ғұмырнамалық романды шындықты айтудан қорықпайтындар ғана жаза алады. Өзінің өмірі таза емес адамдар ғұмырнамалық шығарма жазудан қорқады. Оған дәті жетпейді де. Менің өмірім екіге бөлініп қалған соң, осындай шығарма жазбасыма болмады. Кейін мені кім зерттейді дегенге жауап іздедім. 60 жылдық мерейтойым Мақаншы жақта тойланды. Қасымда Рымғали Нұрғали бастаған көптеген ақын-жазушылар мен әдебиетшілер болды. Оларды шекараның бойына апарып: «Анау менің қыстауым, анау менің жайлауым еді» деп Ақшоқының баурайынан көрсетіп тұрдым. Сол сәтте маған «мемуар жазуым керек екен. Қашанғы елге кіндік қаным тамған жерді саусағыммен нұсқап көрсете бермекпін» деген ой келді. Сол жылы күзден бастап жазуға отырдым» - дейді [8].

Жазушының 624-беттен тұратын «Таңғажайып дүние» атты ғұмырбаяндық шығармасы күнделікті өмірдің осындай эсерінен де туындайтынын көруге болады.

Бұдан шығатын қорытынды кез-келген жазушының күнделікті өмір құбылыстарын қағазға түсіріп, жазып жүруі көркемдік жинақтауға әкеледі. Ал мемуар көркем әдебиеттегідей тым еркін көсілмегенімен, өзіне лайық көркемдік жинақтауды ғұмырбаяндық шығарма да бастан кешеді

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Кенжалин Д. «Күнделік» жобасы жол тартты. //Егемен Қазақстан, 2017. – 28 ақпан.
2. Әрен Р. Экстердегі қазақ студентінің күнделігі. – Алматы ақиамы, 2018. – 21 наурыз.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия (Бас редактор Ә.Нысанбаев). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – III том.
4. Мақатаев М. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 2010.
5. Дефо Д. Робинзон Крузо. Роман. (орыс тілінен аударған Қ.Өтегүл). – Астана: Аударма, 2011. – 280 б.
6. Тәшенов Т. Штирлиц қазақ болған ба? //Қазақ үні, 2009. – 12 қыркүйек.
7. Қ. Жұмаділов. Таңғажайып дүние. – Алматы: Тамыр, 1999.

МРНТИ 13.11.45; 18.07.49;

*Л.Ш. Какимова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет им. Абая  
г. Алматы, Казахстан*

## **ЭСТЕТИЧЕСКИЕ КАТЕГОРИИ НОВОГО МУЗЫКАЛЬНОГО СТИЛЯ В ТВОРЧЕСТВЕ АБАЯ**

*Аннотация*

Статья посвящена музыкально-просветительскому направлению многогранной деятельности поэта-гуманиста, философа и мыслителя, новатора и реформатора музыкального искусства казахского народа XIX-го века Абая. В ней отражены взгляды и размышления Абая на явления искусства. «Музыкальное абаеведение» как элективный курс может быть представлен одним из направлений общего курса «Абайтану», в котором раскрывается понимание Абаем песни, как художественно-эстетического феномена и эстетической категории музыкальной культуры казахского народа. В данной работе представлены интерпретации эстетических категорий, привнесенные поэтом, образные представления, цитаты, в которых приводятся размышления о назначении искусства, о роли человека в ней, о важности нравственных, духовных и культурных ценностей. Песни Абая, записанные и положенные на ноты музыкантами, изученные этнографами, историками, литераторами, проливают свет не только на его многогранное творческое наследие. Песня – основная доминанта творчества Абая; и выражается она как художественное явление и эстетическая категория искусства, благодаря которой полнее раскрываются знания о развитии и тенденции казахской музыки конца XIX – середины XX века, являясь культурным кодом нации XXI века.

Результаты исследования будут полезны преподавателям и студентам вузов, а также всем интересующимся историей и музыкальной культурой Казахстана, где гений Абая представляется основоположником нового музыкального стиля.

**Ключевые слова:** культура, музыка, традиционная, эстетическая категория, ценности.

*Л.Ш. Какимова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ЖАҢА МУЗЫКАЛЫҚ СТИЛЬДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақала ақын-гуманист, философ және ойшыл, жаңашыл және 19 ғасырдағы қазақ халқының музыкалық өнерінің реформаторы Абайдың көп қырлы қызметінің музыкалық-ағартушылық бағытына арналған. Онда Абайдың өнер құбылыстары туралы көзқарастары мен ойлары бейнеленген. Әнді көркемдік және эстетикалық құбылыс ретінде және қазақ халқының музыкалық эстетикалық категориясы ретінде Абайдың түсінетіндігін көрсететін «Абайтану» жалпы курсының бағыттарының бірі ретінде «Музыкалық абайтану» элективті курс ұсынылуы мүмкін. Бұл жұмыста ақын енгізген эстетикалық категориялардың

түсіндірмелері, көркемдік мақсаттар, ондағы адамның рөлі, адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтардың маңыздылығы туралы бейнелейтін бейнелер, дәйексөздер келтірілген. Абай әндері зерттеген этнографтар, тарихшылар, жазушыларға, нотаға түсірген, жинақтаған музыканттарға Абайдың көп қырлы шығармашылық мұрасына нұрын төкті. Ән – Абай шығармашылығының басты доминантысы; ол көркем құбылыс және өнердің эстетикалық категориясы ретінде көрінеді, соның арқасында ХХІ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың ортасындағы қазақ музыкасының дамуы мен бағыттары туралы білім ХХІ ғасырдағы ұлттың мәдени коды бола отырып, толығырақ ашылады.

Зерттеу нәтижелері оқытушылар мен университет студенттеріне, сондай-ақ Абай генийі жаңа музыкалық стильдің негізін қалаушы болып көрінетін Қазақстанның тарихы мен музыкалық мәдениетіне қызығушылық танытқандар үшін пайдалы болады.

**Кілт сөздері:** мәдениет, музыка, дәстүрлі, эстетикалық категория, құндылықтар.

*L.Sh. Kakimova*<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## **AESTHETIC CATEGORIES OF THE NEW MUSICAL STYLE IN THE WORKS OF ABAYA**

### *Abstract*

The article is devoted to the musical and educational direction of the multifaceted activity of the poet-humanist, philosopher and thinker, innovator and reformer of musical art of the Kazakh people of the 19th century Abai. It reflects the views and thoughts of Abai on the phenomena of art. «Musical abaeology» as an elective course can be represented as one of the directions of the general course «Abaytanu», which reveals Abai's understanding of the song as an artistic and aesthetic phenomenon and an aesthetic category of musical culture of the Kazakh people. This work presents interpretations of aesthetic categories introduced by the poet, figurative representations, quotes, which reflect on the purpose of art, on the role of man in it, on the importance of moral, spiritual and cultural values. Song is the main dominant of Abai's creativity; and it is expressed as an artistic phenomenon and an aesthetic category of art, due to which knowledge about the development and trends of Kazakh music of the late XIX - mid XX centuries is more fully revealed, being the cultural code of the nation of the XXI century.

The results of the study will be useful to teachers and university students, as well as to anyone interested in the history and musical culture of Kazakhstan, where the genius Abai appears to be the founder of a new musical style.

**Keywords:** culture, music, traditional, aesthetic category, values.

**Введение.** Абай в музыкальном искусстве выступает как преемник традиционных представлений о народной казахской песне: куплетность, протяжная мелодия, припевный мелодический повтор и другие выразительные и специфические черты песенности. Но все его творчество и особый музыкально-песенный стиль говорят современникам о рождении реформатора казахской традиционной песни и всего музыкального искусства конца прошлого века. «Рационально-философский характер мироотношения Абая, – пишет А.Сабирова, – способствовало его корректировке известных народной эстетике представлений и оценок, что выдвинуло новую позицию поэта в отношении песни» [1, 20]. По ее высказыванию, образ Абая в музыкальной культуре раскрывается в культурном статусе новой философии искусства в целом «*өнердің жайы*» в категории «*ойлы күй*») и в новой концепции песни «*әннің жайы*» в категории «*тәтті ән*»), предпосылками которой явились:

- казахская песня, которая к этому времени сформировалась как художественное явление и как эстетический феномен;

- традиционная суфийская культура, «выросшая на тенгрианской почве, эстетики и поэтики»;и

- ислам, как официальная религия уже сформированная в эпоху становления и развития казахской традиционной народной культуры, который опосредованно и непосредственно повлиял на творческое наследие великого гуманиста, философа, поэта и музыканта [1, 19].

Анализ исследований по музыкальному абаеведению показал, что Абай является реформатором казахской традиционной песни и основоположником нового музыкального стиля искусства, что позволило ученый констатировать факт того, что он создал новую музыкальную концепцию. Это проявилось в синтезе формы и идеи как художественной ценности произведения, где форма выражает качество красоты, идея – художественную содержательность. Исследования ученых доказало, музыкаль-



ная реформа Абая стало серьезным этапом «подготовки выхода традиционной казахской народной песни на новый более высокий уровень своего развития», которая заключалась в понимании искусства через:

- категорию прекрасного – «сэн»;
- содержательность (синтез эмоциональности и разумности);
- доминирование разума, то есть самостоятельное мышление и осознанное отношение к окружающей действительности, - констатирует А.Сабилова в своем исследовании песенного стиля Абая и его влияния на казахскую традиционную песню [1, 21].

В элективном курсе «Музыкальное абаеведение», разработанного авторским коллективом научного проекта, предлагается изучить и исследовать новизну стиля его песен, ресурсами которого явились музыкально-этнографические сборники, песни, музыкально-этнографические импровизационные сочинения, фонозаписи песен; анализ исследований его творческого феномена, сбор информации по музыкальной литературе и переиздание всех его музыкальных сочинений, ранее положенных на ноты. Считаем, что формирование и развитие духовно-нравственных ориентиров, способствующих модернизации общественного сознания, духовному обновлению и укреплению культурного кода нации, будут осуществляться через изучение музыкального наследия Абая в сохранении культурно-исторических ценностей и продвижение современной казахстанской культуры.

**Основная часть.** Из анализа исследования А.Сабиловой следует, что творчество Абая можно рассматривать в двух направлениях, с точки зрения философско-эстетической категории с одной стороны, и мировоззренческой с другой. В первой категории раскрываются религиозно-философские взгляды поэта-мыслителя на эстетические категории «есті ән», «тәтті ән», а во второй – описываются результаты музыкального восприятия и слушательской культуры посредством категории «ойлы күй».

Изучая традиционную казахскую песню и механизмов ее функционирования, указанные А.Сабиловой в монографии, составляющие значение и синтез представлений об идеальной песни в музыкальной поэзии Абая, приведем ряд примеров, в которых автор выделил их в следующем формате:

1. «ойлы күй / тәтті ән» (содержательный күй\* / сладкозвучный күй\* («Құлақтан кіріп», «Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа»);
2. «сыр сымбат» (глубина, тайна грация, стройность, красота\* («Жігіттер ойын арзан»);
3. «сыр (ішкі) сырты» (внутренне, скрытое внешнее, доступное\* («Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Талай сөз бұдан бұрын айтқанмын»);
4. «жақсы, жарамды ән / құр айғай» (хорошая, пригодная песня\*/ пустой крик\* («Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа», «Жастықтың оты қайдасын», «Құр айғай бақырған»);
5. «есті ән / есер ән» (сознательная песня\*/легкомысленная, разбалованная песня\* [1, с.25-26; 2].

Ученый тем самым подчеркивает, что в творчестве поэта-музыканта отмечается новый песенный стиль, который восходит от тенгрианства и мифологического сознания народа, и трансформируется в новых формах. Так, известные строки Абая: «Құлақтан кіріп бойды алар Жақсы ән мен тәтті күй» / Поглотят тебя без остатка Хорошая песня и сладкозвучный күй» исходят из «общности осознания художественного феномена самого искусства», в которой отражались «тесная связь с сакральной сферой», - указывает ученый [1, 27; 2].

Идея доминирования содержательной стороны песни, как художественного результата искусства, одно из главных и приоритетных в творчестве Абая. Поэтому категория, выделенная Абаем «ой/мысль» прослеживается на протяжении всего его поэтического творчества. Философские размышления казахского поэта и мыслителя Абая мы находим в следующих строках: «Көңілге түрлі ой салар Әнді сүйсен менше сүй/Если любить песню как я, То только ты, что пробуждает мысль» или «Мұны жаздым ойланып Ойда бардан толғанып/Все, что мною написано Плод долгих размышлений и раздумий» («Құлақтан кіріп бойды алар») [2].

Следовательно, категория «ой» и внесенное Абаем понятие «ойлы күй», отмечает А.Сабилова, раскрывают «уровни художественного процесса и творческую коммуникацию» в понимании:

- 1) процесса создания произведения и его конечного результата;
- 2) процесса исполнения – «біліп ән салу»;
- 3) процесса вдумчивого восприятия слушателем – «тыңдасан ой көзімен» [1, 38-40]. Именно в этом значении понимается созданный им новый музыкальный стиль.

\*) здесь и всегда смысловой перевод А.Сабиловой.

\*\*) здесь и всегда смысловой перевод автора статьи.

Музыкально-поэтические мысли, его философские размышления, а также, дошедшие до нас устные источники, свидетельствуют о своеобразии всего творчества Абая. Восприятие музыки рассматривается в разрезе «трех основных фазах коммуникативного процесса», - пишет она, - которыми выступает:

- 1) личностные качества слушателя, его внутренний мир (предкоммуникативная фаза);
- 2) собственно процесс слушания (коммуникативная фаза);
- 3) результата воздействия музыки (посткоммуникативная фаза) [1, 64].

В данной статье постараемся проследить представленные поэтом эстетические категории в создании нового музыкального стиля.

Исследуя все творчество поэта можно утверждать, что и поэзия и просветительская деятельность, были главным смыслом всей жизни, где посредством слова и музыки он предьявлял наличие необходимых для «идеального облика человека» качеств – *толық адам/самодостаточного человека*<sup>\*\*</sup>. И конечно же, чтобы быть таковым, (предкоммуникативная фаза по А.Сабировой), человек должен обладать такими личностными качествами, как сердечностью – *жүрек* и разумностью – *ақыл*, которые должны быть в гармонии друг с другом и «доминировать каждый в своей сфере». «Область чувств – *сезімпаз, көңіл, көкірегі сезімді* – это функция *жүрек/сердца, көкрек кеуде/груди, көңіл/души*. Область рационального (*терен ой/глубокая мысль*) – это функция разума, сознания, мозга/ақыл, ес, ми. И только их единство позволяет постичь глубокую тайну/ *сыр* стиха» - указывает в своей работе А.Сабирова [1, 66].

Так, например, сердце обеспечивает сопереживание, одухотворение, приближение к эстетическому идеалу. Ее наличие помогает постичь смыслообразующую и ценностную функцию песни и приблизит к эмоциональному отношению и восприятию: «*Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар/ Песня разбудит спящее сердце*» («*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа*») [2]. Поэтому осознанное исполнение – *біліп ән салу* – приближает к пониманию категории искусства *өнердің жайы* (коммуникативная фаза). Абай пишет по этому поводу, что для человека важны три вещи: воля, разум, сердечность: «*Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Бістық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*» («*Малға достың мұны жоқ малдан басқа*»), наличие которых позволит ему быть *толық адам/самодостаточным*: «*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласын елден бөлек*» («*Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек*»); *Қайрат пен ақыл жол табар* («*Әсемпаз болма әрнеге*») [2].

Категория «*ақыл/ум*» вбирает в себя комплекс человеческих качеств, таких как стремление к образованности, расширение своих знаний, быть усердным и не лениться в учебе: «*Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта Ерінбей оқып көруге... Жалқауланба еруге*» («*Интернатта оқып жүр*») [2]. Противоположную этой категории Абай выставляет категорию, в которой нет смысла в разуме: «*Пайдасыз ақыл, Байлаусыз, тақыл, Атадан бала ойы өзге. Санасыз, ойсыз, жарым ес, Өз ойында ар емес*» («*Сегіз аяқ*») [2].

Коммуникативная фаза предполагает также наличие исполнения песни, музицирование. Ученый обращает внимание на устойчивую к тому времени и традиционную манеру исполнительства и манеры звукоизвлечения. Традиционным мастерством звукоизвлечения казахского певца считалось «глубокое, полнокровное дыхание широкой грудью» *кеудемен дем алу*. Из воспоминаний М.Ауезова [3] и других, А.Сабирова цитирует, что «связки ассоциировались с серебряной гортанью или медным небом: «*жез таңдай, күміс көмей/ серебряное горло, медное небо*», «*көмекейі көсілген/растянутые связки*» [1, 34].

На силу и продолжительность звукоизвлечения влияло дыхание: «*кеуде, көкірек / грудной резонатор, дыхание средней глубины / таңдай, тіл мен жақ/небо, язык и щеки, горловое пение/ тамақ, көме*», что и влияло на профессиональное звукоизвлечение исполнителя. Особое признание в народно-профессиональном мастерстве и виртуозности пользовалось пение на широкое дыхание: «*көкке өрлету/ парящее в небо*», «*аспандап ән шырқау/ петь, взлетая в небо*». И как перечисляет ученый, «встречаются терминологии, указывающие на специфически-исполнительские тонкости звукоизвлечения, связанные с разнообразными приемами пения горлом: *ентелету/пение напористым звуком, бүлкілдету/бурлящий, вибрирующий, көмей бүлтылдайды/бурлящее горло, дауысты ызғытып айдау/гудящий, вихревой звук, даус сырғанану/скользящий звук*» [1, 34-35].

На все эти качества Абай указывает в своих стихах в осознании категорий «*тәтті ән*» и «*ойлы күй*», которые во взаимодействии подчеркивают роль искусства как особой формы художественного исполнения, «обозначающая красоту, совершенство и пропорциональность внешних форм, мастерства исполнения, тонкого, дифференцированного звукоизвлечения» и «глубокую ее содержательность» [1, 38]. Автор поясняет, что привнесенное Абаем трансформация эстетических категорий в контексте всей культуры вносит качественные параметры самой песни, где он является и новатором и продолжателем традиционных представлений о песне одновременно.

И последняя фаза – посткоммуникативная – являлась результатом воздействия музыки на человека, конечной целью искусства, где она возвышала душевное состояние «көңіл ашаар», «приводила к релаксации и очищала душу человека, приведя его к катарсису», - пишет исследователь [1, 77-78]. В первом случае музыка понимается «как неиссякаемый источник духовности» и, как указывает А.Сабирова, соединяется со словами «көңіл, ой, ұғу/настроение, мысль, понимание». Например, «көңіл ояу/пробуждение чувств, ұғар көңіл/ понимающая душа, көңілінің көзі ашық/ букв. просвященная, образованная душа»\*. В этом значении известные строки: «Көңілім әнді ұғарды/Душа понимает песню»\*, подготавливает автор книги, - «делает концепцию Абая об «осмысленном слушании» глубоко индивидуальной, новаторской и целостной» [1, 80].

Разумеется, значение слова көңіл передает настроение, отношение к кому-либо или чему-то, например: «Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар. Ақылдының сөліндей ойлы күйді Тыңдағанда көңілдің өсері бар...» («Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа») [2]. Зачастую значение «көңіл» Абай синтезирует с любовью, радостью, взаимностью – «Көңілімнің рақаты сен болған соң» («Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол») [2]. Но в поэзии поэта встречается и ее отрицательная сторона – қара көңілім, характеризующая настроение печали, безответной любви, горечью утраты, как например в песне «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» [2].

Из воспоминаний М.Ауезова [3], записанные им от современников Абая, его учеников, родственников, А.Сабирова пишет, что Абай требовал к слушателю «обладать внутренним видением»: «Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз / букв. обладание внутренним видением, позволит понять потаенный смысл»; «Түбі терең сөз артық бір байқарсыз / важна глубина слова»\* или строки из стихотворения «Өзгеге көңілім тоярсын»: «Онан дағы бір есті ішкі сырын аңғарсын/Лишь избранный может распознать тайну»\*. Этим самым, раскрывая значение категории «сымбат», автор приводит еще примеры: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе зой сыр мен сымбат / Джигиты, игра – дешевле, а смех – дорог. Истинно двуедино тайны и красоты»; «Сыртын тынып іс бітпес сырın көрмей / В поисках смысла не ограничивайся познанием внешней формы»; «Ойлапшы, сыртын қойып, сөздің ішін / оставь внешнее, думай о глубине слов»\* («Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын») [1, 40-41; 2].

В эстетике Абая термин «құр айғай» понимается буквально как «неоправданная пустая виртуозность» [1, 48-49]. Чтобы полнее охарактеризовать концепцию искусства – өнердің жайы – Абай пишет так: «Құр айғаймен әуре боп, Өнердің жайын баса ұқпай/Никчемность, пустой крик, От непонимания назначения искусства»\*; «Құлағынан өтеді Құр айғай салған сәндері/Пронзает ухо пустотой показной крик»\*. И выступает ярким противником против произведений, не имеющих воспитательного и художественного значения: «Құр айғай бақырған құлаққа ән ба екен?/Разве пустой крик есть песня?». Для молодежи, в развитии и становлении их духовной нравственности, строки из стиха Абая «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» [2] будут полезными в руководстве воспитания слушательской культуры.

В сфере коммуникации Абаем было выделено выражение «ойлы құлақ/ думающее ухо». Так как казахское искусство традиционно было устным, правильное исполнение и цепкое восприятие органом слуха считалось важным атрибутом слушания музыки. Абай писал, что это важно в «восприятии художественной информации: «құлақтан кіріп; құлаққа салу»; «ойлап-ойлап құлаққа іл/ послушав задумайся»; «ықыласты ұқпағынды қой/внимательно, сосредоточенно слушай» [1, 69]. Поэтому он полагал, что внимательное восприятие приводит к более «рациональному восприятию высокого качества – «ойлы құлақ», что позволяет разобраться в назначении песни, понять его смыслообразующую функцию и в результате воспитать слушательскую культуру. «Высказывание Абая, - пишет А.Сабирова в своей книге, – подытожены идеей осознанного слушания, обращенного к разуму: «Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен/ Слушай хорошую песню глазами ума»\* [1, 70]. Это значение указывает, где поэт разделяет свои мысли по поводу слушательского опыта и его можно найти в песнях «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Домбыраға қол соқпа», «Көңіл құсы», «Өзгеге көңілім тоярсын» и др.

Следовательно, внесенный Абаем в литературный жанр понятия «есті ән», «ойлы күй», приближает его творчество приемственностью к суфийской терминологии, истоки которого – «средневековый мусульманский Ренессанс» (цит. А.Сабировой), но, тем не менее, деятельность мыслителя и философа XIX-века Абая, поэта и основоположника новой казахской песни в музыкальной культуре своего народа, является новаторским и реформаторским. Он в своем творчестве поднимал многие вопросы бытия; проблемы духовно-нравственных ценностей, морали и этики; отдавал большое значение просветительству и развитию литературы, науки и музыкальному искусству. Только пером и поэтическими словами, песнями и словами назиданиями, он мог влиять на мысли современников, единомышленников и продолжателей его идей, обучать казахскую молодежь и через синтез слова и музыки, пропагандировать художественные и культурные ценности.

Музыка Абая, «вливается в душу, наполняет ее, поглащает боль, рассеивая скорбь, излечивает душевные раны: «Иштегі детім қозғалсын. Иштегі дертті жоғарсың Қара көңілім оянсын, Жыласын

көзден жас ақсын, Омыраум боялсын/Приведи в движение душевные раны, Пусть они излечатся, А скорбящая душа проснется. Пусть слезы потекут ручьем, и очистится (омоется) душа», - приводит А.Сабирова, анализируя строки Абая [1, с.83-84]. Результатом слушания музыки, - пишет она, - изменяется «состояние душевного благо» и поэт определяет его, «как *ләззат, елжіреу, еру, балқу*», что следует понимать как пребывание в состоянии наслаждения, таяния, духовно-душевной надбъгтийности» [1, с.93]. Для Абая песня выступает эстетической категорией; это мы находим в стихе «*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа*»: «Әннің де естісі бар, есері бар,...Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, Өмір сәуле көрсетер судай тұнық» [2].

Таким образом, созданный Абаем новый музыкальный стиль перерос в своеобразную музыкальную концепцию близкая народной. Мелодии песен Абая, часто называемой «кюями» [3], были приближены к народной песенности: «*Желсіз түнде жарық ай*», «*Айттым сәлем қаламқас*» [2]. Куплетность, образная жанровость, мелодичность, поступенное увелечение сила звука с поднятием тесситуры и регистра, повтором кульминаций, пение на широкое дыхание и другие музыкально-выразительные особенности песен Абая. Четкие требования к исполнителю и к слушателю проявлялось овладение сознательным – «*есті ән*», эстетическими категориями – «*тәтті ән, ойлы күй, сыр-сымбат, ішкі-сырты*» и др., которые помогают освоить музыкальное искусство «*әннің жайы*» и приблизиться к пониманию философии искусства «*өнердің жайы*». Следовательно, новый музыкальный стиль Абая, «дает полное представление о модели новой песни», которое раскрывается в «категориях *ойлы күй* (содержательный, мудрый күй), *сыр-сымбат* (тайна, срытая, неявленная суть и упорядочность, пропорциональность внешних форм)», и рассматривает жанр песни, «как художественное явление, в котором соразмерены красота, искусность, виртуозность, совершенство форм и содержательность, глубина, обусловило отношение к песне как вечной, мудрой, непостижимой тайне» [1, с.94].

**Заключение.** Подытоживая вышесказанное можно сказать, что за несколько сотни лет Абай еще в XIX-ом веке сумел раскрыть психолого-педагогический аспект процесса слушательского восприятия музыки. Указывая единство взаимосвязи между исполнителем и слушателем, он поднимал проблему этического-психологического, индивидуального восприятия, которые позднее были изучены и раскрыты в трудах А.Б. Асафьева и других ученых [4]. Это еще раз дает нам понять, что масштаб личности и гениальность Абая, неординарность творчества и сильный внутренний резерв – это код гениальности времени в котором он жил и творил, в котором Абай является гением своего времени.

Указанные выше данные позволяет нам сделать ряд предварительных выводов.

1. Музыкальное абаеведение – серьезный и многогранный пласт науки по абаеведению. Он изучает музыкально-поэтический стиль, жанровость и содержательность творчества поэта-музыканта Абая, своеобразии творческого процесса и «вызревание художественного замысла».

2. Музыкальная реформа Абая по отношению к традиционной казахской песни реформировалась изучением эстетических категорий «*ойлы күй*», «*тәтті ән*», «*есті ән*» и других, что позволяет его личность выдвинуть в ранг выдающих деятелей и реформаторов своего времени.

3. Музыкально-поэтизированное творчество Абая привнесло новый взгляд на казахскую песню, повлияло на музыкальное искусство казахского народа в целом, создав новую концепцию музыкального искусства.

4. Новая концепция музыкального искусства по Абаю состояла из «культурного статуса новой философии искусства «*өнердің жайы*» с ее эстетической категории «*ойлы күй*» и нового песенного стиля «*әннің жайы*» с эстетической категорией «*тәтті ән*».

5. Особое отношение к песне, четкие ребования к ее восприятию определило новый музыкальный стиль в творчестве Абая.

Статья выполнена в рамках научного проекта МОН РК AP05132384-OT-18 «Этнокультурные аспекты художественно-исполнительской интерпретации произведений композиторов Казахстана в контексте реализации государственной программы «Туған ел».

#### Список использованной литературы:

1. Сабирова А. Абай и Шакарим: философия музыки и песенный стиль. Вопросы изучения казахской традиционной песни: Монография. – Алматы, 2014. – 456 с.
2. Абай. Стихи (на казахском языке). – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1976. – 239.
3. Ауэзов М.О. Поэтическое окружение Абая /М.Ауэзов. Неопубликованные материалы по абаеведению. / Сост. Л.Ауэзова, М.Мырзахметов. – Алма-Ата, Наука, 1988.– С. 57-71.
4. Асафьев Б.В. Музыка Казахстана / Музыкальная культура Казахстана. – Алматы, 1955. – С.79.

МРНТИ: 82-81-26

Г.С. Каримова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ДРАМАСЫНДАҒЫ СТИЛЬ МӘСЕЛЕСІ

*Аңдатпа*

Мақалада драмадағы стиль мәселесіне кеңінен тоқталып, қазіргі қазақ драматургтерінің сөз қолданысы нақтылы мысалдар негізінде талданады. Әдебиеттегі стильдің дамуы мен бағыт-бағдарын таныту барысында еңбек етіп, теориялық пікірлер айтқан ғалымдар Гете, Гегельден бастап, В.Виноградов, М.Бахтин, А.Чичерин, А.Соколов, Г.Н. Пospelов, Л.Тимофеев, В.Ковалев, М.Поляков, М.Б. Храпченко, Т.Томашевский, Г.О. Винокур, Ю.Б. Боревтердің құнды пікірлері сараланады. Ұлттық әдебиеттану тарихындағы қаламгердің өзіндік мәнері хақында пікір айтқан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали сынды ғалымдардың стиль жайындағы ойлары зерттеу арқауына алынады. Драмадағы диалогтың кейіпкер болмысын танытатын амал ретінде кеңінен пайдаланылатындығы сөз болады. Драмадағы диалог – кейіпкерлердің рухани әлемін, ішкі драматизмін психологиялық тұрғыда тереңінен көрсетудің құралы екендігі талданады. Образ ашуда, оның мінез-болмысын танытып, ішкі әлеміне үңілуде диалогты шебер қолданған драматургтер туындыларынан нақты мысалдар келтіріліп отырады. Көркем шығармадағы кейіпкер сөзі өзінің атқарар рөлі мен маңызы тұрғысынан сөз өнеріндегі көркемдік құралдар арасындағы өзгелерінен ерекше, қолданыс аясы бөлек түрі екендігі пайымдалады.

**Кілт сөздер:** стиль, драма, кейіпкер сөзі, диалог, қаламгер қолтаңбасы, өзіндік мәнер, характер

G.S. Karimova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## PROBLEM OF STYLE IN KAZAKH DRAMA

*Abstract*

The article highlights the problem of style in drama, based on specific examples, analyzes the use of the words of modern Kazakh playwrights. The opinions of scientists who have studied the development and orientation of style in literature from Goethe, Hegel, such as V. Vinogradov, M. Bakhtin, A. Chicherin, A. Sokolov, G. N. Pospelov, L. Timofeev, V. Kovalev, M. Polyakov, M. T. Khrapchenko, T. Tomashevsky, G. O. Vinokur, Yu. B. Borev. In the course of the study, scientific thoughts and conclusions of such scientists as A. Baitursynuli, K. Zhumaliev, Z. Kabdolov, R. Nurgali, who expressed their opinion about the originality of the writer in the history of national literary criticism, were examined. The point is that dialogue in drama is widely used as a way of manifesting the character's specifics. It is analyzed that dialogue in drama is a means of deep psychological manifestation of the spiritual world of heroes, internal drama. In the disclosure of images, the manifestation of his behavior and familiarization with the inner world, concrete examples are given from the works of playwrights who skillfully used dialogue.

**Keywords:** style, drama, the word of the hero, dialogue, style of the writer, character, peculiar style

Г.С. Каримова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан.

## ПРОБЛЕМА СТИЛЯ В КАЗАХСКОЙ ДРАМЕ

*Аннотация*

В статье широко освещается проблема стиля в драме, на основе конкретных примеров анализируется использование слов современных казахских драматургов. Анализируются мнения ученых исследовавшие о развитии и ориентации стиля в литературе от Гете, Гегеля, таких как В. Виноградов, М. Бахтин, А. Чичерин, А. Соколов, Г. Н. Пospelов, Л. Тимофеев, В. Ковалев, М. Поляков, М. Т. Храпченко, Т. Томашевский, Г. О. Винокур, Ю. Б. Борев. В ходе исследования были рассмотрены научные мысли,

выводы таких ученых, как А.Байтурсынулы, К.Жумалиев, З.Кабдолов, Р.Нурғали, которые высказали свое мнение о самобытности писателя в истории национального литературоведения. Речь идет о том, что диалог в драме широко используется в качестве способа проявления специфики персонажа. Анализируется, что диалог в драме является средством глубокого психологического проявления духовного мира героев, внутреннего драматизма. В раскрытии образов, проявлении его поведения и приобщении к внутреннему миру приводятся конкретные примеры из произведений драматургов, которые умело использовали диалог.

**Ключевые слова:** стиль, драма, слово героя, диалог, стиль писателя, характер, своеобразный стиль

**Кіріспе.** Стиль – әдеби дамудың деңгейі мен бағыт-бағдарын тануда, көркем шығармашылықты бағалауда ерекше орны бар ұғым. Стильдің гректің “Stilus” сөзінен өрбитіні бірқатар теориялық еңбектерде айтылып келеді. Стило – жазуға арналған үшкір таяқша. Әу бастағы хатнама, жазуларды осы стило арқылы түсірген. Осыған орай антикалық дәуірдің өзінде стиль сөзі ауыспалы мағынада ұғынылып, қолтаңба, хат жазу ерекшелігі дегенді білдірді. Сондай-ақ, бұл мағына ұзақ уақытқа дейін сақтала келе, сәл өзгеріп, адамның сөз саптау мәнерін білдіретін терминге айналды. Стиль термині әр түрлі ғылым саласында (әдебиеттану, өнер, тіл білімі, мәдениеттану, эстетика) қолданылады. Эстетикалық категория ретінде стиль – “шығармашылық процестің, көркемдік ойлау процесінің, көркемдік қарым-қатынастың, туындының факторы” [1, 3] болып табылады.

Көркем әдебиеттегі стиль туралы сөз қозғағанда, оның қаламгер қолтаңбасын дараландырып тұратын поэтикалық сипатына үңіле қарамас бұрын, ол туралы айтылып аксиомаға айналған пікір-тұжырымдарға назар аударғанда Гегель еңбегін айналып өтуге болмайды. Өзінің әйгілі “Эстетикасында” Гегель мәнер, стиль, және даралық (манера, стиль, оригинальность) ұғымдарын бір-бірімен тығыз байланыста қарап, белгілі бір қорытындыға келеді [2, 85].

“Қалай болған күнде де біз суреткерден объективтілікті талап етуіміз керек. Бейнелеу – суреткер шабытының жемісі. Ол субъект ретінде затпен (құбылыспен) түбегейлі жымдасып ішкі әлеміндегі құбылыстармен өз қиялын үндестіріп, көркемдік тұрғыда жүзеге асырады” [2, 85] дей келе суреткер субъектісі мен бейнелеудің объективтілігі негізгі аспектіні құрайтынын айтады. Ол жерде даралық (оригинальность) алға шығу үшін мәнер мен стильдің өзіндік орны бар деп көрсетеді.

Гегельдің пайымдауынша мәнер (манера) жеке тұнғаға қатысты. Сол себепті де оны суреткердің ерекшелігі деуге болады. Демек мәнер де, даралық та көркем шығарманы тудыру барысында байқалады және сол нәрсенің өзінде, оның айрықша бейнеленуінде көрінеді. Осылай дей келе, Гегель мына мәселелерді жекелей атап көрсетеді: Біріншіден, мәнердің өзіне бейнелеудің түрлі жолдарын қажет ететін жалпылама өнер түріне ешқандай қатысы жоқ. Мысалға, тарихи картина салатын суретшіге қарағанда, пейзажист дүниені басқаша қамтуы керек. Яғни, мәнер – суреткердің өзі таңдай алатын формасының (түрінің) ішіндегі ең төменгі сатысы. Сондықтан да мәнер көркемдік қабылдау тәсілінде көрінуі де мүмкін.

Екіншіден, мәселен мәнер бояуды араластыруда, олардың қоспасында, бояу жаққышты қолдануда байқалады. Осындай күнделікті қайталау әдетке айналып, механикалық түрде сезінусіз, шабытсыз, шартты түрде орындалу қаупін тудырады. Мұндай жағдайда өнердің құны түсіп, әдеттегі мәнермен жасалған өнер туындысы өміршеңдігін жояды. Осы мәселелерді қарастыра келе Гегель өнердегі ерекшеліктің жоғарғы сатысы – стиль туралы тұжырымға көшеді. Стильді ол субъектінің жалпы өзіндік ерекшелігі оның сөйлеу тілінен көрінеді дейді. Гегельдің бұл тұжырымы стиль мәселесін зерттеуде “алтын өзекке” айналып, көптеген ғалымдардың еңбектеріне негіз болды деуге болады [3, 25] Бұл пайым негізінен лингвистикалық бағыттағы ойшылдардың пікірімен үндеседі. Дегенмен, белгілі дәрежеде стильді әдебиеттану тұрғысынан қарастыруда да тіл, бейнелілік, түр мәселелері басты назарға алынып келгенін де естен шығармау керек.

Гегель көркем туындыдағы стильдің көрінбеуін өзіндік бейнелеу тәсілін қолдануға қабілеттің жетпеуі, болмаса заңды талапқа бағынғаннан гөрі, өзінің қыңырлығына салынып, стильді нашар мәнермен алмастырғысы келетіндігінен болады деп түсіндіреді. Стильдің барынша қалыптасып, жетілуі даралыққа әкеледі. Дегенмен даралық стильдік заңдылықтан ғана тұрмайды. Суреткер жалаң мәнерге бой ұрмағанда ғана өзі үшін аса маңызды материалды туындатады. Өзінің ішкі сезімін басқара отырып, жалпы идеал ұғымымен сәйкес өзіндік түйсік пен өнер заңдылығын үйлестіре отырып, тың болмыс қалыптастырады. Әдетте даралықты ғажайып туындының дүниеге келуі деп білеміз. Алайда оны белгілі бір субъектіге ғана тән деуге болмайды. Гегель мәнер, стиль, даралық, мәселерін сөз еткенде ойларын

қорытындылай келіп, стильге ерекше мән береді. Қазіргі таңда “байыбына бармай шатасып жүрген мәселенің бірі – стиль мәселесі” [4, 64].

**Әдістеме.** Стильді әдебиеттану ғылымы тұрғысынан эстетикалық категория ретінде қарастырғанда, оны шығарманың тұтас құрылымымен, бүкіл болмысымен қарастыру бірден бір дұрыс жол. “Стиль – суреткер талантының даралық қуатын көрсететін сапалық белгі” [4, 64] екенін ескерсек, стиль мәселесін сөз еткенде көркем туынды тұтастай назарға алынбақ.

Ұлы ақын Гете стильді жай еліктеу, ұқсау, стиль түріндегі сатыларға жіктеп қарастырады. Гете тұжырымы шығармашылықтың бүкіл болмысын тану үшін аса маңызды.

Стиль туралы мәселені қарастырғанда тақырып пен мазмұнды, образдар жүйесін, композицияны қарастыру кең орын алғанын айта кету керек. Яғни, стильді поэтикалық тұрғыдан зерттеуді қуаттаған ғалымдар еңбегі баршылық. Олардың қатарында: В.Виноградов, М.Бахтин, А.Чичерин, А.Соколов, Г.Поспелов, Л.Тимофеев, В.Ковалев т.б. еңбектерін атауға болады. Бұлардан басқа стиль мәселесін қарастырған еңбектер баршылық. Сондай-ақ, М.Я. Поляков та стиль мәселесін әдебиеттану тұрғысынан зерттеп, оның жанрға жалпы көркемдік жүйеге қатысын сөз қылады. Поляковтың ұстанымы “стиль дегеніміз – ізделіп отырған шама, ал, мәтін - шындық”(М.Поляков, 1978) дегенге саяды. Яғни, көркем мәтіннің бүкіл табиғаты, оның ерекшелігін тану стильмен байланысты.

“Стиль концепциясы көркемдік форма элементінің синтезі ретінде күдік тудырады” [5, 97] деген М.Б. Храпченко тұжырымына сүйене отырып, М.Поляков мәтіннің мазмұндық деңгейі стильдік түр мен сөйлеуден тыс әрекет етпейді дейді. Әрине, стиль “мазмұн” болып табылмайды десек те, ол сол мазмұнның тәні, нақтырақ айтсақ, болмысы, идеалды нәрсенің материалды (нақты) түрі.

“Шығарманың көркемдік бейнелеу түрі стиль қасиетіне ие болады. Шығарма мазмұны өз-өзінен стиль болмайды және стильге кірмейді де” дейді Г.Н. Поспелов [6, 17]. Теориялық тұжырымдар мен пікірлерге назар салсақ, стильді ең әуелі экспрессивті мағына үлесіне тиетін және белгілі бір сапаға ие болған форма жүйесі ретінде түсіндіреді. Сол арқылы суреткердің даралығы көрінеді деп біледі. Көптеген тұжырымдарда стильдің ішіне композицияны да кіргізетінін айтып өткенбіз. “Поэтикалық тіл” анықталған композицияның бөлімі ретінде қабылданады. Нәтижесінде стиль жалпы категория ретінде өзіне композицияны да, стилистиканы да қосады. Сондықтан әрбір поэтикалық лексиканың ерекшелігі “эстетикалық нысанның барлық композициялық сипатының ескерілуімен құрылады” [7, 19]. В.В. Виноградовтың бұл пайымы әдебиеттегі стильді қалай анықтау керек деген сұраққа бір жауап.

Әдебиеттегі стиль – сөйлеудің жеке актісі емес, өзінше айрықша құрылған тұтас туынды деген ойға келсек, бұл жерде Ш.Баллидің пікіріне тоқтала кету керек. Баллидің пікірінше, стиль - таза әдеби зерттеуге жататын қалып болып табылады. Стиль әдіске де, дүниетанымға да, суреткердің жеке басы мен жазу машығына да, өз дәуірі жөніндегі ұғымы мен өз шығармашылығының ұлттық сипатына да бірдей қатысты. Стиль – әлгі айтқан пікірлердің кемел тұтастығы” деген пікірді А.Григорян айтады. Я.Эльсберг “Стиль көркем түр доминанты, оның ұйымдастырушылық ықпалы”, В.Ковалев “Стиль дегеніміз – түр мен мазмұн”, В.Днепров “Стиль көркем мазмұнның тұтастығын танытатын түрлік байланыс», Т.Томашевский “Стиль – көркемдік әдістің көзге көрініп тұратын сыртқы қабығы” деген тұжырымдар жасайды. Б.Храпченко болса “Стильді көркем бейнелер арқылы игерілген өмірлік шындықты жеткізудің амалы, оқушыны әрлендіру мен иландырудың жолы деп түсінген жөн. Әдісті мазмұнмен теңестіруге болмайтыны сияқты көркем бейне арқылы игерілген өмірлік шындықты жеткізудің идеялық, эмоциялық ықпал етудің амалы ретінде қарастырылатын стильді де шығарманың түрімен шатастыруға болмайды” деген тұжырымға келеді. Стильге қатысты ой-тұжырымдардың қай-қайсы да айналып келгенде сөздің бейнелі әрі көркем түрде қолданысына келіп тіреледі. Потебня сөздің үш түрлі сипатын көрсетеді: біріншісі – мән-мазмұны, екіншісі – ішкі құрылысы, үшіншісі – дыбыстық жағы, естілуі. Көркем әдебиеттің басты негізі – сөз болса, сөз қолданысының әрбір суреткердің даралығын байқатар қыры стиль ауқымына қатысты. “Біз композициялық стиль туралы, кейіпкерлерді бейнелеу туралы, тілдік стиль туралы айта аламыз. Бірақ идея стилі, шығармашылық әдіс стилі, тақырыптық стиль деген сөз тіркестерін қолдана алмаймыз. Оқырман идеялық-эмоциялық құрылымның стильмен бірлігін еріксіз сезінеді, және Пушкиннің стилін, “Соғыс және бейбітшіліктің” стилін автордың өзіндік ерекшелігі ретінде айтуға мүмкіндік бар. Бірақ күнделікті тәжірибеде шығармашылық әдіс стилін анықтауға талпынуды кездестірген емеспіз, керісінше, шығармашылық әдістің жазушы стилінің сипатын анықтайтынына көз жеткіземіз” деп жазады М.Поляков [8,97]. Бұл тұста зерттеушілерге әдіс пен стилдің айырмашылығын олардың бір-біріне өзара тәуелділігін ескере отырып, анықтау белгілі екенін айта кеткен жөн.

**Нәтижелер.** Әдебиет тарихының деректері “стиль” терминінің көп мәнділігін түсіндіріп береді. Әдеби туындының күрделі табиғаты, мәтіннің жоғары деңгейден (ойлау – көркемдік концепция –

тақырып) төменгі деңгейге (жоғары деңгейдің нақты таратылуы) реттелген ағыны, қозғалысы түрінде көрінеді. Бұл қозғалыста поэтикалық әлемнің барлық белгілері бірігіп, алдыңғы орынға көркемдік ойлаудың заңдылықтары мен тетігі шығады. Әдебиет тіл арқылы берілген және танытылған әлем бейнесін жасайды. Шындық пен туынды арасындағы қарым-қатынас мәтінде мазмұн мен бейнелеу арқылы көрсетіледі. Яғни, теоретиктер тұжырымында көп айтылатындай, стиль тілдік және тақырыптық деңгейдің теңелген дәрежесінде реттеледі, осы екі деңгейдің бірігуі қағидасын ұсынады. Дәл осы жағдайда “тіл-композиция” қарама-қарсылығы туындайды. Бұл “тақырып-тіл» қарама-қарсылығының бейнеленуі тәрізді болады. Стиль мәселесі көркем мәтіннің тұтастығы мен төтенше күрделілігіне ерекше күш салады. Бәрінен бұрын белгілі нәрсеге (семантика) талдау жасаудан, көркем әдебиеттің тақырыптық өнер және ол тілдік элементтер арқылы әлемнің бейнесін жасайтынын ескере отырып, тақырыптық және тілдік талдауға көшу заңды. Поэтикалық тіл тұтас анықталған композицияның бір бөлшегі ретінде қарастырылады, нәтижесінде, стиль өз бойына жалпы категория ретінде композицияны да, стилистиканы да сіңіреді. В.Виноградов өз уақытында композициялық шарттар тілдік материалдарды өңдеп, таңдап алғанымен, лингвистикалық құбылыс шеңберінде жатпағандығын кең түрде, жан-жақты атап көрсеткен болатын. Яғни әдеби шығарманы тұтастандырып тұратын механизм ретінде стиль тілдік және тілден тыс құбылыстардың бір-біріне қарама-қарсы тұруынан жасалады. Композициялық құрылымдағы тілдің ішкі иірімдері стильге даралық қасиет береді. Бұл стильдің контекстік сипатта екенін, оны жекелеген сөздерден немесе жалаң композициядан іздеуге болмайтынын көрсетеді. Контекст мұндай жағдайда сөзбен “тұтас композиция арасындағы алшақтықты жақындатып оларды тұтастырады». Шындық пен көркем мәтіннің арасындағы тілдік жағдайды Г.О. Винокур ерекше атап көрсеткен. “Тілді өнер ретінде бұл қарапайым “стилистикалық фигура” ғана емес, өнер ашатын екінші образдық шындықтың көрінуі. Бұндай жағдайда грамматикалық форма, өзінің кәдімгі беретін мағынасына үстем аталған форманың көркем мазмұнын ашады» [8, 12].

Г.О. Винокурдың бұл формуласы көркем әдебиеттегі тілдің қосмәнділігін, қарапайым тілдік деңгейден мағынаның поэтикалық тіл деңгейіне ауысуын, яғни қарапайым мағыналық тілдік потенциалдың көркемдік потенциалға айналуын көрсетеді.

Көркем және қарапайым тілдің стилистикасының арасындағы шекара осыдан көрінеді. Бұл жерде қарапайым тілдің потенциалды мағынасы көркем мәнге тәуелді болып шығады. Аталған ғалымдардың бұл пікірлері лингвистикадағы және әдебиеттанудағы стиль теориясының арасындағы айырмашылықтың бар екенінің дәлелі болады.

Стильді түсіну үшін “құбылыстарды көлденеңінен (яғни қазіргі заман шығармалары қатарынан) және тігінен (яғни тарихи процестер нәтижесінде өзгерген шығармалар қатарынан) қарастыру керек”. Стильдің семантикалық және шартты деңгейлерін стильді зерттеп-зерделеу кезінде қазіргі заманғы (синхронды) және тарихи (диахронды) тұрғыда қараған дұрыс. Бұндай аналитикалық талдаудың негізінде салыстырулар жатады. Поляковтың стиль туралы бұл пікірінің қуаттайтын жақтары көп. Жалпы стильге қатысты сөз айтпаған теоретиктер жоқ десе де болады. Сонау Гете, Гегельден бастап күні бүгінге дейін әдебиеттегі стиль айналасында өрбіген әңгіме көп. Барлық пікірлер жиынтығына назар аударсақ, көркем әдебиеттегі стильдің соншалық кең ұғым екеніне көз жеткіземіз. Әдеби туындының стилін талдағанда айтылған тұжырымдарды басшылыққа алу қажет-ақ. Дегенмен, ең әуелі, біз поэзиядағы стиль мәселесін сөз еткенде, қандай мәселелерді нақты нысанаға аламыз деген заңды сұрақ туындайды. В.Хализев тұжырымдарына назар аударар болсақ, әдебиеттің дамуын стиль аспектісінде қарастыру дәстүрлі түрде қалыптасқанын тілге тиек етеді. Сондай-ақ оны әдеби процеспен тығыз байланыста қараған жөн дейді [9, 91].

“Көркем туынды стилінің құрылымы күрделі әрі көп қабатты” дей отырып, әдебиеттанушы ғалым Ю.Б. Боров сол қабаттарды жүйелеп көрсетеді. Ғалым тұжырымы негізінде қарасақ, онда стильдің құрылысын төмендегідей қабаттарға жіктеп қарастыруға болады: *бірінші қабат* – тақырыптық-интонациялық тұтастық, *екінші қабаты* – ұлттық-стилистикалық тұтастық, *үшінші* – ұлттық-стадиялық стиль, *төртінші* – әдеби-көркем ағым стилі, *бесінші* – суреткердің көркемдік ойлау ерекшелігін бейнелейтін дара стилі, *алтыншы* – шығармашылық кезең стилі, *жетінші* – көркем шығарма стилі, *сегізінші* – көркем шығарма элементтерінің стилі, *тоғызыншы* – өмір сүріп отырған кезеңнің барлық көркемдік құбылыстарын біріктіретін дәуір стилі [10, 212]. Стильдік тұтастықты, оның көпқабаттылығын талдаған ғалымның бұл пікірі стиль жайлы айтылып келген бүкіл тұжырымдардың жинақталып, қорытылуы тәрізді.

Ұлттық әдебиеттану тарихына көз жүгіртсек, стильге қатысты бірсыпыра пікір-тұжырымдарға кез боламыз. Стиль туралы алғашқы түсініктемелердің қатарында А.Байтұрсынов еңбегін атауға болады. Ғалым стиль мен стилистиканың өзара қатынасын дәл көрсеткендей, “сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана



қосады” (А. Байтұрсынұлы, 1992) деп көрсетеді. Стилль турасындағы еңбектердің ішінде ерекше атайтынмыз – Қажым Жұмалиевтің “Стилль – өнер ерекшелігі” атты зерттеу еңбегі. Ғалым аталмыш еңбегінде стилльдің терминдік түсініктемесінен бастап, оның бүкіл тарихына тоқталады. Әдебиеттегі стилль дегеніміз – әр жазушының өзіне тән ерекшеліктерін ұғыну дей отырып, “Стилль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа компоненттер кіреді. Ең алдымен, орталық мәселе – идеялық мазмұн” дейді [11, 23]. Теоретик ғалым жазушы стилльінің бір күнде, не бір жылда ғана қалыптаса алмайтынын ескертеді. Стилль туралы З.Қабдолов Қ.Жұмалиевтің пікірін әрі қарай “идеялық-көркемдік негіздің тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне қатысты басқа жайлардан да іздеп таба беруге болады. Міне, стилль әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік» деп тарқатады. Ғалым сондай-ақ жазушының шығармашылық ерекшелігін тілден, тақырып пен идеядан, көркем бейне жасау тәсілінен аңғаруға болатынын айта отырып, “суреткерлік ерекшелік оның шығармасындағы белгілі бір бірлікке әкеледі” [11, 21] деп, осы бірліктерді атап көрсетеді. Олар: идеялық бірлік, тақырып ерекшелігі, мінез бірлігі.

Қазақ драматургиясындағы өзіндік ерекше жазу стилльіне ие, қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлемдік дәрежеге көтеріле бастаған белгілі қаламгер Д.Исабековті қай жағынан талдасаң да мол дүниені көрсетуге болатыны анық. Тәуелсіздік жылдарында драматургтың қаламынан шыққан шоқтығы биік туындылар баршылық. Осылардың ішінде “өнер жолы – қиын жол» деген ойды драматургтың 2006 жылдан бері қазақ сахнасына қосылған жаңа бір қарлығашы – “Алтын тордағы тоты” (Актриса) пьесасында дәлелдей түскен. Драматург бұл шығарманы – сахналық шығармашылық портрет деп атайды. Негізінен мұнда бір актрисаның өмірбаяны, шығармашылық жолы суреттелгендіктен пьесаның өн бойынан ғұмырнамалық драманың да, мелодраманың, комедияның да элементтерін табуға болады. Жазушы пьесасын көркем монологпен кестелей білген. Актриса монолог арқылы өзінің институт табалдырығын аттаған кезінен бастап, алғашқы сомдаған рөлдеріне, яғни өмір жолына көз жүгіртеді. Бас кейіпкер Айгүл Асанованың мына бір монологынан-ақ шығарманың тақырыбын, идеясын аңғаруға болады: “Театр – менің екінші үйім. Әлде бірінші үйім бе екен? Мен түнде ғана мұнда түнемеймін, қалған өмірімнің бәрі осында өтіп келеді. Отыз жыл бойы осылай” [12, 23]

Дүние-дүрмектің көлеңкелі жақтарын түбегейлі бүркемелеп, тек сәулелі өмірді суреттейтін драма қабырғалы халыққа әсер етпейді. Сол себепті де ондай пьесаның сахналық ғұмыры өміршең болмақ емес. Ал біз бен сіз өмір сүріп жатқан қоғамның ащы шындығын бояусыз айқын көрсететін туынды – драматургияның табысы, қала берді, ұлт драматургиясының жетістігіне айналары талассыз. Әдебиетті қоғамдағы келеңсіздіктерге төрелік айтатын, заманды түзетуге үлес қосқан өнер деп білсек, “Актриса” осы үдеден шыға білген рухани, мәдени құбылыс. Бұл бағаға “Актриса” нендей құндылықтарға ие болды екен? Енді соны ой елегінен өткізіп көрейік.

Ең алдымен аталмыш пьеса өнер адамының мәңгілік бейнесін әлемдік деңгейде жасай алғаны үшін құнды. Өнер адамының тағдыры кеше де солай болған, ертең де солай болады. Өнер мен өмірде бақытын қатар тапқан актриса сирек. Тіпті мүлдем сирек. Оған қызығушы да көп, табынушы одан да көп, ғашық жандар да жетіп артылады. “Оны біреулер сыртынан өлердей жақсы көреді, қасына жақындап, қолынан ұстағанды армандайды. Оның өнеріне бас иіп, өмір бақи аялап өткісі келеді”. Сыртынан оның аман – саулығын, қабағына кірбің түспеуін қалайды. Бірақ актриса жүрегі шын түсінер жан таппай жалғызсырайды.

“Актрису любят миллионы, а ей нужна одна любовь” (Голлер).

Келесі атап өтер ерекшелік – тақырып тындығында және сол тақырыптың шеберлікпен ашылуында. (“Жаман жазу Дулат Исабеков үшін – қылмыс” Мұрат Әуезов). Бұл драматургиялық таптаурын схемадан таза, тың ізденіс нәтижесі. Қазақ сахна саңлақтары ұлт театры құрылғаннан бері қоғамның сан тарау қатпарларына бойлап, талай-талай күрмеулі мәселелерді сахналанады. Ал актрисаның актрисаны ойнауы алғаш. Бір Айгүлдің көрерменмен сырласып шертер мұңы – бүкіл қазақ актрисаларының, ұлт өнерпаздарының қайғысы – қала берді қасіреті, мұңы.

Автор негізгі образдың ішкі қайшылықтары мен жан-дүниесіндегі арпалыстарын тереңдете түсіну үшін драмалық шегініс тәсілін орынды пайдаланған. Сол шегіністерде кездесетін бір кейіпкердің ойын екі жарып, әрқайсысын жеке-дара әрекетке айналдыруы да ұлттық драматургиямызда сирек кездесетін жайт. Айгүл I мен Айгүл II тараптан табылып драмадағы психологиялық толғанысты тереңдете, бейнені айқындай түседі.

“Ондай екіге бөліну” барлық тірі пендеге тән. Бір ғана идеямен өмір сүріп жатқан ешкім жоқ. Оның мақсаты мен арманы бір бөлек, күнделікті тіршілігі бір бөлек. Актрисада да дәл солай. Оның идеясы: өзін

түгелдей сахнаға арнау, сол жолда пендешілік пен өмірдің, тұрмыстың толып жатқан қызығынан бас тарту. Рухани әлемде өмір сүру.

Диалогтар кейіпкер болмысын танытатын тілдік амал ретінде орыс тіл білімінде Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Т.Г. Винокур, А.Н. Гвоздев, М.М. Бахтин, В.М. Лагутин тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде жете зерттелді. Драмалық шығармалардың ерекшелігі – тұтасымен сөйлеушілердің сөздері болып келетіндігінде. Драмалық шығармаларда жазушының сипаттауы, баяндауы болмайды. Мұндағы сөйлеу тіліне берілетін басымдық – драматургия жанры мен стиліне тән басты нәрсе. Драмадағы оқиға желісі кейіпкерлердің диалогына сай негізделіп шешіледі. Драматург оқиғаны, іс-әрекетті сахна талаптарына сай дамытады. Драмалық шығармаларда кейіпкер бейнесі тартыс үстінде ашылады. Драматург үшін іс-әрекет арқылы ғана емес, тіл арқылы да мінез ерекшелігі көрінетін кейіпкерді ұсыну оңай емес. Сахналық шығармаларда образ жасауда кейіпкерлер тілінің орны ерекше болып келеді. Кейіпкерлердің тілінен олардың бейнесі көрінеді. Кейіпкерлер тілінің мазмұны нақты, құрылымы қысқа болып келетіні белгілі. Академик З.Қабдолов: “... драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе – тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде; пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дір етіп тиердей дәл, көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір, санаға мықтап дарығандай мағыналы, мәнді болып келуге тиіс” дейді (З.Қабдолов, 2002). Ал, мағыналы сөз – жүйелі ойдың нәтижесі екені белгілі. Сондықтан, кейіпкерлер тілінің эстетикалық қызметін көрсетуде тілдік-стильдік амал-тәсілдердің орны бөлек. Қазақ тіл білімінде көркем әдебиеттегі кейіпкерлер тіліне қатысты кейбір мәселелер М.Балақаев, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, М.Серғалиев, С.Исаев, Р.Әміров, Х.Нұрмұханов, Б.Шалабаев тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылды. Жалпы көркем шығармаларда әрбір кейіпкердің сөз саптауы мен сөз мәнері әр түрлі болып келеді. Бұл олардың қоғамда алатын әлеуметтік жағдайына, ортасына байланысты болады. Сондықтан да олардың әр қайсысының өзінше сөйлеу дағдысы болады. Кейіпкер тілінің осындай ерекшеліктері тілдің лексикалық және грамматикалық қабаттары арқылы жүзеге асады. Кейіпкердің тілі арқылы оның мәдениеттілігі, жас мөлшері, қызметі, кәсібі, өскен ортасы, сыпайылығы, дөрекілігі т.б. қасиеттері байқалады. Кейіпкердің сөйлеу мәнеріндегі өзіндік ерекшелігі оның лексикасынан басталатыны белгілі. Ал сөйлеу тілі лексикасының құрамына қар апайым, тұрпайы жаргон сөздер, жергілікті тіл ерекшеліктері (диалектизмдер) жатады. Өзіндік қолтаңбасы бар драматургтердің шығармаларындағы тілдік құрылымның бірқатарын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. Драматургтің жеке стильдік даралығы оның белгілі тілдік құралдарды қолдануындағы ерекшеліктерінен байқалады. Тілімізде жиі кездесетін сөйлеу тілінің элементтері қатарына экспрессивтік-эмоционалды сөздер жатады. Бұл тілдік құралдар көркем туындыларда кейіпкердің мінез-құлқын ашуға, суреттелген оқиғаны әсірелеуге де қатысады.

Диалог құру мәселесіне орай Р.Нұрғали мынандай пікір айтады. Қазіргі пьесалардағы байқалатын кемшіліктің бір парасы – диалог жасауда ақсап жатуы. Кей туындыларда кейіпкерлер сөзі бір нәрсе туралы пікір, тұжырым болып келеді. Олар синтаксистік жағынан алғанда дұрыс жазылған, сөйлем мүшелері нормативті грамматика заңдарына сәйкес келеді. Ал, зерттеушінің айтуында, классика тәжірибесінде драма тілі негізінен ауызекі сөйлеу тілінің интонациясына, ырғағына бағынуы тиіс. Драма тілі – кейіпкердің жұрт алдында ойлануы, қателесуі, жеңуі, жеңілуі. Ендеше, жып-жылмағай, жылтыраған, жұтынып тұрған сылдыр сөз ешқашан пьеса тілі бола алмайды деп ой түйеді зерттеуші. Драмалық туындыда кейіпкерлерді даралап алмауды, олардың тілдік ерекшеліктерін, әсіресе жас ыңғайына, мамандығына байланысты өзгешеліктерді бере алмауды Р.Нұрғали қазіргі драмадағы үлкен олқылық деп санайды. Шешендік мақамдары, ақ өлең ескі қазақ тұрмысын бейнелеуде сай келгенмен, бүгінгі өмірді көрсеткенде, олқы соғады, заман ырғағына лайық, қазіргі ойлаудың қалыбын аңғартатын сөйлеу тілі сахнаға шығуы қажет. Ғалым мақалдап кету, тақпақтай жөнелу, сылдырлатып қоя беру реалистік драмаға апаратын жол еместігін ашық та өткір айтады. Ал, сол сияқты тым қарабайыр, астар-мағынасы саяз, шолақ, келте, тақтұқ тіл де пьесаны көгертпейді. Сөйтіп зерттеуші монографиясында драмадағы басты құрал тілдің өзектілігі хақында ой қозғайды. Зерттеушінің драма тілі туралы теориялық тұжырымдары мынадай арналарға саяды:

- тілі нашар драма өрге баспайды;
- шұрайлы тілсіз характер жоқ, характерсіз конфликт соқтығысы жоқ, онсыз әрекет-қимыл жоқ, қысқасы сахналық шығарма жоқ;
- драма тілі – кейіпкердің бүкіл болмысы; көпшіліктің алдында ойлануы, қателесуі, жеңуі, жеңілуі; сылдыр сөз пьеса тілі бола алмайды;

- шешендік мақамдары, ақ өлең ескі қазақ тұрмысын бейнелеуде сай келгенмен, бүгінгі өмірді бейнелеуде олқы соғады; заман ырғағына лайық, қазіргі ойлаудың, дүниетанымның қалыбын танытатын сөйлеу тілі сахнаға келуі қажет.

Драмалық шығармадағы көркем бейне кейіпкердің тілі арқылы жасалады. Автор кейіпкерлерін сөйлетіп, кімнің кім екенін көрсетеді. Басқа жанрлар секілді драмада қаламгердің суреттеу, баяндау миссиясы болмайды. Образ жасау үшін кейіпкердің көңіл-күйінен бастап, оның жан дүниесі, типтік бейнесі, монолог, диалог тағы да басқа компоненттер жатады. Шындығында драмалық туындыларда басы артық сөз болмайды.

Драмадағы диалог – кейіпкерлердің рухани әлемін, ішкі драматизмін психологиялық тұрғыда тереңінен көрсетудің құралы. Драматург образ ашуда, оның мінез-болмысын танытып, ішкі әлеміне үңілуде диалогты шебер қолданады. Өйткені сөйлеу ерекшелігі, өзіне ғана тән мәнері – оның ой-санасын, ниет-пиғылын, шыққан ортасын, адами болмысын көрсететіндіктен көркем бейнені сомдаудағы диалогтың мәні зор. Сондықтан Р.Рүстембекованың пікірінше: “Белгілі типті бейнеленудің ең басты көркемдік шарты-оның өзіндік тілін, сөйлеу ерекшелігін беру” (Р.Рүстембекова, 1971) негізгі орын алады.

Көркем шығармадағы кейіпкер сөзі өзінің атқарар рөлі мен маңызы тұрғысынан сөз өнеріндегі көркемдік құралдар арасындағы өзгелерінен ерекше, қолданыс аясы да бөлек түрі болып табылады. Өйткені “негізгі диалог кейіпкердің табиғатын, мінез-болмысын сөйлеу мәнерін, өмірде ұстаған мақсат-мүддесін, сөзді қалай қабылдау қасиетін, өзінің сөйлеу мәнерін, сол сәттегі бүкіл психологиясы, ішкі жан сырын, құпия ойларын – қапыда сыр алдыртып қоятын өте жауапты да күрделі психологиялық түзілісті камтиды” [12, 123].

**Талқылау.** Шығарманың құрылымы, автордың мақсаты және жазушының стиліне байланысты кейіпкер сөзінің қызметі мен қолданылуы әртүрлі келеді. Бұл жөнінде ғалым Ә.Нарымбетов: “Кейіпкер сөзі – шығармадағы адам бейнесін ашуда көркемдік қызмет атқарады дегенде, ең алдымен, оның негізгі идеялық жүгіне көңіл бөлуге тиіспіз. Байқап отырсақ қай-қай шығармада да кейіпкер сөзі арқылы автордың позициясы білінеді” [12, 125] деп жазады. Демек, диалог дегеніміз – шығарма кейіпкерлерінің өзара әңгімесі емес, ол – мүсін сомдауда, автор позициясын айқындауда, шығарманың идеясын ашуда таптырмас көркемдік құрал. С.Асылбекұлының “Желтоқсан желіндегі” мына бір диалог осыған дәлел:

ҚАЙСАР: Сатқын! Бүкіл ғасырлар бойғы қазақ халқының аққан көз жасы сендей сатқындардың мойнында, білдің бе?! Бізді құртқан жоңғар да, қытай да, орыс та емес – мына сендерсіңдер!.. Егер қазақ халқы шын мәнінде келер күнін ойлайтын болса, ең алдымен мына сендерден құтылулары керек. Сендер тұрғанда бізге келешек те, бақ та, бақыт та жоқ!... Сондықтан да мен сенің қазір қаныңды ішем-м!..

ТИМУР ҚАЛДЫБАЕВИЧ: Жі-іб-бер-р!... Іні-ш-шек-к... ұмыт-па-йы-м... Өллә-біл-ллә.

ҚАЙСАР: Жоқ, сен ұмытасың! Қане, айт жаныңның барында – осы кезге дейін қанша қазақты саттың?! Білем мен: сату мен сатылу – сендердің ата кәсіптерің!... Сендер секілділер сатпаған қазақтың қандай қасиеті қалды?! Уақыт пен заманның атын жамылып, тілін де, дінін де, ар-ожданын да – бәрін де сатып бітуге таядындар! Және қит етсе біз қайтейік, ол кезде заман солай еді ғой, білмей қалыппыз деп мүләйімсіндер! Енді, мәне, бүгін де сол баяғы тойымсыз өңештерің мен жанға жайлы жұмсақ креслоларың үшін ел намысын қорғап алаңға шыққан ұл-қыздарыңды да сатып жібермексіңдер!... Бұл өздеріңнің болашақтарыңды сату екенін түсінемісіңдер өздерің?! [17, 15]. Көркем әдебиет өмірді көркем сөз арқылы бейнелейтін өнердің бір түрі болғандықтан, характер ашуда диалогты кеңінен қолдану табиғи құбылыс деп тұжырым жасауға болады.

Драматург шығармаларында кейіпкер сырына қанықтыратын, характер табиғатын, персонаж бойындағы моральдық-этикалық сапаларды ашуға мүмкіндік беретін маңызды көркем құралдардың бірі де біз айтып отырған диалог. Диалогтың қолданысынан жазушының талғамын анықтауға болады. Жазушы өз кейіпкерін қалай сөйлетеді, ол сөз шығарманың өне бойында пісіп жетілетін образ табиғатын ашу үшін керек пе? Кейіпкер сөзі әлеуметтік өмірді, сол қаһарман өмір сүрген қоғам тынысын аңартудың бірден-бір құралы. Драма жанрында кейіпкер мінезін, оның ішкі жан иірімдерін сездіру үшін кейіпкерді сөйлетеді. Сол арқылы адамзат тағдыры, оның қоғамдағы орны туралы толғанысқа әкеледі. “Диалогтың ең маңызды көркемдік мәні – болып жатқан оқиғаға көрерменнің әсерін ояту. Диалогтағы әңгіме баяғыда болып кетсе де, көрерменге дәл бүгін болып жатқандай жеткізілуі тиіс. Диалог тек хабарды бір персонаждың екіншісіне жеткізуі немесе оқиғаны суреттеу ғана емес, көрерменге алдын ала әсер ету мақсатында жұмсалады” [18, 201] деген зерттеуші А.Тымболова пікірінің ақиқаттығына біз де ден қоямыз.

Кейіпкер сөзі арқылы драматург ерекшелігімізді, психологиямызды бейнелеп бере алады. Әдебиеттанушы Л.Гинзбург: “Диалог выражает характеры, диалог заряжен личным конфликтом, и в то

же время позиции спорящих – в их историческом качестве, сами по себе являются здесь объектом” деп атап көрсетеді [19, 72].

Диалогтан кейіпкер бойындағы өзгерістерді, характердің сомдалу сатысын да байқаймыз. Д.Исабековтың “Тор” драмасындағы Булгаков пен Жуховицкийдің диалогына мән берсек: *Жуховицкий кіреді.*

БУЛГАКОВ: Ә-ә, Павлуша! Кел, төрлет! жазушылар одағына мүше болғаның құтты болсын!

ЖУХОВИЦКИЙ: Рахмет! Бәрі сіздің арқаңызда ғой!

БУЛГАКОВ: Самосуд пен Седойдың ашуы тарқайын деді ме?

ЖУХОВИЦКИЙ: Фамилияңызды премьераның алдында алып тастағаныңыз үшін олар сізге қатты өкпелі.

БУЛГАКОВ: Ал, не жаңалық бар?

ЖУХОВИЦКИЙ: Есіңізде ме, өткен жылы Вельс мырзаның өкілі сіздің Сталин туралы пьесаңызды сұрады деп едім ғой?

БУЛГАКОВ: Жоқ, есімде қалмапты.

ЖУХОВИЦКИЙ: Қат-қабат шаруамен басыңыз қатып жүргенде ұмытып кеткен шығарсыз. Сол адам қиылып сұрап қоймаған соң пьесаның бір данасын беріп жібердім.

БУЛГАКОВ: Не дейсің? Қолжазбаны менің рұқсатымсыз беруге сенің қандай хақың бар?

ЖУХОВИЦКИЙ: Оған ашуланатындай ештеңе жоқ, Михаил Афанасьевич! Сабыр етіңіз. Олар тек оқып танысу үшін алды.

БУЛГАКОВ: Егер бізге айтпай арзан сенсация үшін сахнаға шығарып жіберсе не болмақ! Сталин Мольер емес! Мұның арты неге апарып соғатынын білесің бе?

ЖУХОВИЦКИЙ: Олар миллион доллар ұсынып отыр. Ал әзірге соның төрттен бірін беріп жіберді.

БУЛГАКОВ: Біздің елдің заңы бойынша бұл – қылмыс, Жуховицкий! Сен сол заңды неге білмей қалдың? Керегі жоқ маған астыртын келген ақшаның.

ЖУХОВИЦКИЙ: Өткен жолы алып едіңіз ғой.

БУЛГАКОВ: Ол “Турбиндер күні” үшін Ол пьеса көптеген сахнада қойылған. Ал, бұл пьеса еш жерде жарияланбаған, еш жерде қойылмаған, репертком қабылдамаған пьеса! Мен сіздің үстіңізден шағым айтамын! Берген адамыңыздан қолжазбаны қайтып алып келіңіз» [12, 32]. Осы диалогтан Булгаков жазып берген шығарманың арқасында Жазушылар одағына өтіп алған, шетелдіктермен астыртын байланыс жасай жүріп, Булгаков туындыларын сатып, дөнігіп алған Жуховицкийдің ашкөздігі, ақшаның жолында нағыз талант, өнер адамын да жете бағаламайтын тоғышарлығы анық байқалады. Шығарманы алып келу оның ойында да жоқ, себебі өз пайдасын алып қойған. Ары үшін, өз болашағы үшін шыбын жаны шырқыраған драматург Булгаковтың жан айқайы да оған әсер етпейді. Керісінше “өткен жолы алып едіңіз ғой” деп өзін кінәлап, мүлде нокталап алғандай жауап береді. Яғни, дарынды драматургтердің көпшілік кейіпкерлерінің тілінен адамдық болмысы айқын танылып тұрады. Автор олардың дауыс ырғағын, тілдік қорын, жергілікті сөйлеу ерекшелігін, сөз қолданысын да қадағалап, даралап көрсетуге тырысады.

Екі адам арасындағы ауыз екі сөздердің олардың әрқайсысының жай сезімін, ішкі толғанысын, сезуге болады. Бұл туралы Н.Гальперин: “Диалогтың мағынасы – кейіпкердің портретін жасау: олардың сөйлеу ерекшелігі өздерінің жан сырын, адамгершілік, моральдық, өміртанымдық қырларын аша түседі” деп жазады [19, 25]. Мысалы, С.Асылбекұлының “Империдағытуған күн кешіндегі” кафедра меңгерушісі Сұлтанбек Ертуғановичтің портфелін ұмытып кетіп, қайтып келген сәтіндегі диалогтан кейіпкерлердің сан қилы құбылмалы сезімдерін, сынаптай тұрақсыз көңіл-күйлерін аңғаруға әбден болады:

“ТОЙБОЛДЫ: Сұлтанбек Ертуғанович! Сұлтанбек Ертуғанович! Келіңіз! Келіңіз! Төрге шығыңыз! Міне, мына жаққа!... Айдар, мен саған жаңа айттым ғой біздің Сұлтекеңнің ашуы жібек орамал кепкенше деп, кемеңгер деп. Сұлтеке, төрге шығыңыз, төрге!

СҰЛТАНБЕК: Әй, сен маған манағы портфелімді тауып бер! Оның ішінде кафедраның бір жылдық есебі бар болатын. Жаңа қара басып, ұмытып кетіпшің. Сол үшін келдім, әйтпесе мен мына сенің сайраған бұлбұл үніңді естуге құмартып қайтып келгем жоқ! Түсіндің бе енді?!

ТОЙБОЛДЫ: Қазір, Сұлтеке, қазір! Ол портфельді мен бір жерге дұрыстап тығып қойғам!

СҰЛТАНБЕК: Әкел бері!

ТОЙБОЛДЫ: Сұлтанбек Ертуғанович! Сұлтеке дейім! Портфельді маған беріңізші! Мен алып жүрейінш...

СҰЛТАНБЕК: Керегі жоқ! Портфельді құдайға шүкір мен сенсіз де көтеріп жүре алам!

ТОЙБОЛДЫ: Сұлтанбек Ертуғанович! Сұлтеке! Сіз мені дұрыс түсінбей қалдыңыз. Мүлде түсінген жоқсыз! Мен Сіздің әрі адуынды, әрі арынды, әрі шыншыл, әрі кеменгер адам екеніңізді айтқым келген. Мен... мен...

СҰЛТАНБЕК: Өшір үніңді! Мен сенің мына сәт сайын құбылып тұратын жәдігөй үніңді есіткім де келмейт! Мен сен секілді бір кеште екі ойын ойнай алмаймын. Түсіндің бе енді?!

ТОЙБОЛДЫ: Сұлтанбек Ертуғанович! Сұлтеке дейім! ”(С.Асылбекұлы, 2015).

Міне, осы диалогтан шығарма сюжетіндегі белгілі бір сәтті аңғаруға болады. Диалогқа қатысқан екі адамның (Сұлтанбек пен Тойболдының) бір-біріне деген көзқарасын, қимылын, бет-әлпетіндегі ым-ишаратты драматург суреттемей-ақ көз алдыңызға елестетесіз. Өйткені автор кейіпкерлер іс-әрекетін диалог арқылы береді. Жағымпаз Тойболдының асып-сасқан, дәрменсіз түрін, Сұлтанбектің түтігіп, ашу қысқан жүзін, тіпті осы әңгімеге куә болған Айдардың Тойболдыдан жиіркеніп: “бейшара” дегендегі кескін-келбетін елестету қиын емес. Өйткені драматург кейіпкер характеріне тән сөздерді қолдана білген (Мыс: Тойболдыға тән “жәдігөй үнің” деген сөздер т.б.).

Жалпы диалогтың көркем әдебиеттегі орны терең зерттелгенімен диалогтың қызметі, шығарманың көркемдік структурасында алатын орны, стилистикалық құрылымы әр қаламгердің талант табиғатына орай әр алуан. Терең психологизм дәлдігі, сенімділігі үшін монолог қандай қызмет атқарса, диалогтың идеялық-функциясы сондай үлкен. Осы тұрғыда драматург Р.Отарбаевтың да сөз саптауы ерекше. Бұл әсіресе Махамбет пен Жәңгірдің кездескен сәтіндегі диалогынан анық байқалады:

МАХАМБЕТ: Ас-салау-мағалейкүм, қожа мен татарға, қала берді кәпірге қол беріп, алақан жайып, қазақлық алдымен сізден қашқан жоқ па?

ЖӘҢГІР: Уағалейкүм-ассалам, Құран Кәрімде “Жердегі билеуші – аспандағы Алланың уәкілі” деген сөз бар. Бір сәлемді беруге де, алуға да татитын құнымыз бар шығар. Исатай осы тұрған екеумізге де аға еді, иманы жолдас болғай.

МАХАМБЕТ: Батырдың құны мен батасының бұлына жетсеңіз ұзын жолдың үстінде жарты ауыз сөзбен жартымсыз көңіл айтпас едіңіз.

ЖӘҢГІР: Еңкейме есігі, шалқайма төрі таптырмас, ұшып-қонып жүрген шаңырақтың артынан қуалап жүріп бата оқығанды қайдан көрдің, Махамбет?

МАХАМБЕТ: Жерден безсек те, елден безген жоқ едік. Ендеше сақалын кестірген Қойлыбайға да көңіл айтыңыз. Немересі шейіт кеткенмен, өзі тірі. Дұшпан жеңген жауының екі көзін жылау үшін аман қалдыратын әдеті емес пе? (Р.Отарбаев, 2006). Осы диалогты беру тұсында Бахтиннің: “Диалогические отношения – явления гораздо более широкое, чем отношение между репликами композиционно выраженного диалога, это почти универсальное явление, пронизывающее всю человеческую речь и все отношения и проявления человеческой жизни, все, что имеет смысл и значение”(М.Бахтин, 1986) деген сөзін ескерсек, Жәңгірдің шындығында отпен ойнап жүргендігі, хал-хадірінше, орыстың да тілін тауып, реті келгенде өз халқының қамын бірінші орынға қойып отыратын саясаты анық байқалады.

Кейіпкер психологиясын айтар сөз арқылы зерттеуді шығармашылығындағы негізгі қағида ете отырып С.Асылбекұлы қазіргі драмада жеке адамның биологиялық, яғни анатомиялық қасиеттері емес, оның саяси, әлеуметтік, ұждандық, адамгершілік, этикалық көзқарасы, қоршаған ортаға, өз-өзіне деген қарым-қатынасы маңызды екенін тереңнен түсіне де түйсіне де біледі. Сондықтан драмаларында кейіпкердің жан әлемінің сан қырлы сырларына диалог арқылы ену басты көркемдік әдістердің бірінен саналады. Өйткені сыртқы дүние мен мүсіннің ішкі сезім өзгерістерін бейнелеуде тек автордың төл сөзіне емес, кейіпкердің сөзіне де көп салмақ салынады емес пе? Әр адамның тілінен оның характер қырлары көрініп, жан толғаныстары, ішкі күйзелісі анық сезіледі. Төмендегі үзіндіден қыздың өліміне тікелей өз қатысы, ықпалы бар екенін біле тұрса да, сабыр сақтап, өз кінәсін түсінудің орнына бәрімен жауласып, жөн сөзді тыңдамай, бетбақтығына салынған Розаның дайын біреу табылса барлық жаланы соған аударып жіберуге даяр екендігі анық байқалады:

РОЗА: Мен күйдім-сүйдім деп мұғаліміме хат жазғам жоқ. Осы сен қойшы, айналайын. Білем ғой сенің ойыңды – әйтеуір есебін тауып мені мұқату!..

ҚАЛАУБАЙ: Роза, ұрысты қойсаңшы. Отыр енді.

РОЗА: Немене отыр, отыр дейсің дікендеп. Мен емес, ана Қамқа емес пе бәлені бастап отырған. Бірінші соған қой демейсің бе әділ бастық болсаң. Жуас түйе жүндеуге жақсы деп, қит етсе, маған дікендей береді бәрі.

ҚАЛАУБАЙ: Роза, жарайт, отыршы енді. Мүмкін Жанұзақованың қазасына ешкім де кінәлі емес, мына мен кінәлі шығармын. Бәрі шетінен судан – таза, сүттен – ақ.

РОЗА: Сен болсаң қайтушы еді?! Білдей завучсың, оқу-тәрбие жұмысы саған да ортақ. Бізден жаның артық па сонша? Еркек дейді-ау бұларды да... (С.Асылбекұлы, 2015). Ар жоқ, ұят жоқ, мынау басшым-ау деген сый, құрмет жоқ. Қалай болғанда да өзіне шыр жуытпауды ойлап долданған мұғалім Роза келеді көз алдына. Осы орайда ғалым Р.Нұрғалидың: “нағыз драма тілі дегеніңіз асалаумағалейкумнен бастап, бақайшағыңызға дейін арылтып шығатын қысыр қырттық емес, психологизм екенін терең ұғынған драматург мол жүк арқалаған диалог арқылы жан сырды ақтара көрсетіп адам несімен қымбат, нағыз адам кім, ізгілік неде, қаражүректілік қайдан шығады деген тәрізді таудай сауалдарға жауап іздейді” [2., 123] деген сөзінің мәнісін тереңінен ұғынамыз.

Диалог драмадағы характер ерекшелігін ашу үшін қолданылады. Кейіпкердің іс-әрекеті мен сөйлеген сөзінде тамырластық болуы шарт. Оған драмада келтірілген ремаркалар да қызмет етеді. Автордың ремаркалары кейіпкерлер эмоциясын білдіруге қызмет етіп тұр деуге болады. Мәселен бір ғана Розаға қатысты ремаркаларды тізіп көрсек: “қабасын шытып, күрсініп, шыдамсызданып, қипақтап, шытынап, кекетіп, сұрланып, түрі бұзылып, жұлқынып, даусын қатайтып, жүзіне ащы мысқыл үйіріліп, сасқалақтап, тыжсырынып, көздері алақтап, жұлып алғандай, түсі қашып, тістеніп, абдырап, қабасын шытып, ызалана мырс етіп, көздері ашу отымен жарқырап, қадала қарап, шаңқылдап” т.б. Мінездің ең бір қорқынышты, кешірім дегенді білмейтін, қатігез жақтарын көз алдына елестетін сөздер. Осындай жан қалайша мұғалім болып жүр деп жүрегің сыздап қоя береді. Драманы пьеса түрінде тамашаламай-ақ, қағаз бетінде де оқырманына тікелей, қатты әсер етіп, жаның дір еткізетін сөздер. Осы мұғалімнің алдында шарасыздықтан, жаның қоярға жер таппаған байғұс Рәбиғаға да аяныш сезімің оянады. Бұл мысалдар драматург С.Асылбекұлының ремарканың өзін шеберлікпен пайдалана білген ерекшелігін көрсете алады. Зерттеуші Рымғали Нұрғали “комедия атасы” Мольерді (Жан Батист Поклен) ремаркаға сараң деп таныса, Серік Асылбекұлы жөнінде мұндай шешімге келудің қисыны келмейді. Керісінше, драматург ремаркалары кейіпкер мінезін дөп басып, өз бейнесінің логикасына сай келіп жатады.

Жазушы үшін тіл сөздің тура мағынасында материал болып табылады. Кез келген әдеби шығарма белгілі бір тілден алынған материал болып табылады... Эстетикалық мақсат жетекші маңызға ие болғанда ғана стилистика әдебиеттанудың бөлігі болады, сонда ғана стилистикаға маңызды орын беріледі де, оның методтары бойынша әдеби шығарманың өзіне ғана тән сапалық ерекшеліктері зерттелінеді. Мұндай стилистикалық талдауды екі жолмен іске асыруға болады. Біріншісі, шығарманың стильдік системасын жүйелі түрде қарастырумен және бұл системаның ерекшеліктерін “тұтас мағына” беруі тұрғысынан түсіндіруге негізделеді, яғни оларды шығарманың эстетикалық мақсатымен байланысты түсінуге бару қажет. Мұндай жағдайда стиль шығарманың немесе шығармалар тобының дара тілдік жүйесі болып көрінеді. Екінші тәсіл, бірінші тәсілге қайшы келмейді, ол шығарманың тілдік жүйесінің дара сипаттары жиынтығының солармен салыстырылған басқа жүйелерден ерекшелігін көрсетеді” деп таниды зерттеушілер Р.Уэллек, О.Уоррен [3, 195].

**Қорытынды.** Сөз өнерінің құдіреті тек әдемі сөздердің тізбегінде емес, оның ғылыми астарының негізінде жатыр. Сахнадағы актер жалпы көрермен алдында сөз сөйлеу өнерінің міндеті мен жауапкершілігін қатаң сезінуі тиіс. Актер тілі негізінен образ жасауға, оны даралауға қызмет етеді. Актер тілі – лингвистикалық стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Актер тілін талдауда диалог, монолог, полилогтердің қызметі айырықша. Әсіресе, диалогтың табиғаты ерекше. Диалог арқылы шығарманың идеясы мен кейіпкер бейнесі көрінеді. Актер тілі арқылы көркем шығармада кейіпкер бейнесі сомдалады. Демек, актердің еңбегі кейіпкерін шебер сомдаумен бағаланады. Шебер актер оқыған кітабыңызды көз алдыңызға картина түрінде елестетеді. Актерлер тіліндегі лексикалық элементтер: диалектизмдер, қаратпа және одағай сөздер, қарапайым және жаргон сөздер мен варваризмдердің қолданылуына талдау барысында үлкен мән беріледі.

Римнің атақты шешені Цицерон “Шешеннің қуаты тыңдаушының көңілін бүтіндей аударып, бағындыра білуінде. Қызыл тілді шешен деп, кім форумда және азаматтық сот процестерінде тыңдаушыны иландыра алса, сүйсіндіре алса, өзіне бағындыра алса, соны айтамыз” деген екен. Сонымен қатар, Цицерон трактаттарында сөз құрау, сөз стилі, сөзді әзілмен, сынмен жеткізу, басқа да әдеби ерекшеліктерді пайдалану, сөзді дыбыстық метафоралармен құлпырту т.с.с. шешендер үшін құндылығы аса зор кеңестер келтірілген. Бұлардың барлығы сөз иесі мамандарына күнделікті сөз құдіретін жете түсіну, таныту үшін өте қажет. Біз қарастырып отырған кейіпкер тілінің сөз әрекеті ой ұшқырлығына қаншалықты ықпал етсе, сөйлеу техникасының да соншалықты әсері бары белгілі. Қорыта келгенде, сөз ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан аманат, асыл мұра. Актер сөйлер сөзін, айтар ойын жүйелі жеткізіп, әдеби тілдің нормасын сақтап, сөз сөйлеу өнеріне, тіл мәдениетіне ыждаһаттықпен қарауға, ұлттық тілдің қаймағын келер ұрпаққа бұзбай табыстауға тиіс.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Сығай Ә. *Театр тағлымы*. – Алматы: Өнер, 2003. – 320 б.
2. Нұрғали Р. *Шығармалары. Т.6. Қазақ әдебиетінің алтын жасыры. Әдеби зерттеулер, эссе және сұхбаттар. II кітап*. – Астана: Фолиант, 2013. – 316 б.
3. *Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Құрастырып, баспаға әзірлеген ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, профессор Р.Н. Нұрғали*. – Астана, 2002. – 293 бет.
4. Ордалиев С. *Қазақ драматургиясының очеркі*. – Алматы: Қазақ ССР ҒАбаспасы, 1964. – 272 б.
5. Поляков М.Я. *Вопросы Поэтики и художественной семантики*. – Москва: Советский писатель, 1978. – С. 449.
6. Храпченко М. *Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы*. – М., 1975. – 408 с.
7. Поспелов Г.Н. *Проблемы исторического развития литературы*. – М.: Просвещение, 1972. – С. 272.
8. Винокур Г.О. *Собрание трудов: Введение в изучение филологических наук. Составление и сопроводительные статьи С.И.Гиндина*. – Москва: Лабиринт, 2000. – С. 192.
9. Хализев В. *Теория литературы*. – Москва: Высшая школа, 1999. – С. 240.
10. Борев Ю.Б. *Эстетика: Учебник*. – Москва: Высшая школа, 2002. – С. 511.
11. Байтұрсынұлы А. *Әдебиет танытқыш*. – Алматы: Арыс, 2005.
12. Жұмалиев Қ. *Стиль – өнер ерекшелігі*. – Алматы, 2002.
13. Қабдолов З. *Сөз өнері*. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
14. Исабеков Д. *Жеті томдық шығармалар жинағы. 7 том. Пьесалар*. – Алматы: Атамұра, 2001. – 270 б.
15. Рүстембекова Р. *Бейімбет Майлин драматургиясы*. – Алматы: Жазушы, 1969. – 119 б.
16. Нарымбетов Ә. *Көкейкесті әдебиеттану: 10-кітап*. – Астана, 2010. – 470 б. - кітап
17. Асылбекұлы С. *Рәбиганың махаббаты (әңгімелер, повестер, пьесалар)*. – Алматы: НұрлыPressKz, 2015. – 320 б.
18. Тымболова А. *Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы*. – Алматы: Елтаным, 2013. – 328 б.
19. Гинзбург Л. *Вопросы литературы*. – Москва, 1972.
- 20) Гальперин Н. *Избранные труды*. – Москва: Высшая школа, 2005. – 255 с.
- 21) Отарбаев Р. *Шер*. – Алматы, 2006. – 432 б. - кітап
- 22) Бахтин М. М. *Эстетика словесного искусства*. – М.: Искусства, 1986. – 444 с. - кітап

МРНТИ 17.09.91

А.А. Көшекбаева<sup>1</sup>, Е.С. Тұрғынов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан  
<sup>2</sup>Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Алматы қ., Қазақстан

## «ЕР ТАРҒЫН» ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

### *Аңдатпа*

Қазақ эпосының ең бір ғажайып үлгілерінің бірі «Ер Тарғын» екені белгілі. «Ер Тарғынды» алғаш рет жаздырып алып, 1862 жылы Қазанда бастырып шыққан И.Ильминский. Бұл версияны Ильминский «Жылқы жылы Табын Марабай ақыннан жаздырып алдым», - дейді. Ол – 1859 жылдар шамасы, Ильминский жариялаған мәтінде 1870 жылы В.В. Радлов қайтадан бастырған. Қолда бар мәліметтерге карағанда, бұл мәтін XIX ғасырдың өзінде кемінде 5 рет қайта басылып шыққан. Ал, XX ғасырда «Ер Тарғын» тіпті көп таралып жүрді. Революциядан бұрынғы баспа мәтіндерінде өзара елеулі өзгерістер жоқ. Октябрь революциясынан кейін «Тарғын» мәтіні бірнеше рет жарияланды. Олардың ең соңғысы жазушы С.Мұқановтың редакциясымен Алматыда 1939 жылы шыққан «Батырлар жырына» кірді. Соңғы баспасына редактордың жазған ескертуінде «Ер Тарғын» эпосы жайында бағалы тарихи-әдеби мәліметтер берілген.

**Кілт сөздер:** эпос, жыр, қолжазба, мәтін, нұсқа.

А.А. Kosheikova<sup>1</sup>, Y.S. Turgunov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Eurasian Research Institute of the International Kazakh-Turkish University named after Yassau, Almaty, Kazakhstan

## THE STUDY OF EPOS "ER TARGIN"

### Abstract

It is known that "Er Targyn" is one of the most amazing examples of the Kazakh epos. I. Ilminsky, who first wrote Er Tarkhdin, published in Kazan in 1862. "I wrote this version in the Year of the Horse by the poet Tabyn Marabay," says Ilminsky. It was probably in 1859, in the Vatican, published by Ilminskiy in 1870, again by V.V. Radlov. According to available information, this text was published at least 5 times in the 19th century. And in the twentieth century, "Er Targyn" was even widely distributed. There are no significant changes in the post-revolutionary texts. After the October Revolution, the text "Targyn" was repeatedly published. The last of them entered the "Heroes of the Hero", published in 1939 in Almaty under the editorship of the writer S. Mukanov. The editorial, written in the last issue, provides valuable historical and literary information about the Er Targin epic.

**Keywords:** epic, zhыр, manuscript, text, variants.

А.А. Кошеикова<sup>1</sup>, Е.С. Тургунов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан.

<sup>2</sup>Евразийский научно-исследовательский институт

Международного Казахско-Турецкого университета имени Яссауи

## ИССЛЕДОВАНИЕ ЭПОСА "ЭР ТАРГЫН"

### Аннотация

Известно, что одним из самых удивительных примеров казахского эпоса является «Эр Таргын». И.Ильминский, впервые написавший «Эр Тархдин», издал в Казани в 1862 году. «Я написал эту версию в Году лошади от поэта Табын Марабай»- говорит Илиминский. Вероятно, это было в 1859 году, в Ватикане, опубликованном Ильминским в 1870 году, снова В.В. Радловом. По имеющейся информации, этот текст был опубликован как минимум 5 раз в XIX веке. А в двадцатом веке "Эр Таргын" был даже широко распространен. Существенных изменений в послереволюционных текстах нет. После Октябрьской революции текст «Таргын» неоднократно публиковался. Последний из них вошел в «Герои героя», изданный в 1939 году в Алматы под редакцией писателя С.Муканова. В редакционной заметке, написанной в последнем номере, приводится ценная историческая и литературная информация об эпосе «Эр Таргын».

**Ключевые слова:** эпос, жыр, рукопись, текст, варианты.

**Кіріспе.** Қазақстан Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінде «Ер Таргынның» соңғы жылдарда жиналған бірнеше қолжазбасы бар.

Белгілі деректерге қарағанда, «Ер Таргын» эпосының негізі ертеде қалыптасқанына сөз жоқ. Оны поэма сюжетінің көне эпос сюжеті ретінде эпостарының кейіпкерлері сияқты, Таргын образы да Ноғайлы руларын қалмақ басқыншыларынан қорғаушы батыр бейнесінде көрсетілген. Сонымен қатар Таргынның іс-әрекетінде басқа эпостық кейіпкерлер іс-әрекеттерінен өзгешеліктер де бар. Мысалы: Қамбар батырдың рулары Ноғайлы руларымен іргелес отырады. Сондықтан да Қамбар өз елін басқыншылардан қорғайды. Ал, Таргын өз елінің ханының бір бегін өлтіріп жұртынан қашып, Қырым ханы – Ақшаның еліне барады. Онда да тұрақтамай, ханның қызы Ақжүністі алып қашады. Осыдан кейін Ноғайлы елінің ханы ханзаданың еліне келеді. Оларға осы кезде қалмақпен соғысатын батыр керек болып отырады. Сөйтіп, бұл жолы қашқын, келімсек, бөтен елдің адамы – Таргын Ноғайлы елінің атынан қалмақтарға қарсы шығады.

Эпостық поэмалар тарихтың өзі емес, тек сәулесі болғандықтан ондағы суреттелетін оқиғаларды тап пәлен жылы, пәлен кезде болды деп үзілді-кесілді ату қиын. Оның үстіне, бұлардың ерттерек дәуірлерде туғандығы және шығарушылардың дүниетану көзқарастарының сәбилігімен байланысты мифологияның араласуы-тап басып, дәл түсуді қиындата түседі. Әйтсе де кейбір деректерге қарағанда дәл болмаса да эпостық поэмалардың көпшілігінің-ақ дәуір кезеңдерін топшылауға болатын сықылды. Шығарманың



идеялық мазмұны, қаһармандардың арасындағы тартыс, онда кездесетін ел аты, жер аты, сөз образы, тіл ерекшелігі, поэмалардың қай кездерде пайда болғандығын топшылау үшін мәні зор. Бұл жайды ұмытуға еш болмайды.

Міне, осы тұрғыдан қарағанда, «Тарғын» жырындағы оқиға ноғайлы атанған ел мен қалмақтар арасында болады. Эпостың ең алғашқы бетінде: «Ол кезде Қырымда 40 хан болған екен» - дейді. Ер Тарғын Ноғайлы атанушы елдің бір хандығынан кетсе, екінші бір хандығына барып тұрақтайды.

Ноғай хандығы XV ғасырда, Алтын Орда ыдырай бастаған кезде құрылғандығы, оған қараған елдердің көпшілігі Еділ, Жайық далалықтарын мекендегендіктері тарихтан мәлім.

«Ер Тарғын» жырында бұл жағдайлардың бәрі де аңғарылады. Алдымен Тарғынның өмір сүрген жерлері, Еділ, Жайық, Еділдің бір бұтағы Шаған суының бойы. XV ғасырда Ноғайлы хандығы болуы рас. Бірақ, тап сол кезде «Ер Тарғын» эпосы туа салды деу қиын. Жыр, бізше, негізінде ноғайлы атанған елдердің тарихымен байланысты болса да, Ноғайдың хандық құрған кезінен анағұрлым кеш туған секілді. Өйткені эпоста Тарғынның жауласатыны қалмақтар. Ал, жоңғар қалмақтарының қазақ даласына келе бастауын тарихшылар XVII ғасырдың 30-жылдары деп мөлшерлейді.<sup>(5, 387)</sup>

**Талқылау.** «Тарғын» жыры халық арасында көп тарап, атадан балаға мұра ретінде сақтала келіп, 1862 жылы баспа бетін көрді. Табын руынан шыққан Марабай ақыннан жаздыртып алып, бірінші рет Қазанда бастырып шығарушы адам атақты оқымысты Н.Ильминский. Ел аузында айтылып жүрген «Тарғын» жырының оқиғасы жағынан ең толығы да, мазмұны, көркемдігі жағынан ең құндысыда осы Н.Ильминский бастырған вариант. Сондықтан «Тарғынның» басқа нұсқаларын, басқа ақындар жырлаған түрлерін сөз еткенде, Н.Ильминский бастырған варианты негізгі түпнұсқа есебінде алынады.

«Тарғын» жыры, әзірше сегіз рет басылып шықты. Хронологиялық жағынан алғанда:

1. Ильминский Н. Ер Тарғын, Қазан университетінің баспасы, 1862
2. Радлов В.В. Ер Тарғын, Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. СПб., 1870, стр. 119-166
3. Саркин Д.Н. Ер Тарғын. Оренбург, 1904.
4. Диваев Ә. Ер Тарғын. Ғылыми кітапхана фондысы, №931, папка №373, 1922.
5. Ұлт Комиссариаты қарамағындағы Күншығыс баспа сөз кеңесінде Ер Тарғын. Мәскеу, 1923.
6. Сейфуллин С. Ер Тарғын. Батырлар. Алматы, 1936.
7. Мұқанов С. Ер Тарғын. Батырлар жыры. Алматы, 1939.
8. Ер Тарғын. Алматы, 1957.

Д.Н.Саркиннің жинағынан басқасы түпнұсқа – Н.Ильминский бастырған Марабай вариантымен бірдей. Кейбір жеке сөздері болмаса, сюжет желісі мен композициясында ешқандай өзгерістер жоқ. Азда болса өзгешелігі бар және басқа облыс, басқа адамнан жазып алып, 1904 жылы Орынборда бастырған осы Саркин варианты. Д.Н. Саркинның өз айтуы бойынша : «Ер Тарғын» жырын бұрынғы Торғай облысы, Қостай уезі, Кеңаралды мекендеуші екінші ауылдың адамы Оспан Қисықов деген қазақтың жазып алынған.

Жырда кездесетін түсініксіз сөздерге берілген пікірлеріне қарағанда Д.Н.Саркин өзінің бұрынғы «Ер Тарғынды» бастырушылар: Н.Ильминский, В.В. Радловтың еңбектерімен жақсы таныстығы аңғарылады. Кейбір сөздердің мағынасын дұрыс ұғыну туралы оларға сілтеулер жасайды.

Саркин бастырған «Ер Тарғын» жыры Ильминский бастырған Марабай вариантының қысқартынды бір түрі. Оқиға желісі негізінде дұрыс сақталады. Қатысушы адамдардың аттары да, іс-амалдары да өзгермейді (тек Жалмамбетті-Қалмамбет деп атайды). Бірақ, бұл жырда Марабай вариантындағыдай көркемдік, жинақтылық жоқ.

Марабай вариантында Тарғынды қуып келген Қарт Қожақ көрінісі жырдағы көркем суреттердің бірі болатын. Саркинде ол өте қысқа, тек сұлбасы ғана сақталады. Қарт Қожақ, Тарғын, Ақжүніс диалогтарының да көп жерлері қалып қойған.

Тарғын ханзадаларға өкпелеп «Еліме кетемін және мені жауыңның бірі деп біл, қайырылып келіп шабамын» – дейтін сөздері Марабайда бірнеше бет. Ал, Саркиннің «Тарғынында» он шақты жолдан аспайды. Марабай вариантында бірнеше бетке созылатын және жырдағы ең көркем мейлінше шебер суреттелетін эпизодта батырдың жауға шапқандағы қимылы, Тарғынның қалмақтармен екінші рет соғысы, Саркин бастырған Ер Тарғында мүлде жоқ. Бірер сөйлеммен оқиға желісі жәй жалғастырылып, Тарғынмен Домбауылдың қысқа ғана бір диалогы берілген. Қорыта келгенде, Саркин жинаған «Ер Тарғын» жыры Ильминский бастырған Марабай вариантынан анағұрлым әлсіз. Оқиғасың желісі дұрыс сақталғанмен оқушыларын қызықтыра алмайды. Марабайда асқақ сөз, әдемі суреттермен берілетін көптеген эпизодтардың тұрпайы жәй сөздермен берілуі, қатысушылардың портрет, мінез-құлық, іс-

әрекеттерін жеріне жеткізе суреттей айтылмауы - жинақтала келіп, жырдың жалпы көркемдігіне нұқсан келтіріп, өте төмендедіп жіберген. Бұл жыр кейбір түсініксіз, не екі ұшты мағына беретін сөздердің мағынасын анықтайтын комментаторлар үшін керек тәрізді.

Ер Тарғынның бір нұсқасы В.В. Радловтың Қырым елі ауыз әдебиетінің нұсқаларынан құрастырылған әңгімелер жинағында басылған. Жыр түгелімен дерлік қара сөзбен жазылған.

Ер Тарғынның бір варинаты Құсниев Мұрат (Батыс Қазақстан, Қазталовка ауданының қазағы, 1889 жылы туылған) деген тұлғадан жазып алынған. Онда Тарғынның тегі жайлы ел арасында тараған аңыз бен жыр оқиғасының кейбір эпизодтары айтылады және Тарғынның Торғауыт қамалын бұзар алдындағы шабуылға әзірлігін, Ақжүністің көркін суреттейтін жерін, Қарт Қожақтың келуі, Ақжүністің Қарт Қожаққа айтқан сөзі бар. Құсниев Мұраттың тапсырған жыр «Ер Тарғынның» басқаша варианты деп қарауға болмайды. Бұл жұртшылыққа мәлім «Тарғын» жырының үзіндісі ғана. Тек жырдың бас жағына аңыз-әңгімелер қосылған.

М.Әуезов «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде «Тарғын жырының өлең өлшеуінде бұрынғы өлшеулерден жатырақ, басқарақ келеді. Мұнда ақын бір белгілі өлшеуді мықты айтқан сөз жоқ. Барлық өлеңде сөз бен суреттің ағымы билейді, күшті жыршы өлшеуді өз жанына қалай болса, солай шығарғандай. Үлгі, алып деген нәрселерді қайыстай қылып созып, өз ырқына билеп, басып көндіріп алғандай болады» - деп баға береді және «ЕрТарғынды» аға батырлар тобына қосады. Мұны ол – ерлік істержасап, ел-жұртын қорғағандығымен түсіндіреді.

«Ер Тарғын» жөнінде пікір айтқандардың бірі – С.Сейфуллин.

С.Сейфуллин 1932 жылғы «Қазақ әдебиеті» еңбегінде «Тарғынның» мазмұнымен таныстыра келіп, қазақжырларының ноғайлы дәуірімен байланысын ашып көрсетуге тырысады. Кейіннен С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, т. б. жырдың идеялық көркемдік ерекшелігі туралы өз пікірлерін білдірді. Бұл турасында М. Ғабдуллин: «Ал бұл жырға айрықша көңілаударып, зерттеу еңбектер жазған Қ.Жұмалиев болды. Ол «ЕрТарғын» жырын орта мектептерге арналған оқулық көлемінде, қазақ эпосы жайында жазған монографиясында және «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1 том, 1960) атты кітапқа енген зерттеуінде деп, Қ. Жұмалиевтің «Ер Тарғын» жырын бірден-біртөрең зерттеген ғалым екендігін аша түседі.

**Нәтиже.** Тарғынды халық қаһарман етіп шығару Тарғынның халыққа және халықтың Тарғынға қалай қарайтындығынан да байқалады. Тарғын мен ханның арасындағы барлық қатынастарда халық қатар қойылады.

Бұған көз жеткізу үшін «Ер Тарғын» жырының мазмұнына назар аударайық:

Мамай сұлтанның қол астындағы Іскендір ұлы Ер Тарғын деген батыр болады. Күндердің күнінде Мамайдың Алшы Ысмайыл Тобаяқ деген інісі Тарғынға келіп: «Мамайдың қыс мінетін кәрікүрең атты тұлпарын сұра, шын дос болса берер» - дейді. Ертеңінде Тарғын Кәрікүренді береді де, Тарғынды қайтарып әкеледі.

Осы кезде Қырым елінде Батырақ деген мықты жігіт болады. Ол: «Бүкіл Ноғайлыда өзімнен мықты адам жоқ», - деп жүреді екен. Бір күні ол Тарғын туралы естиді. Мамайға келіп жалданады, үш жылдай жұмыс істейді, Мамайдан еңбек ақысына Тарғынның оғы мен жағын сұрайды. Мамай Тарғынға кісі салады. Тарғын: «берсең өкінерсің», - дегенді айтады да, оғы мен жағын бермейді. Батырақ тағы үш жыл жұмыс істейді, ақысына Тарғынның оғы мен жағын сұрайды. Бұл жолы Мамай Тарғынды көндіреді де, Батырақтың қалағанын береді. Батырақ еліне қайтады.

Артынша-ақ Қырым мен Мамайдың арасында үлкен соғыс болады, Тарғынды қолбасы етіп Мамай соғысқа атып түсіреді. Жаралы болған Тарғын Мамайға: «шын дос болсаң, жауымның басын әкеп, алдыма сал, сонан кейін өлсем арманым жоқ», - дейді. Мамай Батырақты өлтіреді де, басын Тарғынға алып келеді. Сол жерде Тарғынды найзаға салып, еліне қайтады. Мамаш деген жерге келгенде, Тарғын өледі.

Бұл нұсқаның Кеңестер Одағы кезінде жұртшылыққа беймәлім болып келуіне ВК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы Татарстан обкомы жұмысын сынаған қаулысының Едіге және оның ұрпақтарын дәріптеуге қарсы бағытталуы себеп болғаны анық. Өйткені жырда көрінетін Мамай – Едігенің шөбересі Мұса бидің отыз ұлының бірі.

Бұл жерде ерекше көңіл аударатын мәселе: әдетте батырлар жырының бас кейіпкерлерінің өлімі баяндала бермейді. Бұндай ілуде бір рет кездесетін оқиғалар өзіндік сипатта баяндалады. Мысалы: «Ер Қосай» жырының бір нұсқасында бас кейіпкер басында өлгенімен, кейін қайта тіріледі. Ал, «Шора батыр» жырының Мұрын жырлаған нұсқасында батырды өз аруағы айдаһар кейіпінде келіп жұтады, яғни, ол

өлген жоқ, ғайып болды. Сол тұрғыдан «Ер Тарғынның» бір сөз еткен нұсқасы бас қаһарман өлуімен тамамдалуы таңданарлық құбылыс.

Тарғынныңқандай батыр екендігі, оның мертігіп айдалада жатқан жерде айтқан зарынан да көрінеді. Домбаулдың қолымен кездекен жерінде:

Алты қырлы ақ мылтық,  
Ата алмасам, маған серт!  
Қозы жауырын қу жебе...  
Тарга алмасам, маған серт!  
Тауға салсам, тас кескен,  
Кеудеге салсам, бас кескен,  
Алты аршын ақ болат,  
Қынаптан алып суырып,  
Шаба алмасам, маған серт!...  
Жау ішінде жұлынып,  
Толғамасам, маған серт!... –

деп айтатын суреттеу сөздерінен көне замандағы мифология түсінік, яғни, адамның өзімен айналада қоршаған әлемнің арасына шек қоймай, өсімдік те, жануар да, өлі зат та тығыз байланысты, бәрі жанды, бірін-бірі түсінеді, - деп түсінген анимистік көзқарас жатыр.

Тарғын мен Ақжүністің соңынан қуып келген Қартқожақ екі жасқа қысылшаңсын кезін туғызған болатын. Бірақ одан Ақжүніс қысылмай өткен-ді. Қарт батырды сөзімен тоқтатып, жолын тосады, басындағы мұнын айтады, екі жасты жылатпауын сұрайды.

Жылап тұрған көзім бар,  
Өксіп тұрған жаным бар,  
Әуре болған басым бар,  
Алғанымнан айырма!  
Мені өзіңе қайырма!  
Тілекті бермес болар ма,  
Сіз сықылды асылдар, - дейді.

Екі жасқа аяушылық білдірген Қартқожақ Ақжүністің тілегін береді.

Жырда Қартқожақтың бес жасынан бастап, алпыс беске келгенге дейінгі өмірі, ел қорғау жасында жасалған ерлік істері Ақжүністің сөзімен баяндалады.

Отыз беске келгенде,  
Қоңыраулы найза қолға алдың,  
Жауды көрсең шүйілдің.  
Жеңсіз берен киіндің,  
Көксерек атты бор байлап,  
Қамалды бұздың айқайлап...

Қартқожақтың батырлығына оның адамгершілігі сайма-сай. «Кімде-кім қызымды қуып жетсе, сол алсын, қуып жетіп өлтірсе, құны жоқ болсын» - деп Ақшахан өзінің жалғыз қызы Ақжүніс жөнінде опасыздық жасап, өлімге қиған кезде Қартқожақ Тарғынды қуып жетіп қызды тартып алмақшы болады. Алайда, ол Тарғын өзін атпай, қорамсағындағы оғын атады. Оның басты себебін аталмыш қаһарманның халқына сіңірген еңбегінен іздеу керек сияқты.

**Қорытынды.** Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» эпопеясын құраған жырдың бірі «Қартқожақ». Халқымыздың ең аяулы ұлдары ғана жырдың бас қаһарманы екенін ескерсек, Қартқожақтың үлгісі ісі арқылы халық жүрегінде сақталған тұлға екеніне күмәндануға негіз жоқ.

Ортақ кейіпкердің бірі, батырдың қысылтаяң, тар кезеңдегі алғашқы жәрдемшісі өзі бағып, өзі өсірген тұлпары Тарлан.

Тарғынның Тарланға:

«Құлын емдің, тай емдің,  
Құнан жаста арда емдің,  
Дөнен жаста үйреттім,  
Алты қабат ала арқан,  
Жібектен өріп сүйреттім...  
Алты жасты ақтаттым,  
Алшақтаттым, ойнаттым,  
Жеті жасқа келгенде,  
Арпа бидай асаттым.  
Жер дүңкілдеп келгенде,  
Дұшпан көзі қорықты», -

деуінен көшпелі өмір сүрген, жауынгершілік салтты ұстаған халықтың өмірінде жылқы малының, әсіресе жорық атының маңызы зор болғанын аңғартады.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Батырлар жыры. 2 том. – Алматы: Жазушы, 2006. – 85-бет
2. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі – Алматы: Ғылым, 1993. – 104-бет
3. Бердібай Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 127-бет
4. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. – Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы: Ғылым, 1972. – 57 б.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы 3 томдық. 1960. 1- том. – 152 б.
6. Әуезов М. «Әдебиет тарихы». 1927. – 67 б.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 73 б.

МРНТИ 17.71.01

Г.О. Мухаметкалиева<sup>1</sup>, Г.С. Балтабаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>1</sup>Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## М.ДУЛАТҰЛЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ РОМАН ЖАЙЫ

### *Аңдатпа*

Мақала Міржақып Дулатұлының шығармашылығы туралы жазылған. Қазақтың тұңғыш романының авторы М.Дулатұлының шығармашылығы мен «Бақытсыз Жамал» романының көркемдік ерекшелігіне тоқталады. Жазушы ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылының жанды бейнесін бере отырып, олардың өскен орта жағдайына сипаттама жасаған шеберлігі айтылады. Заман шындығын беруде әдет-ғұрып, салт-сана көріністері үлкен маңызға ие болып тұр. Романдағы негізгі тартыс та осы дәстүрді бұзудан басталады.

**Кілт сөздер:** роман, ағартушылық, тартыс, заман шындығы, әйел теңсіздігі.

G.O. Mukhametkaliyeva<sup>1</sup>, G.S. Baltabaeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

<sup>2</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

### *Abstract*

An article about the work of Mirzhakip Dulatov. The author of the first Kazakh novel, devoted to the creativity of M. Dulatuly and the novelty of the unfortunate Zhamal novel. The author describes the skills of the Kazakh village of the early twentieth century, describes their growing habitat. Tradition and their great importance in realizing the truth. The main battle in the novel begins with a violation of this tradition.

**Keywords:** novel, education, conflict, gender inequality.

Г.О. Мухаметкалиева<sup>1</sup>, Г.С. Балтабаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан.

<sup>2</sup>Казахский Национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан.

#### Аннотация

Статья о творчестве Миржакипа Дулатова. Автор первого казахского романа, посвящен творчеству М. Дулатулы и новизне романа «Несчастный Жамал». Автор описывает навыки казахского села начала XX века, описывает их растущую среду обитания. Традиция и их большое значение при осознании истины. Основная битва в романе начинается с нарушения этой традиции.

**Ключевые слова:** роман, просвещение, конфликт, гендерное неравенство.

**Кіріспе.** XX ғасыр қазақ тарихындағы елеулі кезең екендігі анық. Сана ғана емес салтымыз да өзгеріске түсті, экономикалық ілгерілеу, ғылыми-техникалық жаңалықтар мәдени әлемге де өз ықпалын тигізді.

Ағартушылық, жаңа өмірге бағыттау, өткенмен қош айтысу, таптық идеологияға қырын қабақтық алаш қайраткерлерінің іс-әрекетінен, бүкіл шығармашылық тарихынан өз көрінісін тапты. Қай тақырыпқа қалам тартса да алаш ардагерлері ұлттық мүддені ойға тірек, тілге тиек етті, әрбір туындыларына терең мағына, философиялық астар дарытып, өтпелі тірлікте өзіндік бет-бейнені сақтап қалуға шақырды. Жалпақ жұртты ояту, төңкеріс толқынында негізгі бағытты жоғалтпау, ұлттық рухты сақтау көкейтесті мәселеге айналып, алғашында ашық түрде қозғалып, кейін астарлы, жабық сипатқа ауысты. Қайталанбас күндер елесін, дүрбелең кездің шындығын бірде қызулы көсемсөзбен, бірде астарлы қарасөзбен, жалынды өлең, ишаралы мысалдармен әліптеді.

Ұлттық сананың ояну кезеңі әдебиетте өзіндік із қалдырды, романтизм мен сыншыл реализмнің бесігіндегі түрлі шығармалар халықтың рухани қажеттілігін толықтыра түсті, бұған қоса кеңестік социалистік реализм аясындағы шығармалар да саясатқа сәйкес әдебиеттегі негізгі көшті бастады. Әлеуметтік жағдайлар романтизмді күшейтсе, кеңестік жүйеге наразылық, бостандыққа ұмтылу, ұлтшылдық алаш зиялыларының шығармаларына даралық сипат дарытты. Ұстанған бағыттарына орай алашшылдар дәуір сахнасынан біртіндеп ысырылды, сонда да олардың болашаққа деген сенімдері бұлыңғыр тартпай, негізгі ұстанымдарына беріктік танытты.

Қазірде елімізде мәдени құндылықтарды ұлықтау, барды бағалау саясаты жүргізілуде, яғни ұлттық тарих, болмыс, идея арқылы ғана халықтық қалыпты сақтауға болатынын мемлекет ескеруде.

Шығармашылық тұлғаның бостандығы да шексіз емес, ол қоғамдық салтты сақтай отырып, ұлттың өзін-өзі тануына, бағалауына, тәуелділіктің кез-келген түрінен арылуына жол сілтейді. Ала зиялылары мәмілені мәннен, рухани маңыздан іздей отырып, ара-тұра томаға-тұйықтықтан арылу үшін аударма ісіне де біраз жүк артты.

Мәдениеттер тоғысында рухынан айырылған жасанды әдебиет шетке ысырылып, нағыз ұлттық туындының шоқтығы биіктемек.

Көркем шығармашылықта рухани әлем тазалығы маңызды, адам тағдыры арқылы дәуір тынысын беру, көркемдік қиялмен шындықты көріктендіру, оны даралау мен жинақтау әдістері суреткерге тән қажеттіліктер, ал шынайы ұлттық идея «ел қамын жеген Едігелерде» ғана болады. Осындай қаламы мен қайратын ұлттық ұстанымдарды насихаттауға арнаған біртуар тұлғаларымыздың қатарында жалынды ақын, дарынды көсемсөзші, алғашқы қазақ романының авторы Міржақып Дулатұлының есімі зор құрметпен аталады.

**Талқылау.** М.Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Сарыкопа болысындағы үшінші ауылда, дөңгелек шаруалы Дулат шебердің отбасында дүниеге келген. Анадан екі жасында, әкеден он екі жасында жетім қалған Міржақыптың тәрбиесінде үлкен ағасы Асқардың ықпалы мол болды. Ауыл молдасының алдын көріп, ауыл мұғалімінен хат таныған Міржақыпты Торғайдағы белгілі сот қызметкерлерінің бірі болған Асқар ағасы 1897 жылы негізін Ыбырай Алтынсарин қалаған Торғайдағы орыс-қазақ училищесіне орналастырады. Бес жыл ішінде өзге пәндермен қатар орыс тілін жетік меңгерген Міржақып өз бетімен білім жетілдіру үстінде шығыс және батыс әдебиетінің озық үлгілерімен сусындайды. 1902 жылы ол Уфадағы Ғалия медресесінің педагогикалық курсына тәмамдап, ауыл мұғалімі болып оқытушылық қызметін Торғай өңіріндегі Терісбұлақ деген жердегі мектептен бастайды.

1909 жылы Міржақып Дулатұлының тұңғыш лирикалық-публицистикалық өлеңдер жинағы «Оян, қазақ» Уфадағы «Шарқ» баспасынан, екінші басылымы 1911 жылы Орынбордағы «Уақыт» баспаханасы-

нан жарық көреді. Авторына халықтың үлкен құрмет сезімін тудырған бұл жинақ сонымен бірге патша әкімшілігі тарапынан үлкен қуғынды да ала келеді. Кітап тәркіленіп, Міржақып ресми бақылауға алынады. Ол 1909 жылы қазан айында Ақмола облысындағы Петропавл қаласына келіп, алдымен қалалық мұсылмандар кітапханасының оқу залының меңгерушісі, соңынан соттың хатшысы қызметін атқарады. 1910 жылы Міржақып қаламынан туындаған қазақ романының көшбасшысындай болған «Бақытсыз Жамал» романы Қазандағы Каримовтар баспасынан жарық көріп, халық арасында үлкен сұранысқа ие болады, 1914 жылы қайта басылады.

Отаршыл үкіметтің қырын қабағына ілінген Міржақып 1911 жылы 6 маусымда тұтқындалып, Семей түрмесіне 1912 жылдың 12 желтоқсанына дейін отырғызылады. Осыдан кейін өз сөзімен баяндасақ, «Семеймен қош айтысып, ізімді білдірмеуге тырысып, Түркістан қаласына жеттім, жасырын күн көрісте болғандықтан, сіздерге хабар жеткізе алмадым. Түркістан және оған таяу жердегі Қарнак қыстағында қазақ, қырғыз, өзбек ағайындардың арасында паналап, 1913 жылдың басына дейін сонда болдым» - дейді. Түркістаннан аттанар кезде игі жақсылар жиналып, Міржақыпқа жолға шығарында ақ жол тілеп, қолына мол қаражат ұстатады. Түркістаннан Орынборға беттеген Міржақып А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейханға жолығып, халыққа қызмет ету үшін үшеуі бірігіп, газет шығару идеясына тоқталған. Түркістаннан жиылған мол қаржы осы газетті шығару үшін жұмсалған ақшаның бір бөлігін құрайды. Міржақып «Қазақ» газетін шығару үшін халықтан қаражат жинауға және халықты газетке жазылдыруға елге үгіт-насихат жүргізу мақсатымен ел аралауға шығады. Кезінде «Айқап» журналының белсенді тілшісі болған ол 1913 жылдың екінші ақпанынан бастап Орынбор қаласынан шығып тұрған «Қазақ» газетінің жауапты хатшысы қызметін абыроймен орындап, 1918 жылға дейін осы газет бетінде өз мақалаларын, әңгімелерін үзбей жариялап тұрды. Міржақыптың «Азамат» (1913. 1914), «Терме» атты өлеңдер жинақтарын да халық жылы қабылдады.

**Нәтиже.** Қазақ ұлттық әдебиетінің алғашқы романы болып саналатын М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романын жазу үстінде сүйенген үлгілері – қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің нұсқалары, орыс әдебиеті мен батыс әдебиетінің аударма үлгілері және шығыс әдебиеті.

«Бақытсыз Жамал» романында жазушы тарихи шындық көлемінде басты кейіпкердің іс-әрекетін көрсетумен қатар оның характерінің қалыптасу тарихын, тұлғаға айналу процесін белгілі бір дәрежеде көрсетуге күш салған. Халық дәстүрі мен рәсімдерінің ауыз әдебиетіндегі көріністері ұшан-теңіз болса, ол жазба әдебиетті де өзіндік ерекшеліктерімен байытып, ұлттық сипат дарытып отырған. «Қазақ жырлары мен аңыздарының бірқатары халықтық романдар тәрізді. Оларда әлеуметтік, таптық сипат, адамдар ісіне дәл, нақты мінездеме жиі ұшырайды». XX ғасыр басындағы көркем әдеби шығармаларда әйел теңдігі мәселесі ұсақ өлеңдерден поэмаға, әңгімеден романға дейінгі аралықта көтеріліп, осы мәселені шешу міндеті күн тәртібіне қойылды. Әрбір ақын, жазушы осы мәселенің көркемдік шешімін түрліше түйіндеп жатты.

М.Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романында махаббат сезімін сырттан таңылған құбылыс ретінде қарастырмайды. Жамал мен Ғалиды жүрек түкпірінен шыққан адал сезімдері табыстырады. Ескі салт-сана да олардың арасындағы сүйіспеншілік отын күшейте түсіп, бір-біріне деген ынтызарлығын арттырып, қашу әрекетін жүзеге асыруға итермелейді. Қорғаныстың зиянсыз түрі – қашу болғандықтан, орта қысымы бұл жағдайда пайдалы іс атқарады: сезімнің беріктігін күшейтіп, қозғалысқа жетелеп, уақытша жеңіске қол жеткізеді. Романда өлең мен қарасөз араласып келгенмен, өлең жағы кемшін, ол сөз басында автордың мақсатын көрсетсе, романның өн бойында жастардың ішкі сезім күйінің белгісі ретінде қызмет атқарған. Жамал өз қасіретін тек өлеңмен ғана шығарады: бірде хат, бірде айтыс, бірде зарлау. Прозада өлеңнің аралас келуі эпостан енген ерекшелік болып табылады, ал роман жанры теоретиктерінің айтуы бойынша синтетикалық жанр, оның бойында әдебиеттің үш тегі қатар тоғысқан. Эпостық жырларда оқиғалар байланысын жүзеге асырып отыратын қара сөз болса, ал алғашқы қазақ романдарында өлең екі жастың ғашықтық сезімдерін бір-біріне жеткізудің және наразылық пен ішкі қасіретті сыртқа шығарудың құралына айналған. Мысалы, Жамал мен Ғалидың, Қамар мен Ахметтің, Файша мен Қожаштың хаттары, қыздардың мұнды зарлары – осының бәрі де өлең тіліне түскен, әсерлі, күшті, қайғылы сарыны жан тербетерлік болып шыққан. Осы романдардағы өлең жолдарының дастандардағы өлең жолдарымен, қазақтың сол кездегі әнші-ақындарының өлең жолдарындағы ойдың берілу жолдарымен ұқсастықтары бар. Мысалы:

Секілді райхан гүл бақшадағы  
Уылжып жігіттіктің тұрған шағы (Ғали сөзінен)  
Қыз айтты: Сіз майысқан райхан гүл.  
Бекер қарап отырма, бір жауап қыл.

Бірі жігіттікті, бірі жігітті райхан гүліне теңейді, сөйтіп жігіттің жастық шағының нұрлылығы мен тез өтетіндігін нәзік гүлге теңеу арқылы білдіреді.

Жайлаған аққу едім айдын көлді,  
Бұл күнде көрініп тұр жаман да зор. (Жамал сөзінен)  
Айдын шалқар көлдегі  
Иілген аққу-қазындай  
Аққу құстай бөленіп  
Не түседі деп көзіме

Мұндағы аққу сөзі дәстүрлі ақын-жыраулар қолданысындағы мағынасына ие, сұлулық пен ерекшелік, еркелік сипаттарын аңдатады.

Қараймын томағамды ашып-жауып  
Тауыңның ақиықша Оралдағы. (Ақан сері сөзінен).  
Оралдың ілер деуші ем ақиығы  
Шынымен жапалаққа болам ба қор?! (Жамал сөзінен)  
Белгілі ұрғашының бізге жайы  
Бұл күнде мал боп тұр ғой қыздың байы. (Ақан сері сөзінен).  
Қыздың құны бес байтал  
Сатылып кетті базарға (Жамал сөзінен).  
Жігіттік бойға тартқан бір гауһар тас  
Қартайсаң, қайта айналып табылмаған. (Біржан сал сөзінен).  
Жақсы қыз баға жетпес бір гауһар тас  
Он алты, он жетіге жеткенде жас. (Ғали сөзінен).

Осындай ұқсастықтар белгілі бір сөздік қордың ұқсастығынан, ой ортақтығынан туындап отырған.

Қараңғыда қалдым мен  
Шамшырақ сөнген заманда (Жамал сөзі).  
Арасында екі оттың  
Мені алла қор еттің (Жамал сөзі).  
Жыладым зарлап, Ғали жоқ  
Ісіне көндім құдіреттің (Жамал сөзі).  
Ішіме түсті ыстық дерт  
Қайнаған судай қазанда (Жамал сөзі).  
Кешегі сөнген шамшырақ  
Орнына қайтып жанар ма?  
Өлі менен тірінің  
Арасында меңдеттің.  
Жазуынан артылып  
Қайда барар пендесі?  
Өрттей қайнап жанамын  
Іште дертім барынан.

Жамалдың зары мен А.Байтұрсынов жинап бастырған жоқтаулардан алынған үзінділерді салыстырсақ сарын ұқсастығын, зарды жеткізу үшін таңдалған сөздердің ұқсастығын байқаймыз. Өлең өлшемдері де 7-8 буынды жыр үлгісімен орайлас. Осы зардың аяққы шумағындағы тармақтары:

Қаһарыңды жіберіп,  
Тең құрбымнан кем еттің.  
Мұндай зарлы қылғандай  
Мен бейшара не еттім...  
Жыладым зарлап, Ғали жоқ  
Ісіне көндім құдіреттің! – деп

дәстүрлі жоқтау үлгісімен аяқталады. Әрі осы тармақтар М.Дулатұлының 1991 жылы жарық көрген шығармалар жинағында толық берілсе, 1996 жылғы екі томдық жинағының бірінші томында:

Қаһарыңды жіберіп,  
Тең құрбымнан кем еттің.  
Мұндай зарлы, Ғали жоқ  
Ісіне көндім құдіреттің! - деп

арадағы тармақ түсіп, сөздердің орны ауысып, жаңылыс басылып кеткен.

Осы 52 жолдық зар ескі жоқтау үлгілерімен ұқсастырыла жазылған. Ғалиды жоқтау сарыны мен өз басындағы қайғы қатар өріліп, аллаға шаққан мұң жоқтаумен ұқсастығын арттырса, бастамасында өзінің малға сатылғанын айтып, Ғали сынды серігінің опат болып, өзінің екі түрлі қайғыда қалғандығын айтып өтуі аздаған айырма туғызады. Жамал өз жоқтауын жадынан шығарып, сүйгенін жоқтайды, ит тірлігіне налиды, қаза жетпегендіктен алланың бұйрығына көнгендігін білдіреді. Әрине, бұл өлген кісіні ақырғы сапарға аттандырып жатқандығы, не қыркын, не жылын бергендегі көп алдында айтылған жоқтау емес, Ғали қазасынан кейінгі іштегі күйіктің қағазға зар болып түскен сипаты.

Романда: «Май жұлдызы, таң қысқа, ай жарық, дүние тып-тыныш, жел жоқ, хауа жақсы, жаңа қонған жұрт, көкорай шалғын, жапырақ, гүлдерінің иісі аңқып, біздің жастарды көріп тұрған жалғыз алла, екіншісі аспандағы Ай мен Жұлдыз еді», - деген әрбір заттың айқын сипатын танытып тұрған бірыңғай мүшелі, атаулы сөйлемге ұқсас сөйлемдер де кездесіп қалады. Жазға салым уақыттың тамылжыған бір әдемі түнін қыр қазағының ойына оралтар осы қысқаша суреттелген түн келбеті сияқты табиғат көріністері көп емес. «Махаббат мүптәлласына душар болған сұлу қыздар елендеп ұйықтай алмай, тастан қатты шешесі есікті құлыптап, түндікті ашып қойғанда:

Өттең айдың жарығы күндізгідей,  
Ер жігіттің қадірін қыз білгендей,  
Қыз байғұстың басында ықтияр жоқ,  
Есік ашып досын үйге кіргізгендей, -

деген бір ауыз өлеңді іштерінен «уһ» деп күйінішті дауысқа араластырып айтып жатқанын қасына барып кім көрген» . Осы сияқты сөйлем ұқсастығын Ғ.Қараштың 1909 жылы Қазан қаласындағы баспаханаға жолданса да жарық көрмеген өлең мен қарасөз араласа жазылған «Томан байдың баласы Әділ мырза, я болмаса Байғозы байдың қызы ару Шандоз" атты әңгімесінен көреміз. Мұнда: «Түн бек тымық, ай жарық, жұлдыздар да жол жүріп келген жас жігіттің сұлу жарымен қосылып күліп-ойнауларын көргісі келіп тұрған секілді. Күмістей жалтылдаған көздерін тігіп, жас жанның көңіліндегі ғашықтығын арттырып, өздерін міндетті бір қызметті жеріне келтіргендей болысыпты. Шалқасынан түсіп ұйықтауға жатқан жігіт ай, жұлдыздардың бұлайша көңілдене күле, шыраймен өзіне қарап тұрғанын көріп, өзі қозғалып ұйықтай алмай күңірене бұл сөздерді айтыпты:

Самиян сахараның сары даласы-ай,  
Тымығы іңір кештің таң-тамаша-ай.  
Жалтылдап саф күмістей көрінеді,  
Сансыз көп жұлдыздардың әр данасы-ай», -

деп, сүйгенін аңсаған, онымен бір жолығысудың жолына жанын салып жүрген бозбаланың сезім күйін табиғатпен қоса беруі, адам сезімін жаратылыс құбылыстарымен қатарластыра суреттеудің тәсілін іздестіруіне көз салсақ, мұндағы суреттелген қыз бен жігіттің кездесуіне дейінгі үмітпен, сағынышпен алып ұшқан кезең, жігіт те, ай, жұлдыз да құмарланған сәт берілген. Ғ.Қараштың бұл әңгімесі өткен шақтың етістігінің -ды, -ді, -ты, -ті, -ып, -іп формалары арқылы баяндалған, ойды әсірелеп жеткізуге тырысқан, еліктіргіш қасиеті басым. Әңгіме басындағы: «Оқушылар, бұл сөздерден осы күнде де жастай құдаласып қою жөн -ақ деген сөзді аңғара көрмеңіз. Тек ол замандағы қазақ халқының тұрмыс жайларына солай болмақ лайық болғандығын ғана айтамыз. Әлбетте, тұрмыс өзгерсе, әдет-ғұрып та өзгереді. Сол себепті ол заманда лайықты болған заттардың көбі бұл заманға жарай бермейді», - деп, бір кезде қажеттіліктен шығарылған жол, жоба, ғұрып заңдарының уақыт өткен сайын ескіріп, қолданыстан шығатынын, жаңа дәстүрдің орнатуына үлкен кедергі келтіретінін айтады. Әңгіме ғашықтардың қуанышын жеткізумен



аяқталған, әдет-ғұрыпты айыптау үні естілмейді. Сөз басындағы «Оқушылар» деген қаратпа сөз әңгімедегі әрекетке, іске назар аударуды көздеген Міржақып қолданысымен бірдей. Оқушылар деген қаратпа сөздің эпостағы «Әлқисса» сөзімен атқаратын қызметі ұқсас деуге де болады. Тағы да бұл сөз оқиғаның туу төркінін және болу ретін аңғартар жерде де қолданылған. Осы қаратпа сөздің тек прозаның алғашқы нұсқаларында ғана емес, есейген, кемелденген кезінде де қолданылғанына мысалды С.Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясынан көп кездестіреміз. (С.Мұқанов. Өмір мектебі. 1-кітап. 11-бет. 2-кітап: 122-бет. 3-кітап. 225 бет, т.б.). Мұндағы «Құрметті оқушы» деген сөзді айтып келе жатқан әңгімесін үзіп, жаңа бір әңгімені сол әңгімеден балалатып кету үшін қолданған.

**Қорытынды.** «Бақытсыз Жамалдың» өлеңмен жазылған сөз басында болмаса, автордың оқиғаға деген көңіл күйі тікелей сезілмейді, салқын қанды ырғақпен, баяу леппен оқиға өз нысанасына жақындаған, тіпті, оқиғалар барысы бірінен кейін бірі қабаттасып, жеделдетілгеннен кей жерінде сөйлемдер жалаң хабарлама қалпында қалған.

М.Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романын жазу арқылы сан ғасырлық әдеби дәстүрді дәуірдің талап-тілегіне сай жаңа биікке көтерді, қазақ жазба романының алғашқы шоғырының қалыптасуына игі ықпал жасады. Алғашқы үлгіні дамытушылар «Бақытсыз Жамалда» суреттелген қоғам мен әлеумет өмірінің алуан қырын шығармалық ізденіс нәтижесінде дамытып, ұлғайтып, сапасын арттыра түсті, яғни Міржақып Дулатұлы бастаған әдеби дәстүрдің жаңа сапаға ауысу процесі қазақ жазба әдебиетіне үлкен өзгеріс әкелді, ауыз әдебиетінің озық тәжірибесін бойына сіңірген әдебиет өзіндік ұлттық өрнегін сақтай отырып, әлемдік дәстүрді меңгеруге сәтті қадам жасады. Сондықтан «Бақытсыз Жамал» романының тарихи маңызын одан кейін пайда болған романдар легі, әдеби үлгі анық көрсетеді деп білеміз.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997. – 132 б.
2. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп. 1988. – 138 б.
3. Ақан сері. Бес ғасыр жырлайды. II том. – Алматы: Жазушы. 1989. 148, 155 бб.
4. Біржан сал. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 367-б.
5. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.

МРНТИ 17.82.32

Ә.С. Мұхтарова<sup>1</sup>, Г.О. Мұхаметкалиева<sup>2</sup>, С.Рамазан<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қайнар академиясы, Алматы қ., Қазақстан.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

**ҚАЗАҚ БАЛЛАДАСЫНЫҢ АТАСЫ  
(Қ.Жармағанбетов шығармашылығы тұрғысында)**

*Аңдатпа*

Мақала Қ.Жармағанбетов шығармашылығына арналған. Қазақ балладасының атасы саналған Қ.Жармағанбетов балладаларының көркемдік ерекшелігіне тоқталдық. Қ.Жармағанбетовтің қазақ қаламгерлері қаламына көп іліне қоймаған қазақ даласын жалмаған аштық тақырыбына арналған балладаларына жеке тоқталып, талдау жасалады. Автор-оптимист, оның кейіпкерлері өмірден күдер үзгенмен, ақын оларды үмітке жетелейді, кенеттен бір шешім тауып, өзгеше сюжетті ойлап табады. Тосыннан жолушыларды үйге келтіріп, аштан өлгелі жатқан қос мұңлыққа нан бергізіп, тіпті, бұларды қалаға алып кететін жағдайды оқиғаға енгізеді. Кенеттен төтенше шешім қабылдау-балладаға тән құбылыс. Талантты ақын өз балладаларында осындай кездейсоқ, тосын жағдайды суреттеп, оқырманын таңғалдырып отырады. Сөз бояуларын шебер қолданған ақын өлім табиғатының осылай болу қажеттігін, тіпті табиғаттағы құс, жәндіктердің де іс-әрекетін оқиғаға кіргізе отырып, жамандық иесі тағдырының соңы осындайға тірелетінін жан-жақты баяндап, жаманнан безінуге, жамандық жасаудан жиренуге шақырады. Логикасы мықты ақын тосын оқиғаларды суреттей келіп, өзіндік шешімін күтпеген жерден жасап, адам характерін шыншылдықпен таныта біледі.

**Кілт сөздер:** баллада, ақын, проза, жанр, сыншы.

A.S. Mukhtarova<sup>1</sup>, G.O. Mukhametkaliyeva<sup>2</sup>, S.Ramazan<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Academy Kainar, Almaty, Kazakhstan.  
<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

### FATHER OF THE KAZAKH BALLAD (In the context of the work of K. Zharmaganbetov)

#### Abstract

The article is dedicated to the work of K.Zharmagambetov. On the artistic features of the ballad Zharmagambetov, who was considered the grandfather of the Kazakh ballad. In particular, the analysis of the ballad of K. Zharmaganbetov on the topic of hunger, which did not get into the hands of Kazakh writers, is carried out. An optimistic author, his characters lose their lives, but the poet leads them to hope, suddenly finds one solution and comes up with an unusual plot. The talented poet in his ballads describes such a random, unpredictable situation and surprises the reader. The poet with strong logic describes unexpected events, unexpectedly creates his decisions, shows the truth of human characteristics.

**Keywords:** ballad, poet, prose, genre, critic.

A.C. Мухтарова<sup>1</sup>, Г.О. Мухаметкалиева<sup>2</sup>, С.Рамазан<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Академия Кайнар, г. Алматы, Казахстан.  
<sup>2</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан.

### ДЕДУШКА КАЗАХСКОЙ БАЛЛАДЫ (по творчеству К.Жармаганбетов)

#### Аннотация

Статья посвящена творчеству К.Жармаганбетова. О художественных особенностях баллады Жармаганбетова, считавшегося дедом казахской баллады. В частности, проводится анализ баллады К.Жармаганбетова на тему голода, не вставшего в ручку казахских писателей. Автор-оптимист, его герои теряют жизнь, но поэт ведет их к надежде, вдруг находит одно решение и придумывает необычный сюжет. Талантливый поэт в своих балладах описывает такую случайную, непредсказуемую ситуацию и удивляет читателя. Поэт с сильной логикой описывает неожиданные события, неожиданно создает свои решения, проявляет правдивость человеческих характеристик.

**Ключевые слова:** баллада, поэт, проза, жанр, критик.

#### Кіріспе. Қ.Жармағанбетов балладасының ерекшелігі

Қ.Жармағанбетов шығармашылығы, оның ішінде балладалары туралы кезінде бағасын берген сыншы ғалымдардың қатарында профессор Ә.Нарымбетов: «Баллада жазған ақындардың ішінде бұл жанрды толық игеру жолында тым тәуір творчестволық табысқа жетіп, көзге түскен ақын Қ.Жармағанбетов болды» десе, [1, 30 б.] ғалым Б.Сахариев: «Қайнекейдің ақындық еңбегін ерекше танытқан – оның балладалары. Қазақ поэзиясында баллада жанрын бастаушы болмаса да, түбегейлі қоныс тептіріп орнықтырушы Қайнекей болды десек, артық айтқандық болмас» деп, өзіндік бағасын береді. [2, 24 б.]

Қазақ прозасында баллада жанрымен өзіндік қолтанбасын танытқан Қ.Жармағанбетов шығармашылығы туралы сөз қозғағанда, балалық шақта мектепте оқыған «Мұғалима» балладасы еріксіз еске түсті. Қай сыныпта екенін ұмытыппын, әйтеуір бастауыш кластарда ақын Қ.Жармағанбетовтің:

Әлі есімде мектепке алғаш барғаным,  
Сумка асынып, дәптер, қалам салғаным.  
Бір бұрышында сол сумканың жатқаны  
Кеней, сақа, кендір баулы қармағым, –

деген өлең шумағын жатқа айтқанымыз есімде.

Өлең мазмұны өте түсінікті, жаттауға жеңіл, әрі өзіміздің күнделікті өміріміздегі жайттар суреттелген. Сол себептен болар, сыныптағы барлық бала осы өлеңді түгелдей жаттап алды.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған кез келген бала әуелі мұғалімімен танысады, ол мейірімді болса, оған тез үйренеді. Ал осы балладағы мұғалима бәрімізге ұнады, біз «апайымыз осылай болса екен» деп армандадық. Ақын балладасындағы:

Әлі есімде отырғаным партада,  
Таңдана кеп үңілгенім картаға.  
Жайдары, ашық мұғалима жас қыздың  
«Түзу отыр» деп қаққаны арқаға, - деген шумақ та есімде қалыпты.

Қ.Жармағанбетовтің «Мұғалима» балладасы жаттауға жеңіл болуымен, жүрекке жылы тиетін мазмұнымен, қарапайым ұйқасының үйлесімділігімен, тілге үйіріле кететін ықшамдылығымен ерекшеленеді. Осындай қасиетінен болар, осы шумақтарды барлық бала тез үйреніп, жатқа айтатын. Ойлап отырсақ, мұғалімдік мамандықтың мәртебесін көтерген, оқытушының беделін асқақтатқан баллада көптің сүйікті шығармасына айналғаны анық еді. Алыстағы ауылға мұғалім болып келген жас оқытушының балаларды шексіз жақсы көруі, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасауы, адамдарды жатсынбай, әр үйге келіп, үлкендермен әзілдесіп әңгімелесуі, оқушы ауырып қалса, үйлеріне іздеп баруы, ертегі айтып, оның сырқатынан айығуына себепші болуы – нағыз ұстаздың келбетін танытатын детальдар. Көңілді, өмірге күштар, балаларға ерлікті үлгі етіп, тазалық пен үй күтудің ретін де сыр қып айтатын «мұғалима – дана қыз» біздің де есімізде ұзақ сақталды. Балладаның бәрімізге ұнауы, біле білсек, Жармағанбетовтің ақындық қуатының күштілігінен, тілінің жеңілдігінен, түсініктілігінен, тақырыптың тәрбиелілік мәнінің маңыздылығынан екен. Үш түйіннен тұратын баллада өмірлік азық ретінде көптің көңілінде ұзақ сақталды, бұл аталмыш туынды ақынның балалар поэзиясындағы шоқтығы биік дүниесі ретінде саналады десек, көпшілік келіседі деп ойлаймыз.

#### **Талқылау. Қ.Жармағанбетов балладасындағы аштық тақырыбы**

Қ.Жармағанбетовтің қазақ қаламгерлері қаламына көп іліне қоймаған қазақ даласын жалмаған аштық тақырыбына арналған балладасының бірі – «Таң атарда». Баллада ерекше өлең құрылысымен, өзгеше өлең ұйқасымен басталады:

Ауыр жыл.  
Ашаршылық.  
Бөртпе сүзек.  
Талайдың құйрық-жалын кетті күзеп.  
Жас ана, сәби бала, жалқы лашық,  
Келмеске жігіт жатыр бетті түзеп. [3, 42 б.]

Өлең жолдары қатал кезеңнің, аштық құрсауындағы бір отбасының ауыр халін шынайы суреттейді. Әсіресе, «беретін үзім нан жоқ аш балаға», «Аштыққа шыдай алмай жылайд бала», «Әкесі қайтпас сапар жүріп кетті», «панасыз жетім, жесір зарлап қалды» деген өлең жолдары нәубәт өмірдің ащы шындығын анық аңғартады.

Автор-оптимист, оның кейіпкерлері өмірден күдер үзгенмен, ақын оларды үмітке жетелейді, кенеттен бір шешім тауып, өзгеше сюжетті ойлап табады. Тосыннан жолушыларды үйге келтіріп, аштан өлгелі жатқан қос мұңлыққа нан бергізіп, тіпті, бұларды қалаға алып кететін жағдайды оқиғаға енгізеді. Кенеттен төтенше шешім қабылдау-балладаға тән құбылыс. Талантты ақын өз балладаларында осындай кездейсоқ, тосын жағдайды суреттеп, оқырманын таңғалдырып отырады. Өлеңнің құндылығы ретінде ақын баяндаған мына бір көрініс те оқушы есінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Үзім нан қонақ берді баласына,  
Нанды алып ұстатты да ол анасына:  
«Нан жесең, жазыласың, апатай», - деп,  
Бөстектің кірді қайта арасына.

Бұл жерде өзі аштықтан қиналып жатса да, анасының амандығын тілеген бала келбеті нанымды көрсетіледі. Оқиға ішінде кенеттен тағы бір төтенше шешім қабылдаған автордың мұраты-қандай жағдайда да баласының анасын жақсы көріп, құрметтеуі толастамауы керек деген идея. Аталмыш баллада – оқиға сюжетінің шымырлығымен, шынайылығымен, тәрбиелілік мақсатымен есте қалатын салмақты дүние.

### Нәтиже. Қ.Жармағамбетов балладасындағы адамгершілік

Ақынның «Бетпақдала» балладасында адамгершілік тақырыбы тілге тиек етіледі, жақсылық пен жамандық арасындағы өмірлік күрес суреттеледі. Эпсана үлгісінде алынған бұл шығармада адами қасиет пен көрсоқырлықтың жай-жапсары сюжет ретінде өріліп, оқиға байланыстары бірден өрбіп, авторлық шешімдердің тез қабылданатыны сондай, өлең оқырманын өзіне тез тартып әкетеді. «Енді не болар екен?» деген оймен өлең жолдарын айрықша тебіреніспен жылдам оқып, оқиға шешімін іздейсіз. Алайда ақын тағы да тосын шешім қабылдап, сіз беймәлім сюжет мазмұнына іштей еніп кетесіз. Балладаның сыры да осында ғой, шығарманы оқуды ары қарай жалғастыра бересіз. Ақынның баллада жанрын игеріп, өз шығармаларын сюжетке құрып, оқиға шешімін күтпеген жерден жасауы, шығармаға тосын оқиғаны енгізіп жіберуі – ғажап нәрсе, бұндай көркемдікті өлең құдіретімен оқушының жан дүниесін жаулап алған Қ.Жармағамбетовтің шығармашылық қабілетінің биік өресі деп ұғындық. Балладағы аштық пен шөлдің құрбаны бола жаздаған мүсәпірге ізгі жанды жолаушының тап болып, оған көмек қолын ұсынуы, далада тастамай, атына мінгізіп, өзі жаяу жүруі-жақсы адамның әрекеті аясындағы авторлық бірінші түйін – осылай жасалады. Ал екінші түйін – ойда жоқ жерден «мүсәпір» жанның өзіне жақсылық жасаған жолаушыны тастап, оның атымен қашып кетуі - нанымды суреттеледі. Бетпақдалада қалған мейірімді жолаушы аштық пен шөл құрсауында қалады. Автор бұл жайтты: «Бетпақдала-бедеу дала, Мейірімі жоқ ешбір жанға», «Күні – аптап, түні-самал», «Шөлі бейне берік қамал», «Жәрдем етер жан кездеспес», «Әлі кетті, таңдай кепті, Ұрынды ол көз көргенге», «Талып сорды, Талмап шөпті» деген өлең жолдары арқылы шынайы таныта біледі. Автор-өзгеше шешім қабылдаудың шебері. Жақсылыққа жамандық жасаған қарақшы бұлақ түбінде шұбар жыланның құрбандығына айналып, мерт болады. Қарақшының өлімі де өзінің іс-әрекетіндей жеркенішті суреттеледі:

Ісіп кеткен, рең кеткен,  
Бетке шыбын үймеледі.  
Көрген бұны аспан асты  
Аяған жоқ, табалады.  
Уға бөгіп іскен басты  
Егеуқұйрық жағалады.  
Қара құрт пен кәрі бүйі  
Тұла бойын аймалап жүр.  
Шүйіліп кеп қалықтайды,  
Жемтік көріп қара құзғын. [4,96 б.]

Ақын жақсылыққа жамандық жасаған адамның өмірі осылай аяқталатынын ескерте келіп, өлімінің де жиренішті болғанын аяусыз өткір тілмен жеріне жеткізе баяндайды. Сөз бояуларын шебер қолданған ақын өлім табиғатының осылай болу қажеттігін, тіпті табиғаттағы құс, жәндіктердің де іс-әрекетін оқиғаға кіргізе отырып, жамандық иесі тағдырының соңы осындайға тірелетінін жан-жақты баяндап, жаманнан безінуге, жамандық жасаудан жиренуге шақырады. Логикасы мықты ақын тосын оқиғаларды суреттей келіп, өзіндік шешімін күтпеген жерден жасап, адам характерін шыншылдықпен таныта біледі. Атынан айырылған Аңғал (балладада осылай аталады) бірде еңбектеп, бірде құлап, тау етегіне жетіп-жығылады. Тағы да өзгеше шешім-құлағына бұлақ сылдыры естіледі. Әл-қуаты бітіп шаршаса да үмітке сенген жолаушы алға жылжиды. Осы бір психологиялық сәтті-өмір мен өлім тайталасып, соңында өмір жеңген арпалысты-ақын жоғары пафоста былай бейнелейді:

Болды жол! Жетті қолы,  
Қайнар құлақ тартты өзіне.  
Жұтып кәусар ауыз толы  
Сенбеді Аңғал өз көзіне.

**Қорытынды.** Автор балладаларында шешімді түйінмен қорытындылап отырады. «Бетпақдала» балладасында да соңғы-бесінші түйін-тұлпары иесін іздеп табады. Ақынның позициясы-жамандық жақсылықты жоя алмайды деген ізгілік ойды дәріптеу.

Қ.Жармағамбетов балладаларында кестелі сөз өрнектері, әсерлі айшықтаулар мен көрнекті тенеулер молынан кездеседі. «Кұшағында қою түннің», «Күн ұяға барған шақта», «Бетпақдала-бедеу дала», «Шөлі бейне берік қамал», «демі жалын аңызак жел», «асау жел», «шоршып аққан, сылдыр қаққан бұлақ», «сақ-

сақ күлген сұлу бұлақ», «кезеп қанжар қатал ажал», т.б. көркем тіркестер-ақынның тілдік қолданысындағы ажарлы жыр кестесін аңғартады.

Сөз соңында ғалым С.Мұқатовтың: «XX ғасырдың 50-60-жылдары ұлттық әдебиеттің дамуына, қазақ поэзиясының, оның ішінде баллада жанрының берік қалыптасып орнығуына елеулі үлес қосқан Қ.Жармағанбетовтің орны ерекше» деген бағасына біз де қосыламыз. [5, 5 б.]

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Нарымбетов Ә. *Дәуір және поэзия*. – Алматы: Жазушы, 1970. – 152 б.
2. Жармағанбетов Қ. *Шыңдағы шамшырақ*. / Құрастырған Б.Сахариев. – Алматы: Жазушы, 1976. – 24 б.
3. Жармағанбетов Қ. *Бетпақдала аңызы* / Қ.Жармағанбетов: Құраст. Ж.Садуақасов, К.Бекболатұлы. – Астана: Балалар әдебиеті, 2008. – 216 б.
4. Жармағанбетов Қ. *Азамат жолы*. Құрастырушылар: Ф.Қайырбеков, Н.Жармағанбетов. – Алматы: Жазушы. – 1983. – 272 б.
5. Мұқатов Н. *Қазыналы Қайнекей*. – Алматы: ҒӨПБК «GAUNAR», 2007. – 198 б., 5б.

МРНТИ 17.82.20

К.Р. Нурғали<sup>1</sup>, А.Т. Жумсакбаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
г. Нур-Султан, Казахстан

## САДОВО-ЛЕСНОЙ ТОПОС ДРАМАТУРГИИ А.П. ЧЕХОВА

### *Аннотация*

При анализе художественного пространства в современном литературоведении применяется понятие «топос». В статье рассматриваются пространственные модели мира чеховской драмы. Художественное пространство чеховских пьес обладает особой спецификой. Оно многомерно, полно скрытого движения, которое помогает постичь особенности психологической жизни героев. Особый акцент делается на анализе пьес «Вишневый сад» и «Дядя Ваня», в текстах которых легко определяются сад и лес как архетипические топосы. Детальное изучение садово-лесного топоса драматургии А.П. Чехова открывает новый взгляд на художественный мир, идеи и систему ценностей писателя.

**Ключевые слова:** топос, сад, лес, пространственное представление, мифопоэтика, А.П. Чехов, художественный мир произведения.

К.Р. Нурғали<sup>1</sup>, А.Т. Жумсакбаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

## А.П. ЧЕХОВТЫҢ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ БАҚША-ОРМАНЛЫ ТОПОСЫ

### *Аңдатпа*

Қазіргі әдебиеттанудағы көркемдік кеңістікті талдауда «топос» ұғымы қолданылады. Мақалада Чехов драмасы әлемінің кеңістіктік модельдері туралы айтылады. Чехов пьесаларының көркемдік кеңістігінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл көп өлшемді, жасырын қозғалысқа толы, кейіпкерлердің психологиялық өмірінің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Мәтінде бақ пен орман архетипиялық топос ретінде оңай анықталатын «Шие бақшасы» және «Ваня ағай» пьесаларын талдауға ерекше көңіл бөлінеді. А.П. Чехов драмалық өнердің бақ-орман топологияларын егжей-тегжейлі зерттеу. Чехов көркем әлемге, жазушының идеялары мен құндылық жүйесіне жаңа көзқарас ашады.

**Кілт сөздер:** топос, бақ, орман, кеңістіктік көрініс, мифопоэтика, А.П. Чехов, шығарманың өнер әлемі.

K.R. Nurgali<sup>1</sup> A.T. Zhumsakbayev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan city, Kazakhstan

## GARDEN AND FOREST TOPOS OF A.P. CHEKHOV'S DRAMATURGY

### Abstract

The concept of «topos» is used in the analysis of artistic space in the modern literary criticism. The article reviews spatial models of the world of Chekhov's drama. The artistic space of Chekhov's plays has a special nature. It is multidimensional, full of hidden movements, what helps to comprehend the features of the characters' psychological life. Particular emphasis is placed on the analysis of the plays «The Cherry Orchard» and «Uncle Vanya», in the texts of which the garden and the forest are easily defined as archetypical topos. The detailed study of the garden and forest topos of A.P. Chekhov's dramaturgy opens a new view on the artistic world, ideas and system of values of the writer.

**Key words:** topos, garden, forest, spatial representation, mythopoetics, A.P. Chekhov, the artistic world of the work.

### Введение.

Топос – одно из важнейших понятий в литературоведении, так как является неотъемлемой частью поэтического мира художественного произведения.

На сегодняшний день в литературоведческой науке выделяют два основных значения понятия «топос». В широком понимании, это «общее место», набор устойчивых речевых формул, а также общих проблем и сюжетов, характерных для национальной литературы. В узком понимании, топос – это значимое для художественного текста «место разворачивания смыслов», которое может коррелировать с каким-либо фрагментом реального пространства, как правило, открытым [1, 89].

В пьесах А.П. Чехова заметны особые пространственные модели мира. В чеховедении подробно изучается пространственная структура творчества писателя, а также есть попытки систематизировать парадигматику чеховского пространственного мира.

События многих пьес А.П. Чехова развиваются в усадьбе. Усадьба – это не просто место, а примета русской жизни XIX столетия, важный элемент культуры того времени, символизирующий традиции, стабильность и благосостояние.

Особое место в чеховской драматургии занимает сад. О важности садового топоса пишет литературовед Е.В. Сахарова: «В первую очередь, это богатый культурный топос, несущий многовековые традиции и представления. Но это и бытовое пространство, отражающее уклад жизни русского человека, реальную жизнь в ее комическом и драматическом воплощении» [2, 14].

Являясь постоянным атрибутом усадьбы, сад стал не просто местом людских драм. У Чехова он превратился в нечто большее. М.П. Громов утверждает: «Слово «сад» у Чехова (как, впрочем, и в нашем языке и, наверное, во всех языках мира) символизирует работу, движение, долгую мирную жизнь, идущую от прадедов к правнукам» [3, 322].

Собственно сад ярко представлен только в последней пьесе А.П. Чехова. С.А. Комаров и К.С. Шелемеха пишут так: «В комедии «Вишневый сад», написанной в 1903 г., сад становится центральным образом и даже лексически выносится в заголовок. Это не просто символ, пронизывающий всю ткань комедии, а центр повествования, объект столкновения интересов, мечтаний, чаяний героев» [4, 130]. Однако и в других чеховских пьесах тоже присутствует этот пространственный образ. Например, первое действие пьесы «Иванов» происходит в саду, в ремарке идет подробное описание места.

### Основная часть.

Образ сада изначально мифологичен. Ведь Эдем – это райский идилический сад, первое идеальное место пребывания человека, созданное Богом. Поэтому многие исследователи (например, М.О. Горячева, Д.С. Лихачев, Г.И. Тamarли, О.Т. Могильный и т.д.) ассоциируют чеховский вишневый сад с райским садом (Эдемом). Венгерский ученый Золтан Хайнади в своей работе «Архетипический топос» развивает эту мысль: «В пьесе Чехова вишневый сад является локусом памяти прообраза Эдема. В мифопоэтическом толковании вишневый сад – сад Рая, органическая форма совместного сосуществования Бога и человека, равновесие природы и культуры. Однако на социокультурном фоне там присутствует вся Россия со своей барской культурой, вымирающими дворянскими гнездами, с превратившимся в миф потерянным раем» [5, 8].

«Следы» райского сада встречаются в пьесе несколько раз. Например, возьмем эпизод из первого действия пьесы:

**Любовь Андреевна** (*глядит в окно на сад*). О мое детство, чистота моя! В этой детской я спала, глядела отсюда на сад, счастье просыпалось вместе со мною каждое утро, и тогда он был точно таким, ничто не изменилось. (*Смеется от радости.*) Весь, весь белый! О сад мой! После темной ненастной осени и холодной зимы опять ты молод, полон счастья, ангелы небесные не покинули тебя... Если бы снять с груди и с плеч моих тяжелый камень, если бы я могла забыть мое прошлое!

**Гаев.** Да и сад продадут за долги, как это ни странно...

**Любовь Андреевна.** Посмотрите, покойная мама идет по саду... в белом платье! (*Смеется от радости.*) Это она [6, 460].

Данный фрагмент пьесы насыщен элементами христианской тематики. Во-первых, воспоминания Раневской о детстве и чистоте можно напрямую связать со временем детства человечества, когда предки еще жили в райском саду. Во-вторых, «тяжелый камень» – это тема греха. В-третьих, продажа сада за долги – тема изгнания из райского сада за грехи. И, в-четвертых, Раневской видится мать, идущая по саду – это отсылка к образу дерева-матери.

Современники А.П. Чехова сомневались в реальности существования сада, его материальности. Литературоведы С.А. Комаров и К.С. Шелемеха пишут: «Отметим также, что действие разворачивается не непосредственно в саду, а в доме, т. е. герои смотрят на сад неизменно со стороны. В пьесе встречается два плана: первый – из окна на улицу, второй – со стороны дороги. Отсутствие действия непосредственно в саду придает ему некую бестелесность, нематериальность. Это прослеживается и в речи героев, для которых сад – это только воспоминания».

И.А. Бунин критиковал и отрицал «Вишневый сад»: «...Вопреки Чехову, нигде не было в России садов сплошь вишневых: в помещичьих садах бывали только части садов, иногда даже очень пространные, где росли вишни, и нигде эти части не могли быть, опять-таки вопреки Чехову, как раз возле господского дома, и ничего чудесного не было и нет в вишневых деревьях, совсем некрасивых, как известно, корявых, с мелкой листвой, с мелкими цветочками в пору цветения (вовсе не похожими на то, что так крупно, роскошно цветет как раз под самыми окнами господского дома в Художественном театре)» [7, с. 89].

Не всем было ясно, что вишневый сад в этой пьесе – это не просто декорация, а, прежде всего, олицетворение ценности и смысла жизни на земле. В работе «Топос «Сад» как пространственная доминанта в произведениях А.П. Чехова 1890-1900-х годов» ученые приходят к следующему выводу: «Однако вишневый, монокультурный, не фруктовый сад – скорее результат знания устройства традиционного усадебного сада и максимальный способ отойти от него, вернуться к первооснове – саду райскому, ставшему прообразом всех садово-парковых комплексов. Подтверждением этому служит создание образа вишневого сада в контексте христианской традиции» [4, 131].

В чеховской пьесе «Вишневый сад» присутствуют не только христианские, но и фольклорные мотивы: «В фольклоре мотив напрасного цветения встречается очень часто. «Пустоцветами» называли девушек, не вышедших вовремя замуж, или бездетных женщин, в сборнике песен И.И. Дмитриева напрасное цветение и увядание фиксируется как символ несбывшихся планов или недостатка вдохновения» [4, 133]. Таким «пустоцветом» стала Варя, управляющая имением, которая так и не дождалась предложения от Лопехина. Девушке всего 24 года, но ее поведение, внешность, образ жизни не дают читателю возможности представить Варю молодой и энергичной. Она больше уставшая от проблем женщина, чем девушка в расцвете лет. Несмотря на все усилия, удержать хозяйство разрушающегося имения ей не удастся. Вишневый сад продается из-за долгов.

Вишневый сад тоже цветет напрасно – его вырубают. Во-первых, вишня родится раз в два года, но и ту никто не покупает, во-вторых, сад спасти никто не может. Однако уничтожение вишневого сада означает не только гибель, но и воскресение. Чеховский сад – это место, олицетворяющее вечный круговорот жизни и смерти. Например, это хорошо показано в сцене прощания:

**Аня:** Прощай, дом! Прощай, старая жизнь!

**Трофимов:** Здравствуй, новая жизнь!.. (*Уходит с Аней.*)

*Варя окидывает взглядом комнату и не спеша уходит. Уходят Яша и Шарлотта с собачкой.*

**Лопехин.** Значит, до весны. Выходите, господа... До свиданья!.. (*Уходит.*) [6, 460].

В.В. Кондратьева, М.Ч. Ларионова отмечают амбивалентный характер топоса «сад»: «Сад – это часть домашнего пространства, но уже не дом. Это очень хорошо понимала уже сказка, где многие

судьбоносные события, в том числе контакты с «иными» силами, происходят в саду. Сад, таким образом, оказывается промежуточным пространством, которое существует на границе миров. Оно еще свое, но уже не полностью. Вспомним, что в традиции народной культуры враждебность мира по отношению к человеку нарастает по мере удаления от жилой части дома. Двойственность, переходность, пограничность характерны для сада» [8, 114].

Таким образом, в последней пьесе А.П. Чехова символика сада оплетает все уровни текста, в нём, как в фокусе, сгущены сущность и смысл жизни. С.П. Батракова справедливо замечает: «Чеховская «философия сада» жива не головной, расчетливой символикой, а интуитивными, нечаянными прозрениями древних и вечных истин, принесенных сквозь века человеческой памятью» [9, 50]. В.А. Кошелева развивает эту мысль: «Словом, мифология сада приобретает в последней комедии Чехова новые, не свойственные ей в русской поэзии черты. «Недействительной» предстаёт и мифология «вишенника». Именно это разрушение привычной для русской поэзии мифологии придаёт чеховскому произведению очень своеобразный «литературный подтекст». А этот литературный пласт, в свою очередь, создаёт определённую водевиля, фарса, смешной комедии, которые оказываются почти незаметны вне подобного прочтения» [10].

Топосу сада часто противопоставляют топос леса. Окультуренная растительность, огороженная со всех сторон, против дикой, неподвластной человеку стихии; цивилизация против природы. Однако у А.П. Чехова сад и лес имеют общую функцию. Они выступают вместе как индикаторы человеческого состояния. Чеховед М.П. Громов в своей книге пишет: «Леса, сады и деревья у Чехова – это меньше всего декорация, на фоне которой развиваются сюжеты и длится жизнь персонажей. Знаменитая карта доктора Астрова – это «пейзаж души», поскольку опустошение лесов и чащоб, садов, родников – метафора душевного опустошения» [3, 320].

Лес в чеховских пьесах встречается реже, чем сад, но тоже занимает особую нишу в пространственной модели мира писателя. Например, это можно увидеть в ремарке к четвертому акту чеховской драмы «**Три сестры**»: «Длинная еловая аллея, в конце которой видна река. На той стороне реки – лес» [6, 435].

Согласно В.Я. Проппу, лес – это «вход в царство мертвых» [11, 56-58]. Другими словами, лес отделяет свой мир от чужого. В роще будет застрелен на дуэли барон Тузенбах, то есть произойдет ритуальное убийство и переход в загробный мир. Таким образом, лес логически завершают мифологизацию усадебного пространства, до конца реализуют его символическое значение переходности и пограничности.

Важное место занимает лес в пьесе «**Дядя Ваня**», написанной в 1896 году. Наглядно это демонстрирует монолог Астрова из первого действия: «Ты можешь топить печи торфом, а сараи строить из камня. Ну, я допускаю, руби леса из нужды, но зачем истреблять их? Русские леса трещат под топором, гибнут миллиарды деревьев, опустошаются жилища зверей и птиц, мелеют и сохнут реки, исчезают безвозвратно чудные пейзажи, и всё оттого, что у ленивого человека не хватает смысла нагнуться и поднять с земли топлива. (Елене Андреевне.) Не правда ли, сударыня? Надо быть безрассудным варваром, чтобы жечь в своей печке эту красоту, разрушать то, чего мы не можем создать. Человек одарен разумом и творческой силой, чтобы преумножать то, что ему дано, но до сих пор он не творил, а разрушал. Лесов все меньше и меньше, реки сохнут, дичь перевелась, климат испорчен, и с каждым днем земля становится все беднее и безобразнее. (Войничкому.) Вот ты глядишь на меня с иронией, и все, что я говорю, тебе кажется не серьезным и... и, быть может, это в самом деле чудачество, но, когда я прохожу мимо крестьянских лесов, которые я спас от порубки, или когда я слышу, как шумит мой молодой лес, посаженный моими руками, я сознаю, что климат немножко и в моей власти, и что если через тысячу лет человек будет счастлив, то в этом немножко буду виноват и я. Когда я сажаю березку и потом вижу, как она зеленеет и качается от ветра, душа моя наполняется гордостью, и я...» [6, 366]

Данная пьеса возникла в результате коренной переработки комедии «**Леший**». Леший в славянской мифологии является хранителем леса. Этим самым хранителем (лешим) выступает доктор Астров, который не находит понимания и поддержки в борьбе с обезлесением. М.П. Громов замечает: «Леса и деревья в художественном мире Чехова находятся в сюжетном конфликте с людьми и олицетворяют собою гибнущую бессмысленно и бесполезно красоту мира...» [3, 320].



### **Выводы.**

Таким образом, в пьесах «Вишневый сад» и «Дядя Ваня» мы наблюдаем одну общую картину – картину уничтожения. Вырубка вишневого сада и постепенное уничтожение леса являются своеобразными показателями трагизма происходящего.

Если рассматривать драматургию А.П. Чехова через мифопоэтический контекст, то можно проследить модель мира, имеющую устойчивое структурное оформление. Универсальные образы мифопоэтической картины мира отражают самобытность поэтического мира художника.

М.П. Громов пишет: «Страницы и строки о лесах, цветах и деревьях едва ли не самые совершенные у Чехова, и каждая из них воспринимается как явление природы, как особое благозвучное цветение языка, полное содержание и смысла» [3, 321].

М.О. Ауэзов называл Чехова «художником-импрессионистом» [12, 32]. Писатель всегда высоко ценил человеческую субъективность, многообразие и глубину человеческого восприятия. Чтобы показать это, он обращается к христианским, фольклорным мотивам, творчески перерабатывает современные исторические аспекты садово-лесной культуры.

Другими словами, сад и лес занимают одно из главнейших мест в системе чеховского пространственного мира.

### *Список использованной литературы*

1. Прокофьева В.Ю. Категория пространства в художественном преломлении: локусы и топосы // Вестник ОГУ. – 2004. – № 11. – С. 87-91.
2. Сахарова Е.В. Садово-парковый топос «Повестей Белкина» А.С. Пушкина в контексте развития русской повести первой трети XIX в. // Вестник ТГУ. – 2007. – № 3. – С. 11-14
3. Громов М.П. Книга о Чехове. – М.: Современник, 1989. – 384 с.
4. Комаров С.А., Шелемеха К.С. Топос «Сад» как пространственная доминанта в произведениях А.П. Чехова 1890-1900-х годов // Вестник ТюмГУ. Гуманитарные исследования. – 2018. – Том 4. – № 2. – С. 124-138.
5. Хайнади З. Архетипический топос // Литература. – 2004. - № 29. – С. 7-13
6. Чехов А.П. Полное собрание пьес в одном томе. – М.: Альфа-книга, 2017. – 797 с.
7. Бунин И.С. Под серпом и молотом: сборник рассказов и воспоминаний. – М.: Директ-Медиа, 2016. – 276 с.
8. Кондратьева В.В., Ларионова М.Ч. Художественное пространство в пьесах А.П. Чехова 1890-х – 1900-х гг.: мифопоэтические модели. – Ростов-на-Дону, 2012: Foundation – 208 с.
9. Батракова С.П. Чеховский сад («Черный монах» и «Вишневый сад») // Чеховиана: Мелиховские труды и дни. – М.: Наука, 1995. – С. 44–52.
10. Кошелев В.А. Мифология «сада» в последней комедии Чехова // Москва: Портал «О литературе», LITERARY.RU. Дата обновления: 19 февраля 2008. URL: <http://literary.ru/literary.ru/readme.php?subaction=showfull&id=1203426758&archive=1203491298> (дата обращения: 29.07.2019).
11. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1986. – 368 с.
12. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – 17-том: Мақалалар, аудармалар. 1936-1944. – Алматы: Жібек жолы, 2014. – 376 с.

МРНТИ 17.07.31

А.Н. Нұрланова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан-Американдық еркін университеті  
Өскемен қ., Қазақстан

## ШӘКӘРІМ ШЫҒАРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы ұлттық рух ХХІ ғасыр көзқарасы арқылы сипатталады. Жиырманшы ғасыр басында қазақ қауымының рухани дүниесіне, қоғамдық көзқарасына, әдебиетіне өркениет жаңғырығын әкелген қазақтың зиялы тұлғалардың бірі – Шәкәрім ақын. Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығы – өте күрделі құбылыс. Ақын еңбектері, соның ішінде дастандары – өмір мен қоғамның қыр – сырын сала-сала етіп мазмұндық баяндауда да, сол мазмұнға философиялық мән беруде де, мазмұн мен ой бірлігін көркемдік тұрғыда өрнектеуде де көп жүйелі, терең мағыналы туындылар. Автор қазақ халқының ұлттық рухы тұрғысында пайымдау жасағанда, ең алдымен өзіміздің ұлт зиялыларының осы мәселе тұрғысындағы ой, пайымдарына сүйенуді, тарихтан тағылым алуды ұсынады. Сондай-ақ, ақынның өлеңдері, шежіресі және поэмаларына әдеби-теориялық талдау жасай отырып, рухани жаңғыру, өркендеу, жанаруды, ұлттық рухты өткеннен іздеуге шақырады.

**Кілт сөздер:** ұлттық рух, рухани жаңғыру, Шәкәрім шығармашылығы, қазақ руханияты, Шәкәрім поэмалары.

A.N. Nurlanova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh American Free University, UstKamenogorsk, Kazakhstan

## THE NATIONAL SPIRIT IN THE SHAKARIM'S WORKS

*Abstract*

This article considers the reflection of the national spirit in the ShakarimKudaiberdiev 's works from the point of view of the XXI century. Shakarim is a representative of the Kazakh intelligentsia of the early twentieth century, who made a huge contribution to the development of social outlook, spiritual life, literature of the modern time of the Kazakh people. The life and work of Shakarim is a complex phenomenon. His works, especially poems, reflect various aspects of life and society of the Kazakh people in terms of his philosophy, describing the unity of content and thought. The author analyzes the concept of “national spirit”, paying attention to the role of the intelligentsia in the formation of national identity. Also on the basis of philological studies of Shakarim's works, the author calls the attention of researchers to the issues of spiritual modernization, clearly expressed in the history of Kazakh literature.

**Keywords:** National spirit, spiritual modernization, Shakarim's works, Kazakh spirituality, Shakarim's poems.

А.Н. Нұрланова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

## НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШАКАРИМА

*Аннотация*

В данной статье рассматривается отображение национального духа в произведениях Шакарима Кудайбердиева с точки зрения ХХІ века. Шакарим – представитель казахской интеллигенции начала двадцатого века, внесший огромный вклад в развитие общественного мировоззрения, духовной жизни, литературы нового времени казахского народа. Жизнь и творчество Шакарима – сложное явление. Его произведения, особенно поэмы, отображают различные аспекты жизни и общества казахского народа с точки зрения своей философии, описывая единство содержания и мысли. Автор анализирует понятие “национальный дух”, обращая внимание на роль интеллигенции в формировании национальной идентичности. Также на основании филологических исследований произведений Шакарима автор

призывает обратить внимание исследователей на вопросы духовной модернизации, ярко выраженные в истории казахской литературы.

**Ключевые слова:** национальный дух, духовная модернизация, произведения Шакарима, казахская духовность, поэмы Шакарима.

**Кіріспе.** Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев “Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру” атты мақаласында: “Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс... Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды”, - деп ұлттық рухтың қоғам жаңғыруы жолындағы маңызын көрсетті [1, 2].

Бүгінгі күні біздің сөздік қорымыздағы “жаһандану” деген сөздер ақжем болып, байыбына бармай ұрандата беретін ұғымдарға айналып барады. Шындығына келгенде, бұл ұғымдар бүкіл елдің саяси бағытын, болашаққа көзқарасын, ұстанымын көрсетеді. Ия, жаһандану – әлемдік ғылыми-техникалық жетістіктерге жетелейтін көпір, дүниежүзілік ғылым мен өндіріске бастайтын төте жол. Десе де, басқа ұлттың даму үлгісінің бәрін көшіріп ала беру, өз халқымыздың ұлттық бейнемізден айырылуға әкеліп соғары анық. Қазақ ұлтының ұлттық рухы тұрғысынан пайымдау жасағанда, ең алдымен өзіміздің ұлт зиялыларының осы мәселе тұрғысындағы ой, пайымдарына сүйенуіміз қажет.

Сонымен, ұлттық рух дегеніміз не? Философтар оған: “Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршендік күш-қуаты... Ұлттық рухтың көрініс беруі ұлт өкілдерінің көркем шығармашылығынан, халық даналығынан, ғасырлар бойы сабақтастығын үзбеген рухани мұраларынан көрінеді”, - деп анықтама береді [2, 680].

Ендеше, біз ұлттық рухты, ұлттың рухын алыстан емес, өз тарихымыздан, әдебиетіміз бен мәдениетімізден іздейік. Өйткені, ұлттық рух тілде, мәдениет және әдебиетте сақталады. Тарихтың талай-талай талқысына түскен, сан ғасырлардың соқтықпалы – соқпақсыз, сүренсіз сүрлеуінің соққысын көрген халқымыз бүгінгі тәуелсіздік таңында өткен дәуірлердің сан ғасырлық жолынан сабақ ала отырып, кемел келешекке алға басуда. Сол тарихпен бірге жасасып келе жатқан туған әдебиетіміз көптеген көне сырларды бойына бүгіп жатқаны белгілі.

**Әдістеме.** Көшелі жұртының керегелі әдебиетін кемелдендіруде кемеңгер Абай өз замандастары ғана емес, тау сілеміндей мол талай – талай таланттың көзін аршыған бастау бола білді. Абай – қазақ әдебиетін, қазақ өркениетін жаңа биікке, басқа белеске көтеріп қана қойған жоқ, оның мол тағылымы мен ізгі дәстүрі өзінен кейінгі әдебиетте мәңгілік із қалдырды десек, артық айтқандық болмас. Он тоғызыншы ғасырда Абай және оның шәкірттері қазақ әдебиетін соны сапаға көтерсе, жиырмамыншы ғасыр басында қазақ қауымының рухани дүниесі, қоғамдық көзқарасы, әдебиетіне өркениет жаңғырығын әкелген зиялы тұлғалардың бірі Шәкәрім болды.

Қазақ ойшылы Шәкәрім “рух дегеніміз таза ақыл” деген. Ол “рух деген дінсіз таза ақыл, мінсіздің ісі шын мақұл. Нәпсі дер рухсыз жандарды” деп ұлттық рухты мінсіздік арқылы ұғындырды.

Қазақ жақсысын ”ұлтшыл” деген айыппен қырып, халық санасына үрей сіңірген Кеңестік реформалар Шәкәрім Құдайбердіұлының есімін ел санасынан өшіруге тырысты. Ақын мүрдесі Құрқұдықта 30 жыл іздеусіз жатса, оның шығармаларының халық игілігіне айналуына елу жеті жыл керек болды.

Шәкәрім ХХ ғасыр басында ұлт зиялыларының қатарынан табылды. II жалпықазақ съезіне қатысып, 1918 жылы Алашорда басшыларының шақыртуымен Семей қаласына келіп, Алаш соты ретінде билік айтқан. Алаш азаматтарының Шәкәрімді Алаш үкіметі құрамына қызметіне шақыруы кездейсоқтық балмас әкерек.

Ақын өзі пайымдаған тарих тағылымын келер ұрпаққа қазақы рух арқылы жеткізуге саналы түрде барады.

“Атадан қалған ақ сауыт”, - атты өлеңінде :

Атадан қалған ақ сауыт

Арамға әбден былғанды [3, 40], - деп ата-бабаның бізге үлбіретіп жеткізген туражолынан аттамауға шақырады.

Тасбиықты тастап тас алып,

Сәлде аяққа шұлғанды [3, 40], - деп ақынның жүрегі аласұрады.

Ол “Қазағым”, “Қазақ”, “Тағы сорлы қазақ”, “Партия адамдары”, “Бостандық туы жарқырап”, “Бостандық таңы атты” деген өлеңдерінде отаршылдық қасіретін тартқан халқына жанашыр ретінде көрінеді.

Әдетте Шәкәрім поэзиясына көз жібергенде оның өлеңдерінде “қазақ” деген сөздің жиі кездесетіні байқалады. Десе де, Абай тәрізді Шәкәрім де өз халқының мақсат-мұратын бүкіл адамзат арманынан бөлек алып қарамайды. “Ойласаң, барша адамзат- туған бауыр” деп ұққан ақын өзінің “Анадан алғаш туғанда” атты толы өлеңінде “Өзімшіл болма, көпті ардақта, адамның бәрі – өз халқын” деп туған жұртына өнеге ұсынады.

Сонымен, ұлттық рухы биік ұрпақ тәрбиелеу үшін тарих тағылымын жас ұрпақ бойына сіңіру қажеттігін ұғынған ақын:

Жоба тап,  
Жол көрсет,  
Келешек қамы үшін.  
Қайтадан қайрылып  
Қауымға келмейсің.  
Барыңды,  
Нәріңді  
Тірлікте бергейсің.  
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –  
Шын бақыт,  
Осыны ұқ,  
Мәңгілік өлмейсің! – дейді [3, 78].

Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ руханиятына сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Ол өз шежіресінде қазақтың арғы-бергі тарихын түгендеп, бір әулеттің емес, бүтін бір елдің, кең байтақ далаға иелік жасап отырған жұрттың шежіресін жазып шықты.

Шәкәрім шежіресі қазақ кім және қайдан шыққан деген сұраққа жауап ретінде қарастырылғандай, ол қазақ көк түріктерден бері кең байтақ даланы билеп келе жатқан хандықтар құрамындағы ұлыстан екенін дәлелдеді. Шәкәрімнің “Шежіресі” «тек қазақ тарихының баяны емес, сонымен бірге ол ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың түп-қазығы және жаршысы» деген баға өте орынды [4, 154]. Ақын шежіресі арқылы бүгінгі ұрпақ өзінің тектілігін, өн бойында сан ғасырлық тарихты жасаған ұлы бабалардың қаны ойнап жатқандығын дәлелдей алады.

**Нәтижелер.** Шәкәрім шығармаларында қазақ халқының ғасырлар бойғы тарихының шоқтықты – шоқтықты белестері белгілі мөлшерде көрініс береді. Соның бір дәлелі - поэмалары.

“Еңлік-Кебек” поэмасында, көшпенділердің канондары бойынша, Еңлік пен Кебек ата заңын аяққа таптаған кінәлі бейбақтар. Еңліктің айттырып қойған қайын жұрты бар. Кебек болса, біреудің жесірін алып қашып, намысын аяққа таптады.

Осы кұқықтың сақталуын көзінің қарашығындай қорғау Кеңгірбай сияқты билердің міндеті болған. Қазақ қашан да ел тұтқасы ханмен қатар оның ұйытқысы бидің, жыраудың есімін қатар қойып отырған.

Айталық, Білге қаған – Тоныкөк, Жәнібек хан – Асан қайғы, Абылайхан – Бұқар жырау... Бұл тізім ары қарай жалғаса береді.

Зерттеуші Н.Төрәқұл өзінің “Даланың дара ділмарлары” еңбегінде бидің шешендік сөздерін келтіре отырып, Кеңгірбайдың өз руы ғана емес, тұтас қазаққа танымал, елді біріктіріп, сыртқы жауға қарсы күреске жұмылдырған тұлға екендігі жайлы айтады. Бодандыққа бағынғысы келмеген Кеңгірбай Семей оязының бұйрығымен тұтқынға да түсіп және одан өзінің шешендігі, алғырлығы, тапқырлығы мен айласы арқасында босанып шыққан екен (Н.Төрәқұл, 2001:236-238).

Алпыс жыл бойы танбай ел басқарған Қабекең қасиетті Шыңғыс топырағын қалың орман тобықтысына құтты қоныс, ұрпағына мұра ету үшін қатал қайрат, тайынбайтын табандылық танытқан.

“Би өмір сүрген кезеңде қазақ жеріне ақ патшаның отаршылдық саясатының көлеңкесі түскен тұс болатын. Кеңгірбай бұл жағдайда да көрегендік танытып, елді тәуелсіз ұстауға тырысады” [5, 113]. Осылайша, елдің тәуелсіздігінің қазақтың биі, батыры, ақыны арқалап келген.

“Кеңгірбай бидің қарақан басының қамы емес, бүкіл елдің бүтіндігін ойлаған адам болғаны туралы айғақты мысалдар бар. Тіпті билікті мұраға қалдырғанда өз баласына бермей, ел алдында адалдық жолын ұстанады” [5, 115].

Кеңгірбай бидің әдебиеттегі образы “Еңлік-Кебек” сюжетіне жазылған шығармалармен байланысты. Осы оқиғаға қатысты жазылған туындылардың қайсысын алсақ та, екі жастың өліміне себепкер болған басты тұлға – Кеңгірбай би.

Шәкәрімнің “Еңлік-Кебегіндегі” Кеңгірбай қанішер емес, кешегі өткен қабырғалы билердің дәстүрін жалғастырушы шешен, ел тұтқасы.

Ия. Еңлік пен Кебектің өліміне себепші болған – Кеңгірбайдың билігі. Бірақ Кеңгірбай бас-көзсіз өлтірте салған жоқ. Автор бидің Еңлік пен Кебекті жас баласымен Ақшоқының басына шығып тергеу қылғанын айтады. Яғни, бұл шешім тек Кеңгірбайдан шығып жатқан жоқ, көптің талқысына түскен шешім. Кеңгірбай үшін таразының бір басында өмірдің дәмін әлі тұшынат атып болмаған өрімдей екі жас тұрса, екінші жағында – қаптаған қалың елі.

Шәкәрімнің “Еңлік-Кебегінде” кінәлі Кеңгірбай емес, трагедиялық үкім де Кеңгірбайлық емес, оны итермелеген салт пен сананың, тарих тудырған жағдайлардың үкімі. Қоғамы мен заманының алдында құдыретті би Кеңгірбай да шарасыз. Кеңгірбайға керегі ел бүтіндігі. Ол қара қауым тобықтысы үшін Еңлік пен Кебекті де аяуға құқы жоқ.

Кеңгірбай үшін таразының бір басында өмірдің дәмін әлі тұшынататып болмаған өрімдей екі жас тұрса, екінші жағында – қаптаған қалың елі. Егер қыршын кеткен екі ғашыққа деген аяушылық сезімді жауып қойып, мәселеге Кеңгірбай көзімен қарасақ, Еңлік пен Кебекке ел арасындағы алты бақан алауыздықты ушықтырып отыр. Би Еңлік пен Кебекті өлімге байларда толқыныссыз, толғақсыз шешім шығарды. Себебі, Кеңгірбай үшін Кебекті азапты өлімге байлаудан басқа жол жоқ. Кеңгірбай кесімін поэма барысында ақынның өзі “Найман тымкөп, Тобықты аз, Арғын алыс” деп ақтап берсе де, қазалы үкімді Кеңгірбай бидің аузымен шығартып, Еңлік пен Кебектің қаны оның мойнына жүктелгенін жасырмайды. Ол кездің түсінігіндегі би – ру ішіндегі абсолютті билік иесі, оның қолындағы құдіреттің шексіздігі соншалықты, тіпті өлім жазасына да кесе алады.

Шәкәрімнің “Еңлік-Кебегінде” кінәлі Кеңгірбай емес, трагедиялық үкім де Кеңгірбайлық емес, оны итермелеген салт пен сананың, тарих тудырған жағдайлардың үкімі. Қоғамы мен заманының алдында құдыретті би Кеңгірбай да шарасыз.

Сонымен, Шәкәрім поэмасында құрбан болған жандар екеу емес, үшеу. Еңлік пен Кебектің қатарына оларды өлтіруге мәжбүр болып, сол арқылы екі адамның қанын мойнына жүктеп, тарих пен қоғамның, салт пен әлеуметтің құрбанына айналған Кеңгірбай би қосылады. Кеңгірбайға керегі ел бүтіндігі. Ол қара қауым тобықтысы үшін Еңлік пен Кебекті де аяуға құқы жоқ.

“Қалқаман-Мамыр” поэмасын алайық. Адамның сезімінен сананың бұйрығы күшті болып тұрғанда адамды хайуаннан аластап тұратын ізгі сезім – махаббаттары, бірін – бірі сүйгені үшін құрбан болған Қалқаман мен Мамырдың алдындағы бірден-бір кедергі – араға жеті ата салмай қыз алыспайтын ата салт. Көкенайдың да арқаланатыны сол қазақ арасына қатаң заң болып сіңіп қалған мықты салт. Оған жалғыз перзенті оққа байланып тұрса да, өз ортасына ықпалды Мамырдың әкесі де қарсы шыға алмайды. Өйткені, халықтық түсінік бойынша Көкенайдың қылығы – әділ жол да, Қалқаман мен Мамыр сол әділ жолдан тайқыған салт бұзушылар. Қалқаманды ел-жұрты еріксіз оққа байлады. Ру басыларының шешкен бітімдері осы болды. Әйтпесе, елдің арасына жік түспек.

Халқына үлгі айтқан, ел бірлігінің туын ұстаған Әнет баба сана мен салттың бірлік табуына, салттың кейбір қатал жолдарын адамгершілік жөнімен шешуге ұмтылады. Ғалым Б.Әбдіғазиев: “Қалқаман - Мамырдағы” қай кейіпкердің іс-әрекеті болсын дастанда өзі ғұмыр кешкен уақыт пен кеңістіктің сипатын, өз заманына сай психологиядан, салт-саналық қағидалардан өрбіп жатады”, - дейді [7, 49].

**Талқылау.** Қазақ үш жүз, қырық тарам руға бөлінсе де, ру-ру болып шекісіп, кекті қақтығыс пен шайқас соғысқа бармаған халық. Ары кетсе барымта жасалады, бас жарылады. Жер дауы, жесір дауы болып жатады. Оны да би мен би беттесіп, ақсақал мен ақсақал ақылдасып, өзара ортақ шешімін тапқан. Олар кімдер? Олар Кеңгірбай, Әнет баба сияқты елдің арасынан шыққан көшбасшылар.

Әнет баба - халық ақылшысы, ел қамын жейтін данағөй, өз еліндегі көпшілік мүддесін әділет, жақсылық жолымен шешуге тырысады. Ол – халықтың басындағы қуаныш – күйініштің бәрін арқалаған жиынтық бейне. Халық трагедиясы – оның басындағы трагедия.

Ел іші тыныштығын ойлап, соның ыңғайына қарай бітім табу жолы – Әнет бабаң сияқты ел ақсақалының да басты мүддесі. Қазақтың жері қандай ұлан байтақ болса, сол жерді қорғау үшін қазақтың табиғаты сияқты аязы мен аптабы, нөсері мен бораны қатар жүретін соншалықты қатал, қатты мінез керек те шығар. Оның үстіне, халқымызды тарихтың толқыны да аса әлпештей қойған жоқ. Ғасырлар белестерінде белең алған аласапыран оқиғалар кең далада көшіп-қонып жүрген елді бекемдікке бейімдеді.

Халқымыздың қағазға түспесе де, халықтың жадында, елдің көкейінде сайрап жатқан тапжылмас заңға бергісіз сан ғасырлық салты мен дәстүрі, даланың қатаң табиғатындай қатал заңдары болған. Елдің арасын ірітпей, бүтіндікті бүлдірмей сақтап келген де сол салт. Үлкенді сыйлатып, кішіге иба көрсете отырып, тәрбие көзі болған да сол салт. Және ол салт исі қазаққа ортақ.

Батыс пен шығыстың білімін тел емген Шәкәрім – ескі мен жаңаның ұштастырушы, ескіні жаңаға жалғап, жаңаның ілгері дамуының жаршысы. Ол батыс-шығыс мәдениетінің озық үлгілерін өз ұлтына сіңіруге үнемі дәріптеуші болумен бірге, ел іші салт-дәстүрі сақталуының уағызшысы.

Біз өткен тарихымызды, көне әдебиетімізді зерттеу арқылы ел азаттығы үшін арыстандай алысқан ер тұлғалы азаматтарымызды, хандарымыз бен патшаларымызды тереңінен танып, олар туралы зерделі ой түйіп, ұрпаққа үлгі етіп, тағылым алатынымыз сөзсіз.

Кеңгірбай бидің қатал да болса, саналы саясатының арқасында қалың тобықты Шыңғыстауын мекендеп, құтты қонысқа айналдырды. Ал қасиетті Шыңғыстау бүкіл қазақтың атын әлемге танытқан Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты даналарды дүниеге келтірген. Міне, қазіргі заманның жаңа ұрпақтың Қабекене, Кеңгірбай биге берген бағасы осындай.

Сөйтіп, Шәкәрім ақын поэмаларында қазақтың қазақтығын, елдігін сақтап қалған Кеңгірбай би, Әнет баба сияқты тұлғалар екенін көрсете отырып, бүгінгі ұрпаққа тарихты танытады.

**Қорытынды.** Әлем әдебиеті тарихында Ренессанс, Қайта өрлеу дәуірі деген ұғым бар. Ренессанс сөзі бұл күндері ауыспалы мағынада “өркендеу, гүлдену, жаңару, көркею, қайта серпілу” секілді мағыналарды береді. Ренессанс дәуірінде ежелгі антикалық мәдениетке қайту, ежелгі грек-рим мәдениеті мен философиясынан үйрену көрініс тапты. Оның мәні – бұрынғы ата-бабалар көтерілген биікке қайта шығу, қайта өркендеу. Ендеше, біз рухани жаңғыру, өркендеу, жаңаруды, ұлттық рухты өткеннен іздейік, тарихтан тағылым алайық. Қазіргі жас буынды ата-бабалар айтып кеткен нәрлі көз, құнарлы ойлар арқылы тәрбиелеуде әдебиет тарихына үңіліп, сөз майданының жауыргерлері жазып кеткен дүниеге үңілу, оны зерттеу дәл бүгінгі күннің арқалап отырған жүгі, өзекті мәселесі.

Жазу-сызуы кешеуілдеп дамыған қазақтың тұнып тұрған көзі – ауыз әдебиеті бар, тәрбиенің қайнарын – мақал-мәтелдері, айтыс жырларынан табасыз. Көшпенділердің кең даласындай шексіз білім мен тағылымды найзаның ұшында, домбыраның тиегінде сақтап жеткізген бабалар мұрасы – бүгінгі ұрпақтың жол көрсетер темірқазығы болу керек. Соның айқын бір көрінісі - “Мен жетелеп өлемін, өрге қарай қазақты” деп кеткен Шәкәрім шығармашылығы. Оның поэзиясы ұлттық рухты оятатындығына бұл сөздерден артық дәлел керегі жоқ.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Назарбаев Н.Ә. *Рухани жаңғыру, болашаққа бағдар.* – Астана: Егемен Қазақстан газеті, 2017, 12 сәуір. – Б.2
2. Айбын. *Энциклопедия. Бас ред. Б.Ө.Жақып.* – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 880 б.
3. Шәкәрім. *Иманым / Шәкәрім.* - Алматы: Арыс, 2000. – 321б.
4. Жундибаева А.К., Хасенова И.К. *Шәкәрім шежіресі және Шәкәрім дәстүрі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы– 2017. – # 3(61). – Б.153-156.*
5. Төреқұл Н. *Даланың дара ділмарлары / Н.Төреқұл.* – Алматы: Қазақстан, 2001. – 592 б.
6. Нурланова А. *“Еңлік-Кебек” сюжеті әдеби және тарихи контексте / А.Нурланова.* – Өскемен: Қазақстан-Американдық еркін университеті, 2014. – 150 б.
7. Әбдіғазиев Б. *Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері / Б.Әбдіғазиев.* – Алматы: Санат, 2001. – 338 б.

МРНТИ 17.82.50

Л.В. Сафронова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая  
г. Алматы, Казахстан

## «ЭМИГРАНТСКИЕ СНЫ» КАК ТИПОЛОГИЧЕСКИЙ ТЕКСТ

*Аннотация*

Состояние э/миграции как своего рода инициационного этапа в судьбе переселенца, когда жизнь как бы начинается с нуля, типологически определяет эмигрантский текст как структуру встраивания в социальные слои нового для него общества. Это процесс протекает большей частью бессознательно, и характеризуется определенными типологическими маркерами, такими как обращение к мифологическим и фольклорным источникам, претекстам из родной и мировой культуры, стилизациям, карнавализации, пародийности и др. В этом плане сборник Ильи Липковича, Стана Липовецкого и Игоря Мандела «Морфей и Орфей. И сном и духом: сновидения очевидцев и комментарии стихотворцев» оказывается эталонным эмигрантским письмом, транслирующим архетипические конвенциональные образные системы и позволяющим пережить травматическую ситуацию еще незавершенного статусного перехода.

**Ключевые слова:** эмигрантский текст, интертекст, сон, бессознательное, инициация.

Л.В. Сафронова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## "ЭМИГРАНТ ТҮСТЕР" ТИПОЛОГИЯЛЫҚ МӘТІН РЕТІНДЕ

*Аңдатпа*

Эмиграция жағдайы қоныс аударушының тағдырында инициациялық кезең ретінде, өмірі қайта басынан басталғандай, оған жаңа қоғамдағы әлеуметтік ортаға ену құрылымы сияқты эмигранттық мәтінді типологиялық түрде анықтайды. Бұл процестің басым бөлігі бейсаналық күйде өтеді, және де мифологиялық және фольклорлық көздерге, халықтық және дүниежүзілік мәдениет претекстеріне, стильдеулерге, карнавализдеулерге, пародиялауға т.б. назар аудару сияқты белгілі типологиялық маркерлерімен сипатталады. Бұл тұрғыда Ильяс Липковичтің, Стан Липовецкийдің және Игорь Мандельдің «Морфей и Орфей. И сном и духом: сновидения очевидцев и комментарии стихотворцев» атты жинағы архитиптік конвенционалдық жағдайды жүргізуші эмигранттық хаттың эталоны және мәртебелік көшу әлі аяқталмаған травмалық жағдайы бастан кешіруге мүмкіндік беретін эталондық эмигранттық хат болып шығады.

**Ключевые слова:** эмигранттық текст, интертекст, түс, бейсаналық, инициация.

L. V. Safronova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abay Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

## "EMIGRANT DREAMS" AS A TYPOLOGICAL TEXT

*Abstract*

The state of e-migration as a kind of initiation stage in the fate of a migrant, when life starts from scratch, typologically defines the emigrant text as a structure of incorporating a new society into social layers. This process proceeds for the most part unconsciously, and is characterized by certain typological markers, such as reference to mythological and folklore sources, pretexts from native and world culture, stylizations, carnivalization, parodies, etc. In this regard, the collection of Ilya Lipkovich, Stan Lipovetsky and Igor Mandel "Morpheus and Orpheus. And sleep and spirit: witnesses 'dreams and poets' commentaries" turns out to be a reference emigrant letter broadcasting archetypal conventional figurative systems and allowing to survive the traumatic situation of an incomplete status transition.

**Key words:** emigrant text, intertext, dream, unconscious, initiation.

90-е годы XX века породили новую, четвертую волну «русской» эмиграции на Запад, еще мало отрефлектированную в культурном плане. Этот очередной исторический «пробел», загзаг, шрамообразующий слом в русской культуре, генерировал специфический текст, имеющий черты как базовой, так и уникальной эмигрантской этиологии конца XX-начала XXI века.

Состояние э/миграции как своего рода инициационного этапа в судьбе переселенца, когда жизнь как бы начинается с нуля, типологически определяет эмигрантский текст как структуру встраивания в социальные слои нового для него общества, протекающего прежде всего на бессознательном уровне: «он спал, оставивши сознание и погружившись в подсознание» [1, 95].

Неизбежная матричная архаичность в сюжете инициации эмигрантского письма (в частности, актуализация мифов, фольклорных источников<sup>2</sup>), как правило, провоцируется различными комплексами (нереализованными желаниями) и фобиями (страхами). Комплект эмигрантских неврозов (от ананкастического синдрома, замещающего разного рода страхи несостоятельности, до параноидальной мании преследования) характерологично связан с брешью в системе безопасности индивида, оказавшегося вне своего родового коллектива, отражая глубинные реликтовые форм отреагирования и внутриличностной саморегуляции в стрессовой ситуации обостренной и проблематичной конкуренто-способности.

«...в случае обсессивно-компульсивного невроза имеет место символическое повторение прошлого, блокирование течения жизни», - пишет В.П. Руднев [3, 177]. Такая нелинейная, лабиринтообразная, мифологическая модель «серии снов» Ильи Липковича, Стана Липовецкого и Игоря Манделя «Морфей и Орфей. И сном и духом: сновидения очевидцев и комментарии стихотворцев» по своей жанровой праоснове аналогична повторам в фольклорных текстах, призванных снять перманентную эмигрантскую тревожность.

Ананкастическое, архаически ритуальное (антисобытийное) сознание героев, которые записывают, анализируют и обсуждают свои сны, обусловленное страхом перед актуализирующейся в новой среде неизвестностью будущего, наполняет сборник интертекстуальной формульностью отсылок к русской и нерусской классике, список которых чрезвычайно широк: Борхес, Кафка, Набоков, Фрейд, Пелевин, апостол Павел, и, разумеется, Пушкин с Достоевским и т. д. и т.п.

Писатели-эмигранты традиционно сами себя встраивают в ранг «великих мира сего» (Довлатов, Синявский, Лимонов), пытаясь справиться с пугающей непонятностью э/мигрантского бытия, слепой судьбой, преобразуя ее в мудрое про-видение, попутно повышая свой статус пристройкой к известным литературным брендам: «Это посильнее Фауста и Гете вместе взятых...» [1, 77].

Растворенные в тексте цитаты из Державина («Я царь, я раб, я червь, я Бог» и др.), сплошная центонность, ассоциативное письмо, поэтические стилизации под гекзаметр и др. – вся эта ориентация на претексты (духовное наследие мировой культуры), выдает предзаданную авторами ретроактивность, «снятое время», как маркер еще незавершенной инициации.

Из навязчивых сновидений вырастает бред преследования, отдавание своего «Я» во власть Ужасного, капитуляция перед миром, с которым никак не получается совладать. Паранойяльный семиозис сна, повышено знаковое восприятие мира, где означающее превалирует над означаемым, везде ищет скрытые мотивы, тайные цели, особое значение, проникая и в интимные страхи героев – иллюстрируя боязнь, например, «оказаться голым на работе».

В то же время паранойяльный дискурс снов-страхов, превалирующих в сборнике (потерять кошелек, опоздать на поезд, опростоволосится перед начальством и др.), по-постмодернистски пародиен и антиутопичен, являясь карикатурным заострением и искажением социофилософских систем одинаково как покинутой родины, так и страны пребывания эмигранта - «в сердце вражеского штаба».

Эти страхи множатся в геометрической прогрессии, сочетая традиционные и новейшие варианты: не быть достаточно отлайканным на ФБ, оказаться во власти компьютеров, быть неузнанным одноклассниками и др. Ожидаемо присоединятся сюда и чувство вины перед покойными родителями, страх еврейских авторов перед фашизмом и собственным конформизмом перед властью предрержащими (Путиным и Трампом). Инициационный бред преследования, так называемая здоровая паранойяльность, по Ж. Лакану, выражает подспудную экстрактивную идентификацию героев-эмигрантов с СуперЭго, их личную Эдипову борьбу, неизбежную в плане результативности инициации [4].

Как пишет американский психоаналитик и литературовед Д. Ранкур-Лаферьер, «Что же касается более общей идеи параллелизма политических и индивидуальных репрессий, я бы сказал, что в

<sup>2</sup> Фольклорные сказки, по версии Марии-Луизы фон Франц, являются рассказами о снах [2].



русскоязычной литературе, даже издающейся в демократических странах, искажение правды или сокрытие правды под влиянием внутренней самоцензуры свидетельствует о том, как основательно советский (или экс-советский) автор усваивает первоначальный опыт внешних политических репрессий» [5, 99].

Бессознательная связь героя-эмигранта с СуперЭго (властью) – прежде всего предохранительная. Главный механизм защиты от бреда преследования – проекция зеркально отвергнутых частей личности автора-героя в текст: «Путин терпеливо смотрел в меня тоскливым бледно-голубым своим взглядом с кровавой жилкой» [1, 78]. А проекция на языке психоанализа означает, «что это не я виноват, это они виноваты». Снятие вины за незавершенную или непройденную инициацию – также важная функция эмигрантского невротического стиля.

Когда невозможно поступить как должно, выполнить предписания СуперЭго, человек попадает в психологический капкан, регрессию. Регрессии (психозу) можно противостоять, если наряду с функцией запрета в структуре личности формируется функция воображаемого, то есть представление о вариативности судьбы. Художественный вымысел как раз и существует для того, чтобы реализовать эту вариативность жизненных программ, эпистемалогическую вседозволенность, нейтрализующую невротизацию как следствие травмы эмиграции в судьбе.

У снов – такие же функции. Поэтому «Сонник» Ильи Липковича, Стана Липовецкого и Игоря Мандела, является некой эскалацией разного рода властных дискурсов и их зеркальных, бессознательных противоположных проекций (в тексте фигурируют и китайцы, и Собчак) как компенсаторного фактора в ситуации незавершенной инициации.

Герой-э/мигрант воспринимает актуальные культурные нормы в карнавальной инверсии, вплоть до полного их отрицания, которое обозначает, наоборот, начавшийся процесс их принятия. Универсальная функция карнавала - психологическая адаптации личности к социально экстремальным условиям, так как инверсия ролей приводит к психологической разрядке. Карнавализация – одические державинские мотивы в сочетании со знаменитыми рецептами выпивки и закуски Венички Ерофеева, тотальные ирония - «продавщица с признаками скоропортящейся красоты» [1, 27] и самоирония – «чтобы вы зря не выпускали поэтический пар, подставлю-ка я свое корытце» [1, 71], ерничанье Стана, стихи-комментарии Игоря Мандела в духе Дмитрия Пригова и «Ремонта Приборова» Бахыта Кенжеева и философские споры под Платона и Бродского Ильи Липковича – во всем этом и проявляется механизм адаптации эмигранта к грядущему состоянию нивелированной единицы нового социума, его негласному и неписанному социальному стандарту.

Сон, обездвижение, становится как бы метафорой временной смерти иницируемого. Пристройка к претексту мировой культуры соответствует стадильности инициации, когда иницируемый как бы отправляется в «хтоническую мертвую зону», где «встречается» с душами предков, где время останавливается и собственно совершается подготовка к статусному рывку (социализации в стране эмиграции).

Как следствие затруднительной межличностной коммуникации (одиночества, замкнутой среды общения, языкового барьера и т.д.) параллельно с временной десоциализацией у э/мигранта протекает и процесс десемантизации, преобладание плана выражения над планом содержания. Отсюда в сборнике языковая эквилибристика стихотворных комментариев, например. Но фактически это означает процесс распада «старого» языка/мышления и конструирование «нового», выражающийся в создании речевых новообразований, нередко с затрудненным для понимания смыслом: «м/орфеология», «набоколюбы и кафкофилы», «наявуино» и др. Это инициационное переназывание, «смутное воспоминание языка о его давно забытом изначальном состоянии» [6], восходящее к ситуации первотворения мира в инициационном процессе. Процесс игры в смыслообразование – это бессознательная проекция процесса социобразования, приоритетного для маргинала-эмигранта.

Детабуизация телесности, актуализация физиологии, является также свидетельством семиотической деградации сферы коммуникации в период инициации героя-э/мигранта: лейтмотивные образы сборника снов этих трех авторов – «деньги и бабы». Причем денег мало, а с бабами «не получается», так как женщина в ситуации эмиграции - трансцендентное явление, она выступает в качестве главного приза уже прошедшим инициацию. Либида карнавально связано с культурой (как желание и его ограничение), а секс - с деньгами («не допускает ли сам кошелек эротической интерпретации?») [1, 71], так как деньги на языке психоанализа обозначают нехватку любви. Кодированная сексуальная образность сна, выражает, прежде всего, претензии на повышенную конкурентноспособность э/мигранта-маргинала.

Источник всякого человеческого развития лежит в инстинкте конкуренции, являющейся изначальным двигателем коммуникации. В психоанализе установлена прямая зависимость между диалектикой преследования и гомосексуальным дискурсом, боязнью субъекта контроля над собой, фундаментальной в человеческой экзистенции, обостряющейся в инициационный период. Этот страх с сборнике снов олицетворяет образ скандально известного Эдички Лимонова.

Инициационная (как бы снова подростковая) гиперсексуальность – это и реализация универсальной мифологемы трикстера, основная характеристика которого – постоянная смена масок, повышенная приспособляемость к среде. Для э/мигрантов, социальной протоплазмы, конкретный хронотоп размыт и как бы вообще не существует. «Лиминальные существа ни здесь, ни там, ни то, ни се; они - в промежутках между положениями, предписаниями» [7, 169].

Таким образом, можно сделать вывод, что «Сонник» Ильи Липковича, Стана Липовецкого и Игоря Манделя «Морфей и Орфей. И сном и духом: сновидения очевидцев и комментарии стихотворцев» с пока еще дремлющим рассказчиком - это своего рода строительный автотеррор, филологическая строительная жертва ради целостности личности э/мигранта, позволяющая пережить травматическую ситуацию еще незавершенного статусного перехода, попытка осмыслить и интерпретировать данный процесс ради доведения его до логического конца. Не случайно авторы, «сообразившие этот сборник на троих», выбрали самый востребованный жанр выражения бессознательных желаний и страхов – серию снов, жанр сериала, основанного на ритуале перехода, транслирующего архетипические конвенциональные образные системы [8].

С этим замечательным постмодернистским текстом легко работать литературоведу, так как самоанализ авторами уже сделан, «сквозные темы, которые волновали на протяжении всей писательской жизни» [1, 95], определены. Это «происхождение и гибель творческого сознания», «подавление свободы», «тема ущербного автора», «тема потустороннего». А главное, как и положено во сне/бессознательном, — обнажена мотивация написания книги:

«Тут важно все, и каждый штришок  
Есть мой к бессмертию шажок...» [1, 49].

#### *Список использованной литературы*

1. Липкович И., Липовецкий С., Мандель И. *Морфей и Орфей. И сном и духом: сновидения очевидцев и комментарии стихотворцев.* – New York: Lulu.com, 2018.
2. Франц фон М.Л. *Путь сновидения / Пер. И. Ерзина и Т. Ивановой.* – М.: Клуб Касталия, 2016.
3. Руднев В.П. *Философия языка и семиотика безумия. Избранные работы. Территория будущего.* – М., 2007.
4. Лакан Ж. *Инстанция буквы в бессознательном или судьба разума после Фрейда.* – М.: Русское феноменологическое общество /Логос, 1997.
5. Ранкур-Лаферьер Д. *Русская литература и психоанализ.* – М.: Ладомир. Научно-исследовательский центр, 2004.
6. Михайлин В.Ю. *Власть, судьба, интерпретация культурных кодов.* – Саратов: Изд. СГУ, 2003.
7. Тернер В. *Символ и ритуал.* – М.: Наука, 1983.
8. Лозинская Е.В. *Литература как мышление: Когнитивное литературоведение на рубеже XX-XXI веков: Аналитический обзор.* РАН. – М.: ИНИОН. Центр гуманит. научн.-информ. исслед. Отд. Литературоведения, 2007.

МРНТИ 17.07.41

Г.Р. Сәулембек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты  
Алматы қ., Қазақстан

## ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» АРХЕТИПИ

*Аңдатпа*

Әрбір ұлт пен ұлыс өзіндік кодын жоғалтпаған жағдайда толыққанды ұлт ретінде өмір сүре алады. Қазіргі әдебиеттану ұлттық кодтың көркем шығармалардағы сипатын ғылыми тұрғыдан зерделеуге жаңа серпінмен кірісті. Осыған дейін де Ұлттың Болмысы әдебиет назарынан тыс қалмаған мәңгілік тақырып болатын. Осы орайда әдебиеттану саласы да жаһандық әдебиеттегі қазақ әдебиетінің орны мен рөлін ұлттық құндылықтар тұрғысынан қарастырудың маңыздылығына баса назар аударып отыр. Басты бағытымыз – ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға үндейтін әдеби мұраларымыздағы мәңгілік ел болу идеясын сараптап, жаңа қырынан, жаңаша зерттеу әдістерімен ғылыми-теориялық талдау нысанына айналдыру. Мақалада көне түркі ескерткіштеріндегі, жыраулар поэзиясындағы әдеби архетиптердің көріністері қарастырылады. “Жерұйықты іздеу”, “абыз қарт”, “жиһангездік” мотивтерінің ең ежелгі әдеби архетиптер ретінде әлеуметтік бөлініс, қоғамдық сананың өзгеруі нәтижесінде түрленіп отыратындығы дәлелденеді. Киелі жазбалар, Ежелгі Күлтегін, Тонькөк жазба ескерткіштері Асан қайғы, Бұхар жырау поэзиясымен салыстырылып, архетиптің өзгермелі сипатқа ие екендігін ежелгі мәтіндер мен жыраулар поэзиясы негізінде жан-жақты талдау жасай отырып, оның ерекшеліктерін анықталып, талданады.

**Кілт сөздер:** ежелгі түркі поэзиясы, жыраулар поэзиясы, архетип, конвенция, ұлттық код.

G.R. Saulembek<sup>1</sup>

<sup>1</sup>M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

## THE ARCHTYPE «ETERNAL COUNTRY» IN THE NATIONAL POETRY

*Abstract*

Every nation can live as a full-fledged nation when it does not lose its own cultural code. Modern Literary studies has given a new impetus to the scientific study of the nature of the national code in works of art. The fate of the nation has always been an eternal theme that continues from time immemorial and this is reflected in the literature. In this regard, literary criticism emphasizes the importance of considering the place and role of Kazakh literature in the world literature in terms of national values. Our main goal is to analyze the idea of becoming an eternal nation in our literary heritage, calling for the improvement of the national spirit and national consciousness, national traditions and language, the preservation of our culture to make the object of scientific and theoretical analysis with new methods of research. The article deals with the manifestations of literary archetypes in ancient Turkic monuments, Zhirau poetry. It is proved that the motives of “search of the promised land”, “elder sage”, “wanderer” as the oldest literary archetypes are transformed as a result of social division and change of public consciousness. Comparing the ancient religious and literary monuments of Kultegin, Tonikok with the poetry of Asan Kaigi, Bukhar Zhyrau, the features of the archetype are revealed with the help of a comprehensive analysis.

**Key words:** The Ancient Turkic poetry, Zhirau poetry, archetype, convention, national code.

G.R. Saulembek<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауезова, г. Алматы, Казахстан

## АРХЕТИП «ВЕЧНАЯ СТРАНА» В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЭЗИИ

*Аннотация*

Каждая нация может жить как полноценная нация, когда не теряет собственного культурного кода. Современная литературная критика придала новый импульс научному изучению природы национального кода в художественных произведениях. Судьба нации всегда была вечной темой, которая продолжается

испокон веков и это отражается в литературе. В связи с этим литературоведение подчеркивает важность рассмотрения места и роли казахской литературы в мировой литературе с точки зрения национальных ценностей. Наша главная цель — проанализировать идею становления вечной нации в нашем литературном наследии, призывающую к совершенствованию национального духа и национального самосознания, национальных традиций и языка, сохранению нашей культуры сделать объектом научно-теоретического анализа с новыми методами исследования. В статье рассматриваются проявления литературных архетипов в древнетюркских памятниках, поэзии жырау. Доказано, что мотивы “поиска земли обетованных”, “старец мудрец”, “странник” как древнейшие литературные архетипы трансформируются в результате социального разделения и изменения общественного сознания. Сравнивая древних религиозных и литературных памятников Культегин, Тоникок с поэзией Асан кайгы, Бухар жырау, выявляются особенности архетипа с помощью всестороннего анализа.

**Ключевые слова:** древнетюркская поэзия, поэзия жырау, архетип, конвенция, национальный код.

**Кіріспе.** Адамзат баласы жаралғалы оның өмірін мазмұнды етіп келе жатқан ұрпақтар сабақтастығы деген құбылыс екеніне тәңті боласың. Бұл сабақтастықтың аясы бабаларынан мирасқа қалған сыртқы материалдық құндылықтардан бөлек, ішкі рухани мұраны да қамтиды. Рухани мұра атадан балаға сөз құдіретімен, сезім лебімен дарыса, кейде бұл сабақтастық ғажап та тылсым жағдайда көрініс беріп отыратындығына куә боламыз. Бұл тылсымды жаратылыстану ғылымы генетикалық код арқылы түсіндіреді. Адам геніндегі ақпараттардың ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдануы жалпыадамзаттық және ұлттық қасиет пен құндылықтардың сақталуына кепіл болады екен. Бұл сабақтастық мәселесін әрбір ғылым саласы түрлі тұрғыдан қарастырып, өзінше ат беріп, айдар тағып, талдап зерттейді. Түйсінсек те түсінуіміз қиын бұл құбылыстарды австриялық ғалым-психоаналитик К.Г. Юнг архетиптер (түпсана) арқылы зерделеуге тырысады. К.Г. Юнг архетиптерді түрлі қырынан түсіндіре келе, оның басты сипаты ретінде адамзат баласының басынан өткерген тәжірибелерінің қайталанып отыратындығын атайды. Сонымен қатар ғалым архетиптердің жалпы адамзатқа ортақтығымен қатар оның үнемі әрекет үстінде болатындығын: “Архетип, разумеется, всегда и везде находится в действии <...> Архетип... есть динамический образ” [1., 129]. К важным чертам архетипа может быть отнесена не только его динамичность, но и его всеобщность: “Единственное, что является общим – это проявление определенных архетипов” [1, 129], – деп тұжырымдайды

Жалпыадамзаттың рухының көшіп отыратындығын дәлелдеген байыпты зерттеулерден соң, “ал ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктерінің жоғалмауына қандай дәлел бар” деген сұрақтар мазалауы анық. Осы тұста архетиптердің үнемі әрекет үстінде, даму үдерісінде болатындығын ескерсек, адам баласына ортақ архетиптердің түрлі ұлттың ділімен астасып, талайлы тағдырымен жымдасып көрініс береді деп болжам айтуға болады. Мұндай архетиптер Адам атадан бері сақталып, күні бүгінге дейін қайталанып, маңызын жоймаған құндылықтар десек те, оның әрбір ұлттың болмысындағы көрінісінде белгілі бір ұлттың коды сақталатыны белгілі.

Поэзияда түрлі тарихи кезеңге жататын шығармаларда сақталған архетиптерді және олардың өзге халықтар әдебиетіндегі көріністерін теориялық тұрғыдан талдап түсіндіруде салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланылды.

**Әдебиеттанулық талдау.** Адамның тарихи кезең мен саяси-әлеуметтік ортасына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туындаған құндылықтарды және соған сәйкес тақырыптарды әлемдегі кез-келген ұлт пен ұлысқа тән әдебиеттегі архетиптерден кездестіре алсақ, ал саналы түрде айқындалған ұлттық құндылықтарды қамтитын мәңгілік тақырыптар дәстүрлі келісілген *конвенция* арқылы көрініс табады. Код ұғымына семиотикалық тұрғыдан келсек, орыс әдебиеттанушысы И.Ильин: “Совокупность правил или ограничений, обеспечивающих функционирование речевой деятельности естественного языка или какой-либо знаковой системы: иными словами, код обеспечивает коммуникацию. Для этого он должен быть понятным для всех участников коммуникативного процесса и поэтому согласно общепринятой точке зрения носит *конвенциональный* характер” (Ильин, 2001:107), – деген анықтама береді. Яғни код тілде өрнектелген немесе қандай да бір таңбамен берілген қарым-қатынас құралы ретінде жалпыға түсінікті болуы шарт. Ал ұлттық кодтың коммуникативтік ерекшелігі жалпы ұлт санасы мен бейсанасы арқылы орныққан архетиптерді бір ұлттың бір кісідей ұғына алуында жатыр, яғни ұлттық ерекшеліктерге байланысты архетиптер конвенционалды сипатқа ие болады. Сонымен қатар әдебиеттегі архетиптер, яғни түпсана, сан ғасырлар бойғы әдебиеттің, фольклордың негізгі тінін құрайтын қайта-қайта қайталанып келетін сюжеттер, образдар және мотивтер арқылы жанданып отырады. Фольклордан бастау алып, күні бүгінге дейінгі әдебиетте жалғасын тауып отырған “жерұйықты іздеу”, “абыз қарт”, “жиһангездік” – ең

ежелгі архетиптердің бірі. Бұл архетиптерді діни мәтіндерден, түрлі халықтардың түрлі кезеңдердегі шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Бастапқыда ұжымдасып өмір кешкен адамзат қауымдасығының табиғи апаттан, жауларынан сақтап қалатын және шарушылығына қолайлы жерді іздеу мақсаты, қоғамдық сананың өсу-жетілуі барысында “мәңгілік ел болу” сынды үлкен концептке ұласты. Ал осы концепті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші басты тұлға, әдеби образ – абыз қарт, ақылман қария. Бұл образ халық шығармашылығында, мифтерінде, киелі жазбаларында түрлі нұсқада өзгеріп отырады.

“Жерұйықты іздеу”, “абыз қарт”, “жиһангездік” мотивтерінің алғашқысы ретінде әлемдегі барлық дерлік халықтың нанымына ортақ Адам ата қисасын [2, 16-30] атауға болады. Жаннаттан қуылған Адам атаның жер бетіндегі сапарын тек өзі ғана емес, ұрпағының да жаннаттық болуы үшін, Жаратушының әмірін жеткізуі жоғарыда аталған үш архетиптің алғашқы нұсқаларына жатқызуға болады. Архетиптің нұсқалану үдерісіне Мұса пайғамбардың баянынан мысал келтіруге болады. Мұндағы “жерұйық”, “жаннат” мотиві Жаратушы тарапынан “уәде етілген жерге” айналады. Енді Мен халқымды мысырлықтардың қол астынан азат ету үшін көктен түстім. Оларды сол елден алып шығып, қанахандықтар, хеттіктер, аморлықтар, перездіктер, хевтіктер мен ебустіктер мекендеген, жері шұрайлы, кең-байтақ, ағы мен балы мол елге бастап алып барамын (Киелі кітап, 2000:119). Мұса пайғамбар бұл мекенді іздеп үмбетімен қырық жыл сапар шегеді. Бұл архетиптердің арасында мезгіл-мекендік алшақтықтың болуына қарамастан қайта жандануы үдерісінің болатынының айғағы. Бұл архетиптер біздің көне жәдігерлерімізден бастап бүгінгі әдеби мұраларымызға дейін жиі қайталанып отырады.

“Күлтегін” жырының мына бір тұсына назар аударсақ: “**Өтүкен** қойнауында отырсаң, **Мәңгі елдігіңді** сақтайсың сен (Өтүкен йыш олурсар, Бенгі ел тута олуртачы сен)” (Жолдасбеков, 1990:45), – деп ер түріктің ұрпағына іргесін берік етуді аманаттап отыр емес пе?!

Тасқа қашалып, ұрпаққа аманатталған тарихи жәдігердің өзінің ғана емес, берер тағылымының да сан ғасырды көктей өтіп, көптеген туындылардың бойында қайта жандануы жалпы адам баласының геніндегі өзін-өзі сақтауға деген ақпараттың, яғни архетиптің халықтың шығармашылығында бой көрсетіп отырғандығының белгісі. Ал алмағайып қатыгез заманда өзін-өзі сақтаудың басты амалы – қорғану. Жаугершілік заманда ата-бабасының сүйегі жерленген ұлтарактай жер үшін, ата-мекені үшін күресу, сақтап қалу басты миссия болатын. Ежелгі түркі жұртында мәңгілік ел болу мұраты ғажап мекен **Ергенеконді (Өтүкен)** мекен еткен түркінің жалғыз тұяғының да кеудесінде маздап өшпегенге ұқсайды. Ғалымдар тарапынан поэзиялық туынды ретінде мойындалған бұл әдеби ескерткіштің авторы, өз дәуірінің көрнекті қоғам қайраткері, аса дарынды ақыны Иоллығ тегін. Ескерткіштегі Күлтегіннің тізеліні бүктіріп, бастыны еңкейтіп, мамыражай, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын бейбітшілік орнатуы, халқының ғажап мекенде өмір сүруі сынды мотивтер Күлтегін, Тоныкөк жырларынан бастап, *мәңгілік өмір іздеген* Қорқыт дастанында, *Жерұйықты* арман еткен Асан Қайғы жырларында да көрініс тапқан.

Мысалы:

Ел қамы үшін хан екем,  
Осы болды халық үшін,  
Көзіме сәуле көрінген.  
Мына жақта бір жер бар.  
Қыстан малы күйзелмей,  
Құба жонда жатады.  
Жақыннан шығып күндері,  
Қысы өте жайлы жер,  
Дей алмаймын сол жерде,  
Ешкі майы қатады

(Қазақстан ғылым академиясы кітапханасының қоры), – деп

Асан қайғы бабамыздың халқына құтты қоныс іздеп, **жер шолуы** Күлтегін жырымен үндесіп жатқандығы, бір қарағанда қарапайым қайталау үдерісіне ұқсағанымен, бұл қайталанулардың ежелгі әдебиетімізден бері қарай сан ғасырлық жібі үзілмей келе жатқан желілерін феномен демеске уәж жоқ. Мұндағы «жиһангездік», «жерұйықты іздеу» мотивтері айқын көрініс тапса, «абыз қарт» мотивін жыраудың жырды I жақтан баяндауынан аңғарамыз. Дегенмен, жырдың бірінші жақтан баяндалуы оның

жас ерекшелігін нақты бере алмағанымен, бұл тұста бізге ел аузындағы жыраулар туралы аңыздар көмекке келеді.

Осы орайда әдебиеттанушы Ө.Әбдиманұлының: “Күлтегін” жәдігерінің құдірет күші – оның Елдік пен Ерліктің ұлы дастаны болуында. Ол сан ғасыр бойы ұрпақ көзінен таса болғанымен, гендік жадыда жатталып, межелі мезетте жан тебіренісінің тереңінен қайнап шыққан жырлардың болмысынан талай рет бой көрсетіп, бейнелі сөздің қуатын арттырғанына еш күмән жоқ” [2, 102], – деген пікірі ойымызды қуаттай түседі. Осы орайда аталмыш архетиптер арқылы берілетін мазмұнның конвенционалдық сипаты артып, белгілі дәрежеде ұлттың кодына айналғандығын бағамдаймыз.

Осы аңсар ХҮІІІ ғасырда Бұқар жырау шығармаларында қайта жанданады:

Жаулық жолын сүймеңіз,  
Мынау жалған сұм дүние  
Өтпей қалмас демеңіз...  
Сырдария суынан  
Көлденең кесіп өтіңіз,  
Үш жыл малды ту ұстап,  
Жиделібайсын жетіңіз,  
Кісісі жүзге келмей өлмеген,  
Қойлары екі рет қоздаған,  
Қатын-бала қамы үшін,  
Солай таман кетіңіз! [3, 93].

Жоғарыда берілген жыр-толғаулардан “абыз қарт” архетипінің жетіле түскен формаларын көруге болады. Жыраулардың жыршылдық қана емес әлеуметтің көкейіндегісін түйіндеп айтар, елдің ұйытқысы бола білген азаматтық позициясы да айқын аңғарылады. Елдің елдігін сақтау оған тән болмысты сақтау қашанда тарихи оқиғалардың фонында күшейе түсетіні белгілі. Осы тұста ежелгі ақын-жыраулар ақындығымен қоса, елдің тіршілік-тынысы мен билеушінің арасындағы дәнекерлік, қайраткерлік қызмет атқарған. Халықтың мұны мен мұқтажын билікке, ханының ұстанған саясатын елге жеткізуші, таратушы, қолдаушы да болған. Азуын айға білеген билеушінің қатесін түзеп тоқтамды сөз айта білген, қараша халықты сөзіне ертіп ұйыта білген шығармашылық тұлғалардың бітімгерлік тұлғасына қоса, ұлттың негізгі тінін құрайтын рухани, мәдени және материалдық құндылықтарға елдің ұдайы назарын аудартып отырған. Оны көздің қарашығындай сақтап болашақ ұрпаққа аманаттауға орасан зор үлес қосқан. Мұндай әрі шығармашылық, әрі қоғамдық-әлеуметтік хәм саяси қызметтерді қоса атқаратын жыраулық дәстүр түркіден қазаққа мирас болған.

Олай дейтініміз қытай деректері бойынша 716 жылы тасқа қашалған “Тоныкөк” жырында оның үш қағанға кеңесші уәзір болғандығы айтылады:

Көкірегім  
Аяқ баспаған таудай  
Өр еді.  
Тәңір берген білігім  
Тасыған судай мол еді.  
Өзім-ақ  
Қаған болайын дедім.  
Өзім-ақ  
Қамал болайын дедім.  
Ілтеріс қағанның  
Ақылы да мен болдым,  
Жақыны да мен болдым.

Жалпы түркінің төлтума дастанынан бері қарай талай ғасыр өтсе де күні бүгінгі ақындық дәстүрде Қағанның ақылман кеңесшісі Тоныкөк ел билеуде ханы мен халқына дәнекер болса, жорықта бірге жортар үзеңгілес жолдасы болады. Иісі түркіге ортақ дәстүрдің Сыпыра жырау заманында да сақталғанын “Шаджарат-ал-эт-түрік” (“Түріктер шежіресі”) сынды жәдігеріміздің мәтінінен кездестіреміз. Ұлық

жыршы, шамамен XIV ғасырда өмір сүрді делінетін ноғай-қазаққа ортақ Сұғылтайұлы Сыпыра жыраудың өз заманында елдің бүтіндігін сақтауға қосқан ерен үлесі, қайраткерлігі аталған еңбекте айқын беріледі.

Қазақ жыраулары поэзиясының басты ұстанымы болған азаматтық позиция XV ғасырдағы Асанқайғының Әз-Жәнібек ханға айтқаны мен XVIII ғасырда Бұқардың Абылай ханға айтқан толғауларында принциптік әрі көркемдік тәсіл жағынан, сонымен қатар түр мен мазмұндық жағынан көрініс береді. Әдебиет зерттеушісі Ә.Дербісәлин бұл сабақтастықты табиғи әрі көркемдік заңдылық ретінде: “Бұл толғаулардың арасындағы туыстық өз алдына. Бұның бірі жыраулық форманың ауыз әдебиетінен алғашқы бөліну тұсын білдірсе, екіншісі – бірнеше ғасыр бойы дами отырып, өзінің биік белесіне көтерілгенінің белгісі. Осы тәрізді көріністердің қайсысы да сөз болып отырған кезең поэзияның бір көркемдік арнада өмір сүргенінің, сонымен қатар іштей өзара тұтастық, жалғастық, жүйелілік пен дамығандығының дәлелі” [4, 47], – деп бағалайды.

**Қорытынды.** Түйіндей айтқанда, ұлттық поэзиямыздағы “Жерұйықты іздеу”, “абыз қарт”, “жиһан-гездік” сынды мотивтерді көне мәтіндермен салыстыра зерттеу арқылы К.Г. Юнг архетиптерінің жалпы адамзат әдебиетінде орын алатындығына тағы да көз жеткіздік. Осыған қоса белгілі ұлттық әдебиетінде тарихи-саяси һәм әлеуметтік жағдайларға орай аталмыш архетиптердің ұлттық реңкі басым көрініс тауып, конвенционалдық сипатқа ие болатындағы айқындалды.

Қазіргі кезеңде өркениеттер тоғысып, мәдениеттер ықпалдастығы көз ілеспес жылдамдықпен жүзеге асып отырған тұста бұл тақырыптың өзектілігі артпаса кеми қойған жоқ деп білеміз. Әрбір мәселенің пісіп жетілетін, қажеттілікке айналатын тұсы болатыны секілді, ұлт зиялыларының көкейінде жүрген ойдың лықсып қайта жандануына жаһандану дәуіріндегі ұлттық құндылықтардың жұтылып бара жатқандығы түрткі болды. Беймәлім заманаға қадам басқан ұлтымыздың өзге мәдениет пен болмысты қабылдауда өзіне тән құндылықтар жүйесіне сәйкестендіре сіңірудің, сан ғасырлар бойы қанымыз бен жанымызда сақталып, бабаларымыздан мұра болған ұлттық кодымыздың көмескі тартпауының кепілі сол ұлттың сөз өнері. Сондықтан “Мәңгілік Ел” қазақ халқының һәм әдебиетінің мәңгілік тақырыбы болып қала бермек. Сөз өнеріндегі бұл тақырып, бүгінгі әдебиеттану ғылымының талабына сай әлі сан қырынан зерттеуді қажет ететін мәселе деп білеміз.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. *Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. 8-т.: Насируддин Бурханұддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы / Құраст.: Т.Қыдыр. – 480 бет. – (Әдеби жәдігерлер)*
2. *Әбдиманұлы Ә. “Мәңгілік ел” - ежелден әдебиеттің алтын арқауы // Айқап №3 (101) 2016 қазан. 100-106 бб.*
3. *Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық қазақ поэзиясының антологиясы ХҮ-ХҮІІІ ғғ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 376 б.*
4. *Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым. 1990. –296 б.*
5. *Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б.*
6. *Ильин И. Постмодернизм. Словарь терминов. – Москва: ИНИОН РАН (отдел литературоведения) – INTRADA, 2001. – 385 с.*
7. *Киелі кітап. Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбаларының таңдамалы жиынтығы және Інжіл шариғ. –Стамбул: Жаңа өмір, 2000. – 1225 б.*
8. *Қазақстан ғылым академиясы кітапханасының қоры. Папка №333\17*
9. *Юнг К.Г.Очерки по психологии бессознательного. – Москва: Когито-Центр, 2010. – 352 с.*

МРНТИ 17.82.32

Э.С. Сейсенбиева<sup>1</sup>, Қ.Қ. Мәдібаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

## «МЫҢ БІР ТҮН» ЕРТЕГІСІНІҢ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

*Аңдатпа*

Мақалада араб әдебиетінің жауһары болып табылатын «Мың бір түн» ертегісінің XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін ықпалы туралы айтылады. Ондағы араб сөздерінің аудармасы беріліп, олардың мағынасына автор тарапынан талдау жасалды. Араб әдебиеті шығыстағы ең бай, әлемдегі ең көне әдебиеттердің бірі болып саналады. Араб әдебиетінің алғашқы жанры поэзия, оның мазмұны ислам дінінің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың өсиет, насихат сөздері, яғни хадистер мен діни аңыздар. Арабтың «Мың бір түн» ертегісі баршамызға бала кезімізден танымал болған. Араб әдебиетінің «Мың бір түн», «Калила мен Димна», «Антараның ерлік істері», «Ләйлі-Мәжнүн» және т.б. шоқтығы биік шығармаларының бірі болып табылады. Араб классикалық дүниелерінің желісі мен сюжеттерінің негізінде XIX ғасырда қазақ кітаби ақындары өз шығармаларында араб шығармаларының кейбір кейіпкерлерін, хикаяларын салыстырулар арқылы немесе назирашылдық үлгіде жырлаған. Араб әдебиеті мен мәдениеті – қазақ әдебиетінің рухани дүниесіне, яғни ұлттық әдебиетімізге соның ішінде, кітаби ақындар шығармашылығына тигізген ықпалы зор. Араб мәдениетімен бірге, араб тілі мен ислам діні, сол арқылы дамыған араб классикалық әдебиетінің ықпалы қазақ кітаби ақындар шығармаларының дамуына әсер еткен. Тамыры терең қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті, дәстүрі мен дүниетанымы Шығыс елдерінің, соның ішінде араб әдебиетімен рухани тығыз байланыста болған.

**Кілт сөздер:** XIX ғасыр, ертегі, мың бір түн, дастан, нәзира жанры.

*E.S. Seysenbieva<sup>1</sup>, K.K. Madibayeva<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*Kazakh state women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan*

## INFLUENCE OF A FAIRY TALE "THOUSAND ONE NIGHT" ON KAZAKH LITERATURE IN THE XIX CENTURY

*Abstract*

The article speaks about the influence of Kazakh literature of the XIX century fairy tale "one Thousand and one nights", which is a masterpiece of the Arabic language. It gives a translation of Arabic words, their meaning, analysis by the author. Arabic literature is one of the richest in the East, the oldest in the world. The first genre of Arabic literature is poetry, its content is the commandment, the propaganda words of the prophet Muhammad-hadiths and religious legends. "One thousand and one nights" Arabic fairy tale has become popular for all of us since childhood. He was one of the outstanding works of Arabic literature "one Thousand and one nights", "Kalila and Dimna", "Heroic deeds of Antara", "layli-Mazhnun", etc. based on the lines and plots of the Arab classical world in the century, Kazakh book poets sang in their works by comparing some of the heroes, the history of Arab works or in a nazirately image. Along with Arabic culture, the Arabic language and the religion of Islam, as well as the influence of developed Arabic classical literature influenced the development of the works of Kazakh poets. Literature and culture, traditions and Outlook of the Kazakh people with deep roots are closely interrelated with the Arabic literature of the East, including Arabic.

**Keywords:** XIX century, fairy tale, thousand and one nights, poem, fairy-tale genre.

*Э.С. Сейсенбиева<sup>1</sup>, К.К. Мәдибаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан*

## ВЛИЯНИЕ СКАЗКИ «ТЫСЯЧА ОДНА НОЧЬ» НА КАЗАХСКУЮ ЛИТЕРАТУРЫ В XIX ВЕКА

*Аннотация*

В статье говорится о влиянии казахской литературы XIX века сказки «Тысяча одна ночь», являющейся шедевром арабского языка. В нем даны перевод арабских слов, их смысла, анализ со стороны автора. Арабская литература является одной из самых богатых на востоке, древнейших в мире. Первым жанром арабской литературы является поэзия, ее содержание является заповедь, агитационные



слова пророка Мухаммеда-хадисы и религиозные легенды. «Тысяча одна ночь» арабская сказка стала популярной для всех нас с детства. Он был одним из выдающихся произведений арабской литературы «Тысяча одной ночи», «Калила и Димна», «Героические дела Антары», «Ляйли-Мажнун» и др. На основе линии и сюжетов арабского классического мира в XIX веке казахские поэты воспевали в своих произведениях посредством сравнения некоторых героев, истории арабских произведений или в назирательном образе. Наряду с арабской культурой, арабский язык и религия ислам, а также влияние развитой арабской классической литературы повлияли на развитие произведений казахских поэтов. Литература и культура, традиции и мировоззрение казахского народа с глубокими корнями тесно взаимосвязаны с арабской литературой стран Востока, в том числе и арабской.

**Ключевые слова:** XIX век, сказка, тысяча одна ночь, поэма, сказочный жанр.

### **Кіріспе. Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне ықпалы**

Әрбір халықтың өзінің ертеден келе жатқан діни ұғымдары мен ескі наным-сенімдері бар. Қазақ халының осындай ұғымдары мен нанымдар Шоқан Уәлихановтың пікірінше, шамандық дәуірінде, яғни көп құдайға сыйынған кезде пайда болған. VIII ғасырда қазақ жерінде Ислам діні мен оның шарттары таралған кезден бастап қазақ халық ауыз әдебиетінде діни ұғымдарды көрсететін жаңа тың шығармалар жазылды. Бұл шығармаларда Ислам дінін таратқан Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен хадистері жайлы айтылады. Біздің бұл тұжырымдарымыз дәлелді болу үшін ғалым Х.Досмұхамедұлының пікірін келтірсек болады: «Діни әдебиетте ислам дінінің негізі, шариаттың талаптары мен ережелері, тозақтың азабы, жұмақтың рахаты мен бақилық өмірдің басқа да суреттері сипатталады. Бұл әдебиетте Мұхаммед мен оның сахабаларының өмір жолы маңызды орын алады. Қазақ әдебиеті діни миссионерлік әдебиеттің жалғасын араб-парсы әдебиетінен алған. Бұл ең алдымен еліктеу, аударма және әртүрлі араб пен парсының «Мың бір түн», «Шахнаме» және т.б. сияқты аңыз-ертегілерін поэтикалық тұрғыда айту арқылы жалғасын табуда» [1, 151]

Қазақ халық ауыз әдебиетінде шығарманың желісі шығыстан келген сүйіспеншілік пен махаббатты жырлаған хикаялары да бар. Олардың ішінде қазақ ауыз әдебиетінде танымалдары: «Мың бір түн», «Ләйлі-Мажнун», «Таһир-Зуһра», «Бозжігіт», «Жүсіп-Зылиха», «Антараның ерлік істері» және т.б. Бұл шығармалар шығыстың атақты классик ақындары жырлаған және халық романы болып кеткен көпке ортақ тақырыбы бар шығармалар болып есептеледі.

Жоғарыда аталған шығармалар біздің бүгінгі заманымызға жеткенше көптеген өзгерістерге түскен. Оның ең басты себебі ақындар шығыс елдерінде жырланған шығармаларды қазақ жеріне, тіліне, әдебиетіне ұқсастырып қайта өңдеп, жырлаған. Ал, бұл дәстүр Шығыста ертеден қалыптасқан дәстүр, яғни бір ақынның жырлаған тақырыбын және бір ақынның жырлауы, қайта әңгімелеуі ол көптеп кездеседі. Демек, араб-қазақ ауыз әдебиеті мен мәдениетінің байланысы, қарым-қатынасы ертеректе басталған деп айтсақ қателеспейміз.

Олай деп айтатынымыз, «Мың бір түн» ертегісі қазақ әдебиетіне араб әдебиеті арқылы жырланып енген. Қазақ ауыз әдебиетінде араб әдебиетінен енген ертеден ауызша айтылып, жырланып келе жатқан діни қисса-дастандар: «Сейфүл-Мәлік», «Бәдіғұл-Жамал», «Сейітбаттал қазы», «Ахуал қиямет», «Қисами Ғабдүлмәлік», «Мұхаммед пайғамбардың туылуы мен есеюі», «Бәдел қажы», «Қисса қырық уәзір», «Атымтай хикаясы», «Қамару-заман», «Назым сияр Шариф», «Ғашық уа мағшук», «Орақ-Күлше хикаясы», «Жүсіп-Зылиха», «Шәкір-Шәкірат» және т.б. ерлік және ғашықтық, дін үшін күрес, уағыз ретінде жырланатын жыр үлгілері.

Шығыстанушы ғалым И.М. Фильштинский: «Біздің көбіміз Орта ғасырдағы Шығыс әдебиетінің тынысын бала кезімізден қиял-ғажайып «Мың бір түн» ертегісі арқылы сезіндік. Өмір бойы санамызда таңғажайып Ирак пен Египет қалалары, мың бұралған бишілермен безендірілген сарай мен мешіттер, түнгі Бағдадтан шытырман іздеген халиф Харун ар-Рашидтің жұмбақ бейнесі, шығыстың күрделі өрнектері сақталып қалды» [3, 3] – дегендей араб әдебиеті әсіресе «Мың бір түн» ертегісімен баршамызға бала кезімізден танымал болған. «Мың бір түн», «Калила мен Димна», «Антараның ерлік істері», «Ләйлі-Мажнун» және т.б. араб әдебиетінің шоқтығы биік шығармаларының бірі болып табылады.

Дастан жанрының пайда болып, қалыптасып, дамуында шығыс фольклоры мен әдебиетінің әсері орасан зор болды. Басқа көптеген ақын-жыршылар да өз шығармаларында шығыс әдебиетіне көп көңіл бөліп отырды. Бұл жағдайда «нәзира» дәстүрі үлкен рөл атқарды. Ол дәстүрдің негізгі принципі – бір халыққа кең тараған тақырып пен сюжетті екінші халықта өзінше жырлау. Осы дәстүр Орта Азия, Иран және Таяу Шығыс халықтары әдебиетінде орта ғасырларда кеңінен таралды.

Шығыс сюжетіне құрылған қазақ қисса-дастандары халықтар арасындағы әдеби-мәдени байланыстың куәсі. Оған қызығушылық ең алдымен басқа халықты түсініп, ұғуға тырысудан туса, сонымен бірге қазақ халқын сол сюжеттердің сан қилылығы, этно-географиялық, тарихи-мифтік материалдардың көптігі баурап алды.

Белгілі ғалым А.Қыраубаева «Шығыстық қисса-дастандар» еңбегінде «Мың бір түн» ертегісінің үш жүйесін атап өткен болатын:

1. Индия сюжеттерінің элементі айқын көрінетін парсының «Мың ертегісінің» негізінде Х ғасырдың маңайында түзіле бастасуы;
2. X-XII ғасырларда Бағдат төңірегінде тараған әңгімелердің жинақталуы;
3. XI-ғасырдан бастап, XIII-XIV ғасырларға дейін Египетте шығарылған әңгімелермен, XV-XVIII ғасырларда толық нұсқасының қалыптасуы [5,7].

«Мың бір түн» ертегісінің желісі осы аталған мың жылға жуық уақыт аралығында бірнеше рет толықтырылып, көптеген әңгімелер қосылған ғаламат шығарма. Ертегі желісінің әсіресе шығыс елдерінде кеңінен тараған түрі ол ғашықтық оқиғалары. Ғашықтық оқиғалардың желісі көбінесе бұрын естімеген, алыс елдің патшасының қызына, ханзада немесе ханшайымның бірін-бірі көрмей сырттай ғашық болудан құрылады. Сондай ғашықтық оқиға желісіне құрылған қисса-дастанның бірі «Қисами Жиһаншаһ Тамұзшаһұғылы». Ақыт Үлімжіұлы бұл дастанды қара өлең түрінде жазған.

Ғалым М.Әуезовтің қисса-дастандар туралы айтқан мынандай құнды пікірін мысалға келтірсек: «...Дін өлендерін, қиссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндары да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін, жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек» [2,10].

Бұл жерде академик М.Әуезовтің айтпақ ойы діни, ғашықтық қисса-дастандардың түпнұсқасы араб әдебиеті мен мәдениетінен, ислам дінінен келгенін айтып отыр. Ислам мәдениетінің дамуы мен өркендеуі оянушылықты туғызды. Қисса-дастандардың Кеңестік үкімет тұсында да мән-мағынасын жоғалтпауы оның халықтық жанрға айналғанын, құндылығын көрсетеді. Сонымен қатар, араб әдебиетінің классикалық мұрасы атанған «Мың бір түн» ертегілері негізінде айтылған ертегі, дастан, қиссаларды оқиға желісі бойынша салыстыра зерттеу мәселесін көтерген болатын.

Академик М.Әуезов ертегілер туралы мынандай құнды пікір айтқан: «Дүние жүзі халықтарының бәрінің де айтып жүрген ертегілері, жалғыз сол халықтың өзі ғана тудырған тума ертегілер емес, қайта өзге де көптеген халықтарға ортақ мүлік болып шығатын жайы бар. Ол келген ертегілерге айқын мысал Дүние жүзі білетін «Мың бір түн», «Ескендір Зұлқарнайын» жайындағы ертегілер!» [2,10 б.].

Әлемдік мәдениеттің жауһарларының бірегейі саналатын «Мың бір түн» ертегісі әлемнің бар тіліне аударылған. Соның ішінде қазақ тіліне де аударылған бірнеше нұсқалары бар. XX ғасырға дейін «Мың бір түн» ертегісін қазақ халқының тек арабша оқи алатындары ғана оқыды. Енді жалпы халық ұлттық тілінде оқи алатын деңгейге жетті деген пікірлер бар. Дегенмен, XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» сияқты басылымдарда «Мың бір түн» ертегісінің қазақша аудармалары жарық көрген.

#### **Талқылау. «Мың бір түн» ертегісін қазақ әдебиетіндегі көрінісі**

«Мың бір түн» ертегісінің Қалмахан Әбдіқадыров пен Қалтай Мұхамеджанов жасаған аудармалары қазақ әдебиетінде кеңінен танымал. Қ.Әбдіқадыров аударған «Мың бір түннің» бірінші кітабы 1949 жылы, екінші кітабы 1950 жылы, үшінші кітабы 1954 жылы, төртінші кітабы 1955 жылы жарық көреді. Автор өз аудармасын бұрыннан қазақтар арасында ауызша тараған «Мың бір түн» жайындағы аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, шығыс тілдерінен аударған болатын.

Қазақтың атақты кітаби ақындарының арасында «Мың бір түн» ертегісіне қызықпағаны өте аз тіптен жоқтың қасы деп айтсақ та қателеспейміз. Мәселен: «Қисами Жиһаншаһ Тамұзшаһұғылы», «Сейфүл-Мәлік», «Мәлік-Хасан», «Шәкір-Шәкірат», «Орқа-Күлше», «Қасым-Жомарт», «Шахмаран», «Иранғайыпшаһ Ғаббас» сияқты және т.б. қисса-дастандар тікелей мың бір түн ертегісінің желісі бойынша жазылған. Аталған туындылардың бәрі қазақ ақындарының өндеп, жырлауы арқылы қазақ ауыз әдебиетімен ұштаса келе, қазақтың төл туындылары сияқты болып, біржола сіңісті болып кеткендігін естен шығармағанымыз жөн.

Осы секілді мың бір түн сюжеттеріне негізделіп, жырланған дастанның бірі кітаби ақын Ақыт Үлімжіұлы жырлаған «Қисами Жиһаншаһ Тамұзшаһұғылы» дастаны.

Кітаби ақындардың арасында Қазақстаннан шет жатса да, осы бағытта қарымды еңбек еткен үлкен шығармашылық тұлғалардың бірі – Ақыт Үлімжіұлы. Ақыт Үлімжіұлы Алтай аймағының Көктоғай

ауданында 1869 жылы дүниеге келген. Ауыл молдасынан сауат ашып, зеректігінің арқасында араб, парсы тілдерін жетік меңгерген. Қазан, Стамбул баспаларынан шығатын әдеби кітаптармен танысып, қазақ әдеби мұраларын зерттеуге, дамытуға күш салады.

Алаш әдебиетін зерттеуші ғалым, профессор Айгүл Ісімақова Ақыт ақынды Алаш арыстарымен салыстырды. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы Міржақыпқа жазған хатында: “Біздің қолымызда қалам мен сия ғана қалды”, деп өкінішпен айтса, көз жасын қалам-сия арқылы ақ қағазға өкси сорғалатқан Ақыттың мұң-шері де солармен үндес, сабақтас еді. Шынжан қазақ әдебиетінің негізін салушы Ақыт Үлімжіұлы хакім Абайдың мұратын ұстанды, қазақ қайғы-қасіретінің түп тамыры қайда жатқанын көре білді. Надан елдің басындағы қиын жағдайға қатты қиналып, күйзеліп, одан шығатын бірден-бір жол ретінде халқын білім мен ғылымға, имандылыққа, Алланың хақ жолына насихаттады. Мұсылманшылықта дін ислам адамзаттан қандай ізгілік сұраса, Ақыт та туған халқынан сондай ізгіліктерді, имандылықты көруді қалап, сол биік мұратқа жетер жолды өлең жолдарымен өрнектеді. Сол себепті де, А.Үлімжіұлының еңбегі, жауһар туындылары оны қатардағы қарапайым ақын емес, Алаш арыстарымен қатар аталатын ұлы тұлғаларымыздың қатарына қояды.

Ақыттың қилы өмір кезеңдеріне үнілер болсақ, әуелі ауыл молдаларынан сауатын ашқан ол, кейінірек, Бұхара-шәріптен келген Махбубұлла деген кісіден сабақ алады. Осы ұстазы арқылы шығыс әдебиеті мен мәдениетімен жақынырақ танысып, алғаш шығыс әдебиетіне деген қызығушылығы оянады. Араб-парсы, түрік тілдерін үйренеді. Қобда аймағында пошта байланыс бөлімшесінде жұмыс істей жүріп, моңғол тіл жазуы мен орыс тілін меңгереді. 1907 жылы қажылыққа аттанып, Мекке-Мединеге аудармашы болып барғанында, Ыстамбұлға да соғады. Одан соң еліне билік айтқан қазы, білікті ұстаз болып халқына көп еңбек етеді.

#### **Нәтиже. «Мың бір түн» еретігісінен алынатын ұсыныстар**

Ақыттың алғашқы кітабы “Жиһанша Тамұз Шаһ Ұғылы” деген атпен 1891 жылы Қазанда жарық көрген. Осыдан соң 1914 жылға дейін оның Қазан, Орынбор, Семей баспаларында 9 кітабы 17 рет басылған. Бұдан біз оның қазіргі Қазақстан аумағындағы ел-жұртымен байланысы да айтарлықтай болғанын аңғарамыз.

Ақыт шығармашылығы туралы түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін, тілін, мәдениетін зерттеуші ғалым, фольклортанушы, Қазан университетінің профессоры Н.Ф. Катанов сонау ХІХ ғасырда «Деятель» журналында (1898 ж. №8-9, 429-430-бб.) алғаш рет мақала жариялап, қазақ ақыны екенін айтқан.

Ақыт шығармашылығының ауқымды саласы – өзі көзі тірісінде Қазанда басылып шыққан қисса-дастандары еді. Ақыт Үлімжіұлы кітаби ақын. Оған дәлел ақынның 1891-1914 жылдар аралығында Санкт-Петербург, Қазан баспаларынан жарық көрген діни қиссалары. Ақыт Үлімжіұлы жиырма жасында тұңғыш назиралық «Қисами Жиһаншаһ Тамұзшаһұғылы» дастанын одан кейін, «Сейфүл-Мәлік», «Бәдғұл-Жамал», «Сейітбаттал қазы», «Ахуал қиямет», «Қисами Ғабдүлмүлік», «Мұхаммед пайғамбардың туылуы мен есеюі», «Қиса-и-ғазап (жыр-әңгіме), «Хазірет Расулдың некелену баяны», «Мұхаммед Құнапия» сияқты қиса-дастандарымен араб әдебиетін жетік меңгергендігі мен насихаттаушы екендігін де көрсетеді. Ақыт «Қисами жиһаншаһ тамұзшаһұғылы» дастанын арабтың әлемге әйгілі «Мың бір түн» ертегісінің желісі бойынша қара өлеңмен дастан жазған. Ақын дастанды Аллаға мадақтан бастайды:

Атыңнан айналайын, Әуел Алла,  
Асан қыл тұғыры жолны барша жанға.  
Хикаядан тысқары сөз сөйлетіп,  
Дозаққа шерменде қып бізні салма.

Құдай-а, тұғыры сөйлет тілімізні,  
Өткізбе күнәменен күнімізні.  
Илләһи, рақым қылым фазылың бірлән,  
Сақтай көр жаман жолда дінімізні [6, 9].

Жиырма жастағы Ақыттың бұл дастанынан араб тілі мен ислам дінін жетік меңгергенін көреміз. Ақын араб ертегісін қара өлеңмен жазған. Ақыттай ағыл-тегіл таланттың қолына түскен ол ертегі – ақынның көркемдік сарай пешінде балқып, теңдессіз романтикалық поэма болып өмірге қайта келді.

Ақын Ақыттың дастандары шығысқа белгілі «Мың бір түн» ертегісінен алынған. Шығыс әдебиетінен үйрене отырып, сол аңыздарының тақырыбына дастан жазу шығыс медресесін оқып, білім алған Ақыт шығармашылығына етене сіңіп кеткен ерекшелік.

«Қисса Жиһаншаһ Тамұзшаһұғылы» дастанының негізгі идеясы Тамұзшаһ патшаның қартайғанда көрген жалғыз ұлы Жиһаншаһтың перінің қызы Шәмсібануға ғашық болып, адал махаббатын Ақыт ақын кара өлең жолымен береді. Ақын дастанда бір өзіне үш жүз шаһар қараған Тамұзшаһ патшаның баласыздыққа қатты қайғырғанын, жиған-терген байлығының, тағының өле кетсем кімге қалар деп құдайдан күн-түн жылап бала сұрағанын дастанда былай келтіреді:

Хат жазайын қолыма қалам алып,  
Сөз тыңла ағаларым, құлақ салып.  
Кабил атты шаһарда Тамуз патша,  
Қараған бір өзіне қанша халық...

Көңіліне бала дерті болды түйін,  
Баласыз қайғы деген қандай қиын.  
«Көрмедім, бір баланы сүйе алмадым,  
Не керек сансыз түмен мал мен бұйым».

Патшаға қайғы берді Жаппар Ғалам,  
Баласыз дәурен сүрді талай заман.  
«Бір күні ажал жетіп өле кетсем,  
Артымда таққа мінер жоқ, - деп, - балам» [6, 10-11].

Ақын дастанда бас кейіпкер Жиһаншаһ бір күні аңға шығады. Осы сапарында дүние кезе жүріп бастан кешірген сан алуан, таңғажайып оқиғалар мен оның арман қуалауы сынды шегінбес ерлігін әр дүниенің қыры мен сырын біліп, адамзат пен перизат, әр алуан хайуанаттың тілі мен ділін білудегі тапқыр талантын суреттейді. Неше түрлі хайуанат, жарты адам, Хақ Тағаланың қаһарына ұшырап маймылға айналған адамдар, үлкендігі тазы иттей құмырысқаларға кезігіп, қашып құтылғанда барлық серіктерінен айырылып, перілер еліне тап болады. Перінің патшасы Шаһластың біресе қыз, біресе көгершін кейпіндегі Шәмсібану қызына ғашық болады. Ғашықтықтан естен танып, жеті күн ессіз жатады.

Айналайын, Құдайым,  
Бір өзіңе жылайын.  
Ғашығымды көре алмай,  
Қайғыменен өле алмай,  
Жыламай қайтіп шыдайын...

Мен жылаймын наланып,  
Бір Аллаға жалынып.  
Бір Аллаға жылайын,  
Өз мінәжат қылайын,  
Ғашығым, сені сағынып [6, 36-37 б.].

Жиһаншаһ қатты Алла Тағалаға жалбарынады, Шәмсібануға деген махаббатын отқа, дертке теңейді. Ғашықтықтан туған жерін, елін, ата-анасын, тағын ұмытып, ақылынан айырылады, бірақ ол оған өкінбейді. Шәмсібану үшін жанын құрбан етуге, ғашығына қосылмаса, дүниеден безуге дайын болады. Ақын Ақыт араб ертегісінің желісімен сүйіспеншілік пен махаббатты шебер суреттеген.

Иә, Алла, жәрдем әйла ғаріп құлың,  
Нешбір қисса жазғам жоқ мұнан бұрын.  
Жиһаншаһ, Шәмсібану – екі ғашық,  
Өткізді осылайша пәни ғұмырын.

Жаранлар, осылайша ғашық өтті,  
Жиһаншаһ мұрадына ақыр жетті.  
Ойлама өлмеймін деп, әй, жаранлар,  
Ақыры оларға да зауал жетті [6, 82-83].

Қиссаның тақырыбын тұжырымдап айтқанда, арман аңсаған адамзаттың керемет кедергіні жеңіп, небір сырлы тылсым дүние мен ғажайып мақұлықтарды, өзінің тіліне келтіріп, керегіне асыруы, жылдық, айлық жолдарды күніне, сағатына басып, құсқа мініп қыдырып, дию мен періге серік болып дүние кезген ерлік істері сөз етіледі. Бұл қиялдағы арман асқақ романтика бүгінгі шынайы өмірмен ұштасып жатыр. Ғылым мұның көбін шындыққа айналдырып отыр. Бұл туралы М.Горький абылай деген: «Ертегі алдымен болжаушылыққа үйретеді; фактілерді күні бұрын сәуегейшілікпен айту біздің ойымыздың мейлінше шеберлігі. Аэроплан жасалудан ондаған ғасыр бұрын кілеммен аспанға ұшу туралы, газ, электрорлы машиналар, паровоздар жасалғанға дейін айлықты алты-ақ аттайтын жел жетпес тұлпарлар туралы ертегілер қиялмен біліп алыпты».

Ертегі халықтың асыл мұрасы. Ертегілер әр замандағы белгілі бір әлеуметтік санаға байланысты пайда болған. Сонымен қатар, ертегіде халықтың ескі наным-сенімдері, ғайыптан пайда болатын оқиғаларға сенімдік бар. Ондағы айтылатын шындық пен қиял қазіргі оқырман қауым сын көзбен қарап оқиды.

Ақын ертегісінің қиялы мен ойының өрісі кең. Ол ақынның шынайы санасынан туған. Ақын сол заманының қаталдығын, әдет-ғұрпын батыл суреттеген. Сонымен бірге, ақын шығармасында халық данышпандығының тамаша бейнелері мен мәңгі өлмес типтерін жырлаған.

Ақыт Үлімжіұлы да басқа ақындар сияқты шығармасындағы кейіпкерлерді қазақ халқының наным-на жақынырақ етіп жазған. Ақыт ақын жоғары да атап өтіп кеткеніміздей, өз замандастары секілді, өлеңдерінде араб сөздерін жиі-жиі қолданған. Ол кезде діндар қаламгерлер санаулы болмаған. Сонымен қатар сол уақыттағы ақындарды діннен хабарсыз болуы да мүмкін емес. Онымен қоса олар өз шығармаларын бір тақырыпта жазулары да ғажап емес.

**Қорытынды.** Сонымен қорыта айтқанда, Ақыт Үлімжіұлы кезінде түрлі діни мектеп-медреселерде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген, сол арқылы араб поэзиясынан еркін сусындаған, Ислам тарихы мен араб әдебиетін терең білетін қазақтың ғұлама шайыры қазақ көркем сөз өнерін мазмұн мен норма жағынан байыта түсуге өзіндік үлес қосты. Ол шығыс классикалық поэзиясына тән нәзірә дәстүрін жан-жақты меңгеріп, қазақ оқырманының талап-тілектеріне сәйкес келетін шығармалар жазды.

Кеңес үкіметі кезінде ұмытылған қисса-дастандарды бүгінгі таңда қайта дамытсақ, рухани дүниеміз байып, әдебиетіміз бен мәдениетіміз де дами түсері анық.

Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандары әдебиетіміздің алдыңғы, кейінгі тарихымен, дәстүрлік байланысы, шығыс халықтары әдебиетімен тамырластығы, әдебиетімізден алатын орны, түбегейлі зерттей түсуді керек етеді. Сол арқылы көп уақыт назардан тыс қалып келген елеулі жанрды сын елегінен өткізе отырып, уақыт талабына жарайтынын саралап, пайдаға жарату – игілікті, бір іс болмақ.

Мұсылманша сауатты кітаби ақындар өздері оқыған шығыс әдебиетінің құнды мұраларын қазақ оқырмандарына таныстыруды мақсат етті. Оның көпшілігі бұрынғы жыр үлгісінде, дастан түрінде таныстыруды көздеді. Осылайша кітаби ақындардың қисса-дастандары қазақтың фольклор жанрының аясын кеңейте түсті. Шындығында «кітаби ақындар» шығыстың классикалық әдебиеті, аңызы мен қазақтың ауызша және жазбаша әдебиеті арасындағы дәнекерлік жалғастырушы, әрі көпір секілді қызмет атқарды. Олар кітаби ақындық дәрежеде қалып қоймай, қазақ әдебиетіне біршама назар аударатындай тың, өзгеше жаңалықтар әкелді.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. – Астана: Астана-полиграфия. 2008. – 400 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А.: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Фильштинский И.М. Арабская классическая литература. – М.: Наука, 1965. – 311 стр.
4. سوسن جميل حسن الف ليلة في ليلة
5. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – А.: Рауан. 1997. – 140 б.
6. Үлімжіұлы Ақыт. Жиханиаһ. Өлеңдер, дастандар. – А., 2007. – 246 б.

МРНТИ 17.07.41

С.Қ. Сыздықов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ЖАЗУШЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ, ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТ

*Аңдатпа*

Тарихи-танымдық, этнографиялық сипатты шығармалар жазу дәстүрі қазақ сөз өнерінің тарихында ежелгі дәуірлерден бастау алады.

Белгілі ғалым-зерттеуші Акселеу Сланұлы Сейдімбек ұзақ жылдар бойы күй өнері туралы жүргізген кешенді зерттеуін аяқтап, оқырман назарына ұсынды. Автор қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орыны бар күй өнерін тарихи және этнографиялық аяда зерделеп, оның өзіндік қалыптасу жолдарын, әлеуметтік өмірімен бітте қайнасқан болмысын, сондай-ақ төл тума қасиеттерін нақтылы айғақ-деректерге сүйене отырып, саралайды. Еңбекте қазақтың музыкалық мәдениеттіне қатысты мейлінше мол эмпирикалық материалдар алғаш рет рухани айналымға түсіп, көптеген халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы тың дерек тұжырымдар негізінде пайымдалған. Автордың ойы орамды, тілі шұрайлы ғылыми дәлелдері тегеурінді. Прозаның ғылыми эссе үлгісімен жазылған туындының танымдық-эстетикалық тағылымы маңызды. Тарихи, танымдық еңбек-қаламгердің ата-бабалар дәстүрін ұрпақарға ұғындыратын құнды мұра.

Жазушының «Мир казахов» атты туындысы да деректі прозаның мәдени-эстетикалық сипатының көркемдік сапасын танытады. Халықтың аңыздарды, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жүйелеген. Халықтың қолөнер, музыкалық аспаптар, ұлттық аңшылық, өнер шеберлері, т.б – бәрін де қаламгер тарихи сана жүйесімен байыптаған. Сонымен бірге туысқан түркі халықтарының да мәдениеті, өзара байланыстар, үндестіктер де жүйелене қамтылған. Жазушы-ғалымның осы «Мир казахов» кітабында ұлттық тарихтың аса елеулі дәстүрлері енгізілген.

**Кілт сөздер:** күй өнері, ұлттық этнография, тарихи-таным, салт-дәстүр, музыкалық аспап.

S.K. Syzdykov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## HISTORICAL COGNITIVE AND ETHNOGRAPHIC CHARACTER IN THE WRITER'S PROSE

*Abstract*

In the history of Kazakh the word art the tradition of writing historical and cognitive, ethnographic works start from the ancient eras. Famous scientist-researcher Akseleu Slanovich Seydimbek has completed his comprehensive study of the art of kui (instrumental musical composition) which he investigated for many years and presented to the readers. The author analyzes the literary heritage of the Kazakh people in the spirit of the Kazakh people in a historical and ethnographic context, analyzes the ways in which they are formed, their social life, and their natural habits, based on concrete evidence. The most empirical material in the Kazakh musical culture is for the first time the spiritual revolution, and the life and creative work of many folk composers are based on the latest data. The writer's thoughts are full of good scientific evidence. It is important to study a science-aesthetic novel written by prose writer. It is a valuable heritage of historical, cognitive work of the writer to explain the traditions of ancestors.

The author of the book "Mir Kazahov" ("The World of the Kazakhs") also reflects the artistic quality of cultural-aesthetic character of documentary prose. Organizes folk legends, customs, traditions. People's crafts, musical instruments, national hunting, masters of arts, etc. - everything is connected with the system of historical consciousness. At the same time, the culture of Turkic peoples, interconnectedness, harmony is systematically covered. In this book of the writer-scientist, "Mir Kazahov" ("The World of the Kazakhs"), the most important traditions of national history are included.

**Keywords:** the art of kui, national ethnography, historical knowledge, traditions, musical instruments.

С.К. Сыздықов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

## ИСТОРИКО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ И ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР В ПРОЗЕ ПИСАТЕЛЯ

### Аннотация

Традиции написания произведений историко-познавательного, этнографического характера начинаются с древнейших времен в истории казахского искусства.

Известный ученый-исследователь Акселеу Сланулы Сейдимбек завершил комплексное исследование кюев, которое он исследовал в течение долгих лет и представил вниманию читателей. Автор изучает искусство кюя, которое занимало особое место в духовном мире казахского народа, в исторической и этнографической сфере, опираясь на фактические данные он анализирует пути его самообразования, а также характерные оригинальные родственные качества. В трудах есть наиболее распространенные эмпирические материалы, касающиеся казахской музыкальной культуры, которые впервые вошли в духовный оборот многих народных композиторов на основе новейших концепций жизни и творчества. Мнения автора взаимосвязаны, язык богат, научные доводы убедительны. Произведение написанное в образце прозы научного эссе, имеет важное познавательное-эстетическое значение. Исторический, познавательный труд – это бесценное наследие писателя, отражающее традиции предков.

Произведение писателя «Мир казахов» также отражает художественное качество культурно-эстетического характера документальной прозы. Систематизировал легенды, традиции, обычаи народа. Народные ремесла, музыкальные инструменты, национальные охоты, мастера искусства и т. д. – все это писатель сообщал со стороны системы исторического сознания. Кроме того, систематизированы культура, взаимосвязь и гармония родственных тюркских народов. В этой книге ученого-писателя «Мир казахов» включены наиболее значимые традиции национальной истории.

**Ключевые слова:** искусство кюя, национальная этнография, историческое-познание, традиции, музыкальный инструмент.

**Кіріспе.** Жазушы Акселеу Сейдімбек прозасының мазмұн мен пішін поэтикасы заңдылығымен жазылған шығармаларында көркем шындық өрнектері мол байқалады. «Күнгір-күнгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар» тарихи- этнографиялық шығармасының «Құлақ күй» тарауының басталуында жазушы адам мен табиғат егізделуін айтады. «Табанымызды шөп сүрткен, мандайымызды Күн искеген балалық шақтың бір сәті естен кетпейді. ... Тауы тау, даласы дала, көңілі көл, тасы тас, гүлі гүл... қалпында. Есіме түскен сайын жүрегімді шымырлатады» (Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясы. 1 том).

Жазушы повестеріндегі уақыт, кезек шындығы нақты деректілікпен көрінеді. Повестердегі жеке адамдар тағдырлары белгілі оқиғалар реалистік сипатпен бейнеленген. Жазушы қарапайым адамдар ортасындағы үндес және қарама-қайшы құбылыстар, қасиеттер ерекшеліктерін көркем шындықпен бейнелеген. Қаламгердің прозалық шығармаларында қазақ ауылындағы қарапайым адамдар жаратылыстың ортасында тұрмыс қиындықтарымен арпалыса жүріп, әрқайсысы өздерінің мүдделерімен көрінеді.

Жазушы повестерінің сюжеттік-композициялық желісіне арқау болған кезең – ХХ ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы қазақ даласының оқиғалары. Тарихтан білгілі бұл кездегі саяси – идеологиялық, әкімшілік-шаруашылық басқару жүйесіндегі жеке адамдармен жалпы халық ортасының қарым-қатынастарында түрлі қайшылықтардың туындағаны мәлім. Жазушының повестерінде қазақтың ата-бабалық жолының жаңа дәуірге үйлесуінде қиындықтардың туындағаны айтылған. Әсіресе, ағайындар арасындағы қарым-қатынастардың қолдан жасалған таптық жіктелудің салдарынан бұзылғандығы көрсетілген. Қазқ даласындағы дәулеттілерді тәркілеу, зорлықпен ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық – бәрі де повестер желілеріндегі кейіпкерлер, тағдырлар арқылы қамтылған. Жазушы ХХ ғасырдың 40-70 жылдар аралығындағы ағабуын қазақ ақсақалдарының талай қиындықтардан өткен тәжірибелерін кейінгі ұрпаққа ұғындыра жүріп тәрбиелегендігін назарда берік ұстаған.

**Талдау.** Повесть кейіпкерлері Айтуған ақсақал, оның зайыбы Дәметкен, ұлдары Мұрат, Марат. Повесттің сөжеттік – композициялық желісіндегі негізгі тартыс – атамекенді қимайтын қазақы ұлттық ұстаным иелері мен шаруашылық ыңғайына қарай жаңа қонысқа көшкендер арасындағы екі түрлі көзқарас қайшылығы. «Сарыарқа» каналын қазып, Ертістің суын Сарыбұйрат өңіріне әкелу жұмыстарын жүзеге асырушылар (партком секретары Мұсабай Медеубаев, совхоз директоры Төкен) қанша дәлелдесе де Айтуған ақсақал көшпейді. Тіпті ұлы Мұрат та отбасымен жаңа ауыл орталығына көшіп кетсе де орнынан

қозғалмайды. Повесть сөжетінің шиеленісті, шарықтау шектерінде мызғымас мінімен көрінген кейіпкер ақыры халық қалаған жолға түседі. Автордың көркемдік шешімі - жаңалық атаулы халық қалаған жағдайда ақыры жүзеге асатынын дәлелдеу.

Қаламгердің «Атамекен» повесінің тақырыбы – ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы қазақ ауылының тұрмысы, идеясы - туған жерін, ата-бабалық қонысын, атамекенін сүйген қазақтың ұлттық жан тебіренісі мен болмысын дәлелдеу.

Ақселеу Сейдімбектің повестерінде арқау болған Қазақстандағы ауыл адамдарының тұрмысы аталған кезең шындығына сай бейнеленген. Оның қазақ ауылдарындағы төрт түлік өсірген шопандардың бейнетке толы тұрмысын реалистікпен суреттей білген. Шаруашылықты басқарып жүрген басшылардың, мамандардың ауыл шаруашылығын өркендету бағытындағы қызметтері адамдар әрекеттерінің өзар үйлесімі және қақтығыстары, қайшылықтары жүйесімен де шынайы алынған. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Өскен өркен», Сәбит Мұқановтың ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа кезеңге арналған «Сырдария» романдары мен ХХ ғасырдың 50-жылдарындағы колхоз, совхоз шаруашылықтары туралы жазылған көркем очерктері осы саладағы дәстүрге негіз болды.

ХХ ғасырдың 60-90-жылдары Қазақстандағы мал, егін шаруашылығы салаларындағы еңбек етіп жүрген ауыл интеллигенциясы, қара пайым еңбек адамдары тағдырларына арналған бірқатар жазушылардың көркем прозалық туындылары көптеп жазыла бастады. Әсіресе, төрт түлік пен егін өсіруден мол өнім алған еңбек озаттары көбейген сайын жазушылардың туындылары да соған арналды. Қаламгерлер Қазақстанның әр аймақтарына шығармашылық арнайы сапарлар жасап, жылдың барлық маусымдарында да қиындықтармен бетпе-бет келіп, еңбектерінің бейнеті сипатына көндіге, балаларын өсіріп, оқытып, өзіндік берекелі тұрмысымен ел алғысына бөленгендердің әдеби көркем бейнелерін сомдауға туындылар жазуды өрістетті.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Құрмет орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы Ақселеу Сланұлы Сейдімбек – көркем әдебиет саласында да ерекше орны бар көркем шығармалардың, әрі өнер жанрлары шығармаларының және қазақ өнертану мен әдебиеттану ғылымында іргелі еңбектердің авторы ретінде кеңінен танымал тұлға.

Адам мен табиғат жалпы адамзаттық мәні бар, мәңгілік философиялық тақырып. Адам мен табиғат тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі тәуелді десе де болады. Шығарма поэтикасының құрайтын пейзаж кез-келген көркем шығарманың көркі десе болғандай, адам мен табиғат қандай тығыз байланыста өмір сүрсе, адамзаттың көңіл-күйі де сол табиғат құбылысымен бірге өріліп, көркемдік жүйенің біртұтас, ажырамас бөлігі болатыны белгілі. Көркемдік деталь тұрмыстық, заттық, этнографиялық, портреттік, пейзаждық деталь арқылы кейіпкердің рухани әлеміне тереңдей үңіліп, адам психологиясын ашады. Пейзаждың идеялық-эстетикалық ерекшелігі әрбір суреткер ұстанған көркемдік заңдылықтармен твғвз байланысты. Шығарманы өнер ретінде танытып, биікке көтеретін басты өлшемдердің бәрі-жазушының сөз қолдану шеберлігі.

Тарихи-танымдық, этнографиялық сипатты шығармалар жазу дәстүрі қазақ сөз өнерінің тарихында ежелгі дәуірлерден бастау алады. Қазақ жазба прозасының алғашқы үлгілері болып саналатын Бахириддин Батырдың «Батырнамасы», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашидиі», Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы», Құрбанғали Хамиттің «Тауарих хамсасы», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», Шәкәрімнің «Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі», т.б. туындыларды айтамыз.

Ал, жазушы қара өлең, күй өнер, ауызша тарих туралы прозалық туындылары – осы дәстүрдің жалғасы.

Белгілі ғалым-зерттеуші Ақселеу Сланұлы Сейдімбек ұзақ жылдар бойы күй өнері туралы жүргізген кешенді зертеуін аяқтап, оқырман назарына ұсынды. Автор қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орыны бвр күй өнерін тарихи және этнографиялық аяда зерделеп, оның өзіндік қалыптасу жолдарын, әлеуметтік өмірімен бітте қайнасқан болмысын, сондай-ақ төл тума қасиеттерін нақтылы айғақ-деректерге сүйене отырып, саралайды. Еңбекте қазақтың музыкалық мәдениеттіне қатысты мейлінше мол эмпирикалық материалдар алғаш рет рухани айналымға түсіп, көптеген халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы тың дерек тұжырымдар негізінде пайымдалған. Автордың ойы орамды, тілі шұрайлы ғылыми дәлелдері тегеурінді. Прозаның ғылыми эссе үлгісімен жазылған туындының танымдық-эстетикалық тағылымы маңызды. Тарихи, танымдық еңбек-қаламгердің ата-бабалар дәстүрін ұрпақарға ұғындыратын құнды мұра.

Белгілі жазушы, ғалым Ақселеу бұл еңбегінде Еуразия көшпелілерінің, оның ішінде түркі тілдес халықтардың тарихна біртұтас құбылыс ретінде ден қойып, сабақтас қалпында қарастырған. Әсіресе, қазақ халқының тек-тамырын тарихи тұлғалар өмірінің хронологиясы арқылы зерделеуі - оқырманның



тарихи танымын орнықтыру үшін таңдалған сәтті тәсіл. Автор халқымыздың дәстүрлі шежірешілдігіне құнды дерек көзі ретінде мән беріп, Шыңғыс ханнан бастап хандар мен сұлтандардың тарихы, түркі халықтарының ұлт ретінде қалыптасуы туралы сыр шертеді, ал үлгі үшін Найман тайпасының, оның ішінде Балталы, Бағаналы руларының шежіресін тарқатқан. Тәуелсіз Қазақ Елінің өткен мыңжылдықтар тарихын жан-жақты танып білу үшін бұл ғылыми прозаның маңызы өте зор. Жазушы көшпелілердің халық, ұлт болып қалыптасуындағы, дамуындағы шежірелік деректерді үйлестіре, дәйекті жүйелеген. Көркем шығармаға тән эпикалық баяндау мен тартымды тіл өрнектері бейнелей сипаттаулардың эстетикалық әсерлігі айқын сезіледі. Ең бастысы – қазақ халқының этногенезі мен этномәдени байланыстарына қатысты елеулі дерек көздерінің бірі – шежіре мағлұматтары.

Жазушының «Мир казахов» атты туындысы да деректі прозаның мәдени-эстетикалық сипатының көркемдік сапасын танытады. Халықтың аңыздарды, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жүйелеген. Халықтың қолөнер, музыкалық аспаптар, ұлттық аңшылық, өнер шеберлері, т.б. – бәрін де қаламгер тарихи сана жүйесімен байыптаған. Сонымен бірге туысқан түркі халықтарының да мәдениеті, өзара байланыстар, үндестіктер де жүйелене қамтылған. Жазушы-ғалымның осы «Мир казахов» кітабында ұлттық тарихтың аса елеулі дәстүрлері енгізілген.

Жазушының оқырман қауым ықыласына бөленген «Күзеуде», «Аққыз» сияқты повестері мен әңгімелерінде де халқымыздың рухани биік парасатты, төлтума қаситтері мәдени біттімі шыншылдықпен көрініс тауып, ата-бабаның арман-ансары, адам өмірінің мәні мен сәні сөз болады. Жазушының құнарлы тілі, халықтың тарихы мен өмір салтына жүйріктігі айрықша ден қойғызады. Яғни, көркем прозада да тарихи-этнографиялық ерекшеліктер туындылардың ұлттық сипатын дәлелдейді.

Автор есімдері елге танымал бастан өткерген қызықты оқиғаларын, тың да тосын жайттарын оқырмандар назарына ұсынады.

Тарихшылардың, археологтардың, фольклортанушылардың, этнографтардың зерттеулерімен үндес прозалық шығармаларында қазақ музыкалық өнерінің қалыптасу даму жолдарын, киіз үй құрылысы, сәулет өнері мәдени ескерткіштер халық дәстүрлері, бүркітшілік, аңшылық спортты, тағам дайындау технологиясы, дәрілік шөптер, т.б. сан алуан көшпелілер мәдениетінің толық сипатын құрайтын мәселелерді оқимыз.

Автордың Кеніш: Қарағанды облысы туралы кітабы [1] өлке тарихын тартымды баяндаған. Тарих, мәдениет ескерткіштері біздің елде халықтың рухани асыл қазынасы ретінде мемлекет қамқорлығына алынған автор бұл кітабында мол тарихи, археологиялық, этнографиялық деректерге сүйене отырып, туған жер төсіндегі ескерткіш белгілер туралы сыр шертеді. Ұрпақтардың рухани сабақтастығы, халқымыздың терең тамырлы мәдениеті, бүгінгі гүлденіп көркейген Қазақстанның кемел шағы жайында ой толғайды.

Ақселеу Сейдімбектің қаламынан туған «Күңгір-күңгір күмбездер», «Сонар», «Мың бір маржан», «Күй шежіре» атты кітаптары оқырман қауымның ықылас-ілтисатына бөленген еңбектер. Автор «Қазақ әлемі: Этномәдени пайымдау» [1] атты жаңа кітабында өзіне етене тақырыпты одан әрі өрбіте отырып, қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, фольклорымен этнографиясына қатысты соны пайымдаулар жасаған. Кітап студенттерге, қазақ тарихы мен мәдениетіне ықылас қойып жүрген мамандарға, оқырман көпшілікке арналған.

«Қыр хикаялары» деп аталатын жинағында жас жазушы Ақселеу Сейдімбековтың соңғы жылдары жазған бірнеше шағын повестері енгізіліп отыр. Мұндағы шығармалардың оқиғасы тартымды, тілі ширақ.

«Қыр хикаялары» кітабы да қызықты оқылады. Оқырман қауымға көркем шығармалары мен, ғылыми танымдық кітаптарымен танымал жазушы А.Сейдімбек мәдениетіміздің өткені, бүгінгі және болашағы жайында сыр шертеді. Автор көркем творчествомыздың әр алуан түріне халықтың біртұтас тарихи-мәдени айғағы ретінде ден қояды. Кітап мол тарихи дерегімен, парасатты ой-тұжырымдарымен және тартымды тіл – стилімен назар аударады.

ҚР президенті Н.Ә. Назарбаев Президенттік мәдениет орталық қорына жинақталған тарихи мұралардың ішіндегі айрықша қастерлі мүліктердің бірі-Абылай ханның қамқа тоны. Осы қамқа тонның бүгінгі күнге қалай жеткені туралы нақтылы тарихи айғақ-деректерді қаламгер жазды. Сондай-ақ, Абылай ханның қадірлес замандасы Байдалы бидің шешендік-билік сөздері де алғаш рет жинақталып берілді.

Халық ауыз әдебиетінн телегей-теңіз мол мұра десек, сол теңізді құрайты аса ауқымды арнаның бірі – эпикалық жырлар. Ал солардың ішіндегі ең бір келісті де көрнектісі «Алпамыс батыр жыры» екені даусыз. Автор осы жауһар туындыны оны көркемдігімен сурет-бояуына қылаудай да залал тигізбей, әсер-сезімін еш төмендетпей, бірақ ойлау пайымдау, саралау, қабылдау қабілеті әлі толық қалыптасып үлгермеген жас жеткіншектердің таным-түсінігіне лайықтап, қара сөзбен әсерлі баяндап шыққан. Шығарманың

тілі де тартымды, ұғынықты, қарапайым. «Алпамыс батыр» жырының қара сөзбен баяндалып, көркем безендірілген бұл нұсқасы жас ұрпақтың ойын ұштап, қиялын қанаттандыратын кезекті рухани олжасы боларына күмән жоқ.

**Қорытынды.** Сланұлы Ақселеу Сейдімбек қырық жылдан астам әдебиет, этнография, тарих, филология, өнертану салаларында өнемді еңбек етті. Оқырманға ұсынылған библиографиялық көрсеткіш материалдарына тұтастай рет саны қойылып, әрбір тараудың материалдары өз ішінде хронологиялық тәртіппен берілген. Ғалым-жазушының тарихи сана мен фольклорлық-этнографиялық мәселелерді игеруінде ұрпақ тәрбиесіне ықпалды қасиетті танымыз. Сондай-ақ, автордың шет ел тілдеріне аударылған еңбектерінде түпнұсқалық атау бойынша қазақ тілінде беріліп отыр. Библиографиялық көрсеткіш студенттерге, оқытушыларға хәм ғылыми қауымға арналған.

Алаштың аяулы Ақселеуін ұрпақтар ұмытпайды. Алаштың аяулы азаматы, ұлт рухының жанашыры, қазіргі заманғы қазақтану ғылымының негізін салушылардың бірі Ақселеу Сейдімбек естеліктер оның өкілдерінің бірі, халықтың рухани құндылығын өнерімен өнегесін дәріптеген зерек ойлы ғалым – этнолог, өз ұлтының жоғын жоқтап, барын түгендеуден жалықпаған Ақаң туралы әлі де талай естеліктер мен есте қалатын дүниелер туар. Ақаң елінің ыстық ықыласына, ұлт жанды азаматтық ортаның ерекше илтипатына бөленген жаны болатын.

Белгілі қаламгер, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ақселеу Сейдімбектің очерктері тарихи сананы дамытады, зерттеп отырған тақырыбын жан-жақты саралай отырып, очерк жанрының табиғаты туралы да байсалды ой-пікірлерін ортаға салады.

Ғалым-жазушының тарихи сана мен этнография мәселелерінің ғылыми-танымдық прозалық шығармаларындағы жазуынан ұлт тарихын ұрпақ санасында орыңқтыру мұратынан туындағаны анық. Академик Әлікей Марғұлан жазушы-ғалымның «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабына жазған алғы сөзінде қаламгер шығармашылығына баға берген-ді:

Мәдениеттің күрделі үлгісін жазушы А.Сейдімбек толып жатқан тас үңгірлерден, тас бетінде сайраған суреттерден көреді. Сондай жарқын ойлардың бірі Орталық Қазақстанның, Бетпақ даланың жер аттары, сол Бетпақдаланың ұзақ шөлін ерте кезде кесіп өткен неше алуан жолдары туралы. Соның бәрі тартымды тілмен жүйелі оймен, әсіресе ел ішінен ерінбей жинаған қызықты деректермен баурап отырады [1]. Демек ғылыми прозаның туындылары тарихи сана мен халық этнографиясының игерудің озық үлгісін танытты.

Ғалым – жазушының тарихи сана ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселелеріне арналған прозалық туындыларының публицистикалық сарындылығы қосыла өріліп отырады. Мысалы, «Ой толғақ» кітабы [2, 91] осындай әдебиетіміздің тарихындағы мұраларда бұндай сарындылық Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашидиінде», Шоқан Уәлихановтың жолжазба очерктері мен этнографиялық зерттеулерінде байқалған. Ыбырай Алтынсариннің де этнографиялық очерктерінде публицистикалық сарында сезіледі. Ақселеу Сейдімбектің тарихи сана мен этнографиялық мәселелері байқалған прозасының ғылыми және публицистикалық тұтастық табиғатын да сезінеміз.

Қорыта айтқанда, ғалым-жазушының прозасындағы ұлттық-этнографиялық сипат жаңа Тәуелсіз Қазақ Елі ұрпақтары үшін пайдалы қызмет атқара береді.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Махмұтов С. Аңшылық. 388 бет. // *Кітапта: «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясы. 1 том. / Бас редакторы Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 704 б.*
2. Сейдімбек А. Тауға біткен жалбыз: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1979. – 204 б.
3. Сейдімбек А. Ақиық: әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1972. – 150 б.
4. Сейдімбек А. Қыр хикаялары: повестер. – Алматы: Жалын, 1977. – 160 б.
5. Сейдімбек А. Күңгір-күңгір күмбездер: сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981. – 204 б.
6. Сейдімбек А. Кеніш: Қарағанды облысы туралы кітап. – Алматы: Жалын, 1979. – 112 б.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
8. Сейдімбек А. Қазақтың күй аңыздары (құрылымы және жанрлық ерекшеліктері): филол.ғылым, докторы, дис. Авторефераты. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 1997. – 37 б.
9. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 832 б.
10. Қирабаев С. 1960-1980 жылдардағы қазақ әдебиеті *Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. – Алматы: ҚА, 2005. – 991 б.*

МРНТИ 17.82.90

Ш.Б. Тілеубаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## АБДУЛЛИН КЕНЖЕГАЛИ – РЕПРЕССИЯЛАНҒАН ӘДЕБИЕТШІ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫ

*Аңдатпа*

Мақалада советтік тоталитарлық жүйенің жүргізген репрессия саясатының құрбаны болып атылып кеткен, бүгінгі таңда есімі елге әлі де дұрыс танылмай келе жатқан әдебиетші әрі ағартушы, журналист, педагог Абдуллин Кенжеғалидың өмірінің кейбір кезеңдері, оның әдебиет саласына қосқан үлесі және ағартушылық бағытында атқарған қызметтері жайлы баяндалады. Сондай-ақ оның Алаш қозғалысын қолдап оған белсенді атсалысуы, алаш баспасөзін ұйымдастырудағы еңбегі, ол туралы кейінгі кездері жазған әдебиетші ғалымдардың пікірлері талданған.

**Кілтті сөздер:** әдебиетші, ағартушы, алашорда, редактор, репрессия, архив, мұғалім.

Ш.Б. Тлеубаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Candidat of historical sciences, Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: Shamek\_09@mail.ru*

## ABDULLIN KENZHEGALI - REPRESSED LITERATOR AND ENLIGHTENER

*Abstract*

The article discusses the little-known periods of life of Abdullin Kenzhegali - a writer, educator, journalist, teacher, who once became a victim of the repressive policies of the Soviet totalitarian system, a contribution to Kazakh literature and enlightenment activities. As well as his support and active participation in the Alash movement, his labor contribution to the organization of the Alash press, the scientific views of modern scholars about him are analyzed.

**Key words:** writer, educator, alashorda, editor, repression, archive, teacher.

Ш.Б. Тлеубаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

## АБДУЛЛИН КЕНЖЕГАЛИ – РЕПРЕССИРОВАННЫЙ ЛИТЕРАТОР И ПРОСВЕТИТЕЛЬ

*Аннотация*

В статье рассматриваются малоизвестные периоды жизни Абдуллина Кенжегали - литератора, просветителя, журналиста, педагога, ставший в свое время жертвой репрессивной политики советской тоталитарной системы, вклад в казахскую литературу и просветительская деятельность. А также его поддержка и активное участие в движении Алаш, трудовой вклад в организации алашской прессы, анализируются научные взгляды ученых литераторов современности о нём.

**Ключевые слова:** литератор, просветитель, алашорда, редактор, репрессия, архив, учитель.

Қазақстан тәуелсіз ел ретінде тарих сахнасына шыққан уақыттан бері өткен тарихымыздың ақтандақ беттерінің біршамасы жаңаша зерттеліп өз бағасын алуда. Десек те, әлі де бүгінгі күннің сұраныстарына сай қайта қарастыратын мәселелері жеткілікті. Ол әсіресе, советтік тоталитарлық жүйе тұсында зерттеуге тиым салынып келген немесе белгілі тар таптық идеология тұрғысынан біржақты баяндалған мәселелер. Солардың бірі саяси репрессиялар тарихы болып табылады. Елімізде бұл мәселені кең түрде зерттеу өз дәрежесінде жүргізілмей келеді. Оған бірінші кезектегі себеп жабық архив қорларындағы материалдардың зерттеушілердің қолына дұрыс берілмей түрлі бюрократиялық шектеулердің қойылуы.

Ал, тоталитарлық жүйенің жүргізген репрессиялық саясатының жазықсыз құрбаны болып атылып кеткен немесе жер аударылып түрлі лагерлерде жапа шеккен азаматтар аз емес, олардың ішінде алаштық зиялылар да баршылық. Солардың бірі жалған айып тағылып жазықсыз атылып кеткен, әлі күнге дейін

есімі елге дұрыс танылмай, белгісіз болып келе жатқан алаш зиялыларының бірі әдебиетші әрі ағартушы, журналист, педагог Абдуллин Кенжеғали.

Біз кезінде бірнеше жыл Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архивтерінде отырып зерттеу жүргізіп репрессияға ұшыраған Алаш зиялыларының, тағы басқа да азаматтардың архивте сақталған тергеу істерімен танысуға мүмкіндік алған едік.

Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің архивінде Кенжеғали Абдуллиннің контрреволюциялық қызметі үшін айыпталған № 09279-ыншы ісі сақталған. Ол істегі тұтқындалушының анкетасындағы мәліметтерге қарағанда Кенжеғали Абдуллин 1896 жылы Орынбор облысы Қуандық ауданының Әлімбет ауылында дүниеге келген. Тұрақты мекен-жайы: Алматы қаласы, Ленин проспектісі, Қазақ өлкелік ауылшаруашылық мектебінің жатақханасы, № 110-ыншы бөлме. Мамандығы – мұғалім. Білімі – орта, 1916 жылы «Ғалия» медресесін бітірген. Отбасы құрамы: - үйленген, екі қызы, бір ұлы бар деп көрсетіледі. Кенжеғали Абдулинді 1937 жылы 22 желтоқсанда ҚазССР Ішкі Істер Халық Комиссаратының Мемлекеттік Қауіпсіздік Басқармасының 3-ші бөлімі тұтқындаған [1, 4-п.].

Осы жылдың 25 желтоқсанында жүргізілген тергеу хаттамасында берілген анықтамада: мұғалім және № 7 «а» мектебінің меңгерушісі, әлеуметтік тегі – кедейлерден. Революцияға дейінгі әлеуметтік жағдайы – мұғалім деп беріледі. Ал отбасылық құрамына байланысты мынадай мәліметтер бар: жұбайы – Фатима, қыздары – Лена, Сәуле және ұлы – Нариман. 1936 жылы БК(б)П құрамынан «партиялық билетін дұрыс сақтамағаны және Алашорданың халық сотының хатшысы болғаны үшін шығарылған» деп көрсетілген.

Тергеу материалдарындағы келтірілген мәліметтерге қарағанда Абдуллин Кенжеғали Алаш қозғалысы белсенділерінің және алаш баспасөзін ұйымдастырушылардың бірі. «Ұлт», «Насихат», «Қазақтың қамы» сияқты бірқатар шығармалардың авторы. Революцияға дейін Ақтөбе облысы 2-інші Бөрте болысының ауқатты адамы Бейсембай Тыныштықбаевтың қаржыландырып тұрған «Сәуле» атты жеке меншік бастауыш мектепте мұғалімдік қызмет атқарған. Осы мектепте жұмыс істей жүріп 1917 жылы шапирографтық тәсілмен «Балапан» атты газет шығарған. Азамат соғысы жылдары Алашорда жасағына ерікті болып кіріп, алаш әскерін жасақтауға қатысқан. Совет үкіметі тарапынан Алашорда таратылған соң 1920-1924 жылдары Орынбордағы Қазақ педагогикалық институтында мұғалім болып жұмыс істеген. 1924 жылдан бастап Ақтөбеде, кейін Қазақстанның басқа да облыстарында аудандық және облыстық газеттерде редакторлық қызметтерде болған. 1936 жылы Алматыға келіп Ұлттық мәдениет институтында және Қазақ ауылшаруашылық мектебінде мұғалімдік қызметкер атқарған.

1937 жылдың 22 желтоқсанында тұтқындалған Кенжеғали Абдуллин 25 желтоқсанда бір рет қана тергеуге алынады. Тергеу барысында оған мынадай сұрақтар қойылып, жауаптар алынған екен:

- *Сұрақ:* БК(б)П құрамынан не үшін шығарылдыңыз ?

- *Жауап:* Алашордашы ретінде және партбилетті дұрыс сақтамағаным үшін.

- *Сұрақ:* Алашорда құрамында қай жылы кірдіңіз және қанша уақыт болдыңыз?

- *Жауап:* 1919 жылдың басынан 1919 жылдың мамыр айына дейін Алашорда халық сотының хатшысы болдым.

- *Сұрақ:* Сіздің әкеңіз молда болды ма ?

- *Жауап:* Жоқ, болған жоқ.

- *Сұрақ:* Сіздің әкеңіздің ертеректе молда болғанын тергеу анықтаған, шыныңызды айтыңыз?

- *Жауап:* Менің әкем молда болған жоқ.

- *Сұрақ:* «Сіз баспасөз органдарында және оқу орындарында жұмыс істеу барысында контрреволюциялық алашордалық және антисоветтік үгіт жүргіздіңіз» деп айыпталасыз? Өз кінәңізді мойындайсыз ба?

- *Жауап:* Жоқ, өзімді кінәлімін деп мойындамаймын!

Хаттама соңында «Хаттаманы оқыдым, менің сөздерімнен дұрыс жазылған және сол үшін қол қоямын» деп жазылып, қолы қойылған [1, 11-п.].

Осылайша большевиктік биліктің алдында өзінің еш кінәсі жоқ екенін ашық айтып, тағылып отырған айыптауларды мойындамаған Кенжеғали Абдуллинге 27-ші желтоқсан күні айыптау қорытындысы толтырылады да, 28-ші желтоқсан күні оның ісі Ішкі Істер Халық Комиссариатының Алматы облысы бойынша «Үштігінің» қарауына жіберіледі. «Үштік» 29 желтоқсан күні оған «Алашорда сотының аппаратында жұмыс істеген, Алашорда әскерінің құрамында болған, Кеңес өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізген. Созақта аудандық газетте редактор болған, ұлтшылдар тобына жетекшілік жасаған, контрреволюциялық жұмыс жүргізген. Контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға қатысқан, ұйымға оны Құлымбетов тартқан. Құрамысов және Жұбановпен контрреволюциялық байланыс жасады, солардың

тапсырмасы бойынша өнер және оқу орындарында белсенді контрреволюциялық жұмыстар жүргізді» деген жалған айыптар тағып ату жазасына кесу туралы үкім шығарады. Үкім 30 желтоқсанда іске асырылған. Осылайша алаш зиялысы, әдебиетші-ағартушы Абдуллин Кенжеғалидың тағдыры тұтқындалғаннан кейін бір аптадай уақыттың ішінде-ақ шешілген еді [1, 12-15 пп.].

1989 жылы 11 сәуірде Алматы облыстық Прокуратурасының Кенжеғали Абдуллинді ақтауға байланысты қорытындысында «ол 18-ші желтоқсанда тұтқындалған, 28-інде айып тағылған. Қылмыстық кодекстік бабтары көрсетілмеген» деп береді. Іс бойынша шешім соттан тыс органда қабылданғандығын ескере отырып, Кенжеғали Абдуллин КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы «30-40 және 50-ші жылдардың басында орын алған саяси репрессия құрбандарына қатысты әділдікті қалпына келтіру бойынша қосымша шаралар туралы» Жарлығының I бабына сәйкес келеді деп көрсетілген. [1, 16-п.]. Яғни, Кенжеғали Абдуллин осы Жарлыққа сәйкес ақталған.

Ал енді Алаш зиялысы, ағартушы Абдуллин Кенжеғали туралы тергеу материалдарынан басқа деректер мен зерттеулер бар ма, ол туралы жазылып жүр ме деген мәселеге тоқталсақ. Әрине, Абдуллиннің өмірі мен қызметі жөнінде жазушылар мен әдебиетші-ғалымдардың аз да болса жазғандары бар. Мысалы, ол туралы жазушы Ғалым Ахмедов, белгілі ғалым Қабиболла Сыдиықов, филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше мақалалар жазған екен.

Әдебиетші-ғалым Серікқали Байменше «Кедейдің Кенжеғалиы» атты мақаласында былай дейді: «Кенжеғалиды ұдайы еске салып, ол жөнінде көбірек айтқан, жұртшылық назарын аударуға тырысқан белгілі жазушы Ғалым Ахмедов еді. 20-жылдары Орынборда ашылған оқу орындарында «Ахмет, Міржақып, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Өзім Қадырбаев, Мәжит Шомбалов, Мұхтар Мұрзин, Молдағали Жолдыбаев, Кенжеғали Ғабдуллин, Жұмабай Оразалин және басқалар дәріс оқыды» деп жазды ол. Ғалым Ахмедовтың естелігіне сілтеме жасай отырып, алғаш рет К.Ғабдуллин шығармашылығы туралы сөз қозғаған белгілі ғалым Қабиболла Сыдиықов оның өмірі туралы деректердің өте аз екендігіне назар аударады. Сонымен қатар, Абдуллин туралы профессор Тұрсынбек Кәкішевтің айтқаны жөнінде «Сәкен Сейфуллин мен Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына арналған «Сайыс» атты кітабында профессор Тұрсынбек Кәкішев Кенжеғалиды «мағжаншыл» ақын ретінде атап өткен» - деп көрсетеді [2].

Алаш зиялылары туралы жақсы мәлімет беретін белгілі жазушы Ғалым Ахмедовтың «Алаш, алаш болғанда» атты естелік кітабында Кенжеғали Абдуллин жайында: «20-жылдары газетте қызмет істеген Кенжеғали Ғабдуллин деген ақын жігіттің жақсы аты шығып жүретін. Ұмыттым ғой, әйтпесе өлеңдері қуатты әрі әсерлі болатын. Қазанда «Ғалия» медресесін бітірген ақын төрт өлең кітабы мен әліппе тәрізді оқулығын қазан төңкерісіне дейін-ақ жазған деуші еді...» - деген пікір айтады [3].

Серікқали Байменше ағамыз «Кедейдің Кенжеғалиы» атты мақаласында Кенжеғали Абдуллиннің ағартушылық қызметіне байланысты: «Бала оқытуды өмірінің басты ісіне айналдырған Кенжеғали жазушымен айналысуды да ерте қолға алған. Ауыл мектебінде жүріп шәкірттер күшімен газет шығаруға деген талпынысын айтпағанның өзінде, 1912-1914 жылдары Қазан қаласының баспаханаларынан «Ислам негізі» атты аударма еңбегін, «Қазақ балаларына жәрдем» деген қазақша әліппені, «Өнеге яки нәмуне» деп аталатын дауыстап оқуға арналған оқу құралын жеке кітап етіп шығаруы сөзсіз назар аударуға тұрады. Бұл – қазақ тіліндегі алғашқы оқулық үлгілері. Кенжеғалидың әдебиет тарихындағы орнын айқындайтын өлшем – оның 1917 жылғы төңкеріске дейін екі өлеңдер жинағын шығаруы. Бұлар «Қазақтың қамы» (1913) және «Ұран» (1914) деп аталған. Бұларға қосымша, XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімдік басылымдарға төл шығармаларымен қатысып тұрғанын дәлелдейтін фактілер де аз емес – дейді. Сондай-ақ, «Айқап» журналына «Газет-журналдар туралы» деген шағын хабары, екі өлеңі жарияланыпты. Мысалы, «Қайғым һәм үмітім» (1914) деп аталған өлеңінде ақын өз сөзінің халыққа өтпей-жетпей жатқанына өкініш білдіреді, өзінің шын ойын жұрттың әлі сезіп болмағанын, ел дертіне шипа тапсам деген үміті зор екендігін жан қайғысы ретінде ұсына отырып, түбінде айтқан сөзінің далаға кетпейтініне, елдің осыны түсініп алға қарай ұмтылатынына, болашағын ойлап, білім-ғылым білсе «әмме ағзасын» алтынмен бояғандай боларына үміт артады. Бұл ойларын «Елім» (1915) атты өлеңінде:

Сен өссең,

Күнде жасап, өсем, елім.

Су сепкен оттай өшсең,

Өшем, елім, – деп әрі қарай жалғап, қалың қазақ елінің замананың дауылынан аман-есен қалуын тілейді» – деп жазады [2].

Мақаласының соңына қарай «Кенжеғали ақынның XX ғасыр басында арабша әліппен жарық көрген «Ұран», «Қазақтың қамы» деп аталатын өлең жинақтарын осы күнгі қазақша қаріпке түсіруге талаптанап жүрген жайымызды хабарлай өтсек дейміз. Жеке мұрағатымызда жерлес қаламгердің фотосуреті де

бар. Сондай-ақ Кенжеғалидың ұлттық мерзімдік басылымдарда шашырап жатқан басқа да еңбектерін жинақтап, бүгінгі ұрпаққа ұсынсақ, алашшыл азаматтың соңында қалған сөздеріне халқының бір қайырылғаны болар еді» - деген тілек білдіреді [2]. Әрине ғалымның бұл айтқан тілегі орынды деп білеміз және оны қолдаймыз.

Енді ағартушылық жөнінде және алаштық зиялылар неге ағартушылыққа көп көңіл бөліп оны алдыңғы қатарға шығарды деген мәселе туралы айта кетсек. Бұл мәселеге бүгінгі таңда жаңаша тұрғыдан қарауымыз керек. Оған байланысты белгілі тарихшы, біздің ұстазымыз академик Мәмбет Қойгелдиев қазақ ағартушылығын жаңа көзқарас тұрғысынан түсінуді ұсынып, ағартушылық жайында: «Қазақ қоғамына ағартушылық идеясы Ресей арқылы келгені рас. Бірақ қазақ ағартушылығының мазмұндық және хронологиялық тұрғыдан өз ерекшелігі, тағдыры болды. Қазақ ағартушылығын, әсіресе оның ХХ ғасырдың басына тән кезеңін, еуропалық және орыстық ағартушылыққа еліктеуден туған құбылыс ретінде қарастыру оның табиғатын тура түсіне алмаушылыққа ұрындырар еді. Осы ретте қазақ ағартушылығына тиесілі оның мынадай ерекшеліктерін ескерген жөн. Қазақ топырағындағы ағартушылық идеясы ескі феодалдық тәртіп пен қоғамдық қатынастарға, діни фанатизмге қарсы бағытталуымен бірге, ресейлік отарлық езгіден құтылуға, заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеруге үндеді. Ұлт-азаттық үшін күрес басшылары бұл негізгі мақсатқа жетудің жолы қазақты ұлт ретінде біржола қалыптастырып, оның ұлттық мемлекеттігін жаңғырту арқылы жүретіндігін жақсы түсінді. Басқаша айтқанда, қазақ ағартушылығының идеясы қазақ ақын, жазушы, философ ғалымдарының шығармашылық ізденісі арқылы жалпы ұлттық жобаға айналды.

Кезінде кеңестік идеология қазақ ағартушылығын Шоқан, Ыбырай және Абайдың қызметімен шектеуге тырысты. Ал қазақ ағартушылығының ұраны-девизи ретінде ұлы Абайдың «Орыстың ғылымы, өнері-дүниенің кілті... Балаңа орыстың ғылымын үйрет!» деген тұжырымы алынды.

Қазақ ағартушылығының ұраны ретінде Абай сөзін алған идеологияның мақсаты қазақ мәдениетін ылғи да үйренуші шәкірт және еліктеуші мәдениет дәрежесінде ұстау болатын. Бұл ұстанымдағы қазақ мәдениетінің түпнұсқалық (оригиналды) мазмұны күн өткен сайын әлсіреп, ең соңында көшірме мәдениет дәрежесіне түсуге тиіс еді.

... Бұл арада біздің Абай айтқан пікірдің дұрыстығына шек келтіру пиғылымызда жоқ. Ұлы ойшыл сөзінде тарихи шындықтың табы жатыр. Орыс мәдениеті мен тілі қазақты әлемдік өркениетпен жалғастырған көпір болғаны даусыз шындық. Сонымен бірге, кеңестік идеология жасаған тұжырымды малданып тарихи шындыққа көз жұму да әділетсіздік болар еді. Ал тарихи шындық қазақ ағартушылығының қоғам мойындаған девизи Мыржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) деп тастаған ұраны болғандығын көрсетеді. Қазақты «Маса» болып ояту Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» (1909) және «Маса» (1911) атты кітаптарының негізгі өзегі болғандығы аян. Тіптен, ХХ ғасыр басындағы кітап, мақала жазған ұлт оқығандарының мақсат-мұраты осы ортақ ұстанымға келіп тоғысып жатты.

Егер қорыта айтар болсақ, қазақ ағартушылығының толыққанды қоғамдық құбылыс ретінде көрінуі ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне, яғни алаш зиялыларының қызметіне түс келеді» - деген қорытынды жасайды [4, 235-236 бб.].

Бұл Ресей империясының жүргізіп отырған отаршылдық саясаты жағдайында елінің ертеңіне алаңдап қайтсек халқымыздың көзін ашып, білім беріп, ғылым үйретіп ел қатарына қосамыз деп қам жеген Кенжеғали Абдуллин сияқты алаш зиялыларының атқарған ағартушылық қызметіне, олардың Ел мен Жердің тұтастығын, ұлттың бірегейлігін сақтауға ұмтылған әрекеттеріне берілген әділ баға деп есептейміз.

Әдебиетші әрі ағартушы Кенжеғали Абдуллинге советтік тоталитарлық жүйенің репрессиялық аппараты «ұлтшыл» деген және т.б. айыптар таққаны еді. Қазіргі қоғамда ұлтшылдыққа деген көзқарас әліде дұрыс болмай отырған сияқты. Біз бүгінгі таңда ол кезеңдегі қазақ ұлтшылдығын прогрессивті идея ретінде дұрыс түсінуіміз керек. Академик Мәмбет Қойгелдиев ұлтшылдықты тура түсіну үшін мынадай тұжырым жасайды: «Қазақ ұлтшылдығы, сондай-ақ кейін большевиктер партиясы дәлелдеуге тырысқандай өмірде болмаған «қазақ буржуазиясының» мүддесін қорғау мақсатында қолдан жасалынған ұстаным еместін. Қазақ ұлтшылдығының діңгегі, «менің ұлтым өзгеден артық» сияқты мазмұндағы ой емес, елім, жұртым деген саналы азаматтың құлдықтан азаттыққа ұмтылған жұртын өзгемен тең ету жолындағы жанкешті қызметке эзірлігін білдіретін ұстаным болатын» [5, 211-212 бб.].

Осы тұрғыдан алғанда әдебиетші, ағартушы, журналист, педагог Кенжеғали Абдуллиннің «Қазақтың қамы» үшін атқарған ағартушылық қызметі, ұлтшылдық ұстанымы орынды еді.

Қорыта келе айтарымыз, қазақ қоғамына білім нұрын шашып ағартуға ұмтылған ұстаз, әдебиетші, журналист Кенжеғали Абдуллиннің есімін елге кеңірек таныту, оның ағартушылық пен әдебиет саласындағы қызметін, ел мүддесі мен ұлттың бірегейлігін сақтау жолында атқарған басқа да қоғамдық қызметтерін тереңірек зерттеу бүгінгі таңдағы отандық гуманитарлық ғылым салалары үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан тарихшы, әдебиетші, т.б. ғалымдар Кенжеғали Абдуллин сияқты әлі де болса белгісіз болып келе жатқан ұлт зиялыларының өмір жолын, олардың қызметін жан-жақты зерттеуге атсалысып бүгінгі қоғамға дұрыс жеткізгеніміз жөн.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің архиві. 6-қор, 09279-іс.
2. Серікқали Баймешие. «Кедейдің» Кенжеғали. //«Ақтөбе» облыстық қоғамдық-саяси газет. 2012 жыл, 12 қаңтар. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=15692>
3. Болғанда мен – тоқсанда, ол сексенде... // «Егемен Қазақстан» газеті, 1999 жыл, 17 желтоқсан.
4. Қойгелдиев М. Қазақ Елі: ұлттық бірегейлік сақтау жолындағы күрес (XIX-XXI ғ. басы). Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 432 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басалымы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 бет.

МРНТИ 821.0:378

*Г.Б. Тоқшылықова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ «ЖОҒАЛҒАН ҰРПАҚ» МӘСЕЛЕСІ

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі “жоғалған ұрпақ” мәселесі жазушы Төлен Әбдіктің “Тұғыр мен ғұмыр” повесі аясында талданады. Әлем әдебиетіндегі “жоғалған ұрпақ” мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген жазушы Эрих Мария Ремарктың “Батыс майданында өзгеріс жоқ” шығармасымен салыстыра көрсету арқылы бұл ұғымның қазақ әдебиетіне де мүлде жат құбылыс еместігі анықталды. Қазақ тарихындағы тұтас бір ұрпақтың тарихын қамтыған, гуманизмді дәріптеген, соғыстың үлкен зұлымдық екенін, соның ішінде өзіне тиесілі тағдырының қожасы бола алмаған, алданған, ертеңгі күнге деген үмітінен айрылған, рухани қажыған ұрпақтың шындығын көрсеткен “Тұғыр мен ғұмыр” повесінің дер кезінде көтерілген туынды екені нақтыланды. Қаламгердің аталған шығармасында “жоғалған ұрпақ” мәселесінің кеңінен айтылып, көтерілуі – тәуелсіздіктің жемісі деп саналады.

**Кілт сөздер:** жоғалған ұрпақ, тәуелсіз қазақ әдебиеті, авторлық концепция, идеология, ұрпақ тағдыры

*G.B. Tokshylykova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.*

## THE PROBLEM OF "LOST GENERATION" IN THE KAZAKH PROSE

*Abstract*

In this article, the problem of the “lost generation” in modern Kazakh literature is analyzed according to the novel “The Pedestal and Life” by the writer Tolen Abdick. It turned out that the concept of a “lost generation” in world literature, created by Erich Maria Remarque in the novel “The Western Front Without Changes”, is typical of Kazakh literature. In this work of Tolen Abdick “The Pedestal and Life”, the story of the entire generation of the Kazakh people is told that war is a great tragedy for any nation and it cripples the fate of millions of people. The story glorifies humanism and reveals the truth of the spiritually "spoiled generation." They lost their own fate and life, but were deceived by the authorities. Their hopes were not justified. It is believed that the raised problem of the “lost generation” in the work of T. Abdik is the result of independence.

**Keywords:** lost generation, independent Kazakh literature, author's concept, ideology, the fate of generations

Г.Б. Тоқшылыкова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

## ПРОБЛЕМА «ПОТЕРЯННОГО ПОКОЛЕНИЯ» В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

### Аннотация

В данной статье проблема «потерянного поколения» в современной казахской литературе анализируется по роману писателя Толена Абдика «Постамент и жизнь». Выяснилось, что концепция «потерянного поколения» в мировой литературе, созданная Эрихом Марией Ремарк в романе «На Западном фронте без перемен», типично и для казахской литературы. В данном произведении Толена Абдика «Постамент и жизнь» говорится история всего поколения казахского народа, что война великая трагедия для любого народа и он калечит судьбу миллионов людей. Повесть прославляет гуманизм и показывает правду духовно «испорченного поколения». Они потеряли свою собственную судьбу и жизнь, и были обмануты властью. Их надежды не оправдались. Считается, что поднятая проблема «потерянного поколения» в творчестве Т. Абдика является результатом независимости.

**Ключевые слова:** потерянное поколение, независимая казахская литература, авторская концепция, идеология, судьба поколений

**Кіріспе.** Бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиетінің даму үдерісінде айтылуға тиіс тағы бір дүние – “жоғалған ұрпақ” (“lost generation”) мәселесі. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әдебиетке енген “жоғалған ұрпақ” сарыны, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем әдебиетінде қайта жаңғырып, “разбитое поколение” (АҚШ), “рассерженные молодые люди” (Англия), “поколение вернувшихся” (ФРГ), “потерянное поколение” (Ресей) деген атпен белгілі болды. Әдебиеттанушы ғалым А.Ісімақова жоғалған ұрпаққа “бұлардың бәрі соғыста аяқ-қолдарынан айрылып, тек тәннің жаралануына ұшырағандар емес. Олар соғыста келешекке, өмірге деген жарқын сенімдерінен айрылған ұрпақ” [1, 25] деп баға береді. Аталмыш термин, яғни “жоғалған ұрпақ” деген атау жазушы Гертруда Стайнға тиесілі. Соғыстың сұмдық қасірет екені өтірік емес, бірақ тірі келген адам қайткен күнде де өз-өзін табуы қажет. Әрі қарай өмір сүруге дағдылану, адам болып қалу, өмірдің қызық сәтіне қуана білу қажет.

Бұл әдеби сарынның көшбасында “Ұлы Гэтсби” және “По эту сторону рая” романдарымен Фрэнсис Скотт Фицджеральд тұрды [2, 19]. Эрнест Хемингуэйдің лейтенант Фредерико мен медбике Кэтрин екеуінің оқиғасына құрылған “Қош бол, қару” романы да – соғыс пен махаббат жайында сөз қозғайды [3, 125]. Ричард Олдингтон “Қаһарманның ажалы” романында өз заманындағы ұрпақтың, құрдастарының тағдыры жайлы, әлі бейбіт өмірді көріп үлгермей жатып, өмірден түңілген жандар туралы жазды. Анри Барбюс шығармашылығында “От” романы – соғысқа қарсы романдарының алғашқысынан саналады. Хат, күнделік формасында жазылған романда соғыстың бар қитұрқылықтары егжей-тегжейлі баяндалады. Соғысты адамдарды құрту, жою жұмысы деп таныған автор туындысы кейіпкердің ішкі ауыр, жан күйзелісі, әскери көріністерді сипаттап тұратын реалийлерден түзілген. Қаламгер Эрих Мария Ремарк болса соғысты адам бойындағы ең жақсы деген қасиеттері өлетін “үлкен шұңқырға” тeneйді. Жазушының атын әлемге танымал етіп, Нобель сыйлығына ұсынылған “Батыс майданында өзгеріс жоқ” атты романында тағдыры ұрланған тұтас бір ұрпақтың жайы сөз болады.

**Әдістеме.** Кеңестік идеологияның қатаң бақылауында болған қазақ әдебиетінде бұл мәселе бүгінге дейін мүлде сөз болмады деп айта алмаймыз. Бірақ үнемі цензураның тырнағына ілігуден қорқып, үркіп отырған төл әдебиетімізде бұл мәселе ашық айтылмай, астарлап айтылып, символмен беріліп келгені жасырын емес. Ресей империясының қазақ тарихындағы зорлықшыл тарихи реформаларын көзімен көріп үлгерген жазушы Б.Майлин қазақ аулының көркем әрі ұзақ тарихи шежіресін шеберлікпен кестелеп берді. XX ғасыр басында орын алған ұлт-азаттық қозғалыс, одан соң Қазан төңкерісі, бір емес екі рет қолдан жасалған әрі қаншама қазақтың өмірін жалмаған аштық, “Кіші Қазан” аталған конфискация сынды дүрбелең реформалардың көп жағдайда құрғақ насихатпен, күш қолданумен, асыра сілтеумен өткізілгендігіне жазушының өзі куә болғандықтан “Күлпаш”, “Аштық құрбаны”, “Айт күндері” сынды шығармаларды тудырып, өзі де 1936-1937 жылғы нәубеттің құрбаны болып кете барды. Халық басына түскен шырғаланды ашық айтса, басын бұлт шалатынын жақсы түсінген жазушы қауым өкілі “ақырын жүріп, анық басуға” көшті, бірақ жазуын, айтуын тоқтатқан жоқ. М.Мағауиннің “Бір уыс бидай”, Б.Сокпақбаевтың “Өлгендер қайтып келмейді”, О.Бөкейдің “Атау-кере”, Т.Әбдіктің “Әке», “Тозақ оттары жымындайды”, “Тұғыр мен ғұмыр” туындылары – осының дәлелі. Бұл “қазақ халқының қасіретке толы



кер заманның тарихын шежірелеген шыншыл шығармалардың” [4, 125] біздің әдебиетімізге қосылған зор үлес екенін жоққа шығара алмаймыз.

Әлем әдебиетінде дер кезінде көтеріліп, әлі күнге талданып келе жатқан осы шығармалардың барлығына ортақ нәрсе – соғысқа қарсылық, гуманизмді дәріптеу, ұрпақтың жоғалу себебін көрсету, соғыстың шындығын жасырмай, оның үлкен зұлымдық екенін дәлелдеу. Соғыс қанына тұншығып, майданнан тірі оралса да өмірден өзіндік орнын таба алмаған, рухани қажыған ұрпақтың алданғанын, өзіне ғана тиесілі тағдырының диктаторлардың, мансапқұмар әлдекімдердің амбициозды әрекеттерінің салдарынан ұрланғанын, олардың әділетсіздіктің құрбаны болғанын түсіндіру. «Екінші дүниежүзілік соғыстың адам құқығын аяққа таптап, өмірін түкке тұрғысыз етіп көрсетуі, соғыстың салдары адамзатқа, жалпы әлеуметке қатты әсер етті» [5, 4]. Біздің мақсатымыз – соғыстың үлкен зұлымдық екенін көрсеткен екі ірі автор Э.М. Ремарк пен Т.Әбдік туындыларындағы сабақтастықты көрсете отырып, әлемдік мәселе саналатын – “жоғалған ұрпақ” мәселесінің қазақ әдебиеті үшін де мүлде жат құбылыс емес екенін көрсету. Алдымен Ремарктың “Батыс майданында өзгеріс жоқ” туындысына тоқталсақ.

Романда соғыстың бүкіл қиындығы баяндалады: аштық, битпен, егеуқұйрықпен арпалыс, қиындыққа шыдамай, қорыққан солдаттардың жынданып, есінен адасуы, ерекше қатты қорыққанда адам бойында пайда болатын ессіз елірмелік т.б. бұл ұрпақтың маңдайына жазылған тағдыр осы еді. Бораған оқтың сұрапыл соққысы бақытсыз боздақтарға тым ауыр сын болды. Соғыс басталғанда әлі өрімдей жас бала болып, оң-солын танымай, отан қорғау міндетіне аттанған, осылайша қалыпты өмір сүру ырғағынан айрылып қалған, қазақша айтқанда қайырлап қалған кемедей болған жастардың тағдыры осы ұғымның аясына сыйып кетті. Казармада солдаттың жүйкесіне тиетін істер де аз емес еді: әйтеуір бір мін тағып, төсекті 14 рет жинату, казарманың еденін тіс шөткесімен тазалау, казарма ауласының қарын шөтке, қалақшамен тазалау, сақылдаған сары аязда винтовканың оқпанын қолғапсыз жалаңаш қолмен ұстап, тік тұруға жаттықтыру, іш киімнің шеті 1 см артық шығып кеткені үшін түнгі сағат 12-де казарманың жоғарғы қабатынан қораға 8 рет жүгіріп шығып, жүгіріп қайта оралу сынды жазаның түрлері көп еді. Соғыс оларға не үйретті: имену, ұялу ғана емес, басқа да толып жатқан әдеп, инабаттың бәрін белден басып өтуге дағдыланды, дөрекі де тұрпайы, мейірімсіз, қатігез болып кетті, тек былапыт тілде сөйлейді. Бірақ, соғысқа бармаса алдағы болашағының есігі жабылар еді. Канторек секілді патриоттық сезімі қашан да дайын тұратын, соғысқа бару арқылы ғана өзінің адамгершілігін сақтап қалатындығын санасына құядан жалықпайтын “насихатшылар” мыңдап табылады, олар игілікті іс істедім деп ұғады, одан арғы жағын ойлауға жанын қинамайды. Осының өзі олардың тоғышарлығын әшкерелеп, солдаттар алдында абыройдан жұрдай қылады. Рас әдепкіде жасөспірім жастардың басында бұлдыр идеал толып жатқандықтан, соның ықпалымен олар болашақ өмір, соғыстың өзін бір қиял-ғажайып, романтикалық бояуға малынып тұрғандай көретін. Өрімдей жастар үшін Канторек олардың еңбек пен азаматтық борыш әлеміне, мәдениет пен прогресс дүниесіне қадам басуына жәрдемдесуі керек, болашақтың арасын жалғастыратын көпір боп қалуы керек болатын. Олар Канторек сынды “тұлғалардың” беделін қалтқысыз мойындап үлгерген, жүректің түбінде оларға деген мызғымас сенім жататын. Бірақ, сол сенімдері ақталмай, барлық құрбандықтың далаға кеткенін олардың санасы қабылдай алмады. Іштей қажып кетті. Өмірдің әлі табалдырығында ғана тұрған, әлі тамыр жайып үлгермеген жастарды соғыс ағыны өз ырқымен алып кетті, бірден тереңіне батырып, тұңғиығына тартты деуге болады. Жиырма жасар жігіттің бар білетіні – карта ойнау, боғауыз сөз айту, соғысу. “Ендігі жерде біз жастардың қатарына жатпаймыз. Біз қашқынбыз. Өзімізді өзіміз тағдырдың тәлкегіне тастап қашып барамыз, өз өмірімізден өзіміз жеріп қашамыз. Біз он сегіз жаста ғана едік, осынау жарық дүниені, өмірді сүюді жаңа ғана бастағанбыз, амалсыз соған өзіміз оқ атуға тиіс болдық. Алғашқы жарылған снаряд тура біздің жүрегімізге тиді. Біз адамға тән ойлы іс-әрекеттен, мақсат-мүддеден, жаңашыл прогрестен қол үзіп, оқшау қалдық. Ендігі жерде біз солардың дұрыстығына сенбейміз. Біз соғысқа ғана сенеміз” [6, 12] деген жастардың болашағы бұлыңғыр, соңы немен тынары, қай жағына шығатыны өздеріне де белгісіз.

Ремарк кешегі солдатты қатігез соғыс жауызға, зұлымға, кісі өлтірушіге, тіпті албастыға айналдырып жібергенін шебер көрсете білген. Олардың оқ тесіп шұрқ-шұрқ болған санасы ашынған, талған сезімінің қауқарсыздығын амалсыз мойындап үлгерген. Себебі, жұлыныңды аралап жатқандай жаныңды түршіктірер үрейлі елегізу бойларын жайлап алған, қимылдауға дәрмендері жоқ. Өздерінше осынау қиямет-қайымға тектен-текке бармағанын, саз-батпаққа бекер малтықпағанын өздеріне дәлелдегісі, өздерін соған сендіргісі келеді. Шындықтың бәрін автор солдаттың аузымен айтады: оқ атып, гранат лақтырып, белуардан от кешкен екі жылды кір киімді шешкендей лақтырып тастау мүмкін еместігі аян. Соғыс кейінге серпіліп, өмір шеңберінің ұштары бейбітшілікпен ұласса да, бұл шеңбердің ішінде олар жоқ. Әуел бастан

жамандықты күтіп, соғысқа әзір тұруға дағдыланып, үйренген солдат қашан да жақсылыққа сенімсіздікпен қарайды.

Олар жастықтың буымен соғыс жағдайына тез бейімделгенімен, бейбіт өмірге үйренісіп кете алмады. Олар үшін көптің ортасында болу қиын, себебі ешкіммен тіл табысып, шүйіркелесе алмайды, ортақ тақырып та жоқ, сөйлесуге құлқы да жоқ. Соғыс олардың өмірге деген көзқарасын өзгертті, олар бейбіт өмірге сыймады, мамыражай әлем олар үшін бөтен дүние секілді. Бұрын дәл солар секілді өмір сүріп, тіршілік еткенімен, қазір тіл табыса алмайды. Ортада көзге көрінбес терең құз бар сынды. Соғысты ұмытуға тырысқанымен, бұл дүниенің күйкі тіршілігі де жирендіріп, дүние шеңбері өте тар секілді көрінді. Адамдарға әрі жирене, әрі қызыға қарайды. Өйткені, соғыс оның достарының өмірін жалмап қана қойған жоқ, оның денесіне, ішкі жан-дүниесін де билеп-төстеп, өзгертіп жіберді. Ремарктың кейіпкерлері де үйіне оралған соң “көз жанарымен – олардан өтінгендей болып, менімен сөйлесіндерші, орталарына алсаңдаршы дегісі келеді. Уа, өмір, бір кездегі бейқам, жайбарақат көрікті өмір, қайтадан алшы мені құшағыңа” [7, 25] десе де, бойын жатырқау, жатсыну сезімі билеп алған. Өзінің жарқын болашаққа апарар жолынан айрылған, одан қуылып, қуғынға ұшырағанын түсінеді. Оның үстіне өмірді шақыра беруден де қорқады, тілеуін қабыл алып, алдынан шыға келсе, ар жағында не болатынына көзі жетпейді. Соғыс туралы ойды тереңдете берудің де, оның арты тұңғыздыққа тартып әкететінін де түсінеді. “Біз не қылған бақытсыз едік!” [8, 63] деп іштей егіледі, бірақ көзінен жас шықпайды, себебі ол кешегі отан қорғаушы солдат болғандықтан сыртқа ештеңе білдіргісі келмейді. Бірақ, ет пен сүйектен жаралған жан үшін бұл оңай еместігі түсінікті. “Біреудің басына душар болған алапат ауыртпалықтың жан түршігерлік азабы қаншалықты ауыр екенін басқа біреу ешуақытта тап соның өзіндей сезіне алмақ емес, біздің заманымызда соғыстың шыға беретін себебі сол болса керек” [8, 98] деген сөздер осының дәлелі. Мұғалімдері бейнелеп берген Отанының классикалық идеалын майдан даласында тек адамның адамдық қасиетін жою мақсатын жүзеге асырғанда ғана бой көрсететінін олар жастыққа тән қырағы көзбен көріп, байқап үлгерді. Себебі, солдат өте сезімтал келеді. Мектеп қабырғасында үйренген теория, теорема, заңдылықтар мен “жоқтан өзге көр-жерді миға құюға әрекеттенудің” ешқайсысы да майдан шебінде қажет болмай қалғанын түсінеді. Керісінше, соғыс даласы оларға жаңбырдың астында немесе желдің өтінде тұрып шылым тұтатуды, су отынмен отын тұтатуды, қоян-қолтық ұрыста көк сүңгіні қабырғадан сұқпай, іштен салу керек екенін, өйткені оны лезде қайта суырып алу оңай болатынын үйретіп, бойларына “әуелі тірі қалу керек” деген үрейді сіңдірді. Олар шындықты сол қалпында қабылдап үлгерді. Мәселен, өлгелі жатқан Кеммерихтің бүгін бәтәңкесін өзіне алғысы келген Мюллерді біз қатігез, мейірімсіз деп еш кінәлай алмаймыз. Шындығында ол досы Кеммерих үшін тікенді сымның үстімен жалаң аяқ жүруге әзір жан. Оның тағдырына қабырғасы қайысып, іштей қасірет тартып, жаны ашитыны да рас. Бірақ, санаулы уақыты ғана қалған Кеммерихтен гөрі соғыс даласында жүрген өзі үшін бұл аяқ киімнің қажеттілігі, пайдалырақ екені ақиқат. Сонымен бірге, олардың жүрегінде әрқашанда өзара көмекке дайын тұратын татулық күшті дамыды, соғыс туғызған жалғыз-ақ жақсылық – осы сезімнің ұлғайып, нағыз жолдастыққа дейін өсуі деуге болады.

**Нәтижелер.** Қаламгер Т.Әбдіктің “Тұғыр мен ғұмыр» туындысында «жоғалған ұрпақ» мәселесінің кеңінен айтылып, көтерілуі – тәуелсіздіктің жемісі екені ақиқат. Мұнда Батыр есімді кейіпкердің басынан кешірген оқиғасы бір күннің ішінде шешімін тауып, көңілдегі шерін тарқатып, кейіпкер жаны тынышталады. Тағдырдың тәлкегімен допша домалаған, өмірі күн мен түн секілді өткен, өмір бойы еркінен тыс, санасынан тыс бір зорлықтың ықпалында жүрген жанның тарихы баяндалатын шығармада кешегі таны-мал ғалым, лауазымды қызметкер, “халық жауы» деп танылған Шәйкеннің ұлы Батырдың тағдыры сөз болады. Повесть оқиғасы 80-жылдың ішінде, күз айында “Жеңіс» (бұрынғы Ақшоқы) поселкесінде өтеді. Поселке атауын автор “Жеңіс» деп бекер атап отырған жоқ. Бұл атауды сомдаған кейіпкері – жоғалған ұрпақ өкілі, кешегі Батыр, Якут, бүгінгі Борис Николаевич Ивановтың *өзін-өзі жеңуі, ар алдындағы азабынан арылуы*, тарих үшін де беймәлім болып келген бар шындықтың ашылуымен байланыстырады. Оқиғаның басталуынан-ақ, “сұр плащ, сұр қалпақ киген қарасұр адамның» автобустан түсуі – оқиғаның жанды жадыратар шуақты оқиғаға емес, еңсені езетін сұп-сұр сипатта өтетінін аңғартады. “Адамның басы – Алланың добы» деген. “Бір кезде дәурені жүріп, абыройы артқан, дастарқаны дос-жаранға, жақсы мен жайсаңға күнде жайылып, думанды да қызықты күндері көп болған отбасының шаңырағы ортасына түседі» [10, 21]. Әкесінен кейін бір аптадан соң шешесі қамалып, «азап пен уайымның шегіне жеттім», бұдан басқа бақытсыздық болуы мүмкін емес деп жүрген бала жалғыз қарындасы Раушанға суық тиіп, өлді деген хабар келгенде көтере алмай қиналады. Есіріктеніп, орынсыз сөйлеп, орынсыз күле бастаған соң, ауруханаға жатқызылып, бір айдан соң есін жинап, қалпына келді. Міне, осы тұста оның екінші өмірі басталады. Өйткені ол бұрынғы Батыр емес, бөтен, сөйлеген сөзінде, мінезінде, көзқарасында жаттық бар

балаға айналады. Жан күйзелісін алыстан ғана сезініп, әлдебір доғал түйсікпен жүрген осы күйін өзі үшін дұрыс болды деп таниды. Өйткені қайғының жетегінде кетсе, тірі қалуы неғайбыл болатын. Әрине, басына түскен нәубеттің орасан үлкендігінің мәніне ол жете алған жоқ. Құлама жардың шетінде тұрғандай, құйка тамыры шымырлап, әсері жоқ, жылуы жоқ мағынасыз уақытты өткізіп, жүріп жатты.

Батыр қабылданған интернаттағы халық жауларының балаларына деген қарым-қатынас, көзқарасты қорқынышты: олар есігі дұрыс жабылмайтын, терезесінен жел саулаған, сыз қабырғалы ескі бөлмелерде, тозығы жеткен ескі-құсқы бірдененің үстінде жатты. Тамақты бөлек үстелде ішті, жоғарыдан өкілдер келгенде бұлар сапқа тұрғызылмайды, еден жуу, отын-су тасу секілді қара жұмыстың бәрі солардың мойнында. Қорлық, зорлықтың алуан түрі жасалатын бұл ортада кім көбірек қатігез болса, соның беделі үстем. Бірақ осы жасалып отырған қиянаттың өзі бұл қорғансыз балаларға аз секілді көрінетін қатігез жандар да жоқ емес. Оның жанды бейнесіндей болған интернат директоры мен география пәнінің мұғалімі Ерғазыны айтуға болады. Негізгісі – әлдебір идеяларымен көзге түспесе жүре алмайтын белгілі белсенділердің бірі, өзі басқаратын мектептің үкімет пен партия саясатын қалай қолдап жатқанын білдіру үшін дуылдатып жиналыс өткізгіш; халық жауы болып атылған, түрмеде жатқан әкелерінен бас тартып, жаңа өмірге бет бұрған, коммунистік идеяға адал берілген балаларды өзгелерге үлгі ету рәсімін жасағыш, қыстап отырып, балаларды аты-жөндерін өзгертуге көндіргіш *мектеп директоры*. Ал екіншісі, осы интернаттың география пәнінің мұғалімі, бұрын райкомда істеген, өңірде тұңғыш партия ұясын ашқан алғашқы коммунистердің бірі, директордан бастап, мұғалімдердің бәрі өзінен именіп, аулақ жүруге тырысатын, қазір бағы тайып мұғалімдік қызметке түсіп қалған шегір көзді, жарқабақ, қарасұр, қатігез кісі – Ерғазы. Оның балаларға жиі айтатын сөзі: “халық жауының құйыршығы» [10, 15]. Міне, қазақ балалары тәрбиеленіп жатқан білім ордасының басшысы мен мұғалімінің сиқы осындай. Т.Әбдік суреттеген интернат үйіндегі «халық жауларының» балаларына жасалып жатқан бассыздықтар мен оқытушы-мұғалімдерінің әрекеті Ч.Диккенстің “Оливер Твисттің басынан кешкендері» романындағы үнемі моральдық қағажулар (ұрып-соғу, аштан өлу т.б.) мен үлкендердің қатігездігі мен қайырымсыздығын (тамақ сұрағандығы үшін кішкентай қорғансыз балаларды “бунтарь», “іріткі салушы», “революционер» деп танып, тепкіге алатын мистер Бамбл мен миссис Мэннің тоғышарлығы) көріп жататын әлеуметтік үйдің тәрбиеленушілерін еске салады.

**Талқылау.** Зиялы қауым отбасында тәртіп пен тәрбиенің қарауында өскен балаларға мұндай түсінігі, ғұрпы бөлек ортаға бейімделу ауыр тиді; ол ортада олар бөтен, жат адам еді. Батыр мұндай ортада өзі үшін жаңалық ашып, қатты ашудың адамға ерекше күш-қуат беретінін түсінді. Ашуды өзіне серік етіп, оған ерік беру арқылы өлермен күйге еніп, ешкімді басындырмайтын болды. Тентек балалардың өзі бұдан қаймығып, әр күн үшін арпалысқан өлермен күреспен, өгей сезіммен, болжаусыз беймәлім тіршілікпен өте берді. Ол іштей екіге айрылды; екі адамға айналды: оңашада – қанжүректі, қайғылы бала болса; жұрт көзінде мұқалмайтын қайсар бұзақы. Әкесінің өлімін естіген соң бар дүниеден баз кешкендей болған Батырдың өзі үшін ашқан тағы бір жаңалығы – дүниенің жалғандығы еді. Бұл байлам адамзат үшін жаңалық болмағанымен, жас бала Батыр үшін үлкен жаңалық еді. Ремарктағы, Әбдіктегі ұқсастық – кейіпкерлердің жақсылыққа деген сенімін жоғалтуы; олар үшін ешқандай рухани құндылықтың қалмауы. “Бәрі де бекер секілді. Оқу, білім алу, ел қатарына қосылу т.с.с. жалған арман, жалған мақсаттарға ғұмырынды сарп ету неге керек? Баяғыда үйіне қонаққа келіп жүретін үлкендердің бәрі атақты адамдар болатын – бірі ғалым, бірі жазушы, бірі бастық. Бәрі де бір өліммен кете барды. Әйтеуір бір атылатын адамға профессор болып атылдың не, сауатсыз шаруа болып атылдың не? Бәрібір емес пе?» [7] деген тастүйін пікірді өзгертуге тырысып көрудің өзі артық секілді.

Туындыда тағы бір заманның шындығы елес береді. Автор оны тікелей сөз етуді көздемесе де, адамдары аштан қырылып, аман қалғандары жаяу босып, ауданға барар жолда өлген, “қайырсыз мекен» поселкенің үстінен шығуы арқылы жеткізеді. Батырдың өлкемен танысу сапары барысында оған қатты әсер еткенін айтып өтеді. Тіпті, оның кейіпкері бұл өлкенің бір жерін түртіп қалса ар жағынан адам қырылған жаңа тарих шыға келетіндей үркіп қалады. Мұнан автордың бір ғана туындының аясында тым қысқа болса да қазақ тарихында орын алған қанды тарихи оқиғалар мен оның құрбандары болған «жоғалған ұрпақ» туралы тізбекті үзгісі келмеген ниеті байқалады.

Батырдың өмірінде болған, кейінгі тағдырының бұралаң жолға түсуіне негіз болған үлкен оқиға – оның өз еркімен Ұлы Отан соғысына аттануы. “Халық жауларының» балаларын 18-ге толғанда тұтқындайды деген хабарды Ғалым ағасынан келген хаттан оқыған соң, текке тұтқындалып, жазықсыз атылып не түрмеде шірігенше, соғыста өлгенді, абыройлы өлімді артық санайды. Осы тұста Батырға Отан туралы ой келеді: “Өз Отанын жаудан қорғау кез келген адамның азаматтық міндеті екені үлкен зердені қажет етпейтін түсінікті нәрсе деп ойлайтын Батыр. Бірақ ...жауынгерлік рухты көтеретін асқақ сөздер күн

сайын құлағына құйылып жатса да, азғантай ғұмырында көрген осынша қасіреттен кейін, мына елді отаным деп айтуға аузым бара ма деген кесепат ой санасынан көлбеңдеп кетпей қойды. Бұл оймен өзі де келіскісі келмейтін секілді, бірақ соған қисынды дәлелмен тойтарыс беруге шамасының жетпей тұрғанын сезеді» [7]. Неміс қоршауын бұзып шығып, даңқын шығарған ұрыстың батыры атанып, генералдың тапсырмасымен автомат ұстап түскен суретімен бірге “Майданнан репортаж» деген мақаланың кейіпкеріне айналғанда да, ол соғыс даласында атағымды шығарсам деген ниетпен жүрмеген-ді. Бірақ, осы кесепат ой санасын шырғап алса да, туған жердің энергетикасы оны алысқа, сатқындық жасауға жібермеді. Неміс лагеріне тұтқынға түсіп, адам айтқысыз ит қорлықты көрсе де, бостандыққа шығып, болашағының тамұқта өтетінін түсінген жолдастары АҚШ азаматтығын алуға қанша үгіттегенмен, еліне қайтты. Бірақ, туған елмен сағыныш құшағында келіп қауышу маңдайына жазылмады. Күткен дәме, үміт – бәрі адыра қалып, кеңес шекарасына жетпей-ақ, Прагада тергеуге алынып, тағдыры шешілді – он жылға бас бостандығынан айрылып, Сібірге айдалды. Кеңес лагерінде орын алған келеңсіздік, бассыздықта шек жоқ еді. Тағы бір қатал шындық – кеңес лагерінің негізгі қожайындары – қылмыстық топ өкілдері болатын. Мұндағы тіршілікті адами орта деп айту қиын еді. Интеллигенттердің жағдайы тіпті қиын. Адам өлтіру мұнда шыбын өлтіруден де оңай. Батыр да арам өліп қалмас үшін қылмыстық топқа қосылды. Амалы жоқтықтан барса да, ешқашан түзеуге болмайтын бір қателік жасағалы тұрғандай жүрегі шымырлап, сыздай беруінің өзі – жанының тазалығынан, тектілігінен сыр береді. Қанша жыл тағдырдың қатігездігін басынан кешіріп жүрсе де, өзінің ары алдында адал болып қалуды көп ойлайтын. Көп қиналып, бүкіл тіршілігін саралай келіп, ақыры: “Мен өскен қоғамның қылмысты топтан айырмашылығы қайсы? Үкіметтің жасаған қылмысы мыналардікінен аз болып па? Ендеше қылмысты топтардың қайсысында болғанында тұрған не бар?» деп өз шешімін заңдастырғандай болды [7, 245]. Бұзақылар болса мұның өлген-тірілгеніне қарамастан ұстамалы ашуынан қаймығатын болды. Оның өмірінде талай-талай ауыр оқиғалар болды. Ақыры тұрлаусыз тағдыры тұйықталып, айықпас ауруға шалдыққанда, санаулы күндері қалғанын сезіп, еліне, туған жеріне жетуді мақсат етті. Елге жетіп, барлық күнәсі мен қылмысын мойындап, ағынан жарылып, ең соңғы мауқын басып, туған жерінің топырағын жастанып, мәңгі ұйқыға кетуді армандады. Оның өмірінде орындалған жалғыз-ақ арманы осы болды.

Өмір жолы қиын жанның бар жазығы – дәл осы аумалы-төкпелі, өліара кезеңде дүниеге келуі еді.

Адам тағдыры – қоғам бейнесінің айнасы десек, бір Батырдың тағдырынан қазақ елінің қатпар-қатпар тарихы көрініс береді. Автор өмір шындығын философиялық тұрғыдан пайымдайды. Батырдың тірі жанды түңілдіретін азапты да күрделі өмір жолын баяндай отырып, автор «сұм заманның сұрқы қашқан» болмысын толыққанды бере біледі. Батыр образын өмірбаянын өз аузымен айтқызу, өзіне-өзі баға беру арқылы таныта білген. “Жоғалған ұрпақтың» өкілі Батыр ғана емес, ол сияқтылар қазақ тарихында жүздеп, мыңдап саналады. Бірақ солардың барлығына ортақ тағдырды біз Батыр бейнесі арқылы танимыз. Сол үшін де оны типтік образ санатына жатқызуға болады. Автор кейіпкер характерін көрсету үшін сан түрлі адамдармен қарым-қатынасқа түсіріп, «соқтықпалы-соқпақсыз» өмір белестерінен, түрлі қақтығыстардан өткізіп, әрекет алаңына шығарады. Осындай алуан түрлі сынақта Батыр тұлғасы қалыптасады. Біздің ойымызша, автор бұл повесте ашаршылық, ұлт тарихындағы ақтандақтардың («халық жауы» т.б.) тарихи, әлеуметтік, қоғамдық себебін ашуды мақсат етпей, салдарын ғана көрсеткен. Осылайша, Батыр өміріндегі түрлі оқиғаларды екшеп, сұрыптап, шебер орналастыру арқылы кейіпкердің типтік бейнесін шеберлікпен сомдай білген. Бала күнінен бастап қазақ тарихындағы ең бір қасіретті жылдардың оқиғасын өз көзімен көріп, басынан өткеріп, қиянатын көрді. 37-38 жылдардың зобалаңы “халық жауы» деген нәубетінің салдарынан әке-шешесінен айрылды; 17-ге толар-толмас екінші дүниежүзілік соғысқа аттанды, соғыста неміс лагеріне түсіп, азат болып елге оралған соң, “сенімсіз, сатқындар, тыңшылар» тобынан танылып, Сібірге түрмеге жіберілді; тіпті, алғашқы махаббаты, сүйген қызы – Сұлушаштың да тағдыры “қасаң тәрбиенің құрбандығына» айналған, жеке құқығына қол сұғылып, өмірі ұрланған, үлкен трагедиямен аяқталған еді. Бейкүнә сәби болып туып, жақсылыққа сеніп, сол көңілмен өмір сүрсем деп тілеген, бірақ оттан отқа, боктан боққа түскен жанда өз бақыты, жекеменшік өмірі, еркіндігі, азаттығы үшін күресер дәрмен қалмады. Өмірі жауластыққа, күнә мен қылмысқа толы болған Батыр жалғыз емес еді. Автордың айтуынша, “мұндай бақытсыздыққа ұшыраған жандар тұтас бір ұрпақты құрайды» [7, 125]. Оның талайсыздығы мен бақытсыздығы сол, үңгірден шыққан жарқанаттай болып, сан жылдардағы өмірін артқа тастап, еліне жеткенде оны ешкім қабылдамады, танығысы да, білгісі де келмеді. Себебі, мұндағы шындық мүлде басқа болатын. Ұры Борис Николаевич, әккі қылмыскер Якут – Батырдың есімі туған елінің тарихына алтын әріптермен жазылып, ескерткіш орнатылып, мектепке аты беріліп, 40 жыл бойы қаншама ұрпақ оның есімін мақтан тұтып ержеткен болатын. Төкетерін айтқанда, елдегі жұрт оның

атағын қорек етіп отырған болатын. Сонда ғана Батыр өзіне беймәлім екінші өмірінің бар екенін амалсыз мойындады. Бірақ, екі өмірдің қайсысының жалған екендігіне зердесі жетпеді. Бәлкім екеуі де – шындық.

Адам баласы – қай кезде де сұрқия саясаттың құрбаны. Бүгінде әлемдік деңгейдегі саяси күштердің “саяси жобалардың субъектісіне» айналған, иманы жарым, діни сауаты төмен, құдай жолы ұғымын шынайы, тереңінен түсініп, сана түкпіріне орнықтыра алмай жүрген, ой-санасы тентіреген қазақ жастарын да «жоғалған ұрпақ» қатарына жатқызуға болады. негізінде бағдары күмәнді жат діни ағымдарға арбалған, сырттан келі, қоғам санасына іріткі салатындардың кесірінен оңы мен солын ажырата алмай қалған, ұлттық құндылықтарымыз бен дінді бір-біріне қарсы қойып, жастарымызды «жоғалған ұрпақ» шұңқырына барар жолдағы «адасқан ұрпақ» деуге де болады. Өйткені бүгін тура жолдан тайып, адасқанның ертең жоғалатыны түсінікті. Міне, уақыт талабы тудырып отырған қоғамды рухани жағынан сауықтыру жолында осындай көркем туындылар септігін тигізеді. Сол себепті де бұл туындыны дер кезінде дүниеге келген, қабат-қабат оқиғаларымен оқырманның сұранысына толық жауап бере алатын, дидактикалық мәні терең, айтар ақиқатының аузы алты қарыс» (Н.Дәутайұлы) дүние деп тануға болады.

**Қорытынды.** Эрих Мария Ремарк та, Эрнест Хемингуэй де, Алек Голдинг те соғысты көзімен көріп, қатысып, бел ортасында жүріп, шығарма тудырса, Т.Әбдіктің ерекшелігі – оқиға негізінде жазып шықты. Десек те, ол қазақ тарихындағы бір Батыр ғана емес, бірнеше “жоғалған ұрпақ” тағдырын ашып көрсете білді. Атап айтқанда, қазақ жерінде әлі күнге атын естігенде, жүректі дір еткізетін Карлаг, АЛЖИРдің тұрғындары – жалған жала жабылып, нақақтан атылып кеткен әкесі пен сормандай шешесі және олардың көзқарасын бөліскен достары; қорлық, зорлық, қатігездікті көп көрген, аш-жалаңаш қырылған “халық жауларының» жазықсыз балалары; коммунистік қасаң тәрбиенің, идеологияның құрбандары (Сұлушаш, Сәбит, т.б. өз тектерінен бас тартқан ұландар), аштық құрбандары мен екінші дүниежүзілік соғыс боздақтарының барлығын “жоғалған ұрпаққа» жатқызуға болады. Батыр өмірден әділетсіздікті көп көрді. Қазақ халқының басынан өткен қасіретті жылдардың кесек оқиғаларының адамның жан-дүниесіне қаншалықты әсер ететіндігі Батырдың жан төзгісіз аянышты тағдыры арқылы нанымды суреттелген. Осы тұрғыдан алғанда халқымыздың басындағы тақсіретті өмірді көрсететін қадау-қадау оқиғаларды тандап алған “Тұғыр мен ғұмыр» повесін тағдырлы шығарма деуге болады. Соғыс «руханилықты жоятын теріс күш» (А.Ісімақова) болса да, қандай қиындық көрсе де Батыр адамгершілік, парасаттылық секілді ізгілік қасиеттерін сақтап қалды. Ол майдан даласындағы көзсіз ерлігі үшін журналистің өзінен емес, қарулы, қауіп-қатерге жақын жүретін, батыр жігіт Қайсардан интервью алуын қалауы; интеллигент, мейірімді Козловқа жаны ашып, басын қатерге тігіп, жәрдемдесуі; жүрегі сүйіп тұрса да Сұлушашқа досы Қарағұлдың хатын әкеліп беруі; өмірі тығырыққа тіреліп тұрса да, “халық жауы» атанған өз әкесінен бас тартпауы; өз үйін Светланаға қалдыруы – тағысын тағылар.

Түйіндей келгенде, әлем әдебиеті деңгейінде көтеріліп, талқыға түскен «жоғалған ұрпақ» мәселесінің қазақ әдебиетіне де жат құбылыс еместігі белгілі болды. Тарихымыздағы зобалаң, зұлматтың барлығы Т.Әбдіктің аталған повесінен біраз бұрын жазылған «Әке» хикаятында да көтерілген болатын. Заманның, тұтас буынның қасіретін көтерген, идеялық жүгі ауыр бұл туындының заңды жалғасындай болып жарық көрген “Тұғыр мен ғұмыр» хикаятында автор нәубет кезеңі проблемасына тереңдеп барады. Повесте автордың еркін сөз еткен концепциясы – әдеби шындық болғандықтан, бұл туындыны қазақ прозасындағы жаңа тыныспен жазылған, концептуалдық жетістігі өзгеше шығарма деп тануға негіз бар. Қазақ тарихындағы түрлі жағдайлар мен оқиғаларды сығымдап беру арқылы ұлттық трагедияға өзгеше көркемдік деңгейде, бөлекше көркемдік көзқараспен келген автордың бұл туындысы – қазіргі қазақ повесінің тарихына қосылған сүбелі үлес.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Ісімақова А.С. *Асыл сөздің теориясы.* – Алматы: таңбалы, 2009. – 376 бет.
2. Фицджеральд Ф.С. *По эту сторону рая. Великий Гэтсби: романы. Пер. с англ. Сост., вступит.ст. и коммент.А.Зверева.* – Москва: Эксмо, 2018. – 445 с.
3. Хемингуэй Э. *Прощай, оружие.* – Москва: АСТ, 2018. – 350 с.
4. Бейісқұлов Т. *Шырғалаң уақыттың шынайы сипаты // Ақиқат, 1994. №3(наурыз), 85-90 бб.*
5. Тоқшылықова Г.Б. *Интертекстуалдылық – мәтіндер арасындағы байланыс Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №1(51), 2015.*
6. Ремарк Э.М. *Батыс майданында өзгеріс жоқ.* – Астана: Аударма, 2002. – 287 б.
7. Әбдік Т. *Парасат майданы: Таңдамалы.* – Алматы: Раритет, 2012. – 616 б.

## **ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGY AND METHODOLOGY PROBLEMS**

МРНТИ: 14.35.09

А.А. Айдарханова<sup>1</sup>, С.Е. Есенаман<sup>1</sup>, М.Б. Рахимова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан

### **«ИССЛЕДОВАНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ ИНТЕГРАЦИИ ПРЕДМЕТА И ЯЗЫКА В КОНТЕКСТЕ ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ (CLIL) В КОГНИТИВНО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ» (НА ОСНОВЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «БИОЛОГИЯ»)**

*Аннотация*

Статья посвящена роли предметно-языкового интегрированного обучения студентов неязыковых специальностей вузов. Рассматриваются особенности работы преподавателей профильных предметов и преподавателей иностранных языков в системе предметно-языкового интегрированного обучения, а также перспективы ее применения в сфере высшего профессионального образования. Приводятся модели и особенности использования методики CLIL на основе специальности «Биология» в высшем учебном заведении. Экспериментально установлена и теоретически обозначена необходимость применения данных приемов на уроках, которые преподаются на иностранном языке. Представленные ниже технологии применяются на занятиях по биологии, как в общеобразовательных школах города на уроках, так и в высших учебных заведениях в рамках преподавания биологических дисциплин.

**Ключевые слова:** методика CLIL, когнитивия, интеграция, обучение биологии, иностранный язык для неязыковых специальностей, современные технологии.

А.А. Айдарханова<sup>1</sup>, С.Е. Есенаман<sup>1</sup>, М.Б. Рахимова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

### **КОГНИТИВ-ТІЛДІК АСПЕКТІНДЕ ПӘНДІ-ТІЛДІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ (CLIL) («БИОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)**

*Аңдатпа*

Мақала университеттегі лингвистикалық емес мамандықтары студенттерін біріктірілген тілдік оқытудағы рөліне арналған. Мамандандырылған пәндер оқытушылары мен шет тілдерінің оқытушыларының пәндік-интеграцияланған оқыту жүйесіндегі жұмысының ерекшеліктері, сондай-ақ оны жоғары кәсіптік білім саласында қолдану перспективалары қарастырылады. Жоғары оқу орнында «Биология» мамандығына негізделген CLIL әдіснамасын қолданудың модельдері мен ерекшеліктері ұсынылған. Осы әдістерді шет тілінде оқытылатын сабақтарда қолдану қажеттілігі эксперименталды түрде құрылған және теориялық тұрғыдан көрсетілген. Төменде келтірілген технологиялар биология сабақтарында, қаладағы орта мектептерде де, жоғары оқу орындарында да биологиялық пәндерді оқыту аясында қолданылады.

**Кілт сөздер:** CLIL техникасы, таным, интеграция, биологияны оқыту, тілдік емес мамандықтарға арналған шет тілі, заманауи технологиялар.

A.A. Aidarkhanova<sup>1</sup>, S.Y. Yessenaman<sup>1</sup>, M.B. Rakhimova<sup>1</sup>  
<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

**“RESEARCH OF FEATURES OF INTEGRATION OF SUBJECT AND LANGUAGE IN THE  
CONTEXT OF SUBJECT-LANGUAGE INTEGRATED LEARNING (CLIL)  
IN THE COGNITIVE-LINGUISTIC ASPECT "(BASED ON THE SPECIALTY" BIOLOGY")**

*Abstract*

The article is devoted to the role of integrated language teaching of students of non-linguistic specialties of universities. Features of the work of teachers of specialized subjects and teachers of foreign languages in the system of subject-language integrated training, as well as the prospects for its application in the field of higher professional education are considered. Models and features of using the CLIL methodology based on the specialty “Biology” in a higher educational institution are presented. The necessity of applying these techniques in lessons taught in a foreign language is experimentally established and theoretically indicated. The technologies presented below are used in biology classes, both in secondary schools in the city and in higher educational institutions as part of the teaching of biological disciplines.

**Key words:** CLIL technique, cognition, integration, biology training, foreign language for non-linguistic specialties, modern technologies.

**Введение.** В соответствии с Конституцией Республики Казахстан, законом «Об образовании» планомерно осуществляется работа по формированию условий для развития национальной модели казахстанской системы образования. В настоящее время в Казахстане идёт становление новой системы образования, ориентированной на вхождение в мировое пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в теории, практике педагогического процесса. В Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстана–2050. Новый политический курс состоявшегося государства» отмечено: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками: казахский язык – государственный, русский язык как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1, 228]. Владение английским языком в нынешнее время, рассматривается как один из инструментов расширения профессиональных знаний и возможностей. В связи с этим, появляются новые образовательные технологии обучения английскому языку. Одной из таких технологий является предметно-языковое интегрированное обучение CLIL (Content and Language Integrated Learning). Методика CLIL рассматривает изучение английского языка, как инструмента для изучения других предметов, например, биологии, таким образом, формируя у учащихся потребность в учебе, в знании биологических терминов на английском языке, что позволит им переосмыслить и развить свои способности в коммуникации. Наиболее распространённым является следующее определение: CLIL – это дидактическая методика, которая позволяет сформировать у учащихся лингвистические и коммуникативные компетенции на не-родном для них языке в том же учебном контексте, в котором у них происходит формирование и развитие обще-учебных знаний и умений. Сейчас, в контексте обновленного содержания образования, как раз происходит переход к изучению предметов естественно-математического цикла на английском языке. Кроме того, при определении основных принципов CLIL, выделяют четыре «С» методики, каждая из которых реализуется по-разному, в зависимости от возраста обучающихся, социально-лингвистической среды и степени погружения в методику CLIL. Это такие методики: 1. Content (Содержание) 2. Communication (Общение) 3. Cognition (Мыслительные способности) 4. Culture (Культурологические знания) [2, 2]. Использование данной методики, позволяет выделить ее плюсы. В первое время, конечно, могут возникнуть некоторые проблемы внедрения методики CLIL в учебный процесс, а именно в предмет, но с годами, практикой и опытом, проблемы уйдут.

**Методы.** Одним из основных плюсов данной методики станет повышение мотивации учеников к изучению биологии на английском языке. Также изучение английского языка станет более целенаправленным, так как обучение предметам естественно-математического направления полностью перейдет на английский язык. Кроме того, обучающиеся будут иметь больше возможности, лучше узнать и понять культуру изучаемого языка, что обязательно приведет к формированию социокультурной компетенции как учащихся, так и самих преподавателей. Студенты будут пропускать через себя достаточно большой объем языкового материала, который представляет собой полноценное погружение в естественную языковую среду. Необходимо также отметить то, что работа над различными темами позволяет ученикам и студентам выучить термины, определенные языковые конструкции (транскрипцию, правописание), что способствует пополнению их словарного запаса предметной терминологией и подготовит их к дальнейшему применению полученных знаний и умений на практике [3, с. 8]. Преимущества CLIL: 1)

позволяет учащимся более эффективно общаться друг с другом, используя иностранный язык; 2) расширяет межкультурные знания учащихся; 3) развивает навыки общения на иностранном языке в естественных условиях; 4) развивает мышление и открывает творческий потенциал студентов; 5) повышает мотивацию студентов и их уверенность в себе; 6) тренирует все языковые навыки; 7) улучшает языковую компетенцию и навыки естественной устной речи; 8) развивает интерес к разным языкам, к использованию их в разных сферах жизни; [4, 11].

**Результаты.** Организация процесса учебной деятельности с использованием CLIL. При использовании метода предметно-языкового обучения учителю необходимо осуществить отбор материалов, то есть определить их цель, пересмотреть содержание изученного материала, выбрать методы, средства и формы организации обучения, адекватные поставленной цели, спрогнозировать результат. Учителя, преподающие предмет на английском языке и осуществляющие предметно-языковое обучение, должны на должном уровне владеть иностранным языком, причем особое внимание следует обращать на научность стиля речи на иностранном языке. Прежде чем вводить методические приемы предметно-языкового обучения, учителям и преподавателям биологии следует определить уровень языковой подготовки учащихся. А для этого для постановки языковых целей им необходимо будет посещать уроки английского языка в их классах и непременно обратиться за помощью и побеседовать с учителем английского языка. Только после этого можно установить степень включения иностранного языка в обучение биологии. Такое сотрудничество учителей будет способствовать созданию благоприятной образовательной среды в классе.

**Обсуждение.** Деятельность учителя в процессе предметно-языкового обучения на уроке включает в себя 1. Раскрытие перед учениками алгоритма их деятельности при предметноязыковом интегрированном обучении. 2. Предоставление тематической (предметной) информации на английском языке (устный рассказ, беседа, письменный текст, видеоматериал и т.д.). 3. Предоставление различных средств предметно-языкового обучения физике, химии, биологии и информатике для полноценной работы ученика: словари, дидактические карточки, сопоставительные схемы, карточки визуальной поддержки и т. д. 4. Оказание помощи учащимся в процессе работы с использованием метода CLIL. 5. Проверка результатов предметно-языковой работы учащихся. 6. Подведение итогов работы [5, 259]. В качестве практической иллюстрации можно привести следующие примеры использования активити CLIL на уроках биологии: 1. Активити «Петля вопросов» Раздаются листочки с вопросами и ответами на английском языке. На одной стороне вопрос, на другой стороне листа ответ другого вопроса. Когда один читает, все должны внимательно слушать, тот, кто нашел ответ, зачитывает ответ на вопрос и читает свой вопрос и так далее. Активити развивает внимательность, правильное произношение. 2. Активити «Угадай орган» Учащиеся делятся на группы. Для каждой группы раздается большой лист, заклеенный стикерами. За стикерами скрывают фото органа. В центре листа помещаются вопросы, термины. Каждый участник группы отвечает на вопрос или объясняет значение слов на английском языке и убирает по одному стикеру. Ответив на все вопросы, ученики должны назвать орган, рассказать о его деятельности и роли в организме человека. 3. Активити «Внутренний и внешний круг» Учащиеся рассчитываются на первый, второй и составляют вопросы по пройденной теме на английском языке. Затем образуют два круга: внутренний и внешний. Дети стоят лицом друг к другу и задают вопросы. Учащиеся из внешнего круга передвигаются и создают новые пары. Продолжается та же работа с вопросами [6, 22]. Методика CLIL требует совершенно нового подхода к обучению. Именно сейчас, в обновленном содержании образования, учителям и преподавателям необходимо использовать разнообразные формы подачи материала, организации работы, делать акцент на индивидуальную, парную, групповую и творческую деятельность учащихся. Это значит, что изучение основных предметов станет для учащихся намного интереснее и эффективнее, если будет происходить в рамках деятельностного, коллаборативного и коммуникативного подхода, свойственного занятиям по методике CLIL.

**Заключение.** Данная методика вызывает большой интерес у преподавателей иностранных языков, а также у целого ряда педагогов, владеющих иностранным языком и преподающих свой профильный предмет в вузе. Таким образом, соединяя два направления, преподаватели-предметники способны обучать не только своему профильному предмету на иностранном языке, но также использовать важные средства обучения языку: преподавать грамматику, лексику, и др., включая в свой урок элементы коммуникативной методики обучения иностранному языку. Это помогает упростить и модернизировать учебную программу в вузе.

#### *Список использованной литературы*

1. Бурдакова О.Н. Методика интегрированного обучения предмету и языку в учебном процессе Нарвского колледжа ТУ [Электронный ресурс] / Бурдакова О.Н., Джалалова А.А., Рауд Н.П. // – 2011. –



C.67. – URL: <http://docplayer.ru/42474789-Metodika-integrirovannogo-obucheniya-predmetu-i-yazyku-v-uchebnom-processe-narvskogo-kolledzha-tu.html> (дата обращения: 23.04.2017)

2. Воног В. В. Компетентностный подход в обучении иностранным языкам в аспирантуре / В.В. Воног, О. А. Прохорова // Вестник ТГПУ. – 2015. – № 12 (165). – С. 25-29.

3. Литвишко О.М. Компетентностно-ориентированная модель обучения: преимущества методики CLIL в преподавании профессионально-ориентированного английского языка / О.М. Литвишко, Ю.А. Черноусова // Материалы научно-методических чтений ПГЛУ. – 2015. – С. 44 – 47.

4. Самойлова Е.В. Актуальные проблемы и перспективы преподавания иностранного языка студентам неязыковых специальностей вузов в рамках интегрированного подхода / Е.В. Самойлова, О.В. Назарова, Н.С. Корнилецкая // Интеграция образования. – 2014. – №2. – С.117-123.

5. Яроцкая Л. В. Иностраный язык и становление профессиональной личности (неязыковой вуз) / Л.В. Яроцкая // Монография. – М.: Издательство ТРИУМФ, 2016. – С. 258.

6. Coyle D. CLIL: Content and Language Integrated Learning / D. Coyle, Ph. Hood, D. Marsch // Cambridge University Press, 2010. – P. 182.

7. Ioannou Georgiou, Spfie and Pavlu, Pavlos: Guidelines for CLIL Implementation in Primary and Pre-primary Education [Electronic resource] / G. Ioannou // Comenius Socrates Project. – P. 157. – URL: [http://www.schools.ac.cy/klimakio/Themata/Anglika/teaching\\_material/clil/guidelinesforclilimplementation1.pdf](http://www.schools.ac.cy/klimakio/Themata/Anglika/teaching_material/clil/guidelinesforclilimplementation1.pdf) (дата обращения: 23.04.2017).

8. Marsh, D. CLTL / EMILE – the European Dimension: Actions, Trends and Foresights Potential [Electronic resource] / D. Marsh // Brussels: The European Union. – 2002. – URL: <http://userpage.fu-berlin.de/elc/bulletin/9/en/marsh.html> (дата обращения: 23.04.2017).

9. Mehisto P. Uncovering CLIL: Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education / P. Mehisto, D. Marsh, M. Frigols // Macmillan Oxford, 2008. – P. 240

МРНТИ 14.01.07

Т.М. Баймолдаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ әдебиетінің барлық жанрларында елеулі туындылар берген ақын, прозаик, драматург, сатирик, әрі қоғам қайраткері Илияс Жансүгіровтің шығармаларындағы педагогикалық көзқарастары қарастырылған. Әрбір туындылары мен шығармаларының тәрбиелік мәні зор, мазмұны ашылған педагогикалық қырлары сипатталған. Жалпы қазақ әдебиетіне ереңдей қосқан үлесі туралы жазылған, сонымен қатар І.Жансүгіровтің жастарға, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін туындылардың мазмұны ашылған. Қазақ әдебиетінің барлық жанрында жазған туындыларындағы педагогикалық көзқарастары талданған. Илияс Жансүгіровтің шығармашылық арнасында білім алуға, оқуға деген құлшыныс, оқыту мәні, білімді, зерделі, зерек ойлы болуға үндеу тастайды. Ақын ертеңгі болашақты бүгін ойлау қажет деген идеяны жастарға арнайды. Жарқын күнге жету үшін, өмірде өз жолынды табудың қажет десе, бірде өз жолын әлі таба алмаған, алдына мақсат қойған жеткіншектерге көптеген өлеңдер тобын жазған.

**Кілт сөздер:** І.Жансүгіров, қазақ әдебиеті, педагогикалық көзқарас, тәлім-тәрбие, өскелең ұрпақ, жастар, қазақ поэзиясы.

Т.М. Baimoldayev<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## PEDAGOGICAL VIEWS IN ILIYAS ZHANSUGUROV'S WORKS

Abstract

In this article are lit and considered the pedagogical views in works of the giving-out poet, the wonderful prose writer, the playwright, the satirist, the public figure and recognized "kulager" of the Kazakh poetry Iliyas Zhansugurov. In article are described and reveal the substantial and pedagogical aspects of works and works by I.

Zhansugurov. The contents of works devoted to education of younger generation and youth are analyzed. The pedagogical views of the works of I.Zhansugurov in all genres of Kazakh literature are presented. Mostly outstanding poet Iliyas Zhansugurov in his creative works encourages young people to seek the necessary knowledge, learn, learn, fully develop themselves. I. Zhansugurov wholly devotes to the youth such an idea as tomorrow's future must be thought of today. Since to achieve bright days, you need to find your way in life, in this regard, the poet devoted many works to the younger generation, who set important goals for themselves, as well as adolescents who have not yet been able to find their way.

**Keywords:** I. Zhansugurov, Kazakh literature, pedagogical views, education, the younger generation, youth, Kazakh poetry.

*Т.М. Баймолдаев<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ИЛИЯСА ЖАНСУГУРОВА

### *Аннотация*

В данной статье рассматриваются педагогические взгляды в произведениях выдающего поэта, замечательного прозаика, драматурга, сатирика, общественного деятеля и признанного «кулагера» казахской поэзии Илияса Жансугурова. Описываются и раскрываются содержательные и педагогические аспекты трудов и произведений И.Жансугурова. Анализируются содержания произведений посвященные воспитанию подрастающего поколения и молодежи. Представлены педагогические взгляды произведений И.Жансугурова во всех жанрах казахской литературы. В основном выдающийся поэт Илияс Жансугуров в своих творческих произведениях призывает молодежь стремиться получить необходимые знания, учиться, обучаться, всесторонне развивать себя. И.Жансугуров всецело посвящает молодежи такую идею как о завтрашнем будущем нужно думать сегодня. Так как для достижения ярких дней, необходимо найти свой путь в жизни, в этой связи поэт посвятил многие произведения подрастающему поколению, которые ставят перед собой важные цели, а также подросткам, которые еще не смогли найти свой путь.

**Ключевые слова:** И.Жансугуров, казахская литература, педагогические взгляды, воспитание, подрастающее поколение, молодежь, казахская поэзия.

Илияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді. Ол өз замандастары сияқты жазушылық өнерін өлеңмен бастағанымен, кейін поэзия мен прозада бірдей еңбек етті. Поэзияда жырлаған тақырыбын қара сөз жанрында тереңдетіп, мазмұн кеңістігін аша, реалистік тұрғыда да жазып, қайталап отырған немесе жаңа тақырып, жаңа идея тауып, оны жаңа бағытқа бұрып, бұрын-соңды жазылмаған, айтылмаған соны туындыларды дүниеге әкелді.

Илияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Ақынның тереі идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды.

Илияс Жансүгіров – қазақ поэзиясы көгінен көрінген халықтың біртуар перзенті. Халық ауыз әдебиетінен, жалпыхалықтың тіл дәстүрінен үлгі-өнеге алған, ұлы Абай шығармашылығынан сусындаған Илияс Жансүгіров жырлары – ХХ ғасыр қазақ поэзиясындағы ерекше туындылар. Өйткені, «көп қырлы талант иесі І.Жансүгіровтің даңқын шығарған, алдымен, оның поэзиясы».

Туған әдебиетіміздің дамуына өзінің көркем туындыларымен үлес қосқан Илияс Жансүгіров өз поэзиясында өмір ақиқатын, болмыс сырын сырлы сөзбен бейнелеп, адамның сезім күйі арқылы өмір шындығын көркем тілмен танытады. Ақын туындыларының халық сүйіспеншілігіне бөлену сыры да осында [1].

Қазақ поэзиясының, оның ішінде Илияс өлеңдерінің әдеби ерекшеліктері әр жылдары Ғ.Тоғжанов, Т.Әбдірахманова, М.Дүйсенов, Р.Бердібаев сынды әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелді. Онда қазақ өлеңдерінің құрылымы, оның түрлері, жекелеген сөз шеберлері өлеңдерінің ерекшеліктері қарастырылған. Оларда поэтика, стилистика мәселелерінің тоғысып, бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылуы осы тектес зерттеулердің ерекшелігін танытады десек, қазіргі таңда ұлт тілдерін

дамытуға жан-жақты мән беріліп отырған кезеңде тілді зерттеудің нақтылы үрдісі ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктер мен заңдылықтардың тілдік деректері арқылы және ұлттық танымға негізделген тілдік тұлғаның қолданылуы арқылы ашыла түсетініне көз жеткізе отырып, «Құлагер» поэмасындағы Ілияс Жансүгіровтің тілдік тұлғасын қазақ халқының тарихымен, таным-түсінігімен байланыста танудағы ұмтылыстың қажеттілігінің мәні қазақ тіл білімінің де ұлттық танымға негізделген. Сондай-ақ тілдік тұлға мәселесі жеке жазушылардың немесе бүтіндей бір әдеби кеңнің тіліне арналған зерттеулерде қолға алына бастады [2, 3].

Қазақ поэзиясында бүгінге дейін өнер жайында көп жазған және көркемдіктің шыңына жеткізе жазған І.Жансүгіров пен теңдесер қаламгер жоқ. Сонау 20-жылдардың бас кезінде өмірге келген "Әнші" өлеңінен басталған бұл тақырып тек қазақ әдебиетінде ғана емес, қазіргі әлемдік поэзиядағы айтулы туындылар санатындағы "Күйші" мен "Құлагер" сияқты классикалық поэмаларға ұласты. Ақынның осы екі аралықтағы шағын көлемді, бірақ керемет суретті, екпіндеп ескен желдегі көтеріңкі лепті туындылары жоғарыда талданды. Ақынның Құлагерді суреттеуі және оның қадір-қасиеттерін баяндауы бас кейіпкер бейнесін тұлғаландырып тұр. Ақан серінің Құлагері туралы және сол Құлагердің өкінішті қазасы жайлы шығарған әнінің хикаясы жөнінде ақынның поэма жазуы – қазақ поэмасының тақырыптық-мазмұндық арнасындағы ұлттық ерекшелікті де аңғартады. Атқа байланысты оқиға жайлы арнайы поэма жазуы ақынның өз халқының ежелден келе жатқан ұлттық психологиясымен тығыз байланысын танытады.

Ақан сері жеке-дара, салт жүріп, серілік, саяткершілік құрмаған. Оның қасында қашанда талантын құрмет тұтып, қолдап отыратын Ағытай қарауылдың ішіндегі небір өнерлі, балуан ақын жора-жолдас-тары болған. Ол суырып-салма ақындығымен қоса қызыл тілдің шешені әрі әнші-сазгерлігімен де ел құрметіне бөленген. Күлбілтелемей кесіп айтатын турашылдығы тағы бар. Ол әділдіктің ақ жолын аттап, елге тізесін батырған талайларды тәубесіне келтіреді. Тіпті турасын айтамын деп туғанына жақпаған кездері көп [4].

«Күйші» поэмасындағы әділетсіздікті тізе бүктіретін ұлы күш, бостандыққа, азаттыққа жеткізетін күдірет - өнер деген идеяны ақын тамаша суреттер, поэтикалық көркем образдар арқылы терең толғап жеткізген, сонымен қатар онда ондаған күйлердің әлеуметтік мәні, тарихи негіздері, эстетикалық нысанасы ашылып, олардағы образдар, суреттер айқындалған. Соның бәрін ақынның қалай біле бергені таңдандырады. Және әрбір күйдің өзіндік сипаттарын ашық, бейнелеген кездегі басқа ешкім айтпаған, тек Ілияс қана қолданған, тапқан теңеу, образдар қаншама. "Қоғадай салбырасып, хан, қарасы, намазға ұйы-ғандай отыр тындап", "домбыра айналаға, дүбір салды, адақтап жалғыз шапқан жүйрік аттай", "батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да – бәрі бір домбыраға мінгескендей", "жыланнан сырға салған жолбарыс қыз", "қалтырап, қырау тұрып жүрегіне", "ыңыранып белі кеткен жолбарыстай", "толғантып тоқсан түрлі қыз көңілің, жүректің жазы шығып, жаңбыр төкті", "Таратып тоқсан күйді жібердің деп" бір жақтан керең бір ой күңкіл қақты", т.б. Ылғи осылай. Бұл теңдесі жоқ ғажайып поэмада: күй - өлеңге, өлең - күйге айналады. Ілиястың өзі ақын - сазгер мен сазгер-ақын болып кетеді. Күй мен өлең бір тілде сөйлейді. "Күйші" поэмасы - романтикалық сарында шалқыған шабытпен, поэзиялық күдіретті қуатпен жазылған, қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ үздік туынды [5, 6].

Ілиясты ылғи да ән-күйдің әсерінен туған, өзіне ғана мағлұм күшті сезімдер булықтырып жүретін болса керек. Ол соларды сарқа, ақтарыла бір, құйқылжыта, нөсерлете бір жырлауға біртіндеп жақындай берген тәрізді. Осы жолдағы оның асқан бір айтулы белесі – өзінің қазақ күйлерін жетік білетінін, олардың сыры мен сипатын нәзік сезініп, оларды өздеріне лайық көп бояқты құлпырған тілмен суреттеп бере алатын ерекше талант екенін танытты.

І. Жансүгіров өз туындыларында еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре білді. «Элеватор», «Экскаватор», «Еңбекке», «Жұмысқа», «Жаңа тұрмыс», «Күн шыққанда» өлеңдерінде еңбектің күдіретін адамның көңіл-күйімен байланыстырады, баланың мектептегі оқуға деген ынта-ықыласын, талабын, зердесін ояту үшін еңбек адамдарының қауырт іс-қимылын үлгі етеді. Жанұя және жанұялық қарым-қатынастар жүйесі өте күрделі. Отбасында ана мен бала, әке мен бала, ерлі-зайыпты жандардың арасындағы өзара қарым-қатынастар қалыптасады, ата-анасының тәрбиелік функциялары анықталады, балаға тәрбиелік тұрғыда ықпал етудің алғы шарттары жасалынады. Осы орайда І.Жансүгіров «Беташар» өлеңі арқылы екі жастың тіккен отауының маңызын ашып, өнегелі жанұяның көрсеткіштерін көркем тілмен жеткізеді [7].

Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық арнасында білім алуға, оқуға деген құлшыныс, оқыту мәні, білімді, зерделі, зерек ойлы болуға үндеу тастайды. «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны», «Жалпы жасқа», «Жазғы салым», «Жазғы таң», «Жазғы шілде» деген өлеңдерінде ұрпақ өкілдерін жарқын өмірге, ұйымшылдыққа және білім алуға шақырады [8].

І.Жансүгіровтің көздеген мақсаты – қазақ әдебиетінің жарқын болашағы, шығармалардың көркемдік аясының кеңеюі, образдардың айқын ашылуы, реализмнің кең өріс алуы, жалпы әдебиеттің дамуын жеделдету еді.

Ғұлама ғалым Ілияс Жансүгіров – өз заманның көкейтесті кез келген әлеуметтік мәселелерге үн қосып, өз дәуірінің болмыс - бітімін жан-жақты бейнелелеп, жырлап өткен ақын. ХХ ғасыр басындағы қазақтың ағартушылық-демократиялық бағыттары қаламгерлердің оқу-білімге шақырған идеялық ой-толғамдарына ұқсас «Жаңылғаным», «Талғамалар», «Маңым», «Жыбырлық», «Замандасқа» атты өлеңдерінде төңкеріске дейінгі надандық пен жоқшылықтан шығар бір жол - оқу-білім екеін айтып, сонымен қатар адами - моральдық мәселелерге ден қояды.

Өнерге ұмтыл, өнерді біл замандас!  
Қамдан, жатпа, заманыңнан хабарлас!  
Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң,  
Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас!-

«Жыбырлақ» өлеңінде де қазақ ішіндегі жаман әдеттен ада болуға шақырады.

Сынға салдым

Шынға салдым,

Жас талапкер өзіңе, - деп, одан арғысын әр жастың өз таңдауына береді. Ортаға ұран, үміттік әуез сарындас өлеңдерінде де ел теңдігі үшін жан аямай күресуге, әлеумет пен қоғам ісіне адал, белсене араласуға шақырады. Бұл тұрғыдағы шығармаларға «Жастар ұраны», «Тілек», «Жанар тау» т.б. өлеңдері жатады.

Әйел-еркек, жалпы жас!  
Көтеріл, көрін көзіңді аш!...  
Топтал, тұтас, туғандас!  
Жасасын еркің! Жоғалмас.  
Жамырас, үлес, жалпы жас,  
Қосыл, қозғал, қоғамдас!

Ақын ертеңгі болашақты бүгін ойлау қажет деген идеяны жастарға арнайды. Жарқын күнге жету үшін, өмірде өз жолыңды табудың қажет десе, бірде өз жолын әлі таба алмаған, алдына мақсат қойған жеткіншектерге «Жастар», «Саналы жастарға», «Баласынан анасына хат», «Оқимын» деген өлеңдер тобын жазған [9, 10].

Сонымен, І.Жансүгіровтің шығармалары өнерді дәріптеген туындылар. Ол осы шығармаларымен келешек ұрпаққа «Өнер- адамның асыл мұрасы», - деген ойын жеткізеді. Өзінің өнерге деген құрметін, сый-сияпатын, үлкен махаббатын, өнердің әсерінен бойын жайлаған керемет сезімдерін өзінің өшпес ақындық өнерімен жеткізе білді.

Ілияс Жансүгіров қазақ сөз өнерінің поэтикасын кемелдендірген, көріктендірген қайталанбас дарын иесі. Оның шығармалары қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі-өнеге.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. *Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.* – Алматы: «Ана тілі», 1998.
2. *Байтұрсынов А. Ақжол.* – Алматы, 1991.
3. *Тебегенов Т. Әдебиет тарихы.* – Алматы, 1999.
4. *Жұбанов А. Замана бұлбұлдары.* – Алматы, 1963.
5. *Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі: Деректі толғам.* – А., 1995
6. *Келімбетов Н. Канафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті. Оқулық-хрес..* – Алматы, 1996.
7. *Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті.* – Алматы, 2002.
8. *Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы.* – Алматы, 1988.
9. *Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Оқулық.* – Алматы: «Білім», 1993.
10. *Ахметов З. Қазақ өлеңінің құрылысы.* – Алматы, 1964.

МРНТИ 14.01.07

Ж.Қ. Балтабаева<sup>1</sup>, Е.Төлеуов<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЗДІК ҚОРЫН МАМАНДЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Аңдатпа*

Қазіргі қоғам талабына сай қазақ тілін жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде студенттің болашақ мамандығына сай оқыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекеттік тілді меңгеруде орыс тілді бөлімде білім алушылардың сөздік қорын дамыту жұмыстарының жүйелі жүргізілуі олардың қазақ тілін сапалы меңгерулеріне мүмкіндік береді. Біз сөз еткелі отырған музыкалық білім беру мамандығының орыс тілді топтарында студенттердің қазақша кәсіби тілде талапқа сай сөйлей білулерінде олардың сөздік қорының байытылуы басты рөл атқарады. Сондықтан кәсіби қазақ тілін оқытуда белсенді әдістерді орынды қолдана білу жұмыстың нәтижелі болуына оң ықпал етеді. Сол себепті мақалада студенттерге мемлекеттік тілді оқытуда оларды кәсіби біліктілікке үйрететін, пәнге деген қызығушылықтарын арттыратын кәсіби-тілдік қатынасқа негізделген жұмыстарды тиімді әдістер арқылы орындатқанда, орыс тілді топтарда білім алушылардың сөздік қорын дамытуға болатындығына назар аударылған.

**Кілт сөздер:** мемлекеттік тіл, кәсіби қазақ тілі, орыс тілді топтар, сөздік қор, белсенді әдістер.

*Zh.K. Baltabaeva<sup>1</sup>, E.Tuleyov<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

## WAYS OF DEVELOPING THE VOCABULARY OF THE STUDENTS ACCORDING TO THEIR FUTURE PROFESSIONS

*Abstract*

A special attention is paid to the issues of teaching the Kazakh language to the students of Russian-language departments of higher educational institutions according to their future professions in accordance with requirements of the modern society. Systematic work on the vocabulary development of the students of Russian-speaking groups in studying the state language allows them to master the Kazakh language qualitatively. The enrichment of the vocabulary of the students of the Russian-speaking groups of the specialty “Music Education” plays a key role in speaking the professional Kazakh language according to the requirements. Therefore, the ability of using the active methods correctly in teaching the professional Kazakh language affects the effectiveness of the work positively. For this reason, the article focuses on the possibility of developing the vocabulary of the students of the Russian-speaking groups, where they can learn the professional competence by teaching them the state language as well as by using the various effective methods based on the professional-language communication.

**Key words:** State language, professional Kazakh language, Russian-speaking groups, vocabulary, active methods.

*Ж.Қ. Балтабаева<sup>1</sup>, Е.Төлеуов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## ПУТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНО ОРИЕНТИРОВАННОГО РАЗВИТИЯ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА СТУДЕНТОВ

*Аннотация*

В соответствии с требованиями современного общества особое внимание уделяется вопросам преподавания казахского языка в русскоязычных отделениях высших учебных заведений по будущей специальности. Системная работа по развитию словарного запаса обучающихся русскоязычных групп при изучении государственного языка позволяет им качественно овладеть казахским языком. В русскоязычных

группах специальности "Музыкальное образование" в умении студентов говорить на профессиональном казахском языке в соответствии с требованиями ключевую роль играет обогащение словарного запаса студентов. Поэтому умение грамотно применять активные методы в обучении профессиональному казахскому языку положительно влияет на результативность работы. В статье уделено внимание развитию словарного запаса обучающихся в русскоязычных группах, когда студенты при помощи различных эффективных методов выполняют упражнения, основанные на профессионально-языковом общении, способных обучать их профессиональной компетентности и прививать интерес к предмету.

Ключевые слова: государственный язык, профессиональный казахский язык, русскоязычные группы, словарный запас, активные методы.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта мемлекеттік тілді кәсіби бағытта оқытып үйретуде оның функционалдық мәніне ерекше назар аударылуда. Осы ретте жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде болашақ мамандарға кәсіби қазақ тілінің сапалы да нәтижелі меңгертілуі өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан жоғары мектепте кәсіби тілді үйрету үрдісі студенттерді жалықтырмайтындай, қызықты да тартымды болуын ескерген жөн. Ол үшін студенттердің мамандығына сай кәсіби сөздік қорын байытуды басты назарда ұстап, олардың тіл үйренуге деген ынталарын арттырудың жолдарын қарастыру қажет.

Бұл тұрғыда біз қарастырып отырған музыкалық білім беру мамандығының орыс тілді топтарында студенттердің қазақша кәсіби сөздік қорын байытуда сөз мәйегі болып саналатын мақал-мәтелдер, термин сөздер, мәтіндермен жұмыс жүргізудің орны ерекше, өйткені студенттердің қазақ мақал-мәтелдерімен, болашақ мамандығына сай терминдермен таныс болу қазақ халқының ұлттық музыка өнерін тереңнен түсінулеріне мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдер, терминдерді сөйлеуде қолдану ойды, әдемі, дәл білдірумен бірге, студенттердің сөз байлығын, кәсіби тілді білу дәрежесінің де көрсеткіші бола алады, өйткені мақал-мәтелдер, терминдерді орынды пайдалана білу білім алушылардың қазақ тілінің ұлттық бояуын сезіне білуге, түсіне білуге ықпал етеді. Сондықтан музыкалық білім беру мамандығының орыс тілді топтарында қазақ тілін меңгеруде тілдік, қатысымдық дағдыларды қалыптастыратын жаттығуларды түрлендіре отырып, студенттердің қызығушылықтарын туғызатын оқытудың жаңа әдістері жүйелі түрде қолданылған сабақтың оң нәтиже берері ақиқат.

**Әдістеме.** Қазақ тілін оқыту әдістемесінде орыс тілді бөлім топтарында білім алушылардың мемлекеттік тілді нәтижелі меңгерулері үшін олардың сөздік қорын жетілдіруге, толықтыруға баса назар аударылуы керек. Бұл мәселеге ғалымдар ертеден-ақ көңіл бөлген. Сөздік қорды дамыту мәселесі Т.Шонанұлы, Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев еңбектерінен басталғандығы белгілі. Мысалы, Т.Шонанұлы «Қазақ тілі» оқу құралының соңында алфавиттік тәртіппен қазақша-орысша сөздердің сөздігін берген. Сөздердің кейбіреулерінің қасына мағыналас синоним сөздермен тіркестіріп те көрсеткен. Мысалы,

Асыл – ценный, дорогой, улучшенный.

Бақша – сад, огород, бахча.

Басқар – управляй, заведывай, руководи [1, 79-б.].

Ал синонимдермен жұмыс ана тілді оқытуда да, өзге тілді меңгеруде де қолданыста жиі кездесетін сөздерді оқушыларға үйрету мақсатын көздейді. Оның үстіне, синоним сөздердің оқушының сөздік қорын дамытуға ықпалы күшті. Сондықтан Т.Шонанұлының сөздердің синонимдік ерекшеліктерін ескеруі оның оқулықтарының қазіргі өзге ұлт өкілдеріне екінші тілді оқытуға арналған оқулықтарда лексикалық материалдарды сұрыптауда басшылыққа алынатын сөздердің синонимдік қасиетін ескеру ұстанымына сай түзілгендігін дәлелдейді.

Оқушылар омоним сөздерді де ана тілі арқылы ажырата алады. Сондықтан екінші тілдегі омоним сөздерді меңгеру оларға қиын болмайтындығын ескерген Т.Шонанұлы сөздікте берілген кейбір жеңіл сөздердің омонимдерін де келтірген.

Мысалы,	ақ-белый,	алма-яблоко	аш-открой (есік аш)
	ақ қағаз	алма-не бери	аш кісі
	су ақты		қарным ашты

Омоним сөздерді ажырата білу, сөйлегенде пайдалану сөздік қорды толықтыру жұмысының негізгі міндеттерінің бірі деуге болады.

Өзге тілді топтарда білім алушыларға қазақ тілін меңгеруде сөздік қорды байыту мәселесіне қатысты Ы.Маманов, Ж.Адамбаева, Н.Оралбаева, Ф.Оразбаева, К.Жақсылықова, Р.Шаханова, Г.Алдамбергенова, Д.Құсайынова, Ш.Абдиева, С.Нұрғали, т.б. зерттеушілердің еңбектері бар.

Г.Камиева «Орыс топтарындағы студенттердің сөйлеу тілін мақал-мәтелдер арқылы дамыту» атты зерттеуінде студенттің мақал-мәтелдерді дұрыс, орынды қолдану дағдысын қалыптастырудың нақтылы жолдарын айқындап, олардың тиімділігін тәжірибеде дәлелдеген [2]. Ш.Әбдиева жоғары заң оқу орындары прокурорлық тергеу бөлімі студенттеріне қазақ тілін қатысымдық кешенді әдістеме арқылы үйретудің жолдарын көрсеткен [3]. Д.Құсаинова заң мамандығының орыс тілді бөлім студенттерінің сөздік қорын мамандыққа байланысты дамытудың ғылыми-теориялық әдістемесін жасаған. Зерттеуші сөздік қорды мамандыққа байланысты дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, тапсырмалар жүйесін тәжірибе арқылы дәлелдеп ұсынған [4].

Бұл қысқаша шолудан өзге тілді топтарда студенттерге қазақ тілін мамандыққа байланысты оқыту мәселесіне арналған ғылыми-әдістемелік зерттеулердің жүргізілгендігін байқауға болады. Бірақ музыкалық білім беру мамандығының орыс тілді топтарында білім алушылардың қазақша кәсіби сөйлеу тілін дамыту, олардың сөздік қорын байыту мәселесі күні бүгінге дейін жеке қарастырылмады. Әсіресе студенттердің сөздік қорын дамытуда мақал-мәтелдердің және ұлттық музыка өнеріне қатысты термин сөздердің мәні ерекше. Сондықтан әдістеме ғылымындағы тілді мамандыққа байланысты үйретуге қатысты ғылыми ұстанымдарды, әдіс-тәсілдерді басшылыққа ала отырып, музыкалық білім беру мамандығының орыс тілді топтарында студенттердің тіл байлығын толықтыруда студенттің де, оқытушының да жұмысын жандандырып, білім алушының тілдесім мәдениетін жетілдіріп, сөздік қорын байытуға мүмкіншілік беретін әдіс-тәсілдер күнделікті сабақта және сабақтан тыс кезде жүргізілуі қажет. Олай болса, сабақ барысында қазақ тілінің байлығын көрсететін сөз үлгілерін жаңа әдіс-тәсілдерді орынды пайдаланып, түрлендіре отырып үйрету, сол арқылы орыс бөлімі студенттерінің қазақ тіліндегі сөйлеу белсенділіктерін арттырып, сөздік қорларын толықтыру оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді.

**Нәтижелер.** Өзге ұлтқа қазақ тілін оқытуда, қазақша сөйлеуге үйретуде үлгі қызметін атқарып, қазақша байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыруда мәтіннің атқарар рөлі ерекше екені ғылыми еңбектерде көрсетіліп жүр. Студенттердің болашақ мамандығы бойынша қазақша сөйлесу, пікір алмасу, түсінісу мүмкіндіктерін туғызады. Бұл жөнінде әдіскер ғалым А.В.Текучев былай дейді: «Чем богаче активный словарный запас человека, тем содержательнее, доходчивее и красочнее его устная и письменная речь» (5, 434 б.). Сондай-ақ ғалым сөздік қорды байытуды міндетті санап қана қоймай, сөзді қолдана білуге үйрету қажет деп санайды (5,434 б.). «Методика преподавания русского языка в национальной школе» деген оқу құралында да «Овладение языком невозможно без знания слов, так как слово – первооснова языка» - деп тұжырымдалып, сөздік қорды байытуға: «– количественное увеличение словаря, или усвоение новых слов; – качественное обогащение словаря, или усвоение новых значений известных слов, их сочетаемости и выразительных возможностей; – осознание системных связей слов: словообразовательных, синонимических, антонимических, умение классифицировать слова по различным системным признакам; – формирование гибкости, динамичности словаря, т.е. готовности словаря к активному употреблению в речи: развитие навыков безошибочного выбора слов и правильной их сочетаемости с другими словами в соответствии с высказываемой мыслью и речевой ситуацией» (6, 69 б.), - деген түсінік берілген. Ал экономика саласына байланысты оқу мәтіндерін зерттеген ғалым Е.А. Акулова былай деп жазады: «В последнее время в результате возрастания роли специальной коммуникации (научной, технической, массовой) в жизни общества, фокус лингвистических исследований сместился в сторону специальных текстов. Важное значение, в связи с этим, приобретает изучение учебных текстов, которые являются промежуточным звеном на пути познания, необходимым этапом в овладении языком специальной коммуникации» (7, 3 б.).

Бұдан орыс тілді топтарда қазақ тілін оқытуда мәтінмен және онымен байланысты жұмыстар жүргізудің мәні, маңызы анық байқалады. Мәтінмен жұмыстың бірнеше түрлері бар. Мәселен, күнделікті сабақта жиі қолданылатын мәтінді оқу, мәтінге жоспар жасау, мәтіннің бөлімдеріне тақырып қою, мәтінмен грамматикалық және түрлі өздік жұмыстарын орындату, мәтіндегі жаңа сөздерге сөздік жасату т.б. секілді жұмыс түрлері студенттің екінші тілді меңгеруіне қолайлы болып табылады.

Жоғары оқу орындарының орыс тілді топтарында студенттердің сөздік қорын мамандыққа қатысты кәсіби ұғымдармен байыту үшін кәсіби қазақ тілі сабақтарында студенттерді қазақша кәсіби жаңа сөздермен таныстырып, аудармасын айтып, толықтырып, сан жағынан көбейтіп отыру қажеттігі тәжірибеде өз нәтижесін көрсетуде. Сонымен қатар әр сабақта үйретілген жаңа сөздерді студент келесі сабақтарда да қайталап, оны қолдануға дағдыландыру жұмыстары жүйелі жүргізілсе, білім алушылардың сөздік қоры молайып, қазақша кәсіби тілді тиянақты меңгеретін болады.

Сондай-ақ қазақ тілі сабағында студенттерге таныс сөздердің басқа мағыналарын үйрету де студенттің сөздік қорын толықтырып, кәсіби тілді дұрыс меңгерулеріне мүмкіндік береді. Осы орайда сабақ

процесінде меңгертілген, таныстырылған жаңа сөздердің тіркесуіндегі, қолданылуындағы ерекшелік те ескерілуі керек. Мұндай жұмыстар да студенттің сөздік қорының дамуына ықпал етеді.

Оқытуды ұйымдастыруда студенттің сөйлеу белсенділігін арттыратын, өз ойын ашық айтуға, пікір алысуға жетелейтін әдіс түрлерін қолдану кәсіби тілде сөйлеу мәселесінің дұрыс шешілуіне жағдай жасай отырып, орыс тілді бөлімдерде білім алушыларға кәсіби лексиканы меңгерте отырып, олардың сөздік қорын жетілдіруге жағдай жасайды. Тілді оқыту әдістемесінде инновациялық әдістерді ұсынуда оқытудың сапасын арттыру, жақсы нәтижеге қол жеткізу мақсат етіледі. Бұл әдістер жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде білім алушыларды мемлекеттік тілде келешек мамандығына сай жүйелі де мәдениеті сөйлеуге үйретуде маңызды рөл атқарады. Әсіресе, екінші тілге үйретуде болашақ кәсіпке қатысты мәтін түрлерін пайдалану тиімді болатындығына зерттеушілер үнемі көңіл бөліп отырған.

**Талқылау.** Мәтінмен байланысты жұмыстарды орындауда тіл үйренуші үшін мәтіндегі сөздердің бір-бірімен қалай байланысқандары, сөйлемнің қалай басталып, қалай аяқталғаны, сөйлемнің түрлеріне дейін үлгі болады. Сондықтан ғалымдар мамандық мәтіні студенттің келешек мамандығына қатысты болуы керектігіне ерекше назар аударуда. Өйткені студент болашақ кәсібі туралы, ол саладағы белгілі адамдар, жетістіктер туралы мәліметтер алғысы келетіні – заңды құбылыс. Бұның өзі сөйлеуді ереже арқылы үйрету емес, мәтін үлгісі арқылы үйрету болып табылады. Мысалы, сабақтың тақырыбы – *«Ұлттық билердің түрлері»*. Сабақта мәтінмен таныстырмас бұрын оның құрамындағы кәсіби сөздердің мән-мағынасын, оларды тілдік қатынаста қолдану дағдысын қалыптастыруға арналған мәтінге дейінгі тілдік жаттығулар орындатуға болады. Ол жаттығуларда қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін ұлттық сахна өнері екендігі, қазақ биі өнерінің кәсіби деңгейге көтеріліп, сахна төріне шығуы, халық биін тұңғыш кәсіби сахнаға шығарған талантты бишілер Ш.Жиенқұлова мен Ә.Ысмайлов туралы, қазақтың “Кілемшілер”, “Жігіттер биі”, “Бүркітші”, “Қос алқа”, “Асатаяқ”, “Биші қайың”, “Шолпы” және “Салтанат” атты ұлттық билері жайында мәлімет беріледі. Одан соң мәтінді мәнерлеп оқу, оның ішіндегі жаңа сөздермен жұмыс жасау, ауызша сұрақ-жауап, жазбаша тапсырмалар, сурет бойынша жұмыс және т.б. осындай жұмыстар бірінен соң бірі байланыстырылып, белгілі бір жүйе бойынша орындалады. Мәтінді толық меңгергеннен кейін, әр студент бастапқы белгіленген мақсат – өздерінің би және оның түрлері туралы білетіндері жайында әңгімелейді. Аталған тақырыпты әрі қарай байланыстыру мақсатында *«Қара жорға»* атты мәтінді ұсынуға болады: *«Қара жорға» немесе буын биінің халқымызбен қайта табысқанына көп уақыт болған жоқ. Алайда, бүгінгі ұрпақ енді ғана қызыға қабылдап жатқан бұл би ежелден-ақ емдік құралы болған екен. Бүгін күні де «Қара жорғаның» денсаулыққа пайдалылығы айқын болып отыр.*

*Салауатты өмір салтын сақтай білетін кез-келген адам өз денсаулығы үшін спортпен, иогамен және тағы басқаларымен айналысатынындай, бұл биді билеу де адам денсаулығына аса пайдалы. Өйткені «Қаражорға» - буын биі деп есептеледі. Өйткені бұл биді билеген кезде, саусақтың ұшынан бастап, буындардың барлығы да қимылдайды. Бұл өз кезегінде буынды ширатып, денені сергітуге үлкен ықпал етеді».*

Осы шағын ғана мәтін арқылы студенттер қазақтың ұлттық биінің бірі жайында мәлімет алады, тірек сөздерді (*«Қара жорға», буын биі, емдік құралы, салауатты өмір салты, буынды ширату, денені сергіту*) тауып және сол сөздермен жұмыс түрлерін орындайды.

Мәтіндегі сөздерді қайталау, бекіту үшін мәнделс мақал-мәтелдерді көмекші мәтін ретінде қолданып, олармен де жұмыстар жүргізіп, белсенді сөздік қорды байытуға болады. Мысалы, жоғарыдағы мәтінге қатысты *«Денсаулық – зор байлық, Дені саудың – жаны сау, Ата өнері – балаға мұра, Өнерлінің өрісі ұзақ, Өнер көзі – халықта, Өнер жаны – құштарлық, Жауы – іштарлық, Өнер – ағып жатқан бұлақ» т.б.*, секілді мақалдарды келтіріп, талдату білім алушылардың қазақ тілін терең түсінулеріне мүмкіндік жасайды, сөздік қорлары молаяды. Өйткені, мақал-мәтелдер – халықтың даналық ой-түйінін ұрпақтан ұрпаққа жеткізген асыл мұра, мол байлық. Мақал-мәтелдер – халықтың жан-дүниесінің, мінез-құлқының, сана-сезімінің, өнер-білімінің айнасы, ол адамдардың сөздік қорының байлығын ғана танытып қоймайды, ол – уақыт озған сайын құны арта түсетін асыл қазына. Өйткені, мақал-мәтел – тәлім-тәрбие, өсиет, ақыл, ұлағат, ізгіліктің қайнар көзі. Міне, осы бай асыл мұралармен студенттің сөздік қорын толықтыру керек.

Халық мақал-мәтелдердегі сөздердің шебер, орынды қолданылуына ерекше көңіл бөледі, сол себепті мақал сөйлемдерінде басы артық ештеңе болмайды, айтуға, есте сақтауға жеңіл болып келеді. Сондықтан мақал-мәтелдердің студент тілін дамытуда, жетілдіруде, ой-өрісін кеңейтуде рөлі үлкен. Өйткені, мақал-мәтел айтылатын ойдың мақсатын тыңдаушыға тез ұғынуға көмектеседі, олай болса студент сөйлеген сөзінде, жазған шығармасында мақал мен мәтелді пайдалануға дағдылануы тиіс. Мақал-мәтелді, қанатты сөздерді орынды қолдана білу – шебер сөйлеудің бір көрсеткіші.



Тіл шеберлігіне ерекше көңіл бөлген ғалымдардың бірі – М.Балақаевтың пікірінше, «Негізгі тілдік материалдар – халық тілінің байлықтары – сөздер, мақал-мәтелдер. Тек солар арқылы әрі жатық, әрі нақтылы, өзгелер бірден түсіне қоятын сөз кестелерін тіл шеберлігіне арқау еткенде ғана жұрт ықылас қойып, сүйсініп тыңдайтын болады» [8,69-б.]. Бұдан сөйлеген сөздің мақал-мәтел арқылы жеткізілуі әсерлі болатындығын аңғаруға болады. Сондықтан студент ауызша да, жазбаша да өз ойын жеткізгенде мақал-мәтел, нақыл сөздерді тиімді қолдана білуге дағдылануы тиіс.

Мақал-мәтелдер арқылы студент тілін жетілдіру үшін оларды сабақта өтілетін лексикалық тақырыптарға сай таңдау қажет. Студент сабақта танысқан мақал-мәтелдерін белсенді сөздік қорға айналдырумен қатар, мән-мағынасына да тереңдеп үніліп, түсіне білуі керек. Орыс топтарында оқитын білім алушылар мақал-мәтелдің мағынасын түсінбей, оны меңгеруі, есте сақтауы және оны өз сөзінде қолдануы мүмкін емес. Сондықтан ғалымдар мақал-мәтел мағынасын түсіндіру қажет деп санаумен бірге, оның кейбір тәсілдерін де ұсынады. Мысалы, Г.Кәміева өз зерттеуінде: «Мақал-мәтелдерді орыс тіліндегі баламасы арқылы түсіндіру тәсілін қолдану бірсыпыра нәтиже берді. Бұл ретте орыс тілінен қазақ тіліне енген мақал-мәтелдер ұтымдылық көрсетті» (2,12-б.),- деп көрсеткен. Әрине, мақал-мәтелдің мағынасын аудартып, баламасы арқылы түсіндіру тиімді. Өйткені, әдістемеде өзге тіл өкілдеріне қазақ тілін оқытуда аударма тәсілі өте белсенді қызмет атқаратындығы айтылып жүр. Өйткені сөздің, мақал-мәтелдің мағынасын тіл үйренушінің өз тілімен түсіндіру үлкен жеңілдік әкеледі. Сол себепті де әдістемеші ғалымдар екінші тілді үйретуде тіл үйренушінің ана тілімен байланыстыра оқытуды ұсынады. Сондықтан біз де мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіруде тіл үйренушінің ана тіліндегі мағыналас мақал-мәтел арқылы салыстыра отырып түсіндіру тәсілін белсенді түрде қолдануға болады деп есептейміз. Әр сабақта мақал-мәтелмен жұмыс өзгеріп отыруы керек. Жұмыс түрі өзгеріп отырмаса, студент тез жалығады. Сонымен бірге жұмыс түрлері алдымен жеңілден басталып, барған сайын күрделеніп отырғаны дұрыс. Мысалы, алғашқыда мақал-мәтелді оқу, мағынасын түсіну, орыс тіліне аудару, дәптерге жазу тәріздес жұмыстарды орындау талап етілсе, кейін, мақал-мәтелді жаттаңыз, мақал-мәтелді қалай түсінгеніңізді жазыңыз тәріздес кеңейтілген тапсырмалар берілсе, студенттің тақырыпқа қатысты мақал-мәтелді есте сақтауына, сөздік қорының дамуына үлкен көмегі болады.

Орыс тілді топтарда студенттердің сөздік қорын байытудың бір жолы болашақ мамандығына қатысты кәсіби терминдерді меңгерту болып табылады. Білім алушылардың сөздік қорын терминдер арқылы байытуда мынадай жұмыстарды орындатуға болады: 1. Сабақ тақырыбына қатысты жаңа терминді түсіндіру. Жаңа терминді қалай түсінгенін тексеру, қайталату, оның нені білдіретінін, анықтамасын айтқызу. 2. Студент дәптеріне жаңа терминді анықтамасымен жазғызу. 3. Сабақта студенттердің терминдерді дұрыс қолдануын қадағалау. 4. Талдауда жаңа терминді пайдалануға жаттықтыру. Мысалы, *ауен, күй, дыбыстың ұзақтығы, екпін* немесе қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының атаулары – *адырна, аса таяқ, дауылпаз, жетіген, қыл қобыз, сыбызғы* т.б. сөздер тіркесетін сөздерді табу, содан соң әр сөз тіркесімен сөйлемдер, шағын мәтіндер құрастыру секілді жұмыстар студенттердің қазақтың музыкалық өнері жайында толық мәлімет алуларына мүмкіндік береді. Терминдерді белсенді сөздік қорға айналдыру үшін бұдан басқа да жұмыс түрлерін пайдалану керек. Мысалы, ойбөліс (дебат), ойталқы (диспут), іскерлік ойындар секілді жұмыс түрлері де терминдерді қолдану дағдысын қалыптастырып, терминдердің белсенді сөздік қорға айналуын қамтамасыз етеді.

Бұл жұмыстар терминдердің елеусіз қалмауын, терминдерді тілдік қатысымда қолдану дағдысын қалыптастырады. Кәсіби қазақ тілін меңгеруде жаңа әдістерді пайдалану студенттердің тілді үйренуге деген қызығушылықтарын туғызады және меңгеру белсенділіктерін арттырады. Сондай әдістердің бірі - ойбөліс (дебат). Студент ойбөліс ұйымдастыру арқылы түрлі тақырыпта сөйлеуге, пікір таластыруға, өз ойын дәлелдеуге, басқаның пікірінің қате екенін дәлелдеуге жаттығу арқылы шебер сөйлеуге жаттығады, дағдыланады.

Ойбөліс студенттердің сөйлеу мәдениетін арттырып, олардың топ алдында өзін-өзі талдай білуге, басқаны тыңдай білуге, өз көзқарасын дәлелдей білуге, сауатты сөйлей білуге үйретеді [9, 235].

Ең алдымен, ой бөлісті ұйымдастыруға, дайындау кезеңіне мән берілуі тиіс. Ол үшін ойбөліс тақырыбын дұрыс таңдап, белгілеу қажет, содан соң оған қатысушылар анықталып, дайындық жұмысы жүргізіледі. Ойбөлісті ғылымда ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдісі деп есептейді. Ойбөліске қатысушылар жүйелі сөйлеуге, өз ойын сенімді түрде айта білуге жаттығады. Өйткені, ойбөліске қатысушылар сенімді де жүйелі, талапқа сай сөйлей білсе ғана, таңдап алынған тақырып толық ашылып, ойбөліс сәтті аяқталады. Ойбөліс кезінде студент ойлана отырып, қазақша сөйлеуге төселеді, сөздік қорлары толығады. Сондай-ақ ойбөліске белсенді қатысу арқылы студентте тапқырлық, мәдениетті сөйлеу секілді дағдылар қалыптасады. Ойбөліс арқылы күрделі, қайшылықтардан тұратын мәселелерді шешуге

үйренуге болады. Осы орайда ойбөліс студентті өз ойын басқаға дұрыс жеткізе білуге, дәлелдей білуге, пікір таластыра білуге бағыттайды. Оқытушы жетекшілігімен студенттер ойбөліс тақырыбына қарай дайындық жұмысын жүргізеді. Өйткені, ғалымдар көрсетіп жүргендей, дайындық арқылы сұраққа жауап беру, кез келген жағдаятта сөйлеу, алдын ала ойластырылған монолог сөз секілді дайындық жұмыстары қарым-қатынаста қажетті әрі маңызды.

Ғылыми еңбектерде ойбөлістің ерекшелігі екі команда арасындағы бір ғана өзекті тақырыпқа бағытталған, қарсыласының да, өзінің де дұрыстығы үшінші жақ (көрсеткіштер, қазылар алқасы) арқылы бағаланатын, нақты түрде құрылған, тең түрде ұйымдастырылған даулы мәселені шешуге бағытталады деп көрсетіліп жүр. Олай болса, ойбөліс – студенттердің екі топқа бөлініп, шынайы түрде өтетін белсенді пікірталасы. Ойбөліс соңында өз ойларын дұрыс, сенімді түрде дәлелдей білген топ жеңіске жетеді және оны қазылар алқасы шешеді. Мысалы, музыкалық білім беру мамандығы студенттерінің арасында ««Фонограммамен ән айту көрсеткіштерді алдау емес пе?»» деген тақырыпта ойбөліс өткізуге болады. Тақырып, пайдаланылатын ақпараттар екі апта бұрын студенттерге таныстырылады. Олар осы дайындық кезінде керекті әдебиеттерден, баспасөз беттерінен мәліметтер жинақтап, айтатын сөздерінің жоспарларын жасайды. Осындай дайындық кезінде студенттер қызыға материалдар жинақтап, ойша өздерін пікірталасқа дайындай бастайды. Ал ынтамен қызығып істелген жұмыс нәтижелі болатыны белгілі. Берілген тақырыпқа қатысты мағлұматтар жинақтау үстінде студенттердің әрқайсысы өздеріне тиісті мәселеге дәлелдер іздеп, оны көпшілік алдында өз сөзімен, шынайы түрде жеткізе білуге талпынады, қойылған сұрақтарға нақты, дәл, дұрыс жауап беруге ынталанады. Әсіресе, айтатын пікірлерін, дәлелдерін шашыраңқы етпей, ойша қорытып, жүйелеп айтуға дағдылану, ол үшін терең ойланып, жауап беру жағы қатаң ескертілуі керек. Сонда ғана ойбөліс студенттің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтіп, сөздік қорын байытып, шебер сөйлеуге төселдіреді. Сөйтіп студенттердің оқытушының ойбөліске ұсынған мәселесі бойынша қазақша сөйлеу дағдылары жетіледі.

Өзге тілді топтарда қазақ тілін оқытуда деформация әдісін де пайдаланған тиімді. Бұл әдіс бойынша студент түрі өзгертілген тапсырмаларды дұрыс қалпына келтіріп орындайды, яғни берілген сөйлемдерді мағыналарына қарай байланыстырып, жүйелі мәтін құрастырады. Мысалы, төменде орны ауыстырылған сөйлемдерді ыңғайына, мазмұнына қарай реттеп орналастырып, шағын мәтін құрастыртуға болады:

*Қазіргі кездегі домбыралардың пернелері хроматикалық дыбыс ретінде лайықталып, тұрақты бұрауға түсірілген. Оған пернелелерді тағып, күй орындаған. Домбыра - ел ішінде ежелден келе жатқан қазақ халқының сүйікті музыка аспабы. Халық арасына көбірек таралған домбыра – тенор домбырасы. Бұрынғы кезде күйшілер домбыраны ағаштан ойып, қолдан жасаған. Бұдан басқа да домбыраның домбыра-прима, домбыра-бас, домбыра-контрабас деген түрлері бар.*

Студенттер сөйлемдерді оқи отырып, оларды мағыналарына қарап, қайтадан жүйелі шағын мәтін құрастыруға дағдыланады. Сөйтіп, білім алушылар қазақша сөйлемдердің мағыналарын дұрыс түсініп, мәтін құрастыруға жаттығады.

Әдістемелік еңбектерде жоғары оқу орындарының студенттеріне кәсіби қазақ тілін меңгертуге қолданылатын жұмыстар жүйесі: 1. Кәсіби лексикамен жұмыс. 2. Кәсіби мәтінмен жұмыс деп екі түрге бөліп қарастырылып жүр [10,13]. Өзге тілді топтарда мемлекеттік тілді меңгертуге бұл екі жұмыс түрі де өте маңызды, өйткені тіл үйренушінің сөздік қоры толықтырылмай, басқа тілді дұрыс меңгеру мүмкін емес. Сондықтан студент екінші тілді кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде үйреніп, дағдылануы қажет. Сонда ғана білім алушы болашақ мамандығына қатысты сөздерді игеріп, ол сөздердің мағыналарын да толық меңгеретін болады. Сондай-ақ қазақ тілі сабағында студенттерге таныс сөздердің басқа мағыналарын үйрету де студенттің сөздік қорын толықтырып, кәсіби тілді дұрыс меңгерулеріне жағдай жасалады. Осы орайда сабақ процесінде меңгертілген, таныстырылған жаңа сөздердің тіркесуіндегі, қолданылуындағы ерекшелік те ескерілуі керек. Мұндай жұмыстар да студенттің сөздік қорының дамуына ықпал етеді.

Сонымен бірге, студенттің сөздік қорындағы кәсіби сөздерді кәсіби қарым-қатынаста сөйлеуде дұрыс, орынды қолдануы, керек сөзді тез тауып қолдануы, сөздердің бір-бірімен сөйлемде тіркесу жолын меңгеруі студенттің сөздік қорының іске қосылуы болып саналады. Мысалы, *ән* сөзін алатын болсақ, бұл сөзге алдымен мынадай түсініктеме беріледі: (*ән – әуені, сазы бар музыкалық шығарма*); Одан кейін осы сөзбен бірнеше сөз тіркестері (*әннің сөзі, әннің музыкасы, әннің авторы, ән өнері т.б.*), сөйлем (*Халықтық ән дәстүрінде орындаушылық ерекшеліктеріне қарай аймақтық мектептерге бөле оқыту тәжірибесі қалыптасқан*) құрастыру дағдысын қалыптастыру, фразеологиялық тіркестерді (*әнге басты, әнге қосылды, ән салды т.б.*) табуға үйрету жұмыстарын жүргізуге болады. Кейін бұл сөз басқа да жаттығу түрлері мен шағын сұхбат, мәтін ішінде келесі сабақтарда да қайталанып беріледі. Сөйтіп сөз студент

санасында әбден бекіп, оны кәсіби жағдайда тілдік қатынаста қолдану дағдысы қалыптасады. Мұндай сөздік жұмысы әр сабақ үстінде белгілі жүйемен жүргізілуі керек. Студент сабақ сайын үйретілетін осындай жаңа сөздерді кейін мәтін ішінде, сұхбаттарда қолдануға жаттығады. Келесі тапсырма бойынша осы сөздерді бекіту мақсатында мынадай тапсырма беруге болады: *Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып, шағын сұхбат құрастырыңыздар. 1. Той әндері. 2. Туған жер әндері. 3. Тарихи әндер. 4. Махаббат әндері.*

Студенттер осындай тапсырмаларды жүйелі түрде орындап отырса, кәсіби ұғымдарды меңгеріп, қазақша сөйлеуге жаттығып, олардың сөздік қоры да толығып отырады.

**Қорытынды.** Жоғары білім қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағынан дамуының шешуші факторы болып отырған кезде кәсіби білімі мен сөйлеу шеберлігі жетілген маман даярлау жоғары оқу орындары алдындағы басты міндет болып табылады. Ал жоғары оқу орнында музыкалық білім беру мамандығының орыс тілді топтарында болашақ мамандар сөздік қорын дамытып, өз ойын кәсіби тұрғыда меклекеттік тілде жеткізуге дағдылануда қазақ тілін оқытуда жүйелі жұмыстар жүргізілуі қажет. Бұл межеге жету үшін жоғары мектептің орыс тілді топтарында қазақ тілін оқытуда кәсіби терминдерді меңгерту, кәсіби мәтіндермен жұмыс, белсенді әдістерді кеңінен пайдаланып, студенттердің тілге деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстары күнделікті жүргізіліп, жалғасын табуы қажет. Қазіргі кезде білім беру саласының басты міндеті – бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру. Бұл ретте болашақ музыка пәнінің мұғалімін даярлайтын жоғары оқу орнының орыс тілді топтарында студенттер мемлекеттік тілдің ауызша, жазбаша нормаларын меңгере отырып, өздерінің қазақша сөздік қорларын толықтыра білулері тиіс. Өйткені, жеткілікті сөздік қор, дұрыс сөйлеу дағдылары студенттің келешек кәсіби шеберлігінің басты көрсеткіші болады. «Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол – танудың, түсінудің, дамудың құралы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады»[11, 211 б.].

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Шонанұлы Т. *Орыстар үшін қазақша әліппе.* – Алматы, 1931. – 88 б.
2. Камиева Г.К. *Орыс топтарындағы студенттердің сөйлеу тілін мақал-мәтелдер арқылы дамыту): пед.ғыл.канд. ...автореф.* – Алматы, 2003. – 25 б.
3. Абдиева Ш.Д. *Жоғары заң оқу орындары студенттерін қазақша кәсіби сөйлеуге үйрету әдістемесі: пед.ғыл.канд. ...автореф.* – Алматы, 2004. – 25 б.
4. Құсаинова Д.Ж. *Орыс бөлім студенттерінің сөздік қорын мамандыққа байланысты дамыту әдістемесі (заң факультетінің жалғастырушы топтары үшін): пед.ғыл.канд. ...автореф.* – Алматы, 2006. – 25 б.
5. Текучев А.В. *Методика русского языка в средней школе.* 1970. – 605 с.
6. *Методика преподавания русского языка в национальной школе.* 1990. – 414 с.
7. Акулова Е.А. *Типологические характеристики англоязычных учебных текстов экономических текстов. Автореферат дис. кфн.* – Санкт-Петербург, 2008. – 22 с.
8. Балақаев М. *Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту.* – Алматы: Мектеп, 1989. – 95 б.
9. Аханова Д. *Дебаты как одна из форм современного урока // История Казахстана: преподавание в школе.* – 2004. – № 1. – С 27-29.
10. Шабденова К.Ж. *Жоғары оқу орындарының студенттеріне кәсіби қазақ тілін кредиттік технология арқылы үйрету (ақпараттық жүйелер мамандығына оқитын жалғастырушы топтар үшін): пед.ғыл.канд. ...автореф.* – Алматы, 2010. – 26 б.
11. Джаркинбаева Г.А., Байтенова Г.А. *Үштұғырлы тіл саясаты – жастардың жарқын болашаққа жолы. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы, “Филология ғылымдары” сериясы.* – Алматы, 2017. – №3(61). – 208-212-бб.

МРНТИ 14.07.09

Н.Ж. Бекеева<sup>1</sup>, А.Н. Сарбасова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>КИМЭП Университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

## КӘСІБИ ТІЛДІК ДАҒДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАҚЫРЫП ПЕН МӘТІННІҢ ДҰРЫС ТАҢДАЛУЫ

*Аңдатпа*

Мақалада кәсіби қазақ тілі курсынағы эксперименттік сабақтардың ғылыми нәтижесі қарастырылады. Тілдік емес университетте кәсіби қазақ тілін оқыту барысында коммуникативті күзінеттілік қана емес, сонымен бірге студенттердің кәсіби тілдік дағдылары да дамиды. Қазіргі уақытта кәсіби қазақ тілін оқыту туралы көптеген ғылыми еңбектер жазылды, оның кейбір аспектілері әлі де егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Осы мәселелердің бірі – сабақ тақырыбы мен кәсіби мәтіндерді дұрыс таңдау, сонымен қатар оларды сабақта дұрыс қолдана білу. Дұрыс таңдалған тақырыптар мен мәтіндер мемлекеттік тілге қатысты қажетті дағдыларды игертеді. Нәтижесінде, студенттердің болашақ кәсіби тілдік қарым-қатынас саласында сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Сайып келгенде, олар терең және сапалы кәсіби білім алады. Кәсіби білім мен дағдыларды игеру құралдарымен қатар, қазақ тілі кәсіби қарым-қатынас тілі ретінде әлемнің тілдік бейнесін кеңейтеді, сонымен қатар танымдық және адамгершілік қасиеттерді меңгереді. Кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту процесінде студенттердің танымдық белсенділігі артады. Бұл қазіргі қарқынды дамып жатқан әлемдегі болашақ маманның кәсіби тұрғыда маңызы бар салыстыру, талдау, синтездеу, жалпылау, болжау сияқты қасиеттерде өз көмегін тигізеді.

**Кілт сөздер:** кәсіби тіл, болашақ маман, кәсіби тақырып пен мәтін, кәсіби білім.

*N.Bekeyeva<sup>1</sup>, A.Sarbassova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>KIMEP University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## RIGHT CHOICE OF TOPIC AND TEXT IN FORMING PROFESSIONAL LANGUAGE SKILLS

*Abstract*

The article deals with the scientific results of experimental lessons in the professional course of the Kazakh language. In the process of teaching professional Kazakh language at a non-language university develops not only communicative competence, but also professional language skills of students. Currently, a lot of scientific works have been written about the professional training of the Kazakh language, some of them need detailed study. One of these problems is the correct choice of the lesson topic and professional texts, as well as the ability to use them correctly in the lesson. Properly selected topics and texts acquire the necessary skills in relation to the state language. As a result, students acquire speech skills in the future professional field of language communication. Ultimately, they receive a deep and high-quality professional education. Along with the tools of acquiring professional knowledge and skills, the Kazakh language as a language of professional communication expands the linguistic picture of the world, as well as acquires cognitive and moral qualities. In the process of forming and developing professional speech skills increases cognitive activity of students. In the modern dynamically developing world it helps the future specialist in such qualities as comparison, analysis, synthesis, generalization, forecasting which have professional value.<sup>1</sup>

**Keywords:** professional language, future specialist, professional topic and text, professional knowledge.

Н.Бекеева<sup>1</sup>, А.Сарбасова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет КИМЭП, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## ПРАВИЛЬНЫЙ ВЫБОР ТЕМЫ И ТЕКСТА ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЯЗЫКОВЫХ НАВЫКОВ

### Аннотация

В статье рассматриваются научные результаты анализа проведенных экспериментальных занятий по курсу профессионального казахского языка. В процессе изучения профессионального казахского языка в неязыковом вузе происходит развитие не только коммуникативной компетенции, но и профессиональных качеств обучаемых. В настоящее время по преподаванию профессионального казахского языка написано немало научных работ, но некоторые его аспекты все же требуют более детального изучения. Одним из таких вопросов является верный выбор темы занятия и профессиональных текстов, а также умение их правильно применить на занятии. В результате изучения правильно выбранных тем и текстов, формируются и совершенствуются новые речевые навыки и умения, связанные с профессиональной сферой коммуникации. Студенты овладевают нужными навыками использования государственного языка и получают, в конечном итоге, глубокое и качественное профессиональное образование. Помимо средства приобретения профессиональных знаний и навыков казахский язык, как язык профессионального общения, расширяет картину мира, а также выполняет функцию когнитивного и нравственного развития. В процессе формирования и развития профессиональных речевых навыков и умений активизируется мыслительная деятельность обучаемых, что создает предпосылки, побуждающие к важнейшим действиям и операциям: сопоставлению, анализу, синтезу, обобщению, прогнозированию, которые являются профессионально значимыми для будущего специалиста в современном быстро развивающемся мире.

**Ключевые слова:** профессиональный язык, будущий специалист, тексты и темы по профессии, профессиональное образование

**Кіріспе.** Қазіргі қоғам талабы болашақ маманды мамандық бағытында ғана білім берумен шектемей, оның тұлғалық күзіретін қалыптастыратын ой-өрісі дамыған, өзіндік пікір, ұсынысы бар тұлғаны дайындау міндетін алға тартады. Осыған орай, жоғары оқу орындары тіл мамандарының да міндеттері күшейіп, студентке тілдік білім үйретумен қатар өздері де үйренетін жаңа білім қалыптасуда. Осындай білімнің бірі ретінде жоғары оқу орнындағы кәсіби қазақ тілі мәселесі біраз жылдан бері өзекті мәселеге айналды. Қазақ тілі күнделікті қызметтік және кәсіптік қарым-қатынас тіліне айналуы үшін ҚР Білім және ғылым министрінің 17.06.2011 жылғы №261 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына «Кәсіби қазақ (орыс) тілі» пәні міндетті компонент ретінде БД циклына 2 кредитпен енгізілді [1]. Бұл пәннің енгізілуі мемлекеттік тілдің кең көлемде қолданысын қамтамасыз ету үшін қажетті шара ретінде қабылданды. 2016 жылдан бастап орта мектепте жаңартылған білім беру жүйесінің енуі қазақ тілінің қызметін басқа қырынан нақтылап, болашақ маманды жоғарғы мектеп сыныбынан бастау керектігін айқындады. Олай болса, болашақта жалпы қазақ тілінен білімді орта мектептерде қалыптастырып, жоғары оқу орындарында тек мамандық тілі, яғни, кәсіби қазақ тілі оқытылатыны белгілі. Бұл барлық жоғары оқу орны оқытушыларының алдында үлкен міндеттің бар екенін ескере келе, кәсіби қазақ тілі курстарын қайта қарастыруды талап етеді.

Кәсіби қазақ тілі жоғары оқу орындарына енгізілгелі бері біршама оқулықтар жарық көріп, қолданылып келеді. Әр жылда шыққан оқулық өз уақытында өзекті болғанымен уақыт өте келе, оқулықтың ауысып отыруы заңдылық. Экономикалық мамандықтарға арналған біршама оқулықтардың негізгісі ретінде З.Күзекованың «Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының экономика факультеттеріне арналған» орташа және жалғастырушы топтар үшін оқулығы атауға болады [2, 35]. Дегенмен бұл оқулық жалғастырушы деңгейге арналғандықтан барлық аудиторияда қолданылмайды. Ғалымның ізімен бірнеше авторлар оқулық жазып, өз тәжірибелерін ұсынуда.

**Әдістер.** Кәсіби қазақ тіліне қойылатын талаптарды күнделікті қызмет барысындағы кәсіби әрекетке қажетті коммуникативті мақсаттарды жүзеге асыруға бағыттау, қажетті дағдыларды қалыптастыру, іскерлікке қатысты тілдік қарым-қатынастың барлық түрлеріне бейімдеу, іскерлік хаттарды жазып үйрену екенін ескерсек, бұл оқулықтар осы талапқа толық жауап бере алмайды. Себебі, оқулықтардың коммуникативтік бағыты, лексика-грамматикалық деңгейі, тақырып мәселесі, аутенттік мәтіндерді кәсіби салаға бейімдей ұсыну мәселесі студенттерге біршама қиындық туғызады. Сол үшін тілдік деңгейі толық

қалыптаспаған студентке бірден кәсіби мәтіндер емес, іскери қарым-қатынас тіліне бағыттайтын, кәсіби тілдік қарым-қатынас жасауға икемдейтін дағдыны қалыптастыру деп түсінеміз. Бұл мәселеде Ф.Оразбаева: “Кәсіби тілдесім – тіл үйренушілерге белгілі бір мамандықтың саласына байланысты сөйлесудің үлгілерін, мамандыққа қатысты сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету” [3] екендігін айтады. Ғалым ұсынып отырған тілдік материалдарды экономикалық бағыттағы қазақ тілінің оқулығы болсын, сабақтың апталық жоспары болсын іскери бағыттан бастауды ұсынатын болсақ, қандай тақырыптар берілуі мүмкін деген сауал туындайды. Бұл сұраққа жауап іздеу үшін алдымен ғалымдардың пікіріне сүйенеміз. Тілді екінші тіл ретінде оқыту бойынша тақырыптарды таңдауда З.Күзекова мынадай ұстанымдарды қолдану керектігін айтады: коммуникативтік, жүйелілік, функционалдык, түсініктілік, оқу материалының қазіргі өмірге жақындағы, тіл үйренушінің деңгейі [4]. Өкінішке орай, осы талаптар орындала бермейді. Кәсіби қазақ тілі екінші тіл ретінде үйретілетін болғандықтан оның негізгі мақсаты коммуникация екенін ескерсек, берілген тақырыптар да соған сай болуы қажет. Мысалы, алғашқы сабақтарда «Ұжымдағы қарым-қатынас» деген тақырыпты ұсынсақ, тақырып тіл үйренушіні еріксіз сөйлеуге итермелейді. Ал тақырып аясында жиі кездесетін грамматикалық құрылымдарды, тілдік клишелерді қатар алып жүру студенттің білімін бекітіп отырады. Тақырып жүйелілігін сақтау да маңызды, бірінші тақырып «Алғашқы жұмыс күні» деген тақырыппен басталса, келесі тақырып ұжыммен танысып болғаннан кейін ұжымдағы қызметтік қарым-қатынасқа құрылғаны дұрыс. Кез келген жас маман өз жұмысына жан-жақты және толық кірісетінін ескерсек, келесі тақырыпты мамандықтың ерекшеліктерімен жалғастыруымыз қажет. Осылай тақырыптар арасында өзара сабақтастық қамтылған жағдайда студентке жүйелі, мазмұнды, пайдалы білім бере аламыз. Функционалдылық ұстанымды тақырыптарға шынайы өмірден алынған ситуацияларды енгізу арқылы қолданылады. Мысалы, қоғамда қаржы-экономика саласында қандай әрекеттер жиі кездеседі десек, олар банктегі кеңесшінің қызметі, қазіргі түрлі тауарларды өткізіп, жарнамалаумен айналысатын маркетингтердің қызметі немесе шағын бизнес ашуға қажетті жоспар сияқты тағы басқа мәселелер. Демек, бұл біздің сөйлеуге бағытталған тақырыптарымыз, осы жағдайларды ситуациялар арқылы студенттерге ұсынып, коммуникацияға шыға алатындай етіп сөйлетуге үйретуіміз қажет деген сөз.

Біз қарастырып отырған мәселеде кәсіби тілге бейімдей оқытудың әлеуметтік-қатысымдық бағытқа құрылуы керек деп түсінеміз. Болашақ маманның кәсіби қажеттілігіне, кәсіби міндетті қызметіне бағытталуы басты назарда болуы маңызды. Бұл саланы зерттеушілер [5] пікіріне сүйенетін болсақ, мамандық тілін оқыту пәніне арналған бағдарламаны құрастыруда бірнеше ұсыныстарды алға тартады:

- бағдарламаның кәсіби сала мамандарымен ақылдаса, бірлесе отырып құрастырылуы;
- мәтіндік материалдарға ерекше мән берілуі - мамандыққа тікелей қатыстылығы.

Біздің пайымдауымызша, бірінші ұсынысқа себеп – сол саладан арнайы білімі бар маманның кәсіби көзқарасының негізге алынуы. Екінші ұсыныстың негізінде болашақ маманның өз мамандығына деген мотивациясы жатыр. КИМЭП Университеті тәжірибесі көрсетіп отырғандай, «Кәсіби қазақ тілі» курстары бағдарламасында студенттің арнайы маман ретінде кәсіби құзырлылық деңгейіне жету мақсаты көзделеді. Бұл курстың ерекшелігінің өзі – бағдарламаның арнайы топтардың сұраныс-қажеттілігіне қарай құрылуы. Тілді кәсіби бағытта оқытудың мақсаты болашақ маманды өзінің нақты кәсіби саласында, іскери және әлеуметтік ортаға толық бейімделген тұлға дәрежесіне көтеру болып табылады. Оқыту технологиясы студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өзін өзі жан-жақты жетілдіруге, белсенділікке, сапалы білімге ұмтылуына, кәсіби дағды қалыптастыруға құрылуы басты назарда болуы қажет. Ол қазіргі таңда кең қолданысқа ие болып отырған оқытудың белсенді креативті технологиясына негізделгені дұрыс. Нәтижені жалпы тілдік білім алған студент пен арнайы мамандық тілін меңгерген студенттің кәсіби тілдік білім айырмашылығынан көруге болады. Ол үшін болашақ маман келесідей құзіреттіліктерді қалыптастыруы қажет:

- Лингвистикалық құзіреттілігі;*
- Лингвоелтанушылық құзіреттілігі;*
- Әлеуметтік құзіреттілік;*
- Дискурстық құзіреттілігі;*
- Әдістемелік құзіреттілік;*
- Кәсіби құзіреттілік.*

Аталған құзіреттіліктерге жету жолында студенттің мотивациясының рөлі де ерекше. Қандай студент болмасын, өз болашағының жақсы болғанын қалайды. Солай болады деп ойлайды да. Ол университет қабырғасындағы білімді өзінің болашақ биік мансабы, жоғары жалақыға жету жолы деп түсінеді. Осы мақсаттан студент қажеттілігі туындайды. Қажеттілікті қанағаттандаруда белсенді мотивация болса, ол

тез шешімін табады. Түрлі ғалымдар пікірі де мотивацияның жетекші рөліне басымдық береді. Мысалы психолог А.В. Петровский пікірі «Главными структурными компонентами мотивации являются мотивы, потребности и цели, которые реализуются в процессе деятельности обучающихся» [6], - дейтін болса, А.Н. Леонтьев [7] пікірі де осыған үндес. Мотивтің болашақ қызметке жету жолындағы қажеттіліктің толық қанағаттандырылуы деген пікірді айтады. И.А. Зимняя пікірі [8] оқу қызметі барысында екі түрлі мотивтің болатындығын дәлелдейді. Ол:

- қол жеткізу мотиві /мотив достижения/;
- танымдық мотив /познавательный мотив/.

**Нәтижелер.** Тақырыптың түсінікті және студенттің деңгейіне сай келуі – мамандыққа бағытталған аудиторияға, лексика-грамматикалық минимумға байланысты. Бұл да – бір үлкен даулы мәселелердің бірі. Көп жағдайда, тақырып бойынша берілген мәтіндердің студент деңгейіне сай келмей, яғни лексикалық минимумның сақталмауы, грамматикалық күрделі құрылымдардың берілуі тіл үйренуде нәтижесіз болып жатады. Ол үшін кәсіби қазақ тілін деңгейге бөліп қарастыру мәселесін ұстану орынды. Ал тақырыптың соңғы ақпараттармен толықтырылуы тиесілі сабақ барысында орындалғаны студент танымын кеңейтеді. Күнделікті өмірде жаңалықтар еніп, қоғамға түрлі тенденциялар қалыптасады. Осыған орай, студенттің тыңдайтын, оқитын тақырыптары да өзгеріп отырады. Курс тақырыптары аясында соңғы қызықты ақпаратты қамту студенттің қызығушылығын арттыратын сөзсіз.

Кәсіби қазақ тіліне 2 кредит берілгенін ескеріп, көп тақырыпты қамтымай нақты кәсіби бағыттағы қажетті тақырыптарды таңдау студентті бір саланы болса да толық меңгеруіне мүмкіндік ашады.

Осы ұстанымдарға негізделіп келе, В 1 деңгейі бойынша өз тәжірибемізде мынадай негізгі тақырыптарды беруді ұсынамыз:

Тақырып	Қарастырылатын мәселе	Лексикалық минимум	Грамматика. Тілдік клишелер
Алғашқы жұмыс күні	Оқылым: Ресми амандасу, танысу сұхбаттары Тыңдалым: танысу, амандасу, жұмысқа орналасу сұхбаттары Сөйлесім: өзін өзі таныстыру, жұмысқа орналасу сұхбаты Жазылым: өтініш, түйіндеме	еңбек өтілі, ұжым, әріптес, жалақы, серіктес, бөлім бастығы, іссапар, құжат	қалау рай, шартты рай, тұйық етістіктің септелуі. Танысып қояйық, рұқсат етсеңіз...
Ұжымдағы қарым-қатынас	Оқылым: банкте, телефонмен сөйлесу этикеті, әріптестер және басшылықпен қарым-қатынас т.б. Тыңдалым: жұмыс барысы, жоспарлау сұхбаттары Сөйлесім: ақпарат беру/алу, келісу/келіспеу сұхбаттары Жазылым: хабарландыру, хабарламахат	сұраныс, ұсыныс, тапсырыс, тауар, тасымал, біліктілікті көтеру	тұйық етістіктің септелуі, есімше, себеп-салдарлы сөйлем. Уақытыңызды бөліп келгеніңізге алғысымды білдіремін; бүгінгі бас қосу мен үшін үлкен құрмет; сізбен келіспеймін, қарсымын, себебі....
Менің болашақ мамандығым	Оқылым: қаржыгер, менеджер, маркетинг, аудитордың негізгі міндеттері туралы. Тыңдалым: сұхбат түрлері: баяндау, Сөйлесім: негіздеу, дәлелдеу, нәтижені баяндау сұхбаттары Жазылым: құттықтау хат	тауар, табыс, жарнама, пайда табу, шығын, тауар өтімділігі, бәсекелес, нарықты зерттеу, өтемақы, зиян шегу, өтелмеу, мерейтой, тілек білдіру	көмектес септігіндегі тұйық етістік, көсемше. Пікіріңізді қолдаймын; өте керемет; тақырыптан ауытқып кеткен сияқтымыз; шын жүректен тілектестік білдіруге рұқсат етіңіз.
Іскери байланыс орнату. Шешім қабылдау	Оқылым: әріптестер, серіктес компаниялар, бөлім басшылары арасындағы сұхбат. Сөйлесім: сендіру, негіздеу сұхбаттары. Тыңдалым: маркетингтік компания Жазылым: жарнама, іскери ұсыныс хат	келісімшарт, мәміле, сауда желісі, тұтынушы, тапсырыс беруші, ынтымақтастық, сәтті мәміле	мезгіл бағыныңқылы сөйлем. Болашақта бірлесіп жұмыс жасаймыз деп үміттенемін; ынтымақтастығымыз табысты болады деп сенемін.

Ұсынылған тақырыптар мен тапсырма түрлерін әрі қарай ұлғайтуға болады. Бұл семестрдегі ұсынылған кредит пен сағат санына тікелей тәуелді. Әр тақырып бойынша тапсырма түрлерін ұсынылған үлгілерге дей нақтылай, әлі де толықтырып отырса сабақтың жүйелілігі сақталады.

Біз қарастырып отырған мәселедегі негізгі көңіл бөлінетін тұс – мәтін таңдау. Кәсіби қазақ тілінен болашақ маманға кәсіби тілдік білім беруде деңгейге сай мәтіндердің болмауы себебінен оқытушылар мәтіндерді өздері құрастырып немесе аутенттік мәтіндерді іріктеп жатады. З.Күзекова мәтін таңдауда оның өзектілігі, материал фрагменттерінің коммуникацияда қолданылуы, тіл үйренушінің лексика-грамматикалық деңгейі, мәтіннің елтанымдық, танымдық, этика-эстетикалық компоненттерін ескеру сияқты өлшемдерін ұсынады [4]. Осы өлшемдерге мәтіннің тақырыпқа сай келуін де қоса аламыз. Мәтін таңдауда бұл қағидаларды ұстану маңызды. Себебі қазіргі қолданыстағы мәтіндердің басым бөлігі – ақпараттық мәтіндер. Әрқашан ақпарат беру студентті жалықтыруы мүмкін. Сондықтан ақпаратты сұхбат ретінде беру тиімді әдіс деп білеміз. Мысалы, менеджердің қызметін көрсететін мәтіндісұхбат түрінде беріп, сол сұхбат арқылы менеджердің қызметін табу тапсырмалары студентті шығармашылыққа жетелейді. Яғни бұл жұмыс оқытушыдан үлкен шығармашылық жұмысты талап етеді.

**Талқылау.** Кәсіби мәтіндердің көп бөлігі – аутенттік мәтіндер. Аутенттік мәтіндер деген не? Оны тіл үйренуге байланысты жеңілдетуге бола ма? деген сұрақтар да өз алдына өзекті. Аутенттік деген сөз латынның «*authenticus*» сөзінен шыққан, мағынасы түпнұсқа дегенді білдіреді. Аутенттік мәтін - тіл тасымалдаушыларына арналған, шынайы жағдайда жазылған түпнұсқа мәтін. Кәсіби тілмен жазылған аутенттік мәтіндерді тілдік деңгейі толық қалыптаспаған студенттің түсінбеуі әбден мүмкін. Ондай жағдайда біз аутенттік мәтіндер студенттің қабылдауына лайықталып ұсынылса, кәсіби тілдік дағдысының жетілуіне жол ашылады. «Методическая аутентичность допускает методическую обработку подлинно аутентичного текста в целях достижения его доступности для обучаемых» деп көрсетеді белгілі ғалымдар Хармер Ж., Носонович Е.В., Мильруд Р.П. [9]. Яғни аутенттік мәтінді үйренушіге жеткізу үшін жеңілдетіп, бейімделген мәтін жасауға болатынын ғалымдармен дәлелденген. Бейімделген мәтін дегеніміз – кәсіби саладағы және басқа шығармалардың тілдік дайындығы төмен оқырмандардың деңгейіне сай жеңілдету. Өз тәжірибемізде мәтінді бейімдеудің мынандай әдістері жиі қолданылады:

- құрылымдық бейімдеу;
- коммуникативтік бейімдеу;
- субъектті бейімдеу;
- инструменталды бейімдеу;

*Құрылымдық бейімдеу* сандық және сапалық болып екіге бөлінеді. Бейімдеудің сандық әдісі негізгі мазмұнды сақтау үшін маңызды емесқосымша ақпараттарды, кейбір қажетсіз сөз тіркестерін қысқарту арқылы жүзеге асады. *Сапалық бейімдеу* мәтіннің лексикалық, синтаксистік, грамматикалық жағынан қайта түзілуі. Келесі түрі – *коммуникативтік бейімдеу* субъектті және инструменталды болып бөлінеді. Субъектті бейімдеу – егер автор түпнұсқа мәтіндегі ақпараттан білімі болса, дұрыс түсінсе оқырманға жеңілдетіп бере алады. Оқытушы сол саланы толық түсінбесе өз пікірін ұсынып, интерпретация жасайды. Инструменталды бейімдеу – кәсіби мәтінді бейімдеуші түпнұсқа мәтінді саласындағы маманның көмегіне жүгінеді.

Мамандыққа арналған мәтіндермен арнайы тәжірибе жасап, оны ғылыми негіздеген орыс ғалымы И.З. Клычникова өз еңбектерінде мәтінде таныс емес лексиканың көп берілуі студенттің түсіну қиындығын тудыратындығын ескертеді: 30% таныс емес лексиканың берілуі мәтіндегі жалпы идеяны түсінуге кедергі келтірмейді, 10% таныс емес лексика мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге, 5% берілген жағдайда оқырман мәтіннің қосымша ақпаратын толық түсінуге мүмкіндігі бар екенін айтады [10]. Кәсіби тілдік дағды қалыптастыруда нақты нәтижелерге жету жолында осы ұсынылған тәжірибені қолдануымыз қажет.

**Қорытынды.** Болашақ маманның кәсіби тілдік құзіреттілігін қалыптастыруда курс тақырыптары мына ұстанымдарға негізделуі қажет деп түсінеміз:

- тақырыптың іскери қарым-қатынас мазмұнында болуы;
- тақырыптың студентті қызықтыратын коммуникативтік бағытта болуы;
- тақырып таңдауда лексика-грамматикалық минимумның ескерілуі;
- тақырып таңдауда ақпараттың жаңару, өзгеру процестерінің ескерілуі.

Ал кәсіби мәтіндерді ұсынуда мәтіннің тақырыпқа сай таңдалуымен қатар, тек ақпараттық мәтіндермен шектелмей, сұхбат түрінде берілуі; лексика-грамматикалық бейімделуі маңызды екенін айтқымыз келеді.

Мамандық тіліне, кәсіби қарым-қатынас тіліне бағыттап оқытуда жоғарыда аталған құзіреттіліктер мен белсенді мотивация дұрыс жолға қойылса, әрбір маманның жақсы нәтижеге, көздеген мақсатқа жететіндігіне сеніміміз зор.



*Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. ҚР Білім және ғылым министрінің 17.06.2011 жылғы №261 бұйрығы.
2. Кузеева З. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының экономика факультеттеріне арналған. Орташа және жалғас топтар үшін. – Алматы: Раритет, 1999
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2005
4. Кузеева З. Екінші тіл ретінде қазақ тілі оқулығы теориясының негіздері. Докторлық диссертация. – Алматы, 2005.
5. Образцов П.И., Иванова О.Ю. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку на неязыковых факультетах вузов: Учебное пособие /Под ред. П.И. Образцова. – Орел: ОГУ, 2005. – 114 с.
6. Петровский А.В. Психология развивающейся личности. – М.: Педагогика, 1987. – 238 с.
7. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения: в 2-х тт. / Под ред. В.В. Давыдова и др. – М.: Педагогика, 1983. – 391 с.
8. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 1999. – 384 с
9. Мильруд Р.П., Носонович Е.В. Критерии содержательной аутентичности учебного текста // ИЯШ. 1999. № 2. – С. 8-12.
10. Клычникова З.И. К вопросу о показателях понимания содержания иноязычного текста // Психология в обучении иностранному языку. М.: Просвещение, 1967. – 183 с.

МРНТИ 895:81'243

*Zh.S. Kupeeva<sup>1</sup>, I.S. Nasharbekova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan*

## INNOVATIVE METHODS OF FOREIGN LANGUAGE TEACHING

### *Abstract*

The present article examines innovative methods of teaching foreign languages as well as the prospects of implementing modern educational technologies into the learning process. The main goal of teaching foreign languages is to form and to develop a communicative culture within the students while at the same time teaching a practical mastery of the foreign language. According to the development of modern information society requirements for its participants, are getting higher every year. These requirements apply not only to the high level of geopolitical economic requirements imposed on modern worker, but also a comprehensive training and development of an individual to participate in all spheres of social and political life. Thus, the need for foreign language learning becomes a fashionable trend or additional educational baggage of the person, but an objective reality and the introduction of innovative educational technologies for fast and efficient learning a foreign language is the key to the need for every citizen of the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** modern information society, communication activities, educational process, foreign language learning, innovative methods, effectiveness, training, actual problem.

*Ж.С. Купеева<sup>1</sup>, И.С. Нашарбекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Карагандинский государственный университет, г.Караганда, Казахстан*

## ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

### *Аннотация*

В данной статье рассматриваются инновационные методы и преподавания иностранных языков, перспективы внедрения современных образовательных технологий в учебный процесс. Основной целью обучения иностранным языкам является формирование и развитие коммуникативной культуры учащихся, обучение практическому овладению иностранным языком. По мере развития современного информационного общества требования к его участникам все больше возрастает. Эти требования касаются не только высокого уровня геополитических, экономических требований, предъявляемых к современному специалисту, но и всестороннего обучения и развития личности для участия во всех сферах общественной жизни. Таким образом, потребность в обучении иностранному языку становится модной

тенденцией или дополнительным образовательным багажом человека, но объективная реальность и внедрение инновационных образовательных технологий является ключом для быстрого и эффективного обучения иностранному языку каждого гражданина.

**Ключевые слова:** современное информационное общество, коммуникативная деятельность, образовательный процесс, изучение иностранного языка, инновационные методы, эффективность, обучение, актуальная проблема.

Ж.С. Купеева<sup>1</sup>, И.С. Нәшірбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қарағанды Мемлекеттік Университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

## ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

### Аңдатпа

Жылдар өткен сайын заманауи ақпараттық қоғам мүшелеріне де талаптар өсуде. Олар тек геосаяси, экономикалық бағытта ғана емес, сонымен қатар білім беру саласында да өз үлестерін қоса алу үшін де қажет. Осыған орай шет тілін оқыту заманауи тұлғаға қажетті қор ретінде қарастырылуда. Қазақстан Республикасында инновациялық білім беруді енгізу басты мақсаттардың біріне айналып отыр.

**Кілт сөздер:** қазіргі заманғы ақпараттық қоғам, коммуникативті іс-әрекеттер, білім беру үрдісі, шетел тілін оқу, инновациялық әдістер, нәтижелілік, оқыту, өзекті мәселе.

**Introduction.** Education is a light that shows the mankind the right direction to surge. The purpose of education is not just making a student literate but adds rationale thinking, knowledge ability and self sufficiency. When there is a willingness to change, there is hope for progress in any field. Creativity can be developed and innovation benefits both students and teachers.

One of the tasks of modern school becomes a potential disclosure of all participants in the pedagogical process, providing them with opportunities manifestation of creative abilities. Solving these problems is impossible without the implementation of the variability of educational processes, in connection with which there are various innovative types and kinds of educational institutions, which require in-depth scientific and practical thinking.

The purpose of this article is to evaluate the traditional methods of teaching as well as multimedia teaching and to suggest other useful teaching methods that can be attempted in imparting knowledge to the students. Basically teaching must include two major components sending and receiving information. Ultimately, a teacher tries his best to impart knowledge as the way he understood it. So, any communication methods that serve this purpose without destroying the objective could be considered as innovative methods of teaching. The use of innovative methods in educational institutions has the potential not only to improve education, but also to empower people, strengthen governance and galvanize the effort to achieve the human development goal for the country.

“Education is the manifestation of perfection already in man” (Swami Vivekananda)

Education is an engine for the growth and progress of any society. It is not only imparts knowledge, skills and inculcates values, but is also responsible for building human capital which breeds, drives and sets technological innovation and economic growth. In today’s era, information and knowledge stand out as very important and critical input for growth and survival. Rather than looking at education simply as a means of achieving social upliftment, the society must view education also as an engine of advancement in an information era propelled by its wheels of knowledge and research leading to development. The main objective of foreign language teaching is the formation and development of the communicative culture of pupils, learning practical mastery of a foreign language. The task of the teacher is to create the conditions of practical language learning for each student to choose such training methods that would allow each student to show their activity, their creativity.

**Methods.** Modern teaching techniques such as cooperative learning, project methodology, the use of new information technologies, Internet resources help to realize the learner - centered approach to learning, providing personalization and differentiation of learning abilities of children, taking into account their level of training.

The traditional or innovative methods of teaching are critically examined, evaluated and some modifications in the delivery of knowledge are suggested. As such, the strengths and weaknesses of the pre-technology education context, the teacher is the sender or the source, the educational material is the information or message, and the student is the receiver of the information. In terms of the delivery medium, the educator can deliver the message via the “chalk-and- talk” method and overhead projector transparencies. This directed instruction model

has its foundations embedded in the behavioral learning perspective and it is a popular technique, which has been used for decades as an educational strategy in all institutions of learning.

Basically, the teacher controls the instructional process, the content is delivered to the entire class and the teacher tends to emphasize factual knowledge. In other words, the teacher delivers the lecture content and the students listen to the lecture. Thus, the learning mode tends to be passive and the learners play little part in their learning process. It has been found in most universities by many teachers and students that the conventional lecture approach in classroom is of limited effectiveness in both teaching and learning. In recent years, increasingly it raises the question of the application of innovative technology in the classroom. It is not only new facilities but also new forms and methods of teaching, new approach to learning. Introduction of innovative technologies in the educational process is interconnected with the improvement of the content and methods of education in the process of teaching foreign languages in relation to the needs of modern life.

Multimedia, is the combination of various digital media types such as text, images, audio and video, into an integrated multi-sensory interactive application or presentation to convey information to an audience. Traditional educational approaches have resulted in a mismatch between what is taught to the students and what the industry needs. As such, many institutions are moving towards problem based learning as a solution to producing graduates who are creative; think critically and analytically, to solve problems. In this paper, we focus on using multimedia technology as an innovative teaching and learning strategy in a problem-based learning environment by giving the students a multimedia project to train them in this skill set. Currently, many institutions are moving towards problem-based learning as a solution to producing graduates who are creative and can think critically, analytically, and solve problems. Since knowledge is no longer an end but a means to creating better problem solvers and encourage lifelong learning. Problem-based learning is becoming increasingly popular in educational institutions as a tool to address the inadequacies of traditional teaching. Since these traditional approaches do not encourage students to question what they have learnt or to associate with previously acquired knowledge, problem-based learning is seen as an innovative measure to encourage students to learn how to learn via real-life problems.

**Results.** The teacher uses multimedia to modify the contents of the material. It will help the teacher to represent in a more meaningful way, using different media elements. These media elements can be converted into digital form, modified and customized for the final presentation. By incorporating digital media elements into the project, the students are able to learn better since they use multiple sensory modalities, which would make them more motivated to pay more attention to the information presented and retain the information better.

#### Multimedia elements

Creating multimedia projects is both challenging and exciting. Fortunately, there are many multimedia technologies that are available for developers to create these innovative and interactive multimedia applications [1]. These technologies include Adobe Photoshop and Premier to create edit graphics and video files respectively, Sound Forge and 3D Studio Max to create and/or edit sound and animation files, respectively. They can also use an authoring tool such as Macromedia Director or Author ware to integrate and synchronize all these media elements into one final application, add interactive features, and package the application into a distributable format for the end-user. Another advantage of creating multimedia projects in the classroom setting is that when students create multimedia projects, they tend to do this in a group environment. By working in a group, the students would have to learn to work cooperatively and collaboratively, using their group skills and a variety of activities to accomplish the project's overall objectives.

Today, under the problem-based learning refers to an organization of training sessions, which involves the creation of teacher-led problem situations and active independent work of students to resolve them, with the result that there is a creative and mastery of knowledge, skills and abilities and the development of mental abilities [1].

Problem teaching is based on the creation of a special kind of motivation - a problem, because the construction requires adequate didactic material to be presented as a series of problem situations.

The communicative approach is a strategy that simulates the communication, aimed at creating a psychological and linguistic readiness to communicate, on a conscious understanding of the material and methods of action with him. For the user, the implementation of the communicative approach in the Internet is not particularly difficult. Communicative job must offer students a problem or question for discussion, and students do not just share information, but also evaluate it. But the main criterion to distinguish this approach from other types of learning activities is that students choose their own linguistic units to process their thoughts. Using the Internet in the communicative approach could not be better motivated: its aim is to interest students in learning a foreign language through the accumulation and expansion of their knowledge and experience.

One of the basic requirements for teaching foreign languages using Internet resources is to create interaction in the classroom, what is called in interactive methods. Interactivity is a "unification, coordination and complementarities of efforts communicative purpose and outcome of speech means." Teaching genuine language, the Internet helps in shaping the conversation, as well as in teaching vocabulary and grammar, providing a genuine interest and, hence, efficiency. Interactivity is not just creating real situations of life, but also makes the students to adequately respond to them through a foreign language [2]. One of the technologies that provide student-centered learning is a method of projects as a way to develop creativity, cognitive activity and independence.

Project-based forms of students communication skills, communication, culture, skills, concise and accessible to formulate thoughts, to tolerate the opinion of the partners in dialogue, to develop the ability to extract information from different sources, process it with the help of modern computer technology, creates a language environment conducive to the emergence of the natural needs in communicating in a foreign language. The project form of work is one of the important technologies that allow students to apply the acquired knowledge on the subject. Students broaden their horizons; the boundaries of language proficiency, gaining experience from its practical use, study foreign language listen to it and hear, to understand each other in the protection project. Children work with reference books, dictionaries, computer, thus creates the possibility of direct contact with authentic language, which does not give learning a language only using the textbook in the classroom in the classroom.

**Discussion.** Work on the project is a creative process. The student independently or under the supervision of the teacher is looking for solutions to some problems; this requires not only knowledge of the language but also the possession of a large volume of subject knowledge, knowledge of creative, communicative and intellectual skills. The foreign language course project method can be used in the framework of the program material on virtually any topic. Work on the project develops the imagination, imagination, creative thinking, self-reliance and other personal qualities [3]. The use of innovative teaching methods in the classroom of a foreign language can greatly improve the speech skills of the student and the student interest in the subject.

The difference of traditional and multimedia learning

MsPowerpoint, Astound Graphics and Flash Slide Show Software Easy to prepare and it can be prepared with many of the popular multimedia elements like graphs, sound and video.

Slide based (Macromedia, Flash Authorware, BPP I Learn and I Pass Presentation) is created using icons to represent different media elements and placed in a flowline.

Icon based (Windows Movie Maker, Winampp, Macromedia Director Presentation) is created using moviemaking concepts of casts, sounds, pictures and scores.

Movie based (Adobe Acrobat Reader Easy) to prepare and with word documents if you have Acrobat Reader 5 with many popular multimedia elements like graphs sound and charts

The researchers suggest some of the methods can very well be applied by the modern teachers. As the researchers feel that basically the core objective of teaching should never be deviated by the use of an innovative method. The following methods which are suggested are an extension to the traditional methods of teaching.

Mind map

Mind maps were developed in the late 60s by Tony Buzan as a way of helping students make notes that used only key words and images, but mind map can be used by teachers to explain concepts in an innovative way. They are much quicker to make and much easier to remember and review because of their visual quality. The nonlinear nature of mind maps makes it easy to link and cross-reference different elements of the map. Mind Maps are also very quick to review, as it is easy to refresh information in your mind just by glancing once. Mind Maps can also be effective mnemonics and remembering their shape and structure can provide the cues necessary to remember the information within it. They engage much more of the brain in the process of assimilating and connecting facts than conventional notes. The key notion behind mind mapping is that we learn and remember more effectively by using the full range of visual and sensory tools at our disposal. Pictures, music, color, even touch and smell play a part in our learning armory will help to recollect information for long time. The key is to build up mind maps that make the most of these things building on our own creativity, thinking and cross linking between ideas that exist in our own minds. As the recent research point that any particular information explained with the help of graph charts makes a high impact in the minds of the people and keeping this as the core aspect the teachers may try to picture the concepts and show the same to the students.

Mnemonics words – words – words approach

Here the teacher is not supposed to talk on a particular concept for a quite long time. But to make it clear to the students he can just go on saying mnemonics or its associated meaning in words. Here he goes on saying only

words instead of sentence, and once they come to a basic understanding of the meaning of a particular concept then the teacher will explain in sentences. For example in teaching language courses this technique can be used as an effective medium by the teacher to develop word power.

- Dictionary must be used widely
- Word power increases
- Teacher also gets to know many words pertaining to a particular concept.

#### Role playing and scenario analysis based teaching

Role playing and scenario analysis is mostly used in organizations that try to analyze a problem pertaining to the organization, and this is also used in management institutions. But the similar kind of practice can be tried in other specialization too like science and engineering. Science and engineering courses have practical but in support of those practical if students are given a scenario and other options to solve a particular issue, then the students are exposed to decision making in a given environment. For example, in teaching accounting the role of accountant can be explained by role playing technique. Invoice and bills can be given to students and asked them to assume the role of accountant. Here the real entries pertaining to transactions are made by the student and this is more practical approach to teaching where theory is supplemented by proper practical knowledge. Similar kind of technique can be applied in management, engineering and science courses.

Across the world, information technology is dramatically altering the way students; faculty and staff learn and work. Internet-ready phones, handheld computers, digital cameras, and MP3 players are revolutionizing the college life. As the demand for technology continues to rise, colleges and universities are moving all sorts of student services, from laundry monitoring to snack delivery online. At Columbia University, a real-time Web-based service called Laundry View lets students log on to a Web-based system to see which washing machines are free before they head to the laundry room. They can monitor their wash and can even program the service to e-mail them when their load is done.

Technology is also changing the classroom experience. The classrooms at New York University's Leonard Stern School of Business feature all sorts of conveniences for students and teachers. For instance, the room is wired with cameras for photographing whiteboards, so students can receive the images as digital files. In addition, tablet PCs, compact computers that allow you to write notes directly onto the screen with a special pen, replace the archaic projector. With the tablet technology allow professors to make notes on charts and spreadsheets and send them directly to their students' PCs and he will get a feed back from each student.

**Conclusion.** From the above, we can make out that the Information and communication technology has made many innovations in the field of teaching and also made a drastic change from the old paradigm of teaching and learning. In the new paradigm of learning, the role of student is more important than teachers. The concepts of paperless and pen less classroom are emerging as an alternative to the old teaching learning method. Nowadays there is democratization of knowledge and the role of the teacher is changing to that of facilitator. We need to have interactive teaching and this changing role of education is inevitable with the introduction of multimedia technology and the spawning of a technologically-savvy generation of youths. The analysis reveals some of the suggestions that the teaching community can practice in the classrooms. Ultimately the teaching people are satisfied when he could reach the students community with his ideas and views. So, teaching depends upon successful mode of communication and innovation though we mean the changes that we propose to be included in our medium of communication or even inclusion of some other elements in communicating information. [4]

The researchers recommend that the teaching would be highly effective if the teacher start to use the recent multimedia technologies like usage of computers extensively or some modifications in the conventional mode of teaching. The use of computers may be very well practiced in the environment where the use of such technology is highly possible, but there must be some sort of innovation which can also be practiced in an environment where such use of technology is on its way to growth. In those environments use of humor, role playing, words – words approach, Z-A approach are the ideas that can very well be practiced. The researchers believe that the core objective of teaching is passing on the information or knowledge to the minds of the students. Any method using computers or modifying the existing conventional chalk-talk method are innovative if they ultimately serve the attainment of core objective of teaching.

#### References

1. Akimov V. B. *Organization of information and technical space of the educational institution. Media library, interactive whiteboards.* – Volgograd: Teacher, 2010. – P.91.
2. Kashina E. S. *Tradition and innovation in the methods of teaching foreign languages.* – Samara: Univers – Grupp, 2006. – 48 p.

3. Galskova N. D. *Modern methods of foreign languages teaching*. – Moscow: ARKTI, 2009. – 160 p.

4. Druzhinin V.I, Krivolapova N.A. *Organization of innovative activity in educational institution*. – Kurgan: IPKiPRO of Kurgan region, 2008. – 89 p.

5. Golovko E.A. *Information and communication technologies as a means of modeling socio-cultural space of foreign language learning*. *Foreign Languages at School: Scientific and Methodical Journal*. 2007. – 8 (1):60–6.

6. Филипович И.И. *Инновационные методы изучения иностранных языков мультимедиа и компьютерные технологии // Научный Вестник ЮНМ*. 2016. - №2. – С. 62-65

7. Щукин А.Н. *Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам*. Москва: Филоматис. 2010. – 188 с.

МРНТИ 17.82.31

Г.Б. Нүптекеева<sup>1</sup>, Г.М. Садуақасова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚУШЫ ПСИХИКАСЫНА ӘСЕРІ

### Аңдатпа

Реформаланған білім жүйесіндегі тұлғаға қойылатын талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда, оны психологиялық тұрғыдан қабылдауына мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешудің бірден-бір жолы оқушы білімін критериялды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериялды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады.

**Кілт сөздер:** критериялды бағалау, психологиялық ахуал, жиынтық бағалау, қалыптастырушы бағалау, жеке тұлға, құзыреттілік.

G.B. Nuptekeyeva<sup>1</sup>, G.M. Saduakasova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## INFLUENCE OF CRITERIA ASSESSMENT ON THE UPDATED CONTENT OF EDUCATION ON MENTALITY OF PUPILS

### Abstract

Requirements made by individuals in a reformed education system are-creativity, activity, responsibility, deep knowledge, professional literacy. To implement these requirements in assessing students' knowledge, the need arises to work in a completely new direction for his psychological perception. One of the ways to solve this need is to differentiate according to the system of criterion assessment of students' knowledge. The most important thing in the criterion assessment system is the learning process itself, through which student learns self-esteem, sees the pros and cons of his knowledge, understands how he needs to further develop, that is, the system evaluates how the student worked as he thought. To carry out the assessment, it is necessary to determine what the student knows and what he can do. If the child is told that he has reached a certain level, this will not help him to

understand what he needs to do in order to achieve the best results; In this regard, if the child explains what led him to this assessment and analyze the evaluation criteria, it will help them understand what needs to be done in order to achieve better results. The system of assessing the expected achievements of student's learning outcomes is an integral part of the content of education.

**Keywords:** criterion assessment, psychological atmosphere, summative assessment, formative assessment, personality, competency.

Г.Б. Нуптекеева<sup>1</sup>, Г.М. Садуақасова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

## ВЛИЯНИЕ КРИТЕРИАЛЬНОЙ ОЦЕНКИ ПО ОБНОВЛЕННОМУ СОДЕРЖАНИЮ ОБРАЗОВАНИЯ НА ПСИХИКУ УЧЕНИКОВ

### Аннотация

Требования, предъявляемые личности в реформированной системе образования – творчество, активность, ответственность, глубокие знания, профессиональная грамотность. Для реализации данных требований в оценивании знаний учеников появляется необходимость работы совсем новом направлении для его психологического восприятия. Одним из путей решения данной необходимости является дифференциация по системе критериальной оценки знаний учеников. Самым важным в системе критериальной оценки является сам учебный процесс, посредством которого ученик учится самооцениванию, видеть плюсы и минусы в своих знаниях, понимает, каким образом ему необходимо дальше развиваться, то есть в этой системе оценивается то, как ученик работал, как он думал. Для осуществления оценивания необходимо определить, что ученик знает и что он умеет делать.

Если ребенку сказать о том, что он достиг определенного уровня, то это не поможет ему понять, что делать ему необходимо сделать для достижения лучших результатов; в этой связи если ребенку объяснить, что привело его к этой оценке и проанализировать критерии оценки, то это будет способствовать пониманию им что нужно сделать, чтобы достичь лучших результатов.

Система оценки ожидаемых достижений учебных результатов обучающихся является неотъемлемой частью содержания образования.

**Ключевые слова:** критериальное оценивание, психологическая атмосфера, суммативная оценка, формирующая оценка, личность, компетенция.

**Кіріспе.** Тәуелсіз елді өркеніетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Сондықтан да Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек [1,70]. Осы орайда оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын бірден бір тәсіл критериалды бағалау болып табылады.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады.

Қазақстан үшін жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушыларды оқуға ынталандыруға, қызығушылығын арттыруға, дамытуға бағытталған. Егер әр білім алушыға, оның ата-аналарына түсінікті анық, өлшемді бағалау критерийлері берілсе, бұған қол жеткізуге әбден болады.

**Әдістеме.** Критериалды бағалау жүйесі жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесіне өзгерістер енгізудің негізін анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін, әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты** бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

«Критериалды бағалау» терминін алғаш Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған, ол әдеттегі мінез-құлқ моделінің жиынын анықтау үдерісін, білім алушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл білім алушы әрекетін алдын ала анықталған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Глейзеркритериалды стандарттағы бағалаудың басқа білім алушылар жетістігіне тәуелділік пен салыстыруға қатысы жоқ екенін, сондай-ақ, әр білім алушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпараттануға бағытталғандығын атап көрсетті [1].

Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу, бағалаудың өзара байланысына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге негізделген (Бойл және Чарльз, 2010). Бұл барлық бағалау элементтері арасындағы өзара байланыс орнатуды, теориялық негіздемені болжамдайды (оқу мақсаттары, бағалау түрлері, құралдары мен нәтижелері) [1,107]. Критериалды бағалау жүйесі оқытуда әлеуметтік-конструктивистік көзқарасқа сүйенеді. Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы білім беруде ұжымдық, топтық, жеке-тұлғалық оқыту үдерісінде әлеуметтік конструкцияға ерекше көңіл бөледі. Дэвис және Херш (1981) оқытуда сындарлы (конструктивистік) көзқарасы бар мұғалім оқыту мен бағалаудың білім мен дағдыны дамытуға бағытталғанын түсінеді деп есептейді. Білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады; білім алушы білімді пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы/құрастырушысы» бола бастайды.

Пиажениң (1967) әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес білім алушылар қандай дағдыларға қол жеткізді, қолынан не келеді, нені таныды тұрғысынан өз түсінігін қалыптастырған адам ретінде қарастырылады. Оқыту білім алушылардың жаңа ақпаратты түсінуін, тәжірибе жинақтауын өзгерту (трансформациялау) үшін қолданылуы қажет деп түсіндіріледі (Выготский, 1966). Бұл білім алушылардың өз дағдыларын дамытуына, келешекте рефлексия арқылы абстракциялар көмегімен негізгі қағидаттарды қолдануына мүмкіндік береді (Дарлинг және Вэнворс, 2010).

Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес білім алушылардың ойлауын дамыта оқыту түрлі дереккөздерден (мұғалім, құрдас, оқу ресурстары) «алынған» білімнің «бар болуын» өзара әрекеттестіріп, социуммен үйлесімді қарым-қатынас орнату арқылы қамтамасыз етеді, «мүлдем жаңа» білім ортасын құрады. Бағалау әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясының идеяларына негізделген, ол түрлі елдерде кеңінен қолданылып жүрген қалыптастырушы бағалауды тәжірибеде жандандыруға мүмкіндік береді [2].

Критериалды бағалаудың практикалық маңызы

- Тек қана оқушы жұмысы бағаланады.
- Орындалған жұмыс алдын ала белгілі үлгі (эталонмен) салыстырылады.
- Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі және ата-анасына ақпарат бере алады.
- Критериалды бағалау белгілі оқу мақсаты бойынша бағаланады.



Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- Сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға.
- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға.
- Сабақ берудің сапасын арттыруға.

Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға.

- Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға.
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге.

Оқушылар үшін:

- Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға.
- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге.
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге.
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге.

Ата-аналар үшін:

- Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға.
- Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға.
- Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.
- Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді.
- Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі.

**Нәтижелер және талқылау.** Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

Бағалау критерийлері – оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама).  
Дескриптор – жетістік деңгейінің сипаттамасы.

*А Білу және түсіну.* Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу

*В Қолдану.* Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады

*С Сыни ойлау және зерттеу.* Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.


*Д Коммуникация және рефлексия.* Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау

үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау (1-кесте). Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

1-кесте. Критериалды бағалаудың құрылымы



Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет [1, 55]. Дәстүрлі жағдайда мұғалім білім алушыларды оқыту мен бағалауға қатысты жауапты тұлға ретінде танымал. Алайда оқудағы білім алушы мен құрдасының рөліне де назар аудару қажет. Мұғалім көп жағдайда тиімді оқу ортасын құруға, енгізуге жауапты, ол кезде білім алушылар сол ортада оқуға, нәтижеге жетуге жауапты болады. Оқытуға жауапкершілік мұғалімге де, білім алушыға да жүктелетіндіктен (серіктестік құқық тілінде – «ынтымақтастық жауапкершілік»), екеуі де нәтижеге жетуде кез келген келеңсіздіктердің алдын алуға күш жұмсауы қажет.

Қалыптастырушы бағалау теориясы аясында білім алушыларды қолдау үдерісінің негізі төмендегідей үш сұрақтан тұруы қажет: «білім алушылар оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?», бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысады (мұғалім, сыныптас және білім алушы), бұл 2-кестеде көрсетілген (Уильям және Томсон, 2007).

2-кесте. Қалыптастырушы бағалау аспектілері

Агенттер	Білімалушы оқуда неге талпынады?	Білімалушы оқытудың қай сатысында?	Білімалушы қойылған мақсатқа қалай жетеді?
Мұғалім	Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді түсіндіру бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді жалпы түсінуін қалыптастыру	Білімалушылардың түсінгенін айғақтау ретінде қызмет ететін тиімді сынып ішіндегі пікірталасты, басқа оқу міндеттерін қалыптастыру	Білімалушыларды алға ұмтылуға ынталандыратын кері байланыс беру
Құрдас	Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді жалпы түсінуін қалыптастыру	Білімалушыларды өзара оқыту ресурстары, құралдары ретінде қолдану	
Білімалушылар		Білімалушылардың өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптасуы	

Мәліметтер қалыптастырушы бағалаудың бес негізгі стратегиялардан тұратынын көрсетеді:

- Бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижелерді түсіндіру.
- Білім алушылардың түсінгені туралы дәлелді көрсететін сыныптағы өзара әрекет пен тиімді тәсілді қалыптастыру.
- Білім алушыларды нәтижеге жетуге ынталандыратын кері байланыс беру.

- Білім алушыларды өзара оқу ресурстары, дереккөздері ретінде қатыстыру.
- Білім алушыларды өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптастыру.

**Қорытынды.** Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты – оқытудың қиындықтарын анықтау, оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында, сабақтың ортасында, сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың формальді, формальді емес әдістерін тиімді әрі жүйелі қолдану қажет.

Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр.

Жеке тұлға тәрбиелеуде тіл құзыреттілігінің маңызы ерекше екені белгілі. Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындарда тұлғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз ететін ана тілін және басқа тілдерді меңгеру – заман талабы. Олай болса, білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруге критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау». – 55-бет, 107-бет
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. «Жаңартылған мазмұндағы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 06.02.2017 ж.
4. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012 ж.
6. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016 ж.
7. Назарбаев Н.Ә. “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты” атты Жолдауы, 2012.
8. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
9. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 308 с.
10. Охитина Л.Т. Психологические основы урока. – М.: Просвещение, 1977. – 96 с.
11. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы // 10 томдық: Психология ғылымындағы іс-әрекет теориясы. 2- том. – Алматы: Таймс, 2005. – 480 б.
12. Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік нұсқау, 11-бет.

МРНТИ 373.3.016:81

Б.А. Сабденова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫРЛАРЫ

*Аңдатпа*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзіреттілігін Қазақ тілі пәнінен игерген білім мазмұны, оның нәтижелері оқушының шынайы өмірдегі әрекеттерін дұрыс басқаруға, өзін-өзі дамытуына, ойын еркін жеткізе білуіне, шығармашылық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына, табысты болуына, әлеуметтік бейімделуіне негіз болатыны туралы сөз етіледі. Қатысымдық құзіреттілігінің дұрыс қалыптасуы берілетін білімнің сапалық дәрежесіне байланысты болады. Қатысымдық құзіреттіліктің дамуы оқушының тұлғалық қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Оқушының әлеуметтік бейімделуіне игерген білім мазмұны, оның нәтижелері оқушының шынайы өмірдегі әрекеттерін дұрыс басқаруға, өзін-өзі дамытуына, ойын еркін жеткізе білуіне, шығармашылық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына, табысты болуына негіз болады. Тілдік білім берудегі қатысымдық құзіреттіліктің басымдығы тілді сөйлеу, тіл мәдениетімен бірлікте қарастырылады. Қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыруда мұғалімнің ғылыми ұстанымдары психологиялық тетіктер, дидактикалық негіздер. Әдістемелік құралдардың маңызды буынын жаттығу тапсырмалардың іріктелуі құрайды. Коммуникативтік-когнитивтік әдіс оқу үрдісінде сөйлеуге үйретуде маңызды. Коммуникативтік-когнитивтік әдістер тілді игерудегі психологиялық кедергілерді болдырмауға, оқу материалдарын сапалы меңгеруге ықпал етеді.

**Кілт сөздер:** қатысымдық құзіреттілік, тілдік дағдылар, сөйлеу әрекетінің түрлері.

Б.А. Sabdenova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## METHODICAL ASPECTS OF FORMING OF COMMUNICATIVE COMPETENCE OF JUNIOR SCHOOL CHILDREN

*Abstract*

The article speaks about the content of knowledge acquired by primary school students in the Kazakh language, the results of which are the basis for the proper management of the student's real life, self-development, free expression of thoughts, development of creative, logical thinking, successful adaptation, social adaptation. Proper formation of communicative competence depends on the quality of the knowledge provided. The development of communicative competence plays an important role in the formation of the student's personality. The content of the knowledge acquired in the social adaptation of the student, its results serve as the basis for the proper management of actions in the real life of the student, self-development, free expression of thoughts, the development of creative, logical thinking, successful. The priority of communicative competence in language education is considered in unity with language culture, language of speech. Scientific principles of the teacher in formation of communicative competence psychological mechanisms, didactic bases. An important element of the manuals is the selection of training tasks. Communicative-cognitive approach is important in teaching speech in the learning process. Communicative and cognitive methods contribute to overcoming psychological barriers in language learning, qualitative learning of educational material.

**Key words:** communicative competence, language skills, types of speech activity.

Б.А. Сабденова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Қазақстан

## МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

*Аннотация*

В статье рассматривается о содержании знаний, усвоенных учащимися начальных классов по казахскому языку, результаты которых являются основой для правильного управления поступлениями в реальную жизнь ученика, саморазвития, свободного выражения мыслей, развития творческого,

логического мышления, успешной адаптации, социальной адаптации. Правильное формирование коммуникативной компетенции зависит от качественного уровня предоставляемых знаний. Развитие коммуникативной компетентности играет большую роль в формировании личности учащегося. Содержание знаний, усвоенных в социальной адаптации учащегося, его результаты служат основой для правильного управления поступками в реальную жизнь ученика, саморазвития, свободного выражения мыслей, развития творческого, логического мышления, успешного. Приоритетность коммуникативной компетенции в языковом образовании рассматривается в единстве с языковой культурой, языком речи. Научные принципы учителя в формировании коммуникативной компетенции психологические механизмы, дидактические основы. Важным звеном методических пособий является отбор тренировочных заданий. Коммуникативно-когнитивный подход имеет важное значение в обучении речи в учебном процессе. Коммуникативно-когнитивные методы способствуют преодолению психологических барьеров в освоении языка, качественному усвоению учебного материала.

**Ключевые слова:** коммуникативные компетенции, языковые навыки, виды речевой деятельности.

**Кіріспе.** Тілдің негізгі қызметі – қарым-қатынас құралы болуы, сондықтан дидактикада оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті мәселе. Оқушының тілдік материалды біліп қана қоймай, оны игерудің амал-тәсілдерін үйреніп, өздігінен әрі қарай дамытып, өмір сүрген ортасында тиімді қолдана білуі тиіс. Оқушының өзгермелі қоғамда өзінің орнын тауып, ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілетінің қалыптасып, тез бейімделуі үшін қатысымдық құзыреттілігін дамытуға басымдық беру қажет.

Оқушының қатысымдық құзыреттілігінің дұрыс қалыптасуы оның алған білім-біліктерінен көрініс табады, себебі оқушының коммуникацияда өзінің ойын еркін жеткізе білуі оған берілген білімнің сапалық дәрежесіне байланысты болады. Қатысымдық құзыреттіліктің дамуы – оқушының жеке басының дамуының, сөйлеу қабілетінің жетілуінің, өмірде табысты болуының, оқуда жетістіктерге жетуінің кепілі, әлеуметтік-мәдени дамуының негізі. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамыту мазмұны тілдік материалдар мен оның игертудің әдістемелік жүйесін қамтиды.

Білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасы – арнайы әдістемелік жүйені, дидактикалық заңдылықтардың орындалуын талап етеді. Ол баланың қатысымдық құзыреттілігін жалаң тілдігеру үрдісінен ғана емес, оның жалпы дүниетанымының жетілуі мен шынайы өмірде табысты болуының алғы шарттарынан көрініс табады. Біздің жағдайымызда Қазақ тілі пәнінен игерген білім мазмұны, оның нәтижелері оқушының шынайы өмірдегі әрекеттерін дұрыс басқаруға, өзін-өзі дамытуына, ойын еркін жеткізе білуіне, шығармашылық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына, табысты болуына, әлеуметтік бейімделуіне негіз болуы тиіс.

Қазақ тілі пәні оқушының жалпы дүниетанымын, қатысымдық құзыреттілігін, оның әлеуметтенуін қалыптастыруда жетекші пән болып саналады. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда ауызша, жазбаша сауаттылығын қалыптастыру – басты міндет. Оның мазмұнын сауатты жазу, сауатты сөйлеу қамтиды.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты, базистік оқу жоспары, тілді оқыту тұжырымдамасы және мемлекеттік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сатысының оқушының қатысымдық құзыреттілігін дамыту мен қалыптастыруда анықтаған білім мазмұнын төмендегідей көрсетуге болады:

*ҚР МЖМБС «Тіл мен әдебиет»* білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған тілдік тәсілді қолдану көзделеді. Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы тілдік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [1, 14].

«Қазақ тілі» оқу пәні бойынша берілетін білім мазмұны тілдік дағдыларды қалыптастырумен сабақтастықта ұсынылуы Бағдарламаның өзіндік ерекшелігі болып табылады. Білім беру мазмұны оқу мақсаттарын басшылыққа алады және оқушылардың білім, білік және дағдыларын біртұтас білім алу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану дағдысын қалыптастыруға бағытталған [2, 1].

2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының тілдік дағды қалыптастыру жайлы «Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту» бөлімінде: «ҚР білім беру ұйымдарына арналған оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі және бірегейі – жеке тұлғаны әлеуметтендіру, яғни түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Тілдік дағды қалыптастыру үшін сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгерілуі тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және қолдаушы органы құра отырып, қажетті тілдік дағдыларды дамыту керек. Мұндай

ортада оқушылар сөйлеу әрекетінің түрлі формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіре алады. Оқыту үдерісінде оқушылардың сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынаста тілді сауатты пайдалануын мадақтап отыру қажет», - деп көрсетілген [3, 10].

Өзге тілді мектептердегі қазақ тілі мемлекеттік білім стандарттарына сай жалпы білім беретін мектептің үш сатысында да міндетті пән деп саналады. Әр саты бойынша дайындалған оқу бағдарламаларында қазақ тілінен берілетін *білім мазмұны мына ұстанымдар* негізінде құрастырылған:

1. Тақырыптық ұстаным.

Бұл жерде қазақ тілін практикалық бағытта оқыту көзделеді. Барлық грамматикалық формалар сөйлеу моделі арқылы диалогтік, монологтік сөйлеу түрінде лексикалық тақырыптар арқылы практикалық жолмен меңгеріледі.

2. Жүйелілік ұстаным.

Дидактикалық ұстаным бойынша тілдік материалдар жүйелілік ұстанымға негізделіп құралып, жеңілден ауырға қарай күнделікті қарым-қатынас жасау мақсатында сөйлеу тіліне қарай іріктеліп беріледі. Оқушының ана тілін негізге алу мақсатында тілдік қарым-қатынас жасауда баланың ана тіліндегі білім мен сөйлеу дәрежесі негізге алынады.

3. Қызметтік ұстаным. Бұл ұстаным бойынша қазақ тілін функционалдық дәрежеде меңгеруде қандай грамматикалық формаларды меңгеруге болады деген мәселе ескеріледі [3].

Осы ұстанымдарды тірек ете отыра, бағдарламада оқушы сөйлеп үйрену үшін қандай грамматикалық формаларды меңгеруге білуге тиіс және оған қажетті лексикалық, грамматикалық минимумдар жүйесін жасау, сөйлеу моделдерін беру, тағы басқа мәселелер ескеріліп, әр сыныпта оқылатын материалдар оқушының сөйлеу, ойлау қабілеті мен тілін дамытуға бағытталады.

Бастауыш сынып оқулығында қазақ тілінен берілетін білім мазмұны төмендегіше сипат алған: «Қазақ тілін оқытуда сөйлеу аспектісіне ерекше мән беріліп, тіл және сөйлеу бірліктері (сөз, сөйлем, мәтін) кез келген грамматикалық категория (сөз құрамы, сөз таптары, сөйлем мүшелері) оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытуға бағытталып сұрыпталады. Тілдік материалдар бұрынғыдай грамматиканы қатаң түрде меңгерту үшін емес, баланы оқу-жазуға үйретумен тәрбиелеуге, оның тұлға ретінде өзі-өзі ашуына, жалпы дамуының қалыптасуына және өз ойларын еркін жеткізулеріне мүмкіндік жасау мақсатында ұсынылады» [3, 3].

Бұл ретте қазақ тілі сабағындағы басты ұстанатын бағыт – қатысымдық (коммуникативтік) ұстанымның жүзеге асуы. Тілдік білім берудегі қатысымдық құзыреттіліктің басымдығын төмендегідей көрсетеді: «Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы білім мазмұнындағы басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне салынады. Себебі тілді меңгеруде грамматикалық білімді ғана игеріп қана, оны тәжірибелік іс-әрекетте қолдана алмаудан арылуға бірден бір мүмкіндік беретін жүйе тілді оқушының сөйлеу, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып табылады» [4,12].

Тілдік қатысым әрекеті – сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы күрделі әрекет. Ал қатысымдық құзыреттілік – тұлғаның меңгерген тілдік білімінің қоғамдық ортада қарым-қатынаста жүзеге асыра білу қабілеті. Осы тұрғыдан оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудағы мұғалімнің ұстанатын ғылыми қағидаттарын төмендегідей көрсетуге болады:

– қатысымдық құзыреттілік қалыптастыруда тілдік материал немесе білім мазмұнының ұлттық модель негізінде нақтылануы (фонетика, сөзжасамдық бірліктер, морфемалар түбір мен қосымша, сөз тіркестері, сөйлем, мәтінге қатысты грамматикалық материалдардың функционалдық-қызметтік, ұлттық құндылықтар негізінде берілуіне мән беру);

– қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық тетіктерін білу (оқушының қызығушылығы, дара, жас ерекшеліктерінің ескерілуі, тұрақты оқу мотивациясының қалыптасуы, іскерлік, дағды қалыптастырудағы ес-жады мәселелері т.б.);

– қатысымдық құзыреттілігін дамытудың дидактикалық негіздерін білу (оқыту құралдарының заман талаптарына сай болуы, жаңа оқыту технологияларының қолданылуы, тапсырмалар, жаттығулардың іріктелуі, білімді бақылау, бағалаудың критериалдық жүйесінің жүзеге асуы).

Бастауыш мектеп оқушысының қатысымдық құзыреттілігін дамыту мазмұны төмендегі сипатта болады:

- белгілі бір құбылыстарды баяндау, сипаттау, суреттей білуі;
- тіл мәдениетінің нормаларын білуі;
- өз пікірін дәлелдей алу;
- өз бетінше өзіндік ой пікірлерін қорытып, өзіндік шығармашылық ойын жеткізе алуы;
- әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, тыңдай білуге құзыреттелік;

- вербалды емес құралдарды қолдана білуі;
- әлеуметтік белсенділігі.

Қатысымдық құзыреттіліктің дамуы тұлға дамуының көрсеткіші және оның динамикалық түрде қозғалыста болып, үздіксіз даму үрдісінің жүзеге асу болып табылады.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесіне оқушылардың тілі дамытуға байланысты белгілі зерттеушілердің бірі С.Рахметова: «Грамматикалық мағынаны ұғыну үшін бала жан-жақты, кең ойлай алатындай болу керек. Сондықтан грамматикалық мағынаны ұғыну барысында олар шындықтағы заттар мен құбылыстардың арасындағы қатынастарды түсінеді, ойлауға үйренеді. Міне, осыдан тіл мен ойлаудың тығыз байланысы келіп шығады. Сөйтіп, тілді ұғыну – ана тілінің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық фактілермен оқушылардың тіл байлығын арттыру. Мұғалім бұл міндетті методикалық құралдарды дұрыс іріктей алғанда ғана ойдағыдай іске асыра алады», - деп тұжырымдайды [5,4]. Яғни автор айтқандай, оқушының қатысымдық құзыреттілігін дамытуда маман әдістемелік құралды іріктеудің маңыздылығына басты назар аударуы керек.

Әдістемелік құралдардың ішіндегі маңызды буыны – жаттығу тапсырмалардың іріктелуі. Бұл ретте қатысымдық бірліктер мазмұнын құрайтын сөйлеу әрекетінің түрлері айтылым, жазылым, оқулым, тыңдалым түрлеріне қатысты тапсырмалар жүйесін төмендей құрастырып, ұсынамыз:

«Қазақ тілі» пәнінен **тыңдалым мен айтылым әрекеттерін** дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдалған материалды түсіну және сұрақтарға жауап бере білу;
- мәтінді қайталап тыңдағанда негізгі ойға назар аудару;
- тыңдау барысында тірек сөздерді анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- тыңдалған мәтіннің жоспарын құру;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін айтып беру;
- мәтіннің мазмұнына өз пікірін айту;
- таныс және өзін қызықтыратын тақырыптар бойынша топ алдында сөйлеу;
- сұхбат алу және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;
- берілген тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру;
- мәтіннің кейбір тұстарын ым-ишарамен көрсету;
- берілген тақырып бойынша диалог құрастыру.

«Қазақ тілі» пәнінен **оқылым әрекетін дамытуға** ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- мәтіннің негізгі ойы мен бөлімдерін анықтай отырып оқу;
- оқу түрлерін және стратегияларды («топтау», «түртіп алу» (insert), «ойлану», «жұпта талқылау», «болжау», «салыстыру» (венн диаграммасы), «жигсо», семантикалық карта) қолдану;
- ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу;
- интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау);
- әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау).

«Қазақ тілі» пәнінен **жазылым әрекетін дамытуға** ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- оқушыларға таныс әңгіме, ертегі, өлеңдердің ішінен бір-екеуін жаздыру;
- сөздердің орфографиясын меңгеруге арналған тапсырмалар;
- тілдік тақырыптар аясында шығармашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма, сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары және т.с.с.) құрастырып жазу;
- тыңдалған және оқылған мәтіннен немесе көрген фильмінен алған әсерін жазу;
- мәтіндегі қиын сөздерден сөздік құрастырып жазу;
- сыныптың қабырға газетіне шағын хабарлама/ мақала жазу;
- мәтіндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп, аяқтап жазу;
- ақпаратты суреттер мен диаграмма арқылы беру;
- сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау [3].

Оқушыны оқу үрдісінде сөйлеуге үйретуде тілді шындықты тану, танымдық құралы ретінде үйретуде коммуникативтік-когнитивтік әдістің маңызы зор. Бұл ретте оқушының өз бетінше оқып, өзін-өзі бақылап, бағалауға, жаңа жағдаяттарға бейімделіп, әлеуметтенуіне негіз болады.

Оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда коммуникативтік-когнитивтік әдістердің, атап айтқанда, эмпатия әдісі, ассоциациялар әдісі, синектика әдісі, ментальді карта әдістерінің оқушының оқу процесіндегі жағдаяттық әрекеттерде заттың, құбылыстың бір бөлшегіне «айналуына», тілді игерудегі психологиялық кедергілерді болдырмауға, оқу материалын сапалы меңгеруге ықпалын тигізеді.

3-сыныпта «Қазақ тілі» оқулығында берілген «Жанды табиғатқа» қатысты білім мазмұнын игеруде оқушыларға мынадай тапсырма орындатуға болады. Эмпатия әдісі: оқушы өзін өсімдік ретінде елестеді, гүлі – басы, бұтағы – қолдары, тамыры-аяқтары секілді... Оқушы өзін гүл ретінде сезініп, оның рөліне еніп, сұрақтарға жауап іздеп немесе сөйлеуге даярланады. Эмпатия әдісінің ерекшелігі – оқушының табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезімге бөленуіне, эмоционалдық-бейнелік, зерттеушілік қабілетінің дамуына мүмкіндік береді.


Ассоциациялар әдісі, мәселен, «Жанды табиғат» тақырыбында оқушылардың жан-жануарлар, құстар, жәндік немесе ағаштарды ой елегінен өткізіп, өзіндік қорытынды жасап, меңгеруі үшін қажет. Мұндайда мұғалім сөздің мағынасын түсіндіріп қана қоймай, оқушының аналитикалық-шығармашылық ойлауы мен қиялын дамытуда өзіндік мәні бар дидактикалық құндылықтарға мән береді. Сөзді жалаң игермей, көз алдына елестетіп, бейнелі түрде танымдық маңызды құрал ретінде қабылдауына жағдай жасалады.

Синектика әдісі – ми шабуылына ұқсас, оқушылардың өздерінің бірінің сарапшы, бірінің орындаушы, бірінің т.б. рөлдерде ойнап, өзін еркін сезінуіне мүмкіндік беретін әдіс. Сондай-ақ қойылымдар қою, «сценарист» болып жаңа фильмдерге «қойылымдар жазу», рөлдерге бөліп ойнау, диалогтер құру, сөзжұмбақтар, рөлдік ойындар ойнау, өлең шығару, жарысу, балаларға арналған журналдардан мақала оқып, пікірталастар құру, оған белсене қатысу. Топтық стратегиялар негізінде жарыс түріндегі жаттығу, тапсырмалардан «Жаңа сөздер жасаймыз», «Тез табамыз» оқу ойындарының үлгілерін ұсынамыз.

Бұл әдістердің ерекшелігі – оқушыны тұлға дамуының негізі – жаңа жағдаяттарда «тосын» мәселелерді шеше білуге даярлау, аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, білімнің нәтижесінің соңғы деңгейі – «өнімнің» құрастырылуына, «конструкция жасауына» мүмкіндік береді.

Ментальді карта құру – оқушының зерттеушілік қабілетін дамытады. Қоғамның «белсенді зерттеушісі» болып, өзінің қоғам мүшесі ретіндегі маңыздылығын сезінуге көмектеседі. Өнімі ретінде – «шығармашылық карта» сызады, жапсырады т.б., қолдана отырып, өз беттерінше «өнім» жасайды, оны сатылымға қойып, бағалайды. Бұл да оқушының қатысымдық құзыреттілігін дамытып қана қоймай, оқушының қазіргі функционалдық құзыреттілігін қалыптастыруға, көшбасылық қабілетін дамытуға, кәсіпкерлік қабілетінің ұшталуына, өмірлік тәжірибе жинауға көмектеседі.

1. «Көз» сөзінен жасалған туынды сөздерді тауып, жарысу.



2. Сол жақтан оңға және төменге оқу арқылы қыстырма сөздерді тауып, түсті қаламмен белгілеу.

О	Ш	С	Р	А	С	Ы	Ы	Шынында Мүмкін Оның Рас Ойынша Сірә Меніңше Әрине
Й	Ы	І	Ш	Е	С	Ш	Й	
Ы	Н	Р	М	Н	Ы	О	Е	
Н	Ы	Ә	Ү	Й	О	Е	М	
Ш	Н	Р	М	І	О	М	Р	
А	Д	И	К	С	Н	И	Ә	
Н	А	Н	І	Н	Ы	Д	Е	
Ң	М	Е	Н	І	Ң	Ш	Е	



3.«Ассоциация» ойыны



4. Жалаң, жайылма сөйлем бойынша, олардың:

Ұқсастықтарын жаз	Айырмашылықтарын жаз

Қорыта келе, оқушылардың қазақ тілі сабағында қысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ең алдымен мұғалімнің оқу материалын қызықты етіп құрып, оқу үрдісін тиімді етіп қолдануына, оқытудың жаңа технологияларын қолданып, жаттығу-тапсырмаларды коммуникативтік-когнитивтік негізде құрғандатиімді болатынына баса назар аудару қажеттігі ескеріледі.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. – Астана, 2015.
2. Қазақ тілі. Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында). – Алматы, 2015.
3. Жұмбаева Ә. т.б. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған «Байқау нұсқасы». – Алматы: Атамұра, 2017.
4. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.
5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

МРНТИ 14.35.09

A.A. Sazanbayeva<sup>1</sup>, A.M. Abdykhalykova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Nur-Sultan, Kazakhstan

## LANGUAGE COMPETENCE AS THE BASIS FOR THE FORMATION OF PROFESSIONALLY ORIENTED COMMUNICATIVE COMPETENCE

### Abstract

The article is devoted to the formation of language competence in teaching a foreign language as the basis of professional communicative competence. The concepts of language competence were literally revised, as well as the study of professional foreign language competence. The authors analyzed the scientific literature of domestic and foreign authors. Language competence is the way to the possibility to speak another language qualitatively and productively in different spheres of activity in accordance with the language norms of the studied language. This will allow each student to find their own vocabulary. Language competence is a system of concepts about language grammar. As the study of the concept of language competence shows, this term means a set of language knowledge and skills, the presence of which allows you to speak another language in various fields.

**Key words:** language competence, communicative competence, technical

Ә.А. Сазанбаева<sup>1</sup>, А.М. Абдыхалыкова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

## ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

### Аңдатпа

Мақала кәсіби коммуникативтік құзыреттілік негізінде шет тілін оқытуда тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған. Тілдік құзыреттілік ұғымдары, сондай-ақ кәсіби шетелдік құзыреттілікті зерттеу қайта қаралды. Авторлар отандық және шетелдік авторлардың ғылыми әдебиеттерін талдады. Тілдік құзыреттілік – бұл оқытылатын тілдің тілдік нормаларына сәйкес әр түрлі қызмет салаларында басқа тілде сапалы және нәтижелі сөйлеуге мүмкіндік беретін жол. Бұл әрбір оқушыға өз сөз қорын табуға мүмкіндік береді. Тілдік құзыреттілік-тіл грамматикасы туралы түсінік жүйесі. Тілдік құзыреттілік ұғымын зерделеу көрсеткендей, бұл термин тілдік білім мен дағдылардың жиынтығын білдіреді, олардың болуы қызметтің түрлі салаларында басқа тілде сөйлеуге мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** тілдік құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, техникалық мамандықтар.

A.A. Sazanbayeva<sup>1</sup>, A.M. Abdykhalykova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

## ЯЗЫКОВАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО ОРИЕНТИРОВАННОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

### Аннотация

Статья посвящена формированию языковой компетенции в обучении иностранному языку как основе профессиональной коммуникативной компетенции. Были буквально пересмотрены понятия языковой компетенции, а также изучение профессиональной иноязычной компетенции. Авторами проанализирована научная литература отечественных и зарубежных авторов. Языковая компетенция – это путь к возможности качественно и продуктивно говорить на другом языке в различных сферах деятельности в соответствии с языковыми нормами изучаемого языка. Это позволит каждому обучаемому обрести собственный запас слов. Языковая компетенция представляет собой систему понятий о грамматике языка. Как показывает изучение понятия языковой компетенции, этот термин означает свод языковых знаний и навыков, наличие которых позволяет разговаривать на другом языке в различных сферах деятельности.

**Ключевые слова:** языковая компетенция, коммуникативная компетенция, технические специальности.

**Introduction.** The main way to improve the quality of training of engineers in various fields is the development of their professional and personal formation. New requirements to the modern engineer determine search of modern approaches (contents, methods, means of training) to their professional training in the context of ideas of postindustrial society. Modern engineering education is characterized by involvement in the processes of humanization, due to the development of socio-cultural component, the inclusion of the future engineer in various types of communication as an important feature of the post-industrial society. In this regard, it is obvious the need to improve the formation and development of future engineers communicative competence as a professional quality, providing the ability to communicate competently and effectively, to achieve success in professional activities, effectively solve professional problems, to take a professional dialogue position, to formulate their own judgments and argue them (A.Chuchalin, 2007: 84). In order to solve the problems of our study, it is first necessary to analyze the basic concepts: "competence", "competence", "competence approach", "communicative competence". We emphasize that at present there is no clear understanding of the concepts of "competence" and "competence"; they are often used in the same context as synonyms.

The analysis of scientific literature shows that for the first time in the 60s of the XX century the American linguist N.M. Chomsky made an attempt to define the concept of "competence" [1, 259]. In the dictionary of S.Ozhegov competent person "is knowledgeable, knowledgeable, and respected in any field" [2, 294]. In this case, professional competence acts as the theoretical basis of activity in a particular area. We note that almost all compilers of dictionaries distinguish the categories "competence" and "competence". The definitions of competence are similar and duplicate each other, while there is no single interpretation for "competence". This concept is interpreted as "a set of powers (rights, duties) of any body or official established by law, the Charter of this body or other provisions" [2, 294], "knowledge, experience in a particular area", "the area of issues in which someone is well aware" [3, 664]. The analysis of the works of scientists [2, 271], (I. Zimnyaya, 2006), [4] showed the following: in studies I.A. Zimnyaya competence is interpreted "as based on knowledge, intellectual and personal-conditioned experience of social and professional life" [4, 36]. In the works of A.V. Khutorskoy also differ in the concept of "competence" and "competency". Competence, in his opinion, is a set of interrelated qualities of a person (knowledge, skills, methods of activity), set in relation to a certain range of subjects and processes and necessary to act qualitatively and productively in relation to them. Competency - possession, possession of the corresponding competence including his personal relation to it and to a subject of activity [5, 59].

The analysis shows that the very definition of "competence" already contains the duality of this concept, which acts, on the one hand, as the competence of the subject, and on the other - as his awareness in a certain range of issues. It reflects the quantity and quality of knowledge and skills of a person in a particular field of activity. In this regard, competence is important for us, from the point of view of the individual's ability not only to navigate well in a certain world, effectively, autonomously and creatively to do anything, but also to respond adequately to the occurrence in the process of various extraordinary situations. Moreover, competence, unlike subject knowledge and skills, has an integrative nature. It cannot be reduced to the sum of knowledge and methods of action. Often these concepts are understood as synonyms, they are difficult to separate as common to these concepts is the activity. At the same time, competence is the sphere of relations existing between knowledge and action in human practice. Without knowledge there is no competence, but not all knowledge and not in any situation manifests itself as competence. Being dynamic, competencies are manifested and can be evaluated only in the course of practical activities, and their level can be increased continuously throughout the professional life. The key professional competence is the ability of the individual to solve the problems that arise in the process of her professional career and do not depend on the profession or specialty.

In modern conditions, the communicative activity is enriched with a new meaning - productive communication, it requires the teacher to design dialogic interaction. Especially communicative competence is relevant for representatives of those professions that are associated with direct communication with people or, in other words, belong to the group of professions "man-man". In our opinion, to possess communicative competence means to know the parameters of communication, to be able to set them, to form and thus to be able to manage the process of communication. The transformation of knowledge about these characteristics of communication into the ability to use them in conversation, conversation, argument, interview, negotiations, that is, to own communication technology, is an important professional quality for the future engineer. One of the most important features of professional activity in modern conditions is the ability to conduct business dialogue, organize the process of communication. This dialogue can be implemented in an individual-personal form and in the form of social dialogue, expressing the process of forming public opinion. The ability to conduct a business dialogue involves a number of specific professional skills of the engineer. A professional should be able to listen

and understand, explain and prove, ask and answer, convince and persuade, create an atmosphere of trust in the conversation and business mood in the interview, find a subtle psychological approach to the interlocutor, resolve the conflict, relieve tension.

**Methodology.** We will analyze the views of foreign and domestic experts on the phenomenon of communicative competence. In foreign literature, the term "communicative competence" appeared relatively long ago and in recent years it has undergone a significant rethinking. The idea that knowledge of the language involves not only knowledge of its system, but also the social conditions of its use, one of the first expressed D.Hymes [6, 8]. Despite the fact that many scientists recognized the importance of extralinguistic knowledge for the formation of communicative competence, for a long time the dependence of the processes of production and reception of speech messages on socio-cultural factors was not actively studied. The question that communicative competence is the knowledge and observance of certain norms of communication in order to attract the attention of the interlocutor, to be understood and to support the conversation is insufficiently investigated. In foreign didactics, communicative competence was initially understood as the ability of the student to communicate adequately in specific communicative situations and his ability to organize speech communication taking into account socio-cultural norms of behavior and communicative expediency of the statement. Speech communication between individuals, both within one culture and between cultures, is carried out through language.

According to academician L.V. Shcherba the language system has a certain social value, unity and general validity for all members of a particular social group, objectively existing in the living conditions of this group [7]. Language is a universal phenomenon, which can not be considered only as an abstract system in isolation from the real circumstances of human existence, as it reflects the characteristics of man and operates in real life. Thus, it should be noted that already in the 90-ies of XX century communicative competence is inextricably linked with the social and cultural aspects of communication and activity. This suggests that language is a means of reflecting and perceiving the social reality and culture of the people who speak the language. To indicate the adequacy of the individual in a communicative situation, his readiness for a clear and understandable expression in the language of what he wants to report, the concept proposed by the previously mentioned N.Chomsky, "competence", is used. According to D.Hymes, linguistic competence is determined by four parameters: grammatical correctness (according to N.Chomsky), feasibility, acceptability, occurrence. Correctness refers to the ability to generate offers that are relevant and recognized in the culture of the grammar rules. The feasibility indicates that psychological factors limiting the size and depth of meaning of grammatically correct utterances (memory, understanding, receptiveness, etc.). Acceptability is determined by the conformity of the statement of a specific situation of socio-cultural interaction. Occurrence means frequency, probability of using a language unit. Thus, communicative competence, on the one hand, is determined by human abilities, and on the other – due to the acquired knowledge, skills and even value orientations. In modern linguistics communicative activity is understood not only as the use of the language system, but primarily as a social phenomenon that functions along with other human activities. Without communication, one cannot know and transform reality. Communication is necessary so that people can understand each other and unite in society.

In 1982, L.Bachman and A.Palmer developed a model of "communicative language ability", which included three main components: language competence, strategic competence and psychophysiological mechanisms. Later L.Bachman concretized the content of each of the elements of communicative competence. Each language competence is defined by the author as "knowledge of the language" and is divided into two main types of abilities: organizational and pragmatic. The structure of organizational includes grammatical and textual competence, the structure of pragmatic – illocutive and sociolinguistic. Each of these four abilities is composed of smaller structural sub-components: grammatical competence includes vocabulary, morphology, syntax, and spelling; textual competence consists of cohesion and rhetorical organization illocutionary competence includes the ability to express thoughts and emotions, manipulative ability, heuristic ability and creative ability, and, finally, sociolinguistic competence involves sensitivity to dialectal and stylistic differences, natural (authentic language use), understanding of cultural phenomena and rhetorical figures [8, 14].

**Discussion.** According to E.M. Vereshchagin and V.G. Kostomarov, the concept of "communicative competence" should be defined through its opposition to the concept of "language competence". By language competence they mean the ability of the speaker to produce on the basis of the rules taught to him a chain of grammatically correct phrases; by "communicative competence" - a set of social, national and cultural rules, assessments and values that determine both an acceptable form and acceptable content in speech in the target language. The research focuses on other aspects of communicative competence and identifies three levels of Russian language proficiency - primary, intermediate and advanced. At the same time, he emphasizes that the

7. Кунанбаева С.С. Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности. Учебное пособие. – Алматы, 2017. – 264 с.

8. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс [Текст] / В.И. Карасик. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

МРНТИ 16.31.41

Қ.М. Жампейіс<sup>1</sup>, А.К. Байдилдаева<sup>1</sup>, А.Б. Есенәлі<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## КИНОДИСКУРСТЫҢ АУДАРМА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Алдымен орыс тіліне аударылып, сосын қазақ тіліне аударылғанда фильмдегі сөздердің мағынасы недәуір өзгерістерге ұшырап бастапқы мағынасын жоғалтуы мүмкін. Бұл өз кезегінде фильмнің көркемдік дәрежесіне нұқсан келтіретіні сөзсіз. Ондай жағдайда фильмді шығару барысында қаржы жұмсаған, немесе осы фильм үшін еңбек еткен шығармашылық топтың да, әкімшілік топтың да наразылығына негіз бар. Ағылшын немесе басқа тілдегі фильмдерді аударғанда Ресейлік киногерлер сөзбе-сөз аудармаға емес көп жағдайда оның мағынасына жүгінеді. Біздің қазақ аудармашылары да ағылшын тілінен аударғанда осы тәсілді пайдаланғандары жөн болар еді. Біздің мемлекетіміздің әлемдік тілдердің ішінен даралап ағылшын тілін жаппай меңгеруге ден қойып отыруының да басты себебі осында. Өйткені киноиндустрия саласында ағылшын тіліндегі фильмдердің орны озық екені бәрімізге белгілі. Сондықтан да киноны тамашалаушы қақымды адастырмай, сол фильмнің айтар ойын, берер рухани құндылығын толығымен өз тілімізде жеткізу аудармашылар үшін жауапты міндет. Әсіресе фильмнің атауын аударғанда аса ыждахатты болғандары дұрыс. Өйткені бір жарым-екі сағат көлеміндегі көркем фильмнің немесе бірнеше бөлімдерден тұратын сериалдардың негізгі мағынасының түйінделер тұсы фильмнің атауында. Ол тек қана фильмнің мән-мағынасын жеткізу үшін емес, оған деген көрермен ықыласын арттырушы негізгі құрал. Біз бұл саламен арнайы айналысқан маман емеспіз. Бірақ көрермен ретінде көңіліміз толмаған кейбір фильмдердің атауларына тоқталып, ол туралы өз ойымызды айта кетуді жөн санадық.

**Кілт сөздер:** қайта оралған 17 жас, Георгий Ромеоның өлілер мекені, жоғалғандар, 100 ару, мұқталмас рух, өлімді жеңген, өлім шеңбері, қатерлі күрес.

*K.M. Zhampeiis,<sup>1</sup> A.Baidildayeva,<sup>1</sup> A.Esenali<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
Almaty, Kazakhstan*

## PECULIARITIES OF FILM DISCOURSE TRANSLATION

*Abstract*

Translation of movie titles is a very important branch of translation in our time. Most of the novelties are translated into Kazakh. Quite often, it is impossible to literally or literally translate a name without losing brevity, capacity or meaning. The title reflects the general tendencies of transfers and often differs by various substitutions and changes. The title is a way to give the viewer the opportunity at first glance to find out whether to watch this movie. Based on this, the title should be characterized by the accuracy of the expression of the meaning of the film, that is, the clarity and simplicity of the form - it should be clear to any reader. Attracting the attention of viewers, any movie title should be easily perceived, read without difficulty. The author chose the most interesting ones for research from a variety of film titles and learned that the names of famous films can be examples of

translator's mistakes or, on the contrary, can be real works of translator's art. the author also presented some possible versions of all movie titles and compared them with their originals.

**Keywords:** 17 again, George Romeo's land of the dead, die hard, 100 girls, the ring, lost, fair game.

Қ.М. Жампеис<sup>1</sup>, А.К. Байдилдаева<sup>1</sup>, А.Б. Есенали<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казхский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана  
г. Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА КИНОДИСКУРСА

### Аннотация

Перевод названий фильмов является очень важной отраслью перевода в наше время. Большинство новинок переведены на казахский язык. Довольно часто невозможно буквально или буквально перевести имя, не теряя краткости, возможностей или смысла. Название отражает общие тенденции переводов и часто отличается различными заменами и изменениями. Название – это способ дать зрителю возможность с первого взгляда узнать, стоит ли смотреть этот фильм. Исходя из этого, название должно характеризоваться точностью выражения смысла фильма, то есть четкостью и простотой формы – это должно быть понятно любому читателю. Привлекая внимание зрителей, любой заголовок фильма должен быть легко воспринят, прочитан без труда. Автор выбрал наиболее интересные для исследования из множества названий фильмов и узнал, что названия известных фильмов могут быть примерами ошибок переводчика или, наоборот, могут быть настоящими произведениями искусства переводчика. Автор также представил несколько возможных версий всех названий фильмов и сравнил их с оригиналами.

**Ключевые слова:** Папе снова 17, Земля мертвых Георгия Ромео, Остаться в живых, 100 девчонок и одна в лифте, Звонок, Крепкий орешек, Игра без правил.

**Кіріспе.** Адамдар, халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми, мәдени қарым-қатынастың алмасу, айырбастау, ел танудың құралы болған аударманың көркем кино әлемінде де алатын орны айрықша.

Көркем фильм кеңістік пен уақытты жеңуге мүмкіндік беріп, елдер мен халықтарды бір-біріне жақындатып қана қоймай, сондай-ақ көркем шығармашылықтың бірінші жаппай аудиовизуалды түріне айналды.

Кез келген кинофильм шетелде шығармашылық және коммерциялық жетістікке жетуі үшін сапалы аударманы қажет ететіні айқын. Қазіргі таңда көптеген шетел өнімдері қазақ тіліне аударылып экран беттерінде жарыққа шығып жатыр. Алайда, бүгінгі кинематографымыз бен телеарна саласында шетелдік көркем кино өнімдерін қазақ тіліне аудару мәселесі арнайы ғылыми түрде толық зерттелмегендіктен, қазіргі таңда тың тақырыпқа айналып отыр. Әрине, қазақ киносы аударма өнерінде біраз жетістіктерге жеткендігін жоққа шығара алмаймыз. Көптеген білгір, сөзге шешен мамандардың арқасында әлемге танымал ғажайып туындылар қазақ тілінде сөйлеп жатыр. Дегенмен, кинофильмдерді аудару барысында кейіпкерлер қазақ тілінде біркелкі тонмен, бірсарындылықпен сөйлегені оқиғаның эмоционалды өңін бұзып, жағымсыз әсер қалдыру мәселесі бір болса, екінші жағынан, кейбір аудармалар көрермендерді негізге алмай дәлме-дәл аударылып, статистикалық нормаларды бұзып, қазақ қауымының құлағына оғаш естіледі.

Фильмдерді ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аудару несімен маңызды?

Алдымен орыс тіліне аударылып, сосын қазақ тіліне аударылғанда фильмдегі сөздердің мағынасы недәуір өзгерістерге ұшырап бастапқы мағынасын жоғалтуы мүмкін. Бұл өз кезегінде фильмнің көркемдік дәрежесіне нұқсан келтіретіні сөзсіз. Ондай жағдайда фильмді шығару барысында қаржы жұмсаған, немесе осы фильм үшін еңбек еткен шығармашылық топтың да, әкімшілік топтың да наразылығына негіз бар.

Ағылшын немесе басқа тілдегі фильмдерді аударғанда Ресейлік киногерлер сөзбе-сөз аудармаға емес көп жағдайда оның мағынасына жүгінеді. Біздің қазақ аудармашылары да ағылшын тілінен аударғанда осы тәсілді пайдаланғандары жөн болар еді. Біздің мемлекетіміздің әлемдік тілдердің ішінен даралап ағылшын тілін жаппай меңгеруге ден қойып отыруының да басты себебі осында. Өйткені киноиндустрия саласында ағылшын тіліндегі фильмдердің орны озық екені бәрімізге белгілі. Сондықтан да киноны тамашалаушы қақымды адастырмай, сол фильмнің айтар ойын, берер рухани құндылығын толығымен өз тілімізде жеткізу аудармашылар үшін жауапты міндет. Әсіресе фильмнің атауын аударғанда аса ыждахатты болғандары дұрыс. Өйткені бір жарым-екі сағат көлеміндегі көркем фильмнің немесе бірнеше бөлімдерден тұратын

сериялардың негізгі мағынасының түйінделер тұсы фильмнің атауында. Ол тек қана фильмнің мән-мағынасын жеткізу үшін емес, оған деген көрермен ықыласын арттырушы негізгі құрал.

**Әдістеме.** Біз бұл саламен арнайы айналысқан маман емеспіз. Бірақ көрермен ретінде көңіліміз толмаған кейбір фильмдердің атауларына (тоқталып, ол туралы өз ойымызды айта кетуді жөн санадық:

«17 Again» – «Папе снова 17». Қазақ тілінде «Қайта оралған 17 жас» десек ұтымды болар еді.

«George Romeo's land of the dead» – «Земля мертвых». Бұл жерде орыс тіліндегі аудармада кейіпкердің есімі алынып тасталған. Оны осы күйінде орысшадан қазақ тіліне аудару салу фильмге де, фильмнің атауына да нұқсан келтіреді. Бізге оны «Георгий Ромеоның өлі мекені» деп аударсақ ұтымды болар еді.

«Lost» – «Остаться в живых». Бұл атауды ағылшын тілінен «Жоғалғандар» деп өз мағынасында аудару әлдеқайда ұтымды.

"Die Hard" – "Крепкий орешек". Осы фильмді орысша мағынасына қарап аудару салсақ «Қатты жаңғақ» болатыны белгілі. Өкініштісі солай аударылып та жүр. Ал оның тереңірек мағынасына үңілсек, басты кейіпкердің қайсарлығы мен өліспей беріспейтін күрескерлігі туралы айтылып тұр емес пе? Ендеше «Мұқалмас рух», «Өлімді жеңген...» деген атау фильмге деген қызығушылықты да, фильм мағынасын да аша түсер еді.

"100 girls" - "100 девонок и одна в лифте". Сонда орыс тіліндегі аудармадағы бір қыз тағы қайдан пайда болған? Мүмкін аудармашы үшін бұл аударманың бір мағынасы болса болған шығар, бірақ фильм барысында біз мұның еш қажеттілігін ұқпадық. Сондықтан қазақ тіліне «100 ару» деп аударған болар едік.

"The Ring" – "Звонок". Қорқынышты фильм жанры. Егерде сол күйінде орысшадан қазақ тіліне аудару салсақ қателікті қайталап қана қоймаймыз, керісінше қателікке қателік қосамыз. Бұл фильмдегі негізгі ой өлім қыспағы емес пе? Ендеше қазақ тіліндегі фильмнің атауы «Өлім шеңбері».

"Fairgame" – "Игра без правил". Триллер жанры. Негізі фильмнің басты кейіпкері адалдыққа ұмтылып. Сол үшін жапа шеккен, азап тартқан адам. Сондықтан орыс тіліне осылай аударылғаны да түсінікті. Адамзатқа қауіп төндіріп отырған аса қауіпті оқиғаларды ойынға айналдырып отырған қатігез жандармен қай күрес те қатерлі. Сондықтан бұл фильмнің қазақша атауы «Қатерлі күрес» болғаны дұрыс дер едік.

Әрине бұл фильмдерді мысалға алып, өз ойымызды ортаға салғандағы мақсатымыз қандай фильмді аударғанда да оның атауына аса мән беру керектігін түсіндіргіміз келген еді. Сонымен бір тілден бір тілге бірнеше рет аударылған шығарма өз мағынасын да, маңызын да әлсіретеді. Қалай болғанда да түпнұсқадан аударуға қол жеткізу басты мақсат.

Кино мәтінінің лексикасы күнделікті өмірде қолданылатын тіл, идиома, архаизм, вульгаризм, диалектизмдерге жақын [1, 6-8]. Кино аудармашысы үшін кино мәтінінің көркемдігін төмендетпеу, автор ойын дәл жеткізу, диалогтар сапасын, сөз ерекшелігін, стилін сақтау, сол дәуірдің өзіндік сипатын жеткізу оңай шаруа емес. Кино аудармасындағы басты қиындықтың бірі фильмдегі персонаждар аударма тілімен сөйлемейді. Сондықтан аудармашы тек мәтінге ғана емес, бейнекөрініске, ондағы айтылған әрбір сөз артикуляциясына, кейіпкердің іс-қимылдарына мән беріп, сөздер мен сөйлемдердің дәл немесе мағыналық, балама аудармаларын табуы қажет. Ал балама табу аудармашының шығармашылық шеберлігіне, сөз табу жүйесіне, сөздік қорының байлығына байланысты [2,59].

Үйіңіздегі көк жәшіктен аптасына неше рет кино көресіз? Әйтеуір отандық телеарналардың біреуіндегі ұнағанын қарайсыз ғой. Сол фильмдердің дубляжы көңіліңізден шыға ма? Жалпы дубляжы, дыбысталуы туралы білетініңіз бар ма?

Қазақша дубляждalған фильмдерге қарағанда қазақша телебағдарламалардың рейтингі жоғары болғандықтан көбіне фильмдерді орыс тіліне аударары. Сондықтан қазақша аз, оған сұраныс та аз. Рас қой, қазақша дубляждalған фильм көргенше, қазақша бағдарлама көрген қызығырақ сияқты. Әлі қазақша аудармаларға сенбегендіктен бе, білмейміз...

Біз көбінде киноны орыс тілінен аударамыз, аударма саласындағы қателіктердің басым көпшілігі де содан болады. Мысалы, түріктің киносын орысшаға аудардық. «Ассаламуалейкүм» дегенді орысшада «Здраствуйте» деп аударған, ал оны орысшадан қазақшаға аударғандар «Сәлеметсіз бе» қылып жіберген. Міне қателік қайда жатыр. Бұның барлығы түпкі мағынасымен бастапқы ана тілінен аудармағанның салдары. Сондықтан біздің айтарымыз, әр киноны мүмкіндігінше оның түпнұсқа тілінен аударуға күш салғанымыз жөн.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 207 Заңына бірқатар толықтырулар енгізілді. Осы заңның "Фильмдерді прокаттау тіліне қатысты 28-4 бабында былай деп жазылған:

1. Қазақстан Республикасының аумағында барлық фильмді прокаттау қазақ тілінде және басқа да тілдерде жүзеге асырылады.

2. Ұлттық фильмдерді прокаттау қазақ тілінде және қажеттігіне қарай басқа да тілдерде жүзеге асырылуға тиіс.

3. Шетел телеарналарынан ретрансляцияланған фильмдерді қоспағанда, прокаттау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін (жеткізілетін) барлық фильмдерге 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қазақ тілінде дубляж жасалуға тиіс.

Одан беріде не өзгерді? Бұл заң күшіне енбей тұрып, 2011 жылы Қазақстан кинонарығына АҚШ-тың «Cars 2» атты мультфильмі кірген болатын. Біздің тілге «Көліктер 2» деп аударылды. Мультфильмнің әлем бойынша 39-шы дубляж тілі бізге тиесілі. Дәл сол жылы Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтіп жатқан. «Болашақ» Қауымдастығы, «Меломан» компаниясы және «Алтын Қыран» халықаралық қайырымдылық қоры бұны бізге осы мерекеге сый ретінде тарту еткен болатын.

«Жаңа өрмекші адам» фильмінің кинотеатрларда жүре бастағанына да көп уақыт бола қойған жоқ. Әзірге «өрмекші адам» төңірегінде айтылып жатқан пікірлер жаман емес. Ғаламтор бетіндегі пікірлер де сан алуан. Кейбіреулер фильмнің сапалы түсірілгенін айтып жатса, енді біреулер фильмнің қазақ тіліндегі нұсқасының сапалы екендігін айтады.

Сонымен, көптен күткен екінші "Жаңа Өрмекші-адам" да Қазақстанға жетті.

**Нәтиже.** Аударма тікелей ағылшын тілінен жасалды дегенге сену қиындау. Әйтпесе атауы неге орысшадан аударылған: "Высокое напряжение" - "Кернеген қуат"? Түпнұсқадан толығымен аударылса, жай ғана "Жаңа Өрмекші-адам 2" болар еді ғой?! Әлде біз бұл жерде бірденені жете түсінбей отырмыз ба?

Қате тұстары:

Питер үлкендерге "СЕН" деп сөйлейді.

Тәржімада эмоция аздау.

Қалжыңдар қазақ аудиториясына "тәндей" емес.

Қай дәуірді алсақ та, аударма мәселесі өзекті тақырып болған. Ел мен елді, тілдер мен тілді, мәдениеттер мен мәдениеттерді байланыстыратын аударма саласы туралы Пушкиннің айтқан классикалық анықтамасынан артық жеткізе алмаспыз хақ: «Аудармашылар – мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдап жеткізетін почта аттары» [3, 45].

Ең басты қиындық – өзге тілде шыққан, мәдениеті, менталитеті басқа фильмді өзіміздің қазақ тілді көрерменге ыңғайлау. Өйткені супер қаһарман, батырлар, олардың тіршілігі, балалары мен әкелерінің сөйлесуі, жауыздардың өзін-өзі ұстауы – барлығын біздің көрерменге лайықты, түсінікті тілмен жеткізу керек. Мәтінді қатты өзгертуге де болмайды.

Біздің кинотеатрларға арналып жасалған кәсіби дубляждың кемшілігі – көрермен тарапынан қызығушылық жоқ. Өзіміздің қазақ тіліміздегі фильмдерді тамашалауға көп адам келмейді. Есесіне, орысша дыбысталған фильмдердің -премьерасына келетіндердің қарасы көп. Бұл не? Өз тілімізге сенбеу ме, әлде менсінбеу ме? Ең басты кемшілік осы.

«Гараж» сатиралық комедиясы. 1979 жылы режиссер Эльдар Рязанов түсірген бұл фильм – кимыл-қозғалысы аз, тек сөз астарынан-ақ ой түюге құрылған күрделі дүние. Мұндай шығарманы қазақшалауды, жалпы, көркем аударма ісін жетік меңгерген, уытты сөзге икемі бар, басқа тілдегі тұрақты сөз тіркесінің түпкі мәнін дәл бере алар қазақша баламасын қателеспей таба білетін нағыз кәсіби маманға жүктеу орынды болар еді. Өкініштісі, «Гаражды» сондай білікті тәржімешінің аударғаны байқалмайды.

Мәселен, фильмдегі ғылыми-зерттеу институты жанынан құрылған «Фауна» гараж-құрылыс кооперативінің таң атқанша созылатын жиналысында үлескерлердің бірі Карпухин: «Мы здесь все боремся за место под солнцем... в виде гаража!» – деп айғай салады [4, 141]. Ал кооператив басқармасы басшыларының бірі Сидорин оған: «Место под солнцем на юге – в Сочи! Перерыв!» – деп, шулаған жұртты сәл тынышталуға шақырады.

Тәржіме авторы бұл диалогты былай аударыпты:

«Карпухин: Біз бәріміз мұнда күн астындағы жер үшін күресіп жатырмыз!

Сидорин: Күн астындағы жер ме? Түстіктегі ме? Сочидағы ма? Үзіліс!»

Біріншіден, мұндағы «күн астындағы жер» деген не сөз? Бұдан қазақ көрермені не ұға алады? «Күн астындағы Күнікей қызды» білеміз, «күн астындағы жерді» білмейміз. Қазақ тілінде мұндай сөз тіркесі жоқ. Ал орыс тіліндегі бұл фразеологизм қандай мағына береді? Тәржіме авторы бұл мәселеге аса бас қатырғысы келмеген секілді. Әлгі қанатты сөз орыс тілінде де шын мәніндегі «күн астындағы жерді» меңземейді. 2006 жылы шыққан «Орыс тілінің үлкен фразеологиялық сөздігінде» оның екі түпкі мағынасы келтіріледі: «1. Толыққанды өмір сүру мүмкіндігі... 2. Қоғамдық ортадағы лайықты орын».

Осы мағыналарды ала отырып, кинодағы әлгі айғайды айтқызуға мәжбүрлейтін шиеленіскен ахуалмен салыстыра қойса, жаңағы қанатты сөзді қазақ түсінетіндей етіп аударудың жолы табылмас па еді?

35 жыл бұрын таспаланған фильмнің мазмұнын қайталап жату артық болар, бірақ, мұндағы «место под солнцем» – жоғарыдағы жайлы орын да, майлы қызмет те, ғажайып жағажай да емес, 32 адамның енді салына бастайтын 28 гаражға таласы екенін еске сала кетейік. Демек, бірнеше адам гаражсыз қалмақ. Басқарма олардың ішіндегі ең қорғансыздарын тізімнен сызып тастайды. Ал гараж иеленетін тандаулылардың ішінде бұл институтта мүлде жұмыс істеп көрмеген базар директоры, дипломат, әскери шенеунік секілді әлдебір «пысықайлар» да жүр (бәлкім, фильмдегі «блатные» деген сипаттаманы осылай аударуға болар ма еді, ал тәржіме авторы «бөтендер» деп келтіріпті). Еш кінәсіз, еш себепсіз тізімнен сызылған әлгі төрт байғұс әділетсіз шешімге қарсы шығып, өз хақылары үшін күреседі. Басқалары үшін шешімнің өзгермегені жақсы, өйткені, өздеріне бұйырып тұрған гараждан айрылып қалғандары келмейді.

Демек, салғастыра айтқанда, бұл жердегі «место под солнцем» – «гараж үшін талас» екені мәлім емес пе? Ал ол дегеніңіз – ұлттық ұғымға салғанда, ұлтарактай ғана жер. Яғни, әркімнің «бұйырау» деп үміттенген өз несібесі. Сонда бағанағы Карпухиннің айғайын «Мұнда әркім өзінің ұлтарактай жері үшін жұлысып жатыр!» десе қайтер еді, мәселен?

Рас, бұлай етсек, Карпухин мен Сидориннің диалогы үйлеспей, бірі Айға, бір сайға қарап қалар еді. Бірі «ұлтарактай жер» туралы айтса, екіншісі қайдағы бір «Сочиді» айтып, «лағып» тұрған боп шығады. Мұндайда кинотәржіме ісінің майталмандары баяғыда былай ететін: диалогтың бірінші сөйлемі бекіді ме, демек, енді екінші сөйлем соған қайтарылған жауап, содан туындаған сөз болып, жымдасып кетуі керек. Яғни, түпнұсқадағы екінші сөйлем әу бастағы өз мәнінен босатылып, аударылған алғашқы сөйлемнің жетегіне еруге тиіс. Егер, мысалы, біз Карпухиннің сөзін өзіміз ұсынған бағытта аударсақ, онда Сидориннің жауабын соған сайма-сай ету үшін Сочиді мүлде былай ысырып тастауға тура келеді. Сонда біздің ойымыздағы жаңа диалог шамамен былай шыққан болар еді:

«Карпухин: Мұнда әркім өзінің ұлтарактай жері үшін жұлысып жатыр!

Сидорин: Жұлысатын орынды тапқан екенсіңдер! Жетер! Үзіліс!»

Мұның бәрін «Шіркін, егер «Гараж» фильмін аудару бізге жүктелсе, сөйтер едік, бүйтер едік...» деп мақтану үшін жазып отырған жоқпыз. Бұл күнде «Сынауға келгенде бәрің шеберсіңдер, ал соның баламасын неге ұсынбайсыңдар?» деген де айыптаулар жиі естілетін болды. Соған жауап ретінде, әрі алуан нұсқаларды оқырманның да талқысына салу мақсатында өзіміз «бұрыс» деп шешкен әрбір аудармаға өз балама-ұсынысымызды қосымша пікір ретінде келтіріп отырмыз. Және «біздің нұсқамыз ғана дұрыс!» демейміз. Біздікі – ой салу, түрткі ғана.

**Талқылау.** Ер адамның екінші бір жігітке «сүйіктім» деуі мүмкін бе? Қазір Батыс фильмдерінде жиі кездесіп жүрген әлгі «біртүрлі» кейіпкерлер болмаса, кәдімгі ер-азаматтар арасында тіпті мүмкін емес жағдай. Сонау 1979 жылы түсірілген кеңестік кинода ондай сөздің айтылуы – ашықауыз аңқаудың өзі сенбейтін өтірік. «Гараждың» кейінгі жылдары ғана тәржімеленген қазақша нұсқасында мұндай сұмдық бар. Егер орысшасын еске түсірмегенде, естен тануымыз ғажап емес еді. Сөйтсек, әлгі Сидориннің әлдебіреуге кекесінмен «Миленький...» деген сөзін (екі-үш рет кездеседі) тәржіме авторы «Сүйіктім...» деп «қазақшалапты»! Бұған не дерсіз? Мысқылдап тұрған кейіпкер қарсы алдындағы адамға «сүйіктім» дей ме? «Әй, шырағым...», егер бұл тым қазақы боп көрінсе, «Жарқыным...» деп, әрі қарай әңгімесін жалғаса, кейіпкер кекесіні мен ой мазмұны жарасымын тауып кетпес пе еді? Тәржіменің сапасыз, олақ, орашалақ екені осы айтылған қателіктерден-ақ айқындалып тұрған шығар.

Әрине әрбір мемлекеттің даму кезеңіне тән түрлі процестердің болып жатуы заңды құбылыс. Ондай кезеңдердің өзіне лайық қателіктері де болады. Дегенмен сол қателіктерді түзеп еліміздің өркендеуіне үлес қосу әрбір саналы жастың қасиетті борышы. Сол атқарылар шаруаның бір саласы біз әңгіме еткен – аударма фильм саласы.

Аударма фильмдердің жер бетіндегі ынтымақ пен бейбітшілікке қосар үлесін айтпаған күннің өзінде, жер шарының бір түкпіріндегі адамдардың екінші бір тұсындағы адамның жанын ұғынуына тигізер әсері мол. Сонымен бірге әрбір тілдің қасиетін арттырып, оның дамуына тигізер игілігі қаншама [5, 44].

**Қорытынды.** Тәуелсіздік алған отыз жылға жуық кезеңде бұл салада қол жеткізген жетістіктеріміз аз емес. Әйтсе де негізгі бағындырар биіктер әлі алда.

Мұндайда көбінесе кешегі кеңес үкіметі жылдарындағы қазақфильм киностудиясындағы дубляж цехында жүргізілген қарқынды жұмыстар еске түседі. Бір айдың ішінде жиырмадан астам фильмді қазақ тілінде дубляж жасап, оны жедел арада республика көрерменінің назарына ұсынып отыру өте үлкен жұмыс. Сол жылдарда осы саладағы білікті режиссерлар: Қ.Әбусейітов, Ф.Атушев, М.Әбусейітова, Д.Тінәлина, Қ.Мерғазиев, т.с.с. болса, өзінің қайталанбас үнімен әртүрлі ұлттың кейіпкерлерін қазақ тілінде сөйлеткен актерлер: Б.Қалтаев, А.Ысмайылов, М.Құланбаев, Ә.Өмірзақова, Ф.Шәріпова,

М.Бақтыгереев, А.Кенжеков, Т.Тасыбекова, Н.Мышбаевалар болатын [6, 158]. Олардың үнімен жазылған фильмдер сирек те болса «Ел арна» экранынан беріліп тұрады. Сол кездегі өз жұмысына деген жауапкершілігін, шеберлігін сезінесің, риза боласың. Алдағы жылдарда жас буын сахна шеберлерінен осындай табыстар көрсек деген арман ұялайды кеудеде. Аударма фильм, дубляж саласы актерлердің шеберлігін арттырып, өнерін шыңдайтын өзіндік мектеп екені белгілі. Ендеше осы бір мектептің іргетасы берік болып, мәртебесі ұлғая берсе екен.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Ask a Linguist» журнал, 2019. – 6-8 б.
2. Jespersen O., «Mankind, nation and individual from a linguistic point of view», Bloomington, 1964. – 59 б.
3. Кузьмичев С.А. Перевод кинофильмов как отдельный вид перевода // Вестн. Моск. гос. лингв. ун-та. — М.: ИПК МГЛУ «Рема», 2012. – 45 б.
4. Матасов Р.А. Перевод кино/видеоматериалов: лингвокультурологические и дидактические аспекты. – М., 2009. – 141 б.
5. Сапожников И. Дубляж и закадровое озвучивание фильмов. – М.: Наука, 2004. – 44 б.
6. Сиранов К. Киноискусство советского Казахстана. – Алматы: Жазушы, 1986. – 158 б.

МРНТИ 16.31.41

Қ.М. Жампейіс<sup>1</sup>, Ә.М. Төлеутай<sup>1</sup>, А.Ж. Насырова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ САЯСИ СҰХБАТ АУДАРМАЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АУДАРМА СТРАТЕГИЯЛАРЫ

### *Аңдатпа*

Бұл мақала саяси сұхбат материалдарын аудару барысындағы тиімді аударма стратегияларын анықтауға бағытталған. Сұхбаттар бүгінгі уақытта кең етек жайған тележурналистика саласының ажырамас бөлігіне айналғаны анық. Саяси сұхбат жанрын пәнаралық ғылым ретінде зерттеу қазіргі аударма саласының және лингвистиканың ең өзекті мәселелерінің бірі, әсіресе Қазақстанда халықаралық аренадағы белсенділігі жоғары мемлекет үшін маңызды. Сұхбаттардың пайда болып, олардың журналистиканың ажырамас бөлігі ретінде дамуын тарихта бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. Бұл аяда саяси сұхбаттар арқылы мемлекет басшылары мен саяси сала өкілдері әлемдік ахуалдарға байланысты өз көзқарастарын, жоспарлары мен мүдделерін білдіре алады. Сондай-ақ мақала сұхбаттың жеке жанр ретінде қалыптасу кезеңдері және осы саладағы ғалымдарының жасаған зерттеулеріне негізделетін болады.

**Тірек сөздер:** саяси, сұхбат, аударма, стратегиясы, медиалингвистика, Бұқаралық ақпарат көздері.

К.М. Zhampeis<sup>1</sup>, А.М. Toeutay<sup>1</sup>, А.Ж. Nassyrova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

## INTERPRETATION STRATEGIES FOR INTERPRETING POLITICAL INTERVIEWS FROM ENGLISH INTO KAZAKH

### *Abstract*

This article is devoted to determine effective interpretation strategies for interpreting political interviews. Today, interviews have become an integral part of today's television journalism broadcasts. Studying the genre of political interviews as interdisciplinary science is one of the most topical issues in interpretation and linguistics spheres nowadays especially in Kazakhstan because of an active participation of our state in tackling international issues. In this regard political interviews are significant resources for expressing political interests of the certain states along with opinions and intentions of world leaders and politicians. The article also will focus on key periods of developing interviews as the separate genre and researches that were made by scholars.

**Key words:** political interview, interpretation strategies, media studies, media resources.

Қ.М. Жамтеис<sup>1</sup>, А.М. Толеутай<sup>1</sup>, А.Ж. Насырова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан

## СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА ПРИ ПЕРЕВОДЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ИНТЕРВЬЮ С АНГЛИЙСКОГО НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫКИ

### Аннотация

В статье поднимается вопрос определения эффективных стратегий перевода при переводе политических интервью. Понятно, что интервью стали неотъемлемой частью сегодняшних передач телевизионной журналистики. Изучение жанра политических интервью как междисциплинарной науки является одним из наиболее актуальных вопросов в сфере перевода и лингвистики в настоящее время, особенно в Казахстане, благодаря активному участию нашего государства в решении международных проблем. В этой связи политические интервью являются значительно важным ресурсами для выражения политических интересов определенных государств наряду с мнениями и намерениями мировых лидеров и политиков. В статье также будут рассмотрены ключевые периоды развития интервью как отдельного жанра и исследования, которые были проведены учеными в этой отрасли.

**Ключевые слова:** политическое интервью, стратегии интерпретации, медийные исследования, медиаресурсы.

Сұхбаттар бүгінгі уақытта кең етек жайған тележурналистика саласының ажырамас бөлігіне айналғаны анық. Сұхбаттар аудиторияға ақпарат жеткізу, қоғамды қызықтыратын және халықаралық деңгейде маңызды сұрақтарға жауап алу мақсатында ұйымдастырылады. Олардың өткізілу мақсаттары мен форматтары түрлі бағыттарда ұйымдастырылуы мүмкін. Сұхбаттар замануи журналистиканың ажырамас бөлігіне айналған тележурналистиканың жеке дара тармағы.

Егер сөздердің семантикасына назар аударатын болсақ, «inter» – өзара қатынасты бағыттас, ал «view» сөзінің мағынасы – «көзқарас», «пікір» болады. Демек, сұхбат – көзқарас, дерек, ақпарат алмасу. Бұл ұғымның одан ертерек этимологиясына үніліп, оның англо-герман тіліндегі «entrevue» деген сөзден бастау алып, ал кейінірек француз тіліндегі «entrevue» деген сөзде жалғасын тапқанын білуге болады. Бұндағы – «entre» (арасында, бағыттас) және «voir» (көру, көзқарас) деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің жаплы кең мағынасында «көзбе – көз кездесу» деген мағынасы бар [1, 205]. Орыс немес қазақ тілдерінде «интервью» және «сұхбат» деген ұғымдар аясы көбінесе журналистика саласымен шектелсе, Еуропа халықтарында, әсіресе ағылшын және француз тілдерінде «interview» сөзінің қолдану салалары одан да кең болып табылады. Бұл жұмысқа орналасу барысындағы жұмыс берушінің орналасушыға ұйымдастыратын бетпе-бет кездесу немесе құқық қорғау органдарының тергеу барысында күдіктілерден алатын жауап алу үдерісі. Бұл ұғымның Батыс Еуропа және Америка құрлықтарындағы қолданылуы да саяси салада өте белсенді болған. Мысалы, «interview» деп XVI-XVII ғасырларда әр түрлі мемлекеттердің монархтарының жеке кездесуін атаса, XVIII-XIX ғасырларды монархтардың ғана емес, жалпы саясаткерлердің кездесуін атайтын болған. Ал XIX ғасырдың басынан «сұхбат» ұғымының сол уақытта кең етек жая бастаған журналистика саласында қолданылу кезеңі басталған болатын. Жалпы он тоғыз – жиырмамыншы ғасырлардан бастап журналистиканың ақпараттық қана емес, насихаттық мақсатта қолданылу үдерісі басталған болатын. Әсіресе, АҚШ, Ұлыбритания және бірқатар дамыған Батыс Еуропа мемлекеттерінде журналистиканың рөлі тез айқындала бастады [2, 203].

Сұхбаттардың пайда болып, олардың журналистиканың ажырамас бөлігі ретінде дамуын тарихта бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. Ежелгі кезең: Греция ғалымдары Сократ пен Платонның философиялық диалогтары бәрімізге мәлім. Осы ғалымдарды сұхбат идеясын бірінші рет жүзеге асырған деп санау журналистикада өзіндік дәстүрге айналды. Диалогтар философиялық әдебиеттің негізгі формасы ретінде XIX ғасырдың ортасына дейін жалғасын тапқан болатын. XIX ғасырдың басы: Тарихтың осы кезеңінен бастап сұхбаттың алғашқы журналистикалық белгілері пайда бола бастады. Олар: арнайы сұрақтар, әдептілік клишесі, стилистикалық ерекшеліктер, риторикалық тәсілдер. Осылайша, қазіргі таңға дейін өзектілігін жоғалтпаған журналистикадағы «сұхбат» тәсілінің қарқынды даму кезеңі басталды. Бұл заманның беліглі сұхбат алушыларына Дэвид Юм, Джордж Беркли, Блез Паскаль, Фридрих Шлегель сияқты адамдарды жатқызуға болады. Алайда, толығымен қазіргі түрдегі сұхбаттарға айналу үшін жаңа жанрға әлі де уақыт керек болды. Мысалы, 1880 жылы Карл Маркстан алынған сұхбатқа тек оның «Капитал» еңбегінен алынған бірнеше дәйексөздер кірген болатын. Сұхбат жанрындағы нағыз серпін

көрнекті ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың бастауымен орын алды. Лондонда 1884 жылы жазушы, әрі драматург Оскар Уайльд сол кездегі сән және стиль тақырыбындағы «The Women's World» журналының бас редакторы болып тағайындалды. Оскар Уайльд алғашқы болып ағылшын аудиториясын сол кездегі “құпия бөлісу” деп аталған айдарды шын ықыласпен оқуға шақырды. Бұл айдар – журналистикадағы сұхбат тәсілінің кең етек жаюына оң әсер бергені сөзсіз. Бонд – стрит тігіншілері мен Пикадилл қалпақ тігушілері осы журнал арқылы сән саласындағы өзінің құпияларымен және ойларымен бөлісуге мүмкіндік алды. Кейінірек, халық қызығушылығына бөленген жаңа жанр қоғам өмірінің басқа тармақтарына да өте бастады. Бұл сұхбат жанрының алғашқы қарқынды даму кезеңі болды. Қарапайым халық сол кезден бастап Оскар Уайльдтің еңбегіне бола лордтар палатасында немесе премьер – министр кабинетінде қандай тақырыптар қозғалып, талқыланып жатқанын біле бастады. Уайльд және оның қызметкерлерімен алынған алғашқы сұхбаттарға бола Британия халқы саясат, өнер және спорт салаларында қандай жаңалықтар болып жатқанын және аса танымал тұлғалардың белгілі бір жағдайларға байланысты пікірлерін білуге мүмкіндік алды. Кейінірек бұндай жаңа журналистикалық тәсіл белгілі британдық “The Times” газетіне де таралды. Сұхбаттардың жаңалықтардың басқа түрлеріне қарағанда оқырмандар тарапынан үлкен қызығушылыққа ие екеніне ешкімнің күмәні болмады.

Келесі жүз жыл ішінде сұхбаттардың даму қарқыны одан әрі ұлғая түсті. Сұхбаттар газет немесе журнал беттерінде әрдайым жеке-дара және ерекше орынға ие болып келе жатты. Қазіргі күнге шейін журналистика саласында бағалы сыйлар көбінесе сұхбат алушы журналистерге беріледі. XX ғасырдан қазіргі күндерге дейін. Жиырмасыншы ғасырда сұхбат алу саласының журналистиканың жеке тармағына айналуы аяқталды және бұл жанрдың халыққа өте қызық екені анық болды. Алғашқы рет сұхбаттарды қолдану аясы одан әрі кеңейе бастады. Мысалы, баспасөз құралдарының “төртінші билік” болуын қолдана білген саясаткерлер сұхбат аруды саяси насихаттау мақсатында әрдайым қолдана бастаған.

Журналистика саласының дамып, жаңа технологияларды қолдана бастау кезеңімен қатар сұхбаттардың да күрделеніп, түрленуі тұспа-тұс жүріп отырды. Сұхбат адам өмірінің барлық дерлі әлеуметтік өмірін қамтитын болды. Қазіргі таңда сұхбат алу тәсілі әрдайым форматы, уақыт ұзақтығы, стилдері бойынша өзгеріп отырса да, бұл үдеріске қатысушы екі тұрақты тарап бар – сұхбат алушы және сұхбат беруші.

Жоғарыда айтылғандай, сұхбаттар өздерінің қолдану аясы бойынша өте әртарапты және әмбебап болып табылады. Сұхбаттар пәнаралық жанр болғандықтан, оларды әртүрлі салаларда зерттеу әрдайым өзекті болып табылады. Оларды журналистика саласында зерттеу қаншалықты маңызды болса, психология, социология, лингвистика саласында да зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып келді. Қазір, аударма саласының дамуына орай сұхбаттардың адекватты аударылу жолдарын іздестіру осы саланың негізгі басымдылықтарының біреуіне айналып отыр.

Тақырыптың өзектілігіне сай «сұхбат» ұғымы бойынша жүргізілген зерттеулер лингвистика тұрғысынан және журналистика тұрғысынан қарастырылатын болады. Журналистикадағы бұл тәсілді зерттеу науқаны Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін орын алған болатын. Бұл кезде әскери қауіп төмендеп, дүниежүзі халықтары қоғамдық өмірдің басқа салаларына назар аудар бастады. Университеттер мен институттарда социология, психология, аударма, журналистика сияқты ғылым салаларын белсенді түрде оқыту үдерісі белең алды. Сұхбат барлық осы ғылым салаларымен тығыз байланысты дара ғылым тармағына айналды. КСРО -да журналистика саласын, оның ішінде сұхбаттарды зерттеу жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдары кең етек жая бастады. Осы аяда көрнекті публицист, журналист Ильченко С.Н. Жасаған зерттеулерді ерекше атап өткен жөн. Өзінің “Интервью в журналистике: как это делается” (1975) атты еңбегінде автор өзінің кәсіби тәжірибесіне жүгіне отырып, сұхбат құру ерекшеліктері мен форматтарын ашып суреттейді. Ол жалпы сұхбат деген ұғымға үш келесідей анықтама берген еді: кәсіби журналистиканың бір тәсілі, эфирлік көрсетілімде дара журналистикалық бірлікті ұйымдастыру формасы, жазбаша және баспасөз басылымдардың бір түрі. Бұл еңбектерден кейін Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті сұхбат тақырыбындағы еңбектерге көп назар аудара бастады. Университетте басып шығарылған «Телевизионная журналистика» оқулығында келесідей анықтама беріледі: «журналистің саясат, әлеуметтік немесе басқа тұлғалармен әңгіме құруға негізделген публицистика жанры». Алайда кейінірек бұл анықтама жоққа шығарылды, себебі ол тым шектеулі және сұхбаттың толық когнитивті, ақпараттық рөлін жеткізген жоқ болатын.

2000 жылдардың басында сұхбат жанрына қатысты жаңа зерттеу техникалары қолданыла бастады. Сұхбат жанр ретінде журналистикада дамып қана қоймай, бұл саланың шегінен шығып, психология, социология сияқты ғылымдармен қиылыса бастады. Осындай бағыттағы маңызды еңбектердің бірі 2003 жылы Лукина М. жазған «Технология интервью» оқулығында көрініс тапты. Бұл кітапта жаңа сұхбат түрлері, ұйымдастыру формалары, технология мен механизмі сипатталып қана қоймай, оның менталдық



тұрғыдан адам санасына әсері, сұхбат алу барысындағы сұхбат берушінің психологиялық ерекшеліктерін анықтау сияқы нұсқаушы материалдар да көрініс тапты. Лукина М. кітабында журналисттерге сұхбат беруші тұлғаларды қалай тыңдау керек және қалайша оқырман сұхбатты оқып, қабылдайды деген сұрақтарға жауап берген. Бұл еңбек қазіргі таңға дейін өте өзекті және журналистика саласында нұсқаушы, негізгі оқулықтардың бірі болып мойындалған. Сұхбаттардың пәнаралық жанр болуы олардың тіл білімінде кеңінен зерттеле басталуына алып келді. Медиалингвистика немесе *media language studies* ғылым салаларында сұхбаттарда қолданылатын тіл ерекшеліктері және олардың лингвистикалық қырлары зерттеліп, танылады. Әрине, сұхбаттарды лингвистикалық тұрғыда зерттеген ғалымдар ішінде көптеген Ресей ғалымдарының жазған еңбектері де бар. Добросклонская Т.Г. еңбегінде аталған факторға жеке сараптама жасалып, олардың медиалингвистикалық ортаға беретін әсері талқыланады. Солардың ішінде жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының даму қарқыны осы факторлардың бірі ретінде суреттеледі: «Медиалингвистика саласы бұқаралық ақпарат құралдар тілі немесе бұқаралық ақпарат құралдары өндіретін және медиа құралдары арқылы (телевизиялық немесе ғаламтор жолдары) тарататын мәтіндердің барлығын тұтастай қамтиды. БАҚ тілі – бұл лингвостилистикалық қасиеттер мен белгілердің қандай да бір жиынтығымен сипатталатын тұрақты тілішілік жүйе.

Үлкен мәртебеге және замануи таралу тетіктеріне ие бола отыра, БАҚ құралдар тілі ақпараттық қоғамда ұлттық тіл ролін атқарады. Ол әдеби нормалардың құрылуына және адамдардың санасына саясаттың, идеологияның, мәдениеттің қабылдануына өзіндік әсерін тигізеді.»

Добросклонская Т.Г. сондай-ақ медиалингвистикаға келгенде, бұл жанрдағы тілге жасалатын сараптамалардың үш деңгейін анықтайды:

«Қазіргі уақыттағы ақпараттық технологиялардың тілдік үдерістерге әсерін бағалай отыра, үш деңгейлі саратаманы бөліп, ажыратуға болады: 1) геолінгвистикалық (аты айтып тұрғандай, БАҚ-тың жалпы әлемдегі және жеке аймақтардағы лингвомәдени жайғдайға әсері сараланады), 2) интерлингвистикалық (тілдердің өзара байланысы және өзара сабақтастығы, жеке сөздерді белгілі бір тілге трансформациялау механизмдері мен әдістері қарастырылады), 3) интралингвистикалық (немесе тілішілік сараптама – белгілі бір лингвомәдени ареал ішіндегі тілдік ерекшеліктерді зерттеуге мүмкіндік беретін сараптама түрі)» [2, 203].

90-жылдардың ортасында күрт орын алған әлеуметтік және экономикалық ахуалдың өзгеру салдарынан ағылшын тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстанда да өзінің тұрақты орнын таба бастады. Ал бұндай әлемдік ақпарат кеңістігінің жаһандануы ағылшын тілінің тек адамзат салаларының төңірегінде айтарлықтай кең етек жаюына алып келіп қана қоймай, сондай-ақ бұл тілді жалпылай мойындалған халықаралық қатынастар тілі – *lingua franca* ретінде бекітті [3,200].

Медиалогия саласында сұхбат тәсілін зерттеуге ат салысқан ғалымдар қатарында Гарольд Иннис және Маршалл Маклуан (Канада), Пьер Бордо (Франция), Лутз Хачместер (Германия), Сиджу Сэм (Индия) сияқты ғалымдарды және олардың еңбектерін атап өткен жөн [4, 105].

Аталған еңбектер арасында индиялық Сиджу Сэм жазған “On science and mass media” еңбегін ерекше атап айтуға болады. Аталған оқулықта ғылым мен медиалингвистика арасындағы байланыс көрсетіледі. СэмС. пайымдауынша медиалингвистика әрбір ғылым саласындағы пайда болатын жаңа ұғымдарды өзіне сіңіре алатын әмбебап тетік болып табылады (История интервью и его проведения, Электронды ресурс).

Ал ағылшын тіліндегі сұхбаттардың құрылымдық ерекшеліктеріне келетін болсақ, олар әдеттегі сұхбаттар сияқты үш бөлімнен тұрады: кіріспе бөлім (тақырыппен таныстыру), негізгі бөлім (сұрақтар және талқылау) және қорытынды бөлім (сұхбатты қорытындылау және аяқтау) [5, 151]. Алайда, қазақ немес орыс тіліндегі сұхбаттардан ағылшын тіліндегі сұхбаттардың осы бөлімдерінің уақыт бойынша ұзақтығында бірқатар ерекшеліктер бар. Чарли Роуз, Шон Хеннети және Фарид Закариа сияқты белгілі журналистердің алған сұхбаттарын зерттей келе, келесідей ерекшеліктер анықталды: кіріспе бөлімінің ұзақтығы 35 секунд – 1 минут, негізгі бөлім – 20 және 40 минут, қорытынды – 0:2-0:4 секунд. Қазақ тіліндегі сұхбаттар: кіріспе – 15 және 30 секунд, негізгі бөлім – 19-30 минут, қорытынды бөлім – 10-20 секунд. Ағылшын тіліндегі сұхбаттардың орташа ұзақтығы 45 минут минут және қазақ тіліндегі сұхбаттарға қарағанда бұл тілде жүргізілетін сұхбаттарды кіріспе бөлімдері ұзақ, ал қорытында бөлімдері қысқа болып келеді.

Ағылшын тіліндегі саяси сұхбаттардағы лексикалық ерекшеліктер қазіргі геополитикалық жағдай мен халықаралық қауымдастықта көтеріліп отырған құндылықтар және басылымдылықтарға тікелей байланысты. Ал бірқатар спецификалық ерекшеліктер жайлы айтатын болсақ, әлем саясаткерлерінің баяндамаларында немесе сұхбаттарында жиі кездесетін сөздер бар екенін анықтауға болады (Рекс

Тилерсонның Гуамдағысұхбаты). Қолданылатын ұғымдар әдетте белгілі бір мемлекеттің идеологиясымен тығыз байланысты болады. Мәселен, АҚШ саясаткерлерінің сөздерінде жиі кездесетін қатарына: unity, freedom, liberty, democracy, security, safety, homeland, strength, strong, growth, diplomatic сияқты ұғымдар кіреді.

(1) The president is sending a *strong* message to North Korea in language the Kim Jong-un can understand, because he doesn't seem to understand diplomatic language.

(2) Президент Солтүстік Кореяға Ким Чен Ын түсінетін тілде *оқыс* үндеу жолдады. Өйткені ол дипломатиялық тілді түсінбейтін тәріздес.

Саяси сұхбаттарда жиі кездесетін ұғымдар мен саяси терминдерді келесі категорияларға бөлуге болады:

**Партия атаулары:**

Labourparty – Лейбористикалық партия

Communistparty – Коммунистикалық партия

**Ұйымнодақатаулары:**

European Union – Еуропалық Одақ

United Nations – Біріккен Ұлттар Ұйымы

**Саяси шендер:**

President – Президент

Secretary of State – госсекретарь

**Саяси жүйе немесе ахуалды білдіретін ұғымдар:**

Democracy – демократия

Crisis- дағдарыс

**Халықаралық бағдар, модельдер мен келісімшарттар:**

Sustainable development – тұрақтыдаму

Paris agreement – Парижкелісімшарты

Сонымен, сұхбат – публицистикалық жанр, журналистің бір немесе бірнеше тұлғамен әңгімесі. Егер сөздердің семантикасына назар аударатын болсақ, «inter» – өзара қатынасты бағыттас деген мағынаны берсе, «view» сөзінің мағынасы – «көзқарас», «пікір» дегенді білдіреді. Демек, сұхбат – көзқарас, дерек, ақпарат алмасу. Сұхбат – көп қырлы жанр. Бұл сұхбаттың ақпараттық жанрға да, талдамалы жанрға да қатыстылығын дәлелдейді. Сұхбат өзіндік жеңілдігіне қарамастан, белгілі бір стратегия мен тактикаға бағынуды талап ететін күрделі жанр. Сұхбат біздің көзқарасымыз бойынша ғана жеңіл, себебі, ақпарат алудың көзі ғана болып көрінеді. Сұхбаттың жеке жанр ретінде қалыптасуы он тоғызыншы ғасырдың ортасынан қазіргі күнге дейін орын алды. Лондонда Оскар Уайльдтің бастауымен шығарылып отырған кішігірім қалалық газетте қолданылған алғашқы сұхбат формалары бүгін психологиялық, когнитивті, лингвистикалық, саяси, социологиялық тұрғыдан зерттелетін көпбағытты кең салаға айналған болатын. Жанрлардың құрылуы кезінде, яғни белгілі бір жанрға жатқызу үшін публикациялардың болашақ сипат алуымен жанр аттарын айыра білу кезек. Публикациялардың әлі де жанрлық анықтама алмаған жаңа тобының қатаң принциптік негізі жоқ және белгілі заңдылыққа сүйенбейді. Сұхбат журналистиканың бір жанры деп қарамас бұрын, алдымен оның даму тарихына толықталған жөн. Журналистикадағы кез келген жанрдың даму үрдісі негізінен техниканың дамуымен, радио мен телевидениенің пайда болуы және таралуымен тығыз байланысты.

Сұхбат жанры көпқырлы болғандықтан, оны журналистика саласынан да, аударма және лингвистика саласынан да зерттеген мамандар мен ғалымдар көп. Батыс мемлекеттер мен Азияның дамыған елдерінде сұхбаттарды лингвистикалық және аударма саласынан зерттеу жиырмасыншы ғасырдан белсенді жүргізіліп жатса, біздің елде бұндай зерттеулер енді ғана өз бастауын табуда.

*Пайданған әдебиеттер тізімі:*

1. Джалилов А. *Практическая журналистика в Казахстане. Практикалық басқару.* – Алматы, 2008. – 205 б.
2. Добросклонская Д.Н *Медиалингвистика: системный подход к изучению языка СМИ.* – М., 2008. – 203 б.
3. Свитич Л.Г. *Профессия: журналист. /Оқулық.* – М., 2011. – 200 б.
4. Shiju Sam Varughese. *Contested Knowledge: Science, Media, and Democracy in Kerala.* New Delhi Oxford– University Press. – 2017. – 105 б.

5. История интервью и его проведения. (Электронды ресурс) –URL: <http://bagnenko.name/blog/the-history-of-interview>

6. Кузнецов И.В. История отечественной журналистики (1917-2000). – 2006. – 151 б.

7. Mosco Vincent *The Political Economy of Communication* –University of California – Riverside Since publication. – 2011. – С.280.

МРНТИ 16.31.41

А.С. Карыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана  
г. Алматы, Казахстан

## НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛЬНЫЕ ТЕКСТЫ

### Аннотация

В последнее время исследования перевода сосредотачивались в основном на художественных текстах, и намного меньше на научно-технических. В данной статье рассматривается параллельный корпус научно-технических текстов, краткий обзор классификации корпуса текстов. Научно –технические параллельные тексты являются не только важным источником лингвистической информации, который помогает решать проблемы лексико-грамматической сочетаемости, преодолевать орфографические, пунктуационные, лексические трудности и трудности, связанные с выбором оптимальной грамматической конструкции в переводной язык, также призван помочь лучше понять различные механизмы и алгоритмы получения качественного продукта. Ведь использование научно-технических параллельных текстов дает возможность изучить используемых в переводческой практике эквивалентов, сравнить исходные тексты и переводы, исследовать стратегии, которыми пользуется переводчик для разрешения различных грамматических и стилистических несоответствии языка оригинала и языка перевода, тем самым поднимая на уровень выше переводные словари и обучение научно техническому переводу. По теории и практике практическая пригодность «научно–технических параллельных текстов» в алгоритме переводческой работы имеет немаловажное практическое значение, представляя собой чрезвычайно интересный языковой ресурс, который полон терминологией.

**Ключевые слова:** научно-технические параллельные тексты, научно-техническое знание, параллельные корпуса текстов, качество перевода

A.S. Karybaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.

## SCIENTIFIC AND TECHNICAL PARALLEL TEXTS

### Abstract

Recently, translation studies have focused mainly on literary texts, and much less on scientific and technical ones. This article describes a parallel corpus of scientific and technical texts, a brief overview of the corpus classification of texts. Scientific-technical parallel texts are not only an important source of linguistic information, which helps to solve problems of lexical and grammatical compatibility, overcome spelling, punctuation, lexical difficulties and difficulties associated with choosing the optimal grammatical structure in the translation language, is also intended to help better understand various mechanisms and algorithms for obtaining a quality product. After all, the use of scientific and technical parallel texts makes it possible to study equivalents used in translation practice, compare source texts and translations, explore the strategies used by the translator to resolve various grammatical and stylistic inconsistencies between the original language and the translation language, thereby raising the translation dictionaries and teaching scientific technical translation. According to theory and practice, the practical suitability of “scientific and technical parallel texts” in the translation work algorithm has an important practical value, representing an extremely interesting language resource, which is full of terminology.

**Keywords:** scientific and technical parallel texts, scientific and technical knowledge, parallel corpus of texts, translation quality

А.С. Карыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛЬ МӘТІНДЕР

*Аңдатпа*

Бүгінгі күні аударма зерттеулері негізінен әдеби мәтіндерге, ал ғылыми және техникалық жағынан әлдеқайда аз болды. Бұл мақалада ғылыми және техникалық мәтіндердің параллель корпусы, мәтіндерді корпус жіктеуі туралы қысқаша шолу берілген. Ғылыми-техникалық параллельді мәтіндер лексикалық және грамматикалық үйлесімділік мәселелерін шешуге, емле, пунктуация, лексикалық қиындықтарды және аударма тілінде оңтайлы грамматикалық құрылымды таңдаумен байланысты қиындықтарды жеңуге көмектесетін лингвистикалық ақпараттың маңызды көзі болып табылады, сонымен қатар әртүрлі механизмдерді жақсы түсінуге көмектеседі. Сапалы өнім алу алгоритмдері. Ғылыми және техникалық параллельді мәтіндерді қолдану аударма практикасында пайдаланылатын эквиваленттерді зерттеуге, бастапқы мәтіндерді және аудармаларды салыстыру, аудармашы қолданатын түпнұсқа тілмен аударма тілдерінің арасындағы грамматикалық және стилистикалық келіспеушіліктерді шешу үшін қолданылатын стратегияларды зерттеуге мүмкіндік береді, осылайша аударма сөздіктерін және ғылыми-техникалық аудармаларды оқыту.

**Кілт сөздер:** ғылыми және техникалық параллель мәтіндер, ғылыми-техникалық білім, параллель корпус мәтіндері, аударма сапасы

**Введение.** В быстротечном веке технологии, развития науки и информатизации, возникает необходимость правильного подбора лексических единиц, терминов и аббревиатур. В свою очередь, создание терминологических справочников отстает, что вызывает проблемы у переводчиков и в результате – противоречивые и разнообразные переводы во многих научных, технологических или технических областях. Любой перевод вне зависимости от его направленности, будь то доклад, диссертация, статья или договор должен не только учесть все тонкости стиля первоисточника, но и суметь передать их на иностранном языке.

Особые сложности составляют научно-технические переводы, где “язык науки определяется целью функционального стиля научной прозы, который заключается в доказательстве гипотезы, в создании новых концепций, раскрыть внутренние законы существования, развития, отношений между различными явлениями и т. д., следовательно, используемые языковые средства, как правило, объективны, точны и неэмоциональны, лишены какой-либо индивидуальности; есть стремление к наиболее обобщенной форме выражения”, [1]. Основная сложность переводов научно-технических текстов заключается в делении на множество новых и более специализированных стилей в результате прогресса технологий и более высокой специализации. Дилемма между воссозданием его формы или буквальным переводом научно-технических текстов, наряду с другими факторами, связанными с предоставлением научного перевода, приводит к его усложнению

Некоторые особенности научно-технических текстов, как употребление большого количество специальных терминов (специальные и общезыковые терминологические сокращения), наличие арсенала условных обозначений (схемы, формулы), сложность и разнообразие синтаксических структур представляются трудностями при переводе научно-технических материалов.

**Обсуждение.** Научно-технические тексты нередко становятся объектом перевода, недостаточное количество текстового материала для получения параллельного корпуса текстов чрезвычайно широко распространены и довольно разнообразны, как по форме, так и по содержанию- от текста с техническими характеристиками до туристической брошюры.

Говоря о параллельных научно-технических текстах, следует рассмотреть само понятие “параллельный”. Сам термин “параллельный” в теории и практике перевода появляется лишь изредка. Впервые термин присутствует в терминологическом издании, подготовленном группой канадских исследователей: Жаном Делилем, Ханнелоре Ли-Янке и Моникой Кормье – Terminologiedelatradsuction [2], там он приведен как “texteparallèle” с соответствиями: английским “paralleltxt”, испанским “textoparalelo” и немецким “paralleltxt”. Итак, параллельный текст – это “текст на целевом языке, принадлежащий к тому же жанру, что оригинальный текст и/или посвященный той же проблематике, из которого переводчик может выписать термины, выражения и сведения, нужные ему для выполнения перевода” [3].


Практическая пригодность использования параллельных текстов переводчиком, вытекает не из факта перевода, а из сосуществования, параллельного функционирования таких текстов в данной предметной области. Тексты на параллельных языках могут быть определены тремя разными способами:

1. Ресурсы, включающие язык оригинала, а также один или несколько переводов.
2. Ресурсы, которые включают два или более переводов, но не исходный язык.

3. Ресурсы, которые публикуются одновременно на нескольких языках, когда нельзя определить исходный язык. Примерами могут быть документы, выпущенные международными организациями на нескольких языках.

Работа и обработка параллельных текстов состоят из трех этапов: 1) двуязычные веб-сайты идентифицируются либо вручную [4], 2) либо через поисковую систему [5]; 3) страницы на двуязычных веб-сайтах выровнены с использованием структурных сигналов [2] или методов поиска документов [6, 7] и содержащие большие коллекции параллельных текстов называются параллельными корпусами. Рассматривая об параллельных текстах, нельзя не отметить классификацию различных типов корпусов в исследованиях перевода, предложенный ученым из Манчестера Бейкером, который выдвигает три основных типа корпусов (схема 1): сопоставимые, многоязычные и параллельные корпуса [8].

- сопоставимые корпуса, которые “состоят из двух отдельных наборов текстов на одном языке: один корпус состоит из оригинальных текстов на соответствующем языке, а другой состоит из переводов на этот язык с данного исходного языка или языков” (стр. 234);
- многоязычные корпуса - это “наборы из двух или более одноязычных корпусов на разных языках” (стр. 232).
- параллельные корпуса - состоят из “оригинальных исходных языковых текстов на языке А и их переведенных версий на языке В” (стр. 230);



Типология корпусов по Бейкеру (1995)

(схема 1)

Параллельные корпуса текстов составляются из оригинальных текстов на языке А и переводов этих текстов на язык В. Для параллельных корпусов текстов выделяется ряд подтипов: 1) тексты на языке А и их переводы на язык В; 2) тексты на языках А и В и их переводы соответственно на языки В и А; 3) только переводные тексты на языках А, В, С ... Х, оригинальные тексты были написаны на языке D [9].

“Использование параллельных корпусов, очевидно, положительно влияет на процесс обучения переводу. Благодаря множеству встречающихся вариантов перевода интересующей лексической единицы или словосочетания, понижается тенденция приравнивания их какому-то одному эквиваленту на языке перевода. Параллельный корпус также может внести ясность при выборе приемов перевода”. Параллельные корпуса переведенных текстов могут использоваться как ресурс для автоматического извлечения терминов и терминологических словосочетаний из научно –технического материала, при этом стоит отметить затраченное на поиск необходимого эквивалента в процессе перевода, значительно сокращается. Такая работа тем более эффективна, что поиск эквивалента в соответствующих словарях и

выбор подходящего варианта из порой внушительного ряда словарных эквивалентов иначе заметно увеличили бы время перевода [10].

### Результаты.

Авторы научно-технических текстов на языке оригинала и его параллельный текст пишут с целью или намерением сообщить, или объяснить. Они часто представляют информацию, не выражая личной точки зрения или позиции по теме. Научный текст объясняет научную тему, такую как физико-химические свойства древесины или сушка дерева. Научные журналы, учебники по науке и эксперименты являются примерами научных текстов. Технический текст содержит подробную информацию о конкретной теме или о том, как выполнить конкретную задачу. Руководства пользователя, инструкции, и брошюры являются примерами технического текста. В процессе перевода один и тот же научный текст оригинал и параллельный текст применяется переводчиком для получения текста перевода.

Опыт преподавательской деятельности и анализ параллельных текстов привели нас к мысли о том, что они могут быть использованы не только в методике обучения иностранному языку, а также отражать всю многогранность и комплексность процессуального характера переводческой деятельности.

Межъязыковым сравнение языковых средств выражения в научном жанре, как подчеркивает В.Коллер [11] для переводчика основной целью является улучшение качества переводов, должно опираться главным образом не на материал переводов, а именно на материал параллельных текстов, выявляющих “нормы класса текстов” в данном языке, что в итоге приводит к правильному построению перевода, которое не сводится к сумме правильно построенных предложений. Ведь переводчик научно-технических текстов всегда стоит перед проблемой восприятия и переработки чужого ментального содержания, поскольку в своем переводном тексте он не излагает собственные идеи, но лишь вербализует идеи, сформулированные автором оригинала, пользуясь параллельными текстами с целью извлечения из них терминологию данной области знаний. Т.А. Фесенко подчеркивает, что воспринимаемый переводчиком исходный текст никогда не будет наполнен для него тем самым смыслом, который вкладывал в него автор, поскольку каждая культура имеет в своей основе собственную систему стереотипов, образов и когнитивных систем, а за каждым невербальным знаком стоит фрагмент образа мира данной конкретной культуры [12].

### Заключение.

ПТТ могут стать надежным источником информации для решения наиболее частых научно-технических переводческих проблем, возникающих при переводе специализированной литературы на иностранный язык. Применение и метод анализа параллельных текстов для переводоведения одна из наиболее важных и весьма эффективных решений в вариативном соответствии данной исходной единицы в переводе и имеет немаловажное теоретическое значение при описании явления вариативности перевода. Использование параллельных текстов более полезно, когда применяемая в данной области науки терминология имеет более эклектический характер, или, когда она более автономна, а, следовательно, имеет меньше точек соприкосновения с другими областями знаний. Однако для ответа на этот вопрос необходимы дальнейшие эксперименты на материале текстов из других областей науки, которые будут рассмотрены в последующих работах.

### Список использованной литературы

1. Шаффнер, Кристина (1998 с) *Параллельные тексты в переводе*. В L. Bowker, М.Кронин, Д.Кенни и Дж. Пирсон (ред.) *Unity в разнообразии? Современные тенденции в переводоведении*. Манчестер: Святой Иероним Марчук Ю.Н., Магомедова А.Н. *Корпусная лингвистика и контекст // Теоретические и практические аспекты лингвистики и лингводидактики*. – Сургут: Изд-во СурГУ, 2002.
2. *TT 1999: Terminologiedelatradsction, SousladirectiondeJ. Delisle, H. Lee-Jahnke, M.C. Cormier, Amsterdam/Philadelphia: JohnBejaminsPublishingCompany*
3. *TT 2006: Terminologiathumaczenia, przekladiadaptacja T.Tomaszkiewicz, Poznań: Wydawnictwo Naukowe UAM.*
4. Y. Tsvetkov and S. Wintner, “Automatic acquisition of parallel corpora from websites with dynamic content,” in *Proceedings of the Seventh conference on International Language Resources and Evaluation (LREC'10)*, 2010.
5. P. Resnik and N.A. Smith, “The web as a parallel corpus,” *Computational Linguistics*, vol. 29, pp. 349-380, September 2003.
6. Munteanu D. S. and Marcu D., “Improving machine translation performance by exploiting non-parallel corpora,” *Comput. Linguist.*, vol. 31, pp. 477-504, December 2005.

7. J. Uszkoreit, J. M. Ponte, A. C. Popat, and M. Dubiner, "Large scale parallel document mining for machine translation," in *Proceedings of COLING, 2010*, pp. 1101-1109.
8. Baker, Mona. "Corpora in Translation Studies. An Overview and Suggestions for Future Research". *Target*, 7(2). 1995. pp. 223-243.
9. Teubert Wolfgang 1996: *Comparable or Parallel Corpora. International Journal of Lexicography. Oxford university Press.* 9 (3), 238-264
10. Мишишкова(2003, 121)
11. Koller W., 1992, *Einführung in die Übersetzungswissenschaft 4., Völligneubearbeitete Aufl age, Heidelberg: Quelle & Meyer.*
12. Фесенко Т.А. // *Вопросы когнитив. лингвистики.* 2004. - N 1. – С. 117-158.

МРНТИ 81'373

М.Б. Шойманова<sup>1</sup>, Ф.И. Артыкбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> "Өрлеу" БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ,  
Шымкент қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Silkway Халықаралық университеті, Шетел филологиясы кафедрасының меңгерушісі,  
Шымкент қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Аңдатпа*

Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, бір сөзбен айтқанда, дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырсақ қана біз ұлттық тілдің табиғатын шынайы танытын боламыз; тілдік жүйенің құрылымы мен қыр-сырына тереңдеп барамыз. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру – тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Соңғы жылдары адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесін жиі сөз ете бастады. Әсіресе ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл бұрынғысынша тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен бірге ол мағыналық, ұғымдық, өрістік, концептілік тұрғыдан жиі зерттелініп жүр.

**Кілт сөздер:** тілдік жүйе, тілдік бірліктер, рухани қазына, ұлттық тіл, адами факторлар.

M.B. Shoimanova<sup>1</sup>, F.I. Artykbayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup> "Orleu" Professional Development Centre JSC Branch, Turkistan Oblast and Shymkent City Professional Development Institute for Pedagogical Staff, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup> Silkway International University, the Head of the Chair of Foreign Philology, Shymkent, Kazakhstan

## CONTRASTIVE ANALYSIS OF THE KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

*Abstract*

When we look at the history, culture, spiritual treasures of the nation, in a word, in a close relationship with the outlook, we will know the nature of the national language; we go deeper into the structure and structure of the language system. One of the main directions of linguistics is to consider the language, the language units together with human factors and human values.

In recent years, we have focused on human factors and have often talked about the problem of the correct language, the rational use of language units, the deep understanding of the meaning of the language. Particular attention is paid to cultural data on national values, and language is still more often studied not only in terms of personality (formal), but also in terms of meaning, conceptuality, field, conceptuality.

**Keywords:** linguistic system, linguistic units, spiritual treasure, national language, human factors.

М.Б. Шойманова<sup>1</sup>, Ф.И. Артыкбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Филиал АО НЦПК “Өрлеу” ИПКПР по Туркестанской области и городу Шымкент,  
г. Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup> Международный университет Silkway, г. Шымкент, Казахстан

## СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ КАЗАХСКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКОВ

### Аннотация

Если мы посмотрим на историю, культуру, духовные ценности нации, одним словом, в тесной связи с мировоззрением, то узнаем природу национального языка; мы углубляемся в структуру языковой системы. Одним из основных направлений лингвистики является рассмотрение языка, языковых единиц вместе с человеческим фактором и человеческими ценностями. В последние годы мы сосредоточились на человеческих факторах и часто говорили о проблеме языка, рационального использования языковых единиц, глубокого понимания значения языка. Особое внимание уделяется культурным данным о национальных ценностях, и язык все чаще изучается не только с точки зрения личности (формальной), но также с точки зрения значения, концептуальности, поля.

**Ключевые слова:** языковая система, языковые единицы, духовное достояние, национальный язык, человеческий фактор.

**Кіріспе.** Тіл – адамзаттың баға жетпес құндылықтарының бірі, ол – дүниетанымның құралы, ойлаудың, ойынды жеткізудің құралы. Тіл қоғамдық сананы қалыптастырады. Сондықтан да, тіл – қоғамдағы тарихи, мәдени, рухани, әлеуметтік өзгерістердің айнасы іспеттес.

Жаһандану деп аталатын үрдіске байланысты қазіргі заманда әр этностың тілі мен мәдениетін қалай да сақтап қалу керек деген мәселе туындап отыр. Бұл мәселенің енді ғана мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілі үшін де маңызы зор. Этностың тілін сақтау, ұлттық мәдениетін сақтау – сол ұлт өкілдерінің міндеті. Бұл – сайып келгенде, рухани мәні бар тілдіктерді, халық үшін аса маңызды ұлттық құндылықтарды сақтау деген сөз. Өйткені халқымыздың мәдениеті тек материалдық бұйымдар (заттар) арқылы ғана емес, тілдік ақпараттар арқылы да айғақталады.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алып, қоғамдық қызмет өрісінің жанданып-жаңғыруына байланысты оның ішкі мазмұны, мән-мағынасы, әлеуметтік жағы – бәрі-бәрі тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ұлттық ұғым-түсінігімен байланыстырып, оны алдыңғы қатарға шығарады. Бірақ тілдік материалдарды тілдік тұрғыдан ғана, яғни тілдің өз ішінде, оның құрылым-құрылысы, ішкі заңдары негізінде ғана зерттеу жеткіліксіз. Олай еткен жағдайда ұлттың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, мәдениеті, ұжымдық тәжірибесі, материалдық және рухани байлығы назардан тыс қалып қойған болар еді.

Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, бір сөзбен айтқанда, дүниетаныммен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырсақ қана біз ұлттық тілдің табиғатын шынайы танытын боламыз; тілдік жүйенің құрылымы мен қыр-сырына тереңдеп барамыз. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру – тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Соңғы жылдары адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесін жиі сөз ете бастады. Әсіресе ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл бұрынғысынша тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен бірге ол мағыналық, ұғымдық, өрістік, концептілік тұрғыдан жиі зерттелініп жүр.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізі ретінде өріс теориясының негізін салушы – Й.Трир, оның идеясын жалғастырушылар – В.Порциг, С.Урман, С.Ульманн, А.Мартине, У.Вейнрейх сияқты шетел ғалымдары мен А.А. Уфимцева, Ю.Н. Караулов, А.В.Суперанская, Ю.Д. Апресян, Г.Щур сияқты кеңес ғалымдарының, тіл білімінің лексикология, семасиология, фразеология және когнитивтік, антропоцентристік, лингвомәдениеттанымдық салаларына қатысты В.фон Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уорф, Л.Вайсгербер сияқты шетел ғалымдары мен И.С. Торопцев, Ю.С. Степанов, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякова, В.В. Воробьев, В.А. Маслова, В.А. Воркачев сияқты орыс ғалымдарының, сондай-ақ, тіл білімінің теориялық, әдіснамалық жағынан қалыптасуы мен дамуына және тілдегі лексика-семантикалық топтарды салыстыра, салғастыра зерттеуде елеулі үлес қосып келе жатқан Ә.Қайдар, М.М. Копыленко, А.Е. Карлинский, С.С. Құнанбаева, С.Е. Исабеков, З.Қ. Ахметжанова, Б.Қалиев, М.Т. Сәбитова,



Қ.Т. Рысалды, Т.Аяпова, А.Ислам сияқты отандық ғалымдарымыздың еңбектерінде баяндалған теориялық қағидалар басшылыққа алынды.

**Әдістер.** Зерттеу тақырыбының ерекшелігі мен мақсатына байланысты бұл жұмыста синхрондық тұрғыдағы сипаттамалы, салыстырмалы, салғастырмалы, құрылымдық (структуралық), кей жерлерде компоненттік талдаулар мен статистикалық әдістер және жүйелеу, топтау, бағалау, талдау (семасиологиялық) тәсілдері қолданылады.

1.1 Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тағам атауларына салғастырмалы талдау

Ресми мәліметтерге қарағанда сиыр еті елімізде өндірілетін барлық еттің 40-45 пайызын құрайды екен [1]. Бұл – халқымыз сиыр етін басқа мал еттерінен аз қолданбайды деген сөз.

Қазақ сиырдың жас етін асып та (асқан ет), қуырып та (қуырдақ), басқа тағамдарға, мәселен, кеспеге қосып та, сондай-ақ, отқа қақтап та (кебеп, орысшасы – шашлык) жей береді. Ал ұзағырақ уақытқа сақтағысы келсе, оны сүрлеп (сүр ет) немесе ыстап (ысталған ет) пайдаланады.

Сүр ет [jerked beef, air-dried meat, jerk] – етті тұздап, жел қақтырып, қоңыр салқын жерде кептірген ет. Мыс.: Жылқы етінің сүр иісі кеңсірік жарады.

Ысталған ет [smoked beef] – тобылғы, қарағай, арша, шырша ағаштарының түтініне қойып, қақталған, кептірген ет. Мыс.: Ыстаған түк етпейді, қайта еттің бұзылмайды.

Борша [rich beef cuts] – үлкен-үлкен етіп кесілген, бөлек-бөлек кесек ет. Мыс.: Әлиман бізге үш мезгіл түгін түтетіп, дастарқан жаяды, бір борша етпен бәріміздің бүйіріміз шығатын бір қазан дәмді тамақ істейді.

Қақпыш [jerked and smoked beef] – жалпақ етіп тілініп, сүрленген май [Мұқанов, 1979]. Мыс.: Қыстан қалған біраз қақпыш бар еді, содан қуырдақ қуырып, шай қайнатып қояйын (З.Ақышев, Жесір). Оның орнына алақандай қақпыш салған.

Қазақ сиыр етінен бұлардан басқа да әсіп, бұжғын, түймеш, шұжық деген сияқты толып жатқан ұлттық тағамдар жасайды [2, 76].

Бұжғын [beef fillet cut and put into stomach] – турап, қарынға, бүйенге салып асқан жұмсақ ет. Бұл кей жерде бұжы деп те аталына береді.

Әсіп [beef fillet forced and put into large guts] – малдың жұмсақ еттерін, іш майын турап, бүйенге салып пісірген тағам. Өте дәмді болады. Мыс.: Қазанда әсіп қайнап жатыр.

Түймеш – кесілген еттерді келіге түйіп немесе тоқпақпен жанышқылап, содан кейін тұздап, дәмдеп, қарынға немесе ішекке салып сақтайды. Керек кезінде суға қайнатып пісіреді. Өте бағалы тағам. Мыс.: Толыбайдың қоржынына сыбағаң деп қос қазы, төстік, түймеш, сықпа құрт салды.

Шұжық [sausage] – майлы етті турап, тұздап, бұрыштап, ішекке тыққан ет. Мұны көп уақыт сақтауға болады. Мыс.: Шұжықты сүрлеп көп уақытқа сақтауға болады. Ол негізінен жылқы етінен жасалады. Алдыңнан күлім қағып қарсы алатын, Әр үйдің ай шырайлы аппағы бар, Әрдайым әдейілеп қонағына, Сары шұжық сыбағаға сақталынар.

Қазіргі кезде сиыр етінен тұшпара (пельмен), манты, котлет, гуляш, рагу, шницель, бифштекс, бифстроган, тефтели, т.б. тағамдар жасайды.

«Meat» сөзі ежелгі ағылшын тіліндегі *mete* деген сөзден шыққан. Бұл сөздің мағынасы жалпы тағам атауын білдіреді. Ол дат тілінде *mad*, швед тілінде *mat* формасында келеді. Тар мағынасында тек қана жануарлардың жаңа сойған еті деген мағынада соңғы бірнеше ғасырдың ішінде кеңінен қолданылуда [3, 27].

Сиыр етінің тұтас бөлігін қазақ тілінде ұша десе, ағылшын тілінде ол *beef* деп аталынады. Ағылшын тілінде осы тұтас еттің әрбір бөлігі қазақ тіліндегідей әртүрлі атауға ие. Олар: *sirloin* [сүбе, жоғары бағалы жақсы ет], *top round* [жанбас басының жоғарғы бөлігі], *flank* [бүйір еті], *best rib* [сиыр ұшасының арқа арты бөлігі], *chuck* [сиыр етінің мойын еті], *topside silverside* [сойылған сиырдың тұтас сан етінің жоғарғы бөлігі], *aitchbone* [құйымшақ сүйек], *brisket* [төс ет, төстік], *round steak* [ромштекс, сиыр ұшасының артқы жанбас бөлігінің кесек еті], *neck* [мойын еті], *shin* [алдыңғы сирақ еті], *leg* [артқы сирақ еті], т.б.

Ағылшын тілінде бұзау еті ерекше атауға ие [*veal*] және оның кесектері бөлек-бөлек атаулармен аталады. Олардан әртүрлі тағам әзірленеді. Мыс.: *shoulder* [жауырын еті], *knuckle* [сан еті], *loin* [сүбе еті], *scrag end* [мойын еті], *best end of neck* [мойын етінің ең тәтті жері], *breast* [төс еті, төстік], *fillet* [сүбе еті], т.б.

Сиыр еті әртүрлі жолдармен әзірленеді және сақталады. Ерте кездегі оны сақтаудың бір тәсілі: сиыр еті тұздалып, содан соң кептіріліп, немесе оны тұзды суға немесе тұздыққа салу арқылы сақталатын. Қазіргі кездің өзінде осы әдіс әлі де болса кеңінен пайдаланылады. Кептірілген етті кепкен түрінде де пісіріп немесе соусқа салу арқылы жібітіп барып тағам әзірленетін. Консервілеу әдісі шыққанға дейін

басқа елдерде соғысып жүрген әскерге тамақ ретінде тұздалған ет теңіз арқылы жіберілетін болған. Консервілеу әдісі шыққан уақыттан бастап етті дүниенің кез-келген бұрышына жіберу оңайға түсетін болды.

Солтүстік Америкада сиырды бұзау кезінде сояды (veal) және олардың тез жетілуі және тез салмақ алуы үшін әртүрлі дәрілер пайдаланылады. Содан еттің түсі ашық түсті болады. Осы етті олар көбіне грильге пісіреді немесе қуырып пайдаланады.

Ағылшын халқы сиыр етін қуырып (fried steak), отқа қақтап немесе грильге пісіріп (grilled steak), сорпаға қосып (beef and potato soup), қайнатып (boiled beef), бұқтырып (stewed beef, braised chuck steak), әртүрлі жемістермен араластырып (braising), жай отта пісіріп (simmering) пайдаланады. Сонымен қатар, сиыр етінен шикі күйінде beefsteak tartare және beefsteak à l'americaine тағамдарын әзірлейді. Сиыр еті сыра, шарап сияқты алкогольді сусындар қосу арқылы да әзірленеді.

Сиырдың барлық дерлік мүшелері тағамға пайдаланылады. Батыстың тағам әзірлейтін кітаптарында мидан, қанынан, жүрегінен, бүйрегінен, бауырынан, өкпесінен, тілінен және т.б. мүшелерінен әзірленетін тағам түрлері көптеп кездеседі.

Сонымен бірге, көптеген елдерде арнайы сиыр басынан әзірленген ірімшік [head cheese] дайындалған және аяқтарынан сорпа әзірленген. Бұл көп пайдаланылмайтын бөліктерден тағам әзірлеу шаруа отбасыларында көп тараған. Ол отбасылар жоғары таптың пайдаланбайтын мүшелерінен әртүрлі тағам түрлерін әртүрлі дәмдеуіштер қоса отырып әзірлеген.

Ағылшындар күнделікті жұмыс күндері отбасылық үлкен ас мәзірін жасай алмаса да, жексенбі күні түскі асқа міндетті түрде сиыр етінен әзірленген roast beef тағамын әзірлейді. Дастарханға қойыларда соуспен бірге ұсынылатын бұл тағам қазіргі кездегі ағылшындардың ең сүйікті тағамы. Осының өзінен біз ағылшындардың өміріндегі басқа еттерге қарағанда сиыр малы етінің қаншалықты орын алатынын көре аламыз.

Ағылшындардың сиыр етінен әзірленетін негізгі тағамдары: roast beef, beef curry, Yorkshire pudding, brown stew, hamburgers, shepherd's pie, grilled steak, fried steak, beef and potato soup, beef creole, Steak Charlotte, beef stroganoff, beef pudding, beefsteak, beefsteak with wine sauce, roast beef with vegetables, fillet of beef in pastry, minced beef cakes, roast potatoes, beef stew with dumplings, salted brisket of beef, salted silverside of beef, boiled fresh brisket or silverside, stewed steak, chuck wagon stew, beef olives, braised chuck steak, beef goulash, steak and kidney pudding, steak and kidney pie, London beef bake, quick casserole, pot roast, Greek pot roast, bumper beef pot, crusty beef carbonnade, vinegared beef, Aloyau, all-day wrap roast, crispy beef rolls, crisis mince, kid's curry, beef and tomato pie, hot dogs, kebab, meat balls, т.б. сонымен бірге шетел аспаздарының әзірлейтін sukiyaki, Swiss loaf тағамдарыда өте әйгілі және халық оларды сүйіп жейді.

Roast beef [ростбиф] – қуырылған сиыр еті, соуспен бірге ұсынылады. Мыс.: The Sunday dinner traditionally includes roast potatoes accompanying a roasted joint of meat such as roast beef, lamb, or a roast chicken and assorted vegetables...

Crusty beef carbonnade – сырада бұқтырылған сиыр еті.

Ағылшын халқы бұзау етінен басқа да тағамдар әзірлейді. Жаңа туған бұзауды 3 айға дейін бордақылап, оның етінен өте дәмді тағамдар жасайды. Бұзау етінен әзірленетін тағам түрлері: veal chili, Sloppy Joe, veal balls with cabbage, veal stuffed peppers, veal balls stroganoff, veal pie, dill pickle veal loaf, veal balls in barbecue sauce, veal ball stew, rolled veal loaf, veal ribs, Chinese veal ribs, veal cutlet, veal scalloponi, veal sausage pattie, veal patties, breakfast veal sausage, veal patties in barbecue sauce, spicy veal sausage casserole, veal sausage and eggplant, veal sausage pizza, veal and eggplant stew, chopped liver, т.б (Rouse, John E., 1990).

Sloppy Joe – бұзау етінен әзірленген сэндвич. Мыс.: It may be ground then formed into patties (as burgers or croquettes), loaves, or sausages, or used in loose form as in "Sloppy Joe".

**Нәтижелер.** Әрбір халық өзі жақсы таныған нәрсесіне ат қоя білген. Төрт түлік малға, әсіресе сиыр малына ат қоюға келгенде қазақ халқы да, ағылшындықтар да алдына жан салмаған халықтар. Сиыр малының тегіне, жасы мен жынысына, түр-түсіне, ерекше белгілері мен ауруларына қарай қазақ халқы мен ағылшын халқы оларды сан алуан лексика-семантикалық топтарға (өрістерге) бөліп, саралаған. Соның нәтижесінде мыңдаған жеке сөздер, жүздеген фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер туған. Туып қана қоймай, олардың бәрін қастерлеп, асыл мұра ретінде бағалап, көзінің қарашығындай сақтап, жетілдіріп, дамытып, келер ұрпаққа жеткізіп отырған.

Біздің негізгі мақсатымыз – тарихымызға, мәдениетімізге арқау болған, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан осы тілдік байлықты жинақтап, реттеп, жүйелеп, олардың мән-мағыналарын, ұғым-түсініктерін ашып беру және әлгілердің ұлттық дүниетанымымыздағы атқаратын рөлін

көрсету болатын. Осы мақсатқа жету үшін сиырға қатысты тілдік материалдарды төрт тарауға бөліп, қазақ және ағылшын халқының сиыр малы туралы ой-санасын, ұғым-түсінігін, көзқарасын, бір сөзбен айтқанда, екі ұлттың сиыр малы туралы дүниетанымын шамамыз келгенше жан-жақты көрсетуге күш салдық.

## 1.2 Қазақ және ағылшын тілдеріндегі бұйым атауларына салғастырмалы талдау

Сиыр малынан сүт пен еттен басқа да әртүрлі өнімдер өндіріледі. Солардың бірі – сиыр терісі [cowhide].

Сиыр терісінен қазақ халқы тұрмысқа қажетті саба, көнек, қауға, торсық, баспақ, бұлқыншақ, сүйретпе, тулақ, шарық, көн, бұлғары, тарамыс, т.б. бұйымдар жасайды [4., 2].

Әрине, бұлардың әрқайсысына анықтама беруге болар еді. Бірақ ол көп орын алады. Сондықтан көрсетілген бұйымдардың бастыларына ғана, онда да қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін көрсететіндеріне ғана анықтама бергенді жөн көріп отырмыз.

Саба [waterskin] – жылқының, сиырдың терісінен жүнін қырып, илеп, ыстап, пішіліп тігілген, қымыз ашытатын ыдыс. Әдетте саба пирамида пішіндес болады. Оны төрт қырлы етіп, түбін бөлек тігеді. Сабаға кем дегенде 50-60 литр бие сүті сьпоға тиіс. Мыс.: Баппен иленген теріні арнаулы әдіспен шырша не карағай бүрінің түтініне ыстап, түп жағын жалпақтау, мойнын ұзынша етіп тігіп, саба жасайды да, оған күні бойы сауылған биенің саумалын құйып ашытады [4].

Көнек [piggin, milk bucket, milk pail] – ірі қараның шикі терісінен тігіп, келіге керіп, ыстап, әрлеп жасаған бие саууға арналған шүмекті шелек. Негізінен бие саууға арналады. Көнек жеңіл болады және қаңылтырдан жасалған ыдыстардай даңғырламайды. Сондықтан, «Көнектен шошыған бие оңбас, Көптен бөлінген үй оңбас», – дейді халқымыз.

Қауға [bucket, pail] – құдықтан су тартып алуға арналған көн шелек. Әдетте қауғаны ірі қараның мойын терісінен жасайды. Оның жүнін жібітіп, шелінен тазалаған соң, сол малдың сауыр терісімен мойнақты түптеп, тарамыспен тігеді. Мыс.: Құдықтан аспалы қауғамен су тартып жатқан әйелдерді көріп, кешегі бейбіт өміріңе қайтып оралғандай боласың.

Торсық [leather bottle, water bottle, water bag] – ірі қараның мойын, жон, сауыр терісінен жасалған ыдыс. Алдымен терінің иін қандырып, түбін тігісін ішіне қаратып тігеді де, ішіне құм толтырып, кептіріп қатырады. Сыртын қошқар мүйіз оюмен өрнектейді. Оған қымыз, сусын құяды. Жолаушылар, малшылар пайдалануға қолайлы. Мыс.: Ауыз су жоқ, торсық пен қарынға құйып апарған суымыз бітіп қалды.

Басбақ [pail] – баспақтың, тананың бас терісінен түгін сыртына қаратып жасаған ыдыс. Оған құрал-сайман, темір-терсек (таға, шеге, т.б.) немесе тұз салады. Теріні илемей-ақ жасай береді. Мыс.: Ауыз үйдегі кара қазанда кара су шымыр-шымыр қайнап жатады. Осы жетеді-ау деген шамамен апам баспақтан бір ауыз тұз алады да, тастап жібереді.

Бұлқыншақ [a kind of bucket, pail] – сиырдың сан терісінен жасалған ыдыс. Оны жасау үшін малдың артқы санын шашасына дейін мес қылып сойып алады да, теріні еттен, шелден (терінің жұқа май қабатынан) тазартып, түп (сан) жағын арасына шүберек салып тарамыспен немесе жылқының құйрық қылымен тігеді. Ал сирақ жаққа келетін тар жағына (аузына) ағаштан тығын жасайды. Ішіне күл толтырып, аузын тығындап, көлеңкеде кептіреді. Әбден кепкеннен кейін күлді төгіп, ыдыстың ішін ыстайды. Содан соң оның ішін шаймен жуып, ашыған айран құяды да, бірнеше күн қойып қояды. Терінің шикі дәмі кеткеннен кейін ішіне шыжғырған (сұйық) май құйып шайқап алып, пайдалана береді. Оған жолға, сапарға шыққан адам сусын (айран, қойыртпақ, шалап, т.б.) құйып алады [5, 97].

Бұлқыншақ аталу себебі оны ішіне сусын құйып, ердің қасына не адам иығына іліп қоятын болғандықтан, ол ұдайы «бұлқыншып» жүреді. Атау уәжі – оның қимыл формасы.

Сүйретпе [scraper bucket] – ірі қараның мойын немесе сауыр терісінен жасалған үлкен ыдыс. Оған көбінесе қымыз құйылады. Мыс.: Ат үстінде ұзағырақ жүріп сусаған Балуан-Шолақ осы үйге түсерде бір сүйретпе қымызды жалғыз ішерліктей болған еді.

Тулақ [dried cowhide] – иленбеген шикі теріні керіп, кептіріп жасаған бұйым. Оны жүн сабауға пайдаланады, төсеніш жасайды. Мыс.: Төрде ешкі мен бұзау терісінен жасалған үш-төрт тулақ, бір ескі киіздің сілемі. Сиыр терісі тулақты төрге ұзыннан төсеп тастапты.

Шарық [cowhide shoes] – сиыр малының иленбеген шикі терісінен (көннен) қарадүрсін тәсілмен жасалған аяқ киім. Алдымен түгін сыртына қаратып пішіп алады да, жиектерін бүгіп, содан кейін қалыпқа салып, кептіріп қояды. Әдетте шарықты өгіздің маңдай терісінен, пұшпағынан немесе сауыр терісінен жасайды. Оны кей желде шәркей деп те атайды. Сиырдың бас терісінен дайындалатын аяқ киімнің бір түрін шоқай деп атайды. Мыс.: Көн шарықты қайта киіп алып: – Рақмет, ағай! – дедім де, жүріп кеттім. Көйлектер бой-бой, көн шарық. Күн жеген арқа, шоң кеуде. Сырқырап балтыр, қол талып, Мызғиды жұлдыз сөнгенде [6, 12].

Жағлан – ірі малдың көнінен не шикі терісінен жасалған сандық тәрізді үй жиһазы.

Тарамыс [string, shoe-thread] – сиыр сойғанда оның желке, тірсек сіңірлерін сылып алып, көлеңке жерде кептіреді де, оны ағаш балғамен ұрып, ұзын-ұзын талшықтарға айырады. Сол берік талшықтарды жіп ретінде пайдаланып, теріден, бұлғарыдан, көннен жасалған бұйымдарды тігеді. Мыс.: Басын көтерейін деп еді, тарамыспен іліктіре-іліктіре салған қырық жамау көн етіктей құрысқан дене жібермеді. Үйден біз ала кеп, ешкінің кепкен сіңірінен тарамыс шираттым.

Сиыр терісінен бұлардан басқа да, атап айтқанда, бұлғары, көн, қайыс, таспа, жүген, ноқта, шылбыр, тізгін, тартпа, үзеңгі бау, құйысқан, өмілдірік, қанжыға, салпыншақ, қамшы, бұлдірге, делбе (божы), шілия, қамытбау, құлақбау, тамақбау деген сияқты толып жатқан бұйымдар жасайды.

Сиыр малының мүйізі де, сүйегі де, тұяғы да өнеркәсіп өндірісі үшін қажетті, құнды шикізаттар болып табылады. Оның қиы, тезегі, көңі отынға және тыңайтқышқа пайдаланылады.

Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, сиыр мүйізінен алынатын өнімдердің өзі бір төбе. Ел жайлауға көшерде мүйіздерді сазға, ми батпаққа көміп кетеді. Қыстауға қонып, қол босаған соң, әлгі жұмсарған мүйіздерден ожау, қасық, шақша, кездік сап, піспек, тарақ, тиек, т.б. заттар жасайды. Ол үшін саздан шығарып алған мүйіздерді жылы суға салып жуады. Тазарған, жұмсарған мүйіздерден тездетіп (көп уақыт өтсе қатып қалуы мүмкін), әртүрлі бұйымдар жасайды. Мысалы, сиыр мүйізінен әсіресе көбірек жасалатын бұйымдар: насыбай шақша, шаш тарақ, қасық т.б. Мүйіз қалдықтарынан жүген сағалдырығын бекітетін тиек жасайды. Мүйіз ыдыстарға (ожау, қасық) сүттің өңезі жабыспайды, астың дәмін бұзбайды, шыбын қонбайды.

Тері – адамзаттың бірінші киіміне пайдаланған материалы. Ерте кездегі адамдар теріні су құтысына да пайдаланған. Археологтардың зерттеулеріне сүйенсек, ерте кездегі Египеттіктердің жерленген орындарынан әшекейленген теріден жасалған жазғы аяқ киім табылыпты. Жиырма бес жүз жыл бұрын гректердің тері өңдейтін зауыттары болғаны, оның иісі жағымсыз болғандықтан, ол зауыттар қаладан тыс жерлерге орналастырылғаны анықталып отыр.

Орта ғасырларда Англия тері жасау мен теріні шетелге шығару жөніндегі орталыққа айналды. Кейбір Америкалық үндістер тері өңдеу жөнінен алдына жан салмайтын. Олар өңделген теріні киімге, кемелерге пайдаланған. XVIII ғасырға дейін тері өңдеу ерте замандағы жетістіктерден кенже қалып қойған еді.

Ағылшындық ұлы ғалым Хамфри Дейви (Sir Humphry Davy) тері өңдеуге гемлок пен мимоза қабығы, каштан ағашы мен квебрахо ағаштарын қолдануға болатынын анықтады. Оның бұл ашқан жаңалығы американдық тері өңдеушілерге тиімді болды. Өйткені, Американың ормандары гемлок пен квебрахо ағаштарына толы еді. XIX ғасырда американдық Августос Шульц (Augustos Schultz) пен Роберт Фордер (Robert Foerderer) ағылшындық әріптесінің жаңалықтарын жетілдіре түсті. 1809 жылы Американың Массачусетс қаласының тұрғыны теріні тез өңдейтін қондырғы ойлап тапты.

Қазіргі таңда АҚШ дүние жүзінде жасалатын 2,500,000,000 аяқ киімнің 600,000,000 данасын жасайды, ол жалпы көрсеткіштің төрттен бір бөлігін құрайды.

Сиыр терісінен (талыс) [cowhide] қазіргі кезде көбіне аяқ киім [shoes], күрте (жакет) [jacket], пальто [coat], көйлек [dress], қол сөмкелерін [handbag] және белдіктер [belt] жасайды. Теріден тігілген жолға арналған үлкен сөмкелер [leather luggage] саяхат жасағанда бірден-бір таптырмайтын зат. Теріден жасалған жиһаздар [leather furniture] үйде, кеңселерде және автокөліктерде қолданылады.

Стадиондардағы, гольф клубтардағы, жаттықтыру залдарындағы спорт құралдарының, доптардың көбі теріден жасалған. Сонымен қатар, кеңсе заттарының да бір қатары, атап айтқанда, блокноттардың мұқабасы, түрлі қаламсаптар, орындықтар, үстелдер мен арнайы кеңсеге арналған дивандар мен креслолар жасалады. Ал қазіргі замандағы қыс мезгілінде киілетін түрлі қысқы сыртқы киімдер, атап айтқанда, теріден тігілген тон (дубленка), плащ, күрте, шалбар жөнінде сөз қозғау әжептеуір орынды алар еді.

Сиырдың құйрығынан шыбын ұрғыш [fly whisks], жуан қылдарынан [the fringe hair] арқан [ropes] жасалады, кепкен тезегі [the dried dung] отынға [fuel] пайдаланылады.

Бұзау терісі (шөншік) [calfskin] сиыр терісіне қарағанда жүнінен тез арылады және салмағы да жеңіл, өте берік және өте әдемі. Сондықтан ол ең қымбат аяқ киімдер, қол сөмкелерін тігуге қолданылады. Бұзау терісі негізінен АҚШ пен Еуропада өңделеді.

**Талқылау.** Сиыр малына қатысты атаулар қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де мол. Ерте кезде адамдар жануарлардың терісінен басқа материалдарға қарағанда аяқты қорғау үшін ең берік және ыңғайлы аяқ киімдер тігуге болатынын анықтады. Өйткені ол ұзақ уақытқа шыдамды, денсаулыққа пайдалы және ауа кіргізіп тұратын материал. Қазіргі кездің өзінде ғалымдар аяқ киім тігуге басқа материалдар ойлап тапса да, оның ішіндегі ең тиімдісі теріден жасалған аяқ киім болып отыр. Соның нәтижесінде қазіргі кезде таза теріден тігілген аяқ киім өте бағалы заттардың санатында. Дүние жүзіндегі терінің шамамен бестен төрт бөлігі аяқ киім өндірісіне жұмсалады (Гарри Зархи).

Қысқасы, қазақ халқы сиырдың терісінен, мүйізінен, сүйегінен әртүрлі шелектер, су құятын ыдыстар сияқты көптеген бұйымдар жасаса, ағылшын халқы ондай бұйымдарды темірден, пластмассадан жасаған. Мүйізден, сүйектен жасаған бұйымдар ағылшын халқында жоқ десек те болады. Есесіне теріден жасалған бұйымдар ағылшындарда өте мол. Бұл – аталған екі халықтың тұрмыс-тіршілігінің әрқилылығына байланысты болса керек.

Оларды сиыр малының жасы мен жынысына қатысты атаулар, сиыр малына тән түр-түс атаулары, сиыр малының дене мүшелерінің атаулары, сиыр малынан алынатын өнім атаулары, сиыр малының ауру атаулары, сиыр малының жемшөп, азық атаулары, сиыр малына салынатын ен, таңба атаулары және сиыр малына қатысты теңеулер, фразеологизмдер және мақал-мәтелдер деген сияқты лексика-семантикалық топтарға бөлшектей, топтай беруге болады. Ендеше, сиыр малына қатысты атаулар жан-жақты, әрі түбегейлі зерттелуге құқылы екен.

Зерттегенде бұрынғыдай тек лексика-грамматикалық немесе лексика-семантикалық тұрғыдан ғана емес, оларды дүниетанымдық тұрғыдан да зерттегенді мақұл көрдік. Ол үшін біз сиыр малына қатысты тілдік бірліктерді ірі-ірі екі аспектіде, атап айтқанда, лексика-семантикалық және дүниетанымдық аспектіде қарастыруды мақсат тұттық. Әсіресе сиыр малына қатысты тұрақты тіркестер (фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің т.б.) мен теңеулердің дүниетанымдық жағына, яғни тілдік бірліктерді зерттеудегі антропоцентристік бағытқа көп көңіл бөлгенді дұрыс көрдік. Өйткені қазақ тілінде де, салғастырмалы тіл білімінде де тілдік бірліктер дағдылы әдістермен (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан) аз зерттелініп жүрген жоқ. Ал тілді сол тілде сөйлеуші адамның өзімен, оның ақыл-ойымен, санасымен, рухани құндылықтарымен, бір сөзбен айтқанда дүниетанымымен байланыстыра зерттеу – енді ғана қолға алынып жүрген жаңа бағыт. Сондықтан, өзіміздің негізгі күшімізді көбінесе осы жаңа бағытқа жұмылдыруды жөн деп есептедік.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Жиналған тілдік материалдарға қарағанда қазақ және ағылшын тілдеріндегі сиыр малына қатысты атау сөздер (түбір, туынды, біріккен, күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер) әжептеуір көп екен. Олардың жалпы саны – 1671.

2. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сиыр малына қатысты атаулар да басқа заттардың атаулары сияқты тұрмыстық қажеттіліктен туған. Адам бір нәрсеге ат қойғанда оны осы тәріздес басқа заттардан ажырату үшін қояды. Сиыр малына қатысты атаулар да нақтылы заттар мен ұғымдарды арнайы сөздермен (атаулармен) белгілеп қою мақсатында жасалған.

3. Сиыр малына қатысты атаулар екі тілде де ерте кезде пайда болған. Оның дәлелі: біз сөз етіп отырған атаулар қазақ және ағылшын тілінің сөздік қорының төрінен ойып тұрып орын алғандығы және олар әртүрлі туынды сөздер мен фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің, теңеулердің жасалуына, сан қилы бейнелі, образды, ауыс мағыналарының тууына негіз болғандығы.

4. Сиыр малына қатысты екі тілдегі атаулар мен тұрақты тіркестер тек аталған тілдердің байлығын ғана көрсетіп қоймайды, олар сонымен бірге тіл иелерінің сиыр малына қатысты дүниетанымы мен ұғым-түсініктерін де көрсете алады.

5. Екі тілдегі сиыр малына қатысты барлық атаулар (жасы мен жынысына қатысты атаулар, түр-түстеріне, дене мүшелері мен өнімдеріне қатысты атаулар, т.б.) мен басқа да тілдік бірліктерді (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеулер, т.б.), соларға байланысты ұғым-түсініктерді тұтастай алсақ, олар «сиыр» деп аталатын үлкен бір концепт құрайтындығына көзіміз жетеді.

Жалпылай алғанда, жұмыста қазақ және ағылшын тілдеріндегі сиыр малына қатысты атаулар мен тұрақты тіркестерге, мақал-мәтелдерге шамамыз жеткенше жан-жақты талдау жасауға күш салдық. Олардың мағыналарын, ұғым-түсініктерін, қолдану ерекшеліктерін, әсіресе қазақ және ағылшын халқының тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымындағы атқарған рөлін саралап көрсетуге ат салыстық.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Ысқақбаев Б.Б. (1987). *Сиырды қолда өсіру*. – Алматы. – 137-142 б.
2. Сәбденов Қ. (2002). *Төрт түлік. Оқу құралы*. – Алматы. – 165-173 б.
3. Мұқанов С. (1979). *Халық мұрасы*. – Алматы. – 97-114.
4. Michael Chu. (2007). *USDA Beef Quality Grades. Cooking for Engineers*, 214-128.
5. Rouse John E. (1990). *World Cattle. Norman. Oklahoma: University of Oklahoma Press, Oklahoma, 227-243.*
6. Толыбаев Қ. (2002). *Бабадан қалған бар байлық*. – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 187-195.
7. Сейдімбек А. (1997). *Қазақ әлемі*. – Астана. – 165-173.
8. Тілемісов Х., Рамазанов, Е. (1992). *Ауыл шаруашылығы сөздігі*. – Алматы: Қайнар, 142-148.

## ЖУРНАЛИСТИКА ЖУРНАЛИСТИКА JOURNALISM

МРНТИ 20.51.01

*A.Kh. Azamatova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*KIMEP University, Almaty, Kazakhstan*

### INTERNET ADVERTISEMENT IN MODERN COMMUNICATIVE SPACE

#### *Abstract*

The article devotes to analysis of functional and structural aspects of Internet advertisements as definite social entirety, which constantly relating to outside environment. The object of research is Internet as a new communicative environment and the advertisement space the same time. In work classification of Internet advertisement by information carrier and types of providing information is performed; main reasons of using internet advertisements and its advantages are described; characteristic of verbal and nonverbal components of advertisement is given and also modern linguistic is concerned where classification of Internet advertisement by information carrier and types by providing information are considered; hypermedia ability of the Internet forming social behavior media defines the main difference as the communicative space of the other options for communication of information in the media; communication model of traditional ways of mass media. Means of attracting attention in advertising communication are described in detail in the article.

**Key words:** *advertising, internet advertisement, verbal and nonverbal means, information*

*Ә.Қ. Азаматова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*ҚМЭБИ Университеті, Алматы қ., Қазақстан*

### ЗАМАНАУИ БАЙЛАНЫС КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҒАЛАМТОРЛЫҚ ЖАРНАМА

#### *Аңдатпа*

Мақала ғаламторлық жарнаманың функционалдық-құрылымдық аспектілерін талдауға арналған, оны үнемі сыртқы ортамен өзара әрекеттесетін белгілі бір әлеуметтік тұтастық ретінде талдайды. Зерттеу нысаны жаңа коммуникациялық орта және жарнама кеңістігі ретінде ғаламтор болып табылады. Жұмыста ғаламторлық жарнаманың ақпаратты тасымалдау және жеткізу түрлеріне қарай жіктеу жұмысы жүргізілген, сонымен қатар ауызша және ауызша емес компоненттерінің сипаттамалары келтірілген. Сонымен қатар, мақалада заманауи лингвистикаға да тоқталған, онда ақпаратты тасушы көзіне қарай және ақпаратты жеткізу түрлеріне қарай ғаламторлық жарнаманы жіктеген; интернеттің әлеуметтік мінез-құлқы қалыптастыратын ақпаратты жеткізуде гипермедиялық қасиетін және оның коммуникативті кеңістік ретінде БАҚ арқылы ақпарат таратудың басқада нұсқаларынан негізгі айырмашылығын анықтайды; медианың дәстүрлі байланыс моделі. Мақалада жарнамалық коммуникацияларға назар аудару тәсілдері егжей-тегжейлі сипатталған.

**Кілт сөздер:** жарнама, ғаламторлық жарнама, ауызша және ауызша емес құралдар, ақпарат

*А.Х. Азаматова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Университет КИМЭП, г. Алматы, Казахстан*

### ИНТЕРНЕТ-РЕКЛАМА В СОВРЕМЕННОМ КОММУНИКАЦИОННОМ ПРОСТРАНСТВЕ

#### *Аннотация*

Статья посвящена анализу функционально-структурных аспектов интернет-рекламы как определенной социальной целостности, постоянно взаимодействующей с внешней средой. Объектом исследования является Интернет как новая коммуникативная среда и как рекламное пространство. В работе осуществляется классификация интернет-рекламы по носителям и видам предоставления информации; описываются основные причины использования и преимущества интернет-рекламы; дается

характеристика вербальным и невербальным компонентам рекламы. Затрагивают современную лингвистику, где рассматривают классификацию интернет-рекламы по носителям и видам предоставления информации; гипермедийную способность Интернета в представлении формирующей социальное поведение информации и определяет его основное отличие как коммуникативного пространства от других вариантов передачи информации через СМИ; коммуникационная модель традиционных средств массовой информации. В статье подробно описываются средства привлечения внимания в рекламной коммуникации.

**Ключевые слова:** реклама, интернет-реклама, вербальные и невербальные средства, информация

**Introduction.** Steady tendency to disposition state borders, to extirpation language barriers and overcoming a huge distance between continents become reality nowadays with the availability global computer network, connecting any points of planets in seconds. Existence of modern society impossible realizes for everyone without such actions as World Wide Web and ubiquitous, penetrating into all spheres of life advertising. Moreover, Internet in the quality most dynamic developing communication channel has become an excellent field for dissemination of advertisement, having generated plethora of new forms, methods and technologies for creation and expansion of effective advertising materials.

